И. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

4

БҮКІЛОДАҚТЫҚ КОММУНИСТ
(большевиктер) ПАРТИЯСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША
БАСЫЛЫП ОТЫР

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ИНСТИТУТ МАРКСА — ЭНГЕЛЬСА — ЛЕНИНА
при ЦК ВКП(б)

И. В. СТАЛИН

СОЧИНЕНИЯ

ОГИЗ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
Москва · 1947

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

МАРКС—ЭНГЕЛЬС—ЛЕНИН ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

И. В. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТТІК БАСПАСЫ
Алматы · 1948

Қазақша аудармасын
ҚК(б)П Орталық Комитетінің
редакциялық комиссиясы қараған
ҚК(б)П Орталық Комитеті ұнатқан

И.В. СТАЛИН

4
ТОМ

НОЯБРЬ 1917 – 1920

АЛҒЫСӨЗ

И. В. Сталиннің Шығармаларының төртінші томына Октябрь революциясынан кейін, 1917 жылдың ноябрінен 1920 жылдың декабріне дейінгі жазылған шығармалары кіріп отыр.

Бұл дәуірдегі шығармалар социалистік мемлекет құрылысын нығайту, Совет өкіметінің ұлт саясаты, Қызыл Армияны құру және нығайту, шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарындағы соғыс стратегиясы мен тактикасы жөніндегі мәселелеріне арналған.

Совет өкіметінің мемлекет құрылысы мен ұлт саясатының мәселелері И. В. Сталиннің Советтердің Бүкілроссиялық III съезінде сөйлеген сөздерінде, «Россия Федерациялық Республикасының құрылымы» деген әңгімесінде, «РСФСР Конституциясының жалпы ережелерінде», «Октябрь төңкерісі және ұлт мәселесі», «Совет өкіметінің Россиядағы ұлт мәселесі жөніндегі саясаты» деген мақалаларында және басқа еңбектерінде дамытылып отыр.

Бірсыпыра шығармаларда («Украин түйіні», «Донщина мен Солтүстік Кавказ туралы», «Жарық-сәуле

шығыстан келеді» деген және басқа мақалаларда) Украина, Кавказ, Прибалтика халықтарының шетел басқыншыларына қарсы Совет өкіметін орнату жолындағы күресі көрсетіледі.

«Партия Орталық Комитеті мен Қорғаныс Советі комиссиясының 1918 жылы декабрьде Пермьнің құлау себептері туралы Ленин жолдасқа берген есебі», РК(б)П Орталық Комитетінің «Барлық партия ұйымдарына» жазған хатының жобасы, «Оңтүстіктегі соғыс жағдайы жөнінде», «Антантаның Россияға жаңа жорығы» деген мақалалар, Царицын, Петроград, Оңтүстік-Батыс майдандары жөнінде жазылған соғыс шолулары, сонымен қатар В. И. Ленинге жазылған бірсыпыра хаттар мен телеграммалар азамат соғысы майдандарындағы жағдайды талдауға арналған.

И. В. Сталиннің: «Республиканың саяси жағдайы туралы», «Пролетариат диктатурасының үш жылы» деген баяндамаларында совет халқының азамат соғысындағы күресі мен жеңістеріне қортынды жасалған.

Томда «Ленин — РКП ұйымдастырушысы және көсемі» деген мақала мен В. И. Лениннің 50 жасқа толуына байланысты РК(б)П Москва комитетіндегі жиналыста сөйленген сөз басылып отыр, бұлар ұлы Лениннің бейнесін суреттейді.

Томда И. В. Сталиннің Царицыннан В. И. Ленинге жазған хаты (июль, 1918 ж.), Батыс майданындағы жағдай туралы хаты (август, 1919 ж.), Республиканың соғыс резервтерін құру туралы партияның Орталық Комитетіне жазған хаты мен өтініші (август, 1920 ж.) және басқа документтер бірінші рет жарияланып отыр.

Толып жатқан телеграммалар, хаттар, тура провод арқылы сөйлесілген сөздердің жазбалары, бұйрықтар мен басқа да шұғыл документтер, соңымен қатар Қызыл Армияның кейбір әскери құрамаларына, жауынгерлері мен командирлеріне жіберілген құттықтау сөздер томға кірген жоқ.

Жаңа стильге көшкен мезгілге дейінгі (1918 жылғы 14 февральға дейінгі) уақыттың бәрі де ескі стиль бойынша көрсетіліп отыр.

БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы
Маркс — Энгельс — Ленин Институты

НОЯБРЬ 1917–1920

ФИНЛЯНДИЯНЫҢ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ ГЕЛЬСИНГФОРСТАҒЫ СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

14 ноябрь, 1917 ж.

Жолдастар!

Мен сіздерге, капиталистік құрылыстың негіздерін мейлінше әлсіретіп отырған Россиядағы жұмысшы революциясының атынан сіздерді құттықтау үшін делегат болып келдім. Мен сіздерге, Россияның жұмысшы және шаруа үкіметінің атынан, осы революцияның қызу үстінде дүниеге келген Халық Комиссарлары Советінің атынан съездеріңізді құттықтау үшін келдім.

Алайда мен сіздерге тек құттықтау үшін ғана келгенім жоқ. Мен сіздерге, ең алдымен, орыс революциясының жеңістері туралы, оның жауларының берекесінің кеткендігі туралы және демі бітіп келе жатқан империалистік соғыс жағдайында революция мүмкіншіліктерінің күннен күнге арта түсіп келе жатқандығы туралы қуанышты хабар айтқым келеді.

Помещиктік кіріптарлық қыйратылды, өйткені деревнядағы өкімет шаруалардың қолына көшті. Генералдардың өкіметі қыйратылды, өйткені армиядағы өкімет солдаттардың қолына қыйналды. Капиталис-

тер ауыздықталды, өйткені фабрикаларда, заводтарда, банктарда жедел түрде жұмысшы бақылауы орнатылып жатыр. Бүкіл елде, қалалар мен селоларда, тыл мен майданда жұмысшылардың, солдаттардың, шаруалардың басқару тізгіндерін өз қолдарына алып отырған революциялық комитеттері қаптады.

Бізді Керенский мен контрреволюцияшыл генералдар арқылы қорқытушылар болды, бірақ қазірде Керенский қуылды, ал генералдар болса оларды жұмысшылар мен шаруалардың талаптарын қуаттайтын солдаттар мен казактар қоршап алды.

Бізді ашаршылықпен қорқытып, Совет өкіметі азық-түлік ауыртпалығының шеңгелінен шыға алмай опат болады, деп сәуегейлік етушілер болды. Бірақ саудагерлерді ауыздықтап, шаруалармен сөйлесуіміз-ақ мұң екен, қалаларға жүз мың пұттап ағыл-тегіл астық келе бастады.

Бізді мемлекеттік аппарат бүлінеді, чиновниктер саботаждық жасайды, т. т. деп қорқытушылар болды. Социалистік жаңа үкіметтің буржуазияның ескі мемлекеттік аппаратын жай ғана ала салып, оны өзінікі ете алмайтындығын біз өзіміз де білгенбіз. Ал өзіміз ескі аппаратты жаңалау ісін, оны әлеуметке қарсы элементтерден тазарту ісін қолға алысымен-ақ саботаж бәсеңдей бастады.

Бізді соғыстың «ойда жоқ оқыйғалары» болады, біздің демократиялық бітім жасау туралы ұсынысымызға байланысты империалистік сұрқиялардың тарапынан қыйындық тууы мүмкін деп қорқытушылар болды. Расында да қауіп бар еді, қауіп болғанда да өте күшті қауіп бар еді. Бірақ ол қауіп Эзельді[1] алғаннан кейін, Керенскийдің үкіметі Москваға қашуға,

Петроградты жау қолына беруге әзірленіп жатқан кезде, ал ағылшын-неміс империалистері **Россияның** есебінен бітім жасау туралы сөз байласып қойған кезде болған еді. **Мұндай** бітім жасау арқылы империалистер шынында да орыс революциясының ісін, бәлкім, халықаралық революцияның ісін де болғызбай тастар еді. Бірақ Октябрь революциясы дер кезінде болды. Бітім жасау ісін Октябрь революциясы өз қолына алды, ол революция халқаралық империализмнің қолынан ең қауіпті құралын тартып алды, сөйтіп революцияны өте қатты қауіптен құтқарды. Империализмнің кәрі бөрілеріне екінің бірін таңдауға тура келді: не бітім жасауды қабылдап, барлық елдерде қаулап келе жатқан революциялық қозғалысқа бағыну керек болды, немесе соғысты **тоқтатпай жүргізе** отырып, бұдан да былай күресе беру керек болды. Бірақ соғыс төрт жылға созылып отырғанда, бүкіл дүние жүзі соғыстың тырнағынан шыға алмай азап көріп отырғанда, «алдағы болатын» қысқы соғыс науқаны барлық елдердің солдаттарының арасында қатты наразылық туғызып отырғанда, арам оймен астыртын жасалған шарттар көптен жарияланып қойылған кезде соғысты тоқтатпай жүргізе беру, — міне осындай жағдайларда соғысты тоқтатпай жүргізе беру, өзін барып тұрған сәтсіздікке ұшыратқандық болады. Сөйтіп империализмнің кәрі бөрілерінің бұл жолы ойлағаны болмай қалды. Нақ осылай болғандықтан бізді империалистердің «ойда жоқ оқыйғалары» қорқыта алмайды.

Ақырында, бізді Россия құлайды, ол толып жатқан тәуелсіз мемлекеттерге бөлшектеніп кетеді деп қорқытушылар болды, бұл жөнде Халық Комиссарла-

ры Советінің жарыялаған ұлттардың өзін өзі билеу правосын «түпке жететін қате» деп көрсетті. Бірақ мен мынаны баса айтуға тиіспін: егерде Россия халықтарының ерікті түрде өзін өзі билеу правосын мойындамаған болсақ, онда біз демократ бола алмаған (мен бұл жерде социализм туралы сөз де қылып отырғаным жоқ!) болар едік. Менің айтатыным: егерде Финляндия мен Россия жұмысшыларының арасында туысқандық сенімді қайта орнатуға барлық шараларды қолданбаған болсақ, біз социализмге опасыздық жасаған болар едік. Ал, фин халқының ерікті түрде өзін өзі билеу правосын батыл мойындамайынша мұндай сенімді қайта орнатудың мүмкін емес екендігі жұрттың бәріне мәлім. Мұндағы маңызды нәрсе — бұл правоның, ресми түрде болса да, сөз жүзінде ғана танылуы емес. Мұндағы маңызды нәрсе сол — мұның сөз жүзінде танылуың Халық Комиссарлары Советі іс жүзінде растап шығады, ол право мүлтіксіз жүзеге асырылатын болады. Өйткені сөзбен канағаттанудың уақыты өтті. Өйткені кәзір «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ежелгі ұранның жүзеге асырылатын мезгілі жетті.

Финляндия халқына, солай-ақ Россияның өзге халықтарына да, өз тұрмыстарын өздері құруына толық ерік берілсін! Финляндия халқы орыс халқымен ықтыярлы және адал одақ жасайтын болсын! Финляндия халқына қамқорлық етіп, оны жоғарыдан бақылап отырудың ешқандайына жол берілмесін! Халық Комиссарлары Советі саясатының негізгі ережелері міне осындай.

Тек осындай саясаттың нәтижесінде ғана Россия халықтарының өзара сенімін жасауға болады. Тек

осындай сенім жасалғанда ғана Россия халықтарын бір армия етіп біріктіру ісін жүзеге асыруға болады. Тек осындай бірігудің нәтижесінде ғана Октябрь революциясының жеңістерін баянды етіп, халықаралық социалистік революция ісін алға апаруға болады.

Бізге жұрт, ұлттардың өзін өзі билеу правосы жөніндегі идеяны жүзеге асырумен байланысты Россия сөзсіз құлайды деген сайын біздің бұған күлетін себебіміз де осы.

Жаулар бізді қорқытып келген және бұдан былайда қорқытатын қыйыншылықтар міне осындай, бірақ біз бұл қыйыншылықтарды революция ұлғайған сайын жеңіп келеміз.

Жолдастар! Біз, Октябрь революциясының қарсаңында Россия қандай өкімет кризисін басынан кешірген болса, кәзір сіздердің еліңіздің басына да соған жуық өкімет кризисі түсіп отыр деген хабар естідік. Біз, сіздерді де ашаршылықпен, саботаждықпен, тағы басқаларымен қорқытып жүргендер бар деген хабар естідік. Россиядағы революциялық қозғалыстың практикасынан алған тәжрибеге сүйеніп, сіздерге мынаны айтуға рұхсат етіңіздер: мұндай қауіп-қатерлер, тіпті олар шын болған күнде де, әсте жеңіп болмайтын қауіп-қатер емес. Үзілді-кесілді, батыл қыймылдаған күнде мұндай қауіп-қатерлерді жеңуге болады. Соғыспен күйзеліс жағдайында, Батыста революциялық қозғалыс өршіп келе жатқан жағдайда және Россиядағы жұмысшы революциясы жеңістерінің арта түсіп отырған жағдайында — сіздердің тегеуіріндеріңізге төтеп бере алатын қауіп-қатерлер мен қыйыншылықтар болмақшы емес. Мұндай жағдайда тек бір ғана өкімет, социалистік өкімет аман қалып, жеңіп шыға ала-

ды. Мұндай жағдайда бір ғана тактика, Дантонның: батылдық болсын, батылдық үстіне батылдық болсын деген тактикасы жарамды тактика бола алады.

Ал егер, сіздерге біздің көмегіміз керек болса, онда біз сіздерге туысқандықпен қол созып, көмегімізді береміз.

Бұған сіздердің сенімдеріңіз кәміл болсын.

„Правда“ № 191
16 ноябрь, 1917 ж.

ТЫЛДАҒЫ ЖӘНЕ МАЙДАНДАҒЫ УКРАИНДЫҚ ЖОЛДАСТАРҒА ЖАУАП

Украина радасымен[2] қатнасымыз шиеленіскен күннен бастап, Радамен екі арадағы дау-жанжал туралы мәселе жөнінде, мен украиндық жолдастардан толып жатқан қарарлар мен хаттар алып тұрамын. Әрбір қарар мен әрбір хатқа жеке-жеке жауап қайтарып жатуды мүмкін емес және артық нәрсе деп санаймын, өйткені бұл қарарлар мен хаттар әрдайым дерлік бірінің айтқанын бірі қайталайды. Сондықтан мен олардың ішінен ең жиі кездесетін мәселелерді бөліп алып, соларға күмән қалдырмайтындай айқын жауап беруге ұйғардым. Олар, бұл мәселелер, жұрттың бәріне мәлім:

1) дау-жанжал қалай шықты,

2) дау-жанжал қандай пункттер бойынша туды,

3) дау-жанжалды бейбітшілік жолмен шешу үшін қандай шаралар қажет болады,

4) туысқан халықтардың қандары шынымен-ақ төгілетін бола ма?

Мұнан кейін туысқан екі халықтың арасындағы дау-жанжалдың туысқандардың қандарын төкпей-ақ бейбіт жолмен шешілетіндігіне жалпы сенім білдіріледі.

Ең алдымен украиндық жолдастардың ұғымдарды біраз шатастырып жүргендігін айту керек. Олар кейде Радамен арадағы дау-жанжалды украин халқы мен орыс халықтарының арасындағы дау-жанжал деп көрсетеді. Бірақ бұл дұрыс емес. Украин мен орыс халықтарының арасында дау-жанжал жоқ және болуы да мүмкін емес. Россияның басқа халықтары сияқты, украин мен орыс халықтары да жұмысшылар мен шаруалардан, солдаттар мен матростардан құралған халық. Олардың бәрі де царизм мен керенскийшілдікке қарсы, помещиктер мен капиталистерге қарсы, соғыс пен империализмге қарсы бірге күресті. Олардың бәрі де жер мен бейбітшілік үшін, бостандық пен социализм үшін бірге қан төгісті. Помещиктер мен капиталистерге қарсы күресте олардың бәрі де бір-біріне туысқан, бір-біріне жолдас. Өздерінің көкей кесті мүдделері үшін күресте олардың арасында ешқандай дау-жанжал жоқ және болуы да мүмкін емес. Радамен арадағы дау-жанжалды орыс пен украин халықтарының арасындағы дау-жанжал деп көрсету, еңбекшілердің жауларына, әрине, пайдалы нәрсе, өйткені осылай етіп көрсеткенде, туысқан халықтардың жұмысшылары мен шаруаларын осы халықтарды езушілердің қуанышы үшін біріне бірін оп-оңай айдап салып өшіктіруге болады. Бірақ, халықтарды езушілерге пайдалы болатын нәрсенің халықтарға зиянды болатындығын түсіну саналы жұмысшылар мен шаруаларға қиын бола қояр ма екен?

Дау-жанжал Россия мен Украина халықтарының арасында туған жоқ, Халық Комиссарлары Советі мен Раданың Бас секретариатының арасында туды.

Дау-жанжал қандай мәселелер жөнінде туды?

Дау-жанжал централизм мен өзін өзі билеу мәселесі жөнінде туды, Халық Комиссарлары Советі украин халқының өкіметті өз қолына алуына және өз тағдырын өз еркімен шешуіне ерік бермеді — деседі. Бұл дұрыс па? Жоқ, дұрыс емес. Халық Комиссарлары Советі Украинада бүкіл өкіметтің нақ украин **халқының,** яғни украин жумысшылары мен солдаттарының, шаруалары мен матростарының қолында болуын көздейді. Совет өкіметі, яғни жұмысшылар мен шаруалардың, солдаттар мен матростардың помещиктерсіз, капиталистерсіз өкіметі, — міне мұндай өкімет нағыз **халық** өкіметі болып табылады, Халық Комиссарлары Советі осындай өкімет үшін күресіп отыр. Бас секретариат мұндай өкіметті болдырғысы келмейді, өйткені оның помещиктер мен капиталистерсіз тұрғысы келмейді. Істің бар мәні, централизмде емес, нақ осында болып отыр.

Халық Комиссарлары Советі әуел бастан-ақ ерікті түрде өзін өзі билеуді жақтады, қазірде жақтап отыр. Ол украин халқының тәуелсіз мемлекет болып өз алдына бөлінуіне де ешбір қарсы емес. Бұл туралы ол бірнеше рет ресми түрде мәлімдеген болатын. Бірақ халықтың өзін өзі билеу ісін Калединнің самодержавиесімен шатастырып отырған кезде, Раданың Бас секретариаты казак генералдарының контрреволюциялық бассыздықтарын халықтың өзін өзі билеу ісінің көрінісі етіп көрсетуге тырысып отырған кезде, — Халық Комиссарлары Советі Бас секретариаттың өзін-өзі билеу ісін бетке шіркеу қылып отырғанын, оны бетке шіркеу қылуы арқылы өзінің Калединмен және Родзянкомен жасасқан одағын бүркемелейтіндігін көрмей тұра алмайды. Біз **халықтардың** өзін өзі

биелуін жақтаймыз, бірақ біз өзін өзі билеу ұранын жамылып, күні кеше Финляндияны тұншықтыру үшін жан таласып күрескен Калединнің самодержавиесін астыртын өткізуге қарсымыз.

Дау-жанжал Украина республикасы жөніндегі мәселеден туды, Халық Комиссарлары Советі Украина республикасын танымай отыр — деседі. Бұл дұрыс па? Жоқ дұрыс емес. Халық Комиссарлары Советі Петроградтағы Украина штабына[3] қойған «ультиматумы» мен берген «жауабында» Украина республикасын ресми түрде таныған болатын. Егер мұны сол облыстың еңбекші халықтары тілейтін болса, Россияның кез келген ұлттық облысының республикасын тануға, ол дайын. Ол, егер Россия облыстарының еңбекші халықтары мұны тілейтін болса, еліміздің саяси тұрмысының федерациялық жолмен құрылуын тануға дайын. Бірақ халық республикасын Калединнің соғыс диктатурасымен шатастырып отырған кезде, Раданың Бас секретариаты Каледин мен Родзянко сияқты монархистерді республиканың тірегі ретінде көрсетуге тырысып отырған кезде, Халық Комиссарлары Советі Бас секретариаттың республиканы бетке шіркеу қылып отырғандығын, оны бетке шіркеу қылуы арқылы өзінің қалталы монархистерден толық тәуелді екендігін бүркемелеп отырғандығын айтпай тұра алмайды. Біз Украина республикасын жақтаймыз, бірақ біз, ескі тәртіпті және солдаттар үшін өлім жазасын қайта орнатуды қуаттап күні кеше күрес жүргізген Каледин мен Родзянко сияқты монархистерді, халықтың барып тұрған қас жауларын республика деген ұранмен бүркемелеуге қарсымыз.

Жоқ, централизм мен өзін өзі билеу мәселелерінің

Радамен екі арадағы дау-жанжалға қатысы жоқ. Талас бұл мәселелердің айналасында туған жоқ. Бас секретариат централизм мен өзін өзі билеу мәселесін іске әдейі қолдан жапсырып отыр, жапсырғанда дау-жанжалдың шын себептерін украин бұқарасынан жасыра алатын стратегиялық айла ретінде жапсырып отыр.

Дау-жанжал централизм мен өзін өзі билеу мәселелері жөнінде шыққан жоқ, ол мына төмендегі нақтылы үш мәселе жөнінде шығып отыр.

Бірінші мәселе. Дау-жанжал Бас секретариаттың мүшесі Петлюраның майданды толық іріту қаупін туғызған майдан бойынша берген бұйрықтарынан басталды. Петлюра, Ставкамен және майданның мүдделерімен санаспастан, бітім келіс сөздерімен және жалпы бітім жасасу ісімен санаспастан, өзінің бұйрықтарында армия мен флоттың украиндық бөлімдерінің бәрін де Украинаға шақыра бастады. Егер украиндық әскер бөлімдері Петлюраның бұйрықтарына бағынған болса, майданның лезде қыйрайтындығын түсіну қыйын емес: солтүстіктегі украиндық әскер бөлімдері оңтүстікке қарай, оңтүстіктегі украиндық емес әскер бөлімдері солтүстікке қарай шұбаған болар еді, басқа ұлттар да «бет-бетіне» кетер еді; темір жолдар тек солдаттар мен жабдықтарды ғана тасумен болар еді, ал азық-түлік продуктыларының майданға жеткізілуі тоқтар еді, өйткені оларды тасыйтын еш нәрсе болмаған болар еді — сөйтіп майданнан оның құр атағы ғана есте қалар еді. Сонымен уақытша бітісу мен бітім ісі негізінен шайқалған болар еді. Жайшылық уақытта украиндық-солдаттың орны, бәрінен бұрын өз үйінде, Украинада екендігінде ешбір сөз жоқ. Армияны

«ұлттық негізде құрудың» — қолайлы және ұнамды нәрсе екендігінде ешбір сөз жоқ. Бұл туралы Халық Комиссарлары Советі бірнеше рет ресми түрде мәлімдеген болатын. Бірақ соғыс жағдайларында, бітім ісі әлі жөнге қойылмаған кезде, ал майдан ұлттық белгі бойынша құрылмаған кезде, біздің транспортымыз әлсіз болып отырғандықтан армияны дереу «ұлттық негізде құру» ісі солдаттардың кетіп қалу және майданның бұзылу қаупін, бітім мен уақытша бітім ісінің түкке аспай қалу қаупін туғызатын болып отырған кезде, — мұндай жағдайларда ұлттық әскер бөлімдерінің дереу кетіп қалуы туралы сөз болуы да мүмкін емес екендігін айтпасақта болады. Петлюра өзінің мағнасыз бұйрықтары арқылы майданды қыйратып, бітім ісін болдырмай қоятындығын түсінді ме екен, оны мен білмеймін. Бірақ украин солдаттары мен матростары мұны бірден түсінді, өйткені олардың бәрі, әлде қалай кейбіреулері болмаса, Петлюраға бағынудан бас тартып, бітім жасалғанға дейін өздерінің орындарында қалды. Мұнымен жауынгер-украиндықтар бітім ісін қорғап қалды, ал Петлюраның ойланбай берген бұйрықтары туралы мәселе әзірге ерекше асқынған мәселе болудан қалды.

Екінші мәселе. Петлюраның бұйрықтарынан басталған дау-жанжал, Украина депутаттарының Советтерін қарусыздандыра бастаған Раданың Бас секретариатының саясаты арқылы шиеленісе түскен еді. Бас секретариаттың отрядтары түнде Киевтегі совет әскерлеріне шабуыл жасап, оларды қарусыздандырды. Осы сыяқты әрекеттер Одессада да, Харьковта да болды, бірақ бұл әрекеттерден түк шықпады, өйткені оларға тойтарыс берілді. Бірақ Бас секретариаттың

совет әскерлерін қарусыздандыру мақсатымен Одессаға, Харьковке қарсы әскер топтап жатқандығы бізге әбден мәлім. Басқада бірсыпыра кішігірім қалаларда Совет әскерлерінің қарусыздандырылып, «үйлеріне қайтарылғандығы» да бізге әбден мәлім. Сонымен, Раданың Бас секретариаты Корнилов пен Калединнің, Алексеев пен Родзянконың Советтерді қарусыздандыру жөніндегі программасын жүзеге асыруды өзіне мақсат етіп қойды. Бірақ Советтер — революцияның тірегі мен үміті болып отыр. Кімде-кім Советтерді қарусыздандырса, ол революцияны қарусыздандырады, ол бейбітшілік пен бостандық ісінің түбіне жетеді, ол жұмысшылар мен шаруалардың ісіне опасыздық жасайды. Советтер Россияны корниловшылдықтың бұғауынан құтқарды. Советтер Россияны керенскийшілдіктің масқаралығынан құтқарды. Советтер Россия халықтарына жер, уақытша бітім әперді. Халық революциясын толық жеңіске жеткізу Советтердің, тек солардың ғана қолынан келеді. Сондықтан, кімде-кім Советтерге қарсы шығатын болса, ол, бүкіл Россияның жұмысшылары мен шаруаларын тұншықтыру үшін помещиктер мен капиталистерге көмектеседі, ол, солдаттар мен казактарға жүргізетін өздерінің «темірдей қатты» өктемдігін нығайтуына Калединдер мен Алексеевтерге көмектеседі.

Бас секретариатта социалистер отыр, сондықтан олар халық ісіне опасыздық ете алмайды деп бізге айтпай-ақ қойсын. Керенский өзін социалиспін деп атайды, бірақ сөйте тұрса да ол революцияшыл Петроградқа қарсы әскер алып шықты. Гоц да өзін социалиспін деп атайды, бірақ сөйте тұрса да ол Петроград солдаттары мен матростарына қарсы юнкерлер

мен офицерлерді көтерді. Савинков пен Авксентьев те өздерін социалистерміз деп атайды, бірақ сөйте тұрса да олар майдандағы солдаттар үшін өлім жазасын қолданды. Социалистерді олардың сөздеріне қарай емес, істеріне қарай бағалау керек. Бас секретариат Украина Советтерінің арасына ірткі салып, оларды қарусыздандырып отыр, сөйтіп Дон мен көмір бассейнінде Калединнің қанды тәртіп орнату ісін жеңілдетіп отыр, — ешбір социалистік ұранмен жасыруға болмайтын факты, міне осы. Нақ сондықтан Халық Комиссарлары Советі, Бас секретариаттың саясатын контрреволюциялық саясат деп отыр. Нақ сондықтан Халық Комиссарлары Советі, Россияда революцияшыл Совет өкіметі үшін алдыңғы қатарда күрес жүргізген украин жұмысшылары мен солдаттары өздерінің Бас секретариатын тәртіпке шақыра алады немесе халықтар арасындағы бейбітшілік мүдделері үшін оны қайта сайлайды деп сенеді.

Жұрт Украина мен Россия арасындағы әскер бөлімдерінің «айырбасы» жөнінде, межені ажырату туралы, т. б. жөнінде сөз қылатын көрінеді. Межені ажыратудың қажет екендігін Халық Комиссарлары Советі толық түсінеді. Бірақ межені ажырату туысқаншылықпен, татулықпен, келісіммен істелуі керек, «ала алатыныңды бас салып ал», «қарусыздандыруға болатындарды қарусыздандыр» деген «принцип» бойынша күш жұмсау арқылы істелмеуі керек; кәзірде Бас секретариат азық-түлікті, жүктерді тартып алып, армияны аштыққа, жалаңаштыққа ұшыратып мұны осылай күш жұмсау арқылы істеп отыр.

Үшінші мәселе. Бас секретариат Советтердің Калединге қарсы жіберген революцияшыл отрядтарын

өткізуден мүлде бас тартқан кезде, дау-жанжал шиеленісін ең жоғарғы шегіне жетті. Бас секретариаттың отрядтары революцияшыл әскерлер баражатқан поездарды тоқтатып отыр, темір жолды бұзып тастап отыр, өз территориямыз арқылы «жат елдің» әскерлерін өткізе алмаймыз дегенді айтып, оқ атпақшы болып қорқытады. Украинаны жаншуға тырысқан дарғалесқыш генералдарға қарсы кеше ғана украиндықтармен қосылып күрес жүргізген бұл орыс солдаттары, — енді «жат» бола қалыпты! Ал мұның өзі, тұс-тұс жақтан Калединге қарай ағылып келе жатқан Калединнің казак әскер бөлімдерін және контрреволюцияшыл офицерлерді нақ сол Бас Секретариаттың өзі өз территориясы арқылы Ростов қаласына еркін өткізіп отырғанда осылай болып отыр!

Корниловшылар мен калединшілер Ростовтағы қызыл гвардияшыларды найзаның ұшына алып жатқанда, Раданың Бас секретариаты Ростовтағы жолдастарымызға жәрдем беруге кедергі жасап отыр! Каледин офицерлері рудниктердегі біздің жолдастарымызды атып жатыр, ал Бас секретариат, шахтер жолдастарға жәрдем беру үшін қол созуымызға кедергі жасап отыр! Кеше ғана қыйратылған Калединнің бүгін Дон бассейнін басып алып, Царицынге қауіп туғызып, солтүстікке қарай бірден-бірге жылжып бара жатқанына таңдануға бола ма? **Бас секретариаттың Калединмен және Родзянкомен одақтас екені** айқын емес пе? **Бас секретариаттың корниловшылармен одақтасуды Халық Комиссарлары Советімен одақтасудан артық көретіндігі** айқын емес пе?

Халық Комиссарлары Советінің Раданың Бас секретариатымен келісім жасағаны қажет деушілер бар.

Бірақ кәзіргі Бас секретариатпен келісім жасаудың, Калединмен және Родзянкомен келісім жасау болатындығын түсіну қыйын ба? Халық Комиссарлары Советінің өзін-өзі өлімге байлап бере алмайтындығын түсіну қыйын ба? Біз помещиктер мен капиталистерге қарсы революцияны бастағанда, оны дарға асқыш Калединдермен одақ жасау арқылы аяқтау үшін бастағанымыз жоқ. Жұмысшылар мен солдаттар қан төккенде, Алексеев пен Родзянкодан рақым күтіп, солардың қолына берілу үшін төккен жоқ.

Екінің бірі:

не Рада, Советтерге қолын созып, Дондағы контрреволюцияшылдардың ұясына қарсы революцияшыл әскерлерге жол ашып, Калединнен қол үзетін болады, — ол уақытта Украина мен Россияның жұмысшылары мен солдаттары өздерінің революцияшыл одағын бауырласудың жаңа тасқынымен нығайтады;

не Рада Калединнен қол үзгісі келмей, революцияшыл әскерлерге жол ашпайтын болады, — ол уақытта Раданың Бас секретариаты, халық жауларының арамтерге түсіп тырысқан нәрсесіне жетіседі, яғни туысқан халықтардың қанын төктіреді.

Өздерінің Бас секретариатын тәртіпке шақыру немесе қатерлі дау-жанжалды бейбітшілік жолмен шешу үшін оны қайта сайлау украин жұмысшылары мен солдаттарының саналылығы мен революцияшылдығына байланысты.

Бас секретариаттың кәзір қай одақты жақтайтындығын: революцияға қарсы шығып Калединмен, Родзянкомен одақ жасауды жақтай ма немесе кадеттік-генералдық контрреволюцияға қарсы шығып Халық Комиссарлары Советімен одақ жасауды жақтай ма,

муны оған ашық айтқызу украин жұмысшылары мен солдаттарының табандылығына, батылдығына байланысты.

Дау-жанжалды бейбітшілік жолмен шешу ісі украин халқының қолында.

Халық комиссары *И. Сталин*

12 декабрь, 1917 ж.

„Правда" № 213,
13 декабрь, 1917 ж.

УКРАИН РАДАСЫ ТУРАЛЫ

Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде 1917 жылы 14 декабрьде сөйленген сөз

Өзін өзі билеу принципін әрдайым батыл жақтап келген Халық Комиссарлары Советінің сондай-ақ өзін өзі билеу принципіне сүйенетін Радамен дау-жанжалға келгені таңырқарлық нәрсе болып көрінуі мүмкін. Бұл дау-жанжалдың неден шыққандығын түсіну үшін Раданың саяси бейнесі жөнінде мәселе қою қажет.

Рада өкімет билігін, бір жағынан, буржуазияға, екінші жағынан, пролетариат пен шаруаларға бөліп беру принципіне сүйенеді. Ал Советтер мұндай бөлісуді теріс көріп, буржуазияны қатыстырмай бүкіл өкіметті халыққа береді. «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін» (яғни халыққа берілсін) деген ұранға Раданың «Бүкіл өкімет қала мен земствоның өзін өзі басқару орындарына берілсін» (яғни халық пен буржуазияға берілсін) деген өз ұранын қарсы қойып отырған себебі де осы.

Дау-жанжал өзін өзі билеу мәселесінің негізінде туды деседі. Бірақ бұл дұрыс емес. Рада Россияда федерациялық құрылыс орнатуды ұсынады. Ал Халық Комиссарлары Советі Раданың мұнысына тоқталмай,

одан да әрі — бөлініп шығу правосын беруге дейін барады. Демек, Халық Комиссарлары Советі мен Раданың арасындағы алауыздық бұл мәселеде емес. Сонымен қатар Раданың централизмді ажырасудың бір пункті болды деуі де мүлде теріс. Халық Комиссарлары Советтерінің қалпымен құрылған Облыстық орталықтар (Сибирь, Белоруссия, Туркстан) Халық Комиссарлары Советінен директива беруді сұраған болатын. Бұған Халық Комиссарлары Советі: жергілікті жерлердегі өкімет — сіздер өздеріңіз боласыздар, сондықтан директиваларды өздеріңіз әзірлеуге тиістісіздер, деп жауап берді, демек, алауыздық бұл мәселеде емес. Халық Комиссарлары Советі мен Раданың шын ажырасуы мынадай үш пункт бойынша болды.

Бірінші мәселе: украин әскер бөлімдерін Оңтүстік майданға жыйнау. Ұлт әскерлерінің өз территориясын әбден жақсы қорғайтындығында дау жоқ. Бірақ қазіргі уақытта біздің майданымыз ұлттық белгі бойынша құрылып отырған жоқ. Транспорт бүлініп отырғанда майданды ұлт-ұлт бойынша қайта құру — майданды мүлде бүлдіруге әкеп соққан болар еді. Мұның өзі бітім жасау ісіне кесел келтірген болар еді. Украин жауынгерлері Бас секретариатқа қарағанда ақылды, адал болып шықты, өйткені украин әскер бөлімдерінің көпшілігі Раданың берген бұйрықтарына бағынғысы келмеді.

Екінші мәселе: Украинадағы совет әскерлерін қарусыздандыру туралы мәселе. Украина Радасы, украин помещиктері мен буржуазиясының мүдделерін жақтап, совет әскерлерін қарусыздандыру арқылы революцияға соққы береді. Раданың бұл жөніндегі әрекеттерінің Корнилов — Калединнің әрекеттерінен айта

қаларлықтай ешбір айырмасы жоқ. Халық Комиссарлары Советінің Раданың мұндай контрреволюциялық саясатына қарсы барлық күшін сала күресетіндігі айтпаса да түсінікті.

Ақырында, үшінші мәселе: Россияның барлық контрреволюциялық күштері төңірегіне жыйналған Калединге қарсы совет әскерлерін өткізбей қою туралы мәселе. Рада совет әскерлерін өткізбей қойғандығын «өзін өзі билейтін» Каледин жөнінде өзінің «бейтараптық» ұстайтындығымен дәлелдеді. Бірақ Рада бұл жерде еңбекші казактардың өзін өзі билеуін Калединнің самодержавиесімен алмастырып отыр. Совет әскерлерін өткізуге бөгет жасау арқылы Рада Калединнің солтүстікке қарай жылжуына көмектеседі. Сонымен қатар Рада казактардың калединдік әскер бөлімдерін ешбір бөгетсіз Дон бойына өткізіп жіберіп отыр.

Біздің жолдастарымызды Ростов пен Дон бассейнінде атып өлтіріп жатқан кезде, біздің оларға көмек жіберуімізге Рада бөгет жасап отыр. Раданың бұл опасыздық қылығына шыдап отыруға болмайтындығы айтпаса да түсінікті.

Халық Комиссарлары Советі Калединге қарсы күресуден бас тарта алмайды. Калединнің контрреволюциялық ұясы талқандалуға тиіс. Бұл сөзсіз болатын нәрсе. Егерде Рада, өзі Калединді қалқалап біздің Калединге қарсы аттанысымызға бөгет жасайтын болса, онда Калединге қарсы жұмсалған соққы Радаға тиеді. Халық Комиссарлары Советі Радаға қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізуден таймайды, өйткені ол, Раданың Калединмен құпия одақ жасасып отырғандығын біледі. Халық Комиссарлары Советінің қолына шифрмен жазылған телеграмма түсті, бұл телеграмма-

дан бітімді жазғытұрымға дейін соза тұру мақсатын көздеп, Раданың тікелей француз миссиясымен, ал француз миссиясы арқылы Калединмен байланысты екені көрініп отыр. Бұл одақ бітім ісі мен революцияға қарсы бағытталған одақ. Бұл одақ бұзылуға тиіс, бұзылады да.

Бізді Радаға қарсы үзілді-кесілді саясат қолданады деп кінәлайды. Бірақ нақ осы үзілді-кесілді саясат Раданың буржуазиялық мәнін анықтап, украин жұмысшылары мен шаруаларының көзін ашты. Мұның бұлай екендігі Украинада, Совет өкіметін қабылдап, буржуазиялық Радаға қарсы әрекет жүргізіп жатқан, революциялық жаңа украин өкіметінің құрылуы[4] жөніндегі телеграммадан да көрініп отыр. (Қол шапалақтау.)

„Известия" № 254,
17 декабрь, 1917 ж.

УКРАИН РАДАСЫ ДЕГЕН НЕ?

Оқушымыз төменде, Раданың шын тегі мен «біздің одақтастардың» соғыс миссияларының бітім туралы мәселе жөніндегі шын ниеттерін әшкерелейтін, Совет өкіметі қолға түсіріп алған шифрлы телеграмманы кездестіреді. Телеграммадан, француз миссиясы мен Раданың арасында кәзірдің өзінде-ақ одақ ыңғайланғаны, оның бержағында «француз миссиясы чиндерінің Радамен тікелей байланысып жұмыс жүргізіп жатқаны» көрініп тұр. Телеграммадан, онан соң, бұл одақтың көздеген мақсаты «Россия майданын февральға немесе мартқа дейін болып жатқан сияқты етіп көрсету, біржола уақытша бітім жасау ісін көктемге шейін созу» екені көрініп тұр. Телеграммадан, ең соңында, француз миссиясының «Румын және Оңтүстік-Батыс майдандарын (жоспар бойынша, Рада алуға тиіс майдандарды. **И. Ст.**) көмір және азық-түлікпен қамтамасыз» ету жөнінде «әскери топпен» (яғни Калединнің «үкіметімен») «келісімге» келгені көрініп тұр.

Қысқасы: Раданың, Каледин мен француз соғыс миссиясының бітім жасатпауға, оны «көктемге шейін»

«созуға» жасасқан одағы бары көрінеді. Оның бержағында француз соғыс миссиясы өз бетімен істемей, «француз үкіметінің тығыз нұсқаулары» бойынша істеп отыр.

Біз бұл жерде «одақтастарымыздың» соғыс миссиясының пығыл-ниетін айтып жатқымыз келмейді. Олардың ролі әбден анықталды: август айында олар Корниловқа болысты, ноябрьде — Рада мен Калединге болысты, декабрьде бүлікшілерге сауытты машиналар жетістіріп беріп отыр. Мұның бәрі де «соғысты ақырына дейін жүргізу» мүддесіне бола істеліп отырған іс. Біз Россия халықтарының демократиялық бітім үшін жүргізетін күресінің «одақтастардың» зорлықшыл әуре-сарсаңына жол бермейтініне күмәнданбаймыз. Миссиялар өздерін орталық Африкадағыдай устайды. Бірақ Россияның Орталық Африка емес екендігіне осы жуық арада «одақтастардың» көздері жетер... Бұл жерде, көбінесе, біздің көңілімізді бөліп отырған нәрсе — Раданың өз мойнына алып отырған унамсыз ролі.

Украина әскер бөлімдерін Раданың не үшін Румын-Оңтүстік-Батыс майданына қарай топтап отырғаны кәзір бізге мәлім: армияны «ұлт» армиясы ету деген сылтаумен, Рада уақытша бітім жасасу ісін көктемге шейін созу жөнінде француз миссиясымен жасасқан договорын жасырғысы келеді.

Совет әскерлерін Раданың Калединге қарсы неге өткізбей отырғаны кәзір бізге мәлім: Каледин жөнінде «бейтараптық» сақтаймыз деген сылтаумен, Рада Советтерге қарсы Калединмен жасасқан одағын жасырғысы келеді.

Халық Комиссарлары Советінің Украинаның ішкі

тұрмысына «араласуына» Раданың неге қарсы болатыны кәзір бізге мәлім: араласпау деген құрғақ сөздермен Рада революцияның жеңістерін жою мақсатымен француз үкіметінің Украина мен бүкіл Россияның ішкі тұрмысына шынымен араласып отырғанын жасырғысы келеді.

Айтпайын десем де украиндық жолдастар маған: Рада деген не? деп сұрау қояды.

Мен былай деп жауап берем.

Рада, немесе, дәлірек айтқанда, оның Бас секретариаты, бұқараны алдау үшін өздерін социалистерміз деп атайтын социализмге опасыздық етушілердің үкіметі. Өздерін социалистерміз деп атаған Керенский мен Савинковтың үкіметінен айна-қатесі жоқ үкімет.

Рада, немесе, дәлірек айтқанда, оның Бас секретариаты, Калединмен одақтасып Советтерге қарсы күресіп жатқан буржуазиялық үкімет. Бұрын Керенскийдің үкіметі Корниловпен одақтасып, Россияның Советтерін қарусыздандырған. Кәзір Раданың үкіметі Калединмен одақтасып, Украинаның Советтерін қарусыздандырып отыр.

Рада, немесе, дәлірек айтқанда, оның Бас секретариаты, ағылшын-француз капиталистерімен одақтасып, бітімге қарсы күресіп жатқан буржуазиялық үкімет. Бұрын Керенскийдің үкіметі миллиондаған солдаттарды өлімге айдап, бітім ісін соза берген еді. Кәзір Рада үкіметі «уақытша келісім жасасуды көктемге дейін созып», бітім ісін болғызбауға тырысып отыр.

Осынысы үшін Керенский үкіметі Россияның жұмысшылары мен солдаттарының жалпы күш салуымен лақтырып тасталған болатын.

Рада үкіметінің де Украина жұмысшылары мен

солдаттарының жалпы күш салуымен лақтырылып тасталатынына күмәнданбаймыз.

Тек жаңа Рада ғана, Украинаның жұмысшы, солдат және шаруалары Советтерінің Радасы ғана, Калединдер мен Корниловтарға қарсы, помещиктер мен капиталистерге қарсы Украинаның халық мүдделерін қорғай алады.

Халық комиссары ***И. Сталин.***

„Правда“ № 215,
15 декабрь, 1917 ж.

ФИНЛЯНДИЯНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ТУРАЛЫ

Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде 1917 жылы 22 декабрьде жасалған баяндама

(Газеттік есепті мақала)

Таяуда бізге Финляндияның өкілдері: Финляндияны толық тәуелсіз деп дереу тану туралы және оның Россиядан бөліну фактысын бекіту туралы талап қойды. Бұған жауап ретінде Халық Комиссарлары Советі бұл талапты қабылдау керек деп қаулы алып, Финляндияның толық тәуелсіз болуы жөнінде декрет шығаруды ұйғарды, бұл декрет газеттерде жарияланған да болатын.

Халық Комиссарлары Советі қарарының тексті мынау:

«Финляндия үкіметінің Финляндия республикасын тәуелсіз деп тану туралы қойған талабына жауап ретінде Халық Комиссарлары Советі, ұлттардың өзін өзі билеу правосының принциптерін толық қабылдай отырып, қаулы етеді: Орталық Атқару Комитетіне мынадай ұсыныс жасалсын: а) Финляндия республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі танылсын және б) Финляндия үкіметімен келісе отырып, Финляндияның Россиядан бөлініп шығуынан туатын практикалық шараларды дайындау үшін ерекше (екі жақтың өкілдерінен) комиссия құрылсын».

Халық Комиссарлары Советінің бұлай етпей, басқаша етуінің мүмкін емес екендігі түсінікті, өйткені, егерде халық өзінің өкілдері арқылы өзінің тәуелсіз болуын мойындауды талап ететін болса, онда пролетариат үкіметі, ұлттарға өзін өзі билеу правосын беру принципіне сүйене отырып, мұндай талапты қабылдауға тиіс.

Буржуазия баспасөзі: біздерді елімізді мүлде күйреу халіне жеткізді, бірсыпыра елдерден, соның ішінде Финляндиядан да айрылды, деседі. Бірақ, жолдастар, біздің онан айрылуымыз мүмкін емес, өйткені ол іс жүзінде еш уақытта да біздің меншігіміз болған емес. Егер біз Финляндияны зорлап алып қалған болсақ, мұның өзі әсте біздің Финляндияға ие болғандығымызды көрсетпейді.

Біз, Вильгельмнің зорлық пен озбырлық жасау арқылы бүтіндей мемлекеттерді қалай «иеленіп» отырғандығын және осының салдарынан халық пен оны қанаушылардың өзара қарым-қатнастарына қандай негіз жасалатындығын өте жақсы білеміз.

Социал-демократияның принциптері, оның ұрандары мен талаптары — халықтардың зарыға күткен өзара сеніміне жағдай жасау болып табылады, сондықтан «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұран тек осы негізде ғана жүзеге асады. Мұның бәрі де бұрыннан белгілі, жұрттың бәріне мәлім нәрсе.

Егерде біз Финляндияның тәуелсіздік алу ісінің бейнесіне зер сала қарайтын болсақ, онда біз — Халық Комиссарлары Советінің өз еркінен тыс бостандықты іс жүзінде халыққа, Финляндия пролетариатының өкілдеріне бермей, Финляндияның буржуазиясына

бергендігін көреміз, Финляндия буржуазиясы жағдайлардың бір ғажап құбылысымен өкіметті басып алып, Россия социалистерінің қолынан тәуелсіздік алды. Финнің жұмысшылары мен социал-демократтары мынадай жағдайға: бостандықты тікелей Россия социалистерінің қолынан алмай, фин буржуазиясы арқылы алуға тиісті болатын жағдайға тап болды. Мұны фин пролетариатының күйінішті халге ұшырағандығы деп біле отырып, біз мынаны атап көрсетпей тұра алмаймыз: фин социал-демократтары батыл болмағандықтан ғана және түсініксіз қорқақтық істегендіктен ғана, олар өкіметті өздері алып, фин буржуазиясының қолынан өз тәуелсіздігін тартып алуға үзілді-кесілді қадам жасамады.

Халық Комиссарлары Советіне ұрсып, оған сын көзімен қарауға болады, бірақ Халық Комиссарлары Советі өзінің берген уәдесін орындамай отыр дей алатын адамдардың болуы мүмкін емес, өйткені Халық Комиссарлары Советін өзінің берген уәдесінен бас тартуға мәжбүр ете алатындай жер бетінде күш жоқ. Мұны біз мынадай факты арқылы дәлелдедік: фин буржуазиясының Финляндияға тәуелсіздік беру жөніндегі талаптарына мүлде әділ қарап, Финляндияның тәуелсіздігі туралы дереу декрет шығаруға кірістік.

Финляндияның тәуелсіздігі Финляндия жұмысшылары мен шаруаларының азат етілу ісін жеңілдетіп, біздің халықтарымыздың достығы үшін берік негіз жасайтын болсын.

„Правда" № 222,
23 декабрь, 1917 ж.

«ТҮРКИЯЛЫҚ АРМЕНИЯ» ТУРАЛЫ

«Түркиялық Армения» дейтін — Россияның «соғыс правосы бойынша» алған бірден-бір елі болу керек. Батыстың қулкыны құрып дипломатия жолымен таласуына және Шығыстың қанқұйлы әкімшілік әрекеттеріне көп жылдар бойы себеп болып келген (және кәзірде себеп болып келе жатқан) — «жұмақ түкпірінің» дәл өзі осы. Бір жағынан, армяндарды қырғынға салып, пышақтастыру, екінші жағынан, барлық елдердің дипломаттарының, жаңадан болатын пышақтасуды бүркеу үшін, екі жүзділікпен «араға түсуі», осылардың нәтижесінде Арменияның канға боялып, алданып, кіріптарлыққа түсуі, — міне «мәдениетті» державалардың дипломатиялық «өнерінің» бұл сияқты «дағдылы» көріністері кімге мәлім емес?

Өз отанын ерлікпен қорғаған, бірақ алдағыны алыстан болжай алатын саясатшы болмағандықтан, империалистік дипломатия жыртқыштарының сан рет алдауына түскен Арменияның ұлдары, — енді дипломатиялық тәсілдердің ескі жолының Арменияны азат етудің жолы емес екендігін көрмей тұра алмайды.

Езілген халықтардың азат етілу жолының Россияда октябрьде басталған жұмысшы революциясы арқылы болатындығы анықталып келеді. Россия халықтарының тағдыры, әсіресе армян халқының тағдыры Октябрь революциясының тағдырларымен тығыз байланысты екендігі қәзірде жұрттың бәріне айқын. Октябрь революциясы ұлттық езудің бұғауын қыйратты. Ол, халықтардың аяқ қолын байлап, матап келген патшаның құпыя шарттарын жыртты. Россия халықтарын азат ету ісін Октябрь революциясы ғана, тек сол ғана, ақырына дейін жеткізе алады.

Осы пікірлерге сүйеніп, Халық Комиссарлары Советі «Түркиялық Арменияның» ерікті түрде өзін өзі билеуі туралы арнаулы декрет шығару керек деп шешті. Бұлай ету қәзіргі уақытта, өздерінің империалистік жаратылысына адал герман-түрік өкіметтері оккупациялап алған облыстарды зорлықпен өз өкіметінің қол астында ұстап қалғысы келетін ниеттерін жасырмай отырған кезде, өте қажетті. Орыс революциясына және оның үкіметіне басып алу ниеттерінің жат ниет екендігін Россия халықтары білетін болсын. Ұлттық езудің империалистік саясатына Халық Комиссарлары Советінің езілген халықтарды толық азат ету саясатын қарсы қоятындығын жұрттың бәрі білетін болсын.

Халық комиссары ***И. Сталин***

„Правда" № 227,
31 декабрь, 1917 ж.

НЕМІСТЕРМЕН БІТІМ ЖАСАУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ РСДЖП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

11 январь, 1918 ж.
(Протоколда қысқаша жазылғаны,

Сталин жолдас былай деп есептейді: революциялық соғыс ұранын қабылдайтын болсақ, біз империализмге болысқан болып шығамыз. Троцкийдің позициясын позиция деп атау мүмкін емес. Батыста революциялық қозғалыс жоқ, революциялық қозғалысты көрсететін фактылар да жоқ, онда тек мүмкіншілік қана бар, бірақ біз өзіміздің практикамызда жалғыз мүмкіншілікке ғана сүйене алмаймыз. Егерде немістер шабуыл жасай бастайтын болса, онда мұның өзі біздегі контрреволюцияны күшейтіп жібереді. Шабуыл жасауға Германияның шамасы келеді, себебі оның өзінің корниловтық әскерлері — «гвардиясы» бар. Октябрьде біз империализмге қарсы қасиетті соғыс жүргізу туралы айттық, өйткені бізге — «бітім» деген сөздің бір өзі Батыста революция көтереді, деп қабарлаған болатын. Бірақ бұл бекер болып шықты. Біздің социалистік реформалар жүргізуіміз Батысты дауықтырады, бірақ, оларды жүргізу үшін бізге уақыт керек. Троцкийдің саясатын қабылдайтын болсақ, онда

біз Батыстағы революциялық қозғалысқа өте қолайсыз жағдай туғызамыз. Сондықтан Сталин жолдас Ленин жолдастың немістермен бітім жасау туралы ұсынысын қабылдау керек дейді.

Бірінші рет мына кітапта басылған.
РСДЖП, Орталық
Комитетінің протоколдары.
Август 1917—февраль 1918.
М.—Л., 1929

КИЕВТІҢ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ РАДАСЫ ТУРАЛЫ

Буржуазия газеттері — «Рада мен Халық Комиссарлары Советінің арасында келіссөз жүре бастапты»-мыс, деген лақаптарды үсті-үстіне таратып жүр. Контрреволюционерлерге жақын тұрған топтар бұл лақаптарға барынша жел беріп, бұлардың «ерекше» маңызын баса көрсетеді. Бұл істің бірсыпыра жерге барғандығы сонша, — тіпті жолдастардың көбі Киев Радасымен келіссөз жүргізіліп жатыр дейтін ертегіге сенуден де тайынатын емес, оның бер жағында олардың бірсыпыралары маған хат жазып, мұның шындыққа үйлесетін-үйлеспейтіндігін қазірдің өзінде-ақ сұрап отыр.

Жалпыға жария етемін:

1) Халық Комиссарлары Советі Киев Радасымен ешқандай келіссөз жүргізіп отырған жоқ, жүргізбекші де емес.

2) Өзі біржола Калединге қосақталып, Россия халықтарының сыртынан австро-герман империалистерімен опасыз келіссөз жүргізіп отырған Киев радасымен — міне мұндай Радамен Халық Комиссарлары Со-

веті Украина Советтері толық жеңіп шыққанға дейін аяусыз күрес жүргізуді ғана мүмкін деп табады.

3) Киевтің буржуазиялық радасын толық жою нәтижесінде ғана, оны кәзірдің өзінде Харьковта негізі құрылған Советтердің социалистік жаңа Радасымен ауыстыру нәтижесінде ғана Украинада бейбітшілік орнап, тыныштық болады.

Халық комиссары *И. Сталин*

„Правда" № 9,
13 январь, 1918 ж.

ЖҰМЫСШЫ, СОЛДАТ ЖӘНЕ ШАРУА ДЕПУТАТТАРЫ СОВЕТТЕРІНІҢ БҮКІЛРОССИЯЛЫҚ III СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

10 — 18 январь, 1918 ж.[5]

1. ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

15 январь

(Газеттік есепті мақала)

Қәзіргі уақытта, — дейді баяндамашы, — Россияның ерекше көңлін бөліп отырған мәселелердің бірі ұлт мәселесі. Бұл мәселенің маңыздылығының тереңдей түсіп отырған себебі, Великоростар Россия халқының басым көпшілігі болмай отыр және олар Россияның шет аймақтарында тұратын «державалық емес» басқа халықтардың қоршауында болып отыр.

Патша үкіметі, ұлт мәселесінің маңызды мәселе екендігін еске алып, ұлт жөніндегі істерді қатты қысып ұстауға тырысты. Ол шет аймақ халықтарын зорлықпен орысқа айналдыру саясатын жүргізді, оның әрекет ету әдісі — ана тіліне тыйым салу, қырғындау және басқадай қысым көрсету болды.

Керенскийдің коалициялық үкіметі бұл сияқты ұлттық кедергілерді жойды, бірақ ол, өзінің таптық сыйпатына байланысты, ұлт мәселесін әбден толық шеше алмады. Революцияның бірінші дәуіріндегі үкіметтің ұлттарды толық азат ету жолына түспегендігі былай тұрсын, қайта бірсыпыра реттерде ұлт қозға-

лысын басу үшін жазалау шараларын қолданудан да тартынған жоқ, Украина мен Финляндия жөнінде осындай шаралар қолданылған еді.

Тек Совет өкіметі ғана барлық ұлттардың Россиядан толық бөлініп шығуға дейін өзін өзі билеуге правосы бар деп ашық жарыялады. Бұл жөнде жаңа өкімет кейбір ұлттардың өз ішіндегі ұлттық топтардан гөрі анағұрлым радикалды болып шықты.

Солай бола тұрса да, Халық Комиссарлары Советі мен шет аймақтардың арасында бірсыпыра дау-жанжалдар туды. Біракта, бұл дау-жанжалдар ұлттық сыйпаты бар мәселелердің айналасынан тумай, өкімет жөніндегі мәселенің айналасынан туды. Шешен, шет аймақтардың асығыс құрастырыла салған буржуазиялық-ұлтшыл үкіметтерінің, дәулетті таптардың жоғарғы топтарының өкілдерінен құрылған үкіметтерінің өздерінің ұлт мәселелерін шешкенсіп, советтік және басқадай революциялық ұйымдарға қарсы белгілі күрес жүргізуге қалай тырысқандығының бірсыпыра мысалдарын келтіреді. Шет аймақтар мен орталық Совет өкіметінің арасында туған барлық дау-жанжалдардың негізі өкімет жөніндегі мәселеде жатыр. Ал егер, белгілібір облыстардың буржуазиялық топтары бұл дау-жанжалдарды ұлттық түрге айналдыруға тырысқан болса, онда олар бұлай ету тиімді болғандықтан ғана, ұлт киімін бүркеншік етіп өз облысының ішінде еңбекші бұқараның өкіметіне қарсы күресіп жатқандығын жасыруға ыңғайлы болғандықтан ғана осылай істеп отыр.

Шешен Рада жөніндегі мысалға толық тоқталып, Украинаның буржуазиялық-шовинистік топтарының өзін өзі билеу принципін өздерінің империалистік тап-

тық мүдделері үшін қалай пайдаланғандығын төндіре дәлелдеді.

Осылардың бәрі де өзін өзі билеу принципін буржуазияның өзін өзі билеу правосы емес, сол ұлттың еңбекші бұқараларының өзін өзі билеу правосы деп түсіндіру қажет екендігін көрсетеді. Өзін өзі билеу принципі социализм жолындағы күрес үшін құрал болуға тиіс және социализм принциптеріне бағындырылуға тиіс.

Россия Республикасының федерациялық құрылысы туралы мәселе жөнінде шешен былай дейді: Совет федерациясының жоғарғы органы Советтер Съезі болуға тиіс. Бір съезд бен екінші съездің аралығындағы уақытта съездің атқаратын міндеттері Орталық Атқару Комитетіне көшеді.

2. РОССИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ФЕДЕРАЦИЯЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

1) Россияның Социалистік Советтік Республикасы Россия халықтарының еркті түрдегі одағының негізінде, осы халықтардың Советтік Республикаларының Федерациясы болып құрылады.

2) Федерацияның ішінде өкіметтің ең жоғарғы органы Жұмысшы, Солдат және Шаруа Депутаттары Советтерінің Бүкілроссиялық съезі болып табылады, бұл съезд кемінде үш айда бір шақырылып отырады.

3) Жұмысшы, Солдат және Шаруа Депутаттары Советтерінің Бүкілроссиялық съезі Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетін сайлайды. Съездердің ара-

сындағы мезгілдерде жоғарғы орган — Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті болады.

4) Федерацияның үкіметін, Халық Комиссарлар Советін, бүтіндей және бірлі-жарымдап Советтердің Бүкілроссиялық съезі немесе Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті сайлап, өзгертіп отырады.

5) Жеке облыстардың, тұрмысы жағынан, ұлттық құрамы жағынан өзгеше айырмашылығы бар облыстардың советтік республикаларының федерациялық үкіметке қатысу әдісін, сондай-ақ Россия Республикасының федерациялық және облыстық мекемелерінің атқаратын қызметіне белгілібір шек қою ісін облыстық совет республикалары құрылысымен дереу Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті және сол республикалардың Орталық атқару комитеттері белгілейді.

3. ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША СӨЙЛЕНГЕН ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

15 январь

(Газеттік есепті мақала)

Россия Республикасының федерациялық мекемелері туралы ұсынылған қарар жөнінде **Сталин** жолдас қортынды сөз сөйледі.

Оның көрсетуінше, ұсынылып отырған қарар заң емес, ол қарар Россияның Федерациялық Республикасының болашақ Конституциясының жалпы негіздерін ғана белгілейді.

Саяси екі ағымның: бір жағынан, ұлтшылдық контрреволюцияның, екінші жағынан, Совет өкіметінің арасындағы күрес аяқталмай тұрып, совет республикаларының мемлекеттік құрылысының барлық тетікте-

рін анық және дәл белгілейтін мінсіз Конституция жөнінде сөз болуы мүмкін емес.

Қарарда Конституцияның жалпы негіздері ғана бар, бұлар әбден қаралып дайындалу үшін Орталық Атқару Комитетіне беріліп, Советтердің таяуда болатын съезінің біржола бекітуіне тапсырылады.

Совет өкіметінің буржуазиялық Радаға қарсы күресте тым қатал кеткендігі туралы тағылған кінәларға жауап ретінде, **Сталин** жолдас былай дейді: әңгіме ұлттық-демократиялық түрге боялған буржуазиялық контрреволюцияға қарсы күрес туралы болып отыр.

Сталин жолдас мынаны баса көрсетеді: Раданың басында отырған қайсыбір (Винниченко сияқты) саяси қайраткерлердің демократиялық ұраны шын демократиялық саясаттың болуына ешбір кепіл бола алмайды.

Біз Раданы оның сөздеріне қарай бағаламай, оның істеріне қарай бағалаймыз.

Раданың «социалистерінің» социализмі неден байқалып отыр?

Олар универсалда[6] сөз жүзінде өздерін барлық жердің халыққа берілуін жақтайтындар етіп жарыялады, ал іс жүзіне келгенде олар, помещик жерінің халыққа берілуге жатпайтын бөлегіне ешкім қол сұға алмайды деп жарыялап, жұртқа мәлімденген түсінік арқылы жерді халыққа беру ісіне шек қойды.

Олар Советтер жөнінде өздерінің адал ниетте екендігін сөз жүзінде жарыялады, ал іс жүзінде, совет әскерлерін қарусыздандырып, совет қызметкерлерін тұтқынға алып, Советтердің бұдан былай өмір сүру мүмкіншілігінің қандайына болса да жол бермей, Советтерге қарсы жанталаса күрес жүргізді.

Олар революцияға берілгендігін сөз жүзінде айғқанымен, іс жүзінде өздерінің революцияның нағыз кас-дұшпаны екендігін көрсетті.

Олар Донға қарсы күресте бейтараптық сақтаймыз деді, ал іс жүзінде, совет әскерлерін атуға көмектесіп, солтүстікке жіберілген астықты өткізбей қойып, генерал Калединге тікелей және белсенді түрде көмек көрсетті.

Мұның бәрі де — жұртқа мәлім фактылар, сонымен қатар Раданың шын мәнінде — буржуазиялық және революцияға қарсы екендігі де ешбір күмәнсіз нәрсе.

Мартов бұл жерде Советтердің демократияға қарсы күресі деп нені айтып отыр?

Оңшыл шешендердің, әсіресе Мартовтың, Раданы мақтап, оны қорғап отырған себебі, сірә, Раданың саясатын олар өз саясатының көрінісі деп білетіндігінен болуы керек. Барлық таптардың коалициясы болып табылатын, келісімпаз мырзалардың жүрегіне өте жылы тиетін Раданы олар Құрылтай жыйналысының үлгісі деп таныйды. Оңшыл сектордың өкілдерінің сөздерін естігенде, сірә, Рада оларды да жанын сала мақтайтын болуы керек. Балықшыны балықшы алыстан көреді, деген сөз текке айтылмаған болу керек. (Күлкі, қол шапалақтау).

Мұнан соң шешен Кавказдың өзін өзі билеу мәселесіне тоқталып, дәл мәліметтерге сүйене отырып, мынаны дәлелдейді: Кавказ комиссариаты[7] Кавказдың совет ұйымдары мен майдандық Советке қарсы нағыз агрессиялық саясат жүргізіп отыр, сонымен қатар Кавказдағы контрреволюциялық қозғалыстың батыры — генерал Пржевальскиймен байланыс жасап отыр.

Осылардың бәрін еске ала отырып, асылына кел-

генде, шет аймақтарда коалициялық, келісімпаздық өкімет орнатуға тырысып жүрген ағым мен екіншібір ағымның арасындағы, ағым болғанда, социалистік өкімет орнату жолында, еңбекші бұқара — жұмысшылар, солдаттар мен шаруалар депутаттары — Советтерінің өкіметі үшін күресіп жатқан ағымның арасындағы күресі болып табылатын азамат соғысы дейтінді жүргізе беруге тура келеді.

Бір жағынан Халық Комиссарлары Советі мен екінші жағынан, шет аймақтардағы буржуазиялық-ұлтшыл коалициялық үкіметтердің арасында туып отырған қатты дау-жанжалдардың мазмұны мен тарихи мағнасы міне осында болып отыр. Бұл үкіметтердің — біз ұлттық тәуелсіздігімізді қорғау үшін күресіп отырмыз, деген сөздері еңбекші халыққа қарсы жасалып жатқан жорықты сұрқиялықпен бүркегендіктен басқа дәнеңе де емес. (Ду қол шапалақтау).

Совет өкіметі, орыс шет аймақтарында пролетариат өкіметінің болуын талап етіп, Курляндия, Литва, Польша, т. т. жөнінде Бресте Троцкий жақтап отырған референдуммен қанағаттанып, өзіне өзі қайшы келіп отыр, деп Мартовтың Совет өкіметін кінәлауына жауап бере келіп, **Сталин** жолдас: батыс облыстарда Советтер әлі болмай отырған кезде, онда әлі социалистік революция болмай отырған кезде, ол облыстарда Совет өкіметінің болуын талап ету мүлде мағнасыз нәрсе болған болар еді, дегенді ескертеді.

Егерде Мартовтың айтуынша іс істейтін болсақ, — дейді шешен, — онда Советтердің болмай отырған жерлері былай тұрсын, тіпті Советтердің болуына жол ашылмаған жерлерде де Советтерді ойдан жасап шығаруға тура келер еді. Мұндай жағдайларда Со-

веттер арқылы өзін өзі билеуге жету туралы сөз қылу — ешбір ақылға сыймайтын нәрсе.

Баяндамашы сөзін қорыта келіп, демократиянық оң қанаты мен сол қанатының арасындағы негізгі пікір алалығына тағыда тоқталады. Сол қанат қара бұқараның диктатурасы болуын, көпшіліктің азшылыққа өктемдік жүргізуін талап етіп отырғанда, — оң қанат кейін қарай қайтуды, буржуазиялық парламентаризмнің әлде қашан өткен кезеніне қайта оралуды ұсынады. Жалпыға бірдей сайлау правосының нәтижесінде туатын, сырт көрінісі жағынан демократиялық өкіметтің іс жүзінде шын демократизмнен өте алыс жатқан, оған өте жат, финанс капиталымен жасасқан коалиция болып шығатындығын Франция мен Америкадағы парламентаризмнің тәжрибесі ашықтан-ашық көрсетті. Францияда, буржуазиялық демократизмнің елі болып отырған бұл елде, депутаттарды бүкіл халық сайлайды, ал министрлерді Лиондағы банкі жіберіп отырады. Америкадағы сайлаулар жалпыға бірдей сайлау, ал өкімет басына миллиардтың иесі Рокфеллердің қойған адамдары отырады екен.

— Бұл факты емес пе? — деп сұрақ қояды шешен. — Я, біз буржуазиялық парламентаризмді жерлеген болатынбыз, сондықтан Мартовтардың бізді революцияның марттағы дәуіріне қарай сүйреуі бос әуреленгендік болады. (К ү л к і, қ о л ш а п а л а қ т а у). Біздерге, жұмысшылардың өкілдеріне, халықтың тек дауыс беруші ғана болып қоймай, сонымен қатар басқарушы да болғаны керек. Сайлап, дауыс бергендер өктемдік етпейді, басқарушылар өктемдік етеді. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у).

„Правда" №№ 12 және 13;
17 және 18 январь, 1918 ж.

РСДЖП(б) ПЕТЕРБУРГТІК КОМИТЕТІНЕ ТЕЛЕФОНОГРАММА

Петербург комитетінің Атқару комиссиясына және большевиктер партиясының барлық аудандық комитеттеріне, — Петербург Советінің бүгін кешке қабылданатын қарары бойынша он мыңдаған жұмысшыларды ұйымдастырып және барлық буржуазияның бірін қалдырмай жұмысшыларға бақылатып, Петербургтің маңынан окоптар қазу жұмысына жіберу үшін, — бір сағат та уақытты бос жіберместен, жұмысшылардың барлығын жаппай көтеруді ұсынамыз. Қазір, революция қатер үстінде тұрғанда, революцияны аман алып қалудың жолы осында ғана болып отыр. Окоптардың қазылатын шебін әскер адамдары көрсетеді, қару дайындаңыздар, ал ең басты нәрсе — біріңіз қалмай ұйымдасып, дайын тұрыңыздар.

Ленин
Сталин

21 февраль, 1918 ж.

Бірінші рет басылып отыр

УКРАИН СОВЕТ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚ СЕКРЕТАРИАТЫНА ТЕЛЕГРАММА[8]

Бұдан бес күн бұрын бізге генерал Гофман уақытша бітім шартының[9] мерзімі өткендігін мәлімдеген болатын, ал бұдан кейін бір күннен соң соғыс қимылдарын ашты. Халық Комиссарлары Советінің бітім жасау келіс сөздерін қайта жүргізуге рыйза екендігі туралы мәлімдемесіне жауап әлі берілген жоқ. Анығында, Германия үкіметінің жауап беруге асықпай отырған себебі — елімізді әбден тонап алып, сонан кейін ғана бітім туралы келіссөз жүргізгісі келіп отыр. Немістер Двинскіні, Ровноны, Минскіні, Вольмарды, Гапсальды алып, Питер мен Киевке қарай келе жатыр. Анығында, бұл жорықтың мақсаты басып алу ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен, революцияны және оның жеңістерін жою болып отыр.

Халық Комиссарларының Советі Питерден тойтарыс беру ісін ұйымдастыруды, барлық жұмысшы бұқарасын, сонымен қатар буржуазияны да жұмылдыруды ұйғарып отыр, оның бержағында, егер буржуазия окоп қазғысы келмейтін болса, оны күшпен қолға алып, жұмысшылардың бақылауымен окоп қаздыруды ұйғарып отыр.

Жолдастардың барлығының пікірі — сіздерді, киевтіктерді, бір минут уақытты босқа жіберместен, батыстан Киев жақтан дәл осындай тойтарыс беруді

ұйымдастыруға, тірі жандардың барлығын жұмылдыруға, артиллерияны шығарып жауға қарсы қоюға, окоптар қазуға, жұмысшылардың бақылауымен буржуазияны окоп қазу жұмысына айдауға, қысылшаң жағдайды жариялауға және барынша қатал қыймылдауға міндетті деп санайды. Жалпы тапсырма — Петроград пен Киевті сақтап қалу, герман бандыларын қайткен күнде де тоқтату.

Жағдай сіздердің ойлайтындарыңыздан да гөрі қыйын болып отыр, — неміс бандыларының Питерден Киевке дейін серуендегісі келетіндігі және тек сол жерлерде ғана, осы астаналарда отырып алып бітім келіссөздерін жүргізу туралы сөйлескісі келетіндігі біз үшін күмәнсіз анық нәрсе. Менің ойымша, ескі Раданың немістермен жасаған шартын[10] сіздер жоймаған боларсыздар. Егер осылай болған болса, біздің ойымызша, ол жөнінде сіздердің асықпағандарыңыз жөн.

Тағыда айтарым: бір минут уақытты жіберместен, жарыс сөзге салынбай іске кірісіңіздер, сөйтіп жұрттың бәріне Совет өкіметінің өзін өзі қорғай алатындығын көрсетіңіздер.

Біздің барлық сенетініміз жұмысшылар, өйткені демобилизацияланып отырған армия дегеніңіз тек үрейі ұшып, қашуға ғана қабілетті болып шықты.

Дереу жауап берулеріңді күтемін.

Халық Комиссарлары Советінің тапсыруы
бойынша *И. Сталин*

Петроград,
21 февраль, 1918 ж.

Бірінші рет мына кітапта басылған: 1918 жылы Украинада герман оккупанттарының талқандалуы туралы документтер. Мемлекет саяси баспасы, 1942

УКРАИН СОВЕТ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚ СЕКРЕТАРИАТЫНА ТУРА ПРОВОД АРҚЫЛЫ ЖІБЕРІЛГЕН ХАТ

Халық Комиссарлары Советінің тапсыруы бойынша халық комиссары **Сталин.**

Алдыңғы күні, 22 февральда, герман үкіметінен өте ауыр, айуандық шарттар деуге болатын бітім шарттарын алдық, оның бер жағында немістер бұл шарттарды қырық сегіз сағаттың ішінде қабылдауды талап етеді. Сонымен қатар неміс отрядтары Ревель мен Псковқа шабуыл жасап, Петроградқа қауіп туғызып отыр, ал біздің әскерлеріміз қарсыласудан мүлде бас тартып отыр. Бұл шарттар сіздерге мәлім бе, жоқ па, оны мен білмеймін. Бұл шарттарды біз радио арқылы барлық жерлерге қабарладық. Сіздерге солардың бас-ты-бастыларын қабарлайын.

«Төртінші пункт. Россия Украинаның Халық Республикасымен дереу бітім жасайды. Украина мен Финляндия орыс әскерлері мен Қызыл гвардиядан кешіктірілмей тазартылады». «Қара теңіздегі орыстың соғыс кемелері, т. т. дереу орыс гаваньдарына көшіріліп, жаппай бітім жасалғанға дейін сонда қалдырылуға, немесе қарусыздандырылуға тиіс». «Қара теңізде жә-

не басқа теңіздерде сауда кеме қатнастары, уақытша бітім туралы шартта көрсетілгеніндей, қайтадан ашылады. Оны миналардан тазарту жұмысы дереу басталады».

«Үшінші пункт. Лифляндия мен Эстляндия орыс әскерлері мен Қызыл гвардиядан дереу тазартылады және бұл жерлер, ондағы елдің құрылысы онда қоғам қауіпсіздігі мен мемлекеттік тәртіпті қамтамасыз еткенге дейін, герман полициясының қолында болады. Саяси негізде тұтқынға алынған халықтың барлығын дереу босатылуға тиіс».

«Бесінші пункт. Түркияның шығыстағы анатолийлік провинцияларын жоспар бойынша өзіне қайтарып алуын дереу қамтамасыз ету үшін Россия шамасынан келгенін аямайтын болады және түркияның тізе бүгуін жойылды деп таниды».

Бұдан кейін сауда договоры жөніндегі пункттер келеді, ол пункттердің негізіне өздеріңізге мәлім ескі Раданың Австро-Венгриямен жасаған договоры алынған.

Айта кету керек, бітім шарттары тегінде адам айтқысыз айуандық шарттар. Біздің ойымызша, Украина жөніндегі пункттің мағнасы — Винниченконың өкіметін қайта орнату емес, өйткені ол өкімет өздігінен немістер үшін құнды нәрсе емес, ол пункттің мағнасы — бізбен сіздерді ескі Раданың Австро-Венгриямен жасаған договорын қабылдауға көндіру үшін, бізге нақты қысым жасау болып табылады, өйткені немістерге Винниченко керек емес, фабрикаттарды астық пен кенге айырбастау керек.

Немістердің шабуыл жасауына және біздің әскерлердің жаудан қашуына байланысты кәзіргі жағдай-

ды біз былай деп бағалаймыз: өз империалистерімізді құлатқаннан кейін, Батыстағы революциялық қозғалыстың қарқыны баяу болғандықтан, біздің әскерлердің тұрақсыз болуының салдарынан және неміс империалистерінің адам айтқысыз жыртқыштық істеуінің салдарынан, біз уақытша бөтен ел империализмінің тырнағына түсіп қалып отырмыз, біз осы бөтен ел империализміне қарсы отан соғысын ұйымдастыру үшін кәзірден бастап күштерімізді дайындауға тиіспіз, бұлай істегенде біз Батыстағы революциялық күштерге жол ашылады деп үміттенеміз, біздің ойымызша, бұл күштерге жол ашылмай қалмайды. Мұндай дайындық жүргізу үшін аз болсада тыныс алу қажет, мұндай тынысты керек десе айуандық бітім де бере алады. Жоққа сеніп үміттенуге ешбір болмайды. Шындықтың бетіне тура қарап, өзіміздің уақытша неміс империализмінің тырнағына түсіп отырғандығымызды батыл мойындауымыз керек. Советтердің Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті осындай пікірлерге сүйеніп, бүгін түнгі сағат үште айуандық шарттарды қабылдап бітім жасауға ұйғарды, сөйтіп Халық Комиссарлары Советіне Брест қаласына делегация жіберуді тапсырды, делегация бүгін жіберілді. Орталық Атқару Комитеті тек осындай жағдайларда ғана Совет өкіметін аман сақтап қалуға болады деп шешті. Ал әзірге неміс империализміне қарсы қасиетті соғыс ұйымдастыру үшін дайындық үстіне дайындық жүргізу керек.

Біздің бәріміздің пікіріміз мынау: сіздердің Халық секретариатыңыз Брестіге өз делегациясын жіберіп, онда барғанда — егер Винниченконың авантюрасына австро-германдықтар көмектеспейтін болған күнде,

Халық секретариаты бұрынғы Киев радасының жасаған договорының негіздеріне қарсы болмайтындығын мәлімдеуге тиіс. Сіздердің мұндай қадамыңыз, біріншіден, оңтүстік пен солтүстік Советтерінің идеялық жағынан да, саясат жағынан да туысқандығын баса көрсеткен болар еді; екіншіден, Украинада Совет өкіметін сақтап қалар еді, мұның өзі бүкіл халқаралық революция үшін үлкен жәрдем болар еді. Сіздердің бізді түсініп, бақытсыз бітімнің осы айтылған басты мәселелері жөнінде бізбен келісулеріңізді қатты тілейміз.

Мен сіздердің мынадай екі мәселе жөнінде дереу жауап беруіңізді күтемін: бізбен бірігіп немістермен келіссөз жүргізу үшін бүгіннен қалдырмай Петроградқа немесе, ең оңайы, тура Брестің өзіне делегаттарыңызды жібересіздер ме, — бұл бір. Екінші: Винниченконың договорын Винниченко мен оның сыбайластарын қатыстырмай қабылдауға болады деген біздің пікірімізге қосыласыздар ма? Сіздерге мандат дайындап, Брестіге жүрулеріңізді ұйымдастыру үшін осы сұрауларға жауап күтемін.

Халық комиссары ***И. Сталин***

Петроград,
24 февраль, 1918 ж.

Бірінші рет басылып отыр

УКРАИН ТҮЙІНІ

Февральдың аяқ шенінде, Германиямен бітім жасалмай тұрып, Украина Совет республикасының Халық секретариаты бұрынғы Киев радасының герман коалициясымен жасаған договорына қол қоюға өзінің рыйзалығын мәлімдеп, Брестке делегация жіберген.

Герман командованиесінің Брестегі өкілі, әйгілі Гофман, Халық секретариатының делегациясымен бітім сөзін жүргізуді қажет деп таппайтындығын мәлімдеп делегацияны қабылдамай қойған.

Мұнымен қатар герман мен австро-венгрияның соққышы әскерлері, Петлюра — Винниченконың гайдамак отрядтарымен қосылып алып, Совет Украинасына жорыққа аттанған.

Бітім емес, Совет Украинасына қарсы соғыс, — Гофман жауабының мағнасы міне осы.

Бұрынғы Киев радасының қол қойған договоры бойынша Украина апрельдің ақырына шейін Германияға 30 миллион пұт астық беруге тиісті. Біз бұл жерде Германия талап еткен «ерікті түрде руда жеткізіп беру» жөнінде сөз қылып отырғанымыз жоқ.

Совет Украинасының Халық секретариатына договордың бұл пунктінің мәлім екендігі күмәнсыз еді, сондықтан, Винниченко бітіміне қол қоюға рыйзалығын ресми білдіргенде, ол неге қарай беттегенін де білген еді.

Алайда, — герман үкіметі, — Гофман Украинаның барлық Советтері, қалалық советтері де, селолық советтері де, таныған Халық секретариатымен бітім сөзін жүргізуден бас тартты. Украина халқы таныған, «керегінше» астық беру бірден-бір қолынан келетін Халық секретариатымен бітім договорын жасаудан гөрі өліктермен одақ жасауды, құлатылған, қуып жіберілген Киев Радасымен одақ жасауды герман үкіметі артық көрді.

Мұның аты — австро-герман жорығы астық алу ғана мақсатын емес, сонымен қатар, көбінесе, — Украинада Совет өкіметін құлатып, бұрынғы буржуазиялық тәртіпті орнату мақсатын көздейді деген сөз.

Мұның аты — Украинадан миллиондаған пұт астық алғысы ғана келу емес, сонымен қатар Украина жұмысшылары мен шаруаларының қан төгіп алған өкіметін тартып алып, оны помещиктер мен капиталистерге әперіп, Украина жұмысшылары мен шаруаларын правосыз қалдыруға тырысу деген сөз.

Австрия мен Германия империалистері өздерінің найзаларымен, бурынғы татар құлдығынан бірде былай емес, масқара жаңа құлдық әкеледі — Батыстан шыққан жорықтың мағнасы осындай.

Украина халқы соққы беруге қатты әзірленіп, мұны, сірә, сезіп отырған болу керек. Шаруа Қызыл Армиясын құру, жумысшылардың Қызыл гвардиясын мобилизациялау, алғаш лап еткен үрейленушіліктен

кейін «цивилизациялы» зорлықшыларға қарсы сәті түскен талай-талай соқтығыстар, Бахмачты, Конотопты, Нежинді тартып алып, Киевке таяну, құлданушыларға қарсы мың-мыңдап күреске аттанып жатқан бұқараның барған сайын жігерінің артуы — міне зорлықшылардың жорығына халықтық Украина осылай жауап беруде.

Батыстан келе жатқан шетел құлдығына қарсы Совет Украинасы азаттық **отан** соғысын көтеріп отыр, — Украинада болып жатқан оқиғалардың мағнасы осындай.

Мұның аты — әрбір пұт астықты, әрбір кесек металды германдықтардың соғыспен, украин халқымен қатты шайқасудың нәтижесінде барып алуына тура келеді деген сөз.

Мұның аты — немістердің астық алуы үшін және Петлюра — Винниченконың таққа отырғызылуы үшін Украина әбден жаулап алынатын болуға тиіс деген сөз.

Немістердің «тез соққымен» екі қоянды бірден соғып алмақ болған (астық та алып, Совет Украинасын да құлатпақ болған) дәмесінің астығы мен бостандығы тартып алынбақ болған жыйырма миллион Украина халқының шетелдік құлданушыларға қарсы жүргізетін ұзақ соғысына айналуға әбден мүмкіндігі бар,

«Цивилизациялы» зорлықшыларға қарсы ерлікпен күресу үшін Украина жумысшылары мен шаруалары өздерінің күшін аямайтындығын тағыда айтудың керегі бар ма?

Украинада басталған **отан** соғысының бүкіл Совет Россиясының мейлінше қолдауына арқа сүйеуге әб-

ден мүмкіндігі бар екенін тағыда дәлелдеп жатудың керегі бар ма?

Ал, егер Украинадағы соғыс ұзаққа созылып, ақырында, Россиядағы бүкіл адал, ізгі ниеттілердің Батыстан келетін құлдыққа қарсы күресіне айналатын болса қайтеді?

Ал, егер неміс жұмысшылары мен солдаттары осындай соғыстың барысында, Германия билеп-төстеушілерін «неміс отанын қорғау» максаттары билемей, араны ашылған империалист айуанның жебірлігі билейтіндігін, ақырында, түсінетін болса, және мұны түсініп алып, тиісті практикалык қортындылар жасайтын болса қайтеді?

Сол Украинада кәзір осы кездегі бүкіл халықаралық оқыйғалардың негізгі түйінінің, — Россияда басталған жұмысшы революциясы мен Батыстан келе жатқан империалистік контрреволюцияның түйінінің шиеленісіп келе жатқаны осыдан айқын емес пе?

Совет Украинасында омакасып мерт болған араны ашылған империалист айуан — оқыйғалардың кәзіргі даусыз барысы осыған бастап келе жатқан жоқ па?

„Известия" № 47,
14 март, 1918 ж
Қол қойған И. Сталин

ТАТАР-БАШҚҮРТ СОВЕТ РЕСПУБЛИКАСЫ ТУРАЛЫ

Россия Республикасының федерациялық құрылысын жарыялаған Советтердің III съезінен бері екі ай өтті, ал шеткері аймақтар, жергілікті жерлерде Совет өкіметін орнатудан қолы тимей, федерацияға қатысудың нақтылы түрлері жөнінде күні бүгінге дейін айқын және нақты пікір айтқан жоқ. Қәзірде «мәдениетті» зорлықшылар айуанша талап отырған Украинаны, сонымен қатар Россиямен федерациялық байланыста болатындығын білдірген Қырым мен Дон облысын есептемейтін болсақ, революциялық ұйымдары Советтік Россиямен федерациялық байланыста болудың жоспарын айқын белгілеген бірден-бір облыс, сірә, Татарстан-Башқұртстан болып отыр. Біз Татар-Башқұрт Совет Республикасын ұйымдастыру жөнінде дәл белгіленген жалпы схеманы айтып отырмыз, бұл схема кәзірде барлық елдің аузында, оны татарлар мен башқурттардың ең беделді советтік ұйымдары жасап отыр.

Татар-башқурттардың революцияшыл бұқарасының тілектерін қабылдай отырып, Россияны Совет

Республикаларының федерациясы деп жарыялаған Советтердің III съезінің қарарына сүйене отырып, ұлттар ісі жөніндегі Халық комиссариаты, Халық Комиссарлары Советінің нұсқауына негізделіп, Россия Совет федерациясының Татар-Башқурт Совет Республикасы жөнінде мынадай ереже дайындап шығарды. Татарстан-Башқұртстан Советтерінің, таяуда шақырылатын, Құрылтай жыйналысы бұл ереженің нақтылы түрлері мен барлық жақтарын дайындап шығаратын болады. Бұл съездің жұмыстарының нәтижелерін Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі бекітеді — бұған шүбәлануға біздің дәлеліміз жоқ.

Халық комиссары ***И. Сталин***

„Правда" № 53,
23 март, 1918 ж.

ЗАКАВКАЗЬЕ КОНТРРЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕРІ СОЦИАЛИЗМДІ БҮРКЕНІП ОТЫР

Россия федерациясының барлық шеткері аймақтарының ішінде Закавказье, сірә, ұлт құрамының көпшілігі мен әралуан болуы жағынан, ең ерекше түкпір болып отыр. Грузиндер мен орыстар, армяндар мен азербайжан татарлары, түріктер мен лезгиндер, осетиндер мен абхаздықтар — Закавказьенің жеті миллион халқының ұлттық әралуандығының толық емес сыйпаттамасы міне осындай.

Осы ұлт топтарының бір де біреуінің ұлттық территориясының анық белгіленген шекарасы жоқ, бұлардың барлығы қалаларда ғана емес, сонымен қатар деревняларда да өзара араласып, бір бірімен қаз-қатар тұрады. Закавказьенің ұлт топтарының Россиядағы орталыққа қарсы жалпы күресі барлық жерлерде де олардың өзара қыянкескі болып күресуі арқылы білінбей кететін себебі, шындығына келгенде, осыдан. Ал мұның өзі тап күресін ұлт туларымен және ұлт ойыншықтарымен бүркемелеуге өте «қолайлы» жағдай туғызады.

Закавказьенің екінші бір, жаңағыдан кем соқпай-

тын, айрықша сыйпаты оның экономика жағынан артта қалуы болып табылады. Егер Бакуды, өлкенің көбінесе сыртқы капитал билеп отырған осы кішкене өнеркәсіптік кеңістігін есептемесек, Закавказье теңіздердің жағаларында, шеткері аймақтарында әжептәуір дамыған саудалық әрекеті бар және орталығында нағыз крепостниктік укладтың әлі берік тұрған калдықтары бар аграрлық ел болып табылады. Тифлис, Елизаветполь, Баку губернияларында осы уақытқа дейін толып жатқан крепостниктік татарлардың бектері мен феодалдық грузин князьдары бар, бұлардың орасан үлкен латифундиялары, қаруланған арнаулы бандылары бар, татар-армян-грузин шаруаларының тағдыры осылардың қолында болып отыр. Бұл жерлерде аграрлық «тәртіпсіздіктердің» өте шиеленіскен түрлерінің болу себебі, бұған кейде шаруалардың наразылығы келіп ұштасатын себебі, шындығына келгенде, осыдан болып жүр. Закавказьедегі (Бакуды есептемейтін болсақ) жұмысшы қозғалысының әлсіз болатын және бірыңғай таза болмай, көбінесе аграрлық «тәртіпсіздіктер» арқылы күңгірт болып отыратын себебін де осыдан іздеу керек. Осының бәрі бай таптар мен көпшілігі дворяндардан шыққан «социалистік» деп аталатын интеллигенцияның кәзірде ел ішінде қаулап өсіп келе жатқан жұмысшы-шаруа революциясына қарсы саяси коалиция жасауына қолайлы жағдай туғызады.

Февраль революциясы бұл өлкенің еңбекші таптарының хал-жағдайына онша елеулі өзгеріс енгізген жоқ. Деревняның аса революцияшыл элементтері болатын солдаттар бұл кезде майданда болды. Өлкенің экономика жағынан артта қалуының салдарынан тап

ретінде жалпы алғанда әлсіз болған және ұйымдасқан тұтас тұлға ретінде әліде өсіп жетіле қоймаған жұмысшылар қолы жеткен саяси бостандықтарға масаттанып жатты, сірә, онан әрі барғысы келмеген көрінеді. Бүкіл өкімет бай таптардың қолында қалды. Бұл таптар өкіметті қолына мықтап ұстап отырды да, эсер-меньшевик стратегтердің орыс революциясының буржуазиялық сыйпаты туралы, социалистік төңкерістің мүмкін еместігі және басқалар туралы сәуегейлік сөздер айтып жұмысшылар мен шаруаларды ұйқтатуына шын ықыласымен жол беріп, не болар екен деп күтумен болды.

Октябрь революциясы жағдайды мүлде өзгертті. Ол бір сілтеумен-ақ барлық қарым-қатнастардың астын үстіне шығарып, өкіметтің еңбекші таптардың қолына көшу мәселесін алға қойды. «Бүкіл өкімет жұмысшылар мен шаруаларға берілсін!» деген ұран ел ішінде өте тез таралып, езілген халықты аяғынан тік тұрғызды. Ал, Россияның солтүстігінде тараған осы ұран сол жерде жүзеге аса бастаған кезде, Закавказьенің бай таптары Октябрь революциясы мен Совет өкіметінің оларға сөзсіз өлім келтіретінін өз көздерімен көрді. Сондықтан Совет өкіметіне қарсы күресу олар үшін өмір мен өлім мәселесіне айналды. Ал «социалистік» эсер-меньшевик интеллигенциясы, өкіметті танудың дәмін татып қалып, кәзірде сол өкіметтен айрылу мүмкіншілігіне кездесіп отырғандықтан, өзінен өзі бай таптармен одақтас болып шықты.

Закавказьеде антисоветтік коалиция осылайша құрылды.

Бір жағынан, Хан-Хойский мен Хасмамедов сияқ-

ты татар бектері, екінші жағынан, Жордания мен Гегечкори сыяқты грузиндердің дворяндық интеллигенттері бар Закавказье комиссариаты осы антисоветтік коалицияның іс жүзіне асуы болып табылады.

Ұлт топтарының ішінде таптардың коалициясын құру үшін — грузин, татар, армян «ұлттық советтері» ұйымдастырылады. Олардың дем берушісі — меньшевик Жордания.

Закавказьенің барлық басты ұлттарының ішіндегі бай топтарының коалициясын құру үшін Закавказье комиссариаты құрылады. Оны басқарушы — меньшевик Гегечкори.

Совет өкіметіне қарсы күреске өлкенің «барлық халықтарын» біріктіру үшін «Закавказье сеймі» дейтін ұйымдастырылады, бұл сейм Құрылтай жыйналысының Закавказьеден сайланған эсер-меньшевик-дашнак-хан мүшелерінен құралады. Оның декорациясы, яғни председателі — меньшевик Чхеидзе.

Мұнда «социализм» де, «ұлттың өзін өзі билеуі» де бар, оның үстіне бұл сыяқты ескі ойыншықтардан гөрі де нақтылы бірдеме бар, атап айтқанда: бай топтардың жұмысшы-шаруа өкіметіне қарсы құрылған нақтылы одағы бар.

Бірақ ойыншықтар арқылы ұзақ уақыт өмір сүруге болмайды. Одақ «істердің» болуын тілейді. Сондықтан бірінші рет шын қауіп туысымен-ақ «іс» те кешікпей жарыққа шыға келді. Біз бітім жасасу келісім сөздері ашылғаннан кейін түрік майданынан қайтып келген революцияшыл солдаттар туралы айтып отырмыз. Бұл солдаттар антисоветтік коалицияның астанасы болып отырған Тифлисті басып жүруге тиіс болды. Олар большевиктердің қолына келген-

де Закавказье комиссариатының өмір сүруіне үлкен қауіп туғызатын еді. Бұл нағыз шын қауіп еді. Сондықтан дәл бұл арада, мұндай қауіп туған кезде, «социалистік» ойыншықтардың барлығы да және қандайы болса да өз жайларына қала берді. Коалицияның контрреволюциялық сыйпаты сыртына шыға келді. Комиссариат пен «ұлттық советтер» майданнан қайтып келе жатқан әскер бөлімдеріне опасыздықпен оқ атып, қару жарағынан айырды, сөйтіп «ұлттық» тағы тобырларды каруландырады. Закавказье комиссариаты «істі» барынша берік етіп, өзін солтүстік жақтан қамтамасыз ету үшін Карауловпен және Калединмен келісім жасайды. Калединге вагон-вагонымен патрондар жібереді, өзінің карусыздандыра алмаған әскер бөлімдерін Калединнің қарусыздандыруына көмектеседі, сөйтіп жалпы алғанда Совет өкіметіне карсы күресуде Калединге барлық күшін сала көмектеседі. Бұл оңбаған «саясаттың» шын мәнісі — қандай құралды қолдануға болсада арланбастан, Закавказьенің бай таптарын революцияшыл солдаттардың тарапынан болатын оқталу қатерінен аман алып қалу болды. Бұл «саясаттың» қолданған құралдары — мұсылмандардың санасыз қарулы отрядтарын орыс солдаттарына өшіктіріп айдап салу, орыс солдаттарын алдын ала жасалған торға әкеп түсіру, оларды ұрып-соғу, атып өлтіру болды. Қарусыздандырудың бұл масқара «саясатын» — түрік майданынан Калединге карсы бара жатқан орыс солдаттарын Елизаветполь мен Тифлистің екі арасында Шамхор дейтін жерде атқылау ісі барынша ашық көрсетті.

Бул туралы «Бакинский Рабочий»[11] былай дейді:

«Мүсылмандардың мыңдаған каруланған бандылары Елизаветпольдегі мүсылмандардың ұлттық комитеті мүшелерінің басқаруымен және Закавказье комиссариаты жіберген бронепоезды пайдаланып, 1918 жылы январьдың бірінші жартысында Тифлистен Елизаветпольге дейінгі темір жол бойында Россияға кетіп бара жатқан әскер бөлімдерін бірнеше рет күшпен қарусыздандырды. Оның бержағында, мыңдаған орыс солдаттарын өлтіріп, жарымжан етті, олардың өліктері темір жол бойында шашылып жатты. Орыс солдаттарынан 15 000 ға таяу мылтық, 70 ке таяу пулемет және жыйырма зеңбірек тартып алды».

Фактылар осындай.

Бұл фактылардың мағнасын — ресми меньшевизмнің туы астында әрекет жасап отырған, помещиктер мен буржуазияның Закавказье революцияшыл солдаттарына қарсы жасалған одағы деп түсіну керек.

Біз бұл арада «Бакинский Рабочийдің», елизаветполь-шамхор оқыйғаларын көрсететін, мақалаларынан үзінділер келтіру керек деп есептейміз.

«Меньшевиктер Елизаветпольде болған оқыйғалар жөніндегі шындықты жасыруға тырысады. Керек десе олардың кешегі одақтастарының, Тифлис эсерлерінің «Знамя Труда» газеті меньшевиктердің «істі жаба салуға» тырысатындығын көрсетеді және мәселені өлкелік орталықта ашық талқыға салуды талап етеді.

Біз эсерлердің мұндай талап қоюын құттықтаймыз, өйткені Закавказьедегі революцияның бұдан былайғы тағдыры, — Шамхорда қайғылы халдің болуына кінәлі адамдар ресми түрде әшкерелене ме, әшкереленбей ме, 6 — 12 январьдағы оқыйғалар айқын ашыла ма немесе ашылмай ма, деген мәселеге әжептәуір байланысты болып отыр.

Біздің айтатынымыз: Елизаветполь оқыйғаларының болуына кінәлі адамдардың ішінде ең алдымен бір кездерде Қавказ социал-демократиясының көсемі болған, кәзірде «грузин ұлтының атасы» деп аталып жүрген — Ной Николаевич Жорданияның аты

аталуға тиіс. Өйткені соның басқаруымен өлкелік орталықтың президиумы өтіп бара жатқан эшалондарды қарусыздандырып, солардың есебінен ұлттық полктерді қаруландыру керек деп, қаулы алған болатын. Елизаветполь мұсылмандарының ұлттық комитетіне Шамхордың қасына жыйналған эшалондарды қарусыздандыру туралы соның қолы қойылып телеграмма жіберілген болатын. Ол, Ной Жордания, сол сыяқты тапсырма беріп эшалондарды қарусыздандыру үшін Тифлистен делегация жіберген болатын. Мұның осылай екендігін делегацияның мүшесі Крупко дейтін солдат Елизаветпольдегі Азаматтық комитеттің көп адам қатнасқан мәжілісінде ресми түрде айтқан болатын. Ной Жордания және оның қашанда ақылын шамаламай тыңыса беретін көмекшісі Н. Рамишвили Абхазаваны бас етіп, бронепоезд жіберген болатын, ал Абхазава мұсылмандарға қару таратып беріп, олардың мыңдаған солдаттарды атуына және эшалондарды қарусыздандыруына көмектескен болатын.

Ной Жордания — телеграммаға қол қойғамын жоқ деп ақталмақ болады. Ондаған адамдар, армяндар мен мұсылмандар, телеграммаға Жорданияның қол қойғандығын дәлелдейді және ол телеграмманың өзі де бар. Жордания — жағдайдың шиеленіскендігін білгеннен кейін Абхазавамен телефон арқылы сөйлесіп, эшалондарды зорлықпен қарусыздандырмай, өткізіп жіберуді сұрадым, дегенді айтады. Абхазава өлді; сондықтан бұл сөзді тексеру мүмкін емес, алайда біз мұндай сөз болған да шығар дейміз...

Егер өлген адамды былай қоятын болсақ, мақал бойынша өлген адамға бәрін де жаба салуға болады, тірі куәлер бар, бұлар Жорданияның жауаптарын теріске шығарып, телеграмманың адресін де, Жорданияның оған қол қойғандығын да, қарусыздандыру және басқалар жөнінде тапсырмалар беріп, делегация жіберілгенін де дәлелдейді.

Егерде бұлар өтірік айтып отырған болса, онда оларды Жордания не себепті жауапқа тартпайды? Оның және оның достарының «істі жаба салғысы» келетін себебі не?

Жоқ, азаматтар — Жордания, Рамишвили және олардың серіктері, 7—12 январьда өлген мыңдаған солдаттардың қаны үшін сіздер қатты жауаптысыздар.

Бұл ауыр қылмыстан сіздер ақталып шыға аласыздар ма?

Бірақ біз адамның жеке басының ақталуы туралы айтып отырғанымыз жоқ.

Бұл жағдайда біз Жорданияға жеке адам деп қарап көңіл бөліп отырғанымыз жоқ, Закавказье саясат жасап отыратын партияның көсемі деп, Закавказье өкіметінің басқалардан гөрі беделді және жауапты өкілі деп көңіл бөліп отырмыз.

Ол өзінің қылмысты ісін, біріншіден, өлкелік орталықтың президиумы мен Ұлтаралық советтің қаулысы бойынша істеді және, екіншіден, сөз жоқ, Закавказье Комиссариатының рухсаты бойынша істеді. Біздің Жорданияға тағып отырған айыптауымыз, меньшевиктердің бүкіл партиясына, өлкелік орталыққа, Закавказье Комиссариатына тегіс тағылады, өйткені мұнда отырған Чхенкели мен Гегечкори мырзалар мұсылмандардың бектері және хандарымен тығыз түрде, ашық одақтаса отырып, революцияны апатқа ұшырату үшін қолынан келгенінің бәрін істеп отыр. Біздің Жордания мен Рамишвили туралы айтып отырған себебіміз — олардың аттары телеграммаларға, бұйрықтарға, «тонаушы» бронепоезін жіберу ісіне байланысты болып отыр. Шындықты анықтау үшін тергеу жұмысы осылардан басталуға тиіс.

Бірақ бұданда басқа аттары аталуға тиісті адамдар бар, қыйратылуға тиісті қылмыстылардың тағыда бір ұясы бар. Бұл ұя — бірыңғай реакцияшыл бектер мен хандардан құралған Елизаветпольдегі Мұсылмандардың ұлттық комитеті, бұл комитет Жорданияның телеграммасына сүйеніп, 7 январьдың кешінде эшалондар «қайткен күнде де» қарусыздандырылсын деп қаулы алып, оны 9—12 январьда адам айтқысыз арсыздықпен, қанғұмарлықпен орындап шықты.

Меньшевиктердің баспасөзі Елизаветпольде болған оқыйғалар туралы сөз қылғанда, бұл оқыйғаларды Закавказьеде әдетте болып тұратын, темір жолға «тонаушылардың» жасаған шабуылы сыяқты етіп көрсетеді. Бұл барып тұрған арсыз өтірік!

Шамхор мен Даллярда қылмысты іс істеген тонаушылар емес, оны істеген мусылмандардың мыңдаған бейбіт жатқан халқы, оларды ресми түрде мусылмандардың ұлттық комитеті басқарды, олар бұл істің Закавказье өкімет басындағыларының бұйрығы бойынша істеліп отырғандығына сеніп, көп олжаға қызықты. Мусылмандардың ұлттық комитеті Елизаветпольге мыңдаған мұсылмандарды жыйнап, оларды қаруландырып, Елизаветполь

станциясында поезға отырғызып, Шамхорға жіберді. Ал көзімен көрген адамдардың айтуы бойынша, «жеңіп» шыққаннан кейін Сафикюрдский дейтін «эсер» Мусылман комитетінің басқа да батырларын қасына ертіп, «жаудан» алынған зеңбірекке атгай мініп салтанатпен қалаға келіп енеді.

Осылай болып отырғанда, қайдағы тонаушылардың шабуылы туралы «сөз болмақ»?» («Бакинский Рабочий» №№ 30 және 31).

Бұл қылмыс авантюраның басты-басты батырлары осылар.

Бұл авантюраны ойлап шығарушыларды әшкерелейтін мынадай документтер де бар:

Жұмысшы, Солдат және Шаруа депутаттары Советінің өлкелік орталығының председателі Н. Жорданияның эшалондарды қарусыздандыру туралы барлық Советтерге жіберген телеграммасы.

«Закавказьенің барлық Советтеріне.

Тифлистен. № 505, а. 1918 жылы 6 январьда қабылданып, жіберілді. № 56363. Қабылдаған Наумов. Сөз саны 59. Берілгені 5—28—24. Циркуляр бойынша.

Россияға кетіп бара жатқан әскер бөлімдері қаруларын өздерімен бірге әкетіп жатқандықтан және уақытша бітім болмай қалған күнде ұлттық әскер бөлімдерінің майданды қорғау үшін қарулары жетімсіз болып қалатын болғандықтан, жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советінің өлкелік орталығы — барлық Советтерге кетіп бара жатқан әскер бөлімдерінің қаруларын алып қалу үшін шаралар қолданып, әрбір жағдайлар туралы өлкелік орталыққа хабарлап отыру ұсынылсын деп қаулы алды.

Өлкелік орталықтың председателі **Жордания**».

Ротмистр Абхазаваның татарлардың атты әскер полкінің командирі Магаловқа жіберген телеграммасы.

«Елизаветполь.

Дзегамадан келген татарлардың атты әскер полкінің командиріне. № 42. 1918 жылы 7 январьда № 1857 бойынша Жудан қабылданды. Қабылдаған Вата. Сөз саны 30. 7 күні сағат 15 те берілді.

Зеңбірекпен каруланған бес эшалон кетіп барады, олар Совет өкілдерін ұстап әкетті, бронепоезд арқылы тойтарыс беруге бара жатырмын. Барлық карулар арқылы көмек беруіңізді сұраймын.

Ротмистр Абхазава.
Дс. Шатирашвили».

(«Бакинский Рабочий» № 33).

Документтер осындай.

Сөйтіп оқыйғалардың барысында «социалистік» ойыншықтар өз бетімен қалып, Закавказье Комиссариатының контрреволюциялық «ісіне» орын беріп отыр. Чхеидзе, Гегечкори, Жордания өздерінің партиялық туы арқылы тек кана Закавказье комиссариатының зұлымдығын бүркеп отыр. Өмір логикасы басқа логиканың қандайынан болса да күшті.

Закавказье контрреволюциялық комиссариаты майданнан келе жатқан орыс солдаттарын карусыздандыра отырып және, сөйтіп, «сыртқы» революционерлерге карсы күресе отырып, екі қоянды бірдей өлтіремін деп ойлады: бір жағынан, ол зор маңызы бар революциялық күшті, орыстың революцияшыл армиясын жоюға кірісті, өлкенің большевиктік комитетінің ең алдымен сүйеніш ететін күші осы еді; екінші жағынан, ол осылай ету арқылы, меньшевиктік-контрреволюциялық комиссариаттың негізгі сүйеніші болып отырған грузиндердің, армяндардың, мұсылмандардың ұлттық полктерін каруландыру үшін «қажетті» каруларды алып отырды. Сөйтіп, «сыртқы» революционерлерге карсы жүргізілген соғыс, Закавказьенің өз ішінде «азаматтық бейбітшіліктің» болуын қамтамасыз етуге тиіс болды. Сондықтан Гегечкори мен Жордания мырзалар өздерінің «тыл» жағынан, яки Калединдер мен Филимоновтар отырған Солтүстік Кавказ

жағынан неғұрлым қамтамасыз болғандығын сезген сайын, бұл зұлымдық саясатты соғұрлым батыл түрде жүргізіп отырды.

Бірақ оқыйғалардың барысы Закавказье контрреволюционерлерінің барлық сенген ойларын мүлде теріске шығарды.

Каледин — Корниловтың баспанасы болған Ростов пен Новочеркасскінің құлауы «солтүстіктегі тылды» түбірінен әлсіретті. Бакуге дейін бүкіл Солтүстік Кавказ бойының біржола тазартылуы оны жоққа тән етті. Солтүстіктен келе жатқан совет революциясының толқыны ешбір тоқтаусыз Закавказье коалициясының патшалығын басып еніп, бұл коалицияның өмір сүруіне қатер туғызды.

Закавказьенің өз ішіндегі жағдайлар да осындайлық «қолайсыз» болып шықты.

Закавказьенің майданнан қайтқан солдаттары деревняларға аграрлық революция таратты. Мұсылмандар мен грузин помещиктерінің үй-қоралары өртене бастады. «Большевиктенген» шаруа-солдаттар тарапынан крепостниктік қалдықтардың негіздеріне қарсы үзілді-кесілді шабуыл жасалды. Сірә, Закавказье комиссариатының жерді шаруалардың қолына беру жөніндегі бос уәделері аграрлық толқынға араласқан шаруаларды енді қанағаттандыра алмайтын болған болар. Оның контрреволюциялық іс емес, революциялық іс істеуін талап етті.

Жұмысшылар да оқыйғалардан артта қалған жоқ және артта қала да алмады. Біріншіден, солтүстіктен келе жатқан және жұмысшыларға жаңа табыстар әкеле жатқан революция, әлбетте, Закавказье пролетариатын жаңа күрес жасауға көтерді. Тіпті мень-

шевиктік контрреволюцияның тірегі болған ұйқылы Тифлистің жұмысшыларының өзі Совет өкіметін жақтап, Закавказье Комиссариатынан кете бастады. Екіншіден, Каледин — Филимоновтың кезінде Тифлисті астықпен қамтамасыз етіп тұрған Солтүстік Кавказда Советтер жеңіп шыққаннан кейін, азық-түліктің жетпеуі шиеленіспей тұра алмады, әрине, бұл азық-түлік жөнінде бірсыпыра «тәртіпсіздіктер» туғызды, — революциялық Солтүстік Кавказ контрреволюциялық Тифлисті асыраудан үзілді-кесілді бас тартып отыр. Үшіншіден, ақша белгілерінің (бон ақшаның орнына жүре алмайды!) болмауы шаруашылық тұрмысқа, бәрінен бұрын темір жол транспортына іркі салды, қаладағы қарапайым халықтың наразылығын бұл да сөзсіз тереңдете түсті. Ақырында, Октябрь революциясының бірінші күндерінен-ақ Совет өкіметін танып, Закавказье комиссариатына қарсы күресіп келе жатқан Бакудің революцияшыл пролетариаты Закавказье пролетариатына ұйқы бермеді, оған еліктейтін үлгі және социализмге қарай баратын жолды көрсететін шам-шырақ болып келді.

Осының бәрі тұтас алғанда Закавказьедегі бүкіл саяси жағдайды революциялық жолға қарай жетектемей тұра алмады. Ақыр аяғында, мәселе «ең сенімді» ұлттық полктердің де «ыдырап», большевиктердің жағына шыға бастауына келіп жетті.

Закавказье комиссариаты екінің бірін таңдауға мәжбүр болды:

Не жұмысшы және шаруалармен біріге отырып, помещиктер мен капиталистерге қарсы шығу керек болды, онда — коалиция құлайтын болды.

Не помещик және капиталистермен бірге жасал-

ған коалицияны сақтап қалу үшін шаруалар мен жумысшылардың қозғалысына қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізу керек болды.

Жордания мен Гегечкори мырзалар осының екінші жолына түсті.

Алдымен, Закавказье комиссариаты грузин-татар шаруаларының аграрлық қозғалысын «талаушылық» және «бұзақылық» деп жариялап, оны «бастаушыларды» тұтқынға алып, атып отырды.

Бұл шаруаларға қарсы помещиктерді жақтау болды!

Онан соң, комиссариат большевиктердің Тифлистегі барлық газеттерін жауып тастады, ал бұл сияқты оңбағандық іске қарсы болған жұмысшыларды тұтқынға алып, ата бастады.

Бұл жұмысшыларға қарсы капиталистерді жақтау болды!

Ақырында, мәселе мынаған дейін жетті: Жордания мен Гегечкори мырзалар, расында, «төнген бұлттың бетін қайтару» мақсатымен, армян-татарлардың кескілесуіне жол беру әдісін қолданады, — бұл масқаралыққа күні бүгінге дейін тіпті кадеттер де түскен жоқ болатын!

Бұл «жаңа» бағыттың мағнасы — Закавказье комиссариатын, Закавказье сеймін және «ұлттық советтерді» жұмысшылар мен шаруаларға қарсы қою болып табылады.

Сөйтіп Закавказьенің контрреволюционерлері «сыртқы» революционерлерге қарсы күресті, орыс солдаттарына қарсы күресті ішкі революционерлерге қарсы күреске дейін апарып, «өздерінің меншікті»

жұмысшылары мен шаруаларына қарсы күреске дейін толықтырып, дамытып отыр.

Закавказье коалицияшылдарының саясатында болып отырған бұл «бет бұрысты» сыйпаттау үшін осы соңғы күндерде Халық Комиссарлары Советінің атына Кавказдағы бір жолдастың жазған хаты өте бір қызық нәрсе, ол Гегечкори — Жордания мырзалардың контрреволюциялық бассыздық істерін өз көзімен көрген адам. Бұл хатты мен бүтіндей және өзгеріссіз келтіріп отырмын. Бұл хат мынау:

«Мұнда соңғы күндердің ішінде жаңа оқыйғалар болды, сондықтан жағдай кәзірде өте шиеленісіп тұр. 9 февраль күні тәңертең біздің төрт жолдастарымызды тұтқынға алды, олардың ішінде жаңадан құрылған большевиктік комитеттің мүшесі Ф. Каландадзе де бар. Басқа жолдастарды да — Филипп Махарадзені, Назаретянді, Шавердовты және өлкелік комитеттің басқа мүшелерін, тұтқынға алу жөніндегі қағаздарға қол қойылған. Тек Мих Цхакайді ғана қалдырыпты, оны, сірә, ауыру болғандықтан қалдырған болуы керек. Бәрімізде жасырын жағдайға көштік. Сонымен қатар біздің газеттерімізді: «Кавказский Рабочийді», «Брдзоланы (грузин тілінде) және «Банвори Кривті» (армян тілінде) жауып, біздің типографиямызды құлыптап тастады.

Бұл жұмысшылардың ашынуын туғызды. Нақ сол күні, 9 күні, темір жол мастерскойларында митинг болып, оған 3 000 ға таяу жұмысшылар қатнасты. Митинг бір ауыздан, — қалыс қалған төрт адамды қоспағанда, — тұтқынға алынған жолдастар босатылсын және газеттер қайтадан ашылсын деген талаптар қойып, ереуіл жарыялауға ұйғарды. Қойылған талаптар орындалғанға дейін ереуіл жүргізіле берсін деп ұйғарды. Бірақ ереуіл толық болмай шықты. Митингіде қарсы шығып, қарсы дауыс бермегенімен, барып тұрған меньшевиктік қарақшылар әрекеттерін істеп бақты. Нақ сол күні әріп терушілердің, кітап басушылардың жыйылысы болды, олар жоғарыдағыдай талап қойып, 226 дауыспен бір күндік наразылық-ереуілі жарыялансын деп ұйғарды, бұған 190 дауыс қарсы болды. Бұлардан да гөрі бір ауыздан ереуіл жасауды ұйғарғандар — электршілер, былғарышы-

лар, тігіншілер, қару-жарақтар жасайтын мастерскойлар, Толленің, Заргарьянцының және басқалардың заводтары болды.

Қаладағы ашынуды қаланың жәй тоғышар адамдары да жақтады. Бірақ келесі күні, 10 февральда тұтқынға алынғандарды да, газеттерді де ұмытуға мәжбүр еткен оқиғалар болды.

Теміржолшылардың және басқалардың ереуілдік комитеті бұл күні, 10 күні тәңертең, Александров бағында наразылық митингісін өткізуді белгіледі. Митингіні болғызбау үшін қолданылған шаралардың барлығына қарамастан, митингіге 3 000 нан аса жұмысшылар мен солдаттар келді (солдаттар аз болды, өйткені эшалондар қаладан 15 шақырым жерде тұрды). Митингіге жасырынып жүрген Кавтарадзе, Махарадзе, Назаретян және басқа жолдастар да келді. Митингінің орта шенінде бақтың ішіне милиционерлер мен «қызылгвардияшылар» (екі ротаға таяу) енді. Олар қолдарына қызыл тулар алып, митингіні үрейлендірмей, жайлап жыйналған адамдардың қасына келеді.

Митингінің тарағысы келіп тұрған бір бөлегі өз адамдарымыз келе жатыр екен деп ойлап, кідіріп қалды да, оларды тіпті «уралаған» айқаймен қарсы ала бастады. Председатель Кавтарадзе сөйлеп тұрған шешенді тоқтатып, келген адамдарды құттықтағысы келді. Сол кезде келген адамдар тез бытырап таралды да, митингіні қоршап алып, митингіге мылтық пен пулеметтен жанталаса оқ жаудырды. Олар ең алдымен биік сақынада тұрған президиумды көздеп атты. 8 адам өліп, 20 дан аса адам жараланды. Кавтарадзеге ұқсас, дәл сол сияқты киінген бір жолдасқа он оқ қатар тиіп қаза тапты, сөйтіп «қызылгвардияшылар» бір біріне Кавтарадзе өлді деп айқайлады. Халықтың бір бөлегі қашып кетті де, басқа бір бөлегі жерге жата қалды. Оқтың атылуы 15 минуттай созылды.

Нақ сол минутта кең түрде шақырылған Закавказье сеймісінің бірінші мәжілісі жаңа ғана ашылған еді, сөйтіп Чхеидзе орданың дәл қасында атылып жатқан мылтықтар мен пулеметтердің даусына қосыла сөз сөйледі.

Бұл ешбір ескертусіз және осындайлық опасыздықпен жасалған атқылау жұмысшыларды қайтадан ашындырды және бұл, менің ойымша, жұмысшыларды меньшевиктерден біржола айырды.

Назаретян мен Цинцадзені митингіден кейін қуып жетіп, ұстап алды, оларды атуға алып барған жерінде эсер Мерхалев құтқа-

рып алды. Эсерлер «ашуланып», қарсы болған болып жатыр, т. т. Дашнакцакандар да, жалпы алғанда бүкіл қала да ашынып отыр. Бірақ ешбір нәрсе істеп болмайды. Олар деревнядан қарулаиған «қызылгвардияшыларды» және мұсылмандардың тағы дивизиясын алып келіп, өте қатал әрекеттер жасап отыр. Барлық басшы-жолдастарға ашықтан-ашық ату қаупі туып отыр. Митингіні атқылаған күні қалада қолдарына ақ шүберек байлаған офицерлер — ақгвардияшылар толып кетті, олар қаланы тіміскілеп, большевиктерді іздеді. Трамвайдың ішінен, Шаумянға ұқсас деп, бір адамды алып шығып, табанда атып салды, — сөйтіп бұл атылған Шаумян деп айғайласып, ақырында ол емес екенін біліп өкінді.

Кеше, 11 күні біздің жолдастардың қатысуымен эшелондарда митингі болды. Бұл эшелондардағы артиллериясы жоқ алты мың солдат тұтқынға алынған жолдастарды босатуды, газеттерді қайтадан ашуды және 10 күні болған оқиғаға (митингінің атылуына, бұл митингіде осы эшелондардың бір солдаты қаза тапқан болатын) тергеу жүргізуді талап етуге ұйғарды. Сол кешегі күні қолына ултиматум тапсырып делегация жіберді, оған жауап қайыру үшін 24 сағат уақыт берді.

Бүгін сол мерзім өтеді, комиссариат тойтарыс беру үшін күш жыйнап жатыр деген хабар бар. Әзір ол туралы не болып жатқанын толық білмеймін. Жауапты жолдастар, жолда тұтқынға алады деп қауіптеніп, әзірше эшелондардан қайтқан жоқ: олар онда эшелондардың революциялық-соғыс комитетіне сайланыпты. Бұдан да гөрі толық хабардың болуын күтіп отырмын.

Ертеңгі күнге қалалық думаның мәжілісі тағайындалып отыр, эсерлер мен дашнактар қарсы шығып сөйлемек, оған бізден де өкілдер барады. Қаланың жәйі өте қауіпті болып отыр. Ашаршылықтың басталуына байланысты бүгін думаның маңында әйелдер демонстрациясы болып отыр. Қаланың барлық жерлерінде қысқа-қысқа митингілер жүріп жатыр. Россиядан келген грузин-солдаттарының ықпалы бойынша бүкіл Грузияда шаруалар қозғалысы басталып келеді, бұл келген солдаттардың не барлығы бірдей большевиктер, не большевиктік пікірдегілер. Меньшевиктер бұл қозғалысты қырғын, тонау қозғалысы деп жарыялап, оларды басу үшін «қызылгвардияшылар» жіберіп жатыр. Гориде біздің жолдастарды тұтқынға алып отыр. Бүгін біздің ондағы солдат-

тарды қарусыздандырды және қәзірдің өзінде атып жатыр деп хабарлап отыр. Кутаистен — қала большевиктердің қолында. оларды Буды Мдивани басқарады деп хабарлаған болатын. Ол қалаға жан-жақтан меньшевиктердің күштері жыйналған болатын, біздің онда жіберген адамдардан әлі жауап алғаным жоқ. Ол жауапты минут сайын күтудемін. Кеше Мухраниде большевик Церцвадзе қарт тұтқынға алынды, ол онда, кеше шаруалардың Мухрани және уделдік имениялардың киязьдарына қарсы шықпақ болуымен байланысты барған болатын.

Қәзірде 9 адам тұтқынға алынып, Метехеде отыр. Эсерлердің осы күнге дейін түрмені күзетіп келген қызыл гвардиясы тұтқынға алу басталғаннан соң, онан кетіп, бізге қызмет етеміз деп ұсыныс жасады.

Осының бас жағында аттары аталған кәсіп орындарының өкілдерінен құралған стачка комитеті кеше жаппай ереуіл жасауға шақырып, үндеу шығарды. Бүгін бұл мәселе барлық жерлерде талқыланып отыр. Тифлис пролетариатының өзін қалай көрсететіндігін көреміз.

10 февральда сеймнің ашылуына меньшевиктер ғана қатнасты (37 адам) және 1 мұсылман қатнасты. Басқа ешкім болған жоқ. Мұсылман депутаты сейм 13 іне дейін қалдырыла тұрылсын деп сұраған еді, соның айтқаны істелді. Сірә, дашнактар да, эсерлер де делегаттарын жіберетін болар».

«Жағдай» осылай болып отыр.

Тарих өлім жазасын бұйырып қойған бұл контрреволюциялық комиссариаттың өмірі қаншалықты ұзаққа барады, — мұны айту қыйын. Қалай дегенменде бұл осы таяу уақыттың ішінде анықталады. Алайда күмәнсіз болып отырған нәрсе бар, ол мынау: соңғы оқыйғалар меньшевиктік социал-контрреволюционерлердің социалистік пердесін біржола сыпырып отыр, сөйтіп, Закавказье комиссариатының және оның «сеймдік-ұлттық» қосымша салмақтарының — Закавказье жұмысшылары мен шаруаларына қарсы бағытталған нағыз оңбаған контрреволюция-

лық одақ екендігін бүкіл революциялық дүниенің өз көзімен көруіне кәзірде мүмкіншілік туып отыр.

Фактылар осындай.

Ал, бос сөздер мен ойыншықтардың жойылып, фактылар мен істелген істердің қала беретіндігін кім білмейді...

„Правда" №№ 55 және 56;
26 және 27 март, 1918 ж.
Қол қойған: И. Сталин

РОССИЯ ФЕДЕРАЦИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

„Правда" газетінің қызметкерімен әңгіме

Соңғы күндерде совет баспасөзінің беттерінде Россия Федерациясының құрылу принциптері мен әдістері жөнінде айтыс сөздердің шығуына байланысты, біздің қызметкеріміз ұлттар ісі жөніндегі халық комиссары **Сталин** жолдастың осы мәселе жөнінде пікір айтуын сұраған болатын.

Біздің қызметкеріміздің берген бірсыпыра сұрауларына **Сталин** жолдас мынадай жауап берді.

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФЕДЕРАЦИЯЛАР

Қәзіргі барлық федерациялық бірігулердің ішінде буржуазиялық-демократиялық құрылысқа жататын ең ерекше бірігулер — Америка және Швейцария федерациялары. Тарихи түрде олар тәуелсіз мемлекеттерден — конфедерация арқылы федерацияға жетіп қалыптасты, мұнда олар федерализмнің тек түрін ғана сақтап, унитарлық мемлекеттерге айналды. Тәуелсіздіктен унитаризмге қарай дамудың бүкіл бұл процесі бірсыпыра зорлықтар, езіп-қанаушылықтар арқылы және ұлттық соғыстар арқылы болды. Бұл жөнінде Американың оңтүстік штаттары мен солтүстік штаттарының[12] соғысын және Зондербунд[13] пен Швейцария-

ның баска кантондарының соғысын еске түсірсе де жеткілікті. Сонымен қатар, Швейцария кантондары мен Америка штаттарының ұлттық белгілеріне, тіпті экономикалық белгілеріне де қарай емес, мүлде кездейсоқ түрде құрылғандығын — эмигрант-отаршылардың немесе село қауымдарының белгілібір жерлерді кездейсоқ басып алуына қарай құрылғандығын көрсете кетпеуге болмайды.

ҚҰРЫЛУ ПРОЦЕСІНДЕ ТҰРҒАН РОССИЯ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ БҰЛ АЙТЫЛҒАНДАРДАН ҚАНДАЙ АЙЫРМАСЫ БАР

Ал кәзір Россияда құрылып жатқан федерация мұнан мүлде басқаша болып отыр, басқаша болуға да тиіс.

Біріншіден, Россиядағы бөлініп отырған облыстар тұрмысы мен ұлттық құрамы жағынан толығынан нақтылы бір тұлға болып табылады. Украина, Қырым, Польша, Закавказье, Түркстан, Орта Поволжье, Киргизия өлкесі орталықтан өзінің географиялық орындары (шеткері аймақтар!) арқылы ғана өзгеше болып коймай, сонымен қатар халқының нақтылы бір тұрмысы және ұлттық құрамы бар тұтас бір экономикалық территория ретінде де өзгеше болып отыр.

Екіншіден, бұл облыстар ерікті және тәуелсіз территория емес, жалпыроссиялық саяси организмге зорлықпен енгізілген тұтас тұлғалар, бұлар кәзірде федерациялық қарым-қатнастар түрінде немесе толық тәуелсіздік түрінде, іс жасау үшін қажетті бостандық алуға тырысып отыр. Бул территорияларды «біріктіру» тарихы — ескі Россия өкіметтерінің тарапынан

болған ылғый зорлықтар мен езушілік болды. Россияда федерациялық құрылыс орнату — бұл территорияларды және онда тұрған халықтарды бұрынғы империалистік езуден азат ету болып табылады. Унитаризмнен — федерализмге көшкендік болады!

Үшіншіден, онда — батыс федерацияларында — мемлекет тұрмысын құру жұмысын империалистік буржуазия басқарады. Онда «біріктіру» ісінің зорлықсыз бола алмағандығы ғажап емес. Мұнда, Россияда, оның керісінше, саяси құрылысты империализмнің қас дұшпаны пролетариат басқарады. Сондықтан Россияда халықтардың ерікті одағының негізінде федерациялық құрылыс орнатуға болады және орнату керек.

Россиядағы федерация мен Батыстағы федерациялардың арасындағы негізгі айырма осы.

РОССИЯ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ПРИНЦИПТЕРІ

Бұл айтылғандардан — дейді **Сталин** жолдас мұнан соң: Россия Федерациясы өз алдына жеке тұрған қалалардың (буржуазия баспасөзінің келемеж суретшілерінің ойлағанындай) немесе жалпы облыстардың (біздің кейбір жолдастардың ойлағанындай) одағы емес, тарихи жеке бөлініп шығып, тұрмыс ерекшелігі жағынан да, ұлттық құрамы жағынан да өзгеше болып отырған, белгілібір территориялардың одағы екендігі анық. Бұл арада істің мәні белгілібір облыстардың географиялық жағдайында немесе тіпті белгілібір участоктардың орталықтан су алқаптары арқылы (Түркстан), таудың жотасы арқылы (Сибирь) немесе құлазыған дала арқылы (тағыда сол Түрк-

стан) бөлінетіндігінде де болып отырған жоқ. Лацис насихаттап жүрген бұл географиялық федерализмнің Советтердің III съезі жариялаған федерализмге ешбір қатысы жоқ. Польша мен Украина орталықтан тау жотасы арқылы да, су алқабы арқылы да бөлініп отырған жоқ. Солай бола тұрсада, бұл сияқты географиялық белгілердің болмауы осы айтылған облыстардың ерікті түрде өзін өзі билеу правосын жояды деп ешкім айта алмайды.

Екінші жағынан, — дейді **Сталин** жолдас, — Москваның төңірегіне 14 губернияны қолмен жыйнап біріктіруге тырысып жүрген Москва облысшыларының ерекше федерализмінің де Советтердің III съезінің федерация жөніндегі белгілі қаулысына ешбір қатысы жоқтығы күмәнсіз. Әрине, бар болғаны бірнеше губернияларды ғана қамтыйтын орталық тоқыма ауданы біраз тұтастығы бар экономикалық тұлға болып табылады және, солай болғандықтан, халық шаруашылығының Жоғарғы советінің автономиялы бөлегі ретінде оны өзінің облыстық органы басқаратындығында сөз жоқ. Бірақ нашарлап отырған Калуга мен өнеркәсіпті Иваново-Вознесенскінің арасында қандай тұтастық болмақ және оларды кәзіргі облыстық халық комиссариаты қандай белгі бойынша «біріктірмек», — бұл ақылға сыймайтын нәрсе.

РОССИЯ ФЕДЕРАЦИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Анығында, федерацияның субъектісі кез келген участоктар мен тұтас тұлғалар және кез келген географиялық территория болмауға тиіс және ондайлар

бола да алмайды, федерацияның субъектісі — тұрмыстың ерекшеліктерін, ұлт құрамының өзгешелігін және экономикалық территорияның аз болсада кейбір белгілі тұтастығын табиғи түрде біріктіретін нақтылы бір облыстар ғана болуға тиіс және солар ғана бола алады. Мұндай облыстарға — Польша, Украина, Финляндия, Қырым, Закавказье (мұнда Закавказьенің Грузия, Армения, Азербайжан-Татар және сондайлар сыяқты бірнеше белгілі ұлттық-территориялық тұлғаларға бөлінуі мүмкін), Түркстан, Киргизия өлкесі, татар-башқұрт территориясы, Сибирь, т. с. жатады.

ФЕДЕРАЦИЯҒА КІРЕТІН ОБЛЫСТАРДЫҢ ПРАВОЛАРЫ. АЗ ҰЛТТАРДЫҢ ПРАВОЛАРЫ

Бұл сыяқты федерацияға кіретін облыстардың праволарының шектері барынша анықталып, бүкіл Совет Федерациясының құрылу үстінде дайындалады, алайда бұл праволардың жалпы жобасын кәзірдің өзінде де белгілеуге болады. Соғыс және соғыс-теңіз ісі, сыртқы істер, темір жолдар, почта және телеграф, ақша, сауда шарттары, жалпы экономика, финанс және банк саясаты — осының барлығы Халық Комиссарларының орталық Советінің істейтін ісі болуға тиіс және болады да. Бұдан басқа істердің барлығы, ең алдымен, жалпы декреттер жүргізу түрлері, мектеп, сот жүргізу, әкімшілік орындары, т. т. облыстық халық комиссарлары советтерінің істейтін ісіне жатады. Сот жүргізуде де, мектепте де міндетті түрде ешқандай «мемлекеттік» тіл болмайды! Әрбір облыс өз халқының құрамына сай келетін тілді немесе тілдерді өздері белгілейді, оның бер жағында барлық қоғамдық

және саяси орындарда азшылықтардың да, көпшіліктердің де тілдерінің толық тең праволылығы сақталады.

ОРТАЛЫҚ ӨКІМЕТТІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Орталық өкіметтің құрылысы, оның құрылу тәсілдері Россия Федерациясының ерекшеліктері арқылы белгіленеді. Америка мен Швейцарияда федерализм іс жүзінде екі палаталық системаға әкеп соқты: бір жағынан — жалпы сайлау принципі бойынша сайланатын парламент болса, екінші жағынан — штаттар немесе кантондар арқылы құрылатын федерациялық совет болып отыр. Бұл — іс жүзінде кәдімгі буржуазиялық заң шығару жөніндегі былыққа әкеп соғатын екі палаталық системаның дәл өзі. Россияның еңбекші бұқаралары бұл сияқты екі палаталық системамен келісе алмайтындығы айтпаса да түсінікті. Біз мұнда социализмнің ең жәй талаптарының өзіне бұл системаның мүлде сәйкеспейтіндігі туралы сөз етіп те отырғанымыз жоқ.

Мұнан соң **Сталин** жолдас былай дейді: біздің ойымызша, Россия Федерациясының жоғарғы өкімет орны Россияның барлық еңбекшілер бұқарасы сайлаған Советтер съезі немесе оның орнында болатын Орталық Атқару Комитеті болуға тиіс. Оның бер жағында жалпыға бірдей сайлау правосы «принципінің» ешбір мүлтігі жоқ деп ойлайтын буржуазиялық соқыр сеніммен қош айтысуға тура келеді. Сайлау правосы халықтың каналған немесе, ең болмағанда, бөтен адамның еңбегін канамайтын топтарына ғана беріледі, соларға ғана берілуге тиіс. Бұл пролетариат пен дерев-

ня кедейлері диктатурасының **факты** болуының табиғи нәтижесі болып табылады.

ӨКІМЕТТІҢ АТҚАРУ ОРГАНЫ

Россия Федерациясының атқару өкіметінің органына, яғни Халық Комиссарларының орталық Советіне келетін болсақ, оны Советтердің съездері сайлайды, біздің ойымызша, ол орталықтың және федерацияға кіретін облыстардың ұсынған кандидаттарынан сайланады. Сөйтіп, Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің арасында екінші палата дейтін болмайды және ол болуға тиіс те емес. Облыстар мен орталықтың өкімет құру жөніндегі мүдделерін бір біріне сәйкестірудің бұдан да гөрі тиімді және икемді формалары практика жүзінде шығуы мүмкін екендігінде және шығуға тиіс екендігінде сөз жоқ. Алайда, бір күмәнсіз нәрсе мынау: практика қандай формалар шығарса да, біздің революциямыз жойып көмген екі палаталық системаны олар қайтадан тірілте алмайды.

ФЕДЕРАЛИЗМНІҢ ӨТПЕЛІ РОЛІ

Менің ойымша, біздің көз алдымызда құрылып келе жатқан Россия Федерациясының жалпы тұлғалары осындай — дейді онан әрі **Сталин** жолдас. Көп адамдар федерациялық құрылысты ең тұрақты және тіпті мүлтіксіз нәрсе деп санағысы келеді, мұнда да олар көбінесе Американың, Канаданың, Швейцарияның тәжрибесіне сүйенеді. Бірақ федерализмге еліктеушілік тарихта ақталған жоқ. Біріншіден, Америка да, Швейцария да кәзір федерация болып отырған жоқ: олар өткен ғасырдың 60-шы жылдары федера-

ция болған болатын; ал олар өткен ғасырдың аяқ кезінен бастап, бүкіл өкімет штаттар мен кантондардан федерациялық орталық үкіметтің қолына берілген кезден бастап іс жүзінде унитарлық мемлекеттерге айналды.

Америка мен Швейцария федерализмі — штаттар мен кантондардың тәуелсіз болуынан олардың толық бірігуіне көшу сатысы екендігін тарих көрсетті. Федерализм тәуелсіздіктен империалистік унитаризмге көшу сатысы ретінде толығынан тиімді форма болып шықты, бірақ ол штаттар мен кантондарды тұтас бір мемлекетке біріктіру жағдайлары туысымен-ақ жойылып, керексіз болып қалды.

РОССИЯ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ САЯСИ ҚҰРЫЛЫС ПРОЦЕСІ. РОССИЯДАҒЫ ФЕДЕРАЛИЗМ — СОЦИАЛИСТІК УНИТАРИЗМГЕ ӨТУ САТЫСЫ

Россияда саяси құрылыс жаңағы айтылғандардың керісінше болып отыр. Мұнда зорлықпен болатын патшалық унитаризмнің орнына ерікті федерализм орнап отыр, ондағы мақсат — мезгілі жеткен кезде федерализмнің орнына Россияның барлық ұлттары мен тайпаларының еңбекші бұқараларының нақ осы сияқты ерікті және туысқандық бірлестігін орнату болады. **Сталин** жолдас өзінің әңгімесін былай деп аяқтады: Россиядағы федерализм де, Америка мен Швейцариядағы федерализм сияқты, өтпелі роль атқаратын — болашақтағы **социалистік** унитаризмге өту ролін атқаратын болады.

„Правда" №№ 62 және 63;
3 және 4 апрель, 1918 ж.

КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ

Россиядағы революция дамуының соңғы екі айын, әсіресе Германиямен бітім жасап, Россияның өз ішіндегі буржуазиялық контрреволюцияны басқаннан кейінгі дәуірде дамуын — Россияда Совет өкіметінің нығаю дәуірі және өмірі өтіп бара жатқан әлеуметтік-экономикалық құрылысты социалистік жаңа жолға салып, жоспар бойынша қайта құру ісінің басталу дәуірі деп сыйпаттауға болады. Фабрикалар мен заводтардың барған сайын көп национализациялануы, сауданың басты-басты салаларына барған сайын кең түрде бақылау жүргізу, банктерді национализациялау, халық шаруашылығының Жоғарғы советінің күн санап өсіп келе жатқан әрқыйлы өте көп істері, кәзірдің өзінде таяу тұрған социалистік қоғамның осы ұйымдастырушы ұясы — міне осының барлығы Совет өкіметінің қоғам өмірінің салаларына қаншалықты терең сіңіп келе жатқандығын көрсетеді. Орталықтағы өкімет кәзірдің өзінде еңбекшілер бұқарасының ішінен өсіп шыққан, нағыз халықтық өкімет болып отыр. Совет өкіметінің күші мен қуаты осында. Мұны, анығында, бұрын Совет өкіметіне жау болған буржуазиялық интеллигенттер де, техниктер мен инженерлер,

қызметкерлер және жалпы алғанда арнаулы білімі бар адамдар да сезіп отыр, олар күні кеше өкіметке саботаждық жасаған болса, ал бүгінгі күні өкіметке қызмет етуге дайын болып отыр.

Бірақ мәдениет жағынан артта қалған элементтер мекендеп отырған шеткері аймақтарда Совет өкіметі әзірше дәл осындай дәрежеде халықтық өкімет бола қойған жоқ. Орталықта басталған революция шеткері аймақтарға, әсіресе шығыстағы аймақтарға, біраз кешігіп тарады. Бұл шеткері аймақтардың тұрмыс және тіл жағдайлары, сонымен қатар экономика жағынан артта қалған ерекшеліктері ол жерлерде Совет өкіметінің нығаю ісін бірсыпыра қиындатты. Реті келгенде айта кетейік, ол жерлерде өкімет халықтық өкімет болып, еңбекші бұқаралар социалистік бұқара болу үшін, бұл шеткері аймақтардың еңбекші және қаналған бұқараларын революциялық даму процесіне қатыстыру жөнінде арнаулы әдістер қолдану қажет. Бұқараны Совет өкіметіне дейін көтеру қажет, ал олардың ең жақсы өкілдерін — Совет өкіметіне біріктіріп қосу қажет. Бірақ, осы шеткері аймақтардың автономиясы болмайынша, яғни жергілікті мектеп, жергілікті сот, жергілікті әкімшілік орындарын, жергілікті өкімет орындарын, жергілікті қоғамдық-саяси және ағарту мекемелерін ұйымдастырып, қоғамдық-саяси жұмыстың барлық салаларында өлкенің еңбекші бұқараларының жергілікті, ана тілінің толық праволы болуын қамтамасыз етпейінше, мұндай істің істелуі мүмкін емес.

Нақ осы айтылған түрде Советтердің үшінші съезі Россия Совет Республикасының федерациялық құрылысын жарыялаған болатын.

Былтырғы жылы ноябрь мен декабрьде поволжье татарларының, башқұрттардың, киргиздердің, Түркстан өлкесінің шеткері аймақтарында шыққан автономиялық-буржуазиялық топтар революцияның барысында біртіндеп әшкереленіп келеді. Бұлардан «олардың өз бұқараларын» біржола айырып алып, ол букараларды советтердің төңірегіне ұйыстыру үшін олардың колындағы автономияны «алу» қажет, оны алдын ала буржуазиялық былықтан тазартып алып, буржуазиялық автономиядан советтік автономияға айналдыру қажет. Буржуазиялық-ұлтшыл топтар автономияны талап еткенде, оны «өзіне қарайтын» бұқараны құлдыққа салудың құралына айналдыру үшін талап етеді. Міне сондықтан олар «орталық Совет өкіметін мойындай отырып», сонымен қатар жергілікті Советтерді мойындағысы келмейді, олар өздерінің «ішкі істеріне» қол сұқпауды талап етеді. Сондықтан кейбір жергілікті Советтер ұлт мәселесін қарудың күшімен «шешуді» артық көріп, автономия атаулының бәрін мүлде теріске шығаруға ұйғарды. Бірақ бұл жол Совет өкіметі үшін мүлде жарамсыз жол. Бұл жол тек бұқараны буржуазиялық-ұлтшыл жоғарғы топтардың төңірегіне ұйыстырып, ал бұл жоғарғы топтарды «отанды» сақтаушылар, «ұлтты» қорғаушылар етіп көрсететін жол, істің бұлай болуы Совет өкіметінің есебіне ешбір жатпайды. Совет өкіметінің кезектегі міндеті автономияны бекерге шығару емес, оны мойындау болып табылады. Тек бұл автономияны жергілікті Советтердің негізінде құру қажет. Тек осылай еткенде ғана өкімет халықтық және бұқараның өз өкіметі бола алады. Демек, автономия бұл

ұлттың жоғарғы тобының емес, бұл ұлттың төменгі тобының өкіметін қамтамасыз етсін. Істің бар тетігі осында.

Нақ сондықтан Совет өкіметі татар-башқұрт территориясының автономиясын жарыялап отыр. Киргизия территориясының, Түркстан өлкесінің, т. т. автономиясын жарыялау ісі де осы түрде жобаланып отыр. Осының барлығы бұл шеткері аймақтардың болыстарының, уездерінің және қалаларының жергілікті Советтерін мойындау негізінде болатын нәрсе.

Бұл территориялардың автономиясының сыйпаты мен түрлерін анықтау үшін қажеттігі бар материалдар мен әртүрлі мәліметтерді жыйнау керек. Бұл халықтардың Советтері мен совет орындарының құрылтай съездерін шақыру жөнінде комиссиялар құру қажет, ал олар (съездер) бұл автономиялардың географиялық шекараларын белгілеуге тиіс. Мұндай съездерді шақыру керек. Алда болатын Советтердің Бүкілроссиялық съезі Россия Совет Федерациясының Конституциясын дайындап шығуы үшін бұл қажетті дайындық жұмысын кәзірден бастап істеу керек.

Татар-башқұрт территориясының Советтері және олардың жанындағы мұсылман комиссариаттары бұл іске кәзірдің өзінде кірісіп отыр. Татарстан-Башқұртстан Советтерінің құрылтай съезін шақыру жөнінде комиссия құру үшін оныншы — онбесінші апрель қарсаңында Москвада Қазан, Уфа, Оренбург, Екатеринбургтің Советтері мен мұсылман комиссариаттары өкілдерінің мәжілісі шақырылады.

Киргизия өлкесі мен Түркстанда бұл жөніндегі жұмыс жаңа ғана басталып келеді. Тиісті халықтардың барлық советтік және революциялық элементте-

рін жұмысқа қатыстыра отырып, бұл шеткері аймақтар Советтерінің дереу іске кірісуі керек. Кейбір буржуазиялық-ұлтшыл топтардың ұсынып отырғандары сияқты, ұлт «азшылықтары» мен ұлт «көпшіліктерінен» өкілдер жіберілетін ешбір ұлттық курияларға бөлу дегендерді болғызбау керек. Мұндай бөлу тек ұлт өшпенділігін шиеленістіреді, ұлттардың еңбекші бұқараларының арасындағы кедергіні нығайтады және артта қалған халықтардың жарық дүниеге, мәдениетке қарай аяқ басуына бөгет жасайды. Құрылтай съездеріне сайлау жүргізудің негізі мен автономияның негізі — ұлттардың еңбекші және демократияшыл бұқараларын жеке-жеке ұлттық отрядтарға бөлшектеу болмай, қайта оларды тиісті совет ұйымдарының төңірегіне жұмылдыру болуға тиіс.

Сөйтіп, Советтердің міндеті — шеткері аймақтардың автономиялары туралы мәселе жөнінде материалдар жыйнау, Советтердің жанынан ұлттық-социалистік комиссариаттар құру, автономиялық облыстардың советтік құрылтай съездерін шақыру жөнінде комиссиялар ұйымдастыру, бұл съездерді шақыру, өзін өзі билейтін халықтардың еңбекші топтарын облыстардағы Совет өкіметінің орындарымен жақындастыру болып табылады.

Ұлттар ісі жөніндегі Халық комиссариаты жергілікті жерлердегі Советтердің бұл қыйын және жауапты жұмысын жеңілдету үшін барлық шараларды қолданады.

Халық комиссары *И. Сталин*

„Правда", № 67,
9 апрель, 1918 ж.

РОССИЯ СОЦИАЛИСТІК ФЕДЕРАЦИЯЛЫ СОВЕТТІК РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Совет Республикасының Конституциясын дайындау жөніндегі Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің комиссиясы қабылдаған жоба[14]

Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасының, қазіргі өтпелі кезеңге арналған Конституциясының негізгі міндеті — буржуазияны әбден басып-жаншу, адамды адамның қанауын жою мақсатымен және, таптарға бөлушілік те, мемлекеттік өкімет те болмайтын социализм орнату мақсатымен қала мен село пролетариатының және кедей шаруалардың қуаты күшті диктатурасын, яғни Бүкілроссиялық Совет өкіметін орнату болып табылады.

1. Россия Республикасы — депутаттардың қалалық және селолық Советтеріне біріккен, Россияның барлық еңбекшілерінің ерікті социалистік қоғамы.

2. Тұрмысы мен ұлт құрамы жағынан өзгеше болып келетін облыстардың Совдептері автономиялы облыстық одақтарға бірігеді, оларды Совдептердің облыстық съездері және оның атқару органдары басқарады.

3. Облыстық совет одақтары федерация негізінде

Россия Социалистік Республикасына бірігеді, мұны — Совдептердің Бүкілроссиялық Съезі, ал съездердің екі арасындағы уақытта Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті басқарады.

„Известия" № 82,
25 апрель, 1918 ж.

ТҮРКСТАН ӨЛКЕСІ СОВЕТТЕРІНІҢ V СЪЕЗІНЕ ЖІБЕРІЛГЕН ТЕЛЕГРАММА[15]

Жолдастар, сіздің өлкеңіздің советтік негізде құрылатын автономиясын Халық Комиссарлары Советі колдайды, бұған әбден сенуіңізге болады. Біз сіздердің бастап отырған істеріңізді құттықтаймыз және сіздерді бүкіл өлкеде Советтер орнатады, ал кәзіргі бар Советтермен толық үйлесе отырып жұмыс істейді деп қатты сенеміз. Советтердің құрылтай съезін шақыру жөніндегі өздеріңіз ұйымдастырғалы отырған комиссияны өлкеңіздің өкілдік органының Халық Комиссарлары Советіне қандай қатнаста болатындығын аныктау жөніндегі мәселені бірігіп шешу үшін, бізге Москваға жіберулеріңізді сұраймыз.

Сіздердің съезіңізді құттықтаймыз және ол съезд тарихтың жүктеп отырған міндеттерін аброймен орындап шығады деп сенеміз.

Ленин
Сталин

22 апрель, 1918 ж.

„Известия" № 83,
26 апрель, 1918 ж.

БІТІМ ЖӨНІНДЕ УКРАИНАМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН КЕЛІССӨЗ

„Известия" газетінің қызметкерімен әңгіме

Совет бітім делегациясының председателі Сталин жолдас Халық Комиссарлары Советінің шақыруы бойынша баяндама беру үшін Курскіден Москваға келіп, біздің қызметкерімізбен әңгімелескенде мынаны айтты:

УАҚЫТША БІТІМ ЖАСАСУ

Совет бітім делегациясының алдында тұрған бірінші міндет — майданда, Украинамен шекарада уақытша бітім жасасу болды. Сондықтан біздің бітім делегациясы осы бағытта неміс-украина командованиесімен келісімсөз жүргізе бастады. Біз Курскі, Брянскі және Воронеж майдандарында соғыс әрекеттерін тоқтаттырдық. Енді кезектегі тұрған мәселе Оңтүстікте де соғыс әрекеттерін тоқтату жөніндегі мәселе болып отыр. Сонымен уақытша бітім жасасу және демаркациялық шегараны белгілеу, біздің ойымызша, бітім жөнінде келісімсөз жүргізудің бірінші сатысы болып табылады.

БҮДАН СОҢҒЫ КЕЛІССӨЗ

Біздің бүдан соңғы міндетіміз — бітім жөніндегі келісімсөзді бастаудың өзі — қыйынға соқты, өйткені Орталық раданың делегациясын көп күтуге тура келді. Ал делегация Ворожбаға келгеннен соң Украинада мемлекеттік төңкеріс болып, кіші және үлкен Раданың жойылғандығы жөнінде хабар естілді, бүл, әрине, уақытша бітім жасасу ісін және келісімсөздің басталу уақыты мен орнын анықтау үшін алдын ала хабарласу ісін қыйындатты.

Соңғы міндетті орындау үшін біз Конотопқа арнаулы парламентер жібердік, бүл жерді украин-неміс командованиесі көрсеткен болатын, бүл осы командованиенің орталық штабы түрған жер. Келісімсөзді бастайтын орын туралы келісу жөнінде біздің делегатқа барынша кең өкілдік берілді.

УКРАИНАДАҒЫ ТӨҢКЕРІСТІҢ ӘСЕРІ

Украинада болған мемлекеттік төңкерістің келісімсөздің тағдырына қандай әсер еткендігі туралы белгілібір нәрсе айта қою қыйын, өйткені Украинаның жаңа үкіметінің келісімсөзге қалай қарайтындығы белгісіз. Гетман Скоропадскийдің үндеуінде бүл туралы түк айтылмаған. Төңкеріске дейін біздің алдымызда Украина радасының белгілібір бейбіттік программасы бар еді. Ал украинаның жаңа үкіметінің территориялық программасының қандай екендігі бізге белгісіз.

Жалпы алғанда Украинада болған төңкерістің келісімсөзге әзірше кесірі тие қойған жоқ. Қайта,

Украинада болған төңкеріс Совет өкіметі мен Украина үкіметінің арасында бітім жасау мүмкіншілігін жоймайды, деп ойлауға болады. Мұндағы бір айта кететін нәрсе: төңкерістен соң украиндардың тарапынан келісімсөздерді жүргізу туралы алдын ала істелетін жұмыс жөніндегі солқылдақтық және оны созa түсушілік тоқталды.

ТӨҢКЕРІСТІҢ БОЛУ СЕБЕПТЕРІ

Сталин жолдас әңгіменің аяқ жағында Украинадағы төңкерістің болу себептері жөніндегі мәселеге тоқталды.

Менің ойымша, бұл төңкерістің болмай қалуы мүмкін емес еді. Орталық раданың қайшы позицияда болуының өзі осыған себеп болды, ол, бір жағынан, социализмді ойыншық еткен болса, екінші жағынан — Украинаның жұмысшылары мен шаруаларына қарсы күресу үшін шетел әскерлерін шақырды. Қаржы және соғыс жөнінде Орталық рада өзін Германияға тәуелді етіп қойды, сонымен қатар украина жұмысшылары мен шаруаларына толып жатқан уәде беріп, кейін кешікпей-ақ оларға қарсы қатты соғыс жүргізе бастады. Украина радасы өзінің осы соңғы жасаған қадамының нәтижесінде өзіне мынадай нашар жағдай туғызды: буржуазиялық-помещиктік топтар оған қарсы шабуыл жасаған қыйын-қыстау минутта оның сүйенетін ешкімі болмады.

Шынында да, тап күресінің заңы бойынша, Орталық рада көп уақыт өкімет басында қала алмайтын еді, өйткені белгілібір таптың сүйеуіндегі элементтер ғана революциялық қозғалыстың процесінде өкімет басына берік орнай алады. Сондықтан Украинада екі ғана

жолдың болуы мүмкін еді: не жұмысшылар мен шаруалар диктатурасы болуы мүмкін еді, бірақ Орталық рада өзінің ұсақбуржуазиялық негізі бойынша мұның болуына жәрдемдесе алмады, не буржуазиялық-помещиктік топтардың диктатурасы болуы мүмкін еді, бірақ Рада мұнымен де келісе алмады. Ол солқылдақ позицияда болуды артық деп танып, өзін өзі қазаға ұшыратты.

„Известия" № 90,
9 май 1918 ж.

ТАТАР-БАШҚҰРТ СОВЕТ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

10—16 май, 1918 ж.[16]

1. КЕҢЕСТІ АШАРДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

10 май

Жолдастар! Бұл кеңес Халық Комиссарлары Советімен, атап айтқанда оның председателімен келісіп, ұлттар ісі жөніндегі Комиссариаттың бастауы бойынша шақырылып отыр.

Кеңестің мақсаты — осы көрсетілген облыс Советтерінің құрылтай съезін шақыру жөнінде комиссия құру. Болашақ съездің мақсаты — татар-башқұрт автономиясының шекарасы мен сыйпатын анықтау. Автономия идеясы ұлттарға бостандық әперген Октябрь революциясының түпкі мәнінен туады. Халық Комиссарлары Советінің октябрь күндерінде шығарған Россия халықтары праволарының декларациясы Россияны, тұрмысы және халқының құрамы жағынан өзгешелігі бар автономиялық облыстардың федерациясы деп жарыялаған, Советтердің III съезінің белгілі қарары — Октябрь революциясының түпкі мәнінің тек формалды түрдегі көрінісі ғана болып табылады.

Советтердің III съезі Совет Республикасы Конституциясының жалпы ережелерін беріп, Россия халықтарының еңбекші элементтерін — өз облыстарында өзде-

рінің қандай нақтылы саяси формаларда ұйымдасқысы келетіндігін және өздерінің орталықпен қандай қатнастарда болғысы келетіндігін айтуға шақырды. Барлық облыстардың ішінен, Финляндия мен Украина ғана бұл жөнінде пікірін ашық айтқан тәрізді... тәуелсіз боламыз деген пікірін айтты. Ал тәуелсіздікті бұл елдердің буржуазиясы ғана тілемей, сонымен қатар пролетариат элементтері де тілеп отырғандығына Халық Комиссарлары Советінің көзі жеткеннен кейін, — олар, бұл елдер, ешбір кедергісіз өзінің тілегенін алды.

Басқа облыстарға келетін болсақ, онда олардың еңбекші элементтері ұлт қозғалысының мәселелері жөнінде біраз селқостау болып шықты. Ал олар неғұрлым селқос болған сайын, буржуазия соғұрлым белсенділік көрсетті. Барлық жерде, барлық облыстарда дерлік буржуазиялық автономиялық топтар құрылып, олар «ұлттық советтер» ұйымдастырды, өз облыстарын, ұлттық полктері бар, ұлттық бюджеті, тағы сондайлары бар, жеке-жеке ұлттық курияларға бөлшектеді, осының салдарынан өз елін ұлт күресі мен шовинизм майданына айналдырды. Бұл автономиялық топтар (мен — татарлардың, башқұрттардың, киргиздердің, грузиндердің, армяндардың, тағы басқалардың «ұлттық советтерін» айтып отырмын), бұл «ұлттық советтердің» барлығы бір нәрсені тіледі: орталық өкімет өздерінің ісіне қол сұқпайтындай, өздерін бақылап отырмайтындай автономия алуды тіледі. Олар: «Бізге автономия беріңіздер, сонда біз орталық Совет өкіметін мойындаймыз, бірақ жергілікті Советтерді мойындай алмаймыз, олар біздің істерімізге қол сұқпауға тиіс, біз өз қалауымызша, өз білгенімізше ұйымдасамыз, біз өз ұлтымыздың жұмысшылары мен ша-

руаларын өз ұнатуымызша ұстаймыз» дейді. Автономияның ішіндегі «өз» еңбекшілерін билеуге барлық өкіметті өз қолына алғысы келетін буржуалардың тілейтін автономиясы — міне осы, бул негізінде буржуазиялық автономия болып табылады.

Совет өкіметінің мұндай автономияға рұхсат бере алмайтындығы өзінен өзі түсінікті. Автономияның ішіндегі бүкіл өкімет, Советтердің кол сұқпауын талап етіп отырған ұлт буржуазиясының қолында болуы үшін автономия беру, татарлардың, башқұрттардың, грузиндердің, киргиздардың, армяндардың, т. т. жұмысшыларын татар, грузин, армян және сондайлардың буржуаларының жем қылуына беру болып табылады, — жоқ Совет өкіметі мұндай нәрсеге бара алмайды.

Автономия дегеніміз — форма. Барлық мәселе — бұл формаға қандай таптық мазмұн берілуінде болады. Совет өкіметі автономияға ешбір қарсы емес, — ол автономияны жақтайды, бірақ ол жақтағанда, барлық өкіметті жұмысшылар мен шаруалардың қолына беретін, барлық ұлттардың буржуаларын өкіметтен ғана қуып қоймай, сонымен қатар үкімет орындарының сайлауларына қатысудан да қуатын автономияны жақтайды.

Тек осындай автономия ғана советтер негізіндегі автономия бола алады.

Автономияның екі түрі бар. Бірінші түрі — таза ұлтшылдық автономия. Бұл автономия ұлтшылдықтың негізінде, экстерриториялық болып құрылған автономия. Автономияның бул түрінің мынадай нәтижелері болады — «ұлттық советтер», бұл советтердің төңірегінде ұлт полктері, халықты ұлттық куриялар бойын-

ша жіктеу, сонымен қатар ұлт қырқысуының болуы сөзсіз. Автономияның бұл түрі жұмысшылар мен шаруалар депутаттарының Советтерін сөзсіз қазаға ұшыратады. Буржуазиялық Рада автономияның осы түрін орнатқысы келді. Сондықтан Рада өсіп, даму үшін жұмысшы-шаруа Советтеріне қарсы соғысуға мәжбүр болды. Закавказьеде армяндардың, грузиндердің және татарлардың ұлттық советтерінің болуы да осындай нәтижеге әкеп соқты. Гегечкоридің Закавказье Совдептері мен Комиссариатына: «Сіздер білесіздер ме, Комиссариат пен Совдептер қағаз жүзінде ғана қалып отыр, өйткені бүкіл өкімет іс жүзінде, өздерінің меншікті ұлттық полктері бар, ұлттық советтердің қолына көшті», деген сөздері дұрыс айтылған.

Біз автономияның бұл түрін мүлде мақұлдамаймыз.

Біз автономияның басқа түрін, көпшілігі бір ұлт немесе бірнеше ұлт болатын облыстардың автономиясын ұсынамыз. Ешқандай ұлттық куриялар, ешқандай ұлттық қоршаулар болмайды! Автономия советтік автономия, Совдептерге сүйенетін автономия болуға тиіс. Бұл — белгілібір облыстың адамдары ұлттық белгісі бойынша бөлінбей, таптық белгісі бойынша бөлінуге тиіс, деген сөз. Таптық Совдептер автономияның негізі, — автономия Совдептердің еріктерін көрсететін форма болады, — міне, біздің ұсынып отырған советтік автономияның сыйпаты осындай.

Буржуазиялық дүние облыстық автономиялардың орталықпен қарым-қатнастарының белгілібір формасын дайындады. Менің айтып отырғаным Солтүстік Америка, Канада, Швейцария. Оларда, осы айтылған елдерде, орталық өкімет штаттардың (немесе кантон-

дардың) барлық халқы сайлайтын жалпы мемлекеттік парламенттен және штаттардың (немесе кантондардың) үкіметтері жаңағымен қатар сайлайтын федерациялық советтен құрылады. Сөйтіп, заң шығару ісінің былығы бар және революциялық істің қандайын болсада тұншықтырып отыратын екі палаталық система құрылады.

Біз елімізде өкімет құрылысының мұндай системасын жүргізуге қарсымыз. Социализмнің бұл сияқты екі палаталық системаны мүлде бекерге шығаратындығынан ғана біз бұл системаға қарсы болып отырғанымыз жоқ, сонымен бірге кәзіргі уақыттың практикалық жағдайлары бойынша да карсы болып отырмыз. Мәселе мынада: кәзіргі көшпелі жағдайда, буржуазия қыйратылғанымен, әлі де әбден жәншілмай отырғанда; буржуазияның бақастығы арқылы шиеленісіп отырған шаруашылық және азық-түлік жөніндегі бүліншілік жойылмай отырғанда; ескі, капиталистік дүние қыйратылып, ал жаңа, социалистік дүние құрылып бітпей отырғанда, — міне мұндай жағдайда елімізге, социализм жауларын біржола жеңіп шығып, коммунистік жаңа шаруашылық ұйымдастыра алатын, жалпыроссиялық күшті өкімет керек. Қысқасы, бізге керегі — қала мен село пролетариатының диктатурасы деп аталатын нәрсе. Мұндай жағдайда орталық өкіметпен қоса қабат жергілікті және облыстық тәуелсіз өкімет орындарын құру — іс жүзінде өкімет атаулының барлығын құлатып, шегіншектеп капитализмге қайтадан келгендік болар еді. Нақ осылай болғандықтан бүкіл ел үшін маңызды жұмыстардың барлығын орталық өкіметтің қолында қалдырып, облыстық органдарға ең алдымен таза облыстық сыйпаты бар әкімшілік-саяси

және мәдениет жұмыстарын беру керек. Мұндай қызметтерге — мектеп, сот, әкімшілік орындары, қажетті саяси шаралар, ұлттық-тұрмыстық жағдайларға сәйкестіре отырып жалпы декреттерді жүргізу түрлері мен әдістері жатады, — осының барлығы ана тілінде, халыққа түсінікті тілде жүргізіледі. Міне, сондықтан да басқарып отыратын облыстық Орталық Атқару Комитеті бар облыстық бірігудің жалпыға бірдей танылған түрі — мұндай автономияның ең тиімді формасы болып табылады.

Қазіргі өтпелі кезеңде пролетариат диктатурасын нығайту мүдделерінің де, Россияның барлық ұлттар пролетарларының, буржуазиялық ұлтшылдыққа империализмнің осы ақырғы тірегіне қарсы жалпы күресінің де қажетті етіп қойып отырған автономияның түрі осы.

Осының бәрі біздің кеңестің міндеттерін барынша әбден анықтайды. Кеңестің жергілікті жерлердің баяндамаларын тыңдап отырған себебі, ол — сол облыстағы ұлттардың еңбекші бұқараларының қоятын талаптарының жалпы сыйпаты қандай екендігін білгісі келеді. Сонан соң кеңес — облыс Советтерінің құрылтай съезін сайлауға қатысатын еңбекші халық тұратын территориялардың алдын ала жалпы схемасын белгілейді, мұнда сайлау правосы тек сол автономия алған территориядағы Советтерге ұйымдасқан еңбекші бұқараларына ғана беріліп қоймай, сонымен қатар шектес аудандардың еңбекші бұқараларына да берілетін болады. Ақырында, кеңес комиссия сайлап, оған облыс Советтерінің құрылтай съезін шақыру міндетін жүктейтін болады. Автономия жөніндегі мәселені шешу, автономияның шешетін мәселелерін анықтау және об-

лыстың шекараларын біржола белгілеу жұмысы құрылтай съезіне беріледі.

Бұл кеңестің міндеттері осы.

Кеңесті аша келіп, — кеңес өзіне жүктелген міндетті абройыен орындап шығады деп мен өзімнің сенетіндігімді білдіремін.

2. КЕҢЕСТІ ЖАБАРДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

16 май

Орталық Совет өкіметінің атынан сіздерге былай деуге рұхсат етіңіздер: Халық Комиссарлары Советі Шығыс халықтарының, ең алдымен, басқадан да гөрі қатты зәбір көрген мұсылман Шығыс халықтарының езілген және қаналған бұқараларының азаттық қозғалысын қолдауды қашанда болсын өзімнің ардақты борышым деп санап келді және қазірде солай деп санап отыр. Біздің революциямыздың барлық сыйпаты, совет өкіметінің жаратылысының өзі, бүкіл халықаралық жағдай, ақырында, тіпті империалистік Европа мен езілген Азияның ортасында тұрған Россияның географиялық жағдайы да, — осының барлығы, Шығыс халықтарының азаттық алу жолындағы күресінде Совет өкіметі оларға туысқандық көмек көрсету саясатын жүргізуді сөзсіз талап етеді.

Қазірде болып отырған езушілік формаларының ішіндегі ең жіңішке және ең қауіпті форма — ұлттық езушілік болып табылады. Оның жіңішке болатын себебі — ол буржуазияның жырткыштық бейнесін білдірмей жасырып отырады. Оның қауіпті болатын себебі — ұлттардың арасында соқтығысулар туғызып, буржуазияның үстінен төнген қауіпті ептілікпен басқа

жаққа аударып жібереді. Егерде Европаның жырткыштары жұмысшыларды бір біріне қарсы дүниежүзілік қырғынға айдап салып отырған болса, егерде олар осы күнге дейін бұл қырғынды сүйеуге мүмкіндік алып отырған болса, онда мұның бұлай болу себебі, айта кету керек, Европа жұмысшыларының басын айналдырған буржуазиялық ұлтшылдықтың күш-қуатының әлі де болса сарқылмағандығынан болып отыр. Ұлтшылдық — буржуазияның ақырғы бекінісі болып табылады, буржуазияны біржола жеңу үшін оны осы бекіністен жұлып тастау керек. Ал, біздің кейбір жолдастардың істейтіні сияқты, ұлт мәселесін елемей кету, оны бұрмалап, бекерге шығару — ұлтшылдықты қыйратқандық бола алмайды. Бұл ондай болудан әлдеқайда алыс жатыр! Ұлттық нигилизм тек социализм ісіне зиян келтіреді, буржуазияшыл ұлтшылдардың сойылын соғады. Ұлтшылдықты қыйрату үшін, ең алдымен, ұлт мәселесін көтеріп, оны шешу керек. Ал ұлт мәселесін ашықтан-ашық және социалистік жолмен шешу үшін, оны Советтерге ұйымдасқан еңбекші бұқаралардың мүдделеріне бүтіндей және біржола бағындыра отырып, советтік жолға қою керек. Осылай еткенде, тек сонда ғана, буржуазияның ең ақырғы рухани құралын жұлып тастауға болады. Қәзіргі құрылғалы отырған татар-башқұрттардың Автономиялық Республикасы — біздің бүкіл революциямыздың жалпы және маңызды мәселесінің іс жүзінде шешілуі болып табылады. Бұл Автономиялық Республика мұсылмандық Шығыс халықтарына езушіліктен құтылу жолын көрсететін нақтылы шам-шырақ болатын болсын!

Татар-Башқұрт Республикасы Советтерінің құрылтай съезін шақыру жөніндегі кеңесті жабылды деп

жарыялап, автономиялық республикаңызды ұйымдастыру ісінде сіздердің табысқа жетулеріңізге тілектес екендігімді айтуға рұхсат етіңіздер.

„Правда" №№ 96 және 101;
18 және 24 май, 1918 ж.

ҚЕЗЕКТІ ӨТІРІК

«Наше Времяның»[17] 97-номерінде (кешкі басылуы) сол газеттің өз тілшісінің сөзі бойынша Константинопольдан берілген герман радиотелеграммасы хабарланған, онда былай делінген: «большевиктер Түркстан мен Астраханнан күшті көмек алып, шабуыл жасады, сонымен бірге, мұсылмандардың батырлықпен қарсыласуына қарамастан большевиктер Баку қаласын алды».

Бұл провокаторлық радиотелеграмма шындыққа ешбір жанаспайды деп барлық жұртқа естірте мәлімдеймін.

Баку революцияның ең басынан-ақ Советтер өкіметін мойындады және осы уақытқа дейін мойындап отыр. Большевиктер тарапынан Бакуге ешқандай шабуыл жасалған жоқ және жасалуы да мүмкін емес еді. Тек татар, орыс помещиктері мен генералдарының біразғантай тобы авантюристік шабуыл жасаған еді, мұсылмандар мен орыстардың жұмысшылары мен шаруалары бұл топқа үзілді-кесілді қарсы болғандықтан олардың бұл шабуылы толық сәтсіздікке ұшырады. Большевиктердің мұсылмандарға қарсы ешқандай

күресі болған емес және болуы да мүмкін емес еді. Баку Советінің өкіметі Бакудегі және оның ауданындағы барлық ұлттардың жұмысшылары мен шаруаларының өкіметі, ең алдымен мұсылман халқының өкіметі болды және қазірде солай болып отыр.

Халық комиссары *И. Сталин*

„Правда" № 97,
19 май, 1918 ж.

КАВКАЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ

ЗАКАВКАЗЬЕ

Закавказьенің жағдайы барған сайын қатерлі жағдайға айналып барады. Сеймнің Закавказьені тәуелсіз деп жарыялауы (22 апрель), Тифлис «үкіметінің» қолын босатбақшы болғандығы еді, ал іс жүзіне келгенде Закавказьені халқаралық жырткыштардың торына түсірді. Батумдағы «бітім жөніндегі келісімсөздер» дейтіннің[18] немен аяқталатындығы осы таяу уақытта байқалады. Бірақ мынаның болатындығы анық: Тифлис меньшевиктері мен олардың үкіметтерінің Россия революциясына **тәуелсіз** болуы оларды түрік-германдардың «мәдениетті» жыртқыштарына сөзсіз құлдарша **тәуелді** етеді. Бұл өкімет басында отырған Тифлис меньшевиктерінің түрік-герман империалистерімен бірігіп Россия революциясына **қарсы** құрған одағы болады. Мартовтар мен Дан мырзалар, меньшевик Чхенкели Кавказдық болашақ Голубовичтің міндетін атқарғанда... мұның үлгі боларлық нәрсе болатындығы рас емеспе...

Сеймнің мүшесі Қарчикян Тифлистен былай деп хабарлайды:

«Тифлис толқуда, армяндар министерство құрамынан шығып отыр, Закавказьені тәуелсіз деп жарыялағаны үшін жұмысшылар мен шаруалар үкіметке қарсы көшелерде демонстрация ұйымдастырып отыр. Тәуелсіздік туралы мәселе жөнінде референдумның болуын талап етіп Кутаиста, Хонида, Лечхумда, Гориде, Душетте демонстрациялар болып жатыр».

Өзін өзі сайлаған Тифлис «үкіметінің» біреудің правосына заңсыз ие болуына бүкіл Армения қарсы шығып отыр, ол сейм депутаттарының кетуін талап етіп отыр. Ал, Совет өкіметінің Закавказьедегі сүйеніші болып отырған мұсылмандардың орталығы Баку Ленкорань мен Кубадан бастап Елизаветпольге дейінгі бүкіл шығыстық Закавказьені өз төңірегіне ұйыстырып, Закавказьенің, Советтік Россиямен байланысын үзбеу үшін бар күшін салып, тырысып отырған халықтарының праволарын қарудың күшімен орнатып жатыр. Біз бұл арада, Қара теңіз жағасындағы батырлық етіп отырған Абхазия[49] туралы сөз қылып отырғанымыз жоқ, ол бір адамдай болып Тифлис «үкіметінің» оңбаған бандыларына қарсы көтеріліп, Сухумды олардан қолына қару алып қорғап отыр. Революциялық-соғыс комитетінің председателі Эшба бізге былай деп жазады: «Бүкіл Абхазия — кәрі, жастары қалмай — оңтүстіктен келген басқыншылардың екі мың бандыларына қарсы көтеріліп, міне 8 күн бойы Сухумның оңтүстігінде 20 шақырымдай жерде Сухумның төңірегін қорғап отыр». Кейбір мәліметтерге қарағанда, Закавказье отрядтарының шабуылына теңізден қаруланған транспортёрлердің флотилиясы мен бір топ истребительдер көмектесетін көрінеді. Мұнда, Брест бітімі бойынша және оны немістердің түсінігі бойынша біздің Сухумды қорғап теңізден шабуыл жасауға тиіс емес екендігіміз былай тұрсын, тіпті қорғануға да

правомыз жоқ көрінеді. Неміс «бейбітшілері» Закавказье басқыншыларына осындайлық нақтылы көмек көрсетіп отыр. Жағдай осындай болып отырғанда Сухумның тағдыры күні бұрын шешіліп отыр дерлік екенін түсіну қыйын емес. Закавказье халқы Тифлис «үкіметіне» қарсы. Закавказье халқы Россиядан бөлінуге қарсы. Закавказье жұмысшылары мен шаруалары сеймдағы бір топ адамдарға қарамастан референдумды жақтап отыр, өйткені сеймге Закавказьені Россиядан бөлуге тірі адамдардың бірде бірі өкілдік берген жоқ.

Жағдай осылай болып отыр.

Меньшевиктердің ішінен басқаларынан гөрі ұяты барларының — Жорданияның, Церетелидің және тіпті (тіпті!) Гегечкоридің де, бұл арам жұмысты меньшевиктердің басқалардан гөрі талғай білмейтіндерінің қолына беріп, сытылып шығып отырғандары тегін емес.

Бізге Тифлистен былай деп хабарлайды: армяндар Карсты жауға берген кезде Карстың қасында тұрып корпустың командирі түрік: егер таяу уақыттың ішінде Закавказье үкіметінің қолынан келмейтін болса, — Бакуді алу үшін және Баку ауданындағы мұсылмандарды құтқару үшін түрік әскерлері сөзсіз жіберіледі деп санаймын депті, оның бер жағында, сонымен қатар «Вехиб-пашаның Закавказье үкіметі председателінің атына жазылған хатында мұның сөзсіз осылай болатындығы түсіндірілген».

Бұл хабарларды документ жүзінде тексеруге біздің мүмкіншілігіміз жоқ, бірақта мынаның болуы сөзсіз: егерде түрік «құтқарушылары» Бакуге шынымен жорық жасайтын болса, олар халықтың қалың тобы-

ның тарапынан, ең алдымен, мұсылман жұмысшылары мен шаруаларының тарапынан болатын күшті тойтарысқа кездеседі.

Бұлай болғанда Совет өкіметінің Закавказье еңбекші бұқараларының өздеріне тән праволарын басқыншылық шабуылдардан барлық күшін сала қорғайтындығы өзінен өзі түсінікті.

II

СОЛТҮСТІК ҚАВҚАЗ

Солтүстік Қавказдың Филимоновтар, Карауловтар, Чермоевтар және Бамматовтар сияқты отставкаға шыққан генералдардың бір азғана тобы 1917 жылы өздерін тау халықтарының одағымыз деп жариялап, өздеріне Қара теңізден Каспи теңізіне дейінгі Солтүстік Қавказдың үкіметі деген атақ тағып алды, сөйтіп Калединмен бірге жорыққа шығуға астыртын дайындық жасады. 1917 жылы ноябрьде, Россияның орталығында Совет өкіметі жеңіп шыққаннан кейін, бұл, осылай деп атауға да тұрмайтын, «үкімет», орыс-герман майданындағы уақытша бітімге ор қазып, ағылшын-француз миссияларымен сыбайласып кетті. 1918 жылдың бас кезінде, Калединнің авантюрасы құлағаннан кейін, бул жұмбақ «үкімет» поездарға қарсы қарақшылық жорықтарын және қала мен деревнялардың бейбіт халықтарына қарсы сұрқия шапқыншылық әрекеттерін ұйымдастырумен қанағаттанып, саяси майданнан қарасы өшті. Сол жылдың жазғытұрымына қарсы оны жұрттың бәрі ұмытып та кетті, өйткені Солтүстік Қавказда, Кубань мен Терек об-

лыстарында депутаттардың нағыз халықтық Советтері орныған, олар Солтүстік Кавказдың барлық тайпалары мен халықтарының қалың бұқараларын өз төңірегіне жыйнап, біріктірген болатын. Кабардиндер мен казактар, осетиндер мен грузиндер, орыстар мен украин депутаттардың **Терек** Советінің төңірегіне тығыз топтасты. Чечендер мен ингуштер, казактар мен украиндар, жұмысшылар мен шаруалар өздерінің өкілдерін жіберіп **Кубань** облысының толып жатқан Совдептерін лық толтырды. Осы барлық тайпалар мен халықтардың еңбекші қалың топтары өздерінің съездерінде Советтік Россиямен айырылмастай байланысты екендігін дауыстап тұрып жарыялады. Осының бәрі Чермоевтар мен Бамматовтардың өздері атағын иемденген «үкіметін» саяси майданнан зым-зыя етіп кетірмей тұра алмады. Бұл керемет «үкіметті» жұрттың бәрі біржола көмілді деп санаған болатын. Дегенмен, Бамматовтардың жақын досы Дағыстандық имам дейтін март айының өзінде-ақ Петровка мен Дербент темір жолына қарақшылықпен шабуыл жасап өзінің өмір сүріп отырғандығын білдірді. Бірақ апрельдің орта кезінде-ақ Баку жұмысшыларының совет отрядтары және дағыстандықтардың өздері имамның авантюрасын жойып, имамды орыс офицерлерінен құрылған өзінің нөкерімен бірге Дағыстан тауларына **қуып жіберген** болатын.

Ал егерде өздерінің жер бетіндегі мақсаттарын орындау үшін өлгендердің әруақтарын «ол дүниеден» шақыра білмейтін болса, империализм империализм болмаған болар еді. Әрі болғанда бір жеті бұрын бізге, өліктердің ішінен тіріліп шыққан Чермоев пен Бам-

матовтың қолы қойылған ресми мәлімдеме түсті, ол мәлімдемеде Қара теңізден Каспи теңізіне дейін (мұнан азда емес, көпте емес!) Солтүстік Кавказдың тәуелсіз (ойнамаңыз!) мемлекетін құру жөнінде айтылған.

Бұл, өздері атағын иемденген үкіметтің үндеухатында былай делінген:

«Кавказдың тау халықтарының Одағы Россиядан бөлініп шығып, тәуелсіз мемлекет құруды ұйғарады».

«Дағыстан, Терек, Ставрополь, Кубань және Қара теңіз облыстары мен провинцияларының бұрынғы Россия империясында географиялық шегаралары қандай болған болса, жаңа мемлекет территориясының солтүстіктегі шегаралары да сондай болады, батыстағы шегарасы Қара теңіз, шығыстағы шегарасы Каспи теңізі, оңтүстік шегарасының қандай болатындығы Закавказье үкіметімен жасалатын келісім бойынша толық анықталады».

Сөйтіп, Закавказье «үкіметі» түрік-герман «құтқарушыларымен» «қатнас» жасайтын болса, ал Солтүстік Кавказ «үкіметі» — Закавказье «үкіметімен» қатнас жасайтын болып отыр. Істің мәні айқын. Солтүстік Кавказдың авантюристері ағылшын-француздардан жеріп, енді олардың жауларына сүйенбек болып отыр. Түрік-германдар басқыншылыққа шексіз ұмтылатын болғандықтан, Солтүстік Кавказдың оқыйғаларды іздеушілері мен түрік-герман «құтқарушыларының» арасында «келісімнің» болуы мүмкін деп ойлауға болады.

Бұл соңғылардың, өздерінің герман шартын адал орындайтыны жөнінде, достық қарым-қатнастарды қолдауға дайын екендігі жөнінде сенім беретіндігіне біз шүбәланбаймыз. Бірақ біздің заманымызда сөзге сенбей, іске сенеді, ал бұл мырзалардың істері өте анық, — сондықтан Солтүстік Кавказ халықтарын, бо-

луы мүмкін, басқыншылық шабуылдардан қорғау үшін Совет өкіметіне өзінің барлық күштерін мобилизациялауға тура келеді.

Халық комиссары ***И. Сталин***

„Правда" № 100,
23 май, 1918 ж.

КАВКАЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕ

Ұлттар ісі жөніндегі Халық комиссариатынан

Жексембі күні шыққан газеттерінде Бакуді және Апшерон түбегін ағылшындар алды деген хабар шықты. Онда былай делінген:

«Одесса газеттерінің хабары бойынша, Бакуден келген адамдар былай депті: бұдан үш жеті бұрын ағылшын әскерлері жүк тасыйтын автомобильдерге мініп қалаға кірді, олар Месопотамидан Персия арқылы Кавказға келген көрінеді. Көп отряд, бұл, сірә, авангард болуы керек. Ағылшындар Корнилов отрядтарымен байланыс жасап жатыр, деген лақап бар. Екінші бір газет — ағылшындар Апшерон түбегін және Бакуді алып, онан әрі Тифлис, Александрополь, Сарықамыс, Қарс, Эрзерумге қарай беттеп барады, деп хабарлайды. 24 май».

Ұлттар ісі жөніндегі Халық комиссариаты бұл мәселе жөнінде былай деуге тиіс: бұл провокаторлық хабар, оның үстіне өте дүдамал негізден басталатын хабар, шындыққа ешбір жанаспайды. Бакуге ешқандай ағылшын отрядтары келген жоқ және олардың келуі де мүмкін емес, өйткені бүкіл Баку губерниясын және Закавказьенің бүкіл шығысын совет әскерлері күзетіп отыр, бұлар бір айтқаннан қалмай, қандай түр-

мен келген болса да, сырттан келген күштерге қарсы күресуге дайын. Төтенше комиссар Шаумянның 25 майдағы хабары бойынша — «Егерде, соңғы күндердің ішінде Аджикабулға шабуыл жасау ісін ұйымдастырған, совет әскер бөлімдері батысқа қарай көп жерге қуып тастаған татар помещиктерін есепке алмайтын болсақ, Бакуге және оның аудандарына әзірше ешкімнен де қауіп туып отырған жоқ».

Оңтүстік Закавказьенің жағдайына келетін болсақ, ол арада, расында да, қауіп бар, бірақ ол қауіп ағылшындар тарапынан емес, «солтүстік Персияда ағылшындарға тойтарыс беру үшін» Александрополь — Джульфа бойымен Тавризге қарай жылжып бара жатқан түріктердің тарапынан болып отыр.

Бұл жөнінде Закавказье сеймінің мүшесі Карчикян 20 майда былай деп хабарлады:

«Түркия түрік әскерлерін Александрополь — Джульфа темір жолының бойымен Персияға өткізіңдер деп 13 майда Батумда талап қойды, мұндағы дәлелі — ағылшындар Масул жағынан қысып келеді, сондықтан түріктердің қысқа мерзім ішінде солтүстік Персияны алуы қажет дейді. Түркия өзінің қойған талабын күшпен жақтап отыр. 15 күні таңертең Александропольді бомбылай бастады. Біздің әскерлер қапыда қалып, шабуылды тоқтата алмай, 16 күні Александропольді берді. Түріктер 17 күні өздерінің әскерлерін Джульфаға кедергісіз өткізуін қамтамасыз етуді талап етті, олар халыққа тимейміз деп уәде берді. Болмаған күнде күшпен басып өтеміз деп қорқытты. Александропольдегі шегіну әскерлердің мүлде берекесін қашырғандығын және қарсыласқан күнде Сурмалинскі мен Эчмиадзин уездерінің барлық халқының адам айтқысыз қатты зәбірленетіндігін еске алып, біз түріктердің талабына көнуге мәжбүр болдық. Александрополь уезінің халқы тегісінен кетіп, Бамбак — Лори ауданына жиналды. Сурмалинскі уезінің халқы да осылай етті. Бүгін — Ахалкалак уезінің халқы орнынан қозғалып, Цалка жағына қарай бара жатыр, деген хабар алдым. Батумдағы делегация ультиматум же-

нінде қарсылық жарыялады, бірақ мұны сылыққа сылтау етпей ақ, келісімсөзді жүргізе беруді ұйғарды».

Осылардың барлығы туралы хабарлай келіп, Ұлттар ісі жөніндегі Халық комиссариаты мынадай қортынды шығармай қоя алмайды: анығында, Одессадан шығып отырған өтірік хабардың мақсаты — право атаулының барлығын бұзып, Персия темір жол бойын қолына түсіріп алуды көздеп отырған түріктердің шабуылын бүркемелеу.

„Правда" № 104,
28 май, 1918 ж.

ДОНЩИНА МЕН СОЛТҮСТІК ҚАВҚАЗ ТУРАЛЫ

(Фактылар және қулық әрекеттер)

Украина делегациясы Киевте бейбіттік конференцияның[20] бірінші мәжілісінде — қолымызда Дон, Солтүстік-Қавказ тағы басқа «үкіметтердің» мәлімдемелері бар, олар өздерін Россиядан бөліндік деп жариялап, украин-герман үкіметімен достық қарым-қатнас жасап отыр, дегенді айтты. Украина делегациясының председателі Шелухин мырза былай деді: «Біз Совет өкіметінің өкілдерімен келісімсөз жүргізуге қарсы емеспіз, бірақ Россия Федерациясының өкіметі, атап айтқанда, қандай облыстарды қамтыйтындығын біздің білгіміз келеді, өйткені менің қолымда, Россия құрамында қалғысы келмейтін бірсыпыра үкіметтердің (Донның, Солтүстік Қавказдың, т. т.) мәлімдемелері отыр».

Түріктер мен германдар украиндардың бұл сөздеріне қарсы болмайтындығы былай тұрсын, қайта өздерінің бірсыпыра ресми мәлімдемелерінде жаңағы айтылған жартылай ашық «үкіметтердің» талаптарын қолдап, басқада территорияларды «өзін өзі билеу» (яғни басып алу) мақсаттары үшін формалды құрал ретінде оларға жармасып айырылмай отыр...

Ал бұл жұмбақ «үкіметтер» не нәрсе, олар қайдан келді?

Бәрінен де — халықтың рақымы бойынша болмағанымен, әйтеуір біреудің... рақымы бойынша кеше ғана жарық дүниеге шыққан Украинаның гетмандық үкіметінің осы «үкіметтердің» қамқоры болып отырғандығы және бүкіл науқанның ресми бастаушысы болып отырғандығы ғажап нәрсе. Россия Федерациясының он миллиондаған халықтарының ерікті түрде сайлаған Совет өкіметі мен оның бержағында, миллиондаған халықтары сайлаған Донның, Кубанның, Черноморьенің, Теректің, толып жатқан облыстық Советтерін өз төңерегіне жыйнап жұмылдырып отырған Совет өкіметімен бұлай сөйлесуге Украина делегациясының, атап айтқанда, қай правоға сүйеніп батылы барып отыр? Бұлар осылай болғандықтан, халық сайламағаны былай тұрсын, тіпті жоғарғы топтардың ландтагі сыякты болса да, цензалық қосалқы сеймі де болмай отырған кәзіргі Украина үкіметінің қаншалықты салмағы болмақ? Сонымен қатар мынаны да дәлелденген нәрсе деп санауға болады: егерде бітім конференциясы Киевте болмай, бейтарап тұрған жерлердің бірінде болған болса, онда осы таяуда ғана құлатылған Украина радасы — гетмандық үкіметпен жасалған шарт украин халқын байлап отыра алмайды, өйткені украин халқы бұл үкіметті қабылдап отырған жоқ деп мәлімдемей қоймаған болар еді. Сонымен қатар мынадай екі мәселе келіп шығар еді: 1) бұлай болғанда кімнің өкілдігін неғұрлым шын өкілдік деп тануға болар еді, гетмандық үкіметтің өкілдігін бе немесе Украина радасының өкілдігін бе, 2) онда, «мәлімдеме» атаулының барлығын бірдей

қымбат бағалайтын кэзіргі Украина делегациясы өзін ақтау үшін не айтар еді...

Екіншіден, Украина делегациясының мәлімдемесін қолдап, ұлттардың «өзін өзі билеу» мүдделері үшін Дон мен Солтүстік Кавказдың авантюристік «үкіметтерін» барынша қолжаулық қылып отырған Германияның Польша Познанінің, Данияның Шлезвиг-Голштиниінің, Францияның Эльзас-Лотарингиясының өзін өзі билеуі туралы жұмған аузын ашпайтындығының ғажаптығы да кем емес. Осы көрсетілген облыстардың датчандарының, поляктары мен француздарының жаппай наразылық көрсетулеріне қарағанда, Россияның оңтүстігіндегі абұл-кубұл құрыла салған және ешкім танымаған «үкіметтердің» авантюристік мәлімдемелерінің ешқандай салмағы, ешқандай құны, ешбір үйлесімі болмайтындығын дәлелдеп жатудың керегі бола қояр ма екен...

Алайда мұның бәрі — «ұсақ» нәрселер. Ең басты-сына көшелік.

Сонымен, Россия оңтүстігінің мифологиялық «үкіметтері» қалай шықты?

Дон «үкіметі» өзінің нотасында былай дейді: «1917 жылы 21 октябрьде Владикавказ қаласында федерациялық жаңа мемлекет, оңтүстік-шығыс одағын құру туралы шарт жасалды, оның құрамына Дон, Кубань және Астрахань казак әскерлері территорияларының халқы, Солтүстік Қавказ бен Қара теңіз жағасының тау халықтары және Россияның оңтүстік-шығысының ерікті халықтары кірді».

Солтүстік Қавказ «үкіметінің» өкілдері Чермоев пен Бамматовтың берген радиотелеграммасы да дәл осылай дейді, бізге оны 16 майда әкеп берді:

«Кавказ халықтары 1917 жылы май және сентябрь айларында жыйналып, заңды түрде ұлттық жыйналыс сайлады, ол жыйналыс Кавказдың тау халықтарының одағын құру туралы жарыялады», оның бер жағында «Кавказдың тау халықтарының одағы Россиядан бөлініп шығып, тәуелсіз мемлекет құруды уйғарады, ал бұл мемлекеттің территориясының солтүстіктегі шегарасы Дағыстан, Терек, Ставрополь, Кубань және Қара теңіз облыстары мен провинцияларының бурынғы Орыс империясындағы географиялық шегаралары қандай болса, дәл сондай болады, батыстағы шегарасы — Қара теңіз, шығыстағы шегарасы — Каспи теңізі болады».

Сөйтіп, Керенскийдің үкіметін құлатқан Октябрь революциясының жеңер қарсаңында, бұл үкіметпен байланысы бар авантюристердің бір азғантай тобы Владикавказда жыйналып, өздерін «толық өкілдігі бар» өкіметтерміз деп, ал Россияның оңтүстігін — Россиядан бөлінді деп жарыялаған көрінеді, мұнда, олар керек десе осы жәйінде халықтың рыйзалығын да сұрамапты. Әрине, Россия сияқты ерікті елде даралық қыялға түсуге ешкімге де тыйым салынбайды, мұнда Совет өкіметінің қыялшылдардың авантюристік мәлімдемелерінің соңына түспейтіндігін және түсуге де тиіс емес екендігін түсіну қыйын емес, өйткені олардың бұл мәлімдемелерімен Россияның оңтүстіктегі халықтарының зәредей де байланысы жоқ. Егерде Германия азаматтарға, кәзірде Россиядағы азаматтардың пайдаланып отырғанындай, бостандық берген болса, онда Познаньда, Эльзас-Лотарингияда, Польшада, Курляндияда, Эстляндияда, тағы басқаларда ұлттық мемлекеттер қаптап кеткен болар еді, олардың үкімет деп аталуға, өз халықтары қуып жіберіп, кәзірде эмиграцияда жүрген Богаевскилер мен Красновтардан, Бамматовтар мен Чермоевтардан гөрі ана-

ғұрлым көп дәлелдері бар, мұның осылай екендігіне біз шүбәланбаймыз...

Россияның оңтүстігінің мифологиялық «үкіметтерінің» шығу сыйпаты осындай.

Дон «үкіметінің» «нотасы» мен Чермоевтің радиотелеграммасы өткендегі туралы, 1917 жылғы сентябрь мен октябрь туралы және отставкаға кеткен генералдардың бас панасы болған Владикавказ туралы айтады. Ал онан бері бір жылға таяу уақыт өтті. Бұл уақыттың ішінде Донның, Кубань-Қара теңіздің және Теректің облыстық халық Советтері құрылды, олар казактар мен басқа қалалардан келгендердің, абхаздықтар мен орыстардың, чечендер мен ингуштердің, осетиндер мен кабардиндердің, грузиндер мен армяндардың миллиондаған халықтарын өз төңірегіне жыйнап отыр. Бұл облыстардың халықтары, оларға берілген өзін өзі билеу правосын кең түрде пайдалана отырып, алдақашан Совет өкіметін таныған болатын. Ал, Карауловтар мен Богаевтардың, Чермоевтар мен Бамматовтардың бұрынғы резиденциясы болған Владикавказ Терек халық Советінің тұратын орны деп алдақашан жарияланған болатын. Бұл сияқты жұрттың барлығына мәлім фактылар тұрғанда жер астынан шыққан генералдардың және олардың 1917 жылдың жазындағы авантюристік мәлімдемелерінің қандай маңызы болмақ? деп сұрауға болады. Россияда сентябрь мен октябрь айларында Керенскийдің үкіметі өмір сүріп тұрған болатын, ол сол кезде подпольеге қуылған, ал қазірде өкімет басында отырған, большевиктік партияны қырып-жоймақ болған еді. Егерде Украина делегациясы мен герман үкіметі үшін 1917 жылғы сентябрь мен октябрь айларының

осыншалық ардақты маңызы болатын болса, онда бұлар, 1917 жылы сентябрь мен октябрь айларында өмір сүріп тұрған, Чермоевтар мен Карауловтардың «үкіметінің» қалдықтары жөнінде қандай істесе, нақ сондай етіп, бітім конференциясына, сол кезде өмір сүріп тұрған, Керенскийдің үкіметінің қалдықтарын да неге шақырмайды?

Немесе тағыда: Совет өкіметімен келісімсөз жүргізу үшін делегацияны жаңа ғана аттандырып жатқан Украина радасы, халықтардың өзін өзі билеу принципін немістердің «түсіндіруінің» «негізінде» кірпік қаққанша болмай саяси майданнан алынып тасталған 1918 жылдың апрелінен 1917 жылдың сентябрі, шынында, не себепті артық болып отыр?..

Немесе, ақырында: 1917 жылдың аяғында Гатчинаның түбінде совет әскерлерінің қолына түсіп, сонан кейін адал сөзін бергеннен соң Совет өкіметі босатып жіберген, казактар қуып шыққан казак генералы Красновтың мәлімдемесі, — міне осындай адамның мәлімдемесі не себепті «зор маңызы бар саяси акт» деп саналып, ал, мысалы, жүз мыңдаған орыс және татар халқын өз төңірегіне жыйнап, біріктіріп отырған және Қырымның Россия федерациясымен айрылмастай байланысты екендігі туралы радио арқылы үш рет жарыялаған Қырым халық комиссарлары советінің мәлімдемесі — не себепті саяси маңызы жоқ деп саналады?

Казактардың қуып жіберген генералы Красновқа украин-герман әкімдерінің ерекше қамқорлық жасап, халықтың ерікті түрде сайлаған Қырым халық Комиссарлары советінің зулымдықпен атылу себебі не?..

Анығында, бұл арада істің мәні «мәлімдемелер-

дің» шын болуында емес және бұл «мәлімдемелерді» қолдайтын бұқараларда да болып отырған жоқ. Істің мәні, ресми талаушылардың адам айтқысыздай етіп тоздырып, бұрмалаған «өзін өзі билеу» түсінігіне де келіп тіреліп отырған жоқ. Мәселе тек қана украиндар мен немістердің империалистік қулық әрекеттерді жақсы көретіндері үшін «мәлімдемелердің» өте тиімді екендігінде болып отыр, өйткені бұл «мәлімдемелер» олардың жаңа территорияларды басып алып, құлдыққа салу талаптарын бүркеуге ыңғайлы болып отыр.

Мұндағы бір ерекше нәрсе — Дон үкіметі дейтіннің, генерал Красновтың делегациясы қандай «заңды» болса, дәл сондай «заңды» болып отырған бірсыпыра делегацияларының ішінен украиндар-немістер соңғы делегацияны таңдап алып отыр, өйткені басқа делегациялардың барлығы немістердікінен басқа «бағытта» болды. Оның бер жағында Краснов — Богаев «үкіметінің» ойдан шығарылып, қолдан жасалғандығының анық екендігі сонша, тіпті Красновтың тағайындаған бірсыпыра министрлері (халық ағарту министрі Парамонов және жер шаруашылық министрі Семенов) қызметке тағайындалудан ресми түрде бас тартты, олар өздерінің бас тартуын «генерал Краснов бізді министр етіп сыртымыздан тағайындапты» деп дәлелдеді. Бірақ бұған украин-немістің өзін өзі билеушілері ешбір шімірікпейтін болуы керек, өйткені Краснов оларға перде ретінде қолайлы адам.

Жаңағыдан да гөрі екінші бір ерекше нәрсе мынау: январь айында жансыз сұлық жатқан оңтүстік-шығыс одағы дейтін нәрсе май айында Украинаның бір жерінде немесе тіпті Константинопольдің өзінде

кенеттен қайта тіріледі, оның бер жағында, өздерінің алдақашан жерге көмген «үкіметтерінің» Константинопольда ма, Киевте ме, әйтеуір солардың бірінде жасырын «өмір сүріп» отырғандығын, сонда жүріп бұл «үкіметтердің» халықтарға арнап заң шығарғысы келетіндігін Солтүстік Кавказ халықтарының барлығы бірдей әлі білмейді. Анығында, украин-немістің өзін өзі билеушілері бұл сиякты оп-оңай қулық әрекеттерден де шіміркпейді, өйткені мұндай әрекеттер оған пайда келтіреді.

Бір жағынан, Россияның оңтүстігінің өкімет басына келуді арман етіп жүрген авантюристерінің, екінші жағынан, саяси қулық әрекеттерді ойлап шығарушылардың «ісінің» жайы осындай болып отыр.

Өзін өзі билеуші мырзалар атын (халықтардың) жамылып жүрген Россия оңтүстігі халықтарының өзі тәуелсіздік туралы мәселеге қалай қарайды?

Доннан бастайық. Февраль айынан бастап Донның автономиялық Совет Республикасы өмір сүріп келеді, бұл республика облыс халқының орасан көпшілігін өз төңірегіне жыйнап отыр. Апрельдегі 700 ден аса делегаттар жыйналған облыстық съезде Донның Россиямен айрылмастай байланысы, Дон Республикасы Россияның автономиялық бөлегі болып табылатындығы жұрт алдында жарияланған болатын; оны ешкім жасыра алмайды.

Краснов — Богаевтің жаңадан жасалған «үкіметінің» қойған талаптары жөнінде Дон Республикасының Орталық атқару комитеті өзінің 28 майда шығарған қарарында былай дейді:

«Дон Совет Республикасының Орталық атқару комитеті Халық Комиссарлары Советіне және Киевтегі бітім конференциясы-

на — Донда Орталық атқару комитеті мен оның президиумынан басқа ешқандай өкімет жоқ екендігін хабарлайды. Бұдан басқа, өзін үкіметпін деп жариялаған немесе бұдан бұлай жариялайтын үкіметтің қандайы болсада — мемлекетке қарсы қылмыс істегендер болып табылады, ондай адамдар мемлекетке опасыздық жасағандығы үшін халық сотына беріледі. Біз қазір — бітім конференциясында дон үкіметінен делегация қатысып отыр деген хабар алдық. Біз мемлекеттік өкімет ретінде Халық Комиссарлары Советіне және Киевтегі бітім конференциясына мынаны мәлімдейміз — Дон Республикасы Совет өкіметінің документтерінсіз бітім жөнінде келісімсөз жүргізуге ешқандай делегаттар қабылданбауға тиіс, ал егер ондайлар қазірдің өзінде болып отырса, онда біз оларды заңсыз және өздігінен атақ тағынушылар деп жариялаймыз, ондай адамдар мемлекетке қарсы қылмыс жасаушылар ретінде сотқа беріледі. Орталық атқару комитеті бітім конференциясынан «дон үкіметінің» өздігінен атақ тағып жүрген делегациясын қабылдамауды талап етеді, өйткені ол заңсыз және бітім жөнінде келісімсөз жүргізу үшін қабылдауға болмайтын делегация.

Орталық атқару комитетінің Председателі

В. Ковалёв

Катшысы **В. Пужилев.**

(28 майда қабылданды) Царицын».

Кубаньға келейік. Облыстың барлық бөлімдері мен округтеріндегі халықтардың 90% өз төңірегіне жыйнап, біріктіріп отырған Кубань-Қара теңіз Автономиялық Совет Республикасын жұрттың бәрі біледі.

Осы жылы апрельде чечендердің, ингуштердің қатысуымен Кубань-Қара теңіз облысының, казак Я. Полуянның председательдік етуі бойынша, көп адам жыйналған съезі болып, ол съездің өз облысын Россиямен айрылмастай байланысты екендігін салтанатты түрде дәлелдегендігін және Филимоновтар мен Красновтар сыяқты авантюраны жаны сүйетін адам-

дарды жаңағыдай салтанатты түрде заңнан тыс деп жарыялағандығын жұрттың бәрі біледі. Оның бер жағында, Кубань мен Қара теңіз бойының сезімдері мен ықыластарының қандай екендігін Совет Россиясын Сухумнан бастап Батайскіге дейін жанын салап қорғап отырған қарулы әскер қатарындағы он мыңдаған кубандықтар өте жақсы сыйпаттап отыр. Красновтар мен Филимоновтардың жарылқаушылары жойылуын күтіп, соның жойылатын кезіне жете алмай отырған флот туралы айтпасақта болады...

Ақырында, **Терек облысына** келейік. Терек бойында Терек облыстық халық Советі бар екендігін, оның өз төңірегіне, қалалар туралы айтпағанының өзінде, ауылдар мен станицалардың, деревнялардың, қоныстардың барлығын, немесе барлығына таяуын (95 %) біріктіріп отырғандығын жұрттың бәрі біледі. Осы жылғы январьда болған облыстық бірінші съездің өзінде-ақ делегаттардың барлығы бірдей Совет өкіметін жақтады және Россиямен айрылмастай байланысты болуды жақтап шықты. Бірінші съезге қарағанда кеңірек болып және көп адамдар қатысқан, апрельде болған екінші съезд Россиямен байланысты екендігін салтанатты түрде дәлелдеп, бұл облысты Россия Федерациясының автономиялық совет республикасы деп жарыялады. Қәзірде болып жатқан облыстық үшінші съезд сөзден іске көшіп, бір қадам алға басып отыр, ол азаматтарды Теректі, тіпті тек Теректі ғана емес, басқаны да шақырусыз өз аяғымен келген қонақтардан қорғау үшін қолдарына қару алуға шақырып отыр. Дон үкіметі дейтіннің нота дейтін бірдемесі, «оңтүстік-шығыстың ерікті халықтары» Россиядан бөлініп шығуға тырысады-мыс деп

өте көп айтады. «Мәлімдемелерді» бекерге шығару үшін бәрінен де гөрі фактылар артық болар деген оймен біз енді сөзді фактыларға береміз.

Ең алдымен Терек халық Советінің қарарын тыңдайық.

«Телеграммалар бойынша Терек халық Советіне мынадай нәрсе белгілі болды: Солтүстік Кавказдың Константинопольда отырған делегаттары Солтүстік Кавказды тәуелсіз деп жариялап, ол жөнінде императорлық түрік үкіметіне және басқа державаларға нота арқылы хабарлаған тәрізді.

Чечен, кабардин, осетин, ингуш, казак және басқа қалалық фракциялардан құрылған Терек халық Советі былай деп куәләндырады: Терек өлкесінің халықтары жоғарыда көрсетілген мақсат үшін ешкімді, еш уақыттада және ешқайда делегат етіп жіберген жоқ, ал егер кәзірде Константинопольда отырған кейбір адамдар өздерін Терек өлкесіндегі халықтардың делегатымыз деп атап, осы халықтардың атынан әрекет жасап жүрген болса, онда бұл олардың біреудің атына иемденіп, авантюра жасағандығы болып табылады.

Терек халық Советі түрік үкіметінің саяси соқырлығына және оның аңқаулығына, оны оңбаған адамдардың алдай алғандығына өзінің таңғалатындығын білдіреді.

Жаңағы айтылған фракциялардан құрылған Терек халық Советі — Терек өлкесіндегі халықтардың Россия Федерациялық Республикасының айрылмастай бір бөлегі болып табылатындығын мәлімдейді.

Терек халық Советі Закавказье үкіметінің Закавказьені тәуелсіз деп жариялау ісіне Солтүстік Кавказды тартуына қарсы екендігін білдіреді» (Терек халық Советінің «Народная Власть» дейтін органын қараңыз).

(Қарар бірауыздан қабылданды. 9 май).

Енді узурпаторлар және олардың қамқорлары жала жапқан **чечендер мен ингуштардың** сөздерін тыңдап көрейік. Ингуштар мен чечендердің барлығын немесе барлығына таяуын біріктіріп отырған олардың фракциясының қарары мынау.

«Терек халық Советінің чечен-ингуш фракциясының төтенше мәжілісі Солтүстік Қавказды тәуелсіз деп жарыялау жөніндегі хабарды талқылай келіп, бірауыздан мынадай қарар алды: Солтүстік Қавказды тәуелсіз деп жарыялау өте зор маңызы бар акты болып табылады, бұл осыған қатысы бар халықтың барлығының рұхсаты мен рыйзалығы бойынша істелуге тиіс.

Чечен-ингуш фракциясы былай деп атап көрсетеді: чечен-ингуш халқы Трапезундыдағы оттоман делегациясымен немесе Константинопольдағы оттоман үкіметімен ешқандай келісімсөз жүргізу үшін ешбір делегаттар жіберген емес, тәуелсіздік жөніндегі мәселе, чечен-ингуш халқының еркімен болған органдар мен жыйналыстардың ешбіреуінде де еш уақытта талқыланған жоқ.

Сондықтан, өзін халық сайламаған, ал халықтың атынан сөз сөйлеуге батылы барып жүрген адамдарды чечен-ингуш фракциясы өздігінен атақ тағынғандар, халық жаулары деп есептейді.

Чечен-ингуш фракциясы — Солтүстік Қавказдың барлық тау халықтарын және революцияның жеңіп алған бостандықтарын аман сақтаудың бірден-бір жолы Россияның революциялық демократиясымен тығыз бірігуде, деп мәлімдейді.

Бұл, олардың қанына сіңген бостандықты сүюшіліктен ғана осылай болып отырған жоқ, сонымен қатар соңғы онжылдардың ішінде Солтүстік Қавказ бен Орталық Россияны айрылмастай бір бүтін етіп біріктірген экономикалық қатнастар арқылы да осылай болып отыр».

(9 майда қабылданды. Терек халық Советінің «Народная Власть» дейтін органын қараңыз.)

Ингуштар мен чечендердің ораторы Шерипов жолдастың Терек халық Советінің мәжілісінде сөйлеген жалынды сөзінің мына бір үзіндісін келтірейік, бұл дағыстандықтарға қойылатын кінәнің қандайын болсада бекерге шығару үшін мейлінше ашық айтылған сөз:

«Ұлы орыс революциясының арқасында біздің тамаша жақсы бостандыққа қолымыз жетті, осы бостандық үшін біздің аталарымыз жүздеген жылдар бойы күресіп, жеңілгендер жау найза-

ларына қарсы ұмтылған болатын. Қәзірде біздің өзін өзі билеу правосының шартына қолымыз жетіп отыр, енді бұл правоны халық еш уақытта да ешкімге бермейді. Қәзірде Солтүстік Кавказдың тәуелсіздігі туралы помещиктер, князьдар, провокаторлар мен шпиондар сөз қылып жүр және 50 жыл бойы Шамиль жан аямай кімдермен күрессе солардың барлығы да осы туралы сөз қылып жүр. Осы халық жаулары тарапынан Кавказдың тәуелсіздігін жарыялауға және имамдық орнады деп мәлімдеуге тырысушылық бар. Бірақ мен — Шамиль бұл князьдардың аталарының басын шапқан болса, ол қәзірде де соны істеген болар еді, деп атап айтамын. Ингуш және чечен халқының өкілі болған біздің фракция Солтүстік Кавказды тәуелсіз деп жарыялау жөніндегі мәселеге өзінің қалай қарайтындығын төтенше жыйналған мәжілісте қабылдаған белгілі қарарында айтқан болатын». (Жоғарғыны қараңыз: «Народная Власть» газетінен алынды.)

Фактылар осылар.

Неміс-украин-түрік өзін өзіне билетушілері осылардың бәрін білеме екен? Әрине, біледі! Өйткені Россия оңтүстігінің облыстық Советтері жұрттың көз алдында, ашықтан-ашық әрекет жасап отыр, ал бұл мырзалардың агенттері, жұртқа мәлім фактыларды көзден таса етпес үшін, біздің газеттерімізді барынша қадағалап оқып отырады.

Бұлай болғанда, украин делегациясының мифологиялық «үкіметтер» туралы жоғарыда айтылған мәлімдемесі, немістер мен түріктердің сөз жүзінде де, іс жүзінде де қолдап отырған мәлімдемесі не болып шығады?

Оның болуына бірақ себеп бар: ол жаңа жерлерді басып алып, құлдыққа салу мақсатымен жалған «үкіметтерді» бүркеніш ретінде пайдалану үшін істеліп отыр. Немістер Украина радасын бетіне ұстай отырып, «Брест шартының негізіне сүйеніп» (әрине,

солай!) алға жылжыды да, Украинаны алды. Бірақ кәзірде Украина перде болудан, бүркеніш болудан қалған болу керек, солай бола түрсада немістердің тағыда алға жылжығысы келіп отыр. Осыдан жаңа бүркеніштің, жаңа перденің болуын керексінушілік туып отыр. Керексіну болған жерде үсыну болмай қалмайтындықтан, Красновтар мен Богаевтар, Чермоевтар мен Бамматовтар өздерінің қызмет етуге дайын екендігін білдіріп шыға келді. Сондықтан немістер басқарып, солар жабдықтап отырған Красновтар мен Богаевтардың таяу уақыттың ішінде Россияға қарай, Донды «азат ету» үшін жорық жасайтындығы, оның бер жағында немістердің Брест шартын адал орындаймыз деп тағы да ант ішуге тырысатындығы ешбір ғажап емес. Кубань, Терек, т. т. жөнінде де осыны айту керек.

Iстің барлық мәні осында!

Совет өкіметі қолындағы күштердің бірін қалдырмай басқыншылар мен қүлданушыларға тойтарыс беру үшін жүмылдырмайтын болса, онда ол өзін тірідей көмген болар еді.

Ал Совет өкіметі мүны істейді де.

Халық комиссары ***И. Сталин***

„Правда" № 108,
1 июнь, 1918 ж.

В. И. ЛЕНИНГЕ ТЕЛЕГРАММА

Алтысында Царицынға келдім[21]. Шаруашылық өмірдің барлық салаларындағы былыққа қарамастан, сонда да тәртіп орнатуға болады.

Царицында, Астраханьда, Саратовта астық монополиясы мен тұрақты бағаны Советтер жойған екен, тәртіпсіздік пен саудагерлік өріс алуда екен. Царицында карточка системасымен тұрақты баға енгіздірдім. Астрахань мен Саратовта да осыны істеу керек, өйтпеген күнде саудагерліктің осы жылғалары арқылы барлық астық құрып, суалады. Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі өз тарапынан бұл Советтердің саудагерліктен бас тартуын талап етуі керек.

Толып жатқан коллегиялар мен ревкомдардың ғырысуы бойынша темір жол транспорты мүлде бүлінген. Мен, коллегиялардың наразы болуына қарамастан, іс басына арнаулы комиссарлар қоюға мәжбүр болдым, олар қазірдің өзінде тәртіп енгізіп келеді. Комиссарлар жергілікті жерлерден толып жатқан

паровоздар тауып жатыр, коллегиялар ондайлардың бар екендігін сезбейді де. Жүргізілген зерттеу жұмысы Царицын — Поворино — Балашов — Козлов — Рязань — Москва жолы бойынша күніне сегіз және онан да көп маршрут поездарын жіберуге болатындығын көрсетті. Қазір Царицында поездар жыйнап жатырмын. Бір жетіден соң «астық жыйнау аптасын» жарыялап, Москваға бірден миллион пұтқа жуық астық жібереміз, оны теміржолшылардың ішінен алынған арнаулы адамдар апарады, бұл туралы алдын ала хабарлаймыз.

Нижний-Новгородтың пароходтарды жібермей қоюының салдарынан су транспорты кідіріп тұр, мұның бұлай болуы чехословактарға байланысты болу керек. Пароходтарды дереу Царицынға жібер деп бұйрық беріңіз.

Мәліметтер бойынша Кубаньда, Ставропольда толық сенуге болатын сатып алушы-агенттер бар, қазір олар оңтүстіктен астық алу әрекетіне кірісіп отыр. Қизлярдан теңізге қарай баратын жол салынып жатыр, Хасав-Юрт — Петровскінің жолы әлі қалпына келген жоқ. Бізге Шляпниковты, құрылыс-инженерлерін, қолынан іс келетін мастерлер беріңіз, сонымен қатар паровоз бригадаларын беріңіз.

Бакуге арнаулы адам жібердім, бірер күннен соң оңтүстікке барамын. Товар айырбастау жөніндегі уәкіл Зайцев қазналық товарды қапшықтап сатып, саудагерлік жасағандығы үшін бүгін тұтқынға алынады. Шмидтке бұдан бұлай жуликтерді жіберме деңіз. Кобозев Воронеждағы бес адамнан құрылған коллегия-

ға[22] өздерінің мүдделері үшін менің уәкілдеріме кедергі жасама деп тапсырып қойсын.

Алынған хабарларға қарағанда немістер Батайскіні алған көрінеді.

Халық комиссары ***Сталин***

Царицын,
7 июнь, 1918 ж.

Бірінші рет 1936 ж.
„Пролетарская Революция"
журналының 7-номерінде басылған

В. И. ЛЕНИНГЕ ХАТ

Ленин жолдасқа

Майданға баруға асығып отырмын. Тек жұмыс жөнінде ғана жазамын.

1) Царицынның оңтүстігіндегі жол әлі қалпына келтірілген жоқ. Тиісті адамдардың барлығын қуып, ұрсып жатырмын, таяуда қалпына келтіреміз ғой деп сенемін. Өзімізді де, басқаларды да, ешкімді де аямаймыз, қайтсекте астық береміз, бұған сенуіңізге болады. Егерде біздің әскер «мамандары» (етікшілер!) ұйықтап жатпаған болса, бұл жол үзілмеген болар еді, ал егер бұл жол қалпына келтірілетін болса, онда оның әскер адамдарының себебімен істелмей, олардың ырқысыз-ақ істелгені болады.

2) Царицынның оңтүстігінде тиеулі тұрған көп астық жіберілмей жыйналып тұр. Жол тазартылысымен іле-шала сіздерге маршруттық поездармен астық жібереміз.

3) Сіздің хабарыңызды алдық[23]. Күтпеген нәрселерді болғызбау үшін барлық шараларды қолданамыз. Сенуіңізге болады, біз еш нәрседен де тайсалмаймыз...

4) Бакуге арнаулы адаммен хат жібердім[24].

5) Түркстан жөніндегі істер нашар, Англия Афганистан арқылы әрекет істеп отыр. Уақыт өтпей тұрып тығыз шаралар қолдану үшін бір адамға (немесе маған) оңтүстік Россия ауданына арнаулы (соғыс жөнінде) өкілдік беріңіз.

Шеткері аймақтардың орталықпен байланысы нашар болғандықтан, дер кезінде тығыз шаралар қолданып отыру үшін жергілікті жерде үлкен өкілдігі бар адамның болуы қажет. Егер бұл жөнінде біреуді (кімді болса да) тағайындайтын болсаңыз, тура провод арқылы хабар беріңіз, ал мандатты да тура провод арқылы жіберіңіз, әйтпесе жаңа Мурманскінің келіп шығу қаупы бар[25].

Түркстан жөнінде алынған лентаны жіберіп отырмын.

Әзірше бәрі осы.

Сіздің ***Сталин***

Царицын,
7 июль, 1918 ж.

Шынара „Правда" газетінің 301-номерінде 1929 ж. 21 декабрьде басылған

В. И. ЛЕНИНГЕ ХАТ

Ленин жолдасқа

Бірнеше сөз.

1) Егерде Троцкий, мандаттарды Трифонов (Дон облысы), Автономов (Кубань облысы), Коппе (Ставрополь), француз миссиясының (тұтқынға алынарлықтай іс істеген) мүшелері, т. т. сияқты кез келген адамдарға, ойланбастан, бере беретін болса, онда — біздің Солтүстік Кавказдағыларымыздың барлығы да бір айдан соң күйрейді, сөйтіп біз бұл өлкеден мүлде айрыламыз деп кесіп айтуға болады. Бір кезде Антонов қандай күйге түскен болса, кәзір Троцкий де дәл сондай күйге түсіп отыр. Жергілікті адамдардың рыйзалығынсыз қызметке тағайындауға болмайтындығын оның мыйына құйыңыз, әйтпесе Совет өкіметі мұнан жақсылық таппайды.

2) Егер бізге ұшқыштарымен бірге аэропландар, бронды автомобильдер, алты дюймдік зеңбіректер бермесеңіз Царицын майданы жауға қарсы тура алмайды, онда темір жолдан көпке дейін айрылып қаламыз.

3) Оңтүстікте астық көп, бірақ оны алу үшін эшалондардың, командармдардың тағы сондайлардың тарапынан бөгет жасалмайтын жөнге қойылған аппарат болуы керек. Оның үстіне, әскер адамдары азық-түлік жөніндегі қызметкерлерге көмектесетін болуы қажет. Азық-түлік мәселесі соғыс мәселесімен өзінен өзі араласып келіп отырады. Істің нәтижелі болуы үшін маған соғыс мәселесі жөнінде өкілдік керек. Бұл туралы мен жазған едім, бірақ жауап алғаным жоқ. Өте жақсы. Олай болғанда мен, формалды нәрселерге қарамай-ақ, істі бүлдіретін командармдер мен комиссарларды орнынан өзім түсіремін. Істің нәтижелі болуы үшін менің осылай істеуім керек, сондықтан Троцкийден қағаз жоқ екен деп мен, әрине, тоқтала алмаймын.

И. Сталин

Царицын,
10 июль, 1918 ж.

Бірінші рет басылып отыр

В. И. ЛЕНИНГЕ ХАТ

Оңтүстіктегі жағдайды жеңіл деуге болмайды. Соғыс Советіне мүлде бүлінген мұра қалып отыр, бұл бір жағынан бұрынғы соғыс бастығының енжарлығынан бүлінген болса, екінші жағынан, соғыс бастығы Соғыс округінің түрліше бөлімдеріне жұмысқа алған адамдардың астыртын әрекетінен бүлініп қалып отыр. Барлығын басынан қайта бастауға тура келді, жабдықтау ісін дұрыстап, сайбағастық бөлімнің жұмысын түзедік, майданның барлық участоктерімен байланыс жасап, бұрынғы бұйрықтарды, мен оларды қылмыстық бұйрықтар дер едім, жойдық, тек сонан кейін ғана Тихорецкіге қарай Калач пен оңтүстікке шабуыл жасадық. Шабуыл жасағанда Мироновтың, Киквидзенің солтүстік участоктері, оның ішінде Поворин участогі де, жеңіле қоймайтын участоктер деп сенген едік. Оның бер жағында бұл участоктер басқадан да гөрі нашар және қамтамасыз етілмеген болып шықты. Мироновтың және басқалардың солтүстік-шығысқа қарай шегінгенін, Липыдан бастап Алексиковқа дейінгі бүкіл темір жол бойын казактардың басып алғандығын, казактардың кейбір партизан топ-

тарының Волгаға қарай жіберілгендігін, сөйтіп олардың Камышин мен Царицынның аралығындағы жерде Волгамен жүретін қатнасты үзуге тырысқандығын сіз өзіңіз білесіз.

Екінші жағынан, снарядтар мен патрондар жоқ болғандықтан Ростов майданы мен жалпы Калнин топтары өзінің табандылығынан айрылып, Тихорецкіні, Торговыйды беріп қойды, сөйтіп ол, сірә, мүлде күйреу процесінде болуға тиіс («сірә» деп отырған себебім — осы уақытқа дейін Калнин тобы жөнінде дәл мәлімет ала алмай отырмыз).

Кизляр, Брянск, Бакудің нашар жағдайда қалып отырғандығы туралы айтпасамда болады. Ағылшындық бағыт біржола күйрегенімен, бірақ ондағы майданның жағдайы өте нашар болып отыр. Кизляр, Прохладная, Ново-Георгиевское, Ставрополь көтеріліс жасаған казактардың қолында отыр. Тек Брянское, Петровск, Минеральные Воды, Владикавказ, Пятигорск әзірге жауды жіберген жоқ, Екатеринодар да солай болуы керек.

Сөйтіп, бұл жағдайда оңтүстікпен, оның азық-түлік аудандарымен байланыс үзіліп отыр, ал орталықты Солтүстік Кавказбен байланыстырып отырған Царицын ауданының өзі де орталықтан қол үзіп отыр немесе үзді дерлік болып отыр.

Осылай болғандықтан да біз Тихорецкіге қарай жасалған шабуыл қыймылдарын тоқтатып, қорғаныс қалпына көшіп және Царицын майданының участоктерінен әскер бөлімдерін алып, алты мың солдаты бар солтүстік шабуыл күшін құрастыруға және оны Донның сол жағасымен Хопер өзеніне дейін жіберуге ұйғардық. Бұл әрекеттің мақсаты — Царицын — По-

ворино жолын тазарту және жаудың тылынан шығып, оның тобын бұзып, кейін қуып тастау. Біздің бұл жоспарды ең таяу уақыттың ішінде орындаймыз ғой деп сенуге дәлеліміз мол.

Жоғарыда суреттелген қолайсыз жағдайдың неліктен болғандығын түсіндіру керек.

1) Октябрьде Совет өкіметі үшін күрескен майданшы, «тыңғылықты мұжық» енді Совет өкіметіне қарсы бейімделіп кеткендігінен болып отыр (ол астық монополиясын, тұрақты бағаны, реквизицияны, қапшықтап сатуға қарсы күресті жан тәнімен жек көреді).

2) Мироновтың әскерлерінің казактардан құрылғандығынан болып отыр (өздерін совет әскері деп атап жүрген казак әскер бөлімдері казак контрреволюциясына қарсы батыл күрес жүргізе алмайды, жүргізгісі де келмейді; казактар бүтіндей полктер болып Мироновтың жағына шығып отырды, ондағы мақсаты қаруланып алып, сол жерде біздің әскер бөлімдерінің тұрған жерімен танысып, сонан кейін бүтіндей полктерді Красновтың жағына шығарып әкету болды; Мироновты казактар үш рет қоршауда қалдырды, өйткені олар Мироновтың участогін егжей-тегжейіне жете біліп алып, сондықтан оны, тас талқан етіп қыйратты).

3) Киквидзенің әскер бөлімдерінің отряд бойынша құрылып, әрекеттерінің өзара байланысты және сәйкесіп отыруына мүмкіндіктің болмауынан болды.

4) Осылардың барлығының салдарынан Сиверстің әскер бөлімдерінің жеке дара қалып, олардың сол жақ бүйірдегі тіректен айрылуынан болды.

Отряд бойынша құрудан болған былықтардың толық жойылуын және мамандар деп аталатындар-

дың (жартылай казактарды, жартылай ағылшын-французлардың көп жақтайтындардың) дер кезінде кетірілуін — Царицын-Гашун майданының жақсы жағы деп тану керек, өйткені бұл әскер бөлімдерін өзімізге қаратып алып, оларда темірдей қатты тәртіп орнатуға мүмкіндік берді.

Солтүстік Кавказбен байланыс үзілгеннен кейін азық-түлік жөніндегі жағдай өте нашарға айналды. Жеті жүзден аса вагон Солтүстік Кавказда жол үстінде тұр, бір жарым миллион пұт астық дайын тұр, ал темір жол бойымен де, теңіз арқылы да қатнас жасау үзіліп отырғандықтан (Кизляр, Брянское біздің қолымызда болмай отыр), осы жүктің барлығын алып шығуға ешбір мүмкіндік жоқ. Царицын, Котельников, Гашунск аудандарында астық аз емес, бірақ оны жыйнап алу керек, оның бер жағында осыны істеуге Чокпрод[26]-тың икемі жоқ және ол осы уақытқа дейін икемделе алмай отыр. Астықты жыйнап алу қажет, шөпті тығыздап, бір жерге жыйнау қажет, бірақ Чокпродтың тығыздайтын құралдары болмай шығып отыр. Астық жыйнау жұмысын кең түрде ұйымдастыру қажет, бірақ Чокпродтың ұйымдастырушы адамдары түкке жарамсыз болып шықты. Осының нәтижесінде астық дайындау жұмысы екі аяғынан бірдей ақсап отыр.

Калачты алу арқылы бірнеше он мыңдаған пұт астыққа ие болдық. Мен Калачқа 12 жүк машинасын жібердім, астық темір жолға жеткізілісімен-ақ, оны Москваға жіберемін. Астықты жыйнап алу ісі жаман, жақсы болсын жүріп жатыр. Таяу күндердің ішінде бірнеше онмың пұт астық жыйнастырып алып, оны да сізге жіберермін деп сенемін. Мал жағы мұн-

да өте көп, бірақ шөп жағы өте аз, шөпсіз жіберуге болмайтын болғандықтан, малды көп етіп жіберу мүмкін болмай отыр. Ең болмағанда бір консервы фабрикасын ұйымдастырып, мал сойылатын жерді және сондайларды орнатса жақсы болар еді. Бірақ амал не, іс білетін, өзі бастай алатын адамдарды әзір таба алмай отырмын. Котельниковтағы уәкілге көп етіп ет тұздау ісін тапсырдым, бұл іс басталып істелді, нәтижесі де жоқ емес, егер бұл іс өсетін болса, онда қыска ет жететін болады (бір ғана Котельников ауданында 40 мың ірі қара жыйналып отыр). Астраханьдағы мал Котельниководағыдан аз емес, бірақ ондағы жергілікті азық-түлік комиссариаты түк істемей отыр. Ет пен балық дайындау жөніндегі өкілдер тырс ұйқыда жатыр, сондықтан оларды ет дайындамайды деп кесіп айтуға болады. Мен онда ет пен балық дайындау үшін уәкіл Залмаевті жібердім, бірақ әзір онан мәліметтер алғаным жоқ.

Азық-түлік жөнінде Саратов пен Самара губернияларына басқалардан гөрі көбірек сенуге болады, ол губернияларда астық та көп және, меніңше, Якубовтың экспедициясы ол губерниялардан жарты миллион пұт немесе одан да көп астық жыйнай алады.

Жалпы айтқанда, Солтүстік Кавказбен екі арадағы байланысты қалпына келтіргенге дейін (азық-түлік жөнінде) Царицынның төңірегіне (оншама) сенуге тура келмейді.

Сіздің ***И. Сталин***

Царицын,
4 август, 1918 ж.

Бірінші рет 1931 жылы Лениннің XVIII жыйнағында басылған

В. И. ЛЕНИНГЕ ХАТ[37]

Қымбатты жолдас Ленин!

Каспий мен оңтүстік үшін күрес жүріп жатыр. Осы ауданды түгелімен аман алып қалу үшін (ал оны аман алып қалуға **б о л а д ы!**) бірнеше жеңіл миноносецііміз және екі сүңгуір қайығымыз болу қажет (екжей-текжейін Артемнен сұраңыз). Кездесетін бөгеттердің бәрін де Сіздің күл-талқан етуіңізді, сөйтіп керек заттардың дереу жіберілуін тездету ісіне жәрдемдесуіңізді өтінемін. Осы талаптарымыз тез арада орындалатын болса Баку, Түркстан, Солтүстік Кавказ (сөзсіз!) біздікі болмақ.

Біздің майдандағы істеріміздің бет алысы жаман емес. Ісіміздің одан да гөрі жақсаратындығына күмәнім жоқ (казактар біржола тозғындап барады).

Қымбатты және сүйікті Ильич қолыңызды алып сәлем бердім.

Сіздің ***Сталин***

31 август, 1918 ж.

Бірінші рет 1928 ж. „Большевик" журналының 2 номерінде басылған

БҮКІЛРОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ СВЕРДЛОВҚА ТЕЛЕГРАММА

Солтүстік-Кавказ соғыс округінің Соғыс советі дүние жүзіндегі ең ұлы революционер, пролетариаттың сыннан өткен көсемі және ұстазы Ленин жолдасты буржуазия итаршыларының өлтіруге оқталғандығы туралы естіді, Соғыс советі бұл сияқты тасада тұрып зұлымдықпен оқталушылыққа — буржуазия мен оның агенттеріне қарсы ұдайы жаппай, ашық террор ұйымдастыру арқылы жауап береді.

Сталин
Ворошилов

Царицын,
31 август, 1918 ж.

„Солдат Революции" (Царицын) № 21, 1 сентябрь, 1918 ж.

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНЕ ТЕЛЕГРАММА

Царицын ауданындағы совет әскерлерінің жасаған шабуылы табысқа жетті: солтүстікте Иловля станциясы алынды; батыста — Калач, Ляпичев, Дондағы көпір алынды; оңтүстікте — Лашкин, Немковский, Демкин алынды. Жаудың талқаны шығарылып, Донның ар жағына қуылды. Царицынның халі бұрынғыдан мықты. Шабуыл жүріп жатыр.

Халық комиссары *Сталин*

Царицын,
6 сентябрь, 1918 ж.

1939 ж. „Пролетарская Революция" журналының 1-номерінде басылған

ЦАРИЦЫНҒА, МАЙДАННЫҢ ҚОЛБАСШЫСЫ ВОРОШИЛОВҚА ТЕЛЕГРАММА

Жұмысшылар мен шаруалардың өкіметін нығайту жолында жан аямай күресіп отырған Царицын майданының батыр командасына және революцияшыл әскерлерінің барлығына бізден туысқандық сәлем айтыңыз. Оларға, Харченко, Колпаковтың коммунистік және революциялық полктерінің, Булаткиннің аттыәскерінің, Алябьевтің бронепоездарының, Волганың-Соғыс Флотилиясының батырлық істерін Советтік Россияның сүйсіне отырып, атап көрсететіндігін айтыңыз.

Қызыл туларды жоғары ұстаңыздар, оларды тайсалмай ұстап алға басыңыздар, помещик-генералдар мен кулактардың контрреволюциясын аяусыз жойып, Социалистік Россияның жеңілмейтіндігін бүкіл дүние жүзіне көрсетіңіздер.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі

В. Ульянов-Ленин

Халық комиссары және Оңтүстік майданның Соғыс-революциялық советінің председателі

И. Сталин

Москва,
19 сентябрь, 1918 ж.

„Известия" № 205,
21 сентябрь, 1918 ж.

ОҢТҮСТІҚ МАЙДАНЫНДА

„Известия" газетінің қызметкерімен әңгіме

Ұлттар ісі жөніндегі халық комиссары Сталин жолдас, оңтүстік майданға қайтар алдында біздің қызметкерімізге Царицын майданының жағдайы жөніндегі өзінің пікірін айтты.

Сталин жолдас былай деді: ең алдымен қуанышты екі жағдай бар екенін көрсете кету керек: біріншi — майданның тылында жұмысшылардың арасынан әкімшілік қызметкерлер шығып отыр, олар Совет өкіметін жақтап үгіт жүргізуге ғана қабілеті бар адамдар болмай, сонымен қатар коммунистік, жаңа негіздер бойынша мемлекет құруға да қабілеті бар адамдар болып отыр, және екінші — солдаттардың арасынан шығып, империалистік соғыста тәжірибе алған офицерлердің ішінен жаңа командирлер құрамы шығып отыр, оларға Қызыл Армияның солдаттары толық сенеді.

Халықтың ой-пікірінде өзгеріс туып, контрреволюционерлердің бандысына қарсы қолға қару алып күресу қажет екендігін халықтың ұққандығының арқасында мобилизация өте жақсы жүріп жатыр.

Біздің барлық әскер бөлімдерінде темірдей қатты тәртіп орнап отыр. Қызыларміяшылар мен коман-

дирлер құрамының бір біріне көзқарасы барынша жақсарып отыр.

— Армияда азық-түлік мәселесінің жайы қандай?

— Атап айтқанда, біздің армияда мұндай мәселе жоқ. Соғыс участоктерінің өздері бөліп жасаған негізгі пунктілердің дұрыс системасының арқасында, майданымыз азық-түліктен тарығып отырған жоқ. Қазіргі уақытта қызыл армияшының күнделікті паегі 2 қадақ нан, ет, картофель және капуста болып отыр.

Майданда азық-түлікпен қамтамасыз ету жұмысының барлығын Республиканың Революциялық Жоғарғы Соғыс Советінің жанындағы әскери-азық-түлік комиссиясы басқарады, майдандағы әскер бөлімдерін дұрыс жабдықтап отыру ісін осы комиссия ұйымдастырды.

Сталин жолдастың айтуы бойынша, майдандағы үгіт жұмысы «Солдат Революции»[28] және «Борьба»[29] газеттерін, кітапшаларды, листовкаларды, т. т. таратү арқылы жүргізілетін көрінеді. Әскерлердің көңілі көтеріңкі және сенімді көрінеді.

Біздің армияның киім-кешегіндегі үлкен бір кемшілік — солдаттар үшін белгілібір форманың болмауы. Солдаттардың киетін киімінің жаңа формасын мүмкіндігінше тез дайындап және оны дереу майданда қолданса жаман болмас еді.

Сталин жолдастың айтуы бойынша, Орталық Атқару Комитетінің әрбір қызыларміяшының және бүтіндей әскер бөлімдерінің батырлық істерін, бұлардың біріншілеріне ерекше белгілер беру арқылы, ал екіншілеріне тулар беру арқылы көтермелеп отыру жөніндегі соңғы декретінің аса зор маңызы бар.

Бұданда бұрын, бұл декрет шықпай тұрғанның өзінде, революциялық тулар алған әскер бөлімдері ту алғаннан кейін арыстандай алысып соғысқан болатын.

Бізге қарсы тұрған жау әскер бөлімдерінің жайына келетін болсақ, онда олардың 90% басқа қаладікі деп аталатындардан, көбінесе украиндар мен еркімен барған-офицерлерден құралған. Ал ондағы казактар — 10% тен аспайды.

Жаудың бір артықшылығы — оның жылжымалы аттыәскері бар, ал біздің аттыәскеріміз әзірше жаңа ғана дамып келе жатқан жағдайдан шыққан жоқ.

Қортындыда мынаны айта кетуім керек: бізде әскер бөлімдері қатар қосып, нығаюда болса, жау әскерлері барынша ыдырауда.

„Известия" № 205.
21 сентябрь, 1918 ж.

ӨМІР ЛОГИКАСЫ

(Меньшевиктердің ОК „Тезистері“ жөнінде)

Бізге — меньшевиктер партиясының «Орталық комитетінің тезистері мен қарарлары» (1918 жылы 17 — 21 октябрь) деп аталатын документ келіп түсті. Бұл документ Совет өкіметінің 1917 жылы октябрьден бастап істеген істерін қорытып, кейбір болашақтағы нәрселерді болжайды, мұның меньшевиктер партиясының дамуына, сірә, үлкен маңызы болу керек. Алайда документтегі ең бағалы нәрсе — оның қортындылары, олар меньшевизмнің революцияның бір жыл ішіндегі бүкіл практикасын теріске шығаратын қортындылар. Біз «Тезистер мен қарарларды» талдау жұмысын басқа бір уақытқа қалдыра тұрып, өзіміздің кейбір пікірлерімізді кәзірден қалдырмай оқушыларға айта кету керек деп санаймыз.

I
ОКТЯБРЬ ТӨҢКЕРІСІ ТУРАЛЫ

Бұл мұнан толық бір жыл бұрын болды. Онда еліміз империалистік соғыстың және шаруашылық бүлінішілігінің зардабынан жаншылып отырған еді. Шар-

шап-шалдығып, көп зарыққан майдан бұдан былай соғыса алмайтын болды. Оның бержағында, ағылшын империалистері (Бьюкенен!) елімізді бұрынғыдан да гөрі шырмап, оны империалистік соғыстың шеңберінен шығармауға барынша тырысып бақты. Риганы жауға беріп[30], Петербургті де беруге дайындалды, ондағы мақсаты — тек соғыстың және соғыс диктатурасының қажет екендігін дәлелдеу еді. Буржуазия осының бәрін түсініп, ашықтан-ашық соғыс диктатурасын орнатып, революцияны талқандамақ болды.

Ол кезде большевиктер не істеді?

Большевиктер төңкеріс жасауға дайындалды. Олар өкіметті пролетариаттың алуы — соғыстың қоршауы мен шаруашылықтың бүліншілігінен шығудың бірден-бір жолы болып табылады деп санады. Олар мұндай төңкеріс жасамайынша империализмнен қол үзу және Россияны империализмнің тырнағынан құтқару мүмкін емес деп санады. Олар елдегі өкіметтің бірден-бір мұрагері осы деп Советтер съезін шақырды.

Алдымен революция, сонан кейін бейбіттік!

Ол кезде меньшевиктер не істеді?

Олар большевиктердің «әрекетін» «контрреволюциялық авантюризм» деп жариялады. Советтердің съезін керексіз деп санап, оның шақырылуын бөгеді, ал Советтердің өзін қыйратылуға жататын «тозығы жеткен барақтар» деп жариялады. Олар Советтердің — «барақтардың» орнына «европалық» үлгі бойынша «берік үйді»— предпарламентті[31] ұсынды, олар бұл предпарламентте отырып алып Милюковпен бірге «негізгі аграрлық және шаруашылық реформалардың» жоспарын дайындады. Империализмнен ажы-

расудың орнына олар, соғыстан шығудың мүмкін жолы осы деп, Парижда одақтастардың конференциясы болуын ұсынды. Олар бұл конференцияға меньшевик Скобелевтің қатысуында және Шейдемановтардың, Ренодельдердің, Гайндмановтардың съезін шақыру жөніндегі күдікті жұмыстарға меньшевик Аксельродтың қатысуында «бітімнің табанды саясаты» бар деп білді.

Сонан бері бір жыл өтті. «Большевиктік төңкеріс» ішкі және сыртқы империалистердің айлакер машинасын жоя білді. Бұрынғы империалистік соғыс Россия үшін бастан кешкен оқиғаларға айналды. Россия империализмнің езушілігінен құтылды. Ол өзінің тәуелсіз сыртқы саясатын жүргізіп отыр және бұдан да былай жүргізе алатындығына сенеді. Октябрь төңкерісі болмаған болса, Россия империалистік соғыстың шеңберінен шықпаған болар еді, шаруалар жер ала алмаған болар еді, жұмысшылар заводтар мен фабрикаларды басқармаған болар еді, мұны қазір жұрттың бәрі де біледі.

Ал қазірде меньшевиктер, олардың Орталық комитеті бізге не деп отыр? Тыңдаңыздар:

«1917 жылы октябрьде жасалған большевиктік төңкеріс тарихи қажетті нәрсе болып табылады, өйткені еңбекші бұқаралар мен капиталистік таптардың арасындағы байланысты үзе отырып, ол революцияның бағытын бүтіндей еңбекші бұқараның мүдделеріне бағындырғысы келген сол бұқараның талабын жақтады, мұнсыз Россияны одақтас империализмнің қыспағынан шығарып алу, бұлжымас бітім саясатын жүргізу, батыл түрде аграрлық реформалар өткізу және қалың бұқараның мүддесі үшін бүкіл шаруашылық өмірді мемлекеттің басқаруы мүмкін емес еді; өйткені революцияның бұл кезеңі дүниежүзілік оқиғалардың барысына Россия революциясының тигізетін әсерінің өрісін кеңітуі мүмкін еді» (қараңыз: «Тезистер мен қарар»).

Қәзірде меньшевиктердің Орталық комитеті осылай деп отыр.

Ақылға сыймайтын іс, бірақ факт. «Большевиктік төңкеріс тарихи қажетті нәрсе болып табылатын» көрінеді, «мұнсыз Россияны одақтас империализмнің қыспағынан шығарып алу», «табанды түрде бітім саясатын жүргізу», «батыл түрде аграрлық реформалар өткізу» және «қалың бұқараның мүддесі үшін бүкіл шаруашылық өмірді мемлекеттің басқаруы мүмкін болмайтын болып» шығып отыр.

Ал мұның бәрі де большевиктердің бұдан бір жыл бұрын қайта-қайта айтқан, оған қарсы меньшевиктердің Орталық комитетінің жанталаса күрес жүргізген сөздерінің дәл өзі ғой!

Рас, дәл өзі.

Өмірдің үйрететіндігі және ең түзелмейтіндерді де түзететіндігі рас болып отырған жоқ па. Өмірдің құдіреті күшті, ол еш нәрсеге қарамастан қашанда жеңіп шығады...

II
ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ ТУРАЛЫ

Бұл бұдан он ай бұрын болды. Құрылтай жыйналысы шақырылды. Талқаны шығып қыйратылған буржуазия контрреволюционерлері күштерін қайта жыйнап, қолдарын уқалап, Совет өкіметі «жойылады» деп күні бұрын дәмеленген болатын. Шетелдің империалистік (одақтық) баспа сөзі Құрылтай жыйналысын құттықтады. Меньшевиктер мен эсерлер «жеке» кеңестер шақырып, өкіметті Советтердің қолынан Құрылтай жыйналысына, «орыс жерінің қожайынына»

берудің жоспарын жасады. «Адал коалицияның» кайтадан болу елесі мен большевиктердің «кателерінің» жойылу елесі дүниені кезгендей болып көрінді.

Ол кезде большевиктер не істеді?

Олар пролетариат өкіметін нығайту жөнінде басталып койған жұмысты жүргізе берді. Олар «адал коалицияны» және оның органы болған буржуазиялық-демократиялық Құрылтай жыйналысын тарих бойынша жойылуға тиісті деп санады, өйткені жарық дүниеге жаңа күштің — пролетариат өкіметінің, жәнеде басқарудың жаңа формасының — Советтер Республикасының шыққандығын олар білген болатын. 1917 жылдың басында Құрылтай жыйналысының ұраны прогрестік ұран болды, сондықтан большевиктер оны жақтады. 1917 жылдың аяғында, Октябрь төңкерісінен кейін, Құрылтай жыйналысының ұраны реакциялық ұранға айналды, өйткені ол енді ел ішіндегі күресіп жүрген саяси күштердің қайта құралған арақатнасына сәйкесуден қалды. Большевиктер Европада империалистік соғыс жүріп жатқанда және Россияда жеңімпаз пролетариат революциясы болып отырған жағдайда тек екі ғана өкіметтің болуы мүмкін: Советтер Республикасының формасын алған пролетариат диктатурасы немесе соғыс диктатурасының формасындағы буржуазия диктатурасы болуы мүмкін, — бұл екеуінің орталығындағы нәрсені іздеп және Құрылтай жыйналысын қайтадан болғызу әрекетінің қандайы болса да, сөзсіз, ескі нәрсеге қайта оралуға карай, реакцияға карай, октябрьдің жеңістерін жоюға қарай бастайды. Буржуазиялық парламентаризм мен буржуазиялық-демократиялық республика-

ның — революцияның өткен кезеңі екендігіне, большевиктердің көзі жеткен болатын.

Сонан бері он ай өтті. Советтердің өкіметін жоюға тырысқан Құрылтай жыйналысы таратылды. Еліміздің шаруалары оның таратылғандығын сезген де жоқ, ал жұмысшылар оның таратылғандығын қатты қуанышпен қарсы алды. «Құрылтайды» жақтаушылардың бір бөлегі Украинаға кетіп, Советтерге қарсы күресу үшін герман империалистерін көмекке шақырды. «Құрылтайды» жақтаушылардың екінші бөлегі Кавказға кетіп, түрік-герман империалистерінің құшағына кіріп жай тапты. «Құрылтайды» жақтаушылардың үшінші бөлегі Самараға кетіп, ағылшын-француз империалистерімен бірге Россияның жұмысшылары мен шаруаларына қарсы соғысты. Сөйтіп, Құрылтай жыйналысының ұраны саясат жөніндегі аңғалсоқтарды қармаққа түсіру құралына және ішкі, сыртқы контрреволюционерлерді Советтерге қарсы күрес жүргізуде бүркеп отыратын туға айналды.

Бұл дәуірде меньшевиктер өздерін қалай ұстады?

Олар Совет өкіметіне қарсы күресті, контрреволюциялық ұранға айналған Құрылтай жыйналысының ұранын өне бойы жақтап отырды.

Ал кәзірде меньшевиктер, олардың Орталық комитеті бізге не деп отыр? Тыңдаңыздар:

Орталық комитет «демократияға қарсы жау таптармен саяси қарым-қатнас жасаудың қандайын болса да жоққа шығарады және демократияның капиталистік буржуазиямен жасасқан «жалпы ұлттық» коалицияларына немесе шетел империализмі мен милитаризміне тәуелді болуға негізделген, тіпті демократия туын жамылған үкіметтік комбинациялардың қандайына болса да, барлығына қатысудан бас тартады» («Тезистерді» қараңыз).

Онан соң:

«Қаладағы пролетариат емес бұқаралар мен деревнядағы еңбекші бұқараларға сүйенген революциялық демократияның Совет үкіметіне және оның арқа сүйеп отырған бұқарасына қарсы қарулы күрес үстінде, демократиялық республиканы қайта орнату талаптарының барлығы да, халықаралық жағдайдың сыйпатына және Россияның демократиялық ұсақ буржуазиясының саясат жағынан өсіп жетілмеуі арқасында, қоғамдық күштердің қайтадан топталуы мен қабаттасып отырды және кәзірде солай болып отыр, қоғамдық күштердің бұлайша топталуы демократиялық құрылысты қайта орнату жолындағы күрестің революциялық маңызын жойып, революцияның негізгі социалистік жеңістеріне тікелей қатер туғызуға әкеп соғады. Капиталистік таптармен қайткен күнде де келісімге келуге тырысу және шетел қару-жарағын алу жолындағы күреске пайдалану революциялық демократияның саясатының барлық тәуелсіздігін жойып, оны осы таптардың және империалистік коалициялардың қолшоқпарына айналдырады» (қараңыз: «Тезистер мен қарар»).

Қысқаша айтқанда: коалиция ешбір қалтқысыз және үзілді-кесілді «қабылданбайтын» болып отыр, демократиялық республика мен Құрылтай жыйналысы үшін күресу контрреволюциялық күрес деп танылатын болып отыр, өйткені ол «революцияның негізгі социалистік жеңістеріне тікелей қатер туғызуға әкеп соғады».

Қортынды біреу-ақ: Советтер өкіметі, пролетариат диктатурасы — Россияда бола алатын бірден-бір революциялық өкімет болып табылады.

Бірақ, көптен бері большевиктердің айтып келгені және меньшевиктердің кеше ғана қарсы күрескені нақ осының өзі емес пе!

Рас, соның дәл өзі.

Өмір логикасы басқа логикалардың барлығынан

да, оның ішінде меньшевиктік логикадан да күшті екендігі рас емес пе...

III
ҰСАҚ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ БЫЛЫҚ

Сонымен:

Большевиктердің «авантюризміне» қарсы бір жыл күрескеннен кейін меньшевиктердің Орталық Комитеті 1917 жылы октябрьде болған «большевиктік төңкерістің» «тарихи қажетті екендігін» мойындауға мәжбүр болғандығы **факт** болып отыр.

Меньшевиктердің Орталық Комитеті Құрылтай жиналысы мен «адал коалиция» үшін ұзақ уақыт күрескеннен кейін, ықылассыз және шегіншектеп болса да, «жалпы ұлттық» коалицияның жарамсыз екендігін және «демократиялық құрылыс» пен Құрылтай жиналысын «қайта орнату» жолындағы күрестің контрреволюциялық күрес екендігін мойындауға мәжбүр болғандығы **факт** болып отыр.

Дегенмен, мұны бір жыл кешігіп барып мойындап отыр, Құрылтай жиналысы ұранының контрреволюциялық сипаты бар екендігі туралы және Октябрь төңкерісінің тарихи қажетті екендігі туралы ақиқат жалпыға мәлім, іші қанған нәрсе болғаннан кейін ғана мойындап отыр, — мұның бұлай кешігуі, революцияда басшылық рольді алғысы келетін меньшевиктік Орталық Комитеттің абройына жатпайды. Бірақ меньшевиктердің тағдыры осылай болғансоң қайтесің: олардың оқиғалардың барысынан кейін қалып отырғаны бірінші рет емес, ал біздің ойымызша, олардың большевиктердің ескі киімін киіп жарыққа шығуға

тырысып отырғандығы да ақырғы рет болмауы керек...

Меньшевиктердің Орталық Комитеті осылай деп мойындағаннан кейін маңызды сыйпаты бар алауыздықтар бұдан бұлай болмауға тиіс деп ойлауға болар еді. Әрине, егерде біздің істес болып отырғанымыз меньшевиктердің Орталық Комитеті болмай, түбіне жете ойлай алатын және істің парқына жетуге қабілеттілігі бар табанды революционерлер болған болса, бұл нақ осылай болар еді. Бірақ мұның сәті болмай отырған себебі, бұл арада біздің істес болып отырғанымыз — пролетариат пен буржуазияның, революция мен контрреволюцияның арасында өне бойы бұлтақтап отыратын ұсақбуржуазиялық интеллигенттердің партиясы болып отыр. Оның сөзі мен істеген ісінің арасында қайшылықтың сөзсіз болатын себебі, ойының өмір бойы тұрақсыз, бұлталақтай беретін себебі осыдан.

Мүмкін өз көздеріңізбен көргілеріңіз келер. Меньшевиктердің Орталық Комитеті былай деп ойлайтын көрінеді:

Орталық Комитет «Халық өкіметін, еш нәрсемен шектелмеген демократияны бұрынғыша, пролетариаттың әлеуметтік азат етілуін дайындауға және оны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бірден-бір саяси форма деп санайды. Ол ерікті түрде сайланған, өкімі толық жүретін Құрылтай жыйналысы ұйымдастыратын демократиялық республиканы, жалпыға бірдей және тең сайлау правосын, т. т. — бұл бұқараларды саяси тәрбиелеудің және пролетариатты, оның өз мүдделерінің туы астында, тап бойынша бірлестірудің осы кезге дейін басқа нәрсемен алмастырыла қоймаған құралы деп қана танып қоймайды, сонымен қатар бұларды социалистік пролетариаттың өзінің әлеуметтік өнерпаздығын бірден-бір дамыта алатын негіз деп те таныйды» (қараңыз: «Тезистер және қарар»).

Сену қыйын, бірақ факт. Бір жағынан, «демократиялық құрылысты қайта орнату жолындағы күрес» «революцияның негізгі социалистік жеңістеріне тікелей қатер туғызуға әкеп соғатын» көрінеді, сондықтан да ондай күрес контрреволюциялық деп жарияланып отыр, екінші жағынан, меньшевиктердің Орталық Комитеті жерге көміліп кеткен «өкімі толық жүретін Құрылтай жыйналысын» «бұрынғыша» жақтап шығып отыр! Әлде, мүмкін меньшевиктердің Орталық Комитеті «Құрылтайды» «қарулы күрес» жасамай-ақ болғызғысы келетін шығар? Бұлай болғанда, «өкімі толық жүретін Құрылтай жыйналысын» керексіз етіп алып тастаған «большевиктік төңкерістің тарихи қажетті болғандығын» қайту керек?

Мынасы тағы бар. Меньшевиктердің Орталық Комитеті азда емес, көпте емес:

«Полициялық жазалаулардың төтенше органдары мен төтенше трибуналдарды жоюды» және «саяси және экономикалық террорды тоқтатуды» талап етеді (қараңыз: «Тезистер және қарар»).

Бір жағынан, буржуазияның қарсылығын жоюға арналған пролетариат диктатурасының «тарихи қажетті екендігін» мойындап, екінші жағынан, өкіметтің кейбір өте зор маңызы бар құралдарын жоюды талап етеді, ал бұл құралдарсыз буржуазияның қарсылығын жою мүмкін емес! Бұлай болғанда Октябрь революциясының жеңістерін қайту керек, буржуазия барлық күшін жұмсап, террорлық әрекеттер мен тонаушылық заговорлар ұйымдастыруға дейін барып, бұл жеңістерге қарсы соғысып отырған жоқ па? Октябрь төңкерісінен сөзсіз туатын қортындылар мен

салдарын мойындамай тұрып, Октябрь төңкерісінің «тарихи қажетті екендігін» қалай мойындауға болады?!

Меньшевиктік Орталық Комитеттің бұл сықты ұсақбуржуазиялық шиеленіскен былықтан шығатын күні болар ма екен?

IV
МҰНАН КЕЙІН НЕ БОЛДЫ?

Дегенмен, ол бұл былықтан шығуға тырысады. Тыңдаңыздар:

«Революцияның жеңістерінің негізінде демократияның өз күштері арқылы Россияның бірлігі мен тәуелсіздігін қайтадан қалпына келтіру міндетін жақтай отырып, сонымен қатар Россияның ішкі істеріне шетел капиталистерінің қол сұғуының қандайына болса да қарсы шыға отырып», меньшевиктер партиясы «Совет үкіметіне саяси жағынан тілектес болады, өйткені ол Россия территориясын, атап айтқанда, шетел оккупациясынан азат ету жолында күресіп, пролетариаттық емес демократияның бұл оккупацияны кеңейту үшін немесе оны сақтап қалу үшін жасаған осы сияқты әрекеттеріне қарсы шығып отыр. Бірақ империалистік қол сұғуға қарсы бұл саяси жағынан тілектестік, егерде Совет үкіметі өзінің шеткері аймақтардағы большевиктік емес демократияларға көзқарастарын жаныштау мен террор негізінде жүргізбей, өзара келісім жасау негізінде жүргізетін болса ғана, Совет үкіметінің Россияның оккупацияланған жерлерін азат ету жолындағы соғыс әрекеттерін тікелей қолдауға әкеп соққан болар еді» (қараңыз: «Тезистер мен қарар»).

Сонымен, Совет өкіметіне қарсы күресуден — онымен «келісім жасауға» келіп отыр.

«Совет үкіметіне саяси жағынан тілектес болады»... Бұл тілектестіктің қаншалықты толық екендігін біз білмейміз, бірақ меньшевиктік Орталық Коми-

теттің Совет өкіметіне тілектес болуына большевиктердің қарсы болмайтындығы туралы айтып жатудың керегі бола қояр ма екен? Совет үкіметіне тілектес болумен, айталық, Самарадағы «Құрылтайдың» мүшелеріне тілектес болудың арасындағы айырманы біз толық түсінеміз.

«Совет үкіметінің соғыс әрекеттерін тікелей қолдау»... дейді. Меньшевиктік Орталық Комитеттің Совет өкіметінің қарамағына қанша әскер бере алатындығын, Совет армиясын оның қандай әскер күштерімен байыта алатындығын біз білмейміз, бірақ Совет өкіметіне соғыстық көмек көрсетуді большевиктердің тек қана құттықтайтындығын дәлелдеп жатудың керегі бола қояр ма екен? Совет үкіметіне соғыстық көмек көрсету мен меньшевиктердің Керенскийдің тұсында империалистік соғыс кезінде, айталық, «қорғаныс жөніндегі кеңеске»[32] қатысуының арасында терең айырма бар екендігін біз толық түсінеміз.

Мұның бәрі осылай-ақ болсын. Бірақ тәжрибе бізді жұрттың сөзіне сене бермеуге үйретті, біз партиялар мен топтарды тек олардың қарарлары бойынша ғана бағаламай, сонымен қатар, ең алдымен, олардың істері бойынша бағалауға дағдыланғанбыз.

Ал меньшевиктердің жайы қалай?

Украинадағы меньшевиктер осы уақытқа дейін Скоропадскийдің контрреволюциялық үкіметінен қол үзбей, барлық құралдарды қолданып Украинаның советтік элементтеріне қарсы күресіп келді, сонымен ішкі және сыртқы империалистердің оңтүстікте үстемдік етуіне көмектесті.

Кавказдағы меньшевиктер помещиктермен және капиталистермен алда қашан одақтасып, Октябрь

төңкерісін жақтаушыларға қарсы ардақты соғыс жариялап, герман империалистерін көмекке шақырған болатын.

Оралдағы және Сибирьдегі меньшевиктер ағылшын-француз империалистерімен ынтымақ жасап, Октябрь революциясының женістерін жоюға іс жүзінде көмектесіп келді және көмектесіп те отыр.

Красноводскідегі меньшевиктер ағылшын империалистеріне Закаспи өлкесінің есігін ашып беріп, оларға Түркстандағы Совет өкіметін қыйрату ісін жеңілдетіп берді.

Ақырында, Европалық Россиядағы меньшевиктердің бір бөлегі Совет өкіметіне қарсы «белсене» «күрес» жүргізу қажет деп жариялап, біздің Россияны азат ету жолындағы соғыста қанға малынып отырған армиямыздың тылында контрреволюциялық ереуілдер ұйымдастырып жүр, сонымен меньшевиктік Орталық Комитет уағыздап отырған «Совет үкіметінің соғыс әрекеттерін қолдау» жұмысын іске аспайтын нәрсеге айналдырып отыр.

Россияның орталығы мен шеткері аймақтарындағы меньшевизмнің социализмге қарсы және контрреволюциялық бұл элементтерінің бәрі өздерін осы уақытқа дейін меньшевиктер партиясының мүшесіміз деп санап жүр, ал бұл партияның Орталық Комитеті кәзірде Совет өкіметіне өзінің «саяси жағынан тілектес» екендігі туралы салтанатты түрде айтып отыр.

Біз былай деп сұраймыз:

1) Меньшевизмнің жоғарыда айтылған контрреволюциялық элементтеріне меньшевиктердің Орталық Комитетінің қандай қатнасы бар?

2) Оның бұлардан үзілді-кесілді және біржолата қол үзгісі келе ме?

3) Ол тұңғыш рет болса да осы бағытқа қарай қадам жасады ма?

Мұның бәрі — сұраулар, бұларға меньшевиктердің Орталық Комитетінің «қарарынан» да, олардың практикасынан да жауап таба алмай отырмыз.

Оның бер жағында, кәзірде меньшевиктік Орталық Комитет жариялап отырған «өзара келісім жасауды» жүзеге асыру ісі меньшевизмнің контрреволюциялық элементтерінен үзілді-кесілді қол үзгенде ғана алға жылжый алатындығы күмәнсіз.

„Правда" № 234,
29 октябрь, 1918 ж.
Қол қойған: И. Сталин

ЖҰМЫСШЫ, СОЛДАТ ЖӘНЕ ШАРУА ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ МОСКВА СОВЕТІНІҢ ПЛЕНУМІНДЕ ОҢТҮСТІК МАЙДАНЫНДАҒЫ ІСТІҢ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

29 октябрь, 1918 ж.
(Газеттік есепті мақала)

Сталин жолдас былай дейді: Советтік Россияның күштерінің өсіп келе жатқандығын дәлелдеп жату қажет емес, мұны оның табыстары да толық дәлелдейді. Бірақ Советтік Россияның жаулары бізді қыйратуға дәл кәзіргідей болып еш уақытта да қатты тырысқан емес. Советтік Россияның жауларының жоспары — Россиядан астықты ең бай аудандарды бөліп алып, оны ұрыссыз қолға түсуге мәжбүр ету. Бұдан 5 — 6 ай бұрын осы жоспарды Самара мен Сибирьде жүзеге асырмақ болған болатын. Соңғы екі ай біздің жауларымызға олардың бұл жоспарының жүзеге аспайтындығын дәлелдеді. Енді олар бұл авантюраны оңтүстікте қайталауға тырысып жүр. Оңтүстіктің өзіне қарай тартатын үлкен күші бар. Онда кем дегенде 150 миллион пұт басы артық астық жатыр. Онда жүз мыңдаған пұт көмір бар. Россияның оңтүстігінің стратегия жөніндегі маңызы мұнан да зор. Ол халықаралық жаңа түйін түйіліп келе жатқан облыс болып отыр. Мұны сол жердегі жүргізіліп жатқан

жұмыстан да байқауға болады. Екатеринодарда Краснов бас болған жаңа үкімет құрылып отыр. Онда үш армия бірігіп отыр. Контрреволюционерлер оңтүстікті алу үшін, өзінің басты-басты күштерін Царицынға карсы жіберіп отыр. Августа Краснов Царицынды алуға бұйрық берді. Бұл бұйрық орындалмады, ал Красновтың армиясы қашып құтылуға тиіс болды. Октябрьде Краснов қайтадан бұйрық берді: Царицын қайткен күнде де 15 октябрьге дейін алынып, чехословактармен қосылатын болуымыз керек деп бұйырды. Толып жатқан генералдардың біріккен армияларының кемінен 40 полктері ұрысқа жіберілді. Солай бола тұрса да, бұл генералдар қашып құтылуға тиіс болды, қашқанда да, олардың біреуі сасқалақтап етігін де жоғалтып алды. (К ү л к і.)

Генералдар біздің армияның нағыз, күннен күнге өсіп келе жатқан күш екендігін, мұны жеңу олардың қолдарынан келмейтіндігін сонда ғана түсінді.

Біздің армияның күші неде? Жауларға ол неліктен осындайлық дұрыс соққы беріп отыр?

Біздің армияның күші оның саналы және тәртіпті болуында. Біздің Оңтүстік майдандағы жеңісіміздің себептерінің бірі — пролетариаттық тәртіп пен саналылықтың болуы.

Екінші себебі — жаңадан қызыл офицерлердің шығуы. Бұлардың көпшілігі, бірсыпыра шайқасуларда жауынгерлік тәжрибе алған және соғыс жұмысын жақсы білетін бұрынғы солдаттар. Олар біздің әскерлерімізді жеңіске бастап отыр.

Біздің армияның жеңісінің тетігін шешетін негізгі

факторлар осылар. Осылай болғандықтан, мен біздің оңтүстіктегі армияны қара жүрек бандылар еш уақытта да жеңе алмайды деп ойлаймын.

„Известия" № 237.
30 октябрь 1918 ж.

РОССИЯНЫҢ ОҢТҮСТІГІ ТУРАЛЫ

„Правда“ газетінің тілшісімен әңгіме

Халық комиссары Сталин таяуда командировкадан келіп біздің тілшімізге Оңтүстік майданның жағдайы жөнінде өзінің пікірлерін айтты.

ОҢТҮСТІК МАЙДАННЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Дон контрреволюциясы мен астрахань-орал-чехословакия бандыларының екі арасындағы бір ғана **стратегиялық жағдайдың өзі-ақ** Оңтүстік майданның маңызды екендігін көрсетеді. Ағылшын ықпалы жүретін жерлердің (Энзели, Красноводскі) жақын болуы мұның маңыздылығын тереңдете түседі. Россия оңтүстігінің байлығы (астық, мұнай, көмір, мал, балық), Россиядан бұл маңызды жерді бөліп әкетуге тырысып жүрген империализм жыртқыштарының тойымы жоқ аранын өз өзінен аштыра түсіп отыр. Сонымен қатар, күз түскеннен кейін және Самара авантюрасын жойғаннан кейін соғыс қимылдарының орталығының оңтүстікке ауатындығы күмәнсіз нәрсе. Патшаның малайлары — Шиповты, Сазоновты, Лукомскийді құрамына енгізіп, жаңадан (тіпті жаңа) «бүкілроссиялық

үкіметті» асып-сасып құрастыру арқылы, Красновтың, Деникиннің және Скоропадскийдің бандыларын бір армия етіп біріктіру арқылы, Англияны және басқаларды көмекке шақыру арқылы оңтүстік контрреволюционерлерінің кәзірде «жанталаса» жұмыс жүргізіп жатқан себебі нақ осы.

ЦАРИЦЫН — СОҚҚЫ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ

Жаудың ең көп атқылайтын пункті — Царицын болып табылады. Бұл түсінікті де, өйткені Царицынды алу және оңтүстік екі арадағы қатнасты үзу жаулардың барлық міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етер еді: бұл Доннан бастап чехословактарға дейінгі жерде контрреволюцияның тұтас бір майданын құру арқылы Дон контрреволюционерлерін Астрахань және Орал әскерлерінің казактардан құралған жоғарғы топтарымен біріктірген болар еді; бұл ішкі және сыртқы контрреволюционерлерге оңтүстікпен Каспиді бекітіп берген болар еді; бұл Солтүстік Кавказдың совет әскерлерін дәрменсіз жағдайда қалдырған болар еді...

Оңтүстік ақгвардияшыларының қайткенде де Царицынды алуға қарысып отырған себебі, ең алдымен, осы болып отыр.

Краснов август айының өзінде-ақ — «Царицын алынсын», деп бұйрық берген болатын. Красновтың бандылары біздің майданға жанталаса шабуыл жасап, оны қыйратуға тырысты, бірақ біздің Қызыл Армия оларға тойтара соққы беріп, Донның ар жағына қуып тастады.

Октябрьдің бас кезінде Царицынды алу туралы

жаңа бұйрық шығады, бұл жолы бұйрық беруші Ростовтағы контрреволюциялық казактар тобы болады. Жау Доннан, Киевтен (Скоропадскийдің офицерлерден құрылған полктері!), Кубаньнан (Алексеевтің «еркімен барғандары»!) жыйнастырып, кем дегенде қырық полк алып келді. Бірақ біздің Қызыл Армияның қайтпас қайрат жасауының арқасында Красновтың бандылары бұл жолы да соққы жеп кейін қашты, оның бержағында жаудың бірсыпыра полктерін біздің әскерлер қамап алып, жойып жіберді, олардың зеңбіректері, пулеметтері, винтовкалары біздің қолымызда қалды. Мамонтов, Антонов, Попов, Толкушкин сыяқты генералдар және толып жатқан итаршы полковниктер қашып құтылуға мәжбүр болды.

БІЗДІҢ АРМИЯНЫҢ КҮШІ НЕДЕ?

Біздің армия, ең алдымен, саналы және тәртіпті болғандықтан жеңістерге жетіп отыр. Красновтың солдаттарының өзгешелігі — олар адам айтқысыз топас және надан келеді, олардың сырткы дүниемен ешбір қатнасы болмайды. Олар не үшін соғысып жүргендерін білмейді. Олар қолға түсіп, жауап бергенде — «Бізге бұйырды, сондықтан біз ұрысуға мәжбүр болып отырмыз», дегенді айтады.

Біздің қызыларміяшы олай емес. Ол өзін революцияның солдатымын деп мақтана атайды, ол капиталистердің пайдасы үшін соғыспай, Россияны азат ету үшін соғысып жүргендігін біледі, ол осыны білгендіктен ұрысқа барғанда барлығын көре тұра барады. Қызыларміяшылардың арасында әр нәрсенің ретті болуына және тәртіптің болуына құмарлықтың

күштілігі соншa, тіпті бірсыпыра жағдайларда өздерінің «тыңдамайтын» және тәртібі аз жолдастарын олардың өздері жазалап отырады.

Бірсыпыра ұрыстарда жауынгерлік тәжрибе алған бұрынғы солдаттардың ішінен қызыл офицерлердің көп кадрлары шығуының да зор маңызы бар. Бұл қызыл офицерлер біздің армияның негізгі тұтқасы болып отыр, олар оны тұтас бір тәртіпті организм етіп біріктіріп отыр.

Бірақ армияның күші оның өз сапаларымен ғана болып қоймайды. Тыл мықты болмаса армия ұзақ уақыт өмір сүре алмайды. Майдан берік болу үшін— армияның тылдан адамдарды, ұрыс жабдықтарын, азық-түліктерді үнемі алып отыруы қажет. Бұл жөнінде тылда, ең алдымен, мобилизация және жабдықтау жөнінде шын пейілімен, талмай жұмыс істейтін алдыңғы қатардағы жұмысшылардың ішінен іс білетін және қолынан іс келетін администраторлардың шығуы өте үлкен роль атқарды. Мұндай администраторлар болмаған болса, Царицын аман қалмаған болар еді деп еркін айтуға болады.

Осының бәрі біздің армияны, жаудың қандай қарсылығын болса да қыйрата алатын, айбынды күшке айналдырады.

Іс жағдайларының барлығына қарағанда, оңтүстікте халықаралық жаңа түйін құрылып келеді. Екатеринодарда Англияның қойған адамдарынан «бүкілроссиялық» «жаңа» «үкіметтің» шығуы, Царицынның түбінде біздің әскерлер бір рет қыйрата соққы берген контрреволюциялық үш армияның (Алексеевтің, Скоропадскийдің, Красновтың армияларының) бірігуі, Англияның қолсұғуы мүмкін дейтін аңыздың тара-

луы, Англияның Терек контрреволюционерлерін Энзель мен Красноводскі арқылы жабдықтауы — мұның бәрі кездейсоқ нәрсе емес. Самарада күйреген авантюраны енді оңтүстікте қайта орнатқысы келеді. Бірақ олардың жеңістің тетігін шешетін нәрсесі, яғни контрреволюцияның арам ісіне сенетін және ақырына дейін ұрысуға қабілеті бар армиясы болмайды, оның болмайтындығында күмән жоқ. Қуаты күшті қыспаққа бір рет түскеннің өзінде-ақ контрреволюциялық авантюристердің қағаз үйінің күлі көкке ұшады. Бұған біздің армияның батырлығы, Краснов-Алексеевтердің «әскерлерінің» ішіндегі ыдыраушылық, Украинадағы күшейіп келе жатқан наразылық, Советтік Россияның өсіп келе жатқан күш-қуаты және, ақырында, барған сайын күшейіп келе жатқан Батыстағы революциялық қозғалыс кепіл. Самарадағы авантюра немен аяқталған болса, оңтүстіктегі авантюра да сонымен аяқталмақ.

„Правда" № 235,
30 октябрь, 1918 ж.

ОКТЯБРЬ ТӨҢКЕРІСІ

(1917 жылғы 24—25 октябрьде Петроградта болды)

Октябрь көтерілісін тездеткен ең маңызды оқиғалар мыналар болды: Уақытша үкіметтің (Риганы жауға бергеннен кейін) Петроградты жауға бермек болғандығы, Керенскийдің үкіметінің Москваға көшуге дайындық жасауы, ескі армияның командирлер құрамының, астананы қорғайтын еш нәрсе қалдырмай, Петроградтың қалалық әскерлерін тегісімен майданға жіберуге ұйғаруы және, ақырында, Москвада Родзянко басқарған қара жүрек съездің[33] жанталаса жұмыс жүргізуі, — контрреволюцияны ұйымдастыру жөнінде жұмыс жүргізілуі. Күн санап өршіп келе жатқан шаруашылық бүліншілігімен және майданның соғысты бұдан әрі созғысы келмеуімен байланысты жоғарыда айтылғандардың барлығы болып отырған жағдайдан құтылудың бірден-бір жолы ретінде тез және әбден ұйымдастырылған көтерілістің сөзсіз болатындығын анықтады.

Большевиктер партиясының Орталық Комитеті сентябрьдің аяқ кезінен бастап-ақ партияның барлық күшін жеңісті көтеріліс ұйымдастыру үшін жұмылдыруға ұйғарды. Осы мақсаттарды көздеп Орталық Ко-

митет Питерде Соғыс-революциялық комитетін ұйымдастырып, Петроградтың қалалық әскерлерін астанада қалдыртуға және Бүкілроссиялық Советтер съезін шақыруға ұйғарды. Мұндай съезд өкіметтің бірден-бір мирасқоры болмақ еді. Москва мен Петроград депутаттарының ең ықпалды Советтерін тылда да, майданда да алдын ала өзімізге қаратып алу көтеріліс ұйымдастырудың жалпы жоспарына сөзсіз кірген болатын.

Партияның Орталық Органы «Рабочий Путь»[34], Орталық Комитеттің нұсқауларына бағынып, көтеріліс жасауға ашықтан-ашық шақыра бастады, сөйтіп жұмысшылар мен шаруаларды батыл түрде ұрысқа шығуға дайындады.

Большевиктердің «Рабочий Путь» дейтін газетін жабуға айналған кезде Уақытша үкіметпен бірінші рет шекіскен болатынбыз. Уақытша үкіметтің бұйрығы бойынша бұл газет жабылған болатын. Ал Соғыс-революциялық комитеттің бұйрығы бойынша ол газет революция жолымен қайта ашылған болатын. Жапсырып қойған печаттары алып тасталып, Уақытша үкіметтің комиссарлары орындарынан алынды. Бұл 24 октябрьде болған еді.

Соғыс-революциялық комитетінің комиссарлары 24 октябрьде бірсыпыра ең маңызды мемлекеттік мекемелерден Уақытша үкіметтің өкілдерін күшпен қуып шықты, осының нәтижесінде бұл мекемелер Соғыс-революциялық комитеттің қолында қалды, сонымен Уақытша үкіметтің бүкіл аппаратының шырпы бұзылды. Бұл күні (24 октябрьде) Петроградтағы барлық әскер, барлық полктер үзілді-кесілді Соғыс-революциялық комитеттің жағына шықты, — тек қана қайсы-

гі нәрсе. Россиядан қуылып шыққан барлық контрреволюционерлердің осы ұйтқыларға қарай ұмтылғаны, олардың сол ұйтқылардың маңына ақгвардияшыл «ұлттық» полктер болып құралғаны ешкімге де жасырын нәрсе емес.

Бірақ, шеткері аймақтарда, «ұлттық үкіметтерден» басқа, ұлттық жұмысшылар мен шаруалар да бар. Олар, орталықтағы Совдептердің үлгісі бойынша Октябрь төңкерісіне дейін-ақ өздерінің революциялық Совдептеріне ұйымдасып, өздерінің солтүстіктегі туысқандарымен еш уақытта байланыстарын үзген емес. Буржуазияны жеңіп шығуға олар да тырысты, социализмнің жеңіп шығуы үшін олар да күресті. Олардың «өздерінің» ұлттық үкіметтерімен жанжалдасуы күннен күнге күшейгені таңырқарлық нәрсе емес. Октябрь төңкерісі шеткері аймақтардағы жұмысшы, шаруалар мен Россиядағы жұмысшы, шаруалардың одағын тек нығайтты, оларды социализмнің жеңіп шығуына сендіріп, рухтандырды. Ал «ұлттық үкіметтердің» Совет өкіметіне қарсы соғысы ұлт бұқарасының осы «үкіметтермен» жанжалдасуын солармен біржолата айрылысуға дейін, соларға қарсы ашық көтеріліс жасауға дейін апарды.

Россияның шеткері аймақтарындағы ұлттық-буржуазиялық үкіметтердің контрреволюциялық одағына қарсы бүкіл Россиядағы жұмысшылар мен шаруалардың социалистік одағы осылай құрылды.

Кейбіреулер шеткері аймақтардағы «үкіметтердің» күресін Совет өкіметінің «мейрімсіз централизміне» қарсы ұлт азаттығы үшін күресу деп көрсетеді. Бірақ бұл мүлде дұрыс емес. Россиядағы Совет өкіметіндей дүние жүзінде бір де бір өкімет мұндай кең децент-

рализмге жол берген емес, дүние жүзінде бір де бір үкімет халыққа мұндай толық ұлт бостандығын берген емес. Шеткері аймақтардағы «үкіметтердің» күресі буржуазиялық контрреволюцияның социализмге қарсы күресі болып келді және солай болып қалады да. Ұлт туы, — ұлттық буржуазияның контрреволюциялық арам пыйғылын бүркемелеуге қолайлы болғаны үшін, бұқараны тек алдау үшін, — кәнігі ту есебінде ғана іске тігіледі.

Бірақ «ұлттық» және облыстық «үкіметтердің» күрестері тең күрес болып шықпады. Екі жақтан: сырттан — Россиядағы Совет өкіметі, іштен — «өзінің меншікті» жұмысшылары мен шаруалары шабуыл жасағансоң, — «ұлттық үкіметтер» бірінші ұрыстан соң-ақ кейін шегінуге тиіс болды. Фин жұмысшылары мен торпарлардың[35] көтерілісі және буржуазиялық «Сенаттың» қашуы; украин жұмысшылары мен шаруаларының көтерілісі және буржуазиялық «Раданың» қашуы; Дондағы, Кубаньдағы, Сибирьдегі жұмысшылар мен шаруалардың көтерілісі және Калединнің, Корниловтың және Сибирь «үкіметінің» күйреуі; Түркстан кедейлерінің көтерілісі және «автономиялы үкметтің» қашуы; Кавказдағы аграрлық революция және Грузиядағы, Армениядағы және Азербайжандағы «ұлттық советтердің» толық бишаралылығы, — міне, шеткері аймақтардағы «үкіметтердің» «өздерінің» еңбекші бұқараларынан толық қол үзіп қалғандығын дәлелдейтін, жұрттың бәріне белгілі фактылар осылар. Күл-талқаны шығып қыйраған «ұлттық үкіметтер» «өздерінің» жұмысшылары мен шаруаларына қарсы, Батыстағы империалистерден — бүкіл дүние жүзіндегі

ұлттардың ежелгі езушілері мен эксплоататорларынан көмек сұрауға «кіріптар» болды.

Шетелдік қол сұғу және шеткері аймақтарды оккупациялау кезеңі, — «ұлттық» және облыстық «үкіметтердің» контрреволюциялық сыйпатының тағыбір әшкереленген кезеңі, — осылай басталды.

Ұлттық буржуазияның «өз халқын» ұлт езушілігінен азат етуге тырыспай, қайта одан пайда түсіру бостандығына, өздерінің артықшылықтары мен капиталдарын сақтап қалу бостандығына тырысатыны жұрттың бәріне тек енді ғана айқын болды.

Империализмнен айрылыспай тұрып, езілген ұлттардың буржуазиясын құлатпай тұрып, өкімет осы ұлттардың еңбекші бұқарасының қолына көшпей тұрып, езілген ұлттарды азат ету ақылға сыймайтын нәрсе екендігі тек енді ғана айқын болды.

Сөйтіп, өзін өзі билеу принципінің ескі, буржуазиялық ұғымы мен «Бүкіл өкімет ұлттық буржуазияға берілсін» деген ұран революцияның барысында әшкереленіп, лақтырылып тасталды. Өзін өзі билеу принципінің социалистік ұғымы мен «Бүкіл өкімет езілген ұлттардың еңбекші бұқарасына берілсін» деген ұран өзінің қолданылуы жөнінде барлық праволар мен мүмкіншіліктерге ие болды.

Сонымен, Октябрь төңкерісі, ескі, буржуазиялық-азаттық ұлт қозғалысын құртып, езілген ұлттардың жұмысшылары мен шаруаларының барлық езушілікке қарсы, — демек, ұлт езушілігіне де қарсы, «өз» буржуазиясының да, жат буржуазияның да өкіметіне қарсы, жалпы империализмге қарсы бет алған жаңа, социалистік қозғалысының заманын тудырды.

III
ОКТЯБРЬ ТӨҢКЕРІСІНІҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МАҢЫЗЫ

Октябрь революциясы Россияның орталығында жеңіп, бірнеше шеткері аймақтарды меңгеріп алғансоң, Россия территориясының шеңберімен тына алмады. Ол дүниежүзілік империалистік соғыс пен жалпы бұқара наразылығы жағдайында көрші елдерге де көшпей тұра алмады. Империализмнен айрылысу және Россияны талан-тараждық соғыстан құтқару; құпия шарттарды жариялау және бөтен жерлерді басып алу саясатын салтанатты түрде жою; ұлт бостандығын жариялау және Финляндияны тәуелсіз деп тану; Россияны «советтік ұлт республикаларының федерациясы» деп жариялау және Совет өкіметінің империализмге қарсы батыл күрес жүргізу жөнінде дүние жүзіне айбынды ұран көтеруі, — міне, осылардың бәрі құл болып келген Шығысқа және қанға боялып жатқан Батысқа елеулі әсер етпей тұра алмады.

Шынында да, Октябрь революциясы Шығыстағы езілген халықтардың еңбекші бұқарасын ғасырлық ұйқыдан оятқан және оларды дүниежүзілік империализмге қарсы күреске тартқан дүние жүзіндегі бірінші революция болып табылады. Россиядағы Советтердің үлгісімен Персияда, Қытайда және Индияда жұмысшылар мен шаруалар Советтерінің құрылуы міне осыны жеткілікті дәлелмен көрсетіп отыр.

Октябрь революциясы Батыстағы жұмысшылар мен солдаттардың құтқарылуына айқын үлгі болған және оларды соғыс пен империализмнің езушілігінен шын азат болуға итермелеген дүние жүзіндегі бірінші

революция болып табылады. Австро-Венгрия мен Германияда жұмысшылар мен солдаттардың көтеріліс жасауы, жұмысшы және солдат депутаттары советтерінің құрылуы, Австро-Венгрияның толық правосыз халықтарының ұлтты езушілікке қарсы революциялық күресі, — міне осыны жеткілікті айқын көрсетіп отыр.

Әңгіме Шығыстағы және тіпті Батыстағы күрестің буржуазиялық-ұлтшылдық қатпардан әлі де болса арылып жетпегенінде емес, — әңгіме мынада: империализмге қарсы күрес басталды, бұл күрес әлі болып жатыр және сөзсіз өзінің логикалық шегіне жетуге тиіс.

Шет елдердің қол сұғуы және «сырткы» империалистердің оккупациялық саясаты, күреске жаңа халықтарды тартып, империализммен ұстасатын революциялық ауданды кеңейтіп, тек революциялық кризисті шиеленістіре түседі.

Сөйтіп, Октябрь төңкерісі артта қалған Шығыс халықтары мен алдыңғы қатардағы Батыс халықтарының арасына байланыс жасап, оларды империализмге қарсы күрестің жалпы лагеріне тартады.

Сөйтіп, ұлт мәселесі ұлт езушілігіне қарсы күресу туралы жеке мәселеден ұлттарды, отарларды және жартылай отарларды империализмнен азат ету туралы жалпы мәселеге айналып отыр.

II интернационалдың және оның бастығы Каутскийдің кешірілмейтін күнәсі атап айтқанда мынау: олар ұлттың өзін өзі билеуі туралы мәселенің буржуазиялық ұғымына әрдайым шырмалумен болды, бұл мәселенің революциялық мағнасын түсінбеді, ұлт мәселесін империализмге қарсы ашық күрестің революциялық негізіне қоя білмеді немесе қойғылары келме-

ді, ұлт мәселесін отарларды азат ету мәселесімен байланыстыра білмеді немесе байланыстырғылары келмеді.

Австрияның Бауэр мен Реннер сықылды социал-демократтарының топастығы шынында мынау: олар ұлт мәселесін саясаттан бөлуге және оны мәдени-ағарту мәселелерінің шеңберіне сыйдыруға тырысып, империализм және империализмнің құлдығындағы отарлар сыяқты «ұсақ-түйектердің» барлығын ұмытып, ұлт мәселесінің өкімет туралы мәселемен тығыз байланысты екенін түсінбеді.

Өзін өзі билеу принципі мен «отан қорғау» принципі өрлеп келе жатқан социалистік революция жағдайындағы оқиғалардың барысында жойылды деседі. Шынында өзін өзі билеу принципі мен «отан қорғау» принципі жойылған жоқ, ол принциптердің буржуазиялық мағнасы жойылды. Социалистік мағнадағы өзін өзі билеу принципінің бүкіл революциялық маңызын түсіну үшін, — империализмнің езуіне шыдай алмай зар еңіреп, азаттыққа жұлқынып жатқан оккупацияланған облыстарға көз жіберсек те жеткілікті; социалистік отанын империализм жыртқыштарынан қорғау үшін революциялық соғыс жүргізіп отырған Россияға көз салсақ та жеткілікті; қазіргі Австро-Венгриядағы болып жатқан оқиғаларды ойлап қарасақ та жеткілікті; қазір өздерінде Советтер ұйымдастырған отарлар мен жартылай отарларға (Индия, Персия, Қытай) көз жіберсек те жеткілікті, — осылардың бәрін алып қарасақ жеткілікті.

Октябрь төңкерісінің дүниежүзілік ұлы маңызы, көбінесе, мынада: ол —

1) ұлт мәселесінің көлемін кеңейтті, оны Европада ұлт езушілігіне қарсы күресу туралы жеке мәселеден езілген халықтарды, отарларды және жартылай отарларды империализмнен азат ету туралы жалпы мәселеге айналдырды;

2) бұл азаттыққа кең мүмкіншілік туғызып, шын жол ашты, сөйтіп Батыс пен Шығыстағы езілген халықтардың азаттыққа жету ісін едәуір жеңілдетті, оларды империализмге қарсы жеңімпаз күрестің жалпы арнасына тартты;

3) сонымен, Россия революциясы арқылы Батыстың пролетарларынан бастап Шығыстың езілген халықтарына дейін дүниежүзілік империализмге қарсы революциялық жаңа майдан құрып, **социалистік Батыс пен құлданылған Шығыстың арасына көпір салды.**

Шығыс пен Батыстың еңбекші және қаналған бұқарасының кәзірде Россия пролетариатына ерекше ықласымен қарайтыны, шынында, осы себептен.

Бүкіл дүние жүзіндегі империалистік жыртқыштардың кәзір Советтік Россияға құтыра шабаланып отырғаны да, көбінесе, осы себептен.

„Правда“ № 241 және 250;
6 және 19 ноябрь, 1918 ж.
Қол қойған: И. Сталин

АРАДУАЛ

Социалистік Россия мен революциялық Батыстың екі аралығында оккупацияланған облыстар сияқты арадуал құрылып отыр.

Россияда бір жылдан аса уақыттан бері қызыл ту тігіліп, Батыста, Германия мен Австро-Венгрияда, пролетариат көтерілістерінің дүмпуі күн санап емес, сағат санап өсіп отырған кезде, — оккупацияланған облыстарда, Финляндияда, Эстляндияда, Латвияда, Литвада, Белоруссияда, Польшада, Бессарабияда, Украинада, Қырымда, буржуазиялық-ұлтшыл «үкіметтер» Батыстың өмірі өтіп бара жатқан империалистерінің рақым етуі арқылы ілініп-салынып өмір сүріп отыр.

Шығыс пен Батыста «ұлы» корольдер мен «державалық» империалистер аласталып отырған кезде, — оккупацияланған облыстарда ұсақ корольсымақтар мен ұсақ жыртқыштар қожайындық етіп, жұмысшылар мен шаруаларға бассыздық етіп, зорлық жасап отыр, оларды тұтқынға алып, атып өлтіріп жатыр.

Ол ол ма, олар, өмірі өтіп кеткен осы «үкіметтер», жанталасып өздерінің «ұлттық» ақгвардияшыл «полк-

терін» ұйымдастырып, әзірше жойылмай қалып отырған империалистік үкіметтермен өзара сыбырласып, «өздерінің» территориясын «кеңейту» жөнінде жоспар құрып, «ұрысқа шығуға» дайындалып жатыр.

Олар, құлатылған «ұлы» корольдердің тірідей шіріп келе жатқан осы сүлделері, тағдырдың жазуы бойынша Шығыс пен Батыс революциясының орасан зор отының екі аралығында қалып қойған осы «ұлттық» ұсақ «үкіметтер», енді Европадағы жалпы революция өртін сөндіруді, өздерінің адам күлерлік өмірін сақтап қалуды, тарихтың тегершігін кері айналдыруды арман етіп отыр!..

«Ұлы» Германия мен Австро-Венгрияның «державалық» корольдерінің істей алмаған жұмысын, бұл ұсақ «корольсымақтар» «бір-ақ сермеу» арқылы, бір-екі жұбы бұзылған ақгвардиялық «полктердің» көмегі арқылы істеп шығамын деп ойлайды..

Россия мен Батыстағы революцияның қуатты толқындарының оккупацияланған облыстардағы контрреволюциялық қиялшылдарды аяусыз сыпырып әкететіндігіне біз күмәнданбаймыз. Біз бұл облыстардың «корольсымақтарының» Россия мен Германиядағы өздерінің бұрынғы «державалық» қамқорларының ізімен кететін сағатының жақын екендігіне де шүбәланбаймыз.

Революциялық Батыс пен социалистік Россияның екі аралығындағы контрреволюциялық арадуалдың, ақырында, жойылатындығына сенбеуге біздің дәлеліміз жоқ.

Оккупацияланған облыстарда революцияның алғашқы белгілері кәзірдің өзінде-ақ біліпіп отыр. Эстляндиядағы көтерілістер, Латвиядағы демонстрация-

лар, Украинадағы жалпы ереуіл, Финляндиядағы, Польшадағы, Латвиядағы жалпы революциялық наразылық, — осының бәрі алғашқы жылқүсы ғана. Бүл облыстарда революцияның болуы және совет үкіметтерінің орнауы — таяу уақыттың ішінде болатын іс екендігі айтпасақ та түсінікті.

Пролетарлық революция қаһарлы және айбынды түрде жер жүзіне таралып келеді. Шығыс пен Батыста дүниенің бүрынғы «билеушілері» революцияның алдында қалшылдап, зәресі үшып, ескі тәждері түскенге дейін басын иіп отыр. Оккупацияланған облыстар және олардың үсақ «корольсымақтары» бүлардан ерекше күйде қала алмайды.

„Жизнь Национальностей" № 2,
17 ноябрь, 1918 ж.
Басмақала

Қол қойған: И. Сталин

ШЫҒЫСТЫ ҰМЫТПАҢЫЗДАР

Европада революциялық қозғалыс өрлеп келе жатқан кезде, ескі тәж, тақтар күйреп, жұмысшылар мен солдаттардың революциялық Советтеріне орын беріп жатқан кезде, ал оккупацияланған облыстар өз территориясынан империализмнің қойған адамдарын айдап шығып жатқан кезде, — жұрттың бәрінің назары Батысқа ауып отырғандығы табиғи нәрсе. Европада соғылып, бүкіл дүние жүзін тұншықтырып отырған империализм бұғаулары, ең алдымен, сол Батыста қыйратылуға тиіс. Социалистік жаңа өмір, ең алдымен, сол Батыста өрлеп өсуге тиіс. Мұндай жағдайда, империализмнен құлдық көріп отырған жүз миллиондаған халқы бар алыс жердегі Шығыс «өз өзінен» байқаусызда ойдан шығып қала береді.

Ал шынында Шығысты бір минут те ұмытуға болмайды, дүниежүзілік империализм үшін «сарқылмайтын» резерв және «барынша сенімді» тыл болып табылатындығы себепті де оны ұмытуға болмайды.

Империалистер Шығысқа әрқашанда өзінің тіршілік негізі деп қараған болатын. Барлық елдердің империалистерінің арасындағы «араздықтың себебі» Шығыс елдерінің ұшы-қыйыры жоқ табиғат байлықта-

ры (мақта, мұнай, алтын, көмір, руда) болған еді ғой. Анығында, империалистердің Европада соғысып жүріп, Батыс туралы **көкіп** сөйлесе де, Қытай, Индия, Персия, Египет, Марокко туралы **ойлаудан** еш уақытта тынбаған себебі де осы, өйткені, шынына келгенде, барлық уақытта да әңгіме Шығыс туралы болды. Олардың Шығыс елдерінде «тәртіп пен заңдылықты» сақтауға өте белсене кірісіп отырғандығының да басты себебі осы: мұнсыз империализмнің ең түкпірдегі тылы қамтамасыз етілмеген болар еді.

Бірақ империалистерге Шығыстың байлығы ғана қажет емес. Оларға Шығыстағы отарлар мен жартылай отарлардағы толып жатқан «тіл алғыш» «адамдар материалы» керек. Оларға Шығыс халықтарының «іскер» және арзан «жұмысшы күштері» керек. Сонымен қатар оларға Шығыс елдерінің «тіл алғыш» «жас жігіттері» керек, олар бұлардан «түсті» әскерлер деп аталатын әскерлер құрастырады және бұларды «нақ өздерінің» революцияшыл жұмысшыларына қарсы дереу іске жұмсап отырады. Олардың Шығыс елдерін өзіміздің «сарқылмайтын» резервіміз деп атайтын себебі осы.

Коммунизмнің міндеті — Шығыстың езілген халықтарын ғасырлық ұйқыдан ояту, бұл елдердің жұмысшылары мен шаруаларына революцияның азаттық рухын тарату, оларды империализмге қарсы күреске шығару және, сөйтіп, дүниежүзілік империализмді «ең сенімді» тылынан, «сарқылмайтын» резервінен айыру болып табылады.

Мұнсыз социализмнің біржолата жеңуі туралы, империализмді толық жеңіп шығу туралы ойлауға да болмайды.

Россиядағы революция Шығыстың езілген ұлттарын тұңғыш рет империализмге қарсы күреске шығарды. Персиядағы, Индиядағы, Қытайдағы депутаттар Советтері — Шығыстың жұмысшылары мен шаруаларының ғасырлық ұйқысының жойылып келе жатқандығының тікелей белгісі.

Батыстағы революцияның Шығыстағы революциялық қозғалысқа жаңадан дем беріп, оны көңілдендіріп, оның жеңіп шығу сенімін күшейте түсетіндігінде күмән жоқ.

Империализмге қарсы күреске жаңа елдерді тартатын және дүниежүзілік революцияның негізін кеңейте түсетін жаңа аннексиялары бар империалистердің өздері де Шығысты революцияшыл ету ісіне бірсыпыра көмектесетін болады.

Коммунистердің міндеті — Шығыстағы өсіп келе жатқан стихиялы қозғалыс ісіне кірісу және оны одан әрі дамытып, империализмге қарсы жүргізілетін саналы күреске жеткізу.

Осы мағнада мұсылман-коммунистердің[36] таяуда болған конференциясының Шығыс елдерінде — Персияда, Индияда, Қытайда насихат жұмысын күшейту туралы қабылдаған қарарының революциялық терең маңызы бар екендігі күмәнсіз.

Біздің мұсылман жолдастар өздерінің өте маңызды қарарын іске асырады деп сенеміз.

Өйткені мына ақыйқатты біржолата түсініп алу керек: социализмнің жеңіп шығуын тілейтін адам Шығыс туралы ұмыта алмайды.

„Жизнь Национальностей" № 3,
24 ноябрь, 1918 ж.
Басмақала

УКРАИНА АЗАТ ЕТІЛІП КЕЛЕДІ[37]

Украина өзінің байлықтарымен қоса әлдеқашаннан-ақ империалистердің қанаған жері болып келеді.

Революцияға дейін Украинаны Батыстың империалистері қанап келді, былайша айтқанда, у-шусыз, «соғыс әрекеттерінсіз» қанап келді. Францияның, Бельгияның, Англияның империалистері, Украинада орасан зор кәсіпорындар (көмір, металл, т. б. кәсіпорындар) ұйымдастырып және акциялардың көпшілігін өз қолдарына түсіріп алып, украин халқының қан-сөлін жарыя, «заңды» түрде, айғай-шусыз сорып жатты.

Октябрь революциясынан кейін жағдай өзгерді. Октябрь революциясы, империализмнің шырмауын үзіп және жер мен кәсіпорындарды украин халқының дәулеті деп жариялап, империалистердің «дағдылы», «айғай-шусыз» қанауына жол бермей қойды. Сонымен империализм Украинадан қуылған болатын.

Бірақ империализм жеңістік бергісі келмеді, ол жаңа жағдайға ешбір көнгісі келмеді. Осыдан барып Украинаны күш жұмсап құлдыққа түсіру «қажеттігі», оны оккупациялау «қажеттігі» туды.

Украинаны оккупациялауға ең бірінші бет алғандар австро-герман империалистері болды. «Рада» мен «гетмандар» өздерінің «тәуелсіздігімен» қоса тек ойыншық қана еді, осы оккупацияны көлегейлеуге ыңғайлы, сырттан қарағанда Украинаны австро-герман империалистерінің қанауына «рыйзалық білдіретін» перде ғана еді.

Австро-герман оккупациясының кезінде Украинаның есепсіз қорлық көріп, азап шегуі, жұмысшы, шаруа ұйымдарының қыйратылуы, өнеркәсіп пен темір жол ісінің әбден бұзылуы, асу, ату, — Австро-Германия империалистерінің қамқорындағы Украина «тәуелсіздігінің» осындай дағдылы суреттері кімге мәлім емес?

Бірақ австро-герман империализмінің талқандалып Германия революциясының жеңіп шығуы Украинаның жағдайын мүлде өзгертті. Еңбекші Украинаны империализмнің бұғауынан азат етудің жолы ашылды. Украинаның күйзелуі мен құл болуы бітеді. Украинада шалқыған революциялық өрт империализмнің ақтық қалдықтарын «ұлттық» дағдыларымен қоса аластайды. Революция толқындарында туған «Украинаның жұмысшы-шаруа уақытша үкіметі»[38] Украина жұмысшылары мен шаруаларының үстемдігі негізінде жаңа тұрмыс құрады. Шаруаларға помещик жерлерін, жұмысшыларға фабрикалар мен заводтарды, барлық еңбекшілер мен қаналушыларға толық бостандығын қайтарып беретін Украин Совет үкіметінің «манифесі», — осы тарихи «манифест» Украина жауларының зәресін алып, жай түскендей қылады, Украинаның езілген ұлдарын қуанышқа батырып, жұбататын жақсылық дабылындай естіледі.

Бірақ күрес әлі біткен жоқ, жеңіс әлі қамтамасыз етілген жоқ. Нағыз шын күрес Украинада жаңа ғана басталды.

Неміс империализмінің санаулы күні таусылып келе жатқанда, ал «гетмандар» ақтық демі таусылып, жанталасып жатқан кезде, ағылшын-француз империализмі Украинаны оккупациялау үшін әскер топтап, Қырымда десант әзірлеп жатыр. Олар, ағылшын-француз империалистері, кәзір Украинадағы неміс оккупанттарының бос орнын басқысы келіп отыр. Мұнымен бірге «жаңа» пернеге салынған баяғы «тәуелсіздік» ұранын шақырып, авантюрист Петлюра бастаған «Украин директориясы»[39] қалқып шығып келеді, бұл — ағылшын-француздың Украинаны жаңадан оккупациялауы үшін, «гетмандардан» гөрі анағұрлым қолайлы жаңа перде!

Украинада болатын нағыз шын күрес әлі алда.

Шақырылмаған жаңа қонақтарға — Англия мен Франциядан келетін құлданушыларға Украин Совет үкіметінің тиісті соққы бере алатындығына біз күмәнданбаймыз.

Винниченко — Петлюра лагерінен шыққан, неғылғанмен де ағылшын-француз құлданушылардың келуін әзірлеп жүрген даукестердің реакцияшыл ролін Украин Совет үкіметінің әшкерелей алатындығына біз күмәнданбаймыз.

Украин Совет үкіметінің Украинаның жұмысшылары мен шаруаларын өз төңірегіне топтап, оларды күрес пен жеңіске абыроймен бастай алатындығына біз күмәнданбаймыз.

Біз Советтік Украинаның барлық адал ұлдарын Украинаның жас Совет үкіметіне жәрдемдесіп, оның

Украинаны тұншықтырушыларға қарсы жүргізіп жатқан даңқты күресін жеңілдетуге шақырамыз.

Украин азат етіліп келеді — оған жәрдемдесуге асығыңыздар!

„Жизнь национальностей" № 4,
1 декабрь, 1918 ж.
Басмақала
Қол қойған: Сталин

ШЫҒЫСТАН ЖАРЫҚ-СӘУЛЕ КЕЛЕДІ[49]

Азаттық қозғалыстың толқыны Шығыстан Батысқа қарай оккупацияланған облыстарға, жай болғанымен, тоқтаусыз таралып келеді. Эстляндияның, Латвияның, Литваның, Белоруссияның буржуазиялық-республикалық «жаңа» «үкіметтері» де жұмысшылар мен шаруалардың өкіметіне орын беріп, жай болғанымен, тоқтаусыз түрде жоққа айналып келеді. Россия мен Германияның арасындағы арадуал құрып, жойылып келеді. Буржуазиялық ұлтшылдықтың «Бүкіл өкімет ұлт буржуазиясына берілсін» деген ұраны пролетарлық социализмнің «Бүкіл өкімет езілген ұлттардың еңбекші бұқараларына берілсін» деген ұранымен ауысып келеді.

Бұдан бір жыл бұрын, Октябрь төңкерісінен кейін болған азаттық қозғалыс осы бағытта, осы ұран арқылы болған болатын. Ол кезде шеткері аймақтарда құрылған буржуазиялық-ұлттық «үкіметтер», Россиядан келе жатқан социалистік қозғалыстың толқынын тоқтату мақсатымен, Совет өкіметіне соғыс жариялаған болатын. Олар, өкімет пен артықшылық жағ-

дайды ұлт буржуазиясының қолында қалдыру үшін, шеткері аймақтарда жеке буржуазиялық мемлекеттер орнатпақшы еді. Оқушылардың есінде болар, бұл контрреволюциялық әрекеттер іске аспай қалған болатын: ішкі жағынан «нақ өздерінің» жұмысшылары мен шаруалары шабуыл жасап, бұл «үкіметтер» кейін шегінуге мәжбүр болған болатын. Содан кейін герман империализмі тарапынан оккупация басталып, шеткері аймақтарды азат ету процесі үзілген болатын, ол оккупация буржуазиялық-ұлттық «үкіметтердің» күшін басым етіп жіберген болатын. Енді, герман империализмі талқандалып, шеткері аймақтардан оккупациялық әскерлер ығыстырылғаннан кейін, азаттық күресінің процесі жаңа күшпен, бұрынғыдан да гөрі айқын жаңа формаларда қайта басталып отыр.

Эстляндия жұмысшылары көтеріліс туын бірінші болып көтерді. Эстляндия еңбек коммунасы[41], Эстляндияның буржуазиялық-республикалық «үкіметінің» негіздерін қыйрата отырып, Эстляндияның қалалары мен деревняларының еңбекші бұқараларын күреске шығара отырып, жеңіспен алға басып келеді. Эстляндия Совет үкіметінің сұрауына жауап ретінде, Россия Совет үкіметі салтанатты түрде Эстляндия Социалистік Республикасын тәуелсіз деп таныды. Бұл істің Россия Совет үкіметінің борышы мен міндеті екендігін дәлелдеп жатудың керегі бола қояр ма екен? Советтік Россия батыс облыстарына еш уақытта да өз иелігім деп қараған емес. Ол әрқашанда бұл облыстарды сондағы мекендеген ұлттардың еңбекші бұқараларының өздеріне тән иелігі деп есептеп, бұл еңбекші бұқаралардың өздерінің саяси тағдырын еркіті түрде өздері шешуге толық правосы бар деп сана-

ды. Әлбетте, бұл біздің эстляндиялық жолдастарымызға олардың еңбекші Эстляндияны буржуазияның езгісінен азат ету жолындағы күресінде Советтік Россияның тарапынан барынша көмек берілуді керексіз етпейді, қайта оны қажетті етеді.

Латвияның жұмысшылары да өздерінің зәбірленген отанын азат ету ісіне кірісті. Веррода, Валкада, Ригада, Либавада және Латвияның басқа жерлерінде Совдептердің қайта орнауы, Рига жұмысшыларының қажетті саяси бостандықтарды революциялық жолмен алуға тырысуы, латыш атқыштарының Ригаға қарай тез жылжуы, — осының бәрі Латвиядағы буржуазиялық-республикалық «үкіметтің де» Эстляндиядағы «үкіметтің» халіне ұшырайтындығын көрсетеді. Бізге келіп түскен ақпарларға қарағанда, таяу күндердің ішінде Латвияның Уақытша Совет үкіметі[42] ресми түрде жарияланатын көрінеді. Бұл істің, егер ол шын бола қалған күнде, Латвияның империализмнен азат етілуін тездетіп, оны жүзеге асыратындығы айтпасақ та түсінікті.

Литваның жұмысшылары мен шаруалары да латыш жұмысшыларының ізімен келе жатыр. Әзірше жартылай жария болғанымен, Вильнада, Шавлида, Ковнода және Литваның басқа жерлерінде Совдептердің құрылуы; Литваның ауылшаруашылық жұмысшыларының ірі-ірі экономияларды помещиктердің талан-таражға салуынан қорғау ісінде асқан революциялық белсенділік көрсетуі; литван атқыштарының Литваның түкпіріне қарай жылдам жылжуы; ақырында, біздегі ақпарларға қарағанда, Литваның Уақытша Совет үкіметін жариялауға жоба жасалып отырғандығы, — осының бәрі, Литваның атышулы тарибасы-

ның да[43] Латвия мен Эстляндиядағы өз аттастарының халіне түспей қалмайтындығын көрсетеді.

Оккупацияланған облыстардың ұлттық «үкіметтерінің» өткінші нәрсе болатын себебі — олардың жұмысшылар мен шаруалардың мүдделеріне жат, буржуазиялық сыйпатта екендігінде ғана емес, соньмен қатар, мұның себебі, ең алдымен, олардың оккупациялық өкіметтердің жай ғана шылауы болып табылатындығында болады; бұл жағдай халықтың қалың бұқараларының алдында олардың моральдық абыройын мүлде жоймай қоя алмады. Осы мағнада айтқанда, шеткері аймақтардың дамуында оккупациялық дәуірдің өзі, күмән жоқ, тиімді роль атқарды, бұл дәуір ұлт буржуазиясының шіріктігін және оның сатқындығын әбден әшкереледі.

Анығында, істің өзі былай болатын түрі бар: батыс облыстар, олардың осы уақытқа дейін империалистердің зұлымдық әрекеттерінің объектісі болып келген еңбекші бұқаралары — бүгін болмаса, ертең — бостандық алады, сөйтіп, ақырында, өз бетімен қыймыл жасайды...

Солтүстікте, Финляндияда, әзірше «тыныш». Бірақ бұл тыныштықтың тасасында бір жағынан — бостандық алуға ұмтылып отырған жұмысшылар мен торпарлардың, екінші жағынан — күмәнді түрде министрлерді жиі-жиі ауыстырып, ағылшын империализмінің агенттерімен үсті-үстіне сыбырласып отырған Свинхувуд үкіметінің терең тамырлы ішкі жұмысы жатқандығы сөзсіз. Күмән жоқ, оккупациялық әскерлердің Финляндиядан кетуі Свинхувудтың тонаушы компаниясын жою ісін тездетеді; бұл компания Фин-

ляндия халқының қалың бұқарасының тарапынан қатты жек көрушілікке мейлінше дұрыс ұшырап отыр.

Оңтүстікте, Украинада, Финляндиядағы сияқты онша тыныш емес, — тіпті де ондағыдай емес! Көтерілісшілердің әскерлері нығайып, ұйымдасып, оңтүстікке қарай жылжып келеді. Үлгілі түрде ұйымдастырылған үш күндік ереуілден[44] кейін Харьков жұмысшылар мен шаруалар депутаттары Советінің қолына көшті. Петлюрашылар, неміс оккупанттар және Скоропадскийдің агенттері жұмысшылардың еркімен санасуға мәжбүр болып отыр. Екатеринославта жұмысшылар мен шаруалар депутаттарының Советі ашықтан-ашық жұмыс істеп отыр. Украинаның жұмысшы-шаруа Уақытша үкіметінің даңқты манифесі ашық түрде басылып, Екатеринославтың көшелеріне қағылып отыр. Бұл сияқты «қайсарлықты» болғызбауға «өкімет орындары» дәрменсіз болып шықты. Украин совет үкіметінің манифесін Інжіл ретінде қабылдап отырған украин шаруаларының көтерілісшілдік күшті қозғалысы туралы біз айтып та отырғанымыз жоқ.

Ал, алыс жатқан оңтүстікте, Солтүстік Кавказда, тіпті ингуштар мен чечендер де, осетиндер мен кабардиндер де топ-тобымен Совет өкіметінің жағына шығып жатыр, олар қолына қару алып, өз отанын ағылшын империализмінің жалдама бандыларынан тазартуда.

Батыстың езілген халықтары үшін және, ең алдымен, әзірше буржуазиялық-азаттық ұлт қозғалысының дәуірін басынан кешіріп отырған, алайда кә-

зірдің өзінде істің жағдайы бойынша империализмге қарсы күрес жолына түсіп отырған Австро-Венгрия халықтары үшін осының бәрінің босқа кетпейтіндігі туралы сөз етудің керегі бола қояр ма екен?

Осы айтылған асқан улы оқыйғалардың бәрінің орталығында дүниежүзілік революцияның туын көтерген — Советтік Россия тұр; ол езілген халықтардың жұмысшылары мен шаруаларын жеңіс сенімімен рухтандырып, дүниежүзілік социализмнің мүддесі үшін олардың азаттық жолындағы күресін қолдап отыр.

Әрине, басқа лагерь де — империалистердің лагері де ұйқтап жатқан жоқ. Оның агенттері Финляндиядан бастап Кавказға дейін, Сибирьден бастап Түркстанға дейін барлық елдерді тіміскілеп, контрреволюционерлерді жабдықтап, астыртын тонаушылық әрекеттерін жасап, Советтік Россияға қарсы жорық ұйымдастырып, Батыс халықтары үшін бұғау соғып жатыр. Бірақ империалистер тобының кәзірдің өзінде езілген халықтардың алдында моральдық абыройының бәрінен айрылғандығы, кісіні параға сатып алу арқылы және жалдама бандылар арқылы, Африканың «түсті» адамдары деп аталатындардың құл болуы мен қараңғылығы арқылы өзінің тонаушылық өмірін қорғаймын деп, «цивилизация» мен «адамгершіліктің» туын көтеруші деген бұрынғы даңқынан біржолата айрылғандығы анық емес пе?..

Шығыстан жарық-сәуле келеді!

Империалистік жалмауыздары бар Батыс — қараңғылық пен құлдықтың ошағына айналып отыр. Ендігі міндет — барлық елдердің еңбекшілерін қуантып, жұбату үшін бұл ошақты қыйрату керек.

„Жизнь национальностей" № 6,
15 декабрь, 1918 ж.
Басмақала

Қол қойған: И. Сталин

ІС ЖҮРІП ЖАТЫР

Батыс облыстарды азат ету процесі жүріп жатыр. Революцияның толқыны өзінің жолындағы бөгеттердің бәрін қыйрата отырып, бұрынғыдан да өсіп келеді. Ескі дүниенің агенттері мен Эстляндияның, Латвияның, Литваның пасықтары дуадан қашқан шайтанша қашып жатыр.

Эстляндияның атқыштары зор маңызы бар түйінді пункт болып отырған Тапсты кәзірдің өзінде қоршап келеді. Халық Комиссарлары Советінің бұйрығы бойынша біздің флот Советтік Эстляндияны теңіз жағынан болуы мүмкін күтпеген оқыйғалардан қорғап отыр. Эстляндияда социализмнің қызыл туы желбіреуде. Эстляндияның еңбекші бұқаралары қуануда. Ревельдің азат етілуі алыс емес. Егерде ағылшын әскерлері оккупациялау үшін Эстляндияға келетін болса, бүкіл эстон халқының жаппай тойтарысына кездесетіндігін айтпасақ та болады.

Литвада революция өрті бұрынғыдан да күшейіп қаулап келеді. Вильна кәзірдің өзінде жұмысшылар мен жерсіз шаруалар депутаттары Советінің қолында

отыр. Соңғы күндерде Вильнада болған орасан зор демонстрациялар[45] ақырында келіп кайзерлік Тарибаның шырқын бұзды. Вильна Советінің Халық Комиссарлары Советі мен Қызыл Армияға жіберген жалынды сәлемі[46] Литвадағы азаттық қозғалыстың қандай сыйпаты бар екендігін барынша айқын көрсетеді. Ковнода, Шавлида және басқа қалаларда Советтердің болуы, даршы генерал Гофманның көз алдында болыстар мен деревняларда Советтердің болуы, — міне мұның бәрі советтік революцияның тегеуріні күшті екендігін дәлелдейді. Вилейкада құрылған Литваның жұмысшы үкіметі[47] оның жалынды манифесі Литваның революциялық күштерін біріктіретін сенімді орталық құратындығында сөз жоқ. Литваның қызыл атқыштары өз отанына азаттық әпереді. Россия Совет үкіметінің Литва жұмысшы үкіметін тануы[48] олардың түпкілікті жеңіп шығуға сенімін нығайтады.

Латвияда революция қызу түрде және тоқтаусыз өсіп келеді. Латвияның даңқты қызыл атқыштары қазірдің өзінде Валкті алып, Риганы жеңісті түрде қоршап келеді. Соңғы күндерде ұйымдасқан Латвия Совет үкіметі Латвияның жұмысшылары мен жерсіз шаруаларын дұрыс жолмен жеңіске бастап келеді. Ол, Берлин үкіметі мен Германияның оккупациялық өкімет орындарының екі мағналы саясатын әшкерелей отырып, өзінің манифесінде турадан-тура былай дейді:

«Біздің феодалдық-буржуазиялық дұшпандарымызға болысып қол сұғушылықтың қандайына болса да біз үзілді-кесілді қарсы тұрамыз, тіпті өзін социалистік үкімет деп атайтын үкімет қол сұғатын болса да біз осылай етеміз».

Латвияның Совет үкіметі барлық елдердің және ең алдымен Россияның революцияшыл пролетариатынан ғана көмек көремін деп сенеді. Ол былай дейді:

«Біз көмек күтеміз және ол көмекті бүкіл дүние жүзінің шын революцияшыл пролетариатынан, әсіресе Россияның Социалистік Федерациялы Советтік Республикасынан күтеміз».

Россия Совет үкіметінің азат болып келе жатқан Латвияға және оның батыр атқыштарына барынша көмек көрсететіндігін дәлелдеп жатудың қажеті бола қояр ма екен?

Солтүстікте, Финляндияда, әліде болса «тыныштық». Бірақ тыныштық пен бейбіттікті бүркенген контрреволюция ұйқтап жатқан жоқ, жаңа ұрыстарға дайындалып жатыр. Свинхувудтың отставкаға шығып, Маннергеймнің тағайындалуы — ел ішіндегі «реформалардан» бас тарту деген сөз және Англия Финляндия арқылы Петроградқа жорық жасамақ болып отыр деген сөз. Ал бұл Финляндиядағы мезгілі жетіп келе жатқан революциялық кризисті күшейтпей қоймайды.

Украинада, нота бойынша ойнағандай, Скоропадскийдің қашуы және Винниченко директориясын Антантаның тануы Антанта дипломатиясының жаңа «жұмыстарының» жаңа бейнесін ашып отыр. Анығында, күні кеше «тәуелсіздік» қылышын жалаңдатқан Петлюра мырза бүгінгі күні өзіне көмекке «келе жатқан» Антанта әскерлерінің, яғни Краснов пен Деникин әскерлерінің жағына шығып отыр. Көтерілісшілердің әскерлері мен Советтер Украинаның басты жауы деп жарияланып отыр. «Құтты қонақ» ретіндегі Антанта және оның достары — қазірдің өзінде До-

нец бассейнін оккупациялап отырған Краснов-Деникиннің ақгвардияшылары — Украинаның басты досы деп жарияланып отыр. Петлюра мырза Украинаны бір рет немістерге сатып, енді оны ағылшын империалистеріне қайтадан сатып отыр. Украинаның жұмысшылары мен шаруаларының Винниченко — Петлюраның мұндай сатқындық жаңа әрекетін еске алатындығы айтпасақ та түсінікті. Украинадағы сағат сайын өршіп келе жатқан революциялық қозғалыс және Петлюра армиясының қатарындағы қазірдің өзінде басталып отырған ыдырау процесі мұны барынша дәлелдеп отыр.

Іс жүріп жатыр...

„Жизнь национальностей" № 7,
22 декабрь, 1918 ж.
Басмақала

ШЫҒЫС МАЙДАНЫНАН В. И ЛЕНИНГЕ ХАТ[19]

Қорғаныс Советінің Председателі
Ленин жолдасқа

Тексеру ісі басталды. Тексеру ісінің барысы туралы жұмыс үстінде хабарлаймыз. Әзірше сізге III армияның кейінге қалдыруға болмайтын бір қажеті туралы айту керек деп есептейміз. Әңгіме мынада: III армиядан (30 мыңнан аса адамнан) бар болғаны 11 мыңға таяу, шаршап-шалдыққан солдаттар қалды; олар дұшпанның қыспағына әрең-әрең төзуде. Бас командованиенің жіберген әскер бөлімдері сенімді емес, олардың бірсыпырасы бізге тіпті өш және едәуір тазартуды керек етеді. III армияның қалғандарын аман сақтау үшін және дұшпанның Вяткаға дейін жылдам жылжуын тоқтату үшін (майданның және III армияның командирлер тобынан алынған мәліметтерге қарағанда мұндай қауіптің бар екені анық) армия командашысының қарауына Россиядан **тығыз түрде** ең болмағанда **аса** сенімді үш полк жіберу **өте** қажет. Осы бағытта тиісті соғыс мекемелерін қысуыңызды қатты өтінеміз. Қайталап айтайық: мұндай шара қолданылмаса Вятка Пермьнің күйіне ұшырайды; іске қа-

Председателю Совета Обороны
тов. Ленину.

Расследование начато. О ходе расследования будем сообщать попутно. Пока считаем нужным заявить Вам об одной, не терпящей отлагательства, нужде III-ей армии. Дело в том, что от III-ей армии (более 30 тысяч) осталось лишь около 11 тысяч усталых, истрепанных солдат, еле сдерживающих напор противника. Присланные главкомом части ненадежны, частью даже враждебны к нам и нуждаются в серьезной фильтрации. Для спасения остатков III-ей армии и предотвращения быстрого продвижения противника до Вятки (по всем данным, полученным от командования фронта и III-ей армии, эта опасность совершенно реальна) абсолютно необходимо срочно перебросить из России в распоряжение командарма по крайней мере три совершенно надежных полка. Настоятельно просим сделать в этом направлении нажим на соответствующие военные учреждения. Повторяем: без такой меры Вятке угрожает участь Перми, таково общее мнение причастных к делу товарищей, к которому мы присоединяемся на основании всех имеющихся у нас данных.

Сталин

5/I 1919 год — Ф. Дзержинский
8 часов вечера.

И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинскийдің В. И. Ленинге жазған хатының қолжазбасы. 5 январь, 1919 жыл

Кішірейтілген

тысы бар жолдастардың жалпы пікірі осы; қолымыздағы барлық мәліметтерге сүйене отырып біз осы пікірге қосыламыз.

И. Сталин
Ф. Дзержинский

5 январь, 1919 ж., Вятка
Кешкі сағат 8.

Бірінші рет „Правда"
газетінің 301-номерінде,
1929 ж. 21 декабрьде басылған

В. И. ЛЕНИНГЕ ЖАЗЫЛҒАН БАЯНДАМА

Ленин жолдасқа

Сіздің шифрмен жазылған хабарыңызды алдық. Апаттың себептері туралы, тексеру мәліметтері бойынша, біз сізге хабарлаған болатынбыз[50]: резервтері мен мықты командованиесі жоқ, шаршап-шалдыққан әскер бөлімдері бар, оның үстіне солтүстік жақтан қоршалу қаупі бар бүйірде түрған армия — мұндай армия дұшпанның басым жаңа күштері шындап қыспаққа алған кезде күйремей түра алмады. Біздің ойымызша, әңгіме III армияның органдары мен таяу жердегі тылдың әлсіздігінде ғана емес, сонымен қатар әңгіме:

1) біле түра сенімсіз әскер бөлімдерін құрап, оларды майданға жіберіп отырған Бас штаб пен округтік соғыс комиссарларында,

2) тылда құралатын әскер бөлімдерін комиссарлармен емес, балалармен қамтамасыз етіп отырған Бүкілроссиялық комиссарлар бюросында,

3) өзінің директивалар мен бұйрықтар дейтіндері арқылы майдан мен армияларды басқару ісіне іріткі салып отырған Республиканың Революциялық Соғыс

Советінде. Әскери орталықта тиісті өзгерістер жасамайынша майдандарда табысқа жетеміз деп сенуге болмайды.

Әскери адамдардың сұрауларына біздің жауабымыз.

1. **Екі полк туралы.** Екі полк: 1-ші совет полкі мен Питерден келген матростар полкі өздігінен пленге түскен. Бұлар бізге қарсы жаулық әрекет жасай қойған жоқ. Бізге қарсы жаулық әрекетті Ильинскі селосында тұрған, Орал округтік соғыс комиссары құраған, 10-шы дивизияның 10-шы аттыәскер полкі жасады. Бұдан басқа, Очерскі заводында тұрған 10-шы инженерлік полктің жасағалы отырған бүліншілігі болғызылған жоқ, бұл полкті де Округтік соғыс комиссары құраған. Дұшпан жағына шығып кетудің де, бізге қарсы жаулық әрекет жасаудың да себептері — полктердің контрреволюцияшылдығы; олардың мұндай болуын мобилизация мен әскер құрау жұмысының ескі әдістермен жүргізілуінен, әскер қызметіне шақырылғандарды алдын ала тазаламағандықтан, полктерде аз да болса саяси жұмыстың жоқтығынан деп түсіндіруге болады.

2. **Мотовилиха.** Заводтың машина бөлегі мен электр цехының бөлегі, барлық бөлшектері тізімге алынып, дер кезінде бұзылып, вагондарға тиелген болатын, бірақ олар не әкетілмеді, не жойылмады. Бұған Центроколлегия[51], соғыс қатнастарының бастығы және армияның Революциялық Соғыс Советі жауапты, олар адам айтқысыз салақтық жасады. Мотовилиха жұмысшыларының алтыдан бес бөлегі Пермьде қалды, заводтың техника қызметкерлерінің және шикі материалдың бәрі қалды. Барлық мәліметтерге қа-

рағанда, заводты бір жарым айдан кейін жүргізуге болады. Пермьнің кулау карсаңында Мотовилиха жумысшылары көтеріліс жасады деген аңыз рас болмай шыкты, тек азык-түліктің жөнге койылмауы негізінде ғана катты толкыну болыпты.

3. **Көпірді және бағалы кұрылыстарды кыйрату туралы.** Армияның Революциялык Соғыс Советінің салактығынан және армияның шегініп бара жаткан әскер бөлімдері мен штабының арасында байланыстың болмағандығынан көпір және баскалар кыйратылмай калған. Көпірді кыйратуға міндетті болған жолдас өз міндетін орындай алмапты, себебі кыйратардан бірнеше минут бұрын оны акгвардияшылар өлтіріпті, деген лакап бар. Көпірдің күзетшісі кашып кеткендіктен және бірсыпыра «совет» кызметкерлерінің «кайда кеткені белгісіз» болғандыктан бұл лакапты тексере алғанымыз жок.

4. **Пермьнің резервтері туралы.** Резервте нығаймаған және сенімсіз бір ғана «совет полкі» болған, ол полк майданға аттанысымен дұшпан жағына шығып кеткен. Баска резервтер болмаған.

5. **Құрал-заттар мен адамдар шығыны.** Бірсыпыра документтер жоғалып кеткендіктен және іске катысы бар бірталай «совет» кызметкерлерінің — мамандардың дұшпан жағына шығып кеткендігінен шығынның толык есебін аныктау әзірге мүмкін болмай отыр.

Колдағы бар болмашы мәліметтер бойынша, біздің шығынымыз мынадай: 297 паровоз (бұлардың 86 сы бүлінген), 3 мыңға таяу вагон (бұдан да көп болуы мүмкін), 900 мың пұт мұнай мен керосин, бірнеше жүз мың пұт өртегіш сода, 2 миллион пұт тұз, бес миллион сом тұратын дәрі-дәрмек, Мотовилиха

заводы мен Пермь темір жол мастерскойларының орасан көп байлықтары бар материал складтары, Мотовилиха заводының механизмдері мен бөлшектері, Қама флотилиясы пароходтарының механизмдері, 65 вагон былғары, армияның жабдықтау бөлімінің 150 вагон азық-түлігі, су транспортының Аудандық басқармасының мақта, кездеме, олеонафт және басқалар тұратын өте ірі склады, жаралы жауынгерлер мінген 10 вагон, америкалық көп кіндіктемірлер жататын жол қатнасының кіндіктемір паркі, 29 зеңбірек, 10 мың снаряд, 2 мың мылтық, 8 миллион патрон, декабрьдің 22-нен 29-ына дейінгі уақыттың ішінде өлгендері, жарақаттанғандары және хабарсыз кеткендері сегіз мыңнан аса адам болды. Маман теміржолшылардың бәрі және маман жабдықтаушылардың бәрі дерлік Пермьде қалды. Шығынды есепке алу жұмысы әлі жүріп жатыр.

6. **Армияның қазіргі жауынгерлер саны.** Үшінші армияның қазіргі уақытта екі дивизиясы (29-шы және 30-шы) бар, оларда 14 мың штык, 3 мың қылыш, 323 пулемет, 78 зеңбірек бар. Оның резерві — 7-ші дивизияның Россиядан жіберілген бригадасы; бұл бригада сенімді болмағандықтан және оны едәуір тазалау қажет болғандықтан әзірше іске кірістірілген жоқ. Вацетистің жіберем деген үш полкі әлі келген жоқ (олар келмейді де, өйткені кеше олар жаңадан Нарваға жіберілген көрінеді)[52]. Соғысып жүрген әскер бөлімдері қалжырап, шаршаған, олар майданда әрең-әрең тұр.

7. **III армияның басқару тәртібі.** Сырттан қарағанда — басқару тәртібі кәдімгідей, «жағдай бойынша», іс жүзінде — ешқандай тәртіп жоқ, барып тұрған ие-

сіздік, өзінің соғыс участоктерінен қол үзгендік бар, дивизиялар іс жүзінде автономиялы болып отыр.

8. **Шегінуді тоқтату үшін қолданылған шаралар жеткілікті ме.** Қолданылған шаралардың мыналарын елеулі шара деп тануға болады: 1) II армияның Кунгураға қарай жылжуы, бұл, күмән жоқ, III армияға үлкен көмек болып табылады және 2) Сталин мен Дзержинскийдің күш салуының арқасында майданға, III армияның басынқы көңлін көтеру үшін, жаңадан барынша сенімді 900 жаяу әскердің жіберілуі. Екі күннен кейін біз майданға аттыәскердің екі эскадроны мен 3-ші бригаданың 62-ші полкін (бұл тазартылып болған) жібереміз. Енді 10 күннен кейін тағыда бір полк жіберіледі. III армияның майданы мұны біледі, тылдың қамқорлығын көріп отыр және оның көңілі орнығып келеді. Бұдан екі апта бұрынғы уақыттағыға қарағанда жағдайдың кәзірде жақсы екендігінде күмән жоқ. Кейбір жерлерде армия тіпті шабуылға шығып отыр және табыссыз да емес. Егерде дұшпан тағыда екі аптадай тыныштық беретін болса, яғни ол майданға тағыда жаңа күштер жібермейтін болса, III армияның участогінде тұрақты жағдай орнайды деп сенуге болады.

Кәзір біз дұшпанның кейбір отрядтарының Кайгород арқылы өтетін қара жол бойынша Вяткаға қарай солтүстік жақтан орағытқан бет алысын жою ісімен шұғылданудамыз. Шынында біз Вяткаға келгенде Қайгородқа шаңғымен жүретін отряд жіберу үшін келдік; мұны біз істейміз. Басқа шараларға (тылды нығайту ісіне) келетін болсақ, біз жай қызметкерлерді де, жоғарғы қызметкерлерді де іске жұмылдырып, оларды тылдағы армия бөлімдеріне жіберіп жатыр-

мыз, Глазов пен Вятка Совдептерін тазалап жатырмыз. Бірақ бұл жұмыстың нәтижесі, әрине, тез көріне қоймайды.

Қолданылған шаралар осылар. Бұларды тіпті де жеткілікті деп санауға болмайды, өйткені III армияның шаршаған әскер бөлімдері аздап болса да ауыстырмаса көп шыдап тұра алмайды. Сондықтан мұнда ең болмағанда екі полк жіберу қажет. Тек осылай еткенде ғана майданның тұрақты болуы қамтамасыз етілді деп санауға болады. Сонымен қатар мынаны істеу қажет:

1) армия командашысын өзгерту,

2) қолынан іс келетін үш саяси қызметкер жіберу керек,

3) эвакуациямен келген қызметкерлерді жұмылдыру ісін тездету үшін Облыстық Комитетті, Облыстық Советті және басқаларды дереу тарату керек.

И. Сталин
Ф. Дзержинский

19 январь, 1919 ж., Вятка

P. S. Тексеру жұмысын аяқтау үшін бірнеше күннен кейін қайтадан Глазовқа жүреміз.

Бірінші рет 1942 ж.
Лениннің XXXIV жинағында
басылған

ВЯТКАДАҒЫ ПАРТИЯ ЖӘНЕ СОВЕТ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БІРІККЕН МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

19 январь, 1919 ж.
(Протоколда жазылғаны)

Жалпы жағдай туралы айтқанда мынаны айту керек: таяу уақыт бойына майданның біраз тұрақты болуы қамтамасыз етілді және дәл кәзір Вятка губерниясының Соғыс-революциялық комитетін құру қажет. Егерде дұшпан алға жылжыйтын болса, онда оған ішкі контрреволюциялық көтерілістер жәрдемдеседі, мұндай көтерілістермен тек ықшамды, икемді ұйым ғана ойдағыдай күресе алады, Соғыс-революциялық комитет нақ осындай ұйым болуға тиіс.

Кәзірден бастап жаңа орталық құру қажет, оған мынадай өкілдер кіруі керек:

1) Губерниялық атқару комитетінен,
2) Облыстық советтен,
3) Губерниялық партия комитетінен,
4) Төтенше комиссиядан,
5) Округтік соғыс комиссариатынан.

Барлық күш-құралдар Вятканың Соғыс-революциялық комитетінің қолына жыйналуы керек, алайда совет органдарының күнделікті жұмысы тоқтатылмай, қайта күшейе түсуге тиіс.

Губерниялық орталықтың үлгісі бойынша, дәл осындай органдар уездерде де құрылуға тиіс.

Революциялық комитеттердің осындай мекемелері арқылы жергілікті орындармен байланыс жасалатын болады.

Тек осылай еткенде ғана біз жаңа шабуыл жасауға дайын боламыз.

Сталин жолдас өз ұсынысын былай деп қорытады:

Тылды нығайтып, қамтамасыз ету мақсатымен және Вятка губерниясының барлық совет және партия ұйымдарының қыймылын біріктіру мақсатымен Вятканың Соғыс-революциялық комитеті құрылады, бұл губерниядағы совет өкіметінің ең жоғарғы органы болғандықтан, оның қарарларына жоғарыда айтылған мекемелер мен ұйымдар бағынатын болады.

Бірінші рет „Горьковская Коммуна" газетінің 290-номерінде, 1934 ж. 18 декабрьде басылған

ПАРТИЯ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ҚОРҒАНЫС СОВЕТІ КОМИССИЯСЫНЫҢ 1918 ЖЫЛЫ ДЕКАБРЬДЕ ПЕРМЬНІҢ ҚҰЛАУ СЕБЕПТЕРІ ТУРАЛЫ ЛЕНИН ЖОЛДАСҚА БЕРГЕН ЕСЕБІ

АПАТТЫҢ ЖАЛПЫ СЫЙПАТЫ

Апаттың болмай қоймайтындығы ноябрьдің аяқ кезінде-ақ анықталды; бұл кезде дұшпан үшінші армияны Надеждинский — Верхотурье — Баранчинский — Кын — Иргинский — Рождественский бойымен Каманың сол жақ жағасына дейінгі жерде жартылай қоршап алып, өзінің оң жақ бүйірінде қатты қыр көрсетіп, Кушваға жанталаса шабуыл жасады.

Бұл кезде үшінші армияның құрамында 30-шы дивизия, 5-ші дивизия, Ерекше бригада, Ерекше отряд және 29-шы дивизия болды, онда жаяуәскерлер мен аттыәскерлердің барлық саны 35 мыңға таяу болды, 571 пулемет және 115 зеңбірек болды («Жауынгерлік және пәтерлік ережені» қараңыз).

Алты ай бойы ауыспай соғысқан әскер бөлімдерінің шаршауынның салдарынан армияның моральдық-жауынгерлік жағдайы өте нашар болды. Ешқандай резервтер болған жоқ. Тыл ешбір қамтамасыз етілмеді (армияның тылындағы темір жол бойы бірнеше рет бұзылды). Армияны азықпен жабдықтау ісі тұрақсыз болды, қамтамасыз етілмеді (29-шы дивизияға қатты

қысым жасалған ең қиын минутта бұл дивизияның әскер бөлімдері бес тәулік бойына тіпті нансыз және басқа азық-түліксіз ұрысты).

Үшінші армия бүйірде тұрғандығына қарамастан солтүстік жақтан дұшпанның орағытуынан қамтамасыз етілмеді (дұшпанның орағытуынан қамтамасыз ету үшін армияның солжақ бүйірінің ең шетіне әскер бөлімдерінің арнаулы тобын қою жөнінде шаралар қолданылмады). Ең шеткі оңжақ бүйірге келетін болсақ, көршілес екінші армия, Бас командованиенің (Ижевскі мен Воткинскіні алғаннан кейін екінші армия ұрысқа қатыстырылмасын, өйткені ол басқа жаққа жіберіледі деген) көмескі директивасының салдарынан бөгеліп, он күн бойы бір орында тұруға мәжбүр болып, Кушваны берер алдындағы ең қысылшаң минутта (ноябрьдің аяқ кезі) алға жылжу арқылы үшінші армияға дер кезінде көмек бере алмай қалды.

Сөйтіп, өзімен өзі болған (оңтүстікте) және дұшпанның орағыту операцияларын жасауына ашық қалған (солтүстікте), шаршап, шалдыққан, резервтері жоқ және аз да болса қамтамасыз етілген тылы жоқ, азық-түлікпен нашар жабдықталған (29-шы дивизия) және аяқ киімдері өте нашар (30-шы дивизия) үшінші армия, — Надеждинскийден бастап Осаның оңтүстік жағындағы Каманың солжақ жағасына дейінгі жердегі орасан кең аланда (400 шақырымнан асады) созылып жатқан, армиялық штабы нашар және тәжрибесі аз болып отырған үшінші армия 35 градус аязда, әрине, дұшпанның күші басым тың күштерінің (бес дивизияның) қыспағына қарсы шыдап тұра алмады, оның үстіне дұшпанның тәжрибелі командирлер құрамы болды.

30 ноябрьде дұшпан Вия станциясын алады және, біздің солжақ бүйірді орталықтан кесіп тастап, 29-шы дивизияның 3-ші бригадасын бүтіндей дерлік жойып жібереді (бригаданың командирі, штаб бастығы және комиссары ғана аман қалды, 9-номерлі броневик дұшпанның қолына түсті). 1 декабрьде дұшпан Лысьва бағытында Крутой Лог станциясын алып, біздің 2-номерлі броневикті қолға түсіреді. 3 декабрьде дұшпан Кушва заводын алады (біздің әскер бөлімдері Верхотурьені және орталықтан кесіліп қалған бүкіл солтүстік ауданды тастап кетіп қалады). 7 декабрьде дұшпан Бисерді алады. 9 декабрьде — Лысьваны алады. 12 — 15 декабрьде, советтік 1-ші марш батальоны дұшпанның жағына шығып кеткен кезде, — Чусовская, Калино, Селянка станцияларын алады. 20 декабрьде дұшпан Валежная станциясын алады. 21 декабрьде, советтік 1-ші атқыштар полкі дұшпан жағына шығып кеткен кезде, — Гориді, Мостоваяны алады. Біздің әскер бөлімдеріміз жалпы шегініп жатқан кезде дұшпан Мотовилихаға таяп келеді. Декабрьдің 24-нен 25-іне қарсы дұшпан Пермьді ұрыссыз алады. Қаланы артиллерия арқылы қорғау дегеніңіз бос әрекет болып шықты, осының салдарынан 29 зеңбірек дұшпанның қолында қалды.

Сонымен армия 20 күн бойы тәртіпсіз кейін шегініп, Верхотурьеден Пермьге дейін 300 шақырымнан аса жер жүрді, осы күндердің ішінде 18 мың жауынгерден, ондаған зеңбіректерден, жүздеген пулеметтерден айрылды. (Пермь құлағаннан кейін үшінші армияның екі дивизиясы ғана қалды, енді оның жаяуәскерлері мен аттыәскерлері 17 мың, ал бұрын 35 мың болатын, пулеметі 323, ал бұрын 571 болатын, зеңбірегі

78, ал бұрын 115 болатын. «Жауынгерлік және пәтерлік ережені» қараңыз.)

Тікелей айтқанда, мұның өзі шегіну болған жоқ, муны әскер-бөлімдерін ұйымдасқан түрде позицияға шығару деуге тіпті де болмайды, — бұл, не болып, не қойғанын түсінуге және болмай қалмайтын апатты алдын ала аздап болса да есептей білуге қабілеті жоқ, территориядан айрылу арқылы болса да, күні бурын дайындалып қойған позицияға шығару жолымен армияны аман сақтау үшін деркезінде шаралар қолдануға қабілеті жоқ штабы бар, күл-талқаны шығып, әбден берекесі кеткен армияның тырым-тырағай қашуының дәл өзі болды. Революциялық Соғыс Советі мен үшінші армия штабының апаттың «ойда жоқ жерде» болғандығы жөнінде зарлауы — бұл мекемелердің армиядан қол үзгендігін ғана көрсетеді, олардың Кушва мен Лысьваның түбіндегі қатерлі оқыйғаны түсінбейтіндігін ғана, олардың армияның қыймылдарына басшылық ете білмейтіндігін ғана көрсетеді.

Осы жағдайлардың бәрі, үшінші армияның ауданындағы бірсыпыра қалалар мен пункттерді мүлде тәртіпсіз эвакуациялауды сыйпаттайтын, көпір бұзу жөніндегі және қалдырылған мүлікті жою жөніндегі масқара істі сыйпаттайтын, ақырында, қаланы күзету және қаланы артиллерия арқылы қорғау дейтін істі сыйпаттайтын адам айтқысыз сасқалақтық пен иесіздіктің негізі болды.

Эвакуация туралы тіпті август айынан бастап сөз болғандығына қарамастан, эвакуацияның дәл өзін практика жүзінде ұйымдастыру үшін еш нәрсе істелмеді немесе еш нәрсе істелмегенге жақын. Центроколлегияны ешкім, ешбір ұйым тәртіпке шақыруға әрекет

жасаған жоқ, ал Центроколлегия мекемелердің аяғына тұсау болып, эвакуацияның жоспары туралы ұдайы айтысты, бірақ эвакуация жасау үшін еш нәрсе, тіпті еш нәрсе істемеді (керек десе «өзіне тән жүктердің» тізімін де дайындамады).

Темір жол қызметшілерінің әдейі ұйымдастырылған саботажына қарсы күресте күдікті түрде дәрменсіз болып шыққан Орал жолқатнас округіне шын бақылау жүргізуге ешкім, ешбір ұйым әрекеттенген жоқ.

Соғыс қатнастарының бастығы Стоговтың 12 декабрьде эвакуация бастығы болып тағайындалуы эвакуация ісін бір қадам да ілгері жылжытқан жоқ, өйткені, Стоговтың Пермьді дереу эвакуациялаймын деп салтанатты түрде уәде беруіне («барлығын да эвакуациялаймын — өйтпесем басым кесілсін» деуіне) қарамастан, оның эвакуация жоспары да, эвакуация аппараты да болмай шықты, кейбір мекемелер мен берекесі кеткен әскер бөлімдерінің тәртіпсіз, бет-бетімен «эвакуация» жасау (паровоз, вагондарды және басқаларды талап алу) жөніндегі әрекеттерін жүгендеу үшін әскери күштері де болмай шықты. Осының нәтижесінде: әртүрлі ұсақ-түйектер, сынық орындықтар және басқа көкір-шөкірлер эвакуацияланып, Мотовилиха заводы мен Қама флотилиясының механизмдері, бөлшектері тиелген дайын составтар, жараланған жауынгерлер мінген составтар, сирек кездесетін американдық кіндіктемірлер, жүздеген сап-сау паровоздар және басқа байлықтар эвакуацияланбай қалып қойды.

Облыстық комитет пен Облыстық советтің, Революциялық Соғыс Советі мен армия штабының осы-

ның бәрін білмеуі мүмкін емес, бірақ олар бұл іске, сірә, «араласпаған» болу керек, өйткені бұл мекемелердің эвакуация органдарының жұмысын ұдайы қадағалап отырмағандығы тексеру ісінен көрініп отыр.

Армия штабының қаланы артиллерия арқылы қорғау туралы октябрь айының өзінде-ақ бастаған сөздері де тек сөз күйінде қалып қойды, өйткені 26 зеңбірек толық жегуімен бірге (бұған онша жарамды емес үш зеңбірек қосылады) бірде-бір атпастан дұшпанның қолында қалды. Тексеру ісі мынаны көрсетеді: егерде штаб бригада бастығының зеңбіректерді орналастыру жөніндегі жұмысын тексерген болса, — әскер бөлімдерінің тәртіпсіз кейін шегіну жағдайында және Пермьнің құлар алдында (23 декабрьде) болған жалпы берекесіздік жағдайында, бригада бастығы бұйрықты орындамай, зеңбіректерді орналастыру ісін 24 декабрьге қалдырған кезде (бұл бригада бастығы 24 декабрьде дұшпан жағына қашып кетті), — артиллерия арқылы қорғану туралы ешбір сөз болмай, зеңбіректерді алып кету арқылы немесе ең болмағанда оларды бүлдіру арқылы зеңбіректердің өзін жаудан сақтау жөнінде ғана сөз болуы мүмкін екендігін штаб көрген болар еді. Осының бірде-бірінің істелмей қалғандығын штабтың биғамдығы мен иесіздігінен ғана көруге болады.

Қама көпірін бұзу және Пермьде қалған мүлікті жою туралы мәселеде де сол сықты иесіздік пен икемсіздік болды. Пермьнің құлауынан бірнеше ай бұрын көпір миналанған болатын, бірақ минировканы ешкім де тексерген жоқ (көпірді бұзуға тиісті болған күннің қарсаңында минировка толық жарамды еді деп ешкім де айта алмайды). Көпірді бұзу жұмысы «әб-

ден сенімді» жолдасқа (Медведевке) тапсырылыпты, бірақ көпір күзетшілері мейлінше сенімді еді деп, олар (күзетшілер) көпір бузылуға тиісті уақытқа дейін Медведевті бір минут те тастап кеткен жоқ еді деп, күзетшілер Медведевті ақгвардия агенттерінің тарапынан болатын окталудан толық аман сақтап калатын еді деп ешкім де айта алмады. Сондыктан мынаны анықтау мүмкін емес:

1) көпір күзетшілері «белгісіз жаққа» қашып кеткен кезде (кейбіреулер осылай деп ойлайды), көпірдің бұзылар алдында Медведевті ақгвардия агенттерінің өлтіргені шын ба,

2) әлде, көпірді бұзғысы келмей, Медведевтің өзі қашып кетті ме, немесе,

3) мүмкін, көпірді бұзу үшін Медведев қолынан келгенінің бәрін істеген болар, бірақ не дұшпан көпірді артиллериясының оғымен атқылағанда, не дұшпан атқыламай тұрып-ақ проводтың бұзылып минировканың бүлінгендігінен көпір бұзылмай қалған болар, ал Медведев, бәлкім, кейін келіп қалған дұшпанның қолынан қаза тапқан болар.

Сонсын, Революциялық Соғыс Советі мен армия штабы эвакуацияланбаған мүлікті бүлдіруге белгілі бір органды немесе нақтылы бір адамды дәл және нақтылы түрде жауапты етуге тырысқан жоқ. Ол ол ма, осы айтылған мекемелердің қалып бара жатқан құрылыстар мен мүліктерді міндетті түрде бұзу немесе бүлдіру туралы формалды түрде (қағаз жүзінде) берген буйрығы да болмай шықты. Жеке адамдардың бастауы бойынша көбінесе бағасыздау мүліктің (мысалы, вагондардың) бүлдірілу (өртелу) себебі де, өте бағалы мүліктің (матаның, киім-кешектің және басқа-

лардың) қозғалмай қалу себебі де осыдан; оның бержағында, кейбір қызмет адамдары «жұрттың үрейін ұшырмау» мақсатын көздеп, эвакуацияланбай қалған нәрселерді өртеуге, бұзуға рұхсат етпепті (бұл адамдар табылған жоқ).

Армия мен тылдың бүлініп, биберекет болуына, армия, партия және совет мекемелерінің иесіздік істеуі мен жауапсыздығына бірталай жауапты қызметкерлердің адам айтқысыз түрде, жапа-тармағай дерлік дұшпан жағына шығып кетуі қосылып отыр. Қорғаныс құрылыстарының бастығы инженер Банин және оның барлық қызметкерлері, жолқатнас инженері Адриановский және жолқатнас округінің мамандарының бүкіл штаты, әскери қатнастар бөлімінің бастығы Сухорский және оның қызметкерлері, Округтік соғыс комиссариатының мобилизация бөлімінің бастығы Букин және оның қызметкерлері, күзет батальонының командирі Уфимцев және артиллерия бригадасының бастығы Валюженич, ерекше әскер құрамдары бөлімінің бастығы Эскин және өзінің көмекшісімен бірге инженерлік батальонның командирі, I Пермь мен II Пермь станцияларының коменданттары, армияның Жабдықтау Басқармасының бүкіл есеп бөлімі және Центроколлегия мүшелерінің жартысы, — осылардың бәрі және басқа да көп адамдар, дұшпан жағына қашып шығып, Пермьде қалып қойды.

Осының бәрі жалпы үрейленушілікті күшейтпей қоймады; мұндай үрейленушілік тек шегініп бара жатқан әскер бөлімдерін ғана қамтып қоймай, сонымен бірге Пермьнің құлар алдында құрылған, қалада революциялық тәртіп сақтай алмаған Революциялық комитетті де, қаладағы әскер бөлімдерінің арасында бай-

ланысты жойып алған Губерниялық соғыс комиссариатын да қамтыды, осының нәтижесінде: күзет батальонының екі ротасы Пермьнен шығарылмады, кейін бұларды ақтар кескілеп өлтірді, және шаңғышылар батальонынан айрылдық, бұларды да ақтар кескілеп өлтірді. Ақтар агенттерінің қаланың түрлі жерлерінен провокаторлықпен оқ атуды (23 — 24 декабрь) дұрыстап ұйымдастыруы жалпы үрейленушілікті толықтырып, терендете түсті.

ҮШІНШІ АРМИЯ ЖӘНЕ РЕЗЕРВТЕР

Үшінші армияның шаршауы (ауыспастан үздіксіз алты ай бойы соғысу) және азды-көпті сенімді резервтердің болмауы жеңілуге тікелей себеп болды. 400 шақырым бойына қылдай болып созылып, солтүстік жағынан дұшпанның орағыту қаупінде тұрған, осының салдарынан солтүстікке қарай бұрынғыдан да гөрі созыла түсуге мәжбүр болған үшінші армия дұшпанның тілеген жерден бұзып өтуіне ең ыңғайлы объект болды. Осының бәрі туралы, резервтердің жоқтығы туралы да, Шығыс майданы мен Республиканың Революциялық Соғыс Советтеріне сентябрь айында-ақ белгілі болған болатын (үшінші армияның жауапты адамдарының «ауыстыруды» тілеп, «резервтер» сұрап, үшінші армия әскер бөлімдерінің шаршағандығы және басқалар туралы айтып жіберген телеграммаларын «Қосымшадан» қараңыз), бірақ Әскери орталық не резервтер жібермей қойды, не түкке тұрмайтын ұсақ-түйектерді жіберіп отырды. Декабрьдің бас кезінде, Кушвадан айрылғаннан кейін, ауыс-

тыруды тілеп, армияның шаршағандығын көрсету өте жиілей түседі. 6 декабрьде Лашевич (армия командашысы) халдің нашарлығын көрсетіп, Шығыс майданынан резервтер сұрайды, бірақ Смилга (Шығыс майданы) — «амал не, көмекші әскер берілмейді» деп жауап береді. 11 декабрьде үшінші армияның Революциялық Соғыс Советінің мүшесі Трифонов Смилгаға (Шығыс майданы) тікелей провод арқылы былай дейді: «Таяу күндердің ішінде біздің Пермьді тастап кетуге мәжбүр болуымыз өте ықтимал нәрсе. Екі-үш мықты полк болса жетер еді. Бұларды Вяткадан немесе ең жақын жерден алып жіберуге тырысыңыз». Смилганың (Шығыс майданы) жауабы: «Көмекші әскер берілмейді. Бас командование көмек беруден бас тартып отыр». («Қосымшаны» қараңыз.) Августан бастап декабрьге дейін үшінші армияны толықтыруға орталықтың наряды бойынша барлығы 13 153 адам келді, олардың 3 388 мылтығы, 134 пулеметі, 22 зеңбірегі, 977 аты болды. Бұлардың ішінен Кронштадтың 1-ші теңіз полкі (1 248 адам) пленге түсті, теңіз жаяу-әскерлерінің 11-ші жеке батальоны (834 адам) қашып бытырап кетті, Кронштадт қамалының 5-ші түз батареясы командирді айуандықпен өлтіргендігі үшін тұтқынға алынды, финдер мен эстондар (1 214 адам) қайтадан батысқа қайтарылды. Орталықтың 22 рота жібермек болып уәде берген нарядтарына келетін болсақ, орталық мұнысын мүлде орындамай қойды. Ал орталықтың жібермек болған 7-ші дивизияның 3-ші бригадасы (үш полк), Пермь құлап болғаннан кейін, январьдың алғашқы күндерінде ғана Глазовқа келді. Оның бержағында бригадамен алғашқы танысудың өзінде-ақ оның Қызыл Армияға үш қайнаса сорпасы

да қосылмайтындығы байқалды (нағыз контрреволюциялық пыйғылдың, Совет өкіметіне қарсы өшігудің бар екендігі, бригаданың ішінде кулак элементтерінің бірлескен тобының бар екендігі, «Вятканы дұшпанға береміз» деп қорқытудың және басқалардың бар екендігі байқалды). Оның үстіне, бригаданың жауынгерлік дайындығы жоқ (ата білмейді, жегетіні жазғы арба), командирлері өз полктерін білмейді, саяси жұмыс қунарсыз. Бригаданы үш-төрт апта бойы тазалап, әбден сұрыптағаннан кейін ғана, оған коммунистерді жай қызыларміяшы етіп көптеп жібергеннен кейін ғана және онда қатты қарқынмен саяси жұмыс жүргізгеннен кейін ғана оны январьдың аяғында қабілеті бар жауынгер әскерге айналдыра алдық (бригаданың құрамындағы 3 полктің біреуі 20 январьда майданға жіберілді, екіншісі ерте дегенде 30 январьда жіберіледі, үшіншісі ерте дегенде 10 февральда жіберіледі). Біздің әскер құру системамыздағы осы сияқты кемшіліктерді Очерскі заводында тұрған 10-шы аттыәскер полкі мен оныншы инженерлік полктің тарихы да көрсетіп отыр (бұл екі полктің екеуін де Орал округтік соғыс комиссариаты құрған); бұлардың біріншісі біздің әскер бөлімдерінің тылынан келіп соққы берді, екіншісі де солай етуге тырысып еді, бірақ, алдын ала шаралар қолданылғандықтан, ол тырысуы іске аспай қалды.

Әскер құру системасындағы кемшіліктерді мынадай жағдай арқылы түсіндіруге болады. Майдың аяғына дейін ерікті түрде алу принципі бойынша Қызыл Армия құру жұмысы (әскер курудың Бүкілроссиялық коллегиясының басшылығымен) жұмысшыларды және басқаның еңбегін қанамайтын шаруаларды армияға

тарту негізінде жүргізілді (әскер құрудың Бүкілроссиялық коллегиясы жасаған «сенім карточкасы» мен «жеке басындық карточканы» қараңыз). Ерікті түрде алу дәуіріндегі әскер құрамдарының табанды болу себебі, бәлкім, осыдан да болуы мүмкін. Майдың аяғынан бастап, Бүкілроссиялық коллегияны таратып, әскер құру ісін Бүкілроссиялық бас штабқа бергеннен кейін, жағдай нашарлап өзгере бастады. Бүкілроссиялық бас штаб патша өкіметі дәуіріндегі әскер құру системасын түгелінен қабылдады, дәулет жағдайына қарамастан мобилизацияланғандардың бәрін бірдей қызылармияшылдардың қызметіне тартты, оның бер жағында әскер құрудың Бүкілроссиялық коллегиясының «жеке басындық карточкасында» жазылған мобилизацияланғандардың дәулет жағдайы жөніндегі пункт Бүкілроссиялық бас штаб жасаған «жеке басындық және есеп карточкасынан» шығып қалған (Бүкілроссиялық бас штаб жасаған «Жеке басындық және есеп карточкасын» қараңыз). Рас, 1918 жылы 12 июньде Халық Комиссарлары Советінің жұмысшыларды және басқаның еңбегін қанамайтын шаруаларды мобилизациялау туралы бірінші декреті шықты, бірақ ол, анығында, Бүкілроссиялық бас штабтың тәжрибесінде де, оның берген жарлықтарында да, оның жасаған «жеке басындық және есеп карточкасында» да көрсетілмеді. Біздің әскер құратын мекемелеріміздің жұмыстарының нәтижесінде Қызыл армия болудың орнына, «халық армиясы» болып шыққандығының басты себебі осы. Тек январьдың орта шенінде ғана, Қорғаныс Советінің комиссиясы Орал округтік соғыс комиссариатын қыспаққа алып, әскер құру әдістері жөніндегі материалдар мен Бас штабтың жарлықта-

рының бәрін көрсетуді талап еткен кезде ғана, — тек содан кейін ғана Бүкілроссиялық бас штаб әскер құру системасы туралы дұрыстап ойлана бастады, ол барлық округтік соғыс комиссариаттарына телеграф бойынша мынадай жарлық берді: «Жеке басындық және есеп карточкасының 14, 15 және 16-пункттері партияда бар-жоқтығы, (әскерге шақырылушы адамның) басқаның еңбегін қанайтын-қанамайтындығы, жалпыға бірдей оқу курсын өткен-өтпегендігі туралы мәліметтермен толтырылсын» (Бас штабтың бұл телеграф бойынша берген жарлығы 1919 жылы 18 январьда берілген. «Қосымшаны» қараңыз). Мұның өзі де, 11 дивизия 1 декабрьде құрылып болып, олардың бір бөлегі майданға жіберілгенде ақгвардиялық әскер құрудың барлық белгілерін көрсеткеннен кейін істелді.

Округтік соғыс комиссариатының құрылып жатқан әскер бөлімдерін күту ісіне адам айтқысыз немқұрайды қарауы (тамақтың нашар болуы, киім-кешектің нашар болуы, моншаның болмауы және басқалар. «Вятка комитетінің партиялық тергеу комиссиясының берген жауабын» қараңыз) және әскер бөлімдерін талай рет дұшпанның жағына азғырып алып кеткен, тексерілмеген офицерлерді тіпті беталдына командир етіп қоя салуы әскер құру системасындағы кемшіліктерді тереңдете түсті.

Ақырында, Бас штаб бір жерде мобилизацияланғандарды әскер құру үшін екінші жерге (басқа округке) жіберіп отыру жөнінде шара қолданбады, бұлай істеу жаппай дезертирлікті едәуір бәсендеткен болар еді. Біз әскер бөлімдерінде аз да болса қанағаттанарлық түрде қойылған саяси жұмыстың жоқ екендігі

(Бүкілроссиялық комиссарлар бюросының нашарлығы, жұмысқа икемінің жоқтығы) туралы айтып та отырғанымыз жоқ.

Бұл сықты жартылай ақгвардиялық резервтердің, олар орталықтан жіберілгендіктен (әдетте олардың жартысы жол-жөнекей қашып кетіп отырды), үшінші армияға күрделі жәрдем көрсете алмағандығы әбден түсінікті. Оның бержағында, үшінші армия әскер бөлімдерінің кейін шегінуде шаршап, шалдыққандығы сонша, — солдаттар топ-тобымен қарға жата қалып, комиссарлардан бізді атып кетіңіз деп сұрады: «түрегеп тұруға шамамыз жоқ, жүре алмайтынымыз екі бастан белгілі, шаршадық, бізді атып кетіңіздер, жолдастар» деді. («Дивизия комиссары Мрачковскийдің берген жауабын» қараңыз.)

ҚОРТЫНДЫЛАР

Резервтерсіз соғысуды қою керек, ұдайы резервтер ұстау системасын практикаға енгізу қажет, мұндай резервтерсіз қолдағы бар позицияларды сақтап қалу да, табыстарды ұлғайта беру де мүмкін емес. Мұнсыз апаттың болуында сөз жоқ.

Бірақ резервтер, мобилизациялау мен әскер құрудың Бас штаб үйреніп алған ескі системасын түбірінен өзгерткенде ғана, Бас штабтың өзінің құрамын жаңартқанда ғана, пайда келтіре алады.

Ең алдымен, мобилизацияланғандарды дәулеттілерге (сенімсіздерге) және дәулеті аздарға (Қызыл армия қызметіне бірден-бір жарамдыларға) дәлдеп бөліп отыру қажет.

Екіншіден, бір жерде мобилизацияланғандарды әскер құру үшін екінші жерге жіберіп отыру қажет, жәнеде майданға жіберу ісі — «туып өскен губерниясынан неғұрлым алыс болса, соғұрлым жақсы болады» (территориялық принциптен бас тарту) деген ереже бойынша істелуге тиіс.

Үшіншіден, ең үлкен әскери бөлім бригада болсын деп жарыялап, азамат соғысының жағдайларына жарамайтын, үлкен, колапайсыз әскери бөлімдер (дивизиялар) құрудан бас тарту қажет.

Төртіншіден, құрылып жаткан әскер бөлімдерін пәтер үйге орналастыру, азық-түлікпен, киім-кешекпен жабдыктау ісіне кылмысты түрде немқұрайды карауы арқылы қызылармияшылардың арасында ашу (тәуір дегенде жаппай дезертирлік) туғызатын округтік соғыс комиссариаттарының үстінен (олардың құрамын алдын-ала жаңарта отырып) үнемі қатаң бақылау жүргізіп отыру қажет.

Акырында, әскер бөлімдеріне аз да болса қанағаттанарлық етіп саяси жұмыс жүргізуге ешбір қабілеті жоқ бала-«комиссарлар» жіберіп отырған Бүкілроссиялық комиссарлар бюросының құрамын жаңарту қажет.

Бұл шарттардың сақталмау салдарынан, біздің әскер құратын мекемелеріміз майданға Қызыл армия жіберудің орнына, «халық армиясын» жіберіп отыр, оның бержағында «комиссар» деген сөз бәлағат сөзге айналып отыр.

Атап айтқанда, үшінші армияның жауынгерлігін сақтау үшін оны ең болмағанда сенімді үш полкгей резервпен дереу қамтамасыз ету өте қажет.

АРМИЯНЫ БАСҚАРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚТЫҢ ДИРЕКТИВАЛАРЫ

Үшінші армияның Революциялық Соғыс Советінің екі мүшесі бар, оның біреуі (Лашевич) командашы, екіншісіне (Трифоновка) келетін болсақ, оның істейтін қызметін де, атқаратын ролін де анықтай алмадық: ол жабдықтау ісін де бақыламайды, армияны саяси тәрбиелеу органдарын да бақыламайды, тегінде ол еш нәрсе істемейтін сияқты. Факт жүзінде ешқандай Революциялық Соғыс Советі жоқ.

Армия штабы өзінің жауынгер участогінен қол үзіп отыр, оның дивизиялар мен бригадаларда өзіне информация беріп отыратын және армия командашысының бұйрықтарын дивизия бастықтары мен бригада бастықтарының дәл орындауын бақылап отыратын арнаулы өкілдері жоқ, армия штабы дивизия бастықтары мен бригада бастықтарының ресми (көбіне теріс) хабарларына қанағаттанады, армия штабы бүтіндей осылардың қолында (дивизия бастықтары мен бригада бастықтары өздерін феодалдық князь сияқты көреді). Осының салдарынан армия штабы өзінің жауынгер участогінен қол үзіп отыр (армия штабы участоктің шын жағдайы туралы еш нәрсе білмейді), армияның өз ішінде бір орталыққа бағынушылық болмай отыр (армия штабы армияның жауынгер әскерлерінің арасындағы түйіскен жерлердің әлсіздігі жөнінде үнемі зарлаумен болады). Бір орталыққа бағынушылық армия ішінде ғана емес, сонымен бірге майдандағы (Шығыс майданы) армиялар арасында да болмай отыр. Үшінші армия дұшпанға қарсы теңсіз

күресте қанға шомылып жатқан кезде, үшінші армиямен іргелес отырған екінші армия ноябрьдің 10-нан бастап аяғына дейін бүтіндей екі апта бойы бір орыннан қозғалған жоқ; бұл факт. Ал, Ижевскі-Воткинскі операциясынан 10 ноябрьдің өзінде босаған екінші армия алға жылжыған болса (ал ол еркін жылжый алатын еді, өйткені ол кезде оған қарсы тұрған дұшпан болған жоқ немесе жоққа тән болатын), дұшпан (екінші армия тарапынан дұшпанның тылына қауіп туған болса) Пермьге қарсы жөнді операция жасай алмаған болар еді, үшінші армия құтылған болар еді; бұл анық нәрсе.

Тексеру жұмысы мынаны көрсетті: екінші және үшінші армиялардың арасында үйлесімнің болмауы Республиканың Революциялық Соғыс Советінің майданнан қол үзгендігінен және Бас командованиенің директиваларының ойланбай берілгендігінен туған. Біз жауап алған майдан командашысы Қаменев бұл жөнінде былай деді:

«Ижевскі мен Воткинскіні алмай жатып, ноябрьдің бас кезінде, ноябрьдің 10-нан бұрын, директива алдық, онда екінші армияның бұл пункттерді алғаннан кейін басқа майданға жіберілуге арналғандығы айтылған, бірақ нақ қайда жіберілетіндігі көрсетілмеген. Мұндай директивадан кейін армияны ойдағыдай пайдалануға болмайтын болды, оны жауға бетпе-бет қарсы қоюға болмайтын болды, өйтпегенде кейіннен армияны ұрыстан алып шығу мүмкін болмас еді, ал жағдай ауыр болды, армия жер-жерлерді ақгвардияшыл бандалардан тазарту жұмысымен ғана қанағаттанды. Бұл директиваны бұзу үшін Штернберг пен Сокольниковтың әрекет жасап, Серпуховқа баруы керек болды. Бірақ бұған он күн кетті. Сөйтіп армия он күнді босқа жіберіп, бір жерден қозғалмай тұруға мәжбүр болды. Содан соң II армияның командашысы Шоринды ойда жоқ жерде Серпуховқа шақырып әкетті, мұның өзі Шоринның өз басына байланысты екінші ар-

мияны жіпсіз байлап, армияны тағы бір бес күн бойына бір жерден қозғалмауға мәжбүр етті. Шоринды Серпуховта Қостиев қабылдап, бас штабтансыз ба деп сұрапты, оның бас штабтан емес екенін білгеннен соң, сізді Оңтүстік майданы командашысының көмекшісі етіп тағайындамақшы едік, «бірақ олай етпейтін болдық» дегенді айтыпты да қоя беріпті» («Шығыс майданы командашысының хабарын» қараңыз).

Тегінде Бас командованиенің директива беру ісіне масқара жеңіл қарайтындығын айта кету керек. Шығыс майданы Революциялық Соғыс Советінің мүшесі Гусевтің хабарына (26 декабрь) қарағанда — «таяу уақытта Шығыс майданы бес күннің ішінде үш телеграмма алды: 1) Негізгі бағытыңыз Оренбург. 2) Негізгі бағытыңыз Екатеринбург. 3) Үшінші армияға көмекке барасыз» депті (Гусевтің РКП Орталық Комитетіне жазған хатын қараңыз). Әрбір жаңа директиваны орындау үшін белгілі уақыт керек екенін еске алатын болсақ, Республиканың Революциялық Соғыс Советі мен Бас командованиенің өздерінің директиваларына қаншалықты ұқыпсыз қарағандығын түсіну қиын емес.

Шығыс майданы Революциялық Соғыс Советінің үшінші мүшесі Смилганың осы Революциялық Соғыс Советінің қалған екі мүшесінің — Каменев пен Гусевтің мәлімдемесіне толық қосылғандығын көрсете кету керек. (5 январьдағы «Смилганың жауаптарын» қараңыз.)

ҚОРТЫНДЫЛАР

Армия мықты Революциялық Соғыс Советінсіз бола алмайды. Армияның Революциялық Соғыс Советі ең болмағанда үш мүшеден құрылу керек, олардың

біреуі армияны жабдықтау органдарын бақылап, екіншісі армияны саяси тәрбиелеу органдарын бақылап, үшіншісі командашы болуға тиіс: Армияның дұрыс қызмет атқаруын тек осылай еткенде ғана қамтамасыз етуге болады.

Армияның штабы дивизия бастықтары мен бригада бастықтарының ресми (көбіне теріс) мәлімдемелеріне ғана қанағаттанбауға тиіс, оның өз өкілдері — армия штабын ұдайы хабарлап отыратын, армия командашысы берген бұйрықтардың дәл орындалуын қадағалап отыратын агенттері болуға тиіс. Тек осылай еткенде ғана штабтың армиямен байланысты болуын қамтамасыз етіп, дивизиялар мен бригадалардың іс жүзіндегі автономиясын жойып, армияның шын бір орталыққа бағынуын жолға салуға болады.

Армия өзімен өзі болған, толық автономиялы әскер ретінде қимыл жасай алмайды, ол өзінің қимылында өзімен іргелес тұрған армияларға және, ең алдымен, Республиканың Революциялық Соғыс Советінің директиваларына толық тәуелді болады: орталықтың директивалары теріс болса және іргелес армиялармен шын байланыс болмаса ең жауынгер армияның өзі басқа пара-пар жағдайларда да күйреуі мүмкін. Майдандарда, ең алдымен Шығыс майданында, жеке армиялардың нақтылы, жете ойланып берілген стратегиялық директиваны жүзеге асыру жөніндегі қимылдарын дәл бір орталыққа бағындыру тәртібін орнату қажет. Республиканың Революциялық Соғыс Советі құсап, барлық мәліметтерді қадағалап есепке алмастан, директиваларды белгілеуде істі қалай болса солай немесе ойланбай істеу, соның салдарынан директиваларды тезбе-тез ауыстырып отыру және директи-

валардың өзінің айқын болмауы — армияларға басшылық ету мүмкіншілігін жояды, күштерді босқа шашып, уақытты босқа өткізуге әкеп соғады, майданның берекесін кетіреді. Республиканың Революциялық Соғыс Советін майдандармен тығыз байланысы бар шағын топ етіп қайта құру қажет, айталық, бес адам болсын (олардың екеуі маман болып, үшіншісі жабдықтау ісінің Орталық басқармасын бақылап, төртіншісі Бас штабты бақылап, бесіншісі Бүкілроссиялық комиссарлар бюросын бақылайтын болсын), бұлар армияларды басқару ісінде қалай болса солай жеңіл қараушылықты болғызбайтын жетерліктей тәжрибелі адамдар болсын.

ТЫЛДЫҢ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛМЕУІ ЖӘНЕ ПАРТИЯ-СОВЕТ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ

Тексеру жұмысының нәтижесі бойынша, үшінші армия тылының мүлде ақсап отырғандығын атап көрсетуге тура келеді. Армияның екі майданда соғысуына тура келді: армия қалайда көрініп, білініп тұрған дұшпанға қарсы соғысты және тылдағы, ақгвардиялық агенттердің басшылығымен темір жолды бұзып, түрлі-түрлі кедергілер жасаған, көзге көрінбейгін жұртқа қарсы соғысты, оның бержағында армияның тылындағы темір жолды арнаулы бронепоезд арқылы күзетуге тура келді. Пермь губерниясы мен Вятка губерниясындағы халықтардың «бастан-аяқ контрреволюцияшыл» екендігін барлық партия және совет мекемелері бір ауыздан айтып отыр. Облыстық Комитет пен Облыстық Совет, сонымен қатар Пермьнің губер-

ниялық атқару комитеті мен губерниялық комитеті — бұл аудандағы селолар «бастан-аяқ кулак» селолары, деп сендіреді. Біздің — бастан-аяқ кулактық село болмайды, қаналушылар болмаса кулактардың өмір сүруі мүмкін емес, өйткені кулактар біреуді қанауға тиіс қой, — деген сөзімізге бұл айтылған мекемелер аң-таң болып, бұдан басқа бір жауап беруден бас тартты. Бұдан былайғы, тереңірек тексеру жұмысы мынаны көрсетті: Совдептерде сенімсіз адамдар отыр; кедейлер комитеттері кулактардың қолында; партия ұйымдары әлсіз, сенімсіз, орталықтан қол үзген; партия жұмысы ақсап жатыр; оның бержағында партия-совет мекемелерінің жалпы нашарлығын жергілікті қызметкерлер төтенше комиссиялардың жұмысын күшейту арқылы толтыруға тырысады; бұл төтенше комиссиялар партия-совет жұмысының жалпы ақсап отырған кезінде совет өкіметінің провинциялардағы бірден-бір өкілдері болып шығып отыр. Орталық Атқару Комитетінің (немесе Ішкі істер Халық Комиссариатының) және партия Орталық Комитетінің тарапынан аз да болса басшылық ала алмаған совет және партия ұйымдарының жұмысының түкке тұрғысыз болуы себепті ғана мынадай таңқаларлық факт болған: деревняны қақ жарып, кедейлерді Совет өкіметін жақтайтын етіп көтеру үшін арналған төтенше салық туралы революциялық декрет[53], — міне осы декрет деревняны Совет өкіметіне қарсы біріктіру үшін кулактардың қолындағы ең қауіпті құралға айналған (кедейлер комитеттерінде отырған кулактардың бастауы бойынша, әдетте, салықтар дәулетіне қарай салынбай, жан басына қарай салынды; мұның өзі кедейлерді өшіктіріп, кулактардың салықтарға және Совет өкіметіне қарсы үгіт

жүргізуін жеңілдетті). Оның бержағында, қызметкерлердің бәрі бірдей мынаны дәлелдейді: төтенше салық жөніндегі «түсініспеушіліктер» деревняның контрреволюцияшылдануына, бірден-бір басты себеп болмады дегеннің өзінде, басты себептердің бірі болып табылды. Ішкі істер Халық Комиссариатының немесе Орталық Аткару Комитетінің тарапынан совет ұйымдарының кезекті жұмысына ешқандай басшылық бергендік көрінбей отыр (Пермь губерниясы мен Вятка губерниясы бойынша кедейлер комитеттерін қайта сайлау жұмысының 26 январьға дейін әлі басталмағандығы осыны сыйпаттайтын нәрсе). Орталық Комитет тарапынан партия ұйымдарының кезекті жұмысына ешқандай басшылық бергендік көрінбейді. Біз майданда болған уақыттың ішінде партия Орталық Комитетінің бір ғана документін кездестірдік; бұл документ Коробовкин жолдасты Пермьнен Пензаға ауыстыру туралы жазылып, оған Новгородцева дейтін «секретарь» қол қойыпты. (Бұл жарлық мүлде қолайсыз болғандықтан орындалған жоқ.)

Бұл жағдайлардың бәрі мынаған әкеп соқты: партия-совет мекемелері деревнядағы тірегінен айрылды, кедейлермен байланысын үзіп алды және салмақты төтенше комиссияға, репрессия ісіне сала бастады, бұдан деревня күңірене бастады. Ал төтенше комиссиялардың өздері, — булардың жұмысы партия-совет мекемелерінің қатар жүргізілетін тиімді үгіт-құрылыс жұмысымен толықтырылмағандықтан, — мүлде ерекше оқшау күйге түсіп отыр, мұның өзі Совет өкіметінің беделіне зиянды. Партия-совет баспасөзі дұрыс жолға қойылған болса біздің мекемелердің ауру же-

рін дер кезінде тапқан болар еді, бірақ Пермь мен Вятканың партия-совет баспасөзінде жұмысты дұрыс жолға қоюшылық та, Совет өкіметінің кезектегі міндеттерін түсінушілік те жоқ (онда «дүниежүзілік әлеуметтік» революция туралы бос сөздерден басқа еш нәрсе таба алмайсыз; Совет өкіметінің деревнядағы нақтылы міндеттері, болыстық Совдептерді қайта сайлау, төтенше салық туралы мәселе, Колчакқа және басқа ақгвардияшыларға қарсы соғыстың мақсаттары, — осындай «ұсақ» тақырыптардың бәріне баспасөз тәкәппарлықпен көңіл бөлмей отыр). Мәселен, мына фактының өзі не тұрады: Вятка қаласының совет мекемелеріндегі 4 766 қызметші мен қызметкердің ішінде 4 467 адам патша өкіметі кезінде де губерниялық земство басқармасында нақ осындай қызметте болған, яғни, туралап айтқанда, бұрынғы, патшалық земство мекемелері жайдан-жай совет мекемелері делініп атала салынған (біздің Вятка губерниясындағы бүкіл былғары ауданының осы «совет қызметкерлерірінің» қолында отырғандығын ұмытпаңыз). Бұл таңқаларлық жағдай январьдың орта шенінде біздің анкета арқылы анықталды. Бұл жағдай туралы Облыстық Комитет пен Облыстық Совет, жергілікті баспасөз бен жергілікті партия қызметкерлері білді ме? Әрине, білген жоқ. Бұл туралы партия Орталық Комитеті, Орталық Атқару Комитеті, Ішкі істер Халық Комиссарнаты білді ме? Әрине, білген жоқ. Ал, жалпы провинцияның ғана емес, сонымен қатар провинциядағы советтік мекемелеріміздің негізгі ауру жерлері туралы хабары болмай тұрып орталықтан басшылық ету мүмкін бе?

ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Біздің армиялардың ауру жері — тылдың мықты болмауы; бұл, ең алдымен, партия жұмысының ақсауынан, орталықтың директиваларын Совдептердің жүзеге асыра білмегендігінен, жергілікті төтенше комиссиялардың ерекше (оқшау дерлік) күйге түскендігінен болып отыр.

Тылды нығайту үшін мыналарды істеу қажет:

1. Жергілікті партия ұйымдары Орталық Комитеттің алдында дәлме-дәл ұдайы есеп беріп отыратын болсын; жергілікті партия ұйымдарына Орталық Комитеттің жарлық хаттары үнемі жіберіліп отырсын; провинциялық партия баспасөзіне басшылық ету үшін Орталық Органның жанынан баспасөз бөлімі ұйымдастырылсын; партия қызметкерлерінің (ең алдымен жұмысшылардан шыққан қызметкерлердің) мектебі құрылып, қызметкерлерді дұрыс бөлу ісі ұйымдастырылсын. Осының бәрі партия Орталық Комитетінің Секретариатына тапсырылсын, бұл Секретариат Орталық Комитеттің құрамынан құрылсын.

2. Орталық Атқару Комитеті мен Ішкі істер Халық Комиссариатының Совдептердің күнделікті жұмысына басшылық ету ісіндегі өкілдіктері дәл айырылып белгіленсін, Бүкілроссиялық Төтенше Комиссия Ішкі істер Халық Комиссариатымен біріктірілсін*, Ішкі істер Халық Комиссариатына орталық өкіметтің декреттері мен жарлықтарын Совдептердің дұрыс және деркезінде орындап отыруын бақылау міндеті жүктелсін; губерниялық Совдептер Ішкі істер Халық Комиссариа-

* Бүкілроссиялық Төтенше Комиссияны Ішкі істер халық Комиссариатымен біріктіру туралы мәселе жөнінде Дзержинский жолдастың ерекше пікірі бар.

тының алдында ұдайы есеп беріп отыруға міндетті болсын; Ішкі істер Халық Комиссариаты Совдептерге ұдайы қажетті нұсқаулар беріп отыруға міндетті болсын; провинциялық совет баспасөзіне басшылық ету үшін «Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің Известиясы»[54] жанынан баспасөз бөлімі ұйымдастырылсын.

3. Халық комиссариаттарының және жергілікті орындардағы, тыл мен майдандағы тиісті бөлімдердің «механизмінің кемшіліктерін» тексеру үшін Қорғаныс Советінің жанынан бақылау-тексеру комиссиясы ұйымдастырылсын.

ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ ЭВАКУАЦИЯЛАУ ОРГАНДАРЫ

Жабдықтау ісіндегі негізгі ауру — жабдықтау органдарының адам айтқысыз бытысуы және олардың арасында үйлесімнің жоқтығы.

Армияны және Пермьнің халқын азық-түлік заттармен «Оралдық жабдықтау», «Губерниялық жабдықтау», «Қалалық жабдықтау», «Уездік жабдықтау» орындары және «Үшінші армияның жабдықтау басқармасы» жабдықтап отырды. Сонда да жабдықтау ісі екі аяғынан бірдей ақсап отырды, өйткені армия (29-шы дивизия) аш болды, ал нан паегінің аштықтың мөлшеріне ($^1/_4$ қадаққа) жетіп ұдайы азайып отыруының салдарынан Пермьнің халқы мен Мотовилиха жұмысшылары шала курсақ болып өмір сүрді.

Осы көрсетілген жабдықтау органдарының өзара келісіп отырмауының салдарынан армияны жабдық-

тау ісі былығып отыр; Азық-түлік Халық Комиссариатының Пермь губерниясынан айырылып отырғандықпен санаспай, өзінің үшінші армияға арналған нарядтарын Пермь губерниясынан және басқа алыс губерниялардан Вятка губерниясына осы уақытқа дейін ауыстырмай отырғандығының салдарынан, бұл былығу күшейе түсіп отыр. Сонымен қатар, Азық-түлік Халық Комиссариатының әлі күнге дейін астықты пристаньдарға жеткізу ісіне кіріспегендігін, ал Жоғарғы Су Басқармасының пароходтарды ремонттауға кіріспегендігін көрсете кету керек; мұның өзі келешекте жабдықтау ісіне сөзсіз көп қыйындықтар келтіру қаупін туғызады.

Органдардың бытысуынан және кеңсе былығынан армияның қару-жарақ заттарымен жабдықталу ісі бұдан да гөрі қыйыншылыққа ұшырап отыр. «Орталық жабдықтау басқармасы», «Жоғарғы артиллерия басқармасы», «Төтенше жабдықтау комиссиясы», «Үшінші армияның артиллерия жабдықтау басқармасы» ылғый өзара шатасып, күнделікті жабдықтау ісіне бөгет жасап, зиян келтіріп отыр. Осыны сыйпаттау үшін III армия командашысының Пермьнің құлар алдында, 1918 жылы 17 декабрьде майдан командашысына (көшірмесін Троцкийге) жіберген телеграммасының біраз жерін келтіре кетуді артық болмас деп санаймыз:

«Шығыс майданының Жабдықтау бастығы № 3249 телеграмма арқылы — Ярославль округіне алты мың жапон винтовкасы жөнінде наряд жіберілді, деп хабарлады; оның бержағында, Республиканың Соғыс советі штабының бастығы Костяевтің № 493 телеграммасына қарағанда, бұл нарядты Бас командование бекіткен көрінеді. Бұдан бір ай бұрын III армияның штабы осы көрсетілген винтовкаларды алу үшін кісі жіберген болатын. Ярос-

лавль округтік артиллерия басқармасына келгеннен кейін, алуға барған адам былай деп телеграмма берді: мұнда наряд туралы еш нәрсе білмейді, өйткені мұнда Жоғарғы артиллерия басқармасының наряды келген жоқ. Алуға барған адам Москвадағы Жоғарғы артиллерия басқармасына барып, сол жерден — Бас командованиенің рұхсатынсыз винтовкалар берілмейді, деп телеграмма берді. Алуға барған адамнан кеше: Жоғарғы артиллерия басқармасы винтовкаларды жіберуден үзілді-кесілді бас тартты, деген телеграмма келді; сонымен ол адам қайтып келді. Революциялық Соғыс Советінің жабдықтау бастығы № 208 телеграмма арқылы: II армиядан алып сіздің армияға алты мың винтовка жіберу туралы жарлық берілді, деп хабарлады, ал II армияның командашысы № 1560 телеграмма арқылы: осы винтовкаларды алу үшін Ижевскіге тез адам жіберу туралы хабарлады. Қабылдауға адам жіберілді, бірақ Ижевскіде оған винтовкаларды бермепті, сондағы айтқаны бұл жайында жарлық берілген жоқ депті. II армияның командашысы № 6542 телеграмма арқылы және Шығыс майданының жабдықтау Бастығы № 6541 телеграмма арқылы жоғарыда көрсетілген винтовкаларды бергізу жайында Ижевск заводына жарлық беруді сұрады. Винтовкаларды бергізу туралы айдың 16-сына дейін заводқа жарлық берілген жоқ, ал, алуға барған адамнан келген хабарларға қарағанда, винтовкалардың бәрі дүйсембі күні Ижевскіден орталыққа жіберілуге тиіс. Сөйтіп, армия екі наряд бойынша берілетін он мың винтовканы ала алмай қалды. Армияның жайы мәлім, винтовкаларсыз майданға толықтыратын әскер беруге болмайды, ал толықтырмайынша майдан солғындап, өзіңізге мәлім нәтижеге жеткізеді. Ярославль округтік артиллерия басқармасына винтовкалар жөніндегі наряд Бас командованиенің келісімі бойынша берілді, сондықтан үшінші армияның командованиесі Жоғарғы артиллерия басқармасын саботаждық жасады деп ресми түрде кінәлап, бұл істі тексеруді талап етеді».

Бул телеграмманың мазмұнын майданның командашысы Қаменев толығынан растап отыр. («Майдан командашысының хабарын» қараңыз.)

Органдардың нақ осындай шатасып, бытысуы эвакуация жөнінде де басым болды. Жолқатынас ок-

ругінің бастығы теміржолшылардың шебер ұйымдастырылған саботажын тыюға мүлде қабілетсіз болып шықты. Поездардың жыйы-жыйы апатқа ұшырауы, турып қалуы, армияға керекті жүктердің зым-зыя жоғалып кетуі эвакуацияның ең қыйын минуттарында округтің төбесінен түскендей кездесіп отырды, оның бержағында округ мұндай бәлені болғызбау үшін күрделі шаралар қолданбады немесе қолдана білмеді. Центроколлегия «жұмыс істеп жатты», яғни айтысып тартысты, бірақ жүктерді жоспар бойынша эвакуациялау үшін тіпті ешқандай шара қолданған жоқ. Эвакуацияның да бастығы болған, үшінші армияның әскери жолқатынас бастығы ең бағалы жүктерді (Мотовилиха заводының механизмдері мен бөлшектерін және басқаларды) көшіріп әкету үшін тіпті ешқандай шара қолданған жоқ. Әртүрлі көкір-шөкірлер көшірілді, эвакуация ісіне барлық ұйымдардың бірі қалмай шырмалды, сондықтан эвакуация процесінің өзі ығы-жығы, былыққа айналды.

ҚОРТЫНДЫЛАР

Армияны жабдықтау ісін жақсарту үшін мыналарды істеу қажет:

1. Армияны жабдықтау ісінің орталық органдарының (әрқайсысы бет-бетімен бұйрық беретін Орталық жабдықтау басқармасының, төтенше жабдықтау комиссиясының, Жоғарғы артиллерия басқармасының) бытысуы жойылсын, олар нарядтарды деркезінде орындап отыруға өте жауапты етіліп, бір органға айналдырылсын.

2. Армияның жабдықтау бөлімі дивизияларда қол

сұғуға болмайтын екі апталық азық-түлік қорын ұстауға міндетті болсын.

3. Азық-түлік Халық Комиссариаты армияларға арналған нарядтарды армияларға ең жақын тұрған губернияларға аударуға, оның бержағында үшінші армияға арналған нарядтарды (дереу кідіртпестен) Вятка губерниясына аударуға міндетті болсын.

4. Азық-түлік Халық Комиссариаты астықты пристаньдарға жеткізу ісіне дереу кірісуге, ал Жоғарғы Су Басқармасы пароходтарды ремонттау жұмысына дереу кірісуге міндетті болсын.

Эвакуация жұмысын тәртіпке салу үшін мыналарды істеу қажет:

1. Жергілікті центроколлегиялар жойылсын.

2. Халық шаруашылығының Жоғарғы советінің жанынан эвакуацияланған мүлікті бөлуге правосы бар біртұтас эвакуация органы құрылсын.

3. Бұл орган қажет болған жағдайда белгілібір ауданға эвакуация жүргізу үшін арнаулы агенттер жіберіп, оған сол ауданның соғыс мекемесі мен жолқатынас округінің өкілдерін сөзсіз қатыстырып отыруға міндетті болсын.

4. Тиісті жолқатынас округтеріне, ең алдымен Орал округіне (себебі оның құрамы қанағаттанарлық емес), Жолқатынас Халық Комиссариатының жауапты агенттері тағайындалсын; бұлар теміржол мамандарын өзіне бағындыра алатын және теміржол қызметшілерінің саботажын жоя алатын адамдар болсын.

5. Жолқатынас Халық Комиссариаты паровоздар мен вагондарды бұлардың көп жыйналған аудандарынан астықты аудандарға жіберу ісіне, сонымен қатар

бүлінген паровоздарды ремонттау ісіне дереу кірісуге міндетті болсын.

ЖАЛПЫ ҚҰРАЛ-ЗАТТАР МЕН АДАМДАР ШЫҒЫНЫ

Бірсыпыра документтер «жоғалып» кеткендіктен және іске қатысы бар бірталай совет қызметкерлері мен мамандардың дұшпанның жағына шығып кеткендігінен шығынның толық сыйпатын ашу мүмкін емес. Қолдағы мәліметтерге қарағанда біздің шығынымыз мынау: 419 мың текше сажен отын және 2 383 мың пұт көмір, антрацит, шымтезек; 66 800 мың пұт руда және басқа шикізаттар; 5 миллион пұт негізгі материалдар мен бұйымдар (құйылған шойын, алюминий, қалайы, мырш және басқалар); 6 миллион пұт сомбал, сомтемір және мартен, бессемер үшін дайындалған заттар; 8 миллион пұт темір мен болат (сортталғаны бар, төбеге жабатыны бар, сым, рельс және басқалар); 4 миллион пұт ас тұзы; 255 мың пұт кальций қосылған, күйдіргіш сода; 900 мың пұт мұнай мен керосин; 5 миллион сом тұратын дәрі-дәрмектер; Мотовилиха заводы мен Пермь темір жол мастерскойларының материал складтары; американық көп кіндіктемірлер жатқан жолқатынасының кіндіктемір қоймасы; су транспортының Аудандық басқармасының мақта, мата, олеонафт, шеге, арба және басқалар тұрған складтары; 65 вагон былғары; армияның жабдықтау бөлімінің 150 вагон азық-түлігі; 297 паровоз (олардың 86 сы бүлінген); үш мыңнан аса вагон; өлгені бар, пленге түскендері бар және хабарсыз кет-

кендері бар 20 мыңға жуық жауынгер; жараланған жауынгерлер жатқан 10 вагон; 37 зеңбірек, 250 пулемет, 20 мыңнан аса винтовка, 10 миллионнан аса патрон, 10 мыңнан аса снаряд.

Біз қолдан кеткен темір жол бойының бәрін, бағалы құрылыстарды және сондайларды есептеп отырғанымыз жоқ.

МАЙДАНДЫ НЫҒАЙТУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛҒАН ШАРАЛАР

Майданға 15 январьға қарсы 1 200 сенімді жаяуәскер мен аттыәскер жіберілді; бұдан кейін бір күннен соң — екі аттыәскер эскадроны жіберілді, 20-сы күні 3-ші бригаданың 62-ші полкі (алдын ала әбден тазартылып) жіберілді. Бұл әскер бөлімдері дұшпанның шабуылын тоқтатуға мүмкіндік берді, III армияның көңілін көтерді, біздің Пермьге шабуыл жасауымызға жол ашты, бұл шабуыл әзір табысты болып отыр. 30-январьда сол бригаданың 63-ші полкі (бір ай бойы тазартылғаннан кейін) майданға жіберіледі. 61-ші полк майданға ерте дегенде 10 февральда жіберіледі (оны ерекше қадағалап тазалау керек). Ең шеткі солжақ бүйір әлсіз болып, дұшпанның орағытуына ашық қалып отырғандықтан, Вяткадағы шаңғы батальоны еркімен келгендермен (барлығы 1 000 жауынгер) толықтырылып, тез атылатын зеңбіректермен жабдықталды, сөйтіп үшінші армияның ең шеткі солжақ бүйіріне барып қосылу үшін 28 январьда Вяткадан Чердыни жағына қарай жіберілді. Армияның хал-жағдайын шындап нығайту үшін және оның табыстарды ұлғайта түсуіне мүмкіндік беру үшін, үшінші армия-

ға көмек ретінде Россиядан тағыда сенімді үш полк жіберу қажет.

Армияның тылында совет және партия мекемелерін шындап тазарту ісі жүріп жатыр. Вятка мен уездік қалаларда революциялық комитеттер ұйымдастырылды. Деревняда революциялық мықты ұйымдар құру жұмысы басталып, жүріп жатыр. Партия және совет жұмысы тегісінен жаңа жолға салынып жатыр. Әскери бақылау орны тазартылып, қайта құрылды. Губерниялық төтенше комиссия тазартылып, партияның жаңа қызметкерлерімен толықтырылды. Вятка торабын арылту ісі дұрысталды. Үшінші армияның тылын ойдағыдай нығайту үшін тәжрибесі бар партия қызметкерлерін жіберіп, ұзақ уақыт социалистік жұмыс жүргізу қажет.

Комиссия өзінің есебін аяқтай келіп, халық комиссариаттарының және олардың жергілікті орындардағы, тыл мен майдандағы бөлімдерінің «механизмінің кемшіліктері» дейтіндерді тексеру үшін Қорғаныс Советінің жанынан бақылау-тексеру комиссиясын құрудың сөзсіз қажет екендігін тағыда баса көрсетуді керек деп санайды.

Орталық пен жергілікті орындардағы жұмыстың кемшіліктерін түзету үшін Совет өкіметі әдетте кінәлі қызметкерлерді шыйрату және жауапқа тарту әдісін пайдаланады. Бұл әдісті барынша қажет және әбден қолайлы әдіс деп таный отырып, комиссия, оны, дегенмен, жетімсіз деп есептейді. Жұмыстағы кемшіліктер қызметкерлердің бір бөлегінің бассыздығынан, салақтығынан, жауаптылық сезімінің жоқтығынан

ғана болып отырған жок, сонымен қатар кызметкерлердің баска бір бөлегінің тәжрибесіздігінен де болып отыр. Комиссия жергілікті орындарда толып жаткан өте адал, кажырлы, әбден берілген, біракта өзінің онша тәжрибелі болмағандығынан өз жұмысында бірсыпыра кателер жіберген кызметкерлердің бар екендігін тауып отыр. Егерде Совет өкіметінің социалистік мемлекет құрылысы тәжрибесін корытып, оны (тәжрибені) пролетариатка көмектесуге зор ниеті бар кәзірдің өзінде жарыкка шыккан жас кызметкерлерге беріп отыратын арнаулы аппараты болған болса, — социалистік Россияның құрылысы әлдеқайда тез және мүлтіксіз жүргізілген болар еді. Жоғарыда айтылған Қорғаныс Советінің жанындағы бакылау-тексеру комиссиясы осындай аппарат болуға тиіс. Мұндай комиссияның жұмысы орталыктың қызметкерлерді шыйрату жөніндегі жұмысын толықтырған болар еді.

Комиссия:

И. Сталин
Ф. Дзержинский

31 январь, 1919 ж.
Москва

Бірінші рет „Правда" газетінің 16-номерінде, 1935 ж. 16 январьда басылған

ҮКІМЕТТІҢ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТЫ

Бұдан бір жыл бұрын, Октябрь революциясына дейін, Россия, мемлекет ретінде, қаусап жататын. Бұрынғы «кеңбайтақ Россия державасы» және онымен қатар бет-бетімен жайылған, толып жатқан ұсақ жаңа «мемлекеттер» болатын еді, — жағдай осындай еді.

Октябрь революциясы мен Брест бітімі ыдырау процесін бұрынғыдан да гөрі тереңдетіп, дамытты. Енді жұрт Россия туралы емес, Великороссия туралы сөз қыла бастады, оның бержағында шеткері аймақтарда құрылып, орталықтағы социалистік Совет үкіметіне жан-тәнімен қас болған буржуазиялық үкіметтер Совет үкіметіне соғыс жариялады.

Сонымен қатар шеткері аймақтарда жұмысшы-шаруа Советтерінің орталықпен бірігуге барынша талаптануы да сөзсіз болып отырды. Бірақ ішкі істерге қол сұққан шетелдік империалистердің қарама-қарсы тенденциялары бұл талапты тежеп, кейін оны басып тастап отырды.

Ол кезде бірінші роль атқарған австро-герман империалистері, бұрынғы Россияның ыдырауын шебер

пайдаланып, орталыққа қарсы күресу үшін шеткері аймақтардағы үкіметтерді қажетті нәрселердің бәрімен мейлінше жабдықтады, кей жерлерде шеткері аймақтарды оккупациялап, жалпы айтқанда Россияның мүлдем ыдырап бітуіне жәрдемдесті. Антанта империалистері де, австрия-германдардан қалысқылары келмей, осылардың жолдарына түсті.

Большевиктер партиясының дұшпандары ыдырау жөніндегі кінәны, әрине (әрине!), Совет өкіметіне аударды. Бірақ, еріксіз болатын уақытша ыдырау процесіне Совет өкіметінің қарсы тұра алмағандығын және қарсы тұрғысы да келмегендігін түсіну қиын емес. Россияның империалистік найзаларға сүйенген, зорлықпен болған бірлігі орыс империализмі құлаған кезде сөзсіз құлауға тиісті екенін Совет өкіметі түсінді: өз жолынан таймай тұрып, Совет өкіметі бірлікті орыс империализмінің әдістері арқылы сақтай алмайтын болды. Совет өкіметі социализм үшін кез келген бірлік емес, туысқандық бірлік қажет екендігін түсінді; мұндай бірлік Россия ұлттарының еңбекші таптарының ерікті одағы ретінде ғана орнай алады, немесе ол мүлде орнамайды...

Австро-герман империализмінің талқандалуы жаңа жағдай туғызды. Бір жағынан, оккупацияның барлық сұмдықтарын басынан кешірген шеткері аймақтарда орыс пролетариатына және оның мемлекет құрылысының формаларына қарай бар ынтасымен ұмтылушылық күшейді; бұл ұмтылушылыққа шеткері аймақтардағы үкіметтердің сепаратистік әрекеттері төтеп бере алмайды. Екінші жағынан, оккупацияланған облыстардың еңбекші бұқараларының нақ өзінің саяси бейнесін көрсетуіне кедергі жасаған шетелдік

қарулы күштер (австро-герман империализмі) енді болмайтын болды. Бұдан кейін оккупацияланған облыстарда басталған күшті революциялық өрлеу және бірсыпыра жұмысшы-шаруа ұлт республикаларының құрылуы оккупацияланған облыстардың саяси тілектері туралы ешбір күдік қалдырған жоқ. Өздерінің танылуы туралы советтік ұлт үкіметтерінің сұрауына Россия Совет өкіметі жаңа құрылған совет республикаларының толық тәуелсіздігін сөзсіз тану арқылы жауап берді. Бұлай еткенде Совет өкіметі өзінің сыннан өткен ескі саясатын — ұлттарға зорлық жасаудың қандайын болса да мойындамайтын, ұлттардың еңбекші бұқараларының дамуына толық бостандық берілуін тілейтін саясатты қолданды. Совет өкіметі өзара сенушілік негізінде ғана өзара түсінушілік туатындығын, өзара түсінушілік негізінде ғана халықтардың мызғымас, берік одағын жасауға болатындығын түсінді.

Совет өкіметінің дұшпандары — Россияны бөлшектеуге «қайтадан әрекеттеніп отырсыңдар» деп Совет өкіметіне тағыда айып тағудан тартынған жоқ. Бұлардың ішіндегі ең реакцияшылдары, шеткері аймақтардың орталыққа тартып отырғанын сезіп, «Ұлы Россияны» қайтадан қалпына келтіру жөнінде «жаңа» ұран шығарды, әрине, мұны олар қару-жарақтың күшімен, Совет өкіметін құлату жолымен істемек болды. Күні кеше Россияны бірнеше контрреволюциялық дербес ошақтарға бөлшектеуге тырысқан Красновтар мен Деникиндер, Колчактар мен Чайковскийлер бүгін келіп «бүкілроссиялық мемлекет» құру «идеясына» беріле қалыпты. Саясатты сезе білетін, күні кеше Россияның ыдырауын тілеген ағылшын-

француз капиталының агенттері кәзір істі өте кілт өзгертіп, бірден екі бірдей (Сибирьде және оңтүстікте) «бүкілроссиялық» үкімет құрды. Күмән жоқ, осының бәрі, шеткері аймақтардың жеңімпаздықпен орталыққа тартып отырғандығын көрсетеді; кәзірде бұл жағдайды отандық және шетелдік контрреволюционерлер пайдалануға тырысып жүр.

Россия ұлттарының еңбекші бұқаралары біржарым жыл революциялық жұмыс істегеннен кейін, «ескі Россияны» (әрине, ескі тәртібі бар Россияны) калпына келтірем деушілердің контрреволюциялық армандарының күйреуге тиіс екендігі айтпасақ та түсінікті. Алайда, біздің контрреволюционерлердің жоспарлары неғұрлым құрғақ қыялды болған сайын, Совет өкіметінің бүтіндей Россия халықтарының өзара туысқандық сеніміне сүйенген саясаты соғұрлым айқын түрде көзге түседі. Ол-олма, бұл саясаттың өзі, кәзіргі халықаралық жағдайда, бірден-бір реалды, бірден-бір революциялық саясат болып табылады.

Мұны Россия Совет Республикасымен федерациялық байланыс жасау жөнінде болған Белорус Республикасының Советтер съезінің[55] соңғы декларациясының өзі де дәлелдеп отыр. Әңгіме мынада: таяуда тәуелсіз деп танылған Белорус Совет Республикасы кәзір өзінің Советтер съезінде Россия Республикасымен одақтаспыз деп ерікті түрде жарыялап отыр. Белорус Советтерінің съезі өзінің 3 февральдағы декларациясында — «кәзіргі барлық тәуелсіз совет республикалары еңбекшілерінің бостандығы бар ерікті одағы ғана жұмысшылар мен шаруалардың былайғы барлық капиталистік дүниеге карсы күресте жеңіп шығуын камтамасыз етеді» деп жарыялады.

«Барлық тәуелсіз совет республикалары еңбекшілерінің ерікті одағы»... Халықтарды біріктірудің жолы нақ осы; Совет өкіметі үнемі осы жол туралы айтып келді, кәзір бұл жол игілікті нәтижелерге жеткізіп отыр.

Белорус Советтерінің съезі, сонымен қатар, Литван Республикасымен бірігуге ұйғарып, осы екі республиканың Россия Совет Республикасымен федерациялық байланыс жасауын қажет деп тапты. Телеграф арқылы Литваның Совет үкіметі де осы көзқараста деген хабар келді, оның бержағында Литваның барлық партияларының ішінде ең беделді болып отырған Литва коммунистер партиясының конференциясы Литва Совет үкіметінің позициясын қолдайтын көрінеді. Литва Советтерінің кәзіргі шақырылатын съезі[56] де осы жолға түседі деп сену үшін барлық дәлелдер бар.

Совет өкіметінің ұлт мәселесі жөніндегі саясатының дұрыс екендігін көрсететін тағыда бір дәлел осы.

Сөйтіп, Россия халықтары империалистік ескі бірліктің құлауынан **бастап,** тәуелсіз совет республикалары **арқылы,** ерікті түрдегі туысқандық жаңа бірлікке **қарай** келе жатыр.

Бұл жолдың онша жеңіл емес екендігінде күмән жоқ, бірақ бұл — Россия ұлттарының еңбекші бұқараларының мызғымас, берік социалистік одағына жеткізетін бірден-бір жол.

„Известия" № 30,
9 февраль, 1919 ж.
Қол қойған: И. Сталин

ТҮРКСТАННЫҢ СОВДЕПТЕРІ МЕН ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНА

Шығыстағы шеткері аймақтарды азат етумен байланысты партия-совет қызметкерлерінің алдына осы шеткері аймақтардың ұлттарының еңбекші бұқараларын социалистік мемлекет құрылысының жалпы жұмысына тарту міндеті қойылады. Еңбекші бұқаралардың мәдениет дәрежесін көтеру қажет, оларды социалистік жолмен ағартып, жергілікті тілдерде әдебиетті өркендету қажет, пролетариатқа ең жақын тұрған жергілікті адамдарды совет ұйымдарына енгізіп, оларды өлкені басқару ісіне тарту қажет.

Тек осылай еткенде ғана Совет өкіметін Түркстан еңбекшілеріне жақын және туысқан өкімет етуге болады.

Мынаны еске алу керек: Түркстан өзінің географиялық жағдайына қарағанда социалистік Россияны Шығыстың езілген елдерімен байланыстыратын көпір болып табылады, солай болғандықтан Түркстанда Совет өкіметінің нығаюы бүкіл Шығыс үшін революцияшылдандырғыш ұлы маңыз алуы мүмкін. Сондық-

тан да жоғарыда айтылған міндеттің Түркстан үшін айрықша зор маңызы бар.

Партияның Орталық Комитетінің, Советтердің Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің және Халық Комиссарлары Советінің осы ұсынылып отырған әмір хаттың рухында қабылдаған бірқатар қарарлары туралы ескерте келіп, Ұлттар ісі жөніндегі Халық комиссариаты — Түркстанның партия-совет қызметкерлері және, ең алдымен, Совдептердің ұлттық бөлімдері өздеріне жүктелген міндетті абыроймен орындай алады деп толық сенеді.

Партияның Орталық Комитетінің бюро мүшесі,
Халық комиссары ***И. Сталин***

Москва,
12 февраль, 1919 ж.

„Жизнь Национальностей“ № 7,
2 март, 1919 ж.

ЕКІ ЛАГЕРЬ

Дүние жүзі үзілді-кесілді және біржолата екі лагерьге бөлінді: империализм лагері мен социализм лагері болды.

Онда, **олардың** лагерінде, капиталдары, қару-жарақ құралдары, сыналған агенттері, тәжрибелі әкімдері бар Америка мен Англия, Франция мен Жапония болып отыр.

Мұнда, **біздің** лагерімізде, жас совет республикалары бар, Европа елдерінде өсіп келе жатқан пролетарлық революциясы бар, бірақ капиталы жоқ, сыналған агенттері жоқ, тәжрибелі әкімдері жоқ, мұның есесіне еңбекшілердің жүрегінде азаттық отын тұтата білетін тәжрибелі үгітшілері бар Совет Россиясы болып отыр.

Осы екі лагерьдің күресі бүкіл кәзіргі өмірдің кіндігі болып табылады, бұл күрес ескі дүние мен жаңа дүниенің қайраткерлерінің кәзіргі ішкі, сыртқы саясатының барлық мазмұнын қамтыйды.

Эстляндия мен Литва, Украина мен Қырым, Түркстан мен Сибирь, Польша мен Кавказ, ақырында,

Россияның өзі — құр мақсат емес, бұлар тек екі күштің: құлдықтың бұғауын нығайтуға тырысып отырған империализм мен құлдықтан азат ету жолында күресіп отырған социализмнің күрес майданы, жанталасқан күрес майданы болып табылады.

Империализмнің күші — өз қожайындарын байытып, өзіне қанау бұғауын соғатын бұқара халықтың қараңғылығында. Бірақ бұқараның қараңғылығы — өткінші нәрсе, мезгілі жеткен кезде, бұқараның наразылығы өскен кезде, революциялық қозғалыс тараған кезде лажсыз жоғалуға бейім нәрсе. Империалистердің капиталдары бар... бірақ лажсыздық туған кезде капиталдардың дәрменсіз болатындығын кім білмейді. Сондықтан да империализмнің үстемдігі мәңгілік, берік нәрсе емес.

Империализмнің әлсіздігі — апатқа ұшыратпайынша, жаппай жұмыссыздықты күшейтпейінше, нақ өз жұмысшылары мен шаруаларын жаңадан талауға салмайынша, біреудің жерін жаңадан басып алмайынша соғысты жоюға оның дәрменсіз болуында. Мәселе соғыстың бітуінде емес, тіпті Германияны жеңуде де емес, мәселе соғыстың миллиардтаған шығындарының кімнің мойнына жүктелуінде болып отыр. Россия империалистік соғыстан жаңарып шықты, өйткені ол соғысты ішкі және сыртқы империалистердің есесінен жойды, ол соғыстың шығындарын соғыстың шығуына тікелей кінәлылардың мойнына жүктеп, оларды экспроприациялады. Империалистер бұлай істей алмайды, олар өздерін өздері экспроприациялай алмайды, әйтпесе олар империалистер болмаған болар еді. Соғысты империалистік жолмен жою үшін, олар жұмысшыларды аштыққа ұшыратуға

«мәжбүр» болады («тиімсіз» кәсіпорындарды жабу негізінде жаппай жұмыссыздық туады, жаңадан жанама салықтар салынады және өнімнің бағасы сұрапыл өсіріледі), олар Германияны, Австро-Венгрияны, Румынияны, Болгарияны, Украинаны, Қавказды, Түркстанды, Сибирьді талауға «мәжбүр» болады.

Осылардың бәрі революцияның базасын кеңейтетіндігін, империализмнің негіздерін әлсірететіндігін және лажсыз апаттың болуын тездететіндігін айтып жатудың керегі бар ма?

Бұдан үш ай бұрын жеңіске шаттанған империализм өз армиясының қалың қолын Россияға қаптатып жібермекші болып қорқытып, қаруын кезенген болатын. «Бишара», «тағы» Советтік Россия «тіпті» даңқты техникасы бар германдарды да жеңген ағылшын-француздардың «тәртіпті» армиясына төтеп бере алады дейсің бе? Олар осылай деп ойлады. Бірақ олар бір «болмашы» нәрсені ескермей кетті, олар бітімнің, тіпті «жаман» бітім болса да, армияның «тәртібін» сөзсіз бұзатындығын, оны жаңа соғысқа қарсы көтеретіндігін, ал жұмыссыздық пен қымбатшылық тұрмыстың жұмысшылардың өз империалистеріне қарсы революциялық қозғалысын сөзсіз күшейтетіндігін еске алмады.

Ақырында не болып шықты? «Тәртіпті» армия интервенцияға жарамайтын болып шықты: ол лажсыз ауруға ұшырады, — ыдырай бастады. Мақтаулы «азамат бейбіттігі» мен «тәртіп» өзінің қарама-қарсылығына, азамат соғысына айналды. Россияның шеткері аймақтарында қапыл-құпыл әзірленген буржуазиялық «үкіметтер» сабынның көбігіндей бос нәрсе болып шықты, әрине (әрине!), «адамгершілік» пен «цивили-

зацияны» көксейтін интервенцияны бүркеуге жарамсыз болып шықты. Советтік Россияға келетін болсақ, душпандар оны бөрікше лақтырып жібере алмағандығы былай тұрсын, қайта, оны «кеңеске», Принц аралдарына[57] шақырып, аз-маздап шегіну керек деп тапты. Өйткені Қызыл Армияның табыстары, көрші елдерге революция рухын тарататын ұлттық жаңа совет республикаларының шығуы, Батыста революцияның өсуі және Антанта елдерінде жұмысшы-солдат советтерінің шығуы орасан күшті әсер етпей қоймады. Ол-олма. Тіпті кеше ғана Берн конференциясына[58] баруға паспорт бермей, «анархиялық» Россияны жұтып жіберуге дайындалған «қайсар» Клемансо. қазір, біраз революция қыспағына түскеннен кейін нағыз «марксшіл» делдалды, қартайған Каутскийді, сөйлесу үшін... бәлкім «зерттеу» үшін, Россияға жіберіп, оның жәрдемін пайдаланудан қашпай отыр.

Расында да:

> «Қайда кетті десеңші лепірген сөз,
> Өжет, қайсар патшадай қаһарлы кез?..»[59]

Бұл өзгерістердің бәрі бас-аяғы үш-ақ айдың ішінде болды.

Бұдан былайғы даму да осы бағытта болады, деп айтуға біздің дәлеліміз толық, өйткені қазіргі бастан кешіріп отырған «дауылды және қиын-қыстау» уақытта Россияның — қоғам-шаруашылық өмірі ереуілсіз және үкіметке қарсы демонстрацияларсыз «бірқалыпты» өтіп жатқан **бірден-бір** ел екендігін, ал Совет үкіметінің — қазірде Европада өмір сүріп отырған барлық үкіметтердің ішіндегі **ең берік** үкімет екендігін мойындау керек; оның бер жағында империалистік үкіметтердің күші мен салмағы қандай дәрежеде тө-

мендеп отырған болса, Советтік Россияның күші мен салмағы, елдің ішінде де, сыртында да, нақ сондай дәрежеде күн сайын өсіп отыр.

Дүние жүзі келісімге келмейтін екі лагерьге бөлінді: империализм лагері мен социализм лагері болды. Демі құрып бара жатқан империализм, барлық елдердің тонаушыларын бір одақ етіп біріктіру арқылы жағдайды түзетуге тырысып, ақырғы құралға, «Ұлттар лигасына» жармасып отыр. Бірақ ол босқа әуреленіп отыр, өйткені жағдай мен уақыт оған қарсы, социализм жағына шығып отыр. Социалистік революцияның толқыны тоқтаусыз өсіп, империализмнің қамалын қоршап алып отыр. Бұл толқынның дүрсілі езілген Шығыс елдерінде де естілуде. Империализмнің табан астынан от шығып келеді. Империализм сөзсіз жойылуға тиіс.

„Известия" № 41,
22 февраль, 1919 ж.
Қол қойған: И. Сталин

БІЗДІҢ ШЫҒЫСТАҒЫ МІНДЕТТЕРІМІЗ

Қызыл Армия Шығысқа қарай ілгерілеп, Түркстанға қарай жол ашылуына байланысты біздің алдымызда бірқатар жаңа міндеттер тұр.

Россияның шығыс халқында орталық губерниялардағыдай социалистік құрылыс ісін оңайлатқан бірыңғайлылық та жоқ, батыс және оңтүстік шеткері аймақтардағыдай Совет өкіметін тиісті ұлт формаларына тез және зардапсыз үйлестіруге мүмкіндік берген мәдени есейгендік те жоқ. Россияның бұл шеткері аймақтары мен орталығына қарағанда шығыс жақтағы шеткері аймақтар: татар мен башқұрттар, киргиздар мен өзбектер, түркмендер мен тәжіктер, ақырында, толып жатқан этнографиялық жұрттар (30 миллионға таяу халық) мәдениет жағынан артта қалған халықтардың алуан-алуан түрлері болып табылады, бұлар— не ортағасырлық дәуірден әлі шықпаған, не капиталистік даму дәуіріне жаңада ғана енген халықтар.

Бұл жағдай, күмән жоқ, Совет өкіметінің Шығыстағы міндеттерін күрделі етіп, біраз қиындатады.

Бірыңғай ішкі тұрмыс-салт жағындағы қиындық

тарға, былайша айтқанда, сырттан әкелінген, «тарихи» сыйпаттағы қыйындықтар қосылады. Біздің айтып отырғанымыз — патша үкіметінің Шығыс халықтарын тұншықтыруға бағытталған империалистік саясаты, өзін шығыстағы шеткері аймақтардың қожайынымын деп санаған орыс купецтерінің жебірлігі мен обырлығы және, ақырында, мұсылман халықтарын, шынды-өтіріктің бәрін айтып, православие дініне енгізуге тырысқан орыс попының жәдігөйлік саясаты, — яғни шығыс халықтарын орыс атаулының бәріне сенбейтін еткен және өшіктірген жағдайлар.

Рас, Россияда пролетарлық революцияның жеңуі және Совет өкіметінің езілген халықтар жөніндегі азаттық саясаты ұлт араздығын жойып, орыс пролетариатын Шығыс халықтарына сенімді және қадірлі еткендігінде күмән жок. Бір бұл ғана емес. Шығыс халықтары, олардың саналы өкілдері, Россияны империализм бұғауынан азат болу жөніндегі өздерінің тірегі мен туы деп таный бастады, деп айтуға барлық дәлелдер бар. Бірақ бір сермегеннен жойыла қоймайтын мәдениет жөніндегі шағындық пен тұрмыс-салт жөніндегі артта қалғандық Шығыста Совет өкіметінің құрылыс ісінде әліде болса сезіліп отыр (бұдан бұлай да сезіледі).

Нақ осы қыйындықтарды ескере келіп, РКП программасының жобасын жасау жөніндегі Комиссия[60] жобада: ұлт бостандығы туралы мәселе жөнінде «РКП тарихи-таптық тұрғыға сүйенеді, ол белгілібір ұлттың тарихи дамудың қай сатысында тұрғанын: ортағасыр дәуірінен буржуазиялық демократияға беттеген жолда тұр ма, әлде буржуазиялық демократиядан советтік демократияға беттеген жолда тұр

ма, соны ескереді» дейді, «бұрын езуші болған ұлттардың пролетариаты бұрын езілген немесе толық праволы болмаған ұлттардың еңбекші бұқараларының ұлттық сезіміндегі қалдықтарға айрықша сақ болып, айрықша көңіл бөлуі қажет» дейді.

Біздің міндетіміз мынау:

1) Бар күшті салып, артта қалған халықтардың мәдениет дәрежесін көтеру керек, көптеген мектептер мен ағарту мекемелерін ұйымдастыру керек, төңіректегі еңбекші халыққа түсінікті ана тілінде ауызша және баспасөз жүзінде совет үгітін күшейту керек.

2) Совет өкіметінің жағына шыққан және жергілікті халыққа жақын адамдардан өздерінің болыстық, уездік, тағы баска Совдептерін құруына мейлінше көмектесіп, Шығыстың еңбекші бұқараларын Совет мемлекетінің құрылысына тарту керек.

3) Шығыс халықтарының ортағасырлық сарқыншақтардан және қыйраған ұлттық езгіден құтылу жолындағы талабының барынша үдеуіне бөгет болатын, ескі тәртіптен мұра болып қалған немесе азамат соғысы жағдайында пайда болған, формальдық және факт жүзіндегі тежеулердің бәрін де құрту керек.

Совет өкіметін ұлан-байтақ Шығыстың құлдықта болған халықтарына тек осылайша ғана жақын және туысқан өкімет етуге болады.

Батыстың пролетарлық революциясы мен Шығыстың антиимпериалистік қозғалысының арасын қосатын көпірді тек осылайша ғана салуға болады, сөйтіп, демі құрып келе жатқан империализмді осылайша ғана қапсыра құрсауға болады.

Шығыста Совет өкіметінің берік қамалын салып, Қазан мен Уфада, Самарканд пен Ташкентте Шығыс-

тың азап шеккен халықтарының азат болуына жол көрсететін социалистік шам-шырақ орнату керек, — міндет осы.

Пролетарлық революцияның және империализмге қарсы соғыстың барлық қыйыншылықтарын өз мойындарымен көтеріп шыққан біздің қажырлы партия-совет қызметкерлері өздеріне тарих жүктеген бұл міндетті де абыроймен орындай алатынына біз күмәнданбаймыз.

„Правда" № 48,
2 март, 1919 ж.
Қол қойған: И. Сталин

ЕКІ ЖЫЛ ІШІНДЕ

1917 жылғы февраль — март

Россиядағы буржуазиялық революцияның кезі. Милюков — Керенскийдің үкіметі болған кез. Советтердегі үстем партиялар — меньшевиктер мен эсерлер болды. Петроград Советінің 400— 500 мүшесінің ішінде большевиктердің саны 40 — 50 ге әрең жететін. Россия Совдептерінің бірінші конференциясында[61] большевиктер зорға дегенде 15 — 20% дауыс алды. Бұл кезде большевиктер партиясы Россияның барлық социалистік партияларының ішіндегі ең әлсіз партия еді. Оның органы, «Правда»[62] газеті, барлық жерде «анархиялық» газет деп мысқылданып жүретін. Оның империалистік соғысқа қарсы күреске шақырып сөйлеуші шешендерін солдаттар мен жұмысшылар мінбеден сүйреп түсіретін. Ленин жолдастың Советтер өкіметі туралы атақты тезистерін[63] Совдептер ұнатпаған еді. Социал-патриоттық бағыттағы қорғампаз партиялардың — меньшевиктер мен эсерлердің — мерейі мейлінше үстем болып тұрған кез еді.

Оның бер жағында, тоқталмай жүріп жатқан империалистік соғыс, өнеркәсіпті ыдыратып, ауыл ша-

руашылығын бұзып, азық-түлік пен транспортты бүлдіріп, тағыда он мыңдаған, жүз мыңдаған адамдарды құрбан ете отырып өзінің қазалы әрекетін жүргізіп жатқан еді.

* * *

1918 жылғы февраль — март

Россиядағы пролетарлық революция кезі. Керенский — Коноваловтың буржуазиялық үкіметі құлатылған кез. Орталықта және жергілікті орындарда Советтер өкіметі орнады. Империалистік соғыс жойылды. Жер халық меншігіне берілді. Жұмысшы бақылауы ұйымдастырылды. Қызыл гвардия ұйымдастырылды. «Бүкіл өкіметті» Петроградтағы Құрылтай жыйналысына беру үшін меньшевиктер мен эсерлер сәтсіз әрекет жасаған еді. Құрылтай жыйналысы таратылып, буржуазиялық жаңғырту жойылды. Қызыл гвардия Оңтүстікте, Оралда, Сибирьде табыстарға жетті. Талқандалған меньшевиктер мен эсерлер шеткері аймақтарға кетіп, ол жерлерде контрреволюционерлермен бірігіп, империализммен одақ жасап, Советтік Россияға қарсы соғыс жарыялады.

Бұл дәуірде большевиктер партиясы Россиядағы барлық партиялардың ішіндегі ең күшті және ең бірлікті партия болды. 1917 жылдың октябрінде болған Советтердің Бүкілроссиялық II съезінің өзінде-ақ большевиктер партиясы басым көпшілік дауыс (65 — 70%) алды. Будан былайғы жерде Советтердің дамуы үнемі большевиктер пайдасына шешіліп отырды. Біз большевиктердің өкілдері 90% болған жұмысшы Советтері туралы ғана емес, большевиктердің өкілдері

60 — 70% болған солдат Советтері туралы ғана емес, сонымен қатар көпшілігі большевиктер жағында болған шаруа Советтері туралы да айтып отырмыз.

Ал большевиктер партиясы бұл дәуірде ең күшті партия ғана болып қоймай, сонымен қатар Россиядағы бірден-бір социалистік партия болды. Өйткені ол кезде меньшевиктер мен эсерлер чехословактармен және Дутовпен, Красновпен және Алексеевпен, австро-герман және ағылшын-француз империалистерімен ауыз жаласып, ақырында Россияның пролетариат бұқараларының арасында барлық моральдық беделінен айрылған болатын.

Алайда ел ішіндегі бұл өте қолайлы жағдай мынадай реттен нашарлап, бәсеңдеді: Россияның әлі күнге дейін сыртқы одақтастары болмады, социалистік Россия жауынгер империализмнің теңізі қоршаған арал сияқты болып отырды. Европаның қалжырап, қажыған жұмысшыларын алсақ... олар соғыстан босамады, сондықтан олардың Россиядағы социалистік тәртіптер туралы мәселе жайында, соғыстан құтылудың жолдары жайында, тағы басқалар жайында ойлануға уақыты да болған жоқ. Европаның «социалистік» партияларына келетін болсақ, олар, — өздері империалистерге семсерін сатып отырғанда, — большевиктерді, өздерінің «қымбатқа түсетін» «қауіпті эксперименттері» арқылы жұмысшыларды «бұзатын» мұндай «мазасыз» адамдарды қалайша жамандамасын?

Сондықтан, бұл дәуірде большевиктер партиясының ішінде пролетарлық революцияның базасын кеңейту, Батыстың (сонымен бірге Шығыстың) жұмысшыларын империализмге қарсы революциялық қозға-

лыска тарту, барлық елдердің революцияшыл жұмысшыларымен ұдайы байланыс жасау бағытының айрықша күшейгендігі таңғаларлық нәрсе емес.

* *
*

1919 жылғы февраль — март

Россияда Совет өкіметінің бұрынғыдан да нығайған кезі. Оның территориясы кеңейді. Қызыл Армия ұйымдасты. Қызыл Армия оңтүстікте, солтүстікте, батыста, шығыста табыстарға жетті. Эстляндияда, Латвияда, Литвада, Белоруссияда, Украинада совет республикалары шықты. Австро-герман империализмі талқандалып, Германияда, Австрияда, Венгрияда, пролетарлық революция болды. Шейдеман — Эберт үкіметі мен герман Құрылтайының болған кезі. Баварияда Совет республикасы орнады. Бүкіл Германияда: «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін», «Эберт-Шейдеман жойылсын»! деген ұранмен саяси ереуілдер болып жатты. Англияда, Францияда, Италияда ереуілдер болып, жұмысшылар советтері құрылды. Антанта елдерінде ескі армия ыдырап, солдаттар мен матростар советтері шықты. Совет системасы пролетариат диктатурасының универсалдық формасына айналды. Европа елдерінде солшыл коммунистік элементтер күшейіп, Германияда, Австрияда, Венгрияда, Швейцарияда коммунистік партиялар туды. Олардың арасында байланыс жасалып, әрекеттері үйлестірілді. II Интернационал құлады. Москвада революцияшыл социалистік партиялардың халықаралық конференциясы[64] болып, барлық елдердің күресуші жұмысшыларының ортақ жауынгер органы, III Коммунистік Интернационал құрылды.

Россиядағы пролетарлық революцияның оқшаулануы бітті: Россияның енді одақтастары болды. Париждағы империалистік «Ұлттар лигасы» және бұған көмектесіп отырған Берндегі социал-патриоттық конференция, европалық жұмысшыларды «большевиктік аурудан» қорғауға тырысып, мақсатына жете алмады: Советтік Россия дүниежүзілік пролетариат революциясының туын көтерушіге, Батыс пен Шығыстың алдыңғы қатарлы революциялық күштерін тартатын орталыққа сөзсіз айналуға тиіс еді, шынында да осылай болды. Большевизм «таза орыстық нәрседен» дүниежүзілік империализмнің нағыз негіздерін әлсірететін халықаралық айбынды күшке айналып келеді.

Мұны кәзір, Құрылтай туралы «қамқорлықты қойып» және өз «армиясынан» айрылып, біртіндеп Советтер Республикасының лагеріне көшіп жатқан меньшевиктер де мойындайды.

Мұны кәзір, Колчактар мен Дутовтарға Құрылтайды ұтқызып, Советтер Елінде жан сақтауға мәжбүр болған оңшыл эсерлер де бекер демейді.

* * *

Қортынды

Пролетариаттың екі жылдық күрес тәжрибесі — империализмнің күйрейтіндігі туралы және дүние жүзілік пролетарлық революцияның сөзсіз болатындығы туралы, оңшыл-«социалистік» партиялардың шірігендігі туралы және II Интернационалдың азғандығы туралы, совет системасының халықаралық маңызы бар екендігі туралы және Құрылтай жыйналысы ұранының контрреволюциялық ұран екендігі туралы,

большевизмнің дүниежүзілік маңызы бар екендігі туралы және жауынгер III Интернационалдың сөзсіз құрылатындығы туралы большевиктердің болжауын түгелдей дәлелдеді.

„Жизнь Национальностей" № 8,
9 март, 1919 ж.

Қол қойған: И. Сталин

ИМПЕРИАЛИЗМНІҢ РЕЗЕРВТЕРІ

Империализм мен социализмнің соғысы тоқтамай жүріп жатыр. Ұлттық «либерализм» және «ұсақ» халықтарға «қамқорлық ету», Антантаның «бейбітшілік сүйгіштігі» және интервенциядан «бас тарту», «қарусыздануды» талап ету және келіссөзге «әзірлік», «орыс халқы» жөніндегі «қамқорлықтар» және оған барлық «қолдан келетін шаралар» арқылы «жәрдем етуді» «тілеу», — осының бәрі және осы сияқты көп нәрселер социализм жауларына танктер мен оқдәрілерді мол етіп жеткізіп беруді бүркемелейтін перде, социализмді, «ұсақ» халықтарды, отарларды, жартылай отарларды тұншықтыруда «қоғам пікірі» үшін керекті жаңа, «қолайлы» форма «іздеуді» әлемнен жасыруға арналған кәдімгі дипломатиялық айла-әрекет болып табылады.

Бұдан төрт ай бұрын, өзінің австро-герман күндестерін жеңген одақтық империализм «орыс ісіне» қару жұмсау арқылы қол сұғу (интервенция!) туралы үзілді-кесілді және айқын түрде мәселе қойды. «Анархиялық» Россиямен ешқандай келіссөз болмасын! «Босанған»

әскерлердің бір бөлегі Россия территориясына жіберілсін, олар **Скоропадскийлер мен Красновтардың, Деникиндер мен Бичераховтардың, Колчактар мен Чайковскийлердің** ақгвардиялық бөлімдеріне барып қосылсын, сөйтіп революцияның орталығы, Советтік Россия «темір құрсауға алынсын», — империалистердің жоспары міне осындай болды. Бірақ бұл жоспар революцияның толқынына соғылып күл-талқан болды. Революциялық қозғалыс қамтыған Европа жұмысшылары, қару жұмсап қол сұғушылыққа қарсы барынша қатты күрес ашты. «Босанған әскерлер» революцияға қарсы қарулы күрес жүргізуге мүлде жарамсыз болып шықты. Оның үстіне, олар көтеріліс жасаған жұмысшылармен араласып, өздеріне большевизмді «жұқтырды». Мұны совет әскерлерінің Херсон мен Николаевты алуы, бұл арада Антанта әскерлерінің жұмысшыларға қарсы соғысудан бас тартуы өте-мөте айқын дәлелдейді. Ал «темір құрсау» дегенге келсек, оның «ажалды» болмай шыққаны былай тұрсын, қайта оның бірнеше жері шатынады. Сонымен, тура, бүркеусіз интервенция жасау жоспары мүлде «қолайсыз» болып шықты. Ллойд-Джордж бен Вильсонның большевиктермен келіссөз жүргізуге «болатындығы» туралы және Россияның ішкі істеріне «қол сұқпау» туралы соңғы мәлімдемелері, Россияға Берн комиссиясын[65] жіберу, ақырында, Россиядағы «факт жүзіндегі» үкіметтердің бәрін «бейбітшілік» конференциясына[66] шақыруды (екінші рет!) жобалау, шынында, осы себептен болып отыр.

Бірақ **бүркеусіз** интервенциядан бастартуға тек осы жағдай ғана себеп болып қойған жоқ. Оның тағыбір себебі — күрес үстінде жаңа комбинация, қару

жұмсап қол сұғудың жаңа, бүркемелі формасы белгіленді, бұл, шынында, ашықтан-ашық қол сұғудан гөрі анағұрлым қиын, бірақ оның есесіне «мәдениетті» және «адамгершіл» Антанта үшін анағұрлым «қолайлы» форма болды. Біз, Советтік Россияға қарсы Румыния, Галиция, Польша, Германия, Финляндия буржуазиялық үкіметтерінің империализм қапыл-құпыл ұйымдастырған одағын айтып отырмыз. Рас, бұл үкіметтер «ұлттық» мүдделермен ұлттық «бостандық» үшін күні кеше бірін бірі буындырған болатын. Рас, Румынияның Галицияға қарсы, Галицияның Польшаға қарсы, Польшаның Германияға қарсы «отан соғысы» туралы күні кеше жан-жақтан айқай салған болатын. Бірақ «өзара соғысуды» тоқтатуға бұйрық берген Антантаның ақшалы қапшығы тұрғанда, «отан» деген де сөз бе екен. Антанта Советтік Россияға қарсы біртұтас майдан құруға бұйырып отырғанда, — олардың, империализм малайларының, «қаз-қатар сапқа» тізілмеуге шамасы бар ма. Тіпті, Антанта табанына салып, қорлаған герман үкіметі де, соның өзі де, өзінің азды-көпті абыройын сақтау сезімінен айрылып, сол Антантаның мүддесі үшін социализмге қарсы крест жорығына қатысу правосын сұрап алды! Орыс ісіне «қол сұқпау» туралы және большевиктермен «бейбітшілік» жөнінде келіссөз жүргізу туралы көкіп, Антантаның рахаттанып қолын уқалауға дәлелі толық екені анық емес пе. Басқаның есебіне, «ұсақ» халықтардың есебіне, ұлттық тумен бүркелген және «мүлде қауіпсіз» интервенция ұйымдастыруға мүмкіншілік болып отырғанда, империализмге «қауіпті», оның үстіне көп шығын керек қылатын ашық интервенцияның не қажеті

бар? Румыния мен Галицияның, Польша мен Германияның Россияға қарсы соғысы ше? Бірақ бұл, большевиктік «империализмге» қарсы, «ұлттың өмір сүруі» үшін, «шығыстағы шегараны сақтау» үшін болып отырған соғыс қой, — румындар мен галичандардың, поляктар мен германдардың «өздері» жүргізіп отырған соғыс қой, — Антантаның мұнда не қатысы бар? Рас, Антанта оларды ақшамен, карумен жабдықтап отыр, бірақ бұл «мәдениетті» дүниенің халықаралық правосында көрсетілген жай ғана финансылық операция ғой. Антантаның көгершіндей тап-таза екендігі, оның интервенцияға «қарсы» екендігі түсінікті емес пе...

Сөйтіп, империализм кару жалаңдату саясатынан, ашық интервенция жасау саясатынан, боямаланған интервенция саясатына, ірілі-ұсақты тәуелді ұлттарды социализмге қарсы күреске тарту саясатына көшуге мәжбүр болып отыр.

Европадағы революциялық қозғалыстың өсуі себепті, барлық елдердегі жұмысшылардың Советтік Россияға тілектес болуы себепті ашық интервенция жасау саясаты жеңіліске ұшырады. Империализмді әшкерелеу үшін бұл саясаттың өзін революциялық социализм толық пайдаланды.

Күмән жоқ, ақтық резервтерге, «ұсақ» халықтар дегенге сүйену саясаты, бұл халықтарды социализмге қарсы соғысқа тарту саясаты, ақыр аяғында, нақ осындай жеңіліспен бітеді. Мұның себебі Батыстағы өсіп келе жатқан революция, еш нәрсеге қарамастан, империализмнің негіздерін қырып-жұқартып отырғандықтан ғана емес, осы «ұсақ» халықтардың өз араларында революциялық қозғалыс тоқтаусыз өсіп

отырғандықтан ғана да емес, мұның тағы бір себебі — осы халықтардың «қарулы күштерінің» Россиядағы революцияшыл жұмысшылармен ұшырасуы оларға большевизмнің бацилласын сөзсіз «жұқтырады». Империализмнің «әкелік қамқорлығының» талаушылық сыр-сыйпаты бар екендігі жөнінде бұл халықтардың жұмысшылары мен шаруаларының көзін ашу үшін социализм барлық мүмкіншілікті пайдаланады.

«Ұсақ» халықтар революцияның ықпалына тартылады, социализмнің базасы кеңейеді, — боямаланған интервенция жасау жөніндегі империалистік саясаттың болмай қоймайтын нәтижесі осындай.

„Известия" № 58,
16 март, 1919 ж.
Қол қойған: И. Сталин

РК(б)П VIII СЪЕЗІНДЕ СОҒЫС МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН[87]

21 март, 1919 ж.

Бүл арада көтерілген мәселелердің бәрі келіп бір мәселеге: Россияда катты тәртібі бар түракты армия бола ма немесе болмай ма деген мәселеге тіреледі.

Бізде бүдан жарты жыл бүрын, ескі, патшалык армия күлағаннан кейін, жаңа армия болды, — бүл, нашар үйымдаскан, бірлесіп баскарылатын, бүйрыктарға үнемі бағына бермейтінерікшілер армиясы еді. Бүл, Антанта тарапынан шабуыл жасалатындығы аныкталa бастаған дәуір еді. Армияның күрамы көбінесе, тегіс дерлік, жүмысшылардан болды. Бүл ерікшілер армиясында тәртіп болмағандыктан, бүйрыктар үнемі бірдей орындалып отырмағандыктан, армияның баскару ісінде берекесіздік болғандыктан, біз жеңіліп калып отырдык, жауға Казанды бердік, ал Краснов оңтүстіктен ойдағыдай шабуыл жасады... Ерікшілер армиясының мыкты болмайтындығын, баска бір армия, тәртібі күшті, жаксы үйымдастырылған саяси бөлімі бар, бүйрык берілісімен-ак түгел аттанып, жауға карсы шаба білетін түракты армия күрмасак

республикамызды қорғай алмайтындығымызды фактылар көрсетіп отыр.

Мен мынаны айта кетуге тиіспін: біздің армиямыздың көпшілігі болып отырған жұмысшы емес элементтер — шаруалар өз еркімен социализм үшін күреспейді. Бірқатар фактылар осыны көрсетіп отыр. Тылдағы, майдандардағы бірсыпыра бүліктер, майдандардағы бірсыпыра тәртіпсіздіктер біздің армиямыздың көпшілігі болып отырған пролетарлық емес элементтердің өз еркімен коммунизм үшін күрескілері келмейтіндігін көрсетеді. Сондықтан біздің міндетіміз — бұл элементтерді темір тәртіп рухында қайта тәрбиелеу, оларды тылда ғана емес, сонымен қатар майдандарда да пролетариаттың соңынан ерту, біздің социалистік ортақ ісіміз үшін соғыстыру және соғыс үстінде, елімізді қорғауға бірден-бір қабілетті, нағыз тұрақты армия құру жұмысын аяқтау.

Мәселе осылай қойылып отыр.

...Не біз нағыз жұмысшы-шаруа армиясын, қатты тәртібі бар тұрақты армияны құрып, Республиканы қорғап шығамыз, не біз мұны істемейміз, ал онда іс бүлінеді.

...Смирновтың ұсынған жобасы жарамсыз, өйткені бұл жоба тек армияда тәртіпті нашарлатады, тұрақты армия құруға мүмкіншілік бермейді.

Бірінші рет мына кітапта басылған:
И. Сталин. Оппозиция туралы.
1921 — 1927 жылдардағы
мақалалар мен сөздер
М. — Л., 1928

МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ТУРАЛЫ

Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде 1919 ж. 9 апрельде жасалған баяндама

(Газеттік есепті мақала)

Сталин жолдас: Мемлекеттік Бақылау — осы уақытқа дейін тазарту, қайта құру жұмысы жүргізілмеген бірденбір мекеме болып табылады, басқа мекемелердің бәрінде де мұндай жұмыс жүргізілген болатын деп көрсетеді. Баяндамашының ойынша, қағаз жүзіндегі емес, нағыз, нақтылы бақылау болу үшін, Мемлекеттік Бақылаудың кәзіргі аппаратын қайта құру керек, оны жаңа, тың күштермен толықтыру арқылы қайта құру керек. Жұмысшы бақылауының кәзіргі органдарын бір тұтас етіп біріктіру қажет, сөйтіп, бақылау ісіндегі барлық күштерді жалпы Мемлекеттік Бақылауға қосу қажет. Сонымен, Мемлекеттік Бақылауды қайта құрудың негізгі идеясы — оны демократияландыру және жұмысшы мен шаруа бұқараларына жақындату болып табылады.

Баяндамашының ұсынған декрет жобасы[68] бір ауыздан қабылданды.

„Известия" № 77,
10 апрель, 1919 ж.

БАКУЛІК 26 ЖОЛДАСТЫ АҒЫЛШЫН ИМПЕРИАЛИЗМ АГЕНТТЕРІНІҢ АТУЫ ЖӨНІНДЕ

Біз оқушыларға, Бакудегі Совет өкіметінің жауапты қызметкерлерін ағылшын империалистерінің өткен жылдың күзінде айуандықпен жазалағандығын дәлелдейтін екі документ[69] ұсынамыз. Бұл документтердің шыққан жері — Баку эсерлерінің «Знамя Труда»[70] дейтін газеті мен Бакудегі «Единая Россия»[71] дейтін газет, яғни кеше ғана большевиктерге опасыздық жасап, ағылшындарды жәрдемге шақырған, ал кәзір оқиғалардың барысына қарай өздерінің кешегі одақтастарын әшкерелеуге мәжбүр болып отырған топтардың дәл өзі.

Бірінші документ Баку қаласының 26 совет қызметкерін (Шаумянды, Джапаридзені, Фиолетовты, Малыгинді және басқаларды) 1918 жылы 20 сентябрьдің түнінде, Тиг-Джонстың жіберуі бойынша Красноводскіден Ашхабадқа соғыс тұтқыны ретінде бара жатқанда, ағылшын капитаны Тиг-Джонстың сотсыз және тергеусіз айуандықпен атып өлтіргені туралы айтады. Тиг-Джонс және оның эсер-меньшевик серіктері, Баку большевиктері түрмеде немесе ауруханада

«ажалынан» өлді деп жалған лақап таратып, істі бүркейміз деп ойлаған еді, бірақ бұл жоспар, анығында, іске аспай шықты, өйткені куәлар қалып қойыпты, бұл куәлар үндемей қалғысы келмейді және ағылшын жабайыларын ақырына дейін әшкерелеуге дайын. Бұл документке эсер Чайкин қол қойған.

Екінші документ ағылшын генералы Томсонның бірінші документтің авторы Чайкинмен 1919 жылғы марттың аяғында болған әңгімесін суреттейді. Генерал Томсон Чайкиннен бакулік 26 большевикті ағылшын капитаны Тиг-Джонстың айуандықпен жазалағандығы туралы куәларды айтып беруді талап етеді. Чайкин, егер ағылшын командованиесінің, Баку халқының және Түркстан большевиктерінің өкілдерінен тергеу комиссиясы құрылатын болса, өзінің документтер беруге және куәлардың атын айтуға дайын екенін білдіреді, мұнымен қатар Чайкин ағылшын агенттері Түркстан куәларын өлтірмейді деп кепілдік беруді талап етеді. Томсон тергеу комиссиясы жөніндегі ұсынысты қабылдамайды және куәлардың бастары қауіпсіз болады деп кепілдік бермейді, сондықтан әңгіме үзіледі де, Чайкин кетіп қалады. Бұл документтің қызық жері — ол, ағылшын империалистерінің тағылығын дәлдей отырып, Баку мен Закаспидің «жергілікті халықтарын» Орталық Африкадағы қара адамдарды жазалағандай жазалап отырған ағылшын агенттерінің жауапқа тартылмайтындығын және жабайылық түрде жүгенсіздік істеп жүргендігін құр айтып қана қоймай, жұртқа жар сала көрсетіп отыр.

Бакулік 26 большевиктің тарихы мынадай. 1918 жылғы августа, түрік әскерлері Бакудің нақ қасына келген кезде, ал Баку Советінің эсер-меньшевик му-

шелері, большевиктерге қарамастан, Советтің көпшілігін соңына ертіп алып, ағылшын империалистерін жәрдемге шақырған кезде, Шаумян мен Джапаридзе бастаған Баку большевиктері, азшылық болып қалғандықтан өз өкілдіктерін тастап, саяси дұшпандарға жол берді. Большевиктер, сол кезде Бакуде жаңадан құрылған ағылшын-эсер-меньшевик өкіметінің келісімі бойынша, Совет өкіметінің ең жақын жеріне, Петровскіге көшуге ұйғарды. Бірақ Петровскіге бара жатқан жолда Баку большевиктерінің және олардың семьяларының мінген кемесін артынан қуып келген агылшын кемелері атқылап, Красноводскіге алып кетеді. Бұл август айында болды.

Бұдан кейін Россия Совет үкіметі бірнеше рет ағылшын командованиесіне сөз салып, бакулік жолдастарды және олардың семьяларын плендегі ағылшындарға ауыстыру арқылы босатуды талап еткен болатын, бірақ ағылшын командованиесі бұған ешбір жауап қайтармады. Октябрь айынан бастап-ақ жеке адамдардан және ұйымдардан бакулік жолдастардың атылғандығы туралы мәліметтер түсе бастады. 1919 жылы 5 мартта Астрахань Тифлистен — «Джапаридзе мен Шаумян ағылшын командованиесінің қарауында жоқ, жергілікті мәліметтерге қарағанда, оларды сентябрьде Қызыл-Арват жанында бір топ жұмысшылар өз бетінше өлтіріпті» деген радио хабарын алды. Бұл, анығында, ағылшын кісі өлтіргіштерінің өздерінің айуандық жасаған кінәсын Шаумянды да, Джапаридзені де шексіз жақсы көрген жұмысшыларға жабу үшін жасаған бірінші ресми әрекеті болды. Енді, жоғарыда айтылған документтер жарияланғаннан кейін, саяси майданнан өз еркімен кетіп, Петровскіге көшіп

бара жатқан біздің бакулік жолдастарды «мәдениетті» және «адамгершіл» Англияның жалмауыздары сотсыз және тергеусіз шын атып өлтіргендігі дәлелденді деп санау керек.

Әдетте «мәдениетті» елдерде большевиктердің террорлары мен сұмдықтары туралы сөз қылады. Ал ағылшын-француз империалистерін, әдетте, террор мен атудың жауы етіп көрсетеді. Бірақ, Совет өкіметінің өзінің дұшпандарын «мәдениетті» және «адамгершіл» ағылшындар құсап еш уақытта да мұндай масқара, зұлымдықпен жазаламағандығы, түнде кісі өлтіруді және қарсы лагерьдің қарусыз саяси қызметкерлеріне қарақшыларша шабуыл жасауды тек шіріп біткен және ар-ұяттың бәрінен айрылған империалистік жалмауыздар ғана керек қылатындығы анықталып отырған жоқ па? Егер бұған әлі де күдіктенетін адамдар болса, олар төменде келтірілген документтерді оқып шығып, нәрсені өз атымен атасын.

Баку меньшевиктері мен эсерлері, ағылшындарды Бакуге шақырып, большевиктерге опасыздық жасағанда, ағылшын «қонақтарды» күш ретінде «пайдаланамыз» деп ойлады, жәнеде ел ішіндегі қожайындар эсерлер мен меньшевиктер болады да, «қонақтар» өз жеріне кетеді деп ойлады. Іс жүзінде осының керісінше болып шықты: «қонақтар» шексіз қожайын болып алды, эсерлер мен меньшевиктер 26 большевик комиссарды зұлымдықпен, масқара түрде өлтіруге сөзсіз қатысушыларға айналды, оның бержағында эсерлер, жаңадан шыққан қожайындарды ептеп әшкерелей отырып, оппозицияға көшуге мәжбүр болды, ал меньшевиктер өздерінің Бакудегі «Искра»[72] газетінде

кешегі «құтты қонақтарына» қарсы большевиктермен одақтасуды уағаздауға мәжбүр болды.

Эсерлер мен меньшевиктердің империализмнің агенттерімен жасаған одағының — құлдар мен малайлардың өз қожайындарымен жасаған «одағы» екені анық емес пе? Егер бұған әлі де күдіктенетін адамдар болса, олар төменде келтірілген генерал Томсонның Чайкин мырзамен жасаған «әңгімесін» оқып шығып, шынын айтсын: Чайкин мырза қожайынға, ал генерал Томсон «құтты қонаққа» ұқсай ма.

„Известия“ № 85,
23 апрель, 1919 ж.
Қол қойған: И. Сталин

ЩИГРЫДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫҢ ТӨТЕНШЕ РЕВИЗОРЫНА ТЕЛЕГРАММА

Аграрлық тәртіпсіздіктердің туу себептеріне тексеру жүргізуде, уездегі шаруа бұқарасының жалпы саяси пікірін тексерумен бірге, мыналарға көңіл бөлуіңізді сұраймын:

1) Жер бөлімінің және Совхоздар Басқармасының советтік шаруашылықтарды ұйымдастырардағы саясатына көңіл бөліңіз: советтік шаруашылықтарды ұйымдастыру үшін шаруалардың пайдалануынан заңсыз түрде жерлер алу болмады ма екен; оларды ұйымдастыру ісі шаруа шаруашылығының жағдайына материалдық зиян келтіретін басқа бір зорлық әрекеттер арқылы жүргізілмеді ме екен.

2) Жер бөлімінің коллективтік егіншілікті ұйымдастырардағы саясатына көңіл бөліңіз: ауылшаруашылық коммуналарды, артельдерді, қоғамдасып жер жыртуды, т. т. ұйымдастыру ісінде зорлық жасау элементтері болмады ма екен; коллективтік егіншілікті ұйымдастыру ісі жергілікті шаруалардың елеулі мүдделеріне зиян келтіру арқылы жүргізілмеді ме екен.

3) Қант Жоғарғы Басқармасының қант-қызылша

плантацияларына арналған жерлерді национализациялау ісіндегі саясатына көңіл бөліңіз: национализациялау ісі шаруалардың негізгі мүдделеріне зиян келтіру арқылы жүргізіліп отырған жоқ па екен; национализацияланған жер участоктері шаруалардың жер пайдалануына қыйындық туғызып отырған жоқ па екен; шаруалардың наразылығын туғызатын басқабір әрекеттер (мәселен, қант заводтарының өзінің шын керегінен мүлде артылып қалатын көп жерлерді ұстап отыруы, бұрын қант қызылшасы егілмеген жер участоктерін национализациялау, т. т.) жоқ па екен.

4) Тағы мына мәселелерге көңіл бөліңіз: аграрлық толқулар сол ауданда жер аздықтың салдарынан болып отырған жоқ па екен; еңбек етпейтін элементтердің жерлері шаруалардың пайдалануына түсті ме екен, түссе қандай шарттармен түсті екен; жалпы уездік Жер бөлімінің немесе оның жеке өкілдерінің істерінде, немесе облыстық жер бөлімдерінің істерінде — орталықтың бұйрықтарына және қолайлы талаптарға сәйкеспеуі салдарынан шаруалардың наразылығын туғызатын кінәлы істері жоқ па екен, сонымен қатар өкімет адамдарының әрекетсіздігі және істерді жүргізуде қиянат жасаушылық жоқ па екен.

Телеграмманы алғандығыңызды және қандай шаралар қолданғандығыңызды айтып Мемлекеттік Бақылауға телеграмма жіберіңіз.

Мемлекеттік бақылау
Халық комиссары
И. Сталин

7 май, 1919 ж.

Бірінші рет басылып отыр

ТУРА ПРОВОД АРҚЫЛЫ ПЕТРОГРАДТАН В. И. ЛЕНИНГЕ ЖІБЕРІЛГЕН ХАТ[93]

Күмән жок, әскер бөлімдерін бір жерден екінші жерге жіберу ісі, бұдан үш ай бұрынғы кездегіге қарағанда, кәзір жақсы қойылып отыр, бірақ, сонымен қатар, Питерге жіберіліп жатқан бөлімдерді Бас командование де, оның штаб бастығының да білмейтіндігі маған айқын. 2-бригаданың немесе аттыәскер бригадасының полктері деп көз бояп Қазаннан түкке тұрмайтын әскерлердің жіберілуі сияқты ойда жоқ нәрселердің болуы да осыдан. Қалай дегенмен де, әзірше Питер бар болғаны анық соғысуға жарайтын алты жүз курсант алды.

Бірақ мәселе, әрине, әскер бөлімдерінің санында емес, сапасында. Барлық қарақшыларды Нарваның ар жағына қуып шығу үшін, бізге бар болғаны, әрине, соғысуға жарайтын, жаяуәскерлердің үш полкі мен, ең болмаса, бір аттыәскер полкі керек. Егер сіз осы кішкене өтінішті дер кезінде орындай алғаныңызда, эстондар кешегі күні-ақ қуылған болар еді.

Дегенмен, қапаланбауға болады, өйткені майдандағы жағдай кәзірде тұрақты болып отыр, майданның

шебі бекіп отыр, сөйтіп кейбір жерлерде біздің әскерлер қәзірдің өзінде алға жылжып барады.

Бүгін өзіміздің карел бекіністерін қарап шығып, жалпы алғанда жағдайды оңды деп таптым. Финдер қасарысып үндемей отыр және олардың ыңғайлы жағдайды пайдаланбағандығы ғажап нәрсе, бірақ бұл ғажаптың болу себебі, іспен таныс фин жолдастардың бізді нандыруына қарағанда, финдердің өз ішіндегі жағдай барған сайын тыянақсыз болып отыр.

Бүгін маған Бас командованиенің отын дағдарысына байланысты флотты азайту жөнінде жасаған ұсынысын көрсетті. Мен осы жөнінде өзіміздің барлық теңіз қызметкерлерімен кеңес жасап, Бас командованиенің ұсынысының мүлде теріс екендігіне көзім жетті. Бұған дәлел: бірінші — егерде ірі кемелер жүзгіш қайықтарға айналдырылатын болса, онда олар өздерінің зеңбіректерін қыймылға келтіру мүмкіншілігінен айрылады, яғни зеңбіректер мүлдем атылмайтын болады, өйткені кеменің қозғалысы мен зеңбіректің қыймылының арасында тікелей байланыс бар; екінші — бізде ірі снарядтар жоқ деу дұрыс емес, таяуда он екі баржа снаряд «ашылды»; үшінші — отын дағдарысы аяқталып келеді, өйткені, мазутты есептемегенде, біз қәзірдің өзінде төрт жүз жыйырма мың пұт көмір қорын жыйнап алдық, оның бержағында, біз күніне бір поезд көмір алып отырамыз; төртінші — біздің флоттың Петроградты бар күшін салып қорғауға дайын тұрған тәртіпті матростары бар нағыз флотқа айналып келе жатқандығына менің көзім жетті.

Мен бұл арада қәзірде даяр тұрған жауынгер кемелердің санын атағым келмейді, бірақ, біз қолдағы бар теңіз күштерімен теңіз арқылы жасалатын ша-

буылдардың қандайынан болса да Петроградты аброймен корғап калуымызға болар еді, дегенді айта кетуді өз борышым деп есептеймін.

Осы айтылғандардың бәріне сүйене отырып, мен, барлық питерлік жолдастармен бірге, Бас командованиенің ұсыныстарын қабылдамауды талап етемін.

Сонсын, үш-төрт апта бойына көмірді күн сайын екі поезбен әкелінетін етіп көбейтуді өте қажет деп санаймын. Біздің теңіз қызметкерлеріміздің сендірулері бойынша, бұл біздің су астындағы флотымыз бен су үстіндегі флотымыздың біржолата аяқ басуына толық мүмкіндік береді.

Сталин

1919 ж. 25 майда жазылған
Бірінші рет мына жыйнақта басылған:
1919 жылы Петроградты ерлікпен корғау туралы документтер.
М., 1941

В. И. ЛЕНИНГЕ ТЕЛЕГРАММА

Красная Горкадан соң іле-шала Серая Лошадь[74] жойылды. Олардағы зеңбіректер түгел түзу. Барлық форттар мен қамалдар тез тексеріліп жатыр.

Теңіз мамандары: Красная Горканың теңіз жақтан алынуы теңіз ғылымын асты-үстіне шығарады дейді. Менің мұндай ғылымды аяуыма ғана тура келеді. Горканың тез алынған себебі — менің тарапымнан және жалпы әскери еместердің тарапынан ұрыс істеріне мейлінше баса-көктеп қол сұғушылық болды; біз теңіз бен құрғақта берілген бұйрықтарды бұзып, өз бұйрықтарымызды алғызуға дейін бардық.

Мен, ғылымды қаншама құрметтесем де, бұдан былай да осылай істеймін; мұны айтуды өзімнің борышым деп есептеймін.

Сталин

16 июнь, 1919 ж.

Бірінші рет „Правда" газетінің 301-номерінде 1929 ж. 21 декабрьде басылған

ТУРА ПРОВОД АРҚЫЛЫ ПЕТРОГРАДТАН В. И. ЛЕНИНГЕ ЖІБЕРІЛГЕН ХАТ

Сіздің назарыңызды мынадай мәселелерге аударуды қажет деп санаймын.

Бірінші. Колчак ең ірі дұшпан болып табылады, өйткені оның шегінуіне жеткілікті жері бар, оның армиясы үшін жеткілікті адамдары бар, астыққа бай тылы бар. Колчакка қарағанда генерал Родзянко шыбынға ұксайды, өйткені оның тылында астығы да жоқ, шегінерлік жері де жоқ, жеткілікті адамдары да жоқ. Ол кәзірде, адамдары жеткіліксіз болғандықтан, өзінің үш-төрт уездерінде жыйырма түрлі жастардағы адамдарды мобилизациялауға мәжбүр болып отыр, бұл оның көріне айналуға тиіс, өйткені шаруалар мұндай мобилизацияға шыдай алмайды, шаруалардың Родзянкоға теріс қарап кететіндігінде сөз жоқ. Сондықтан әскерлерді Шығыс майданынан Петроград майданына көп алуға еш уақытта да болмайды, мұндай көп алу бізді Шығыс майданында шабуыл жасауды тоқтатуға мәжбүр етер еді. Родзянконы Эстляндия шегарасына тықсыру үшін (бізге одан әрі барудың қажеті жоқ) бір дивизия жеткілікті, ол бір дивизияны

алғанда Шығыс майданында шабуыл тоқтатылмайды. Осыған ерекше көңіл бөлуіңізді сураймын.

Екінші. Кронштадт ауданында ірі заговор ашылды. Бұған бүкіл бекінген Кронштадт ауданының барлық форттарының батареяларының бастықтары араласқан болып отыр. Заговордың мақсаты — қамалды өз қолдарына алу, флотты бағындырып, біздің әскерлердің тылынан оқ жаудыру, сөйтіп Родзянкоға Питерге баратын жолды тазартып беру. Біздің қолымызда тиісті документтер бар.

Родзянконың басқаға қарағанда аз күшпен Питерге аттанып, арсыздық істегендігі енді маған түсінікті. Финдердің істеген арсыздығы да түсінікті. Біздің сап-тағы офицерлеріміздің жапа тармағай қашып өтіп кетуі де түсінікті. Красная Горка опасыздық жасаған кезде ағылшын кемелерінің бір жаққа жоқ болып кетуі сияқты таңғаларлық істің болуы да түсінікті: анығында, ағылшындар жаңа «демократиялық құрылысты» жолға қоюда «орыс халқына көмек көрсету» мақсатымен кейін, қамал мен флот ақтардың қолына көшкеннен соң келуді дұрыс көріп, іске тікелей араласуды (интервенция!) «қолайсыз» деп тапты.

Анығында, Родзянко мен Юденичтің (Италия — Швейцария — Дания елшіліктері арқылы Англия финансылап отырған заговордың барлық сабақтары келіп соның маңына жыйналады) бүкіл әрекеті заговордың ойдағыдай болып шығуына негізделген; мен бұл заговорды жаңа туып келе жатқан кезінде тұншықтырдық деп сенемін (заговорға қатысты адамдардың бәрі тұтқынға алынды, тергеу жүріп жатыр).

Менің өтінішім: елшіліктердің тұтқынға алынған қызметкерлеріне ешқандай жеңілдіктер жасалмасын,

толып жатқан басқа байланыстарды ашып отырған тергеу жұмысы біткенге дейін олар қатал тәртіп бойынша ұсталсын.

Үш-төрт күннен кейін толығырақ айтармын; егер сіз қарсы болмасаңыз, үш-төрт күннен соң Москваға бір күнге барып қайтпақпын.

Карта жіберіп отырмын. Осы уақытқа дейін жібере алмаған себебім — майданның істерімен ылғый басқа жақта болдым, көбінесе майданда болдым.

Сталин

18 июнь, 1919 ж.
таңертеңгі сағат 3

Бірінші рет „Правда" газетінің 53-номерінде, 1941 ж. 23 февральда басылған

ПЕТРОГРАД МАЙДАНЫ ТУРАЛЫ

„Правда" газетінің тілшісімен әңгіме

Таяуда Петроград майданынан қайтып келіп, Сталин жолдас біздің тілшімізге майдандағы жағдай туралы өзінің пікірлерін айтты.

1. ПЕТРОГРАДТЫҢ МАҢЫ

Петроградтың маңы дегеніміз мына жерлер: дұшпанның бұл жерлерден атталып шығып, табысқа жеткен күнде, Петроградты қоршап алуына, оны Россиядан бөліп тастауына және, ақырында, оны меңгеріп алуына болады. Ол жерлер: а) Званкаға қарай бастайтын Петрозаводскі участогі, мұндағы мақсат — Петроградты шығыс жағынан орау; б) Лодейное Полеге қарай бастайтын Олонец участогі, мұндағы мақсат — біздің Петрозаводскі әскерлерінің тылына шығу; в) Петроградқа қарай тура бастайтын Карель участогі, мұндағы мақсат — Петроградты солтүстік жағынан басып алу; г) Гатчина мен Красное Селоға бастайтын Нарва участогі, мұндағы мақсат — Петроградты оңтүстік-батыс жағынан алу, немесе, ең болмағанда, Гатчина — Тосно жолын алып, Петроградты

оңтүстік жақтан орау; д) Дно — Бологоеға бастайтын Псков участогі, мұндағы мақсат — Петроградты Москвадан кесіп тастау; е) ақырында, Петроградтың батыс және шығыс жағынан дұшпанның келіп түсуіне мүмкіндік туғызатын Фин шығанағы мен Ладога көлі.

2. ДҰШПАННЫҢ КҮШТЕРІ

Бұл участоктерде дұшпанның күштері түрлі-түрлі және әрқыйлы. Петрозаводскі участогінде сербтер, поляктар, ағылшындар, канадалықтар, орыстың ақгвардияшыл офицерлерінің тобы әрекет етіп жүр. Олардың бәрі одақтастар дейтіндердің қаржыларымен күн көріп отыр. Оленец участогінде фин үкіметіне екі-үш айға шартпен жалданған ақфиндер әрекет етіп жүр. Ақфиндерді неміс оккупациясынан кейін сонда қалып қойған неміс офицерлері басқарып отыр. Карель участогінде финдердің тұрақты деп аталатын әскер бөлімдері тұр. Нарва участогінде орыстың соғыс пленділерінен жыйналған орыс әскер бөлімдері мен жергілікті халықтардан жыйналған ингерманланд әскер бөлімдері тұр. Бұл әскер бөлімдерін генерал-майор Родзянко басқарып отыр. Псков участогінде де соғыс пленділері мен жергілікті халықтардан құралған орыс әскер бөлімдері тұр, бұларды Балахович басқарып отыр. Фин шығанағында, барлық мәліметтерге қарағанда, ағылшын-финдердің миноностары (5 тен 12 ге дейін) және сүңгуір қайықтары (2 ден 8 ге дейін) әрекет етіп жүр.

Барлық мәліметтерге қарағанда, Петроград майданындағы дұшпанның күштері онша көп емес. Душпанның аса белсенді участогі — Нарва участогі — жауынгер «адамдар материалының» жеткіліксіз болуынан азап көріп отыр, бұл басқалардан, маңызы кем бол-

маганымен, белсенділігі кем участоктерден аз азап көріп отырған жоқ.

Нақ осы себептен, «екі-үш күннен кейін» Петроград құлайды деп «Times»-тің[75] бұдан екі ай бұрын жеңгенсіп айқай салуына қарамастан, дұшпан өзінің жалпы мақсатына — Петроградты қоршап алу мақсатына жете алмағандығы былай тұрсын, тіпті осы дәуірдің ішінде, белгілібір шешуші маңызы бар жерді алу мағнасында, бірде-бір жеке участоктегі тапсырманы іске асыра алмады.

Анығында, кәрі түлкі Гучковтің өзінің Деникинге жазған баяндамасында үміт еткен адамы, Финляндияда отырған генерал Юденич, басқарған атышулы «солтүстік-батыс армиясы» әзірше отырған орнынан қозғалған жоқ.

3. ДҰШПАННЫҢ ЕСЕПТЕРІ

Барлық мәліметтерге қарағанда, дұшпан өз күштеріне ғана емес, немесе, дұрысырақ айтқанда, өз күштерінен гөрі өзін жақтаушылардың күшіне — біздің әскерлердің тылында, Петроградта жүрген және майдандарда жүрген ақгвардияшыларға сенді. Ең алдымен, Питерде тұратын, ақгвардияшыларды финансылап келген және Юденич пен ағылшын-француз-финэстон буржуазиясының пайдасына тыңшылық жүргізіп келген, буржуазиялық мемлекеттердің (Франция, Швейцария, Греция, Италия, Голландия, Дания, Румынияның және басқалардың) елшіліктері болды. Бұл мырзалар ақшаны оңға да, солға да шашып, біздің армияның тылында параға сатылатындардың бәрін сатып алып отырды. Сонсын, Россияны ұмытып, арынан айрылған және жұмысшы-шаруа Россиясы жаулары-

ның жағына өтіп кетуге даяр тұрған орыс офицерлерінің сатылғыш бір бөлегі болды. Ақырында, Петроград пролетариатынан зәбір көрген дәулетті адамдар, буржуалар мен помещиктер, болды; олардың қару-жарақтар жыйнап, біздің әскерлердің тылынан соққы беру үшін қолайлы жағдайдың болуын күткендігі кейін белгілі болды. Петроградқа шабуыл жасағанда, дұшпан нақ осы күштерге сенді. Кронштадтың кілті болып табылатын Красная Горканы алу және сонымен бекініс ауданын әлсірету, форттарда көтеріліс шығару және Петроградқа оқ жаудыру арқылы жалпы аласапыран болған кезде майдандағы жаппай шабуылды Петроградтағы көтеріліспен біріктіріп, пролетариат революциясының орталығын қоршап, басып алу, — міне дұшпанның есебі осы еді.

4. МАЙДАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ

Бірақта дұшпанның есептері ақталмай шықты. Солшыл эсерлер тарапынан болған ішкі опасыздықтың салдарынан бір тәулік бойы дұшпанның қолында болған Красная Горка, Балтық теңізшілерінің теңіз арқылы және құрғақ жер арқылы күшті соққы беруінің арқасында, Советтік Россияға тез қайтарылды. Оңшыл эсерлердің, қорғампаз-меньшевиктердің және офицерлердің сатылғыш бөлегінің опасыздық жасауының салдарынан бір уақыт қобалжый бастаған Кронштадтың бекініс пункттері Балтық Флотының Революциялық соғыс советінің темірдей қатты қолымен дереу тәртіпке келтірілді. Елшіліктер деп аталатындар және олардың шпиондары тұтқынға алынып, тыныштау жерлерге жіберілді, оның бержағында кейбір елшіліктерден пулеметтер, мылтықтар (Румыния елшілі-

гінен тіпті бір зеңбірек те), жасырын коммутаторлар және сондайлар табылды. Петроградтың буржуазиялық кварталдарында жаппай тінту жүргізілді, онда төрт мың винтовка және бірнеше жүз бомба табылды.

Дүшпанның жаппай шабуылына келетін болсақ, ол шабуыл «Times»-тің жар сала даурыққанындай жеңіп шықпағандығы былай тұрсын, тіпті басталып та үлгірген жоқ. Лодейное Полені алуға тырысқан Олонец гүбіндегі ақфиндер кейін шегіндіріліп, Финляндияның жеріне қуылды. Петрозаводскіден бірнеше шақырым жерде тұрған, дүшпанның Петрозаводскі тобы кәзірде, оның тылына өтіп кеткен біздің әскер бөлімдерінің тегеуріміне төтеп бере алмай, алды-артына қарамастан шегініп барады. Дүшпанның Псков тобы, бір жерден шыға алмай қалып, тіпті кей жерлерде кейін шегініп, қолындағы инициативадан айрылып отыр. Дүшпанның ең белсенді, Нарва тобына келетін болсақ, онда оның өз дегеніне жете алмағандығы былай тұрсын, қайта тіпті, Ямбургке апаратын жолда Қызыл Армияның соққылары нәтижесінде ыдырап, әлсірей отырып, біздің әскер бөлімдерінің тегеуріміне төтеп бере алмай, дамылсыз шегініп барады. Сонымен Антантаның жеңдік деп айқай салуы күні бұрын айқайлау болып шықты. Гучков пен Юденичтің арманы ақталмады. Әлі күнге дейін селқос болып отырған Карель участогі туралы әзір еш нәрсе айтуға болмайды, өйткені фин үкіметі өзінің Видлицк заводында[76] сәтсіздікке ұшырауынан кейін даусын едәуір бәсеңдетіп, Россия үкіметі жөнінде аузына келгенін айтып көкуін тоқтатты, оның бержағында Карель майданындағы жанжал дейтіндер бүтіндей дерлік тыйылды.

Бұл — дауыл алдында болатын толас па әлде жоқ

па, мұны тек фин үкіметі ғана біледі. Қалай дегенменде, менің айта алатыным — Петроград болуы мүмкін кенет оқыйғалардың бәріне дайын.

5. ФЛОТ

Флот туралы бірнеше сөз айтпай кетуіме болмайды. Жойылды деп есептелген Балтық флотының нағыз шын түрде қайта туып келе жатқандығын құттықтамауға болмайды. Мұны достар ғана мойындап отырған жоқ, дұшпандар да мойындап отыр. Тағы бір қуанышты нәрсе — орыс офицерлерінің бір бөлегінің мерезі — оның сатылғыштығы — флоттың командалық құрамын басқадан гөрі аз шарпыды: дегенмен, өздерінің арын сақтап, Россияның ар-намысы мен тәуелсіздігін ағылшынның алтынынан гөрі жоғары бағалайтын адамдар табылды. Одан да гөрі қуанарлық нәрсе: Балтық матростары өздерінің ерлік істерінде орыстың революциялық флотының ең жақсы дәстүрлерін қайта тірілтіп, өздерін көрсете білді. Осы шарттар болмаса, теңіз жақтағы өте қауіпті кенет оқыйғалардан Петроград қорғалмаған болар еді. Біздің флоттың қайта туып келе жатқандығын сыйпаттайтын өте бір ыңғайлы мысал мынау: июнь айында біздің екі миноносымыз дұшпанның төрт миноносымен және үш сүңгуір қайығымен күші тең болмаса да ұрысқа түсті; бұл ұрыстан біздің миноностар, матростардың жанқыярлығының арқасында және соғысушы отряд бастығының шебер басшылық етуінің арқасында, дұшпанның сүңгуір қайығын суға батырып, жеңіп шықты.

6. ҚОРТЫНДЫЛАР

Советтік Россияға қауіп туғызу жағынан Родзянконы Колчакпен жиі теңеп жүр, жәнеде Родзянконың қауіптілігін Колчактан кем емес деп санап жүр. Бул теңеу дұрыс емес. Колчак шынында да қауіпті, өйткені оның шегінерлік жері де бар, әскер бөлімдерін жаңартып отыруға адамдары да бар, армияны асырайтын астығы да бар. Родзянко мен Юденичтің бақытсыздығы сол — олардың жері де, адамдары да, астығы да жетімсіз. Әрине, орыстың соғыс пленделерінен ақгвардиялық әскер бөлімдерін құру үшін Финляндия мен Эстляндия белгілібір база болып табылады. Бірақ, біріншіден, соғыс пленделері ақгвардиялық әскер бөлімдері үшін жеткілікті және толығынан сенімді материал болып шыға алмайды. Екіншіден, Финляндия мен Эстляндиядағы жағдайдың өзі, ол жерлерде революциялық наразылық күшейіп келе жатқандықтан, ақгвардиялық әскер бөлімдерінің құрылуына қолайлы жағдай бола алмайды. Үшіншіден, Родзянко мен Балаховичтің басып алған территориясы (барлығы екі уездей) біртіндеп және ылғый қысқарып келеді, сондықтан аты шулы «солтүстік-батыс армиясы» тегінде туа қалған күнде, оның жақында жазылып маневр жасайтын жері де қалмайды. Өйткені Финляндия да, Эстляндия да, тіпті әзірше делік, Родзянко — Балахович — Юденич үшін «өзінің меншікті территориясы» болып табылмайды, муны мойындау керек. «Солтүстік-батыс» армиясы — тылы жоқ армия. Әрине, егер оқыйғалардың ішіне жаңа, күрделі, дұшпан үшін қолайлы, халықаралық сыйпаты бар жағдай баса көктеп кірмесе, мұндай «армия» көп өмір сүре алмайтындығы айтпасақ та түсінікті; ал, барлық

мәліметтерге қарағанда, дұшпанның ондай жағдай болады деп сенуге ешқандай дәлелі жоқ.

Қызыл Армия Петроград түбінде жеңіп шығуға тиіс.

„Правда" № 147,
6 июль, 1919 ж.

БАТЫС МАЙДАНЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ В. И. ЛЕНИНГЕ ХАТ[77]

Ленин жолдасқа

Батыс майданындағы жағдай барған сайын қауіпті болып барады.

Батыс майданындағы ең белсенді дұшпан — поляктар тықсырып келе жатқан XVI армияның ескі, қалжырап, шаршаған әскер бөлімдерінің тегеурінге шыдай алмағандығы былай тұрсын, олардың қорғануға қабілетсіз болып отырғандығы былай тұрсын, оның үстіне, олар ығысып бара жатқан батареяларды бүркемелеу қабілетінен де айрылып отыр, сондықтан бұл батареялар дұшпанның қолына түсіп отыр. Әскер бөлімдерінің халі осындай болып отырғанда XVI армия Березинаға қарай шегіну процесінде зеңбіректерсіз және обозсыз қала ма деп қорқамын. Мынадай қауіп тағы бар: полктердің көпшілігінің қалжыраған және мүлде азып-тозған кадрлары толықтырғыш әскерлерді игеруге де жақында қабілетсіз болып қалуы мүмкін; айта кету керек — бұл толықтырғыш әскерлердің өзі масқара кешігіп келіп жатыр.

Дұшпан Березинаға қарай баратын негізгі екі жолды: Борисовқа баратын жол мен Слуцк — Бобруйскіге

баратын жолды соққылап отыр. Соққысы дәл тиіп отыр, өйткені ол кәзірдің өзінде Борисовқа қарай отыз шақырым жылжыды, ал оңтүстікте Слуцкіні алып, Бобруйскінің кілтін — аудандағы бірденбір жақсы тас жолды меңгеріп отыр.

Борисов алынған күнде және мұнымен байланысты XVI армияның мүлде қалжыраған 17-дивизиясы шегініп кеткен күнде, — ал бұл ықтыймал нәрсе, — XV армия соққының астында қалады, Полоцкі мен Двинскіге тікелей қауіп туады. Ал егер Бобруйскі алынып, Речицаға соққы берілген күнде (дұшпан тікелей осы мақсатты көздеп отыр) — XVI армияның бүкіл Припять тобы, яғни 8-дивизиясы өзінен өзі апатқа ұшырайды, оның бер жағында Гомель тікелей соққының астында қалады, XII армияның бүйірі ашылып қалады.

Қысқасы, егер біз өзіміздің XVI армияны дұшпанның талқандауына беріп қоя берсек, — ал ол кәзірдің өзінде оны талқандап жатыр, — онда біз мұнымызбен XV армия мен XII армияны арандатамыз, онда жалғыз XVI армияны ғана емес, бүкіл майданды да жамап-жасқауға тура келеді, жәнеде анағұрлым қымбат бағаға жамап-жасқауға тура келеді.

Анығында, былтыр, Вацетис пен Костяев Колчактың алдымен III армияны, одан соң II армияны, соынан V армияны талқандауына мүмкіндік беріп, сонымен жарты жыл бойына бүкіл майданның ісін қажетсіз жерде бүлдірген кезде, Шығыс майданы қандай халде болса, кәзір біз соған шамалас халдеміз.

Бұл перспективаның Батыс майданында шындыққа айналуға барлық мүмкіншілігі бар.

Батыс майданының даяр резервтерсіз құрастырыла

қоймайтын, жыртық-тесігі көп қора сияқты екендігін және, бүкіл майданды теңселту үшін, дұрысырақ айтқанда құлату үшін, маңызды пункттердің бірінде дұшпанның күрделі бір соққы жасауының өзі жеткілікті екендігін мен бұдан бурын да жазған болатынмын.

Амал не, менің осы қауіптенуім қәзірде дұрысқа шыға бастады.

Оның бер жағында, бір командование арқылы біріккен Батыстағы дұшпан Ригадағы, Варшавадағы және Кишиневтегі кәзірдің өзінде даяр тұрған немесе даяр дерлік болып отырған орыс корпустерін ұрысқа әлі кіргізген жоқ.

Мен бұдан үш апта бұрын, шабуылды дамытып, Молодечно — Барановичи тораптарын алуға бір дивизия жетер деп санаған едім. Енді бір дивизияның Борисов — Бобруйск — Мозырь шебін ұстап тұруға да жете қоймауы мүмкін.

Ойдағыдай шабуыл туралы ойламасақ та болады, себебі бұл үшін кәзірде (11 августа) ең аз дегенде екі-үш дивизия керек болар еді.

Ендігісін өзіңіз шешіңіз: бригадалап болса да, бізге бір дивизия бере аласыз ба, әлде онсыз да азып-тозған XVI армияны дұшпанның талқандауына беріп қоя бересіз бе. Бірақ кешіктірмей шешіңіз, өйткені әрбір сағат қымбат болып отыр.

Сіздің ***И. Сталин***

P. S. Бұл хатты Батыс майданының Революциялық Соғыс Советінің барлық мүшелері, батыс майданының

командашысымен бірге, оқып, мақұлдаған. Осындай мәлімдеме жақын арада Республиканың Революциялық Соғыс Советіне де жіберіледі.

И. Ст.

Смоленск,
11 август, 1919 ж.

Бірінші рет басылып отыр

ОҢТҮСТІК МАЙДАНЫНАН В. И. ЛЕНИНГЕ ХАТ[78]

Ленин жолдас!

Бұдан екі ай бұрын негізгі соққы ретінде, батыстан шығысқа қарай Донец бассейні арқылы соққы беруге Бас командование принцип жүзінде қарсы болмап еді. Сонда да оның мұндай соққы беруге бел байламаған себебі: оңтүстіктегі әскерлердің жаздыгүні шегінуінің салдарынан қалған «мұраны» сылтау қылған еді, яғни кәзіргі Оңтүстік-Шығыс майданының ауданында өз-өзінен жыйналған әскерлер тобын сылтау қылған еді; бұларды (топтарды) қайтадан құру жұмысы көп уақыт өткізіп, Деникинге пайда келтірген болар еді. Сондықтан ғана мен соққының ресми түрде қабылданған бағытына қарсы болмаған едім. Бірақ кәзірде жағдай және сонымен байланысты күштердің топтасуы негізінен өзгеріп отыр: VIII армия (бұрынғы оңтүстік майданындағы негізгі армия) Оңтүстік майданының ауданына ауысып, Донец бассейніне қарсы қарап тұр; Буденныйдың аттыәскер корпусы да (екінші бір негізгі күш) Оңтүстік майданының ауданына ауысты; жаңа күш — латыштар дивизиясы қосылды, мұның өзі, бір айдан кейін, жаңарғансоң,

Деникинге қарсы қайтадан айбарлы күш болып шығады.

Бұрынғы топтардың («мұраның») кәзірде болмай отырғанын өзіңіз көріп отырсыз. Ал Бас командованиені (Ставканы) ескі жоспарды қорғауға не нәрсе мәжбүр етіп отыр? Анығында, оны тек қана қарысу, керек десе — фракцияшылдық, ең топас және Республика үшін өте қауіпті фракцияшылдық мәжбүр етіп отыр; бұл фракцияшылдықты Бас командованиеде «стратегиялық» қораз Гусев дәріптеп отыр. Жақында Бас командование Шоринге Царицын ауданынан Дон даласы арқылы Новороссийскіге шабуыл жасау туралы директива берді, бұл ара біздің авиаторлардың ұшуына қолайлы болса болар, бірақ бұл арада біздің жаяуәскерлер мен артиллерияның кезуіне мүлде болмайды. Өзімізге жау адамдардың ортасымен, мүлде жолсыз жағдайда, бұл сияқты есуастық жорыққа (болғалы тұрған жорыққа) аттанудың бізге толық күйреу қатерін туғызатындығын дәлелдеп жатудың да керегі жоқ. Казак станицаларына бұл сияқты жорық жасау, практиканың жақында ғана көрсеткені сияқты, казактарды өздерінің станицаларын қорғау үшін бізге қарсы Деникиннің төңірегіне жыйнауы ғана мүмкін, Деникинді Донның құтқарушысы етіп шығаруы ғана мүмкін, Деникин үшін казактардан армия құруы ғана мүмкін, яғни Деникинді күшейте түсуі ғана мүмкін; муны түсіну қыйын емес.

Нақ сондықтан, уақытты босқа өткізбей, кәзірден бастап, практика жүзінде жойылып отырған ескі жоспарды өзгерту керек, бұл жоспарды негізгі соққыны Воронеж ауданынан Харьков — Донец бассейні арқылы Ростовқа жұмсау жоспарымен ауыстыру керек.

Біріншіден, біз бұл жерлерде өзімізге жау адамдардың ортасында болмаймыз, қайта — өзімізге тілектес адамдардың ортасында боламыз, мұның өзі біздің алға басуымызды жеңілдетеді. Екіншіден, біз зор маңызды (донец) темір жол торабын аламыз және Деникиннің армиясын қоректендіретін негізгі күре тамыр болып отырған Воронеж — Ростов жолын аламыз (казак әскерлері бұл жол болмаса қысты күні жабдықсыз қалады, өйткені Дон армиясын жабдықтап отырған Дон өзені қатып қалады, ал Оңтүстік-Донецтің Лихая — Царицын жолы кесіліп қалады). Үшіншіден, біз осылай алға басу арқылы Деникиннің армиясын екіге бөлеміз, оның ішінде: ерікшілер армиясын Махноның жем қылуына қалдырамыз, ал казак армияларына тыл жағынан өтіп кету қаупін туғызамыз. Төртіншіден, біз казактарды Деникинмен жанжалдастыруға мүмкіншілік аламыз; біз ойдағыдай алға жылжыған күнде ол (Деникин) казак әскер бөлімдерін батысқа қарай ауыстыруға тырысады, бұған казактардың көпшілігі көнбейді, әрине, біз сол кезге дейін казактардың алдына бітім туралы, бітім жайында келіссөздер жүргізу, т. с. туралы мәселе қойсақ солай болады. Бесіншіден, біз көмір аламыз, ал Деникин көмірсіз қалады.

Бұл жоспарды қабылдау ісін кешеуілдетуге болмайды, өйткені Бас командованиенің полктерді ауыстыру және бөлу жоспары біздің Оңтүстік майданындағы соңғы табыстарымызды түкке тұрғысыз ету қаупін туғызады. Мен Орталық Комитет пен үкіметтің — «Барлығы Оңтүстік майданы үшін» — деген соңғы қарарын Ставканың елемей отырғандығын және

мұны оның іс жүзінде бұзып отырғандығын айтып та отырғаным жок.

Қысқасы: өмірдің өзі жойып отырған ескі жоспарды қайткен күнде де жандандыруға болмайды, — бұл Республика үшін қауіпті нәрсе, бұл Деникиннің жағдайын сөзсіз жеңілдететін нәрсе. Оны басқа жоспармен ауыстыру керек. Булай ету үшін жай-жағдайлардың туып жетілгендігі былай тұрсын, тіпті олар мұндай ауыстыруды еріксіз керек етіп отыр. Сонда полктерді бөлу де жаңаша болады.

Бұлай етпегенде менің Оңтүстік майданындағы жұмысым мағнасыз, қылмысты, керексіз жұмысқа айналады, мұның өзі менің тек Оңтүстік майданында қалмай, қайда болса да, тіпті зым-зыяға болса да кетуіме право береді немесе, дұрысын айтқанда, мені осыған міндеттейді.

Сіздің ***Сталин***

Серпухов,
15 октябрь, 1919 ж.

Бірінші рет „Правда" газетінің
301-номерінде, 1929 ж.
21 декабрьде басылған

В. И. ЛЕНИНГЕ ТЕЛЕГРАММА

Антанта мен Деникиннің көп уақыт күш салуы арқылы контрреволюцияның басты тірегі ретінде құрылған Шкуро мен Мамонтовтың аттыәскер корпустарын Буденный жолдастың аттыәскер корпусы Воронеж түбінде тасталқан етіп қыйратты. Воронежді қызыл ерлер алды. Көп олжалар қолға түсті, олар есептеліп жатыр. Әзірге анықталғаны — дұшпанның барлық ат қойылған бронепоездары қолға түсті, бұлардың ішіндегі бастысы генерал Шкуроның атындағы бронепоез. Талқандалған дұшпан ізінше қуылып барады. Буденный жолдастың аттыәскер корпусының қызыл ерлерінің қаһармандығы генерал Мамонтов пен генерал Шкуроның аттарына байланысты тараған жеңілместік даңқтың күлін көкке ұшырды.

Оңтүстік майданының Революциялық
Соғыс Советі *Сталин*

25 октябрь, 1919 ж.

„Петроградская Правда" № 244,
26 октябрь, 1919 ж.

ШЫҒЫС ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КОММУНИСТІК ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БҮКІЛРОССИЯЛЫҚ II СЪЕЗІН АШАРДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

22 ноябрь, 1919 ж.

Жолдастар!

Маған коммунистік партияның Орталық Комитетінің атынан Шығыстағы мұсылмандардың коммунистік ұйымдарының II съезін ашу жұмысы тапсырылды[79].

I съезден бері бір жыл өтті. Бұл уақыттың ішінде социализм тарихында маңызды екі оқиға болды. Бірінші оқиға — Батыс Европа мен Американың революцияшылдануы және сол жерлерде, Батыста, коммунистік партияның тууы, екінші оқиға — Шығыс халықтарының оянуы, Шығыста, езілген Шығыс халықтарының арасында, революциялық қозғалыстың өсуі. Онда, Батыста, пролетарлар империалистік державалардың авангардын талқандау және өкіметті өз қолына алу қаупін туғызып отыр. Мұнда пролетарлар империализмнің тылын — байлықтың бұлағы ретіндегі Шығысты қыйрату қаупін тудырып отыр, өйткені Шығыс — империализмнің өз байлығын құратын негізі, бул — империализмнің күш алатын бұлағы, империализм Батыс Европада талқандалған күнде, осы жерге шегінгісі келеді.

Бұдан бір жыл бұрын Батыста дүниежүзілік империализм Советтік Россияны тықсыра қоршап алу қаупін туғызған еді. Енді, бақсақ, оның өзі қоршауда қалыпты, өйткені оны бүйірден де, тылынан да соққылап жатыр. Бұдан бір жыл бұрын, Шығыс халықтарының I мұсылмандық съезінің делегаттары, тарап бара жатып, Шығыс халықтарын ұйқыдан ояту үшін, Батыс революциясы мен езілген Шығыс халықтарының арасын біріктіретін көпір салу үшін қолдарынан келгендерінің бәрін аямасқа ант беріскен еді. Қәзір, осы жұмысты қорыта келе, бұл революциялық жұмыстың текке кетпегендігін, барлық езілген халықтардың бостандығын тұншықтырушыларға қарсы көпірдің салынғандығын қанағаттана отырып атап айтуға болады.

Ақырында, егер біздің әскерлер, біздің қызыләскерлер Шығысқа қарай осынша шапшаң жылжыған болса, бұл жөнде, әрине, делегат жолдастар, сіздердің атқарған жұмыстарыңыздың ролі аз болған жоқ. Егер кәзір Шығысқа қарай жол ашылып отырса, онда соңғы кезде осы жұмысты істеген делегат жолдастарымыз бұл жөнінде революцияға тағыда өте зор еңбек сіңіріп отыр.

Шығыста өзіміз көріп отырған оқыйғалардың жылдам даму себебі — Шығыс халықтарының, ең алдымен, татарлардың, башқұрттардың, киргиздардың, Түркстан халықтарының мұсылман коммунистік ұйымдарының мықты бірігуінде ғана, — тек солардың мықты бірігуінде ғана деп түсіндіруге болады.

Жолдастар, бул съездің, I съезден гөрі сан жағынан да, сапа жағынан да бай болып отырған II съездің, Шығыс халықтарын ояту жөніндегі, Батыс пен

Шығыстың арасын біріктіре салынған көпірді нығайту жөніндегі, империализмнің ғасыр бойы келе жатқан езгісінен еңбекші бұқараларды азат ету жөніндегі басы басталған жұмысты үдете алатындығына мен күмәнданбаймын.

I съезд көтерген туды, Шығыстың еңбекші бұқараларын азат ету туын, империализмді талқандау туын, мұсылмандардың коммунистік ұйымдарының қызметкерлері ақырына дейін абыроймен апара алатындығына сенеміз. (Қол шапалақтау.)

„Жизнь Национальностей" № 46,
7 декабрь, 1919 ж.

ОҢТҮСТІК МАЙДАНЫНЫҢ ПЕТРОГРАДҚА СӘЛЕМІ

Құттықтағаныңыз үшін және Оңтүстік майданының полктеріне бермек болған қызыл туларыңыз үшін Оңтүстік майданының Революциялық Соғыс Советі жолдастық алғыс айтады.

Біздің дивизияларымызда жеңіп шығу сенімін туғызған және біздің майданды мүлдем өзгерткен, ұрыстарда шыныққан мыңдаған алдыңғы қатарлы жұмысшыларды жіберіп, Петроградтың Оңтүстік майданына бірінші болып көмек бергендігін Оңтүстік майданының Революциялық Соғыс Советі ұмытпайды.

Оңтүстік майданы өзінің соңғы табыстары үшін, ең алдымен, қызыл Петроградтың шын ұлдарына, осы жұмысшыларға борышты.

Жолдастар, Оңтүстік майданының әскерлері орыс пролетариатының үмітін ақтай алады және өздеріне сыйлыққа беріліп отырған туларды толық жеңіп шыққанша абroймен апарады деп сеніңіздер.

Біз қазірдің өзінде Киев пен Купянскіні алдық, —

Ростовтың, Новочеркасскінің үстінде қызыл тулардың желбірейтін кезі алыс емес.

Петроград жұмысшыларына сәлем, Балтық флотының даңқты теңізшілеріне сәлем!

Сталин

„Петроградская Правда“ № 289,
18 декабрь, 1919 ж.

ОҢТҮСТІКТЕГІ СОҒЫС ЖАҒДАЙЫ ЖӨНІНДЕ

I

АНТАНТАНЫҢ СӘТІ ТҮСПЕГЕН ЖОСПАРЛАРЫ

1919 жылдың көктемінде Советтік Россияға қарсы Колчактың — Деникиннің — Юденичтің біріккен жорығы ойлап шығарылды. Негізгі соққыны Колчак беруге тиіс болды; Москваға шығыстан бірлесіп шабуыл жасау үшін Деникин онымен Саратовта қосылысам деп үміттенді. Петроградқа қосымша соққы беру Юденичтің үлесіне тиді.

Жорықтың мақсаты Гучковтың Деникинге берген баяндамасында: «большевизмді негізгі тіршілік орталықтары — Москва мен Петроградтан айырып, оны бір-ақ соққымен тұншықтыру керек» деп тұжырымдалған.

Ал жорықтың жоспарының жобасы Деникиннің Колчакқа жазған хатында көрсетілген, бұл хатты біз 1919 жылдың көктемінде Гришин-Алмазовтың штабымен бірге қолға түсіріп алғанбыз. Деникин Колчакқа былай деп жазған: «Ең басты нәрсе — Еділде аялдамай, одан әрі большевизмнің жүрегіне, Москваға, соққы беру керек. Мен сізбен Саратовта кездесермін деп үміттенемін... Поляктар өз ісін істейді, ал Юденичке

келсек, ол Петроградқа соққы беруге әзір түр және оны кешеуілдетпейді...»

Көктемде, Колчактың Еділге жасаған шабуылы әбден қызу жүріп жатқан кезде, Деникин осылай деп жазған.

Бірақ бүл жоспардың сәті түспеді. Колчак Оралдан әрі қуылып тасталды. Деникин Сейм өзені — Лиски — Балашов түсында тоқтатылды. Юденич — Ямбургтен әрі ығыстырылып тасталды.

Советтік Россия бүтін, аман калды.

Бірақ Антантаның жалмауыздары бүған қамықпады. 1919 жылдың күзінде қыйрата жорық жасаудың жаңа жоспары ойлап шығарылды. Колчак, әрине, есептен шығарылып тасталды. Салмақтың дені шығыстан оңтүстікке аударылды; Деникин сол оңтүстіктен негізгі соққы беруге тиіс болды. Юденичтің үлесіне, көктемдегідей, қосымша соққы беру — Петроградқа жаңадан шабуыл жасау тиді. Ерікшілер армиясының бүрынғы командашысы генерал Май-Маевский Орёл алынған күннің ертеңінде сөйлеген сөзінде: мен «19-жылғы декабрьдің ақырынан, Рождество мейрамынан қалмай» өзімнің әскерлеріммен Москвада болам, деген.

Деникиншілердің өзіне-өзі сенгендігі сонша — Дон бойындағы капиталистер октябрь айында-ақ: ерікшілер армиясының полктерінен Москваға бірінші болып кіретін полкке миллиондаған сом (Николай ақшасымен) бәйгі жарыялады...

Бірақ тағдырдың жазуымен бүл жоспардан да түк шықпады. Деникиннің әскерлері Полтава — Купянскі — Чертководан әрі қуылып тасталды. Юденич қый-

ратылып, Нарвадан әрі қуылып тасталды. Ал Колчакқа келсек, Ново-Николаевскінің түбінде қыйратылғаннан кейін оның армиясынан тек аңыз ғана қалды.

Россия бұл жолы да бүтін, аман қалды.

Контрреволюцияның бұл жолы тіпті күтпеген жерден, аяқ астынан жеңіліске ұшырағандығы сонша — империалистік Германияны жеңушілер, Антантаның кәрі бөрілері барлық жұртқа естіртіп: «большевизмді қарудың күшімен жеңуге болмайды» деп жарыялауға мәжбүр болды. Ал империализм сәуегейлерінің сасқандығы сонша — олар контрреволюцияның жеңілуінің шын себептерін анықтай алмай, Россияны біресе «ең таңдаулы қолбасшы» да сөзсіз құлап қалатын «сусымалы құммен», біресе қандай «таңдаулы әскерлер» болса да ажалға ұшырайтын «ұшы-қыйырсыз шөлмен» теңей бастады.

II

КОНТРРЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ЖЕҢІЛУ СЕБЕПТЕРІ ТУРАЛЫ

Контрреволюцияның, ең алдымен Деникиннің жеңілу себептері қандай?

А) Контрреволюция әскерлері **тылының берік еместігі.** Тұрақты тылы болмаса, дүние жүзіндегі бірде-бір армия жеңе алмайды. Ал, Деникиннің (сонымен қатар Колчактың) тылы — мүлде тұрақсыз тыл. Контрреволюция әскерлері тылының берік еместігінің бұл фактысын осы әскерлерді құрған Деникин — Колчак үкіметінің әлеуметтік сыйпатымен түсіндіруге болады. Деникин мен Колчак тек помещик пен капиталистің бұғауын ғана емес, сонымен қатар ағылшын-француз капитализмінің бұғауын да ала келеді. Деникин —

Колчак жеңіп шықса, Россия дербестігінен айрылады, Россия ағылшын-француз ақшалы қапшықтарының сауын сыйырына айналады. Осы жағынан қарағанда, Деникин — Колчак үкіметі — нағыз халыққа қарсы, нағыз ұлтқа қарсы үкімет. Осы жағынан қарағанда Совет үкіметі — бірден-бір халықтық үкімет және сөздің ең тәуір мағнасындағы бірден-бір ұлттық үкімет, өйткені Совет үкіметі еңбекшілерді капиталдан азат етіп қана қоймайды, сонымен қатар бүкіл Россияны дүниежүзілік империализмнің бұғауынан азат етеді, Россияны отардан ерікті дербес елге айналдырады.

Деникин — Колчак үкіметі мен оның әскерлерін орыс халқының қалың көпшілігінің құрметтей алмайтындығы да, қолдай алмайтындығы да айқын нәрсе емес пе?

Деникин — Колчак әскерлерінде жеңіске құлшына ұмтылып, рухтану дегеннің болуы мүмкін еместігі, ал мұнсыз тегінде жеңіс дегеннің мүмкін емес екендігі айқын емес пе?

Деникин — Колчактың тылы шытынап, майданның негіздерін бүлдіріп барады, өйткені Деникин — Колчак үкіметі — орыс халқын құлдыққа салатын үкімет, халықтың қалың көпшілігінің мейлінше сенімі кеткен үкімет.

Совет әскерлерінің тылы, өз нәрімен қызыл майданды қоректендіріп, нығайып келеді, өйткені Совет үкіметі — орыс халқын азат ететін үкімет, халықтың қалың көпшілігі мейлінше сенетін үкімет.

Б) Контрреволюцияның **шетаймақтық күйі.** Октябрь төңкерісінің бас кезінде-ақ революция мен контрреволюцияның арасында бірсыпыра географиялық ме-

же орнады. Азамат соғысының ілгері өрістей түскен кезінде революция мен контрреволюция аудандары біржолата белгіленді. Москва мен Петроград сияқты өнеркәсіп және мәдени-саяси орталықтары бар, ұлт жағынан біртекті халқы бар, көбінесе орыс халқы бар, ішкі Россия революцияның базасына айналды. Ал, Россияның шеткері аймақтары, көбінесе, маңызды өнеркәсіп және мәдени-саяси орталықтары жоқ, ұлт жағынан халқы тіпті әралуан, бір жағынан, артықшылық дәрежесі бар отарлаушы казактардан құралған, екінші жағынан, толық праволы емес татарлардан, башқұрттардан, киргиздардан (шығыста), украиндардан, чечендерден, ингуштерден және басқа мұсылман халықтарынан құралған оңтүстік пен шығыс шеткері аймақтары контрреволюцияның базасына айналды.

Россияның күресіп жатқан күштерінің мұндай географиялық бөліндісінде табиғи емес дәнеңе жоқ екендігін ұғыну қиын емес. Шынында да: Петроград-Москва пролетариаты Совет үкіметінің базасы болмағанда басқа кім база болмақ? Орыс империализмінің ежелгі құралы болып, артықшалық дәрежелермен пайдаланатын не соғыс сословиесіне ұйымдасқан, шеткері аймақтарда орыс емес халықтарды көптен қанап келе жатқан казактар Деникин-Колчак контрреволюциясының тірегі болмағанда басқа кім тірек болатын еді?

Бұдан бөтен ешқандай «географиялық бөліністің» болуы мүмкін емес екендігі айқын емес пе?

Ал сайып келгенде бұл жағдайдың контрреволюция үшін толып жатқан тіптен сөзсіз зиянды жақта-

ры, революция үшін дәл сондай сөзсіз пайдалы жактары болды (және болып та келеді).

Сұрапыл азамат соғысының заманында қыймыл жасап жатқан әскерлердің жеңіп шығуы үшін, элементтері осы әскерлерге күш беріп, нәрі оларды қоректендіріп отыратын ел-жұрттың бірлігі, беріктігі өте керек нәрсе; оның бер жағында бұл бірліктің ұлттық (әсіресе, азамат соғысының бас кезінде) немесе таптық (әсіресе, азамат соғысы өрістей түскен кезде) бірлік болуы мүмкін. Мұндай бірлік болмайынша соғыс жеңістерінің ұзакқа баруы мүмкін емес. Бірак іс дәл мынада: Россияның шеткері аймактарында (шығыс және оңтүстік аймактарында) Деникин мен Колчактың әскерлері үшін ұлт жағынан да, тап жағынан да, ел-жұрттың аз-кем бірлігі де болмай отыр және бола да алмайды; мұндай бірліксіз (жоғарыда айтқанымдай) елеулі жеңістің болуы мүмкін емес.

Шынында да, бір жағынан, татарлардың, башқұрттардың, киргиздардың (шығыста), қалмақтардың, чечендердің, ингуштердің, украиндардың (оңтүстікте) ұлттық тілектерінің, екінші жағынан, Колчак — Деникиннің шын-орыстық самодержавиелік басқармаларының арасында қандай ұлттық бірлік болуы мүмкін?

Немесе тағы мынаны алайық: бір жағынан, Жайықтың, Оренбургтің, Донның, Кубанның артықша дәрежедегі казактарының, екінші жағынан, іргелес казактар ежелден езіп, қанап келе жатқан шеткері аймақтардың барлық былайғы халқының, соның ішінде «өзге қалалық» орыстардың арасында қандай таптық бірлік болуы мүмкін?

Осындай әралуан элементтерден құралған әскерлердің совет армияларының бірінші қатты соққысы-

нан кейін сөзсіз қыйрауға тиіс екендігі, әрбір осындай соққының Россиядағы шеткері аймақтардың казактардан басқа элементтерінің Совет үкіметіне қарай беттеуін, ұлыдержавалық талаптарды мүлде теріс деп танып, сол элементтердің ұлттық талаптарын ықыласымен қарсы алатын Совет үкіметіне қарай беттеуін сөзсіз күшейте түсуге тиіс екендігі айқын емес пе?

Шеткері аймақтарға қарағанда ішкі Россияның бейнесі мүлде басқаша. Біріншіден, ішкі Россия ұлт жағынан бірыңғай, ынтымақты, өйткені оның халқының оннан тоғызы великоростар. Екіншіден, майданды және совет әскерлерінің тікелей тылын қоректендіріп тұратын ел-жұрттың таптық бірлігіне жетісу ісі сол ел-жұрттың ішінде шаруаларға әбден мәлім болып отырған, оларды Совет үкіметінің айналасына берік топтап отырған Петроград — Москва пролетариатының болуы арқылы жеңілдей түседі.

Айта кетелік, Советтік Россияның тылы мен майданының арасындағы тамаша байланысты, Колчак — Деникин үкіметінде ешқашан да болып көрмеген байланысты осымен түсіндіруге болады: Совет үкіметі майданға көмектесу туралы ұран көтерсе болғаны — Россия лезде лек-легімен жаңа полктер әзір қылады. Советтік Россияның дағдыда қыйын-қыстау минуттерде көрсетіп отыратын ғажап күші мен тамаша орамдылығының көзін дәл осыдан іздеу керек.

Антантаның сауаты ашылған бақсы-балгерлеріне түсініксіз фактының, «контрреволюциялық әскерлердің белгілібір жерге дейін (ішкі Россияның жеріне дейін!) барып, апатқа ұшырамай қалмайтынының...» себебін дәл осы арадан іздеу керек.

Контрреволюцияның, ең алдымен Деникиннің жеңілуінің жоғарыда көрсетілген себептерінен бөтен тағы бергі себептері де бар (біздің айтып отырғанымыз көбінесе Оңтүстік майданы).

Олар мынадай себептер:

1) Советтің Оңтүстік майданында резервтер мен толықтырғыш әскерлердің жақсаруы.

2) Жабдықтау ісінің жақсаруы.

3) Біздің оңтүстік полктерге кіріп, оларды мүлде қайта құрған коммунист-жұмысшылардың Питерден, Москвадан, Тверьден, Иваново-Вознесенскіден майданға қарай ағылуы.

4) Ілгеріде Мамонтовтың шабуылдарымен мүлде бүлінген басқару аппаратының жолға қойылуы.

5) Оңтүстік майданы командованиесінің шабуыл кезінде бүйірден соққы беру системасын дұрыс қолдана білуі.

6) Шабуылдың өзінің үзбей жүргізілуі.

III

ОҢТҮСТІК МАЙДАНЫНЫҢ ҚӘЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Деникиннің барлық әскер бөлімдерінің ішінен, анағұрлым маманданған, полктерінде маман офицерлер резерві көп ерікшілер армиясы (жаяуәскер) мен Шкуро — Мамонтовтың кавалериялық корпустерін (аттыәскер) неғұрлым көрнекті күш деп есептеуге болады. Ерікшілер армиясының міндеті — Москваны алу, ал Шкуро мен Мамонтовтың аттыәскерлерінің міндеті — біздің оңтүстіктегі армияларымыздың тылдарын бұзып өтіп, қыйрату еді.

Біздің жаяуәскерлеріміздің алғашқы шешуші та-

быстары Орел түбіндегі, Кром — Дмитровскі маңындағы ұрыстарда белгі берді. Мұнда біздің жаяуәскерлеріміз ерікшілер армиясының бірінші корпусын (таңдаулы корпусын), Корнилов, Дроздов, Марков және Алексеев дивизияларымен қосып генерал Кутеповтың корпусын талқандады.

Ал, біздің аттыәскерлеріміздің алғашқы шешуші табыстары Воронеж түбіндегі, Икорец, Усмань, Воронеж және Дон өзендерінің маңындағы ұрыстарда белгі берді. Мұнда біздің Буденный жолдастың аттыәскер тобы Шкуро — Мамонтовтың біріккен корпустерімен бірінші рет бетпе-бет кездесті, кездескен бетінде оларды тықсырып қуып тастады.

Орел мен Воронеж түбіндегі біздің жеңістеріміз армияларымыздың оңтүстікке қарай жылжи беруіне негіз салды. Киевтің, Харьковтың, Купянскінің, Лискидің түбіндегі жеңістер Орел мен Воронеждің түбіндегі негізгі жеңістердің нәтижесі мен дамуы ғана болып табылады. Қазір ерікшілер армиясы, байланысы мен басқармасынан айрылып, өлгені, жараланғаны және пленге түскені бар, кем дегенде өзінің бұрынғы құрамының тең жартысынан айрылып, біздің әскер бөлімдерімізге төтеп бере алмай шегініп барады. Әскерлерін тылға әкетіп, едәуір жөндеп алмаса, ол армия көп ұзамай-ақ өзінің ұрысу қабілетінің бәрінен айрылады, деп сеніммен айтуға болады.

Шкуро — Мамонтовтың аттыәскер тобына келсек, ол Кубанның екі жаңа корпусымен (Улагай — Науменко генералдардың корпустары) және генерал Чесноковтың құрама Улан дивизиясымен күшейтіліп отыр, сонда да ол аттыәскер тобы біздің аттыәскерлеріміз үшін үлкен қауіп бола алмайды. Мұны жуыр-

да Лисичанскі түбінде болған ұрыстар дәлелдей алады, бұл урыстарда Шкуро — Мамонтовтың күшейтілген әскер тобы біздің аттыәскерлерден қыйрай жеңіліп, ұрыс болған жерде он жеті зеңбірегін, сексен пулеметін және қылышпен шабылған мыңнан аса әскерлерін тастап кетті.

Әрине, Деникиннің армиялары қәзірдің өзінде-ақ талқандалып бітті деуге болмайды. Деникин армияларының азғындауы Колчак армияларының азғындау дәрежесіне әлі жеткен жоқ. Деникиннің әзірге кейбір тактикалық, бәлкім, стратегиялық та айла-әдістер жасауға шамасы келеді. Сонымен қатар, он аптаның ішінде Деникиннен біздің небары 150 ге жуық зеңбірек, 600 пулемет, 14 бронепоезд, 150 паровоз, 10 мың вагон тартып алып, 16 мың адамын пленге түсіргенімізді де естен шығармау керек. Бірақ сонда да болса күмәнсыз бір нәрсе мынау: **Деникиннің армиялары Колчак армияларының аяғын құшып, тоқтаусыз құлдыйлап барады, ал біздің армияларымыз сапа жағынан да, сан жағынан да күннен-күнге күшейіп келеді.**

Деникинді біржолата қыйрататындығымызға осы кепіл.

Серпухов,
26 декабрь, 1919 ж.

„Правда“ № 293,
28 декабрь, 1919 ж.
Қол қойған: И. Сталин

P. S.[80] Бұл мақала Деникин майданын біздің әскерлер Таганрог түбінде бұзып өтпей тұрып жазылған. Затында оның сақтықпен жазылған себебі де осы еді. Ал қәзір, Деникиннің майданы бұзылғаннан

кейін, ерікшілер дивизиялары Дон мен Кавказдағы Деникин армияларынан бөлініп тасталған кезде, Таганрог түбінде болған екі күнгі (1 — 2 январьдағы) урыста біздің әскерлер дұшпанның екі жүзден аса зеңбірегін, жеті бронепоезын, төрт танкін және толып жатқан баска да көп олжалар қолға түсіріп алып отырған кезде, біздің әскерлер, Таганрогті жаудан босатып, контрреволюцияның ошақтары — Новочеркасскі мен Ростовты қоршап алып отырған кезде, — дәл осы кезде Деникин армияларын қыйрату мейлінше қызу жүріп жатыр, деп сеніммен айтуға болады.

Тағы бір соққы керек, — сонда толық жеңіп шығуымыз қамтамасыз етіледі.

Курск,
7 январь, 1920 ж.

„Революционный Фронт" журналы № 1,
15 февраль, 1920 ж.
Қол қойған: И. Сталин

УКРАИНАНЫҢ ЕҢБЕК АРМИЯСЫНА БҰЙРЫҚ

7 март, 1920 ж.

РСФСР-дың барлық қарулы күштерінің Баскомандашысының 1247/оп/123/ш директивасы бойынша және Оңтүстік-Батыс майданының Революциялық соғыс советінің № 271 бұйрығы бойынша, қырық екінші дивизия 7 марттан бастап Украина еңбек армиясының құрамына кіреді[81].

Майданның басқа дивизияларымен бірге тізе қосып Россияның жауларына қарсы батырлықпен күрескен және солармен бірге Деникиннің ерікшілер армиясының тас-талқанын шығарған даңқты 42-дивизия, енді, шаруашылықтың бүліншілігіне қарсы күресіп, елді тас көмірмен қамтамасыз ету үшін, қаруды жыйнап қоя тұруға тиіс.

42-дивизияның командирлері! Сіздер Деникинге қарсы ұрыстарда қызыларміяшыларды жеңістен жеңіске жеткізе білдіңіздер, — көмір дағдарысына қарсы күресте одан да зор жеңістерге жете алатындарыңызды дәлелдеңіздер.

42-дивизияның комиссарлары! Сіздер ұрыс майданында қызыларміяшылар арасында үлгілі тәртіп пен

дисциплина сақтай білдіңіздер, — көмір үшін күресте еңбек тәртібінің қасиетті туын кіршіксіз сақтай алатындарыңызды дәлелдеңіздер.

42-дивизияның қызыларміяшылары! Сіздер жұмысшы-шаруа Россиясының жауларына қарсы адал және жан аямай күресе білдіңіздер, — көмірді тасып станцияларға жеткізу, оны вагондарға тиеу және тиелген көмірді тағайындалған орындарға алып бару ісінде де адал және жан аямай еңбек ете алатындарыңызды дәлелдеңіздер.

Естеріңізде болсын, Россия үшін Деникинді жеңудің қандай маңызы болған болса, көмірдің де сондай маңызы бар.

Оралдағы III армияның полктері ағаш отын жыйнау және оны тасу ісінде үздік шықты. Поволжьеде тұрған Запастағы армияның полктері паровоздар мен вагондарға ремонт жасау ісінде өздерінің даңқын шығарды. 42-дивизия, елімізге көмірді тасып, тиеп, алып баруды қамтамасыз ете отырып, өзінің басқалардан қалыспайтындығын көрсетуге тиіс.

Жұмысшы-шаруа Россиясы сіздерден осыны күтеді.

Украина Еңбек армиясы Советінің
Председателі ***И. Сталин***

Бірінші рет 1940 ж.
„Пролетарская Революция"
журналының 3-номерінде басылған

УКРАИНА К(б)П IV КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР[82]

17—23 март, 1920 ж.

1. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ АШАРДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

17 март

Жолдастар! Бұл уақытқа дейін сіздердің алдарыңызда, Украинаның тылы мен майданындағы коммунистерінің алдында, негізгі бір міндет — шабуыл жасап келе жатқан поляктарды тоқтату, Петлюраны талқандап, Деникинді қуып шығу міндеті тұрды. Бұл міндет, біздің достарымыз былай тұрсын, тіпті жауларымыздың да қазір мойындап отырғанындай, ойдағыдай орындалып келеді.

Қазір, Украина революцияның барып тұрған жауынан — Деникиннің армиясынан азат етілген кезде, сіздердің алдарыңызда екінші бір аса маңызды және күрделі міндет — Украинаның бүлінген шаруашылығын қалпына келтіру міндеті тұр. Деникинді жеңіп шыққан сіздердің бүліншілікті де жеңіп шығатындығыңызға, сіздердің бүліншілікті бәсеңдетіп, солтүстіктегі жолдастарға жәрдемдесу үшін барлық күштеріңізді жұмсап, коммунистердің басқа партиялардан айырмашылығы болып табылатын барлық жігерлеріңізді түгел сала білетіндігіңізге ешбір күмән жоқ.

Бұл міндеттің солтүстікте орындала бастағанының

белгісі бар. Еңбек армияларының мәліметтеріне қарағанда, паровоздар мен вагондар ремонты үдеп келеді, отын өндіру ісі ұлғайып, күшейіп келеді. Орал өнеркәсібі де өсіп, өрге басып келеді. Солтүстіктегі жолдастардан үлгі ала отырып, сіздердің де сондай табыстарға жететіндіктеріңізге мен сенемін.

Коммунистердің бұл міндетті орындауда жеңіп шығатындығы сөзсіз, өйткені біздің партияда бірауыздылық, бірлік, іске берілгендік бар, және мұның бәрінің үстіне біздің ұранымыз — «өлсек те бастаған істі ақырына дейін жеткізу керек» дейтін ұран. Партия тәртіптіліктің, бірауыздылықтың арқасында ғана мыңдаған қызметкерлерді барлық аудандарға, барлық облыстарға мейлінше жіберіп отыр. Осы тәртіптілік пен бірауыздылық империализмді жеңіп шығуға мүмкіндік берді, міне осылар біздің екінші жауымызды да — бүліншілікті де жеңіп шығуға үміттендіреді.

2. ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

19 март

Маған шаруашылық құрылыстың кезектегі міндеттері туралы баяндама жасауға тура келіп отыр.

Бұдан бір жыл бұрын, біздің федерация халықаралық империалистердің қаржысымен қамтамасыз етіліп отырған әскерлердің тар қоршауында тұрған кезде, Қорғаныс Советі: «Барлығы майдан үшін» деген ұран көтерді. Мұның мәнісі — біздің бүкіл құрылыс жұмысымыз майданды жабдықтау, оны нығайту жолына қойылды. Қорғаныс Советінің дұрыс істегендігін жылдық практика көрсетіп отыр, өйткені бір

жылдың ішінде біздің қас дұшпандарымыз кері қуылып тасталды, — Юденич, Колчак, Деникин негізінде талқандалды. Сонымен, «Барлығы майдан үшін» деген ұран іс жүзінде орындалып, тиімді нәтижелер берді.

Бұдан екі ай бұрын Қорғаныс Советі басқа ұран: «Барлығы халық шаруашылығы үшін» деген ұран көтерді. Мұның мәнісі — өзіміздің барлық құрылыс жұмысымызды жаңа жолға, шаруашылық жолына салып қайта құруымыз қажет, барлық қабілеті бар күштерді шаруашылыққа жұмсауымыз қажет. Бірақта бұл — енді біздің алдымызда тұрған соғыс міндеті жоқ деген сөз емес. Антантаның Советтік федерациялық Россияны жою үшін жасаған екі әрекеті: Колчактың жәрдемімен шығыстан жасаған бірінші әрекеті де, Деникиннің жәрдемімен оңтүстіктен жасаған екінші әрекеті де, — жүзеге аспай қалды. Енді, сірә, батыстан жаңа соққы беруге ұйғарылып отырған тәрізді. Ең болмағанда біздің Федерацияның жаңа құрылыс ісін жүргізуіне кедергі жасау үшін Польша шляхталарын пайдаланбайды деуге, Антанта соншалықты ақмақ емес. Оның бержағында, герман төңкерісімен[83] байланысты, жақын арадағы жағдайлардың қандай болатындығы бізге әлі мәлім емес. Көріп отырсыздар, Батыста бірсыпыра жаңа, алайда мейлінше анық шиеленісулер бар. Сондықтан, өзіміздің барлық жұмысымызды халық шаруашылығын қалпына келтіру жолына салғанда, біз сонымен соғыс міндеттерін ескермейміз, деп айтуға болмайды. Солай бола тұрса да, негізгі ұран әрқашанда негізгі ұран болып қалуға тиіс.

Қорғаныс Советі мен партиямыздың Орталық Ко-

митеті көтеріп отырған жаңа ұранның шығу себебі не? Жолдастар, бұл мынадан шығып отыр: сыртқы жауларды талқандағаннан кейін, төңерекке көз жіберіп, біз көз алдымызда халық шаруашылығының мүлде бүлініп жатқандығын көрдік.

Соғыста бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіру міндетіне байланысты біздің алдымызда қандай мәселелер тұр?

Халық шаруашылығын қалпына келтіру ісіндегі мәселе — отын мәселесі. Империалистік соғыстардың бәрі отын үшін жүргізіліп келді. Антантаның жасаған барлық айлаларының мақсаты да бізді отынсыз қалдыру болды.

Отынның үш түрі бар: көмір, мұнай, ағаш.

Көмір мәселесінен бастайық.

1916 жылы, яғни революцияға дейін, біз айына кем дегенде 140 — 150 миллион пұт көмір шығаратынбыз және басқа аудандарға кемінде 120 миллион пұт көмір тасыйтынбыз. Қазір біздің шығаратын көміріміз бен антрацитымыз 18 миллион пұттан аспайды, сыртқа тасыйтынымыз 4 — 5 миллион пұттан көп емес. Жағдай түсінікті.

Отынның екінші түрі — мұнай. Мұнай отыны шығатын негізгі аудан — Баку ауданы. Жалпы алғанда, 1916 жылы Баку 500 миллион пұтқа жақын мұнай берді. Грозный — 100 миллионға дейін, Орал (Ембі) — 15 миллионға жақын мунай берді. Өздеріңізге мәлім, мұнайдың негізгі бұлағы — Баку, бізде жоқ. Грозный туралы сөз қылудың да қажеті жоқ. Грозныйдың қандай күйде біздің қолымызға түсетіндігін мен білмеймін. Отынның шығатын бұлағы ретінде алып қарағанда — онда жатқан мұнай байлығы өте

көп. Былтырғы жылы онда екі жүз миллион пұтқа жақын мұнай шығарылды. Бірақ оның қандай күйде біздің қолымызға түсетіндігін мен білмеймін. Жалғызақ анық нәрсе — оны ақтар әбден бүлдірген көрінеді.

Отынның үшінші түрі — ағаш отын жалпы алғанда, егерде ағашты көмірге аударатын болсақ, бұрынғы уақыттарда 500 миллион пұтқа жақын отын алып отырғанбыз. Қәзір, Жоғарғы тоғай комитетінің мәліметі бойынша, ағаш отын дайындау ісі көп дегенде 50%.

Көріп отырсыздар, отын жағынан біздің халіміз нашар.

Екінші мәселе — металлургия. Бізде руданың, шойынның және дайын заттардың шығатын бірден-бір бұлағы Донец-Кривойрог бассейні болып келді және кәзірде сол болып отыр. 1916 жылы айына кем дегенде 16 миллион пұт шойын жасалып шығарылатын. Ол кезде бізде Донбасс ауданында кемінде 65 домна пеші істейтін. Кәзір 65 пештің біреуі де істемейді. 1916 жылы өзіміздің металлургия заводтарынан айына 14 миллион пұтқа жақын жартылай фабрикаттар алып тұрушы едік. Кәзіргі алатынымыз көп дегенде 5%. 1916 жылы айына 12 миллион пұтқа жақын дайын заттар алып тұрушы едік. Кәзіргі алатынымыз — 2—3%. Металлургия жөнінде де хал өте нашар.

Үшінші мәселе — астық. Өнеркәсіпті қалпына келтіру үшін, жұмысшыларды тамақтандыру керек. Астықтың жоқтығы — негізгі кемшілік және біздің өнеркәсібіміздің дертінің де негізгі себебі осы. Соғысқа дейін біз Федерация территориясында 5 миллиард пұтқа жақын астық алушы едік. Біз мұның бес жүз миллионнан астамын шетелдерге шығарушы едік.

Қалған артық астықтың бәрі ішкі тұтынуға жұмсалушы еді. Тіпті 1914 жылы, соғыс басталған кездің өзінде де, он айдың ішінде, шегараның жабықтығына қарамастан, біз сыртқа үш жүз миллион пұттай астық шығарып үлгірдік. Кейін келе сыртқа астық шығару төмендеп отыз миллионға түсті.

Осының бәрі бізде артық астық қорының бар екендігін және болуға тиіс екендігін көрсетеді. Анығында, астық өндіруге және өнеркәсіпті көтеруге мүмкіндік беретіндей етіп астық қорын жыйнауға объективтік мүмкіншілік бар ма, деп сұрау қойылатын болса, онда мұндай мүмкіншілік сөзсіз бар деп жауап беруге болады. Объективтік тұрғыдан қарағанда, жолдастардың жар салып айқайлап жүргеніндей үш жүз миллион пұт астық қорын жыйнау — біздің қолымыздан әбден келетін нәрсе. Барлық мәселе мынада: орамды аппарат құру керек, шаруалардың пыйғылын есепке алу керек, шыдамдылық пен іскерлік көрсету керек және шаруашылықтың тілін білетін, сөзді іске асыра алатын қажетті күштерді осы жұмысқа жауып жіберу керек. Бұл іс жөнінде мен өзіміздің Украинадағы практикамызды айта кеткім келеді. Жақын арада ғана былтырғы жылдың егінінен Украинада кемінде 600 миллион пұт астық қоры жыйналғандығы анықталған болатын. Біраз күш салғанда осы алты жүз миллион пұт астықты алуға болатын еді. Бірақ біздің азық-түлік органдарымыз көп дегенде 160 миллион пут астыққа салғырт жарыялау керек деп ұйғарды, жәнеде мартқа дейін 40 миллион пұтқа жақын астықты жыйнап ала аламыз деп шешті. Бірақ бул орындалмай қалды. Біздің органдарымыздың бассыздығының салдарынан, махношылардың азық-

түлік жұмысындағы қызметкерлерді кәдімгідей аңдуының салдарынан, кейбір аудандарда болған кулактар көтерілісінің салдарынан — біз, 40 миллионның орнына, бар болғаны екі миллион пұттай ғана астық жыйнай алдық.

Ендігі мәселе — қант туралы. 1916 жылы бізде 115 миллион пұтқа жақын қант шығарылатын. Тұтынуға керегі жүз миллион пұт болатын. Ал кәзір бізде барлығы үш миллион пұттай ғана қант бар.

Біздің соғыста бүлінген халық шаруашылығымыздың кәзіргі кездегі халі осылай.

Федерация шаруашылығының бұл жағдайы бізді: «Барлығы халық шаруашылығы үшін», деген ұран көтеруге мәжбүр етіп отырғаны табиғи нәрсе.

Бұл ұранның мәнісі не? Оның мәнісі — біздің барлық үгіт және құрылыс жұмысымыз жаңа шаруашылық жолына салынып, қайта құрылсын деген сөз. Енді біз халықты бүліншілікке қарсы күресуге және жаңа шаруашылық құруға үйрететін шаруашылық жөніндегі унтер-офицерлеріміз бен офицерлерімізді жұмысшылардың арасынан жоғарылатуымыз керек. Бүліншілікке қарсы күрес үстінде ғана жаңа құрылыстың болуы мүмкін, ал бұл үшін өзіміздің еңбек офицерлерімізді өсіріп шығаруымыз керек. Егер біз былтырғы жылы әскер бөлімдерінің арасында жарыс ұйымдастырған болсақ, енді соның өзін кәсіпорындардағы, заводтардағы, фабрикалардағы, темір жолдардағы, шахталардағы еңбекшілер арасында ұйымдастыруымызға тура келеді. Анығында, бұл жұмысқа тек жұмысшыларды ғана емес, сонымен қатар шаруаларды да және басқа еңбекшілерді де тартуға тура келеді.

Сонсын, осы айтылғандардан басқа, тағыда мынаны айта кетуге тура келеді: өнеркәсіпті қалпына келтіру ісінде жергілікті шаруашылық органдарына, әсіресе облыстық және аудандық органдарға, осы уақытқа дейінгіден гөрі көп право, көп ерік берілетін болсын. Осы уақытқа дейін жұмысты «главкалар», тек «главкалар» ғана басқарып келді, енді жергілікті орындарға ерекше көңіл бөлуге тура келеді, ақырында, оларға өздерінің ынталарын жарыққа шығаруға мүмкіндік беру керек, мұндай ынтасыз шаруашылықты жолға салу қыйын.

Ақырында, Қорғаныс Советі соғыс жұмысының жолынан шаруашылықты дамыту жолына көшіріп отырған ұйымдарға жәрдемдесу ісіне көңіл бөлу керек. Менің айтып отырғаным Еңбек армияларының Советтері туралы. Армиялардың тұтас бөлімдерін қалай болса солай шаруашылық жұмысқа көшірудің барлық уақытта бірдей тиімді болмайтындығын тәжрибе көрсетіп отыр. Бұл жөнде резервтегі әскер бөлімдерінің жұмысын тылдағы еңбекшілердің жұмысымен белгілі түрде сәйкестіріп отыруға тура келеді.

Украинаның еңбек армиясы туралы сөйлей келе, мен мынаны айтуға тиіспін: көп себептер бойынша бұл армия тек жақында ғана жұмысқа кірісті. Бірінші міндет кәзіргі жағдайды анықтап, одан соң практикалық шаралар қолданудың қажеттігі туралы мәселе қою болды. Анықталған нәрселер — өте нашар. Әсіресе темір жол транспортының халі ауыр. Айта кету керек: Украинаның төрт жолындағы — Оңтүстік-Батыс, Оңтүстік, Донец және Екатерина жолдарындағы паровоздардың саны аз емес, бірақ олардың жарамсызы 70%. Бул: бұрын Харьков — Москва жо-

лымен күн сайын жүріп тұратын 45 пар поездың орнына кэзір біз небары 4 — 5, ең көп дегенде 8 пар поезд жүргізіп отырмыз деген сөз.

Украинадағы жағдай туралы осы мәліметтердің бәрін алғаннан соң, Еңбек армиясының Советі бірсыпыра практикалық шаралар қолданды, солардың ішінен мен мына төмендегілерді атап өтпекпін:

Біріншіден, көмір өнеркәсібінде еңбекті милитаризациялау ісін жүргізу керек, сонымен қатар, көмірді басқа жаққа тасу, тасып алып келу ісіне пайдалану үшін, деревня халқын да еңбекке мобилизациялау керек;

Екіншіден, өнеркәсіпке жұмысшылардан жаңа күш тарту керек, өйткені революцияға дейін жұмыс істеп келген 250 мың жұмысшыдан 80 мың жұмысшы қалғаны бізге мәлім. Оның бержағында, бұл жаңа күштерді тарту үшін, азық-түлікті жолға қою қажет, бұл жөнде де біз бірсыпыра шаралар қолданып жатырмыз;

Үшіншіден, көмір өнеркәсібін басқаратын Орталық басқарма құру керек, ал оның жанынан тазалық басқармасын, байланыс бөлімін, жабдықтау бөлімін, соғыс трибуналын, саяси бөлімін құру керек.

Осының бәрі Украинаның өнеркәсібі мен транспортын тиісті жолға салу үшін, адамдармен және азық-түлікпен, дәргерлік жәрдеммен және саяси қызметкерлермен қамтамасыз етуді тұрақты ету үшін, еңбектегі жатыпішерлер мен дезертирлердің Донец бассейінінен басқа жаққа қашып кетуіне жол бермеу үшін, өнеркәсіп пен транспортта еңбек тәртібін орнату үшін қажет болып отыр. Кәзірден бастап, РКП Орталық Комитетімен және Украина Орталық Комитеті-

мен келісу бойынша, коммунист партиясының Донец губерниялық комитетінің председателі, сонымен қатар, көмір өнеркәсібінің Саяси Бөлімінің бастығы болып жарияланады. Партия күштерін бөлу жөніндегі және бұл қызметкерлерді, көмір өнеркәсібіне жүктелген тапсырмалар бойынша, бір ауданнан екінші ауданға жіберу жөніндегі барлық жұмыс Саяси Бөлімнің қарамағына көшеді.

Жалпы алғанда, федерацияның соғыстан бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіру жұмысын бастау үшін және оны мейлінше өрістетіп алға дамыту үшін жүзеге асырылуға тиісті шаралар осылар.

Баяндамамды аяқтай келіп, мен сіздердің карауларыңызға РКП Орталық Комитетінің шаруашылық құрылыс туралы тезистерін ұсынамын[84].

3. ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

20 март

Орталық Комитеттің тезистеріне қарсы басқа бір қарар ұсынуға делегаттардың ішінен ешкімнің де әрекет жасамағандығын атап айту керек. Харьков конференциясының қарары Советтердің VII съезінің қарарларына[85] қосымша ғана болып табылады және мұнда шаруашылық құрылысының кезектегі міндеттері жөніндегі Орталық Комитеттің тезистерінде айтылған бірсыпыра мәселелер көтерілген жоқ.

Қазірде негізгі міндет — көмір өнеркәсібін қалпына келтіру екендігін мен айтып өттім. Сондықтан Украина Еңбек армиясының Советі көмір өнеркәсібінің басқармасын ұйымдастыруға, көмір өнеркәсібінде үздіксіз жабдықтау ісін жолға қойып, тәртіп орнату қолы-

нан келетін басқарма ұйымдастыруға көбірек көңіл бөліп отыр.

Өздеріңізге мәлім, кәзіргі кезде Бүкіл Федерациядағы өнеркәсібіміз тәртіпсіздік пен партизандық дәуірін басынан кешіріп отыр, мұны бұдан бір жарым жыл бұрын Қызыл Армия басынан кешірген еді. Ол кезде партия орталығы: сап түзеңдер, тәртіп орнатыңдар, ал партизан әскер бөлімдерін тұрақты әскер бөлімдеріне айналдырыңдар, деп ұран көтерген болатын. Кәзір біз күйреген өнеркәсіп жөнінде де соны істеуіміз керек. Осы күйреп жатқан өнеркәсіпті жыйнастырып, ұйымдастыру қажет, өйтпеген күнде біз бүліншіліктен шыға алмаймыз.

Осында бір жолдас: жұмысшылар милитаризациядан қорықпайды, өйткені тәртіптің жоқтығы жақсы жұмысшыларды жалықтырып болды, деді. Бұл — өте дұрыс айтылған сөз. Шаруашылықта тәртіптің жоқтығы жұмысшыларды жалықтырып болды, сондықтан олар өнеркәсіпте тәртіп енгізіп, еңбек дисциплинасын орнату қолынан келетін басшылықты қуанышпен қарсы алады.

4. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ЖАБАРДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

23 март

Сталин жолдас өзінің қортынды сөзінде Бүкілукраиндық конференцияның жұмысына қортынды жасады. Ол әртүрлі мәселелер жөнінде қабылданған қарарларға баға беріп, деревнядағы жұмыс туралы және экономикалық құрылыс туралы мәселе жөнінде алынған қарарларға тоқталады. Соңғы мәселе біржолата РКП-ның IX съезінде[86] шешіледі.

— Біздің саясатымыздағы ең маңызды мәселе — деревнядағы жұмыс туралы мәселе, менің ойымша, дұрыс шешілді. Менің ойымша, бұдан бір жыл — бір жарым жыл бұрын деревняның дамуында Россия қандай дәуірді басынан кешірген болса, кәзір біз мұнда, Украинада, сондай дәуірді басымыздан кешіріп отырмыз; ол кезде Поволжье және орталық Россияның көп жерлері көтеріліс дәуірінде болған еді. Бұл дәуір, Россиядағы сияқты, сіздерде де өтіп кетеді.

Біз деревнядағы жұмысымызда кедейге сүйенуіміз керек. Орташа Совет өкіметінің күшті екендігіне көзі жеткенде ғана біздің жағымызға көшеді. Тек содан кейін ғана орташалар біздің жағымызға шығады.

Осы қағыйдаға сүйене отырып, сіздердің қабылдаған қарарыңызды сөзсіз дұрыс карар деп айтуға болады.

Конференция шешкен тағы бір маңызды мәселе бар, ол — біздің партияға боротьбистердің[67] қосылуы туралы мәселе. Боротьбистер — деревняның нәрінен коректеніп келген партия. Енді, боротьбистер біздің партияға қосылғансоң, біз пролетариат пен деревня кедейлерінің одағын толық жүзеге асыра аламыз. Өздеріңіз білесіздер, бұл одақ — біздің Федерациялық Республикамыздың қуаты мен күшінің негізі.

Конференция жұмысының жемісті болуымен сіздерді құттықтауға рұхсат етіңіздер.

Конференция бітті деп жарыялаймын. (Қол шапалақтау.)

Украина еңбек армиясы штабының секретариатының жазбасы бойынша және Харьковтегі „Коммунист" газетінің 1920 жылғы 18, 21, 23, 24 марттағы 62, 64, 65, 66-номерлеріндегі газеттік есепті мақала бойынша басылып отыр

ЛЕНИН — РКП ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ ЖӘНЕ КӨСЕМІ

Марксистердің екі тобы бар. Олардың екеуі де жұмысты марксизмге сүйеніп істейді, өздерін «нағыз» марксистерміз деп есептейді. Бірақ сүйтсе де олар бір-бірімен тіпті тең емес. Ол олма: олардың арасында зор айырма бар, өйткені олардың жұмыс әдістері бір-біріне мүлде қарама-қарсы.

Бірінші топ әдетте марксизмді үстірт танумен, марксизм жөнінде салтанатты түрде жар салумен қанағаттанады. Марксизмнің мәнін ұға білмей не ұққысы келмей, марксизмді тұрмысқа асыра білмей не тұрмысқа асырғысы келмей, ол топ марксизмнің нақты, революциялық қағыйдаларын түк мағнасы жоқ, өлі формулаға айналдырады. Ол топ өз ісінде тәжрибеге сүйенбейді, практикалық жұмыстың тәжрибесіне сүйенбейді, Маркстен алынған цитаталарға сүйенеді. Ол топ нұсқаулар мен директиваларды нақты өмір шындығын зерттеуден алмайды, аналогиялар мен тарихи параллелдерден алады. Ол топтың негізгі ауруы

— сөзіне ісі үйлеспейді. Ол топтың тағдырдан көңілі қалып, өмір бойы наразы болуы осыдан келіп шығады; тағдыр оны екінің бірінде жарға соқтырып, алдап кетіп жүр. Бұл топтың аты — **меньшевизм** (Россияда), оппортунизм (Европада). Тышко (Иогихес) жолдас Лондон съезінде:[88] ол топ марксизм көзқарасында тұрмайды, **жатып алады**, деп бұл топты өте шебер сыйпаттап берді.

Екінші топ, керісінше, мәселенің салмағын марксизмді үстірт танудан оны жүзеге асыру, тұрмысқа асыру жағына салады. Марксизмді жүзеге асырудың жағдайға сәйкес жолдары мен әдістерін белгілеу, жағдай өзгергенде бұл жолдар мен әдістерді өзгертіп отыру, — міне бұл топ өзінің назарын, көбінесе, осыған салады. Бұл топ директивалар мен нұсқауларды тарихи аналогиялар мен параллелдерден алмайды, күнделікті жағдайларды зерттеуден алады. Бұл топ өз ісінде цитаталар мен нақыл сөздерге сүйенбейді, өзінің әрбір басқан қадамын тәжрибе жүзінде тексере отырып, өзі істеген қатесінен сабақ ала отырып, басқаларға жаңа тұрмыс құруды үйрете отырып, практикалық тәжрибеге сүйенеді. Міне сондықтан да, бұл топтың ісінде сөзі мен ісі үйлесіп отырады және Маркстің ғылымы өзінің нақты революциялық күшін толық сақтайды. Маркстің — марксистер дүниені түсіндірумен тоқтала алмайды, олар бұдан да әрі барып, дүниені өзгертуі керек[89] деген сөздері бұл топқа әбден дәл келеді. Бұл топтың аты — большевизм, коммунизм.

Бұл топтың ұйымдастырушысы және көсемі — В. И. Ленин.

I

ЛЕНИН — РОССИЯЛЫҚ КОММУНИСТ ПАРТИЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ

Россияда пролетарлық партия Батыста жұмысшы партиясы ұйымдасқан кездегі жағдайлардан айырмасы бар өзгеше жағдайларда құрылды. Батыста, Францияда, Германияда, жұмысшы партиясы одақтар мен партиялардың жария өмір сүрген жағдайларында буржуазиялық революциядан соңғы жағдайда, буржуазиялық парламент бар кезінде, өкіметке қолы жеткен буржуазия пролетариатқа қарсы бетпе-бет келген кезде кәсіпшілер одағынан шықса, — Россияда, керісінше, пролетарлық партия аса қатаң абсолютизм тұсында, буржуазиялық-демократиялық революцияны күтіп отырғанда құрылды; бұл кезде, бірінші жағынан, партия ұйымдары жұмысшы табын буржуазиялық революция үшін пайдалануды көксеген буржуазияшыл «жария марксистік» элементтермен толған еді, екінші жағынан, партияның ең жақсы қызметкерлерін патша жандармериясы партия қатарында қалдырмай қағып алушы еді; оның бержағында стихиялы революциялық қозғалыстың өршуі табанды, ынтымақты, мейлінше конспирациялы, қозғалыстың бетін абсолютизмді құлатуға аудара алатын революционерлердің жауынгер ұйтқысы болуын керек қылды.

Міндет мынадай болды: қойды ешкіден айырып, жат адамдардан ажырасып, жергілікті орындарда тәжрибелі революционерлер кадрын ұйымдастыру керек болды, оларға айқын программа, берік тактика беру керек болды, ақырында сол кадрларды профес-

сионал революционерлердің біртұтас жауынгер ұйымына, жандармдардың шабуылына қарсы тұра аларлықтай мейлінше конспирациялы ұйымға, сонымен қатар бұқараны қажетті минутінде күреске бастай аларлықтай болып бұқарамен мейлінше байланысқан ұйымға жыйнау керек болды.

Марксизм көзқарасында «жатып алатын» меньшевиктер мәселені оп-оңай шеше қоятын: Батыста жұмысшы партиясы жұмысшы табының экономикалық күйін оңдау жолында күрескен партиясыз кәсіпшілер одағынан шыққан, олай болса Россияда да, мүмкіншілігі болғанша, соны істеу керек, яғни әзірше жалпыорыстық жауынгер ұйымды құрмай-ақ, жергілікті орындардағы «жұмысшылардың қожайындарға және үкіметке қарсы экономикалық күресімен» қанағаттану керек, ал одан соң... одан соң, ол уақытқа дейін кәсіпшілер одағы жарыққа шықпаса, партияда жоқ жұмысшылардың съезін шақырып, соны партия деп жарыялау керек, деді.

Меньшевиктердің бұл «марксистік» «жоспары» орыс жағдайына келгенде құрғақ қыял екені былай тұрсын, оның үстіне, партиялық идеясын төмендетуге, партия кадрларын құртуға, пролетариатты өз партиясынсыз қалдыруға, жұмысшы табын либералдарға жем қылуға бағытталған кең үгіт жұмысын жүргізуді көздейді, — мұны меньшевиктер, бәлкім, тіпті большевиктердің де көбі, ол кезде сезе қойды ма екен.

Лениннің орыс пролетариатына және оның партиясына сіңірген аса ұлы еңбегі — ол, меньшевиктердің ұйымдастыру «жоспары» басталысымен-ақ, «жоспардың» авторларының өзі оның жобасын айқын түсініп болмаған кезде-ақ, бұл «жоспардың» бүкіл қаупін

ашты және, мұны ашып, меньшевиктердің ұйымдастыру жағынан ылағушылығына қарсы қатты шабуыл жасады, практиктердің бүкіл назарын осы мәселеге аударды. Өйткені әңгіме партияның өмір сүруі туралы, партияның я тіршілік етуі я құруы туралы болды.

Партия күштерін жыйнайтын орталық етіп жалпыорыстық саяси газетті жолға қою, жергілікті орындарда партияның «байырғы бөлімі» етіп табанды партия кадрларын ұйымдастыру, бұл кадрларды газет арқылы бір жерге жыйнап, оларды шегарасы ашық белгіленген, айқын программасы, берік тактикасы бар, бір тілекті жалпыорыстық жауынгер партияға біріктіру, — Ленин «Не істеу керек?»[90], «Бір адым ілгері, екі адым кейін»[91] деген атақты кітапшаларында міне осындай жоспарды дамытты. Бұл жоспардың артықшылығы — ол орыс өмір шындығына әбден сай келетін еді және ең жақсы практиктердің ұйымдастыру тәжрибесін шебер қорытқан еді. Осы жоспар жолындағы күресте орыс практиктерінің көпшілігі, жіктелуден бас тартпастан, үзілді-кесілді Лениннің соңына ерді. Осы жоспардың жеңіп шығуы ынтымақты, шыныққан коммунист партиясының іргесін қалады, бұл — дүниеде теңі жоқ партия.

Біздің жолдастар (меньшевиктер ғана емес!) Ленинді айтысқа, жіктелуге тым бейім деп, ымырашылдарға және басқаларға қарсы беріспей күреседі деп талай айыптады. Күмән жоқ, кезінде онысы да, мұнысы да болды. Бірақ біздің партиямыз, өзінің қатарынан пролетарларға жат адамдарды, оппортунистік элементтерді қуып шықпаса, ішкі әлсіздігі мен бытырандылығынан құтыла алмас еді, өзіне тән күштілік пен беріктікке жете алмас еді; мұны түсіну қыйын

емес. Буржуазия үстемдік етіп тұрған заманда пролетарлық партия өз ішіндегі және жұмысшы табындағы оппортунистік, антиреволюциялық, антипартиялық элементтерге қарсы қанша күрессе, сонша ғана өсіп, нығая алады. Лассальдың: «партия өзін тазалау арқылы нығайды»[92] деген сөзі дұрыс.

Айыптаушылардың әдетте дәлел қылатыны сол кезде «бірлігі» дәуірлеп тұрған герман партиясы болатын. Бірақ, біріншіден, бірлік атаулының бәрі бірдей күштіліктің белгісі емес, екіншіден, Шейдеман, Носкенің Либкнехт, Люксембургпен «бірлігінің» мүлде өтірік, жалғандығын түсіну үшін, үш партияға бөлінген бұрынғы герман партиясына[93] көз жіберудің өзі-ақ жеткілікті. Кім біледі, герман партиясының революциялық элементтері антиреволюциялық элементтерінен дер кезінде айрылса, герман пролетариатына сол пайдалы болған болмас па еді... Сөз жоқ, партияны антипартиялық және антиреволюциялық элементтермен беріспей күресу жолына бастаған Лениндікі мың мәртебе дұрыс еді. Өйткені біздің партия осындай ұйымдастыру саясатының нәтижесінде ғана ішкі бірлігін, керемет ынтымақтылығын жасай алды; партия сол бірлігі, ынтымақтылығы арқылы Керенский тұсындағы июль дағдарысынан аман шықты, Октябрь көтерілісін өзі атқарып шықты, Брест дәуірінің дағдарысын қыйналмай басынан кешірді, Антантаны жеңу ісін ұйымдастырды және, ақырында, орасан икемділікке қолы жетті, осы икемділіктің арқасында партия өз қатарын қалаған уақытында қайта құра алады және өз арасына абыржу енгізбей, жүз мыңдаған мүшелерін қалаған үлкен жұмысқа жұмылдыра алады.

II

ЛЕНИН — РОССИЯЛЫҚ КОММУНИСТ ПАРТИЯСЫНЫҢ КӨСЕМІ

Бірақ, Россиялық Коммунист Партиясының ұйымдастыру жағынан артықшылығы — істің бір жағы ғана. Егер партия жұмысының саяси мазмұны, партияның программасы мен тактикасы орыс өмір шындығына сай келмесе, оның ұрандары жұмысшылар бұқарасын қыздырып, революциялық қозғалысты алға итермелемесе, партия мұншалық шапшаң өсіп, нығая алмас еді. Енді істің осы жағына келейік.

Орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы (1905 ж.) Батыста, мәселен, Франция мен Германияда революциялық төңкерістер болған кездегі жағдайлардан айырмасы бар жағдайларда болды. Батыста революция капитализмнің мануфактура дәуірі мен өршімеген тап күресінің жағдайларында, пролетариаттың күші кем, саны аз, тілектерін тұжырымдап бере алатын өз партиясы жоқ кезде, ал буржуазияның жұмысшылар мен шаруаларды өзіне сендіруге, оларды аристократияға қарсы күреске шығаруға революцияшылдығы жетерліктей кезде басталса, — Россияда, керісінше, революция (1905 ж.) капитализмнің машиналы дәуірі мен өршіген тап күресінің жағдайларында, шамасына қарай саны көп және капитализм біріктірген орыс пролетариаты буржуазияға қарсы талай күрес өткізген кезде, орыс пролетариатының буржуазиялық партиядан гөрі анағұрлым ынтымақты партиясы бар, өзінің таптық тілектері бар кезде, үкіметтен заказ алып тіршілік еткен орыс буржуазиясы пролетариаттың революцияшылдығынан мейлінше қорқып, жұмысшылар мен шаруаларға қарсы үкіметпен, по-

мещиктермен одақ жасауға ізденген кезде басталды. Манжурия даласындағы соғыс сәтсіздігінің нәтижесінде орыс революциясының тұтана кетуі,— бұл факт, істің мәнін еш өзгертпей, тек оқыйғаны жеделдетті.

Елді толық демократияландырып, өзінің таптық мүдделерін орындау үшін, пролетариаттың революцияны бастауын, өз маңына революцияшыл шаруаларды біріктіріп, әрі патша өкіметіне қарсы, әрі буржуазияға қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізуін жағдай керек қылды.

Бірақ, марксизм көзқарасында «жатып алатын» меньшевиктер мәселені өздерінше шеше қойды: орыс революциясы буржуазиялық революция, ал буржуазиялық революцияларда буржуазия өкілдері басшылық етеді (француз революциясы мен герман революциясының «тарихын» қараңыз), олай болса пролетариат орыс революциясының гегемоны бола алмайды, басшылық орыс буржуазиясына (революцияны сатып кетіп отырған буржуазияға) берілуге тиіс, шаруалар да буржуазияның қамқорлығына берілуге тиіс, ал пролетариат солшыл әсіре оппозициялық күйде қала беруі керек, деді.

Оңбаған либералдардың міне осындай оңбаған жырларын меньшевиктер «нағыз» марксизмнің соңғы табысы деп ұсынды!..

Лениннің орыс революциясына сіңірген ұлы еңбегі — ол меньшевиктердің тарихи параллелдерінің бос сөз екенін және жұмысшылардың ісін буржуазияға жем қылатын меньшевиктердің «революция схемасының» бүкіл қаупін түк қалдырмай ашты. Буржуазия диктатурасының орнына пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасын ор-

нату, Думаға қатысып, онда біте қайнап жұмыс істеудің орнына Булыгин думасына[94] бойкот жарыялап, қарулы көтеріліс жасау, Дума қалай да болып қалғансоң «солшыл блок» идеясын қорғау, кадет министрлігінің, Думаны реакциялық түрде «қорғаудың» орнына Дума трибунасын Думадан сыртқы күрес үшін пайдалану, контрреволюциялық күш болған кадет партиясымен блок жасаудың орнына оған қарсы күресу, — Ленин «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы»[95], «Кадеттердің женуі және жұмысшы партиясының міндеттері»[96] деген атақты кітапшаларында міне осындай тактикалық жоспарды дамытты.

Бұл жоспардың артықшылығы — ол, Россиядағы **буржуазиялық-демократиялық революция** заманындағы пролетариаттың таптық тілектерін тура, батыл тұжырымдап, социалистік революцияға өтуді жеңілдетті, онда **пролетариат диктатурасы** идеясының ұрығы болды. Осы тактикалық жоспар жолындағы күресте орыс практиктерінің көпшілігі үзілді-кесілді, бұлтармастан Лениннің соңына ерді. Осы жоспардың жеңіп шығуы революциялық тактиканың іргесін қалады; бұл тактиканың арқасында біздің партиямыз кәзір дүниежүзілік империализмнің негізін шайқалтып отыр.

Оқыйғалардың одан кейінгі дамуы, төрт жылдық империалистік соғыс және бүкіл халық шаруашылығының шайқалуы, февраль революциясы және атақты қосөкімет, буржуазиялық контрреволюцияның ошағы болған Уақытша үкімет және жаңа туып келе жатқан пролетарлық диктатураның формасы болған Петербург Депутаттар Советі, Октябрь төңкерісі және Құрылтайды қуып жіберу, буржуазиялық парламента-

ризмді жою және Советтер Республикасының жариялануы, империалистік соғыстың азамат соғысына айналдырылуы және дүниежүзілік империализмнің, сөз жүзіндегі «марксистермен» бірігіп, пролетарлық революцияға қарсы шығуы, ақырында, Құрылтайдан жабысып айрылмаған, пролетариаттың тепкісімен лақтырылып тасталып, революцияның толқынымен капитализм жиегіне шығып қалған меньшевиктердің күнінің қараң болуы, — осының бәрі «Екі тактикада» Ленин тұжырымдаған революциялық тактиканың негіздері дұрыс екендігін растады. Қолында осындай мұрасы бар партия су астындағы тастардан қорықпай, алға батыл жүзе алды.

Біздің заманымыздағы пролетарлық революция кезінде, партияның әрбір сөзі іс жүзінде тексеріліп отырған кезде, пролетариат өзінің көсемдеріне айрықша тілектер қояды. Тарихта пролетариат көсемдері, аласапыран уақыттың көсемдері, жанқияр, өжет, бірақ теорияға келгенде әлсіз практик-көсемдер болған. Мұндай көсемдердің аттарын бұқара тез ұмытпайды. Мәселен, Германиядағы Лассаль, Франциядағы Бланки осындай көсемдер. Бірақ бүкіл қозғалыс тек еске алулармен ғана тіршілік ете алмайды: оған айқын мақсат (программа), берік бағыт (тактика) керек.

Бұлардан да басқа көсемдер, бейбітшілік уақыттың көсемдері, теорияға келгенде күшті, бірақ ұйымдастыру істеріне, практикалық жұмысқа келгенде әлсіз көсемдер бар. Мұндай көсемдер пролетариаттың жоғарғы тобына ғана, онда да белгілі уақытқа дейін ғана мәлім болады. Революция заманы басталысымен,

көсемдерден революциялық-практикалық ұрандар талап етілетін кезде, теоретиктер, орнын жаңа адамдарға беріп, сахнадан шығады. Мәселен, Россиядағы Плеханов, Германиядағы Каутский осындай көсемдер.

Пролетарлық революция мен пролетарлық партияның көсемі болып бекіп қалу үшін, көсемнің өзінде теориялық күш пен пролетарлық қозғалыстың практикалық-ұйымдастыру тәжрибесі ұштасуы керек. П. Аксельрод, марксист кезінде, Ленин туралы: ол «жақсы практиктің тәжрибесін теориялық біліммен, терең саяси ой өрісімен шебер ұштастырады» деп жазған (Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітабына П. Аксельродтың жазған алғысөзін қараңыз[97]). «Мәдениетті» капитализмнің идеологі Аксельрод мырза Ленин туралы енді не дер еді, — мұны табу қиын емес. Ал, Ленинді жақсы білетін, іске объективтік көзбен қарай алатын біздерге, Лениннің бұл ескі қасиеті әбден сақталғаны күмәнсыз. Басқасымен қатар осы қасиетінің арқасында Ленин, тек Ленин ғана, қазір дүние жүзіндегі ең күшті, ең шыныққан пролетарлық партияның көсемі болып отыр.

„Правда" № 86,
23 апрель, 1920 ж.
Қол қойған: И. Сталин

В. И. ЛЕНИННІҢ ТУҒАН КҮНІНЕ 50 ЖЫЛ ТОЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ РК(б)П МОСКВА КОМИТЕТІНДЕГІ ЖЫЙНАЛЫСТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

23 апрель, 1920 ж.

Айтылып өткен сөздер мен еске түсірулерден кейін маған өте аз сөйлеуге тура келеді. Менің тек бір сыйпатты ғана атап өткім келеді, мұны әлі ешкім айтқан жоқ; ол — Ленин жолдастың кішіпейілдігі және өзінің қателерін мойындаудағы ерлігі.

Лениннің, бұл ұлы адамның, өзінің жіберіп алған қателерін екі рет мойындағандығы есімде.

Бірінші оқыйға — большевиктердің 1905 жылы декабрьде, Таммерфорста, Финляндияда болған жалпыроссиялық конференциясының[98] Витте думасына бойкот жарыялау туралы қарары. Ол кезде Витте думасына бойкот жарыялау туралы мәселе қойылған болатын. Ленин жолдасқа жақын адамдар, жеті адам, — біз, провинциядан келген делегаттар, бұл жетеуді неше түрлі атпен атайтынбыз, — Ильич бойкотқа қарсы, ол Дума сайлауын жақтайды, деп сендірмек болды. Ол, кейін анықталды, шынында да солай екен. Бірақ жарыссөз ашылып, провинциал-бойкотистер, питерліктер, москвалықтар, сибирьліктер, кавказдықтар шабуыл жасай бастады; біздің сөзіміз біткеннен соң Ленин

шығып: мен сайлауға қатысуды жақтаған едім, бірақ енді өзімнің қателескендігімді көріп отырмын, сондықтан, жергілікті орындардан келген делегаттарға қосыламын деген кезде — біз аң-таң болдық. Біз қайран қалдық. Бұл бізге электрдің соққысындай әсер етті. Біз Ленинге ду қол шапалақтап овация жасадық.

Тағыда сол сияқты бір оқыйға болды. Бұл 1917 жылы сентябрьде, Керенскийдің тұсында, Демократиялық кеңес шақырылған кезде, меньшевиктер мен эсерлер жаңа мекеме — предпарламент құрған кезде болды, бұл мекеме Советтерден Құрылтайға көшуді дайындауға тиіс еді, міне сол кезде біздің Петроградтағы Орталық Комитетте: Демократиялық кеңес қуылмасын, Советтер одан сайын нығайтыла берсін, Советтер съезі шақырылсын, көтеріліс жасалып, Советтер съезі мемлекеттік өкіметтің органы деп жарыялансын деген қаулы алынған болатын. Бұл кезде Петроградтан тысқарғы жерде астыртын жағдайда болған Ильич Орталық Комитетке қосылмай: бұл сволочьты (Демократиялық кеңесті) дереу қуып, қамауға алу керек, деп жазды.

Біздінше, мәселе оңай емес еді, өйткені Демократиялық кеңестің жартысы немесе, кем дегенде, үштен бірі майдан делегаттарынан құрылып отырғандығы бізге мәлім еді, оны қамауға алып, қуғынға салу арқылы біз тек істі бүлдіріп, өзіміздің майданмен қатнасымызды нашарлатқан болар едік. Біздінше, жолымызда кездесетін ой, шұңқыр, адыр-будырлар бізге, практиктерге, белгілі еді. Бірақ Ильич ұлы адам, ол өзінің жолындағы ой, шұңқыр, адыр-бұдырлардан қорықпайды, ол қауіптерден қорықпай: «Тұр да, мақсатқа қарай тура жүр» дейді. Ал біздер, практиктер,

ол кезде олай етуді тиімсіз деп санадық, кейін негізгі мәселені шешу үшін, осы бөгеттерді айналып өтуді керек деп таптық. Сөйтіп, Ильич қанша талап етсе де, оған қарамастан, біз оның айтқанын тыңдамадық, Советтерді одан сайын нығайта бердік, сөйтіп істі 25 октябрьде болған Советтер съезіне, жеңімпаз көтеріліске жеткіздік. Бұл кезде Ильичтің өзі де Петроградта еді. Бізге күлімсіреп, жымыя қарап, ол: «Я, рас, сіздердікі дұрыс екен» деді.

Біз бұған тағыда қайран қалдық.

Ленин жолдас өзінің қателерін мойындаудан қорыққан емес.

Бұл кішіпейілдік пен ерлік бізді ерекше билеуші еді. (Қол шапалақтау.)

Бірінші рет мына жыйнақта басылған.
Владимир Ильич Ульянов-Лениннің
50 жылдығы. М., 1920

АНТАНТАНЫҢ РОССИЯҒА ЖАҢА ЖОРЫҒЫ

Пандар Польшасының жұмысшы-шаруа Россиясына жасаған жорығының, асылында, Антанта жорығы екендігінде күмән жоқ. Мәселе, басшысы Антанта, мүшесі Польша болып отырған Ұлттар Лигасының, анығында, Польшаның Россияға жорық жасауын ұнатқандығында ғана емес. Мәселе, ең алдымен, мынада: Польша, Россияға жасаған шапқыншылығын Антантаның көмегінсіз ұйымдастыра алмас еді; ең алдымен Франция, ал одан соң Америкамен қосылып Англия да қару-жарақ, киім-кешек, ақша беріп, нұсқаушылар беріп, Польшаның шабуылына мейлінше көмектесіп отыр. Антантаның ішіндегі поляк мәселесі жөнінде болған алауыздықтар істің жайын өзгертпейді, өйткені ол алауыздықтар Польшаға жалпы көмектесудің өзі жөнінде емес, тек сол көмектесудің формалары жөнінде ғана болып отыр. Сонымен қатар Керзонның Чичерин жолдаспен дипломатиялық хаттар жазысуы да[99], ағылшын баспасөзінің интервенцияға қарсы даурықпа мақалалары да істің жайын өзгертпейді, өйткені бұл айғай-шудың бәрі бір ғана мақсатты көздейді:

аңқау саясатшылардың көзін бояуды, Антанта ұйымдастырған нағыз қарулы интервенцияның арам ойлы ісін Россиямен бітім жасау жөніндегі құрғақ сөздермен бүркеуді көздейді.

I
ЖАЛПЫ ЖАҒДАЙ

Антантаның быйылғы жорығы сан жағынан үшінші жорық.

Бірінші жорық 1919 жылдың көктемінде жасалды. Бұл жорық бірлескен жорық болды, өйткені ол жорық Колчактың, Деникиннің, Польшаның, Юденичтің және Түркстан мен Архангельскідегі ағылшын-орыс аралас отрядтарының біріккен шабуылын көздеді, ал жорықтың негізгі салмағы Колчактың ауданында жатты.

Бұл дәуірде біртұтас және ынтымақты Антанта ашық интервенция тұрғысында болды: Батыстағы жұмысшы қозғалысының әлсіздігі, Советтік Россияның жауларының өте көптігі және Россияны жеңіп шығамыз деген толық сенімнің болуы Антанта билеп-төстеушілерінің бүркеусіз интервенция саясатын арсыздықпен қолдануына мүмкіндік берді.

Бұл дәуірде Россия қыйын-қыстау кезеңді басынан кешірді, өйткені астықты аудандардан (Сибирь, Украина, Солтүстік Кавказ) және отыннан (Донец бассейні, Грозный, Баку) қол үзіп қалған Россияның алты майданда күресуіне тура келді. Антанта муны көріп, жеңісті күнібұрын сезгендей болды. «Таймс» дабыл қақты.

Солай бола тұрса да, Россия бұл кризистен аман

өтті, ал ең күшті жау, Колчак, қатардан шығарылды. Мәселе Россияның тылы, демек, Россияның армиясы да оның душпандарының тылы мен армиясынан берігірек және икемдірек болып шыққандығында.

Антантаның **екінші жорығы** 1919 жылдың күзінде жасалды. Бұл жорық та бірлескен жорық болды, өйткені ол жорық Деникиннің, Польшаның, Юденичтің (Колчак есептен шығарылып тасталған) біріккен шабуылын көздеді. Бұл жолы жорықтың негізгі салмағы оңтүстікте, Деникиннің ауданында жатты.

Бұл дәуірде Антанта алғаш рет ішкі алауыздықтарды басынан кешіре бастады, Антанта алғаш рет өзінің арсыздық сарынын бәсеңсіте бастады, ашық интервенцияға қарсы пікір айтып байқады, Россиямен келіссөз жүргізуге болатындығын жариялады, өздерінің әскерлерін солтүстіктен алып кетуге кірісті: Батыста революциялық қозғалыстың өсуі және Колчактың жеңілуі, сірә, Антанта үшін бұрынғы ашық интервенция саясатын қауіпті еткен болу керек. Антанта енді бүркеусіз интервенция жөнінде ашықтан-ашық айта алмады.

Россия Колчакты жеңіп, астықты аудандарының бірін (Сибирьді) қайтарып ала тұрса да, бұл дәуірде тағыда қыйын-қыстау кезеңді басынан кешірді, өйткені басты жау, Деникин, біздің армиямыздың патрондармен, мылтықтармен, пулеметтермен қамтамасыз етілетін негізгі көзі Туланың түбінде турды. Солай бола тұрса да, Россия кризистен тағыда аман құтылды. Мұның да себебі: біздің тылымыздың, демек, біздің армиямыздың да неғурлым берік, неғұрлым икемді болуы.

Антантаның **үшінші жорығы** мүлде басқаша жағ-

дайда басталып отыр. Мынадан-ақ бастайық: бұл жорықтың бұрынғы жорықтардан айырмасы сол — бұл жорық біріккен жорық деп аталына алмайды, өйткені Антантаның ескі одақтастарының (Колчак, Деникин, Юденич) жойылғаны былай тұрсын, тіпті, күлкі келтірерлік Петлюра мен «оның» күлкі келтірерлік «әскерлерін» есепке алмағанда, жаңа одактастары да (егер мұндайлар бар болса) әлі келіп қосылған жоқ. Польша, елеулі жауынгер одактастары болмай, әзірше Россияға бір өзі қарсы шығып отыр.

Сонсын, атышулы блокада моральдық және саяси жағынан ғана емес, сонымен қатар формальдық жағынан да бұзылды. Антанта Россиямен дипломатиялық қатнастар жасау қажеттігіне еріксіз көніп, Россияның Батыстағы ресми өкілдерінің болуына төзіп отыр. Европа мемлекеттеріндегі III Интернационал ұрандарын түсіне бастаған бұқараның революциялық қозғалысы және совет әскерлерінің шығыстағы жаңа табыстары Антантаның ішіндегі жікті күшейтіп, битарап және шеткері мемлекеттерде Россияның абройын көтеріп, Антантаның Россияны оқшау қалдырмақ болған саясатын утопиялық саясат етіп отыр. Польшаның «жаралғаннан бергі» одактасы Эстляндия битарап қалдырылды. Польшаның кешегі жауынгер одақтастары Латвия мен Литва бүгінгі күні Россиямен бітім келіссөзін жүргізіп отыр. Финляндия туралы да осыны айтуға болады.

Ақырында, Антантаның үшінші жорығының кезінде Россияның ішкі күйі мүлде өзгеріп, тәуірленді деп есептеу керек. Россия астықты, отынды аудандарға (Сибирь, Украина, Солтүстік Кавказ, Донец бассейні, Грозный, Баку) жол ашып алып қана қойған жоқ,

сонымен қатар майдандардың санын кемітіп, алтыдан екіге түсірді, мұнымен әскерлерді Батысқа шоғырлауға мүмкіндік алды.

Жоғарыда айтылғандарға зор маңызы бар мына фактыны қоса кету керек: Польша Россияның бітім ұсыныстарын қабыл алмаған шапқыншылық жасаушы жақ болып табылады, ал Россия болса қорғанушы жақ, бұл жағдай Россияның пайдасына бағалап жеткізуге болмайтын зор моральдық табыс жасайды.

Осылардың бәрі Россияның жеңіп шығуына жаңа жағдай, жаңа мүмкіншіліктер жасап отыр; Антантаның Россияға жасаған ілгерідегі бірінші және екінші жорықтарының кезінде мұндай жағдайлар мен мүмкіншіліктер болмаған еді.

Батыстағы империалистік баспасөздің поляк әскерлерінің табыстарын бағалау ісіндегі сарыуайымға салынған сарнын, көбінесе, осыдан деп білу керек.

II

ТЫЛ. СОҚҚЫ БЕРІЛЕТІН АУДАН

Берік тылы болмаса дүние жүзіндегі армияның бірде-біреуі жеңе алмайды (әрине, әңгіме ұзақ және берік жеңіс жөнінде болып отыр). Майдан үшін тылдың маңызы зор, өйткені тыл, тек тыл ғана, майданға барлық керек-жарақ заттарды ғана емес, сонымен қатар адамдарды — жауынгерлерді, көңіл күйі мен идеяларды беріп тұрады. Тұрақсыз, ал оның үстіне жат тыл ең тәуір, ең ынтымақты деген армияны тұрақсыз, ынжық тобырға айналдырып жібереді. Колчак пен Деникиннің әлсіздігінің себебі: олардың «өз» тылы болмады, олар, нағыз-орыстық, ұлыдержавалық тілектер-

мен уланғандықтан, майдан құру, майданды жабдықтау, толықтыру ісін көбінесе мұндай тілектерге жат, орыс емес элементтердің есебінен жүргізуге мәжбүр болды, өздерінің әскерлеріне көрінеу жат аудандарда әрекет етуге мәжбүр болды. Ішкі, ұлттық және, оның үстіне, таптық ынтымағы жоқ, өшпенділік жағдайдың қоршауында қалған әскерлердің совет әскерлерінің алғашқы қатты соққысынан кейін-ақ қыйрағаны табиғи нәрсе.

Бұл жағынан алғанда поляк әскерлерінің тылының Колчак пен Деникиннің тылынан едәуір айырмашылығы бар; бұл — Польшаға әбден тиімді айырмашылық. Колчак пен Деникиннің тылына қарағанда поляк әскерлерінің тылы — біртекті және **ұлт жағынан** ынтымақты тыл. Оның бірлікті және табанды келуі міне осыдан. Оның басым келетін көңіл күйі — «отан сезімі» — толып жатқан дәнекерлер арқылы поляк майданына жетіп, әскер бөлімдерінде ұлттық ынтымақ пен беріктік туғызады. Поляк әскерлерінің табанды келуі міне осыдан. Әрине, Польшаның тылы **тап** жағынан біртекті емес (біртекті бола да алмайды!), бірақ таптық жанжалдардың күші ұлт бірлігінің сезімін бұзып, тап жағынан әртекті майданда қайшылықтар туғызарлықтай дәрежеге жете қойған жоқ. Егер поляк әскерлері Польшаның өз жерінде әрекет етіп жүрсе, күмән жоқ, олармен күресу қыйынға соғар еді.

Бірақ Польша өз жерімен тынғысы келмейді, ол Литва мен Белоруссияны қаратып алып, Россия мен Украинаға терең кіре түсіп, әскерлерін ілгері қарай жылжытуда. Бұл жағдай істің жайын мүлде өзгертіп отыр; бұл — поляк әскерлерінің тұрақтылығына өте тиімсіз өзгеріс.

Поляк әскерлері Польшаның жерінен шығып, Польшаға жалғас аудандарға кіре түсіп, өзінің ұлттық тылынан қашықтайды, онымен байланысын нашарлатады, өздеріне жат, және, көбінесе, дұшпан ұлт ортасына түседі. Бұдан да жаманы бар. Бұл дұшпандық мына жағдаймен шиеленісе түседі: Польшаға жалғас аудандардың (Белоруссия, Литва, Россия, Украина) халқының орасан көпшілігі — поляк **помещиктерінің** езгісін көріп жатқан поляк емес **шаруалар**; бұл шаруалар поляк әскерлерінің шабуылын поляк пандарының өкіметі үшін жүргізілетін соғыс, поляк емес езілген шаруаларға қарсы бағытталған соғыс деп қарайды. Шынында, осының себебінен совет әскерлерінің «Поляк пандары жойылсын!» деген ұранына жоғарыда көрсетілген аудандардың халқының көпшілігі қатты үн қосып отыр, бұл аудандардың шаруалары совет әскерлерін помещиктік бұғаудан құтқарушы ретінде қарсы алып отыр, олар совет әскерлерінің келуін күтіп, ыңғайлы реті келісімен көтеріліс жасап, поляк әскерлеріне тылдан соққы беріп отыр. Нақ осының себебінен совет әскерлерінің рухы бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде көтеріліп отыр; мұны біздің әскери және саяси қызметкерлеріміздің бәрі растап отыр.

Мұның бәрі поляк әскерлерінің ішінде сенімсіздік, жетімсіздік жағдайын туғызбай тұра алмайды, олардың рухының беріктігін, өз ісінің әділдігіне сенімін, жеңетіндігіне сенімін жоймай тұра алмайды, поляк әскерлерінің ұлттық ынтымағын дұрыс фактордан теріс факторға айналдырмай тұра алмайды.

Сонымен поляк әскерлері неғұрлым ілгері жылжыған сайын (егер олар тегінде ілгері жылжыйтын бол-

са), поляк жорығының бұл теріс жағы соғұрлым күшейе түседі.

Осындай жағдайларда Польша күшті, қуатты шабуыл, баянды жеңіс әперетін шабуыл жасай ала ма?

Осындай жағдайларда Польша әскерлері 1918 жылы Украинада өзінің тылынан бөлініп қалған герман әскерлерінің ұшыраған күйіне ұшырамас па екен?

Бұл жерде біз соққы берілетін аудан туралы мәселеге келіп отырмыз. Соғыс атаулыда, әсіресе азамат соғысында, табысқа жету, үзілді-кесілді жеңіп шығу ісі, екінің бірінде, соққы берілетін ауданды дұрыс таңдап алуға, дұшпанға басты соққы беріп, оны өрістете түскіңіз келетін ауданды дұрыс таңдап алуға байланысты болады. Деникиннің ірі қателерінің бірі мынада болды: Деникиннің басты соққы беруге таңдап алған ауданы Донец бассейні — Харьков — Воронеж — Курскі төңірегі еді, яғни Деникинге көпе-көрнеу сенімсіз аудан еді, Деникинге жат аудан еді, өзінің әскерлерін ілгері жылжыту үшін Деникин мықты тыл да, қолайлы жағдай да жасай алмаған аудан еді. Совет әскерлерінің Деникин майданында табысқа жетуінің бір себебі — совет командованиесі өзінің негізгі соққысын дер кезінде Царицын ауданынан (қолайсыз аудан) Донец бассейні ауданына (әбден қолайлы аудан) көшірді; бұл ауданда совет әскерлерін халық зор ыхласпен қарсы алды және осы ауданнан Деникин майданын оңайырақ бұзып өтіп, оны екіге бөліп тастап, ілгері қарай, Ростовқа дейін баруға болатын еді.

Ескі әскери қызметкерлер ұмытып кете беретін бұл жағдайдың азамат соғысында екінің бірінде шешуші маңызы болады.

Польшаның бұл жөнде, басты соққы берілетін аудан жөнінде, халі өте нашар екендігін айта кетуіміз керек. Мәселе мынада: жоғарыда баяндалған себептер бойынша, Польшаға жалғас жатқан аудандардың бірде-біреуі соққы берілетін аудан болу мағнасында да, осы соққыны ілгері өрістету мағнасында да поляк әскерлері үшін қолайлы аудан деп танылa алмайды, өйткені поляк әскерлері қалай қарай ілгері жылжыса да, олар барлық жерде де поляк помещиктерінен Совет әскерлерінің азат етуін күтіп отырған украин, орыс, белорусс мужигінің қарсыласуына кездеседі.

Ал, бұған керісінше, совет әскерлерінің халі бұл жағынан әбден оңды: оларға, былайша айтқанда, аудандардың бәрі де «қолайлы», өйткені совет әскерлері, ілгері қарай жылжығанда, поляк пандарының өкіметін нығайтпайды, қайта оны құлатады, шаруаларды кіріптарлықтан азат етеді.

III

ПЕРСПЕКТИВАЛАР

Польша әзірге Россиямен жалғыз соғысып жатыр. Бірақ ол жалғыз қала береді деп ойлау аңқаулық болар еді. Біз бұл арада Антантаның Польшаға күмәнсіз көрсетіп отырған неше алуан көмегін ғана айтып отырғанымыз жоқ, сонымен қатар қазірдің өзінде-ақ Антантадан шінара табылып отырған (мысалы Деникин әскерлерінің қалдығы), ал шінара, бәлкім, европалық «цивилизацияның» құрметі үшін де табылатын Польшаның соғыс одақтастарын айтып отырмыз. Поляк шабуылының Россияның өкілдері қатыстырылмаған Сан-Ремо конференциясы[100] кезінде басталуы кез-

дейсоқ нәрсе емес. Румынияның Россиямен бітім келіссөзін жүргізу туралы мәселені басып тастағаны да кездейсоқ нәрсе емес... Мұнда Польшаның алғаш қарағанда авантюра сияқтанып көрінетін шабуылы шынына келгенде ақырындап жүзеге асырылып жатқан біріккен жорықтың кең ойланып жасалған жоспары болып шығуы әбден мүмкін нәрсе.

Сөйтсе де мынаны айтуымыз керек: егер Антанта Россияға үшінші рет жорық ұйымдастырып, Россияны жеңемін деп сенген болса — оның жаңылысканы, өйткені 1919 жылға қарағанда 1920 жылы Россияның жеңілуіне мүмкіндік аз, әлдеқайда аз.

Жоғарыда біз Россияның жеңіп шығуына мүмкіндіктері бар екендігі туралы, бұл мүмкіндіктердің өсіп келе жатқандығы және өсетіндігі туралы айттық, бірақ бұл, әрине, мұнымен біздің жеңісіміз қолымызда тұр деген сөз емес. Жоғарыда көрсетілген жеңіп шығу мүмкіндіктерінің басқа да осындай жағдайлар болғанда ғана реалдық маңызы болуы мүмкін, яғни **кәзір бұрынғыдай, Деникиннің шабуыл жасаған кезіндегідей, бар күшімізді салсақ, біздің әскерлер дұрыс және үнемі жабдықталып, қатары толықтырылып тұрса, біздің үгітшілер үш есе жігермен қызылармияшылардың және олардың айналасындағы халықтың сауатын ашып отырса, біздің тылымыз пасықтардан тазартылып, бар күшпен, бар құралмен нығайтылса ғана** реалдық маңызы болуы мүмкін.

Жеңісті тек осындай жағдайларда ғана қамтамасыз етілді деп есептеуге болады.

„Правда" № 111 және 112;
25 және 26 май, 1920 ж.
Қол қойған: И. Сталин

ОҢТҮСТІК-БАТЫС МАЙДАНЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ

Украина РОСТА қызметкерімен әңгіме

Бұдан екі күн бұрын Республиканың Революциялық Соғыс Советінің мүшесі **И. В. Сталин** жолдас Харьковке қайтып келді.

Сталин жолдас майданда үш аптаға жуық болды; қызыл аттыәскердің поляк майданын атақты бұзып өтуі арқылы басталған қызыл әскерлердің шабуыл қимылы Сталин жолдастың майданда болған кезінде басталып, біртіндеп дамыды.

Россия Телеграф Агенттігінің Украиналық бөлімінің қызметкерімен жасаған әңгімесінде **Сталин** жолдас мынаны айтты:

БҰЗЫП ӨТУ

— Буденный жолдастың Аттыәскер армиясының июннің бас кезінде поляк майданында жасаған қимылы туралы сөз қылғанда, көп адамдар оны — дұшпанның майданын осы бұзып өтуді — былтырғы Мамонтов аттыәскерінің жортуылымен салыстырады.

Бірақ мұндай салыстыру тіпті дұрыс емес.

Мамонтовтың қимылы Деникин армиясының жалпы шабуыл қимылдарымен байланысы жоқ, кездейсоқ, былайша айтқанда, партизандық қимыл еді.

Ал Аттыәскер армиясының бұзып өтуі Қызыл Армияның шабуыл қыймылдарының жалпы желісіндегі бір буын болып табылады.

Біздің Аттыәскер армиясының жортуылы бесінші июннен басталды. Сол күн таңертең қызыл аттыәскер, тобын жазбай келіп, поляктардың екінші армиясына соққы берді, жаудың майданын бұзып өтті, жортуыл жасаған бойымен Бердичев ауданынан өтіп, жетінші июнь күні таңертең Житомирді алды.

Житомирдің калай алынғандығы туралы және колға түскен олжалар туралы бұдан бұрын баспасөзде хабарландырылды, сондыктан бұл туралы айтпаймын, тек кейбір мәнді жерлерін ғана атап өтемін. Аттыәскер армиясының Революциялық Соғыс Советі майданның штабына мынадай хабар берді: «Поляк армиясы біздің аттыәскерімізді ешбір менсінбейді. Біз поляктарға аттыәскерді сыйлау керек екендігін дәлелдеуді өзіміздің міндетіміз деп санаймыз». Ал майданды бұзып өткеннен кейін Буденный жолдас бізге былай деп жазады: «Пандар аттыәскерді сыйлауға үйренді; олар біздің жолымызды тазартып, бірін-бірі басып-жаншып, қашып барады».

БҰЗЫП ӨТУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Бұзып өтудің нәтижелері мынадай:

Біздің Аттыәскер армиямыз басып өткен поляктардың екінші армиясы катардан шығып қалды, — оның бір мыңнан астам адамы пленге алынып, сегіз мыңға жуық адамы қылыштан өлді.

Соңғы цифрды мен бірнеше мәліметтерден қарап тексердім, ол шындыққа жақын келеді, өйткені алғашқы кезде поляктар қолға берілуден мүлде бас

тартты, сондықтан біздің аттыәскеріміздің өзінә жол ашу үшін шынында да кесіп өтуіне тура келді.

Бұл — бірінші нәтиже.

Екінші нәтиже: поляктардың үшінші армиясы (Киев ауданы) өзінің тылынан қол үзіп қалды, сөйтіп қоршауда қалу қаупіне ұшырады. Осының салдарынан оның Киев — Коростеньге қарай жаппай шегінуі басталды.

Үшінші нәтиже: поляктардың алтыншы армиясы (Каменец-Подольскі ауданы), өзінің сол жақ бүйірдегі тірегінен айрылып, Днестрге қамалып қалам ба деп қорқып, жапатармағай ығыса бастады.

Төртінші нәтиже: бұзып өту кезінен бастап барлық майданда біздің жалпы пәрменді шабуылымыз басталды.

ПОЛЯКТАРДЫҢ ҮШІНШІ АРМИЯСЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ

Поляктардың үшінші армиясының тағдыры туралы мәселе жұрттың бәріне бірдей әлі анық болмағандықтан, мен бұған толығырақ тоқтап өтемін.

Өзінің базасынан қол үзіп, байланысынан айрылған поляктардың үшінші армиясы түгелінен пленге түсу қаупіне ұшырады. Осының салдарынан ол обоздарын өртеп, складтарын қыйратып, зеңбіректерін бүлдіре бастады.

Тәртіппен шегінбек болған алғашқы әрекеттері сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, ол лажсыздан қаша жөнелді (жапатармағай қашты).

Армияның үштен бір бөлегі (поляктардың үшінші армиясында небары жыйырма мыңға жуық жауынгер болатын) пленге алынды немесе қылыштан өлді.

Оның екінші үштен бір бөлегі, — бұдан көбірек болуы да мүмкін, — каруларын тастап, батпаққа, орманға қашып, быт-шыт болды. Тек қалған үштен бір бөлегі ғана, тіпті одан да азырағы, Коростень арқылы өз адамдарының жағына өтіп кетіп үлгірді. Күмән жок, бұл арада, поляктар Шепетовка — Сарны арқылы тың әскер бөлімдерін жіберіп, деркезінде көмек көрсетіп үлгірмегенде, поляктардың үшінші армиясының бұл бөлегі де пленге түсіп қалар еді немесе орманға қашып быт-шыт болар еді.

Қалай болған күнде де, поляктардың үшінші армиясын жоқ деп есептеу керек. Ал оның өз адамдарына барып қосылған қалдықтары көп түзетуді керек қылады.

Поляктардың үшінші армиясының талқандалуын сыйпаттау үшін мынаны айтуым керек: Житомир тас жолының бойында шала жанған обоздар мен неше түрлі автомобильдер үйіліп жатыр, ал бұл автомобильдердің саны, байланыс бастығының хабарлауы бойынша, төрт мыңға дейін барады. Біздің алғанымыз — 70 зеңбірек, кемінде 250 пулемет, толып жатқан винтовкалар мен патрондар, бұлар әлі саналған жоқ.

Біздің олжамыз міне осындай.

МАЙДАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ

Майдандағы кәзіргі жағдайды былайша суреттеуге болады: поляктардың алтыншы армиясы шегініп барады, екінші армиясын қайта құруға алып бара жатыр, үшінші армиясы анығында өмір сүруден қалды; бұл армия батыс майданынан және алыс тылдан алынған поляктардың жаңа әскер бөлімдерімен ауыстырылып отыр.

Қызыл Армия: Овруч — Коростень — Житомир — Бердичев — Қазатин — Қалиновка — Винница —Жмеринка шегінен өтіп, барлық майданда шабуыл жасап жатыр.

ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Бірақ біздің майданда қәзірдің өзінде-ақ поляктар жойылып бітті деп ойлау қате болар еді.

Өйткені біз тек поляктармен ғана соғысып отырғанымыз жоқ, Германияның, Австрияның, Венгрияның, Румынияның барлық қаражүз күштерін жұмылдырып, поляктарды керекті заттардың барлық түрлерімен жабдықтап отырған бүкіл Антантамен де соғысып отырмыз.

Сонымен қатар, поляктардың қәзірдің өзінде-ақ Новоград-Волынскіге келтіріп отырған резервтерінің бар екенін және жуық арада ол резервтердің қыймылы сөзсіз көрінетіндігін естен шығармау керек.

Поляк армиясында жаппай азып-тозудың әлі болмағанын да ұмытпау керек. Алдымызда әлі ұрыстар болатыны, ұрыс болғанда қатаң ұрыстар болатыны күмәнсыз.

Сондықтан мен кейбір жолдастардан шығып жүрген мақтаншақтықты және іске зыянды менмендікті орынсыз деп санаймын: олардың кейбіреулері майдандағы табыстарға қанағаттанбай, «Варшаваға жорық жасау» туралы айқай салады, ал екінші бірсулері республикамызды жаудың шабуылынан қорғауға қанағаттанбай, біз тек «советтік қызыл Варшава» болғанда ғана татуласа аламыз деп лепіреді.

Мұндай мақтаншақтық пен мұндай менмендіктің Совет үкіметінің саясатына да, дұшпанның майданда-

ғы күшіне де мүлде сай келмейтіндігін мен дәлелдеп жатпаймын.

Мен мынаны барынша кесіп айтуға тиіспін: тыл мен майданда барлық күшті жұмсамайынша біз жеңіп шыға алмаймыз. Мұнсыз біз батыс жақтан келетін жауды жеңе алмаймыз.

Мұны, «ашық аспаннан жай түскендей» сап ете түсіп, қауіпті дәрежеге жеткен Врангель әскерлерінің шабуылы ерекше айқын көрсетіп отыр.

ҚЫРЫМ МАЙДАНЫ

Поляктардың ауыр халін жеңілдету мақсатымен Врангельдің шабуылын Антантаның қоздырып отырғандығына ешқандай күмәндануға болмайды. Керзонның Чичерин жолдаспен хат жазысуының бейбітшілік туралы бос сөз арқылы Врангель мен Антантаның Қырымнан шабуыл жасауға жүргізген дайындық жұмыстарын бүркемелеуден басқа бір мәні бар дегенге тек аңқау саясатшылар ғана сене алады.

Врангель дайын бола қойған жоқ еді, міне сондықтан (тек сондықтан ғана!) «адам сүйгіш» Керзон Советтік Россиядан, Врангельдің әскер бөлімдерін аяп, олардың өмірін сақтауды өтінген болатын.

Анығында, Антантаның есебінше, Қызыл Армия поляктарды қаусатып, ілгері ұмтылған кезде, — дәл сол кезде Врангель біздің әскерлердің тылынан келіп шығып, Советтік Россияның барлық жоспарын бұзбақшы еді.

Врангельдің шабуылы поляктардың жағдайын едәуір жеңілдеткендігінде күмән жоқ, бірақ Врангель

біздің батыстағы армияларымыздың тылына өтіп кете алады деп ойлауға дәлел бола қояр ма екен.

Қайткенмен де Врангельдің шабуылының күші мен салмағын болашақ көрсетеді.

„Коммунист" (Харьков) № 140,
24 июнь, 1920 ж.

В. И. ЛЕНИНГЕ ТЕЛЕГРАММА

Июннің оны күні Қырым майданында біз пленге алған жауынгер генерал Ревишин менің көзімше былай деп мәлімдеме жасады: а) Врангель әскерлері кнім-кешекті, зеңбіректерді, винтовкаларды, танктерді, қылыштарды көбінесе ағылшындардан, ал одан кейін француздардан алады; б) Врангельге теңіз жақтан ағылшынның ірі кемелері, француздың ұсақ кемелері қызмет етеді; в) Врангель отынды (сұйық отынды) Батумнан алады (демек, Баку Тифлиске отын бермеуге тиіс, өйткені Тифлис оны Батумға сатуы мүмкін); г) елден шығуына Грузия тыйым салған және Грузия біздің қолымызға бермекші болған генерал Эрдели майдың ішінде Қырымда болыпты (демек, Грузия қулық істеп, бізді алдап отыр).

Англия мен Францияның Врангельге беріп отырған жәрдемі туралы генерал Ревишиннің жауабы стенографияланып жатыр және оның қолы қойылып, Чичеринге керекті материал ретінде, сізге жіберіледі.

Сталин

25 июнь, 1920 ж.

Бірінші рет „Правда" газетінің 313-номерінде, 1935 ж. 14 ноябрьде басылған

ПОЛЬША МАЙДАНЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ

„Правда" газетінің қызметкерімен әңгіме

Оңтүстік-Батыс майданының ауданынан таяуда келген Сталин жолдас біздің қызметкерімізбен әңгімелескенде мынаны айтты:

1. МАЙ — ИЮНЬ

Соңғы екі ай, май мен июнь, майдандағы жағдайдың мүлде түрліше екі суретін көрсетеді.

Май — поляк әскерлерінің ерекше табыстарға жеткен айы. Поляктар өздерінің оң жақ бүйірінде Киев — Жмеринка шегінен әрі өтіп, ойдағыдай ілгері басты, сөйтіп Одессаға қауіп туғызды. Сол жақ бүйірінде Молодечно — Минск бағытындағы біздің әскерлердің шабуыл қимылын ойдағыдай жойып отырды. Орталықта поляк әскерлері Мозырьды меңгеріп, Речицаны алып, Гомельге қауіп туғызды.

Июнь, керісінше, — поляк әскерлерінің май айындағы табыстарын тез және батыл жою айы. Поляктардың Украинаға қарай жылжуы кәзірдің өзінде-ақ жойылды, өйткені поляктар Киевтен ғана қуылып қойылған жоқ, сонымен қатар Ровно — Проскуров — Могилев шегінен асыра қуылды. Поляктардың Го-

мельге қарай жылжуы да жойылды, өйткені поляк әскерлері Мозырьдің арғы жағына қуылды. Поляктардың сол жақ бүйіріне, Польша баспасөзінің пікірлеріне қарағанда, ең берік бүйіріне келетін болсақ, онда мынаны айту керек: бұл ауданда біздің әскерлердің Молодечно жағына қарай соңғы күндерде күшті соққы беруі — поляктардың бұл ауданда да кейін қарай қуылатындығына ешбір күдік қалдырмайды.

Июль майданда үзілді-кесілді өзгеріс болатындығын көрсетіп отыр; бұл өзгеріс Россияның пайдасына болып, совет әскерлерін өте-мөте басым етеді.

2. ЖИТОМИРДЕГІ БҰЗЫП ӨТУ

Біздің аттыәскеріміздің Житомир ауданында бұзып өтуі майданда өзгеріс туғызуда шешуші роль атқарғаны күмәнсыз нәрсе.

Көп адамдар бұл бұзып өтуді Мамонтовтың бұзып өтуімен және оның жортуылымен салыстырады, сөйтіп оларды бір-біріне ұқсас деп табады. Бірақ бұл дұрыс емес. Мамонтовтың бұзып өтуі, Деникиннің шабуыл қыймылдарымен тікелей байланысы жоқ, кездейсоқ нәрсе болды. Буденный жолдастың бұзып өтуі, мұның керісінше, біздің шабуыл қыймылдарымыздың бір-бірімен тығыз байланысты желісіндегі қажетті буын болып табылады, мұның алдына қойған мақсаты дұшпанның тылын талқандау ғана емес, сонымен қатар белгілі стратегиялық міндетті тікелей орындау болды.

Бұзып өтудің өзі 5 июньде, таңсәріде басталды. Сол күні біздің аттыәскер бөлімдері, тобын жазбай және обоздарын сол топтың орталығына қарай тартып, дұшпанның Попельня — Қазатин ауданындағы

жатқан жерін бұзып өтті, жортуыл жасаған бойымен Бердичев ауданын басып өтіп, 7 июньде Житомирді алды. Поляктар жанталасып қарсылық көрсеткендіктен, біздің аттыәскеріміздің өзіне жол ашу үшін шынында да кесіп өтуіне тура келді, осының нәтижесінде, Аттыәскер армиясының Революциялық Соғыс Советінің куәлігіне қарағанда, поляктар сол жерде жараланғаны, оқтан өлгені, қылыштан өлгені бар, кемінде сегіз мың жауынгерлерінен айрылды.

3. БҰЗЫП ӨТУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Поляктардың Деникиннен бір өзгешелігі — олар, Житомирдегі бұзып өту болғанға дейін, майданның маңызды жерлерінде окоптар мен сым кермелерді қатар-қатар тізіп, маневрлі соғысты траншеялық соғыспен ойдағыдай ұштастыра білді. Сөйтіп олар біздің ілгері қарай жылжуымызды едәуір қиындатты. Житомирдегі бұзып өту, ұштастырылған соғыстың құнын мейлінше азайтып, поляктардың есебін асты-үстіне шығарды.

Бұзып өтудің бірінші тиімді нәтижесі осы.

Сонсын, бұзып өту дұшпанның тылына, коммуникациясына, байланысына тікелей қауіп туғызды. Осының нәтижесінде:

а) поляктардың үшінші армиясы (Киев ауданы) қоршауда қалудан қорқып, тоқтаусыз шегіне бастады, кейін бұл шегіну тым-тырақай қашушылыққа айналды;

б) поляктардың екінші армиясы (Бердичев ауданы) Аттыәскер армиясының негізгі соққысына ұшырап, асығыс түрде шегіне бастады;

в) поляктардың алтыншы армиясы (Жмеринка ау-

даны) сол жақ бүйіріндегі тірегінен айрылып, батысқа қарай дұрыс ығыса бастады;

г) біздің армияларымыз барлық майдандарда пәрменді шабуыл жасады.

Житомирдегі бұзып өтудің екінші тиімді нәтижесі осындай.

Ақырында, бұзып өту поляктардың дандайсуын басты, олардың өз күшіне сенімін жоғалтты, рухтарының мықтылығын әлсіретті. Бұзып өткенге дейін поляктардың әскер бөлімдері біздің әскерлерді, әсіресе біздің аттыәскерлерді, мүлде менсінбей, жанталаса соғысып, пленге түспеген болатын. Бұзып өткеннен кейін ғана поляктар арасында топ-тобымен пленге түсушілік және жаппай дезертирлік басталды — бұл поляк әскер бөлімдерінің табандылығының қирауының бірінші белгісі болды. Сондықтан да Буденный жолдас майданның Революциялық Соғыс Советіне: «Пандар біздің аттыәскерді сыйлауға үйренді» деп жазып отыр.

4. ОҢТҮСТІКТЕН КЕЛЕТІН ҚАУІП

Польшаға қарсы майдандарда біздің табыстарға жетіп отырғанымызда күмән жоқ. Бұл табыстардың бұдан былай ұлғая беретіндігі де күмәнсыз нәрсе. Бірақ поляктар кәзірдің өзінде-ақ негізінен жойылып бітті, бізге тек «Варшаваға жорық жасау» ғана қалып отыр деп ойлау орынсыз мақтаншақтық болар еді.

Біздің қызметкерлеріміздің жігерін жоғалтатын және іске зиянды менмендікті күшейтетін бұл мақтаншақтық орынсыз болады; мұның себебі — Польшаның майданға сөзсіз жіберетін резервтері бар екендігінде ғана емес, Польшаның жалғыз болмай, Польша-

ның артында оны Россияға қарсы күресте бүтіндей қуаттайтын Антанта тұрғандығында ғана емес, мұның себебі, бәрінен бұрын, мынада: біздің әскерлеріміздің тылында Польшаның жаңа одақтасы — Врангель шығып отыр, ол біздің поляктармен күресудегі жеңістеріміздің жемісін тылдан келіп **қыйрату** қауіпін туғызып отыр.

Врангель поляктармен ауыз біріктіре алмайды деген сеніммен өзімізді өзіміз жұбатуға болмайды. Врангель осы күннің өзінде-ақ олармен ауыз біріктіріп, бірге қыймыл жасап отыр.

Врангельшілерге рух беруші — Севастопольда шығатын «Великая Россия» дейтін Шульгиннің газеті июньдегі бір номерінде былай деп жазады:

«Біз өзіміздің шабуылымыз арқылы поляктарға жәрдемдесіп отырғанымызда күмән жоқ, өйткені біз большевиктердің Польша майданына арналған күштерінің бір бөлегін өзімізге тартып отырмыз. Сонымен қатар, поляктардың өздерінің қыймылдары арқылы бізге айтарлықтай көмек көрсетіп отырғандығы да күмәнсыз нәрсе. Поляктарды жақсы көрудің де, жек көрудің де керегі жоқ; біз тек салқын саяси есепті ғана қолдануға тиіспіз. Бүгін бізге жалпы жауымызға қарсы поляктармен одақтасу пайдалы, ал ертең... ертең көре жатармыз».

Анығында, Врангель майданы Польша майданының жалғасы болып табылады, мұның айырмасы мынау ғана: Врангель поляктарға қарсы күресіп жатқан біздің әскерлеріміздің тылында, яғни біз үшін ең қауіпті жерде қыймыл жасап отыр.

Сондықтан, Врангельдің қаупі жойылмай тұрып, «Варшаваға жорық жасау» туралы және тегінде біздің табыстарымыздың баяндылығы туралы сөз қылу кісі күлерлік нәрсе. Оның бержағында Врангель кү-

шейіп келеді, ал оңтүстіктен өршіп келе жатқан қауіпке қарсы біздің қолданып отырған ерекше, елеулі еш нәрсеміз көрінбейді.

5. ВРАНГЕЛЬ ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН

Поляктарға қарсы жасаған шабуыл қыймылдарымыздың нәтижесінде біздің майданымыз доға тәрізді болып келеді, оның имек жағы батысқа қарап, екі ұшы ілгері қарай созылып тұр, оңтүстік жақ ұшы Ровно ауданында, солтүстік жақ ұшы Молодечно ауданында жатыр. Бұл поляк әскерлерін орап алатын жағдай деп аталады, яғни поляктар үшін ең қауіпті жағдай.

Бұл жағдайды Антантаның есепке алып отырғандығы күмәнсыз, ол Румынияны Россияға қарсы соғысқа тартуға барынша тырысып отыр, Польшаға жаңа одактастар іздеп жанталасып отыр, Врангельге барынша көмектесіп, жалпы айтқанда поляктарды құтқарып алуға тырысып отыр. Антантаның Польшаға жаңа одақтастар тауып беруі әбден мүмкін нәрсе.

Россияның жаңа дұшпандарға да тойтарыс берерліктей өзінен күш таба алатындығына шүбәлануға дәлел жоқ. Бірақ сонда да бір нәрсе туралы ұмытпау керек: Врангель аман тұрғанда, біздің тылымызға қауіп туғызуға Врангельдің мүмкіншілігі болып тұрғанда, біздің майдандарымыз екі аяғынан бірдей ақсайды, біздің Польшаға қарсы майдандағы табыстарымыз баянды бола алмайды. Врангельді жойғаннан кейін ғана Польша пандарымен күрестегі жеңісімізді қамтамасыз етілді деп санауға болады. „Сондықтан

партия өзінің туына: «Врангель есіңізде болсын!», «Врангель өлтірілсін!» деген кезекті жаңа ұрандар жазуға тиіс.

„Правда“ № 151,
11 июль, 1920 ж.

ҚЫЗЫЛ ӘСКЕРЛЕРДІ ХАЛЫҚ ҚАЛАЙ ҚАРСЫ АЛЫП ОТЫР

„Красноармеец" газетіне жіберілген хабар[101]

Республиканың Революциялық Соғыс Советінің мүшесі **Сталин** жолдас өзінің хабарында: Польша майданында жергілікті халықтың Қызыл Армияға көзқарасының өте жақсы екендігін атап айтпауыма болмайды дейді.

— Мұндай көзқарасты мен шығыста да, оңтүстікте де байқаған емеспін, — дейді **Сталин** жолдас.

Поволжье мен оңтүстікке қарағанда, батыстағы шаруалар бұқарасы кедей, солай бола тұрса да шаруалар қызылармияшыларға барын беріп отырды.

Өте ауыр «ылау» қызметін сөзге келмей орындап отырды.

Қызылармияшыларға әртүрлі көмек, жәрдем беріліп тұрды, ал майдың аяғында біз лажсыз кейін ығыса бастаған кезімізде халық қатты қайғырды.

Майдан маңындағы өңірдің халқы поляк оккупациясының барлық ауыртпалығын басынан кешірді, сондықтан поляк пандарының басып енуінің халыққа қандай қауіп туғызатындығын олар өте жақсы білді.

Біздің майдандағы бүтін бір әскер тобының барлық тазалық жұмысын басқарып жүргендер — шаруа-

лар мен шаруа әйелдер, олар біздің жараланған қызыл-армияшыларға өте зор қамқорлық жасап, көңіл бөліп отыр.

Ал майдан маңындағы өңірдің аржағындағы белорус шаруаларының көңіл күйіне келетін болсақ, онда, біздің мәліметтерімізге қарағанда, жаппай көтерілістер болып жатыр, партизан отрядтары жұмыс істеп, дұшпанның тылын бұзып, складтарды өртеп, помещиктерге қырғын салып жүр.

Сибирьде Колчактың басына түскен оқыйға мұнда да болып жатыр деп батыл айтуға болады.

Біздің әскер бөлімдеріміз жақындаған жердің бәрінде дұшпанның тылы өз ішінен бұзыла бастады.

Біз кәзіргі уақытта Белоруссияда поляк помещиктеріне қарсы жүріп жатқан нағыз шаруа революциясын көріп отырмыз.

„Красноармеец“ № 337,
25 июль, 1920 ж.

БАРЛЫҚ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНА

РК(б)П ОК хатының жобасы[102]

Біздің мәліметтерімізге қарағанда, Врангельдің төңірегіне еш нәрседен тайынбайтын, тәжрибелі, барып тұрған баскесер-генералдар тобы жыйналған.

Врангельдің солдаттары әскер бөлімдеріне өте жақсы ұйымдастырылған, олар өте қатты соғысады және пленге түсуден гөрі өзін-өзі өлтіруді артық көреді.

Врангельдің әскерлері техника жағынан біздің әскерлерден жақсы жабдықталған; Англияның құралзат беруді тоқтаттық деген мәлімдемесіне қарамастан, оларға батыстан танктер, бронемашиналар, самолеттер, патрондар, киім-кешектер әлі де келіп жатыр.

Врангельге қарсы ұрысып жатқан біздің әскерлердің осал жері мынада: біріншіден, біздің әскерлердің арасына соғыс плендері — бурынғы деникиншілер кіріп кеткен, булар дұшпан жағына жиі қашып кетіп жүр, ал, екіншіден, біздің әскерлер ерікшілерді немесе мобилизацияланған коммунистерді орталықтан топтап та, жекелеп те алып отырған жоқ.

Бұл әскерлердің арасында өзгеріс туғызу үшін жә-

не олардың қас душпанды жеңіп шығуына мүмкіндік беру үшін, — бұл әскерлерді бұрынғы соғыс пленделерінен тазарту қажет және оларды көптеген ерікшілермен немесе мобилизацияланған коммунистермен ұдайы қамтамасыз етіп отыру қажет.

Қырым қайткен күнде де Россияға қайтарылуға тиіс, өйткені, бұлай болмаған күнде, Украина мен Кавказға Советтік Россияның жаулары тарапынан әрдайым қауіп туып отырады.

Орталық Комитет сіздерді осы нұсқау хаттың рухында бұқара арасында үгіт жұмысын күшейтуге және, тіпті басқа майдандардың есесінен болса да, коммунистерді Қырым майданына ұдайы жіберіп тұру ісін дереу ұйымдастыруға міндеттейді.

1920 ж. июльде жазылған.
Бірінші рет 1945 ж.
Лениннің XXXV жыйнағында
басылған

РЕСПУБЛИКАНЫҢ СОҒЫС РЕЗЕРВТЕРІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

1. РК(б)П ОК САЯСИ БЮРОСЫНА ХАТ

Поляктар мен Врангельге ашықтан-ашық жәрдемдесіп отырған Франция мен Американың мінез-құлқы, сонымен қатар осы жәрдемге үндемей рұхсат етіп отырған Англияның мінез-құлқы бір жағынан; поляктардың табыстары, Врангельдің жаңа күштер қосылып күшейгелі отырғандығы, Дорохой ауданына румындардың шығыстағы әскерлерінің жыйналуы екінші жағынан, — Республикаға халықаралық және соғыстық ауыр жағдай туғызып отыр. Республиканы тың жаяуәскермен (жүз мың шамалы), тың аттыәскермен (30 мың шамалы) және тиісті соғыс жабдықтарымен қамтамасыз ету ісіне дереу кірісу қажет.

Поляктардың соңғы табыстары біздің армияларымыздың негізгі кемшілігін — жөнді соғыс резервтерінің жоқтығын — ашып беріп отыр, сондықтан Республиканың соғыс қуатын күшейтудің кезекті программасының басты мәселесі етіп, қай уақытта болса да майданға жіберуге жарайтын, күшті резервтер құру мәселесін қою қажет.

Осы айтылғандарға сүйене отырып, **Республиканың**

соғыс резервтерін құру жөнінде мынадай программа қабылдауды ұсынамын:

1. Соғыс шебінде тұрған урысқа қабілетті дивизияларды толықтыруісін көңілдегідей жүргізе отырып, ұрысқа қабілетсіз болып қалған жарамсыз және жартылай жарамсыз дивизияларды (жаяуәскер дивизияларын) дереу тылға шығара бастау керек.

2. Тылға шығарылуға жататын жаяуәскер дивизияларының саны 12 — 15 ке жететіндігін еске алып, оларды белгілі аудандарға (кайткенде де астықты аудандарға) жыйнау керек, оларды бұл аудандардан, жағдайға қарай, ешбір ерекше бөгетсіз Врангель, поляк немесе румын майдандарына жіберуге болатын болсын (мәселен, тылға шығарылған дивизиялардың үштен бірін Ольвиополь ауданына, екінші үштен бірін — Конотоп — Бахмач ауданына, қалған үштен бірін Иловайская — Волноваха ауданына жыйнауға болар еді).

3. Бұл дивизияларды мынадай есеп бойынша толықтырып, жабдықтау керек: әрбір дивизияның әскер саны 7 — 8 мыңға жеткізілсін және олардың бәрі де 1921 жылдың 1 январына қарсы аттанысқа шығуға толық дайын болатын болсын.

4. Біздің соғысып жатқан аттыәскер бөлімдерін толықтыруға дереу кірісу керек, сөйтіп жақын айлардың ішінде (январьға дейін) 1-Аттыәскер армиясы 10 мың адам алатын болсын, 2-Аттыәскер армиясы — 8 мың, Гайдың корпусы — 6 мың адам алатын болсын.

5. Әрбіреуі 1500 адамнан тұратын, бес аттыәскер бригадасын құруға дереу кірісу керек (бір бригада Терек казактарынан, екіншісі— Кавказдың тау халықтарынан, үшіншісі — Орал казактарынан, төртіншісі —

Оренбург казактарынан, бесіншісі — Сибирь казактарынан құрылатын болсын). Бұл бригадаларды екі айдың ішінде құрып бітіру керек.

6. Автомобиль өнеркәсібін жолға қойып, оны күшейту үшін барлық шараларды қолдану керек, «Остен» және «Фиат» маркалы автомашиналарды ремонттау, жасап шығару ісіне ерекше көңіл бөлу керек.

7. Барлық шараларды қолдана отырып, сауыт шығаратын өнеркәсіпті күшейту керек, ең алдымен автомашиналарды сауыттау ісіне көңіл бөлу керек.

8. Барлық шараларды қолдана отырып, авиация өнеркәсібін күшейту керек.

9. Жоғарыда айтылған пункттерге сәйкестіріп, әскерлерді жабдықтау программасын кеңейту керек.

И. Сталин

25 август, 1920 ж.
Москва, Кремль.

2. РК(б)П ОК САЯСИ БЮРОСЫНА МӘЛІМДЕМЕ

Резервтер туралы Троцкийдің қайырған жауабы құр сылтау. Троцкийдің өз жауабында сүйеніп отырған бұрынғы телеграммасында резервтер құру жоспары жөнінде, ондай жоспардың қажет екендігі жөнінде түк жоқ: дивизияларды қашан кейін шығару керек; қандай аудандарға шығару керек; дивизияларды құру ісін, толықтырғыш әскерлерді үйрету ісін, оларды біріктіру ісін қандай мерзімде бітіру керек, — осы мәселелердің бәрі (бұлар ұсақ мәселелер емес!) ескерусіз қалған.

Жазғы науқанда резервтердің майдандардан қа-

шық жатқандығы (Орал, Сибирь, Солтүстік Кавказ) елеулі (зиянды) роль атқарды: резервтер уақытымен келмей, көп кешігіп келді, сөйтіп олар көбіне мақсатқа жете алмады. Сондықтан резервтердің жыйналатын аудандары, зор маңызы бар фактор ретінде, алдын ала ескерілуге тиіс.

Толықтырғыш әскерлердің **үйретілмеген** болып шығуы да елеулі (бұл да зиянды) роль атқарды: шала піскен, топтасып бекімеген толықтырғыш әскерлер, жалпы шабуыл тасқынының жағдайында жарамды болғанымен, әдетте дұшпанның күрделі қарсылығына шыдай алмай, қару-жарақтардың бәрін дерлік жауға қалдырып, өздері он мыңдап дұшпанның қолына пленге түсті. Сондықтан әскерлерді үйрету, толықтыру мерзімі де, зор маңызы бар фактор ретінде, алдын ала ескерілуге тиіс.

Біздің резервтеріміздің **кездейсоқ** адамдардан, **тығыз** түрде құрылатындығы бұдан да гөрі елеулі (бұл да зиянды) роль атқарды: біздің арнаулы резервтік әскер бөлімдеріміз болмағандықтан, резервтер көбіне кездейсоқ және өте тығыз түрде неше түрлі қырық құрау әскер бөлімдерінен құрылып келді, бұлардың ішінде ВОХР[103] әскерлері де болды; мұның өзі біздің армияларымыздың табандылығын кемітті.

Қысқасы: Республиканы күрделі резервтермен қамтамасыз ету жөнінде **жоспарлы** жұмысты (дереу!) істей бастауымыз керек, — бұлай болмаған күнде «күтпеген жерден» («төбеден түскендей») жаңа соғыс апатына ұшырауымыз мүмкін.

Жабдықтау жұмысы Троцкийдің қателесіп ойлап отырғанындай «ең маңызды» мәселе емес. Азамат соғысының тарихы мынаны көрсетіп отыр: өзіміздің ке-

дейлігімізге қарамастан, біз жабдықтау мәселесін қалай да шеше білдік, соның өзінде де солдатқа берілген «көйлектер» мен «етіктердің» жалпы санының тең жартысы шаруалардың қолына түсіп отырды. Мұның себебі не? Мұның себебі — солдат оларды шаруаға сүтке, майға, етке айырбастап өткізіп отырды (бұдан былай да өткізеді), яғни солдатқа біздің не нәрсені тауып беруге шамамыз келмей отырса, сол нәрсеге айырбастап өткізіп отырды. Жабдықтау мәселесін біз осы (жазғы) науқанда да шеше білдік, сонда да сәтсіздікке ұшырадық (біздің жабдықтау жұмысындағы қызметкерлерімізді — Польша майданындағы біздің сәтсіздіктерімізге кінәлысыңдар, деп ешкім де айыптамақ болған жоқ шығар...). Анығында, жабдықтаудан да гөрі маңыздырақ факторлар бар (бұл туралы жоғарыда айтылғанды қараңыз).

Әскерлерді жабдықтау ісі азаматтық мекемелерге беріліп, ал қалған істердің бәрі Соғыс штабына берілсін дейтін зиянды «доктринадан» мүлде бас тарту керек. Жаңа апатқа ұшырағысы келмесе, Орталық Комитет соғыс мекемесі органдарының **барлық жұмысын** соның ішінде соғыс резервтерін дайындау ісі мен соғыс қимылдарын біліп отыруға және оны бақылап отыруға тиіс.

Сондықтан да мен мынаны жақтаймын:

1) соғыс мекемесі «солдаттың көйлегі» туралы құрғақ сөзге салынбай, Республиканың соғыс резервтерін құрудың нақтылы жоспарын жасайтын болсын (жасауға дереу кірісетін болсын);

2) Орталық Комитет (Қорғаныс Советі арқылы) бұл жоспарды қарап шығатын болсын;

3) Орталық Комитет, Қорғаныс Советінде немесе

Қорғаныс Советінің мүшелерінен құрылған арнаулы комиссияда Бас Командованиенің яки Соғыс штабы бастығының баяндамаларын үнемі тыңдап отыру ісін енгізіп, Соғыс штабын бақылауды күшейтетін болсын.

И. Сталин

30 август, 1920 ж.

Бірінші рет басылып отыр

СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ РОССИЯДАҒЫ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТЫ

Россиядағы революция мен азамат соғысының үш жылы мынаны көрсетті: Россияның орталығы мен оның шеткері аймақтары өзара бір-біріне көмектеспейінше революцияның жеңіп шығуы мүмкін емес, Россияны империализмнің тырнағынан босату мүмкін емес. Дүниежүзілік революцияның ошағы болып отырған орталық Россия шикізат, отын, азық-түлік өнімдері мол шеткері аймақтардың жәрдемінсіз ұзақ уақыт тұра алмайды. Сол сықылды Россияның шеткері аймақтары да көбірек дамыған орталық Россияның саяси, әскери, ұйымдастыру жәрдемінсіз сөзсіз империалистік тепкіге душар болады. Егер көбірек дамыған пролетарлық Батыс, кемірек дамыған, бірақ шикізат пен отынға бай шаруалы Шығыстың жәрдемінсіз дүниежүзілік буржуазияны құрта алмайды деген қағыйда дұрыс болса, онда көбірек дамыған орталық Россия, кемірек дамыған, бірақ қажетті ресурстарға бай Россиялық шеткері аймақтардың жәрдемінсіз революция ісін ақырына дейін жеткізе алмайды деген баска қағыйда да дұрыс болады.

Бұл жағдайды Антанта Совет үкіметінің алғашқы шыққан күндерінде-ақ сөзсіз есепке алған болатын; сол кезде ол (Антанта) орталық Россияны маңызы зор шеткері аймақтардан бөліп тастау жолымен экономикалық жағынан қоршау жоспарын жүргізді. Россияны экономикалық жағынан қоршау жоспары бұдан кейін де Антантаның 1918 жылдан 1920 жылға дейін Россияға қарсы жасаған барлық жорықтарының, оның ішінде Антантаның Украинада, Азербайжанда, Түркстанда жүргізіп отырған осы күнгі амал-айлаларының өзгермейтін негізі болып қала берді.

Сондықтан Россияның орталығы мен шеткері аймақтарының арасында берік одақ құруды қамтамасыз етудің зор маңызы бар.

Сондықтан да Россияның орталығы мен шеткері аймақтарының арасында олардың тығыз, берік одағын қамтамасыз ететін белгілі қатнастар, белгілі байланыстар орнату қажет болады.

Бұл қатнастар қандай болуға тиіс, олар қандай формада қалыптасуға тиіс?

Басқаша айтқанда: Совет өкіметінің Россиядағы ұлт мәселесі жөніндегі саясаты қандай?

Орталық пен шеткері аймақтардың арасындағы қатнас формасы ретінде, шеткері аймақтарды Россиядан бөлу талабы қабыл алынбауға тиіс, мұның себебі — ол талаптың орталық пен шеткері аймақтардың арасындағы одақ туралы мәселенің қойылысының өзіне қайшы келетіндігінде ғана емес, мұның себебі, бәрінен бұрын, мынада: ол талап орталықтың да, шеткері аймақтардың да бұқара халықтарының мүдделеріне мүлдем қайшы келеді. Шеткері аймақтардың бөлініп шығуы Батыс пен Шығыстың азаттық қозғалы-

сына дем беретін орталық Россияның революциялық қуатын әлсіретер еді, мұны айтпағанның өзінде бөлініп шыққан шеткері аймақтардың өздері халықаралық империализмнің тепкісіне түспей қоймас еді. Қазіргі халықаралық жағдайларда шеткері аймақтарды бөлу керек деген талаптың контрреволюциялық талап екендігін ұғу үшін, — Россиядан бөлініп, тек тәуелсіздік көрінісін сақтап отырған, ал іс жүзінде Антантаның сөзсіз вассалдары болып отырған Грузияға, Арменияға, Польшаға, Финляндияға, т. т. көз жіберудің өзі-ақ жеткілікті болады, ақырында, Украина мен Азербайжанның таяудағы тарихын, біріншісінің неміс капиталының, екіншісінің Антанта капиталының талауына түскен кезін еске түсірудің өзі жеткілікті болады. Пролетарлық Россия мен империалистік Антантаның арасындағы қызып жатқан қатты күрестің тұсында шеткері аймақтарға мынадай екі-ақ жолдың мүмкіншілігі бар:

не Россиямен бірге болу керек, онда — шеткері аймақтардың еңбекші бұқаралары империалистік езгіден құтқарылады;

не Антантамен бірге болу керек, онда — империалистік бұғаудан құтылуға болмайды.

Үшінші жол жоқ.

Тәуелсіз деп аталатын Грузияның, Арменияның, Польшаның, Финляндияның, т. т. тәуелсіздік дегені— осы мемлекетсымақтардың белгілібір империалистік топтарға толық тәуелді екенін бүркемелейтін тек алдамшы көрініс.

Әрине, Россияның шеткері аймақтары, ол аймақтарды мекен еткен ұлттар мен тайпалар, өзге ұлттар сияқты, Россиядан бөлініп шығуға толық праволы, ал

егер осы ұлттардың біреуі, 1917 жылғы Финляндия сыяқты, өздерінің көпшілігімен Россиядан бөлініп шығамыз деп шешсе, онда Россияның фактыны мойындап, бөлініп шығуды бекітуіне тура келер еді. Бірақ бұл жерде әңгіме ұлттардың даусыз праволары туралы емес, орталықтың да, шеткері аймақтардың да халық бұқараларының мүдделері туралы болып отыр, әңгіме жүргізілетін үгіттің сыйпаты туралы болып отыр, оның (сыйпаттың) қандай болуын осы мүдделер шешеді және оны (үгітті) біздің партия жүргізуге міндетті, егер ол (партия) өзінен өзі безгісі келмесе, егер ол ұлттардың еңбекші бұқараларының еркіне белгілі бір бағытта әсер еткісі келсе, осылай етуге міндетті. Ал енді халық бұқараларының мүддесі революцияның қазіргі сатысында шеткері аймақтарды бөлу талабының барып тұрған контрреволюциялық талап екенін көрсетеді.

Россияның орталығы мен шеткері аймақтарының арасындағы одақтың формасы ретінде, мәдени-ұлттық автономия деген де қабыл алынбауға тиіс. Австро-Венгрияның (мәдени-ұлттық автономияның шыққан жерінің) соңғы он жылғы практикасы мәдени-ұлттық автономияның, көп ұлтты мемлекет ұлттарының еңбекші бұқараларының арасындағы одақтың формасы ретінде, баянсыздығын және өмірге жанаспайтындығын көрсетті. Мәдени-ұлттық автономияны жасаушы, бұл күнде өздерінің айлакер ұлттық программасының жарық астауында отырған Шпрингер мен Бауэр соған тірі айғақ бола алады. Ақырында, Россиядағы мәдени-ұлттық автономияның жаршысы болып, бір заманда атағы жайылған Бундтың өзі де жақын арада

шарасыздан мәдени-ұлттық автономияның керексіздігін ресми түрде мойындап, ашықтан-ашық былай деді·

«Капиталистік құрылыстың шеңберінде қойылған ұлттық-мәдени автономия талабы социалистік революция жағдайында өз мәнісін жояды» (қараңыз: «Бундтың XII конференциясы», 21-бет, 1920 ж.).

Ендігі қалатыны — ерекше тұрмысы мен ұлттық құрамы жағынан айырмасы бар шеткері аймақтардың облыстық автономиясы, орталық пен шеткері аймақтардың арасындағы одақтың бірденбір қолайлы формасы болып табылатын автономия, Россияның шеткері аймақтары мен орталығын федерациялық қатнастар арқылы байланыстыруға тиісті автономия. Яғни Совет өкіметі дүние жүзіне келген күннен бастап-ақ жарияланған, осы күнде шеткері аймақтарда әкімшілік коммуналар мен автономиялы совет республикалары түрінде жүзеге асырылып жатқан советтік автономия.

Советтік автономия мәңгі қатып-сеніп қалған нәрсе емес, оның өз дамуында әртүрлі формасы мен сатысы болуы мүмкін. Ол тар әкімшілік автономиядан (Поволжье немістері, чуаштар, карелдер) — анағұрлым кең, саяси автономияға (башқұрттар, Поволжье татарлары, киргиздар), кең, саяси автономиядан — автономияның одан да кеңірек формасына (Украина, Түркстан) көше алады, ақырында, автономияның украиндық түрінен — автономияның жоғарғы формасына, договорлы қатнастарға (Азербайжан) көше алады. Советтік автономияның осы орамдылығы оның ең артықшылығының бірі болып табылады, өйткені ол (орамдылық) Россияның мәдени және экономикалық дамудың нағыз әртүрлі сатыларында тұрған шеткері аймақтарының бүкіл өзгешелігін қамтуға мүмкіншілік

береді. Россиядағы ұлт мəселесі жөніндегі советтік саясаттың үш жылы советтік автономияның əралуан формаларын жүзеге асырып отырған Совет өкіметінің дұрыс жолда тұрғандығын көрсетті, өйткені осы саясаттың арқасында ғана Совет өкіметі Россияның шеткері аймақтарының ең шалғай жатқан қуысында да өзіне жол сала алды, нағыз артта қалған жəне ұлты жағынан əралуан бұқараларды саяси өмірге шығара алды, бұл бұқараларды нағыз əртүрлі жолдар арқылы орталықпен байланыстыра алды, — мұндай міндетті дүние жүзіндегі үкіметтердің бір де бірі шеше алмағаны былай тұрсын, тіпті өзінің алдына да қойған емес (қоюға қорықты!). Советтік автономияның негізінде Россияны əкімшілік жағынан қайта бөлу ісі əлі біткен жоқ, солтүстік кавказдықтар, қалмақтар, черемистер, вотяктар, буряттар жəне басқалар əлі мəселенің шешілуін тосып отыр, бірақ болашақ Россияның əкімшілік картасы қандай түр алса да, бұл жөндегі кемшіліктер қандай болса да, — шынында кейбір кемшіліктер болды да,— облыстық автономия негізінде əкімшілік жағынан қайта бөлу ісін жүргізу арқылы Россияның шеткері аймақтарды пролетарлық орталықтың маңына біріктіру жолында, өкіметті шеткері аймақтардың қалың бұқара халықтарына жақындату жолында зор адыммен ілгері басқанын мойындау керек.

Бірақ советтік автономияның белгілібір формасын жариялау, тиісті декрет пен қаулылар шығару, тіпті автономиялы республикалардың облыстық халық комиссарлары советі түрінде шеткері аймақтардың үкіметтерін құру да шеткері аймақтар мен орталықтың арасындағы одақты баянды ету үшін тым жеткіліксіз.

Бұл одақты баянды ету үшін, алдымен, шеткері аймақтардың жатырқаушылығы мен тұйықтығын жою керек, патриархшылдығы мен мәдениетсіздігін жою керек, патша өкіметінің айуандық саясатының салдарынан шеткері аймақтарда мирас болып қалған орталыққа сенбеушілікті жою керек. Патша өкіметі, бұқараны құлдықта, надандықта ұстау үшін, шеткері аймақтарда патриархтық-феодалдық езу саясатын әдейі жүргізіп отырды. Патша өкіметі, жергілікті ұлт бұқарасын нашар аудандарға қарай тықсырып, ұлт араздығын күшейту үшін, шеткері аймақтардың жақсы түкпірлеріне отаршы элементтерді әдейі қоныстандырып отырды. Патша өкіметі, бұқараны қараңғылықта ұстау үшін, жергілікті мектепті, театрды, ағарту мекемелерін қыспаққа алып, кейде мүлде жойып отырды. Патша өкіметі жергілікті халықтың жақсы-жақсы адамдарының қандай да болса инициативасына жол бермеді. Ақырында, патша өкіметі шеткері аймақтардағы бұқара халықтың барлық белсенділігін басып тастап отырды. Осының бәрімен патша өкіметі жергілікті ұлт бұқарасының арасында орыс атаулыға зор сенбеушілік тудырды, ол сенбеушілік кейде дұшпандық көзқарасқа айналып отырды. Орталық Россия мен шеткері аймақтардың арасындағы одақты баянды ету үшін, осы сенбеушілікті жою керек, өзара ұғынысу және туысқандық сенім жағдайын жасау керек. Ал, сенбеушілікті жою үшін, алдымен, шеткері аймақтардағы бұқара халықтардың феодалдық-патриархтық тепкінің қалдықтарынан құтылуына жәрдемдесу керек, отаршы элементтердің артықшылығының бәрін жою керек, — тек сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде

жою керек, — бұқара халықтарға революцияның материалдық игілігінің дәмін таттыру керек.

Қысқасы: орталық пролетарлық Россияның бұқараның, тек бұқараның ғана мүдделерін қорғайтындығын сол бұқараға дәлелдеу керек, мұны дәлелдегенде көбінесе бұқараға мүлде ұғымсыз болатын, отаршылар мен буржуазиялық ұлтшылдарға қарсы қолданылатын тек жалғыз жазалау шараларымен ғана дәлелдеп қоймай, алдымен, тыңғылықты және ақылға салып ойланған экономикалық саясатпен дәлелдеу керек.

Жалпыға бірдей міндетті оқу туралы либералдардың тілегі жұрттың бәріне мәлім. Шеткері аймақтарда коммунистер либералдардан оңшыл бола алмайды, егер коммунистер халықтың қараңғылығын жойғылары келсе, Россияның орталығы мен шеткері аймақтарын рухани жағынан жақындастырғысы келсе, олар шеткері аймақтарда жалпыға бірдей білім беру ісін жүзеге асыруға тиіс. Ал бұл үшін жергілікті ұлт мектебін, ұлт театрын, ұлттық ағарту мекемелерін өркендету қажет, шеткері аймақтардың бұқара халықтарының мәдениет дәрежесін көтеру қажет, өйткені надандық пен қараңғылық Совет өкіметінің нағыз қауіпті дұшпаны екендігін дәлелдеп жатудың кереғі бола қояр ма екен. Жалпы алғанда бұл жөндегі біздің жұмысымыздың қаншалықты ойдағыдай орындалып жатқанын біз білмейміз, бірақ, біздің алған хабарымызға қарағанда, маңызды шеткері аймақтардың бірінің жергілікті Оқу халық комиссариаты жергілікті мектептерге өз кредитінің 10 процентін ғана жұмсапты. Егер бұл рас болса, онда, амал не, бұл жөнде

«ескі тәртіптен» әлі ұзап кетпегенімізді мойынға алуымыз керек.

Совет өкіметі халықтан қол үзген өкімет емес, — қайта, ол — орыс бұқара халықтарының ішінен шыққан, оларға өз туысындай жақын тұрған бірденбір өкімет. Шынында, Совет өкіметінің қыйын-қыстау кезеңдерде ылғый көрсетіп отыратын зор күші мен орамдылығының себебі міне осы.

Совет өкіметі Россияның шеткері аймактарындағы бұқара халыктарына да соншалық туыскан, жақын болуы қажет. Ал туысқан өкімет болу үшін Совет өкіметі ең алдымен оларға түсінікті өкімет болуға тиіс. Сондықтан шеткері аймактардағы барлық совет органдары, соттар, әкімшілік мекемелері, шаруашылық органдар, тікелей өкімет органдары (сонымен қатар партия органдары да) мүмкіндігінше жергілікті халықтың тұрмысын, салтын, әдет-ғұрпын, тілін білетін адамдардан құралуы керек, бұл мекемелерге жергілікті бұқара халықтардың барлық жақсы адамдары тартылуы керек, жергілікті еңбекші бұқара ел билеу ісінің барлық тарауларына, соның ішінде әскер құрамаларының тарауына да тартылуы керек. Совет өкіметі және оның органдары бұқараның өз күшімен құрылатынын, бұқараның тілегін қорғайтынын бұқараның өзі білетін болуы керек. Тек осы жолмен ғана бұқара мен өкіметтің арасында бұзылмайтын рухани байланыс жасауға болады, тек осы жолмен ғана Совет өкіметін шеткері аймақтардың еңбекші бұқарасына түсінікті және жақын өкімет етуге болады.

Кейбір жолдастар Россиядағы автономиялы республикаларды және жалпы советтік автономияны уақытша машақат, алайда қажетті машақат деп есеп-

тейді, кейбір жағдайлардың салдарынан бұл машақатқа жол бермеске болмады, бірақ оны келешекте жою үшін онымен күресу керек деседі. Бұл көзқарастың мүлде дұрыс емес екендігін және, қалайда, Совет өкіметінің ұлт мәселесі жөніндегі саясатымен ешбір байланысы жоқ екендігін дәлелдеп жатудың қажеті бола қояр ма екен. Советтік автономияны абстрактылы және жасанды нәрсе деп есептеуге болмайды, оны құр декларациялық уәде деп есептеуге тіптен болмайды. Советтік автономия — шеткері аймақтарды орталық Россиямен біріктірудің нағыз реалды, нағыз нақтылы формасы. Бұқара халықтардың мәдени және материалдық гүлденуін тілеп отырған Украина, Азербайжан, Түркстан, Киргизия, Башқұртстан, Татарстан және басқа шеткері аймақтардың көбінесе жергілікті адамдардан құрылған өз мектептерінсіз, сотсыз, әкімшілік мекемелерінсіз, өкімет органдарынсыз тұра алмайтынын ешкім де бекерге шығара алмайды. Ол ол ма, жергілікті мектептерді кең түрде ұйымдастырмай тұрып, жергілікті халықтың тұрмысын, тілін білетін адамдардан құрылған сот орындарын, әкімшілік мекемелерін, өкімет органдарын және басқаларын құрмай тұрып, бұл облыстарды шындап советтендіру, оларды орталық Россиямен біртұтас мемлекет болып мықты байланысқан совет еліне айналдыру ақылға сыймайтын нәрсе. Ал ана тілінде мектеп, сот, әкімшілік мекемелерін, өкімет органдарын құру — міне, советтік автономияны іс жүзінде жүзеге асыру дегеніміз осы болады, өйткені советтік автономия дегеніміз, — басқа ештеңе емес, — украиндық, түркстандық, киргиздық тағы сондай форма алған осы мекемелердің бәрінің жиынтығы.

Осыдан кейін советтік автономияның баянсыздығы туралы, онымен күресу қажеттігі туралы, тағы сол сияқтылар туралы қалайша шынымен сөз қылуға болады?

Екінің бірі:

не украин, азербайжан, киргиз, өзбек, башқұрт және басқаларының тілдері — нағыз реалды нәрсе, демек бұл облыстарда жергілікті адамдардан құрылған ана тіліндегі мектепті, сотты, әкімшілік мекемелерін, өкімет органдарын өркендету өте қажет, ал онда — бұл облыстарда советтік автономия ақырына дейін, сөзсіз жүзеге асырылуға тиіс;

не украин, азербайжан және басқалардың тілдері — құр қиял, демек ана тіліндегі мектептер және басқа мекемелер керек емес, ал онда — советтік автономия түкке тұрмайтын сілімтік есебінде лақтырылып тасталуға тиіс.

Үшінші жолды іздеу — іс білмеушіліктің немесе күйінішті келте ойлаушылықтың нәтижесі.

Советтік автономияны жүзеге асыру жолында кездесетін елеулі кедергілердің бірі — шеткері аймақтарда жергілікті халықтардан шыққан интеллигенттер күшінің өте жеткіліксіздігі, совет және партия жұмысының қай тарауында болса да нұсқаушылардың өте жеткіліксіздігі. Бұл кемшілік шеткері аймақтардағы ағарту жұмысына да, революциялық-құрылыс жұмысына да кедергі жасамай қоймайды. Міне сондықтан да жергілікті интеллигенттердің осындай онсыз да азғана топтарын шетқақпайлау ақылға сыйымсыз, іске зиянды нәрсе болар еді; олар, мүмкін, бұқара халықтарға қызмет еткісі келетін шығар, бірақ мұны істей алмайды, өйткені олар, коммунист болмағансын, өзде-

рін сенбеушілік жағдайындамыз деп есептеп, мүмкіншілігі бар жазалаудан бәлкім қорқатын да шығар. Бұл топтар жөнінде оларды бірте-бірте советтендіру мақсатымен совет жұмысына тарту саясатын, шаруашылық, аграрлық, азық-түлік және басқа орындарға тарту саясатын қолдануға әбден болады. Өйткені бұл интеллигент топтарды контрреволюцияшыл әскери мамандардан сенімсіз деуге бола қояр ма екен, ал олар контрреволюцияшылдығына қарамастан, қалайда аса маңызды орындардағы жұмысқа тартылып, кейін советтендірілді.

Бірақ ұлттардың интеллигент топтарын пайдалану нұсқаушылар жөніндегі мұқтаждықты қанағаттандыру үшін тіпті жеткіліксіз. Осымен қатар, жергілікті адамдардан нұсқаушы кадрлар құру үшін, шеткері аймақтарда басқару ісінің барлық тарауларында курстар мен мектептерді көбейтіп, өрістету қажет. Өйткені осындай кадрлар болмайынша ана тілінде мектеп, сот, әкімшілік орындарын және басқа мекемелерді ұйымдастырудың өте қиындайтындығы айқын.

Советтік автономияны жүзеге асыру жолында кездесетін тағы бір елеулі кедергі — шеткері аймақтарды советтендіру ісінде кейбір жолдастардың көбінесе шектен шығып кететін асығыстығы. Бұл жолдастар орталық Россиядан тарихи тұтас бір дәуір артта қалған облыстарда, ортағасырлық укладтары әлі түгел жойылып болмаған облыстарда, «таза коммунизмді» жүзеге асыру жөнінде «ерлік іс» атқарғысы келеді, бірақ ондай беталды ат қоюдан, ондай «коммунизмнен» қайырым болмайды деп сеніммен айтуға болады. Бұл жолдастарға біз программамыздың белгілі пункттін ескерткіміз келеді, ол пунктте былай делінген:

«РКП тарихи-таптық тұрғыға сүйенеді, ол белгілібір ұлттың тарихи дамудың қай сатысында тұрғанын: ортағасыр дәуірінен буржуазиялық демократияға беттеген жолда тұр ма, әлде буржуазиялық демократиядан советтік яки пролетарлық демократияға беттеген жолда тұр ма, соны, т. с. ескереді».

Сонсын:

«Қалайда, бұрын езуші болған ұлттардың пролетариаты бұрын езілген немесе толық праволы болмаған ұлттардың еңбекші бұқараларының ұлттық сезіміндегі қалдықтарға айрықша сақ болып, айрықша көңіл бөлуі қажет» (қараңыз: «РКП программасы»).

Яғни, мәселен, Азербайжанда пәтер ықшамдаудың төте жолы пәтерін, от басын ешкімнің қол сұғуына болмайтын қасиетті нәрсе деп есептейтін азербайжан бұқарасын бізден қашықтататын болса, онда әуелгі мақсатқа жету үшін пәтер ықшамдаудың төте жолын оралып баратын жанама жолмен өзгерту керек екені анық. Немесе тағыда: мәселен, діни соқыр сенімдер әбден бойына сіңген дағыстандықтар бұқарасы коммунистерге «шариғат бойынша» еретін болса, онда бұл елде діни соқыр сенімдермен күресудің төте жолы өте сақтықпен жүргізілетін жанама жолмен өзгертілуге тиіс. Тағысын-тағы осы сияқтылар.

Қысқасы: артта қалған бұқара халықтарды «дереу коммунизмдендіру» жөніндегі беталды ат қоюдан бұл бұқараны совет дамуының арнасына бірте-бірте тарту жөніндегі әбден ойланып, сақтықпен жүргізілетін саясатқа көшу қажет.

Советтік автономияны жүзеге асырудың практикалық шарттары, жалпы алғанда, осылар; бұларды жүзеге асыру Россияның орталығы мен шеткері аймақтарының рухани жақындасуын және революциялық берік одағын қамтамасыз етеді.

Советтік Россия біртұтас пролетарлық мемлекеттің шеңберінде, өзара сенушілік негізінде, ерікті, туысқандық келісу негізінде толып жатқан ұлттар мен тайпалардың істестігін ұйымдастырудың дүние жүзінде болып көрмеген тәжрибесін жасап отыр. Бұл тәжрибенің табысты болуына сенім зор екенін революцияның үш жылы көрсетіп отыр. Бірақ ол, осы тәжрибе, біздің жергілікті орындардағы ұлт мәселесі жөніндегі практикалық саясатымыз әралуан формаларда және дәрежелерде алынған советтік автономияның декларациялық талаптарына қайшы келмейтін болса ғана, біздің жергілікті орындардағы әрбір практикалық қадамымыз шеткері аймақтардағы бұқара халықтарды сол бұқараның тұрмысы мен ұлттық бейнесіне сай келетін формада пролетарлық жоғарғы рухани және материалдық мәдениетке тартуға жәрдемдесетін болса ғана толық табысты болып шыға алады.

Орталық Россия мен Россияның шеткері аймақтарының арасындағы революциялық одақты баянды етудің кепілі міне осында; бұл одақ Антантаның қандай болса да барлық қулық-сұмдықтарын қыйратып, күлін көкке ұшырады.

„Правда" № 226,
10 октябрь, 1920 ж.
Қол қойған: И. Сталин

ЖҰМЫСШЫ-ШАРУА ИНСПЕКЦИЯСЫНЫҢ ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БҮКІЛРОССИЯЛЫҚ І КЕҢЕСІН АШАРДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

15 октябрь, 1920 ж.

Жұмысшы-шаруа инспекциясы қызметкерлерінің Бүкілроссиялық бірінші кеңесін ашық деп есептеулеріңізді сұраймын.

Жолдастар! Кеңестің карауында тұрған мәселелерге көшуден бұрын, жұмысшы-шаруа мемлекетінде инспекцияның болуы керек пе, егерде ол керек болатын болса, онда оның негізгі міндеттері кандай болуға тиіс, деген мәселе туралы жұмысшы-шаруа инспекциясы Халық Комиссариатының пікірін айтуға рұхсат етіңіздер.

Россия — жұмысшылар мен шаруалардың өкіметті бірінші рет өз қолдарына алып отырған бірден-бір елі. Өкіметті қолға алудың алғышарты дүние жүзіндегі ең зор төңкеріс болды, оның соңынан мемлекеттік өкіметтің ескі аппараттары жойылып, жаңа аппараттар шыға бастады. Ескі заманда жағдай былай еді: әдетте жұмысшылар мырзалар үшін жұмыс істеуші еді, ал мырзалар елді басқарушы еді. Революцияға дейін ел басқару тәжрибесінің бәрі үстем таптардың қолдарында болуының себебі де, шынында, осыдан еді. Ал Ок-

тябрь революциясынан кейін өкімет басына жұмысшылар мен шаруалар келді, олар еш уақытта да ел басқарған емес, олар тек басқалар үшін жұмыс істеуді ғана білетін, сондықтан олардың ел басқару жөнінде жеткілікті тәжрибесі болмады.

Совет елінің мемлекеттік басқару аппараттарына қыйындық келтіріп отырған кемшіліктердің шығатын бұлағы болған бірінші жағдай осы.

Сонсын, мемлекет басқару жөніндегі ескі аппараттардың жойылуымен қатар, бюрократизм қыйратылды, бірақ бюрократтар қалды. Олар, совет қызметкерлерінің түріне боянып, біздің мемлекеттік аппараттарға еніп алды, сөйтіп жаңа ғана өкімет басына келіп отырған жұмысшылар мен шаруалардың тәжрибесінің жеткіліксіздігін пайдаланып, мемлекет мүлкін талантаражға салудың ескі айлаларын жүргізе бастады, буржуазиялық ескі әдеттерді енгізе бастады.

Біздің мемлекеттік аппараттарымыздағы кемшіліктерге негіз болған екінші жағдай осы.

Ақырында, ескі өкіметтен жаңа өкіметке мұра болып мүлде бүлінген шаруашылық аппараты қалды. Бұл бүліну, Россияға Антанта әкеп таңған азамат соғысының салдарынан, одан әрі ұлғайды. Бұл жағдай да мемлекет механизміндегі олқылықтар мен кемшіліктердің бір себебі болды.

Міне, жолдастар, біздің мемлекеттік аппараттарымыздағы кемшіліктерді туғызған негізгі жағдайлар осылар.

Осы жағдайлар болып отырғанда, мемлекеттік аппараттарда кемшіліктер болып отырғанда — бізге инспекцияның керек екендігі анық.

Әрине, жұмысшы табы ел басқару жөнінде тәжри-

бе алуға тырысады, бірақ, сөйткенмен де, өкімет басына келген жаңа таптың өкілдерінің тәжрибесі әлі жеткіліксіз.

Әрине, түсін бояп, біздің аппараттарымызға еніп алған бюрократтар ауыздықталып жатыр, бірақ олар әлі жеткілікті ауыздықталған жоқ.

Әрине, біздің алдымызда тұрған бүліншілік біздің мемлекеттік органдарымыздың аянбай қызмет істеулерінің арқасында азайып келеді, сөйткенмен де бұл бүліншілік әлі жойылған жоқ.

Нақ сондықтан да, осы жағдайлар болып отырғанда, осы кемшіліктер болып отырғанда, бұл кемшіліктерді зерттейтін, кемшіліктерді түзейтін және біздің мемлекеттік органдарымыздың әлде де жетіліп алға басуына көмектесетін арнаулы мемлекеттік аппарат керек.

Инспекцияның негізгі міндеттері қандай?

Негізгі міндет екеу.

Бірінші міндет мынау: өзінің тексеру жұмысының нәтижесінде немесе сол жұмысты жүргізу үстінде инспекцияның қызметкерлері орталықта да, жергілікті орындарда да өкімет басында отырған жолдастарымызға мемлекет мүлкін есепке алудың ең қолайлы формаларын белгілеуге жәрдемдесетін болсын, есеп-қыйсаптың ең қолайлы формаларын белгілеуге жәрдемдесетін болсын, жабдықтау аппараттарын, бейбітшілік және соғыс уақытындағы аппараттарды, шаруашылық аппараттарын дұрыс жолға салуға жәрдемдесетін болсын.

Бұл — бірінші негізгі міндет.

Екінші негізгі міндет мынау: жұмысшы-шаруа инспекциясы өз жұмысын жүргізе отырып, жұмысшы-

лар мен шаруалардың арасынан бүкіл мемлекеттік аппаратты меңгере алатын нұсқаушылар даярлап шығаратын болсын. Жолдастар, іс жүзінде елді буржуазиялық тәртіп тұсында парламенттерге немесе совет тәртібі тұсында Советтердің съездеріне өз делегаттарын сайлап отыратын адамдар басқармайды. Жоқ. Факт жүзінде елді мемлекеттің атқару аппараттарын іс жүзінде меңгерген адамдар, сол аппараттарға басшылық ететін адамдар басқарады. Егер жұмысшы табы ел басқару үшін мемлекет аппаратын шынымен меңгергісі келсе, оның орталықта ғана емес, мәселелерді талқылап, шешіп отыратын жерлерде ғана емес, сонымен қатар қарарларды жүзеге асырып отыратын жерлерде де тәжрибелі агенттері болуға тиіс. Тек сонда ғана жұмысшы табы мемлекетті анық меңгерді деп айтуға болады. Бұған жету үшін, елді басқаруға жетерліктей нұсқаушылар кадрлары болуы керек. Жұмысшы-шаруа инспекциясының негізгі міндеті — өзінің жұмысына жұмысшылар мен шаруалардың қалың тобын тарта отырып, осындай кадрларды баулып, дайындап шығару. Жұмысшы-шаруа инспекциясы жұмысшылар мен шаруалардан шығатын осындай кадрлардың мектебі болуға тиіс.

Жұмысшы-шаруа инспекциясының екінші міндеті осы.

Осыдан келіп жұмысшы-шаруа инспекциясының жұмысында қандай әдістер қолдану қажет екендігі шығады. Революциядан бұрынғы, ескі уақытта бақылау ісі мемлекеттік мекемелерден бөлек тұрушы еді, ол сырткы күш болатын, ол, мекемелерге тексеру жүргізу арқылы, айыптыларды ұстауға, қылмыстыларды ұстауға тырысып, сонымен жұмысын аяқтай-

тын. Меніңше, бұл әдіс — полициялық әдіс, қылмыстыларды ұстау әдісі, барлық баспасөзде шу көтерту үшін қолданылатын сенсациялық әшкерелеу әдісі. Бұл әдіс жойылуға тиіс. Бұл — жұмысшы-шаруа инспекциясының әдісі емес. Біздің инспекция өзінің тексеру жүргізетін мекемелеріне жат мекемелер деп қарамай, үйретуді керек қылатын, жұмысын жақсартуды керек қылатын өз мекемелері деп қарауға тиіс. Негізгі мақсат әрбір жеке қылмыстыларды ұстауда емес, негізгі мақсат ең алдымен тексеріліп отырған мекемелерді зерттеуде, оларды ойлана зерттеп, жете зерттеп, кемшіліктерін де, жақсы жақтарын да зерттеп, сол мекемелердің жұмысын жақсарту ісін алға бастыруда. Егер инспекция полициялық әдістерге қарай бейімделіп кетсе, егер ол тексеріліп отырған мекемеге ретсіз кінә тағатын болса, егер ол оның тірсегінен тістелейтін болса, егер ол, негізгі олқылықтарды шетте қалдырып, оқыйғаларға үстірт қарап жүре беретін болса, бұл — ең жаман, ең керексіз нәрсе.

Жұмысшы-шаруа инспекциясының жұмыс әдісі негізгі олқылықтарды ашу болуға тиіс. Жұмысшы-шаруа инспекциясының бұл жолының өте қыйын жол екендігі маған мәлім, бұл жол тексерілетін мекемелердің кейбір қызметкерлері тарапынан жыйы наразылықтар туғызып отырады, жұмысшы-шаруа инспекциясының өте адал қызметкерлерін кейбір бетімен кеткен чиновниктердің және сол чиновниктердің сөздеріне еретін кейбір коммунистердің көбінесе жек көретіні де маған мәлім. Бірақ бұдан жұмысшы-шаруа инспекциясы қорықпауға тиіс. Оның алдындағы негізгі парыз мынау болу керек: ол, қандай қызметте

отырса да, жеке адамдарды аямай, тек істің мүдделерін ғана аяуға тиіс.

Бұл міндет — өте ауыр және сыпайылықты керек ететін міндет, ол зор ұстамдылықты және өте таза болуды талап етеді, қызметкерлердің мінсіз таза болуын талап етеді. Өкінерлік нәрсе ретінде мен мынаны айта кетуге тиіспін: бізде осында, Москваның өзінде, кейбір мекемелерге бірнеше нақтылы тексеру жүргізген кезде, бақылау агенттерінің өздері тиісті дәрежеде болмай шықты. Мұндай агенттерге комиссариаттың ешқандай мейірімі болмайтындығын мен тура айтуға тиістімін. Комиссариат оларға қатаң жаза шараларын қолдануды талап ететін болады, өйткені олар жұмысшы-шаруа инспекциясы қызметкерлерінің абыройын түсіреді. Егер жұмысшы-шаруа инспекциясының үлесіне біздің мекемелеріміздің кемшіліктерін түзеу жөнінде, сол мекемелердің қызметкерлерінің алға басуына — жетілуіне жәрдем көрсету жөнінде зор міндет тиіп отырған болса, егер жұмысшы-шаруа инспекциясының алдына ешкімді аямай, тек істің мүдделерін ғана аяу міндеті қойылып отырған болса, онда, шынында, жұмысшы-шаруа инспекциясы қызметкерлерінің өздері таза, мінсіз болуға тиіс және өздерінің әділ ісінде мейірімсіз болуға тиіс. Бұл — олардың басқаларды тексеру жөнінде, басқаларды үйрету жөнінде тек формалдық правосы ғана болмай, сонымен қатар моральдық правосы болу үшін де өте қажет нәрсе.

„Жұмысшы-Шаруа Инспекциясының Известиясы" № 9 — 10, ноябрь — декабрь, 1920 ж.

АВТОРДАН

Ұлт мәселесі жөніндегі 1920 жылы басылған мақалалар жинағына жазылған алғысөз

Бұл кітапшаға ұлт мәселесі жөніндегі небары үш мақала ғана кіріп отыр. Баспаның мақалаларды белгілібір түрде іріктеуінде, сірә, мынадай мағна болу керек: таңдалып алынған үш мақала біздің партия қатарында ұлт мәселесін шешудегі маңызды-маңызды үш дәуірді көрсетеді, оның бержағында бүтін кітапшаның мақсаты біздің партияның ұлт мәселесі жөніндегі саясатының азды-көпті тұтас суретін беру болу керек.

Бірінші мақала («Марксизм және ұлт мәселесі», қараңыз: «Просвещение» журналы, 1913 ж.)[104] империалистік соғыстың басталуынан бір жарым жыл бұрын помещиктік-патшалық реакция заманында, Россияда буржуазиялық-демократиялық революцияның өршіген заманында россиялық социал-демократияның арасындағы ұлт мәселесі жөнінде болған принциптік айтыстардың дәуірін көрсетеді. Ол кезде екі теория және, соған сәйкес, екі ұлттық программа: Бунд және меньшевиктер қолдаған **австриялық** программа мен **орыстық**, большевиктік программа бір-біріне қарсы

күрескен болатын. Бұл екі ағымға берілген сыйпаттаманы оқушы макаладан таба алады. Одан кейінгі оқыйғалар, әсіресе империалистік соғыс және Австро-Венгрияның жеке ұлттық мемлекеттерге бөлінуі шындықтың кімнің жағында екендігін айқын көрсетті. Кәзір, Шпрингер мен Бауэр өздерінің ұлттық программасының жарық астауында отырған кезде, «Австрия мектебін» тарихтың теріске шығарып отырғандығына күмәндануға бола коймас. «Капиталистік құрылыстың шеңберінде койылған ұлттық-мәдени автономия талабы (яғни австриялық ұлт программасының талабы. **И. Ст.**) социалистік революция жағдайында өз мәнісін жояды», деп тіпті Бундтың өзі де мойындап отыр (қараңыз: «Бундтың XII конференциясы», 1920 ж.). Осылай деу аркылы өзінің австриялық ұлт программасының теориялық негіздерінің **принцип жағынан** жарамсыз екендігін, австриялық ұлт теориясының **принцип жағынан** жарамсыз екендігін мойындап отырғандығы (байкаусыз мойындап отырғандығы) Бундтың капеpіне де кірмейді.

Екінші макала («Октябрь төңкерісі және ұлт мәселесі», қараңыз: «Жизнь Национальностей», 1918 ж.)[105] Октябрь революциясынан соңғы дәуірді көрсетеді, ол кезде Совет өкіметі орталық Россияда контрреволюцияны жеңіп, шеткері аймақтардағы контрреволюция ошағы болған буржуазиялық-ултшыл үкіметтермен шайкасты, ол кезде Антанта, Совет өкіметінің оның (Антантаның) отарларына тигізіп отырған әсерінің ұлғаюынан сескеніп, Советтік Россияны тұншықтыру максатымен буржуазиялық-ұлтшыл үкіметтерді ашықтан-ашық колдай бастады, ол кезде буржуазиялық-ұлтшыл үкіметтерге қарсы жүргізілген жеңімпаз кү-

рес үстінде біздің алдымызға — облыстық советтік автономияның нақтылы формалары туралы, шеткері аймақтарда автономиялы советтік республикаларды ұйымдастыру туралы, Россияның шығыс аймақтары арқылы Шығыстың езілген елдеріне Советтік Россияның әсерін жаю туралы, дүниежүзілік империализмге қарсы Батыс пен Шығыстың революциялық біртұтас майданын құру туралы практикалық мәселе қойылды. Бұл мақала ұлт мәселесінің өкімет туралы мәселемен тығыз байланысты екендігін көрсетеді және ұлт саясатын езілген халықтар мен отарлар туралы жалпы мәселенің бір бөлегі ретінде талдайды; яғни әдетте «Австрия мектебі», меньшевиктер, реформистер, II интернационал дәл осыған қарсы болды, ал кейін оқиғалардың бүкіл барысы дәл осыны дәлелдеді.

Үшінші мақала («Совет өкіметінің Россиядағы ұлт мәселесі жөніндегі саясаты», қараңыз: «Жизнь Национальностей», октябрь, 1920 ж.)[106] Россияның облыстық советтік автономия негізінде әкімшілік жағынан қайта бөлініп үлгіре коймаған қазіргі дәуіріне, РСФСР-дың тұлғалас бөлімдері ретінде, шеткері аймақтарда әкімшілік коммуналар мен автономиялық советтік республикаларды ұйымдастыру дәуіріне жатады. Бұл мақаланың негізгі түйіні — советтік автономияны іс жүзінде жүзеге асыру туралы мәселе, яғни, империализмнің интервенттік әрекеттеріне қарсы тұрудың шарты ретінде, орталық пен шеткері аймақтардың арасындағы революциялық одақты қамтамасыз ету туралы мәселе.

Шеткері аймақтардың Россиядан бөлініп шығуы туралы талапты, контрреволюциялық әрекет деп тауып, мақаланың үзілді-кесілді теріске шығаруы тақ-

ғаларлық нәрсе болып көрінуі мұмкін. Бірақ шынында мұнда таңғаларлық еш нәрсе жоқ. Біз Индияның, Аравияның, Египеттің, Марокконың және басқа отарлардың Антантадан бөлініп шығуын жақтаймыз, өйткені бұл ретте бөлініп шығу осы езілген елдердің империализмнен азат етілгендігі болып табылады, империализм позициясының әлсіреп, революция позициясының күшейгендігі болып табылады. Біз шеткері аймақтардың Россиядан бөлініп шығуына **қарсымыз**, өйткені бұл ретте бөлініп шығу шеткері аймақтар үшін империалистік кіріптарлыққа түскендік болып табылады, Россияның революция қуатының әлсіреп, империализм позициясының күшейгендігі болып табылады. Нақ сондықтан Антанта Индияның, Египеттің, Аравияның және басқа отарлардың бөлініп шығуына қарсы күресе отырып, сонымен қатар шеткері аймақтардың Россиядан бөлініп шығуы үшін күреседі. Нақ сондықтан коммунистер отарлардың Антантадан бөлініп шығуы үшін күресе отырып, сонымен қатар шеткері аймақтардың Россиядан бөлініп шығуына қарсы күреспей тұра алмайды. Анығында, бөлініп шығу туралы мәселе нақтылы халықаралық жағдайларға байланысты, революцияның мүдделеріне байланысты шешіледі.

Бірінші мақаладан тек тарихи жағынан ғана маңызы бар кейбір жерлерін алып тастауға болар еді, бірақ мақала айтыс мақала болғандықтан, оны толығымен, өзгеріссіз жіберіп отырмыз. Екінші және үшінші мақалалар да өзгеріссіз басылып отыр.

1920 ж., октябрь

И. Сталин. Мақалалар жыйнағы.
Мемлекет баспасы, Тула, 1920

РЕСПУБЛИКАНЫҢ САЯСИ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ

Дон мен Кавказдың коммунистік ұйымдарының Владикавказ қаласында болған өлкелік кеңесінде 1920 ж. 27 октябрьде жасалған баяндама

Жолдастар! Октябрь революциясына дейін Батыс Европа социалистерінің кейбір топтарында — социалистік революция, ең алдымен, капиталистік жағынан дамыған елдерде басталып, соларда ғана жеңіп шыға алады, деген пікір болды, жәнеде олардың біреулері — мұндай ел Англия болады, екінші біреулері — Белгия болады, т. т. деп жорамалдады. Бірақ олардың бәрі дерлік — капиталистік жағынан артта қалған, пролетариаты аз және кемірек ұйымдасқан елдерде, мәселен Россияда, социалистік революция бастала алмайды, деген болатын. Октябрь төңкерісі бұл көзқарасты теріске шығарды, өйткені социалистік революция нақ сол капиталистік жағынан артта қалған елде, яғни Россияда басталды.

Сонсын, Октябрь төңкерісінің кейбір қатысушылары — Россиядағы революциядан соң іле-шала Батыста революциялық дүмпу басталса, Россиядағы революцияны қолдап, оны алға итеретін дүмпу басталса, сонда ғана Россиядағы социалистік революция жеңіп шыға алады, сонда ғана бұл берік жеңіс бола алады,

деп сенген болатын, жәнеде мұндай дүмпу сөзсіз басталады деп ойлаған болатын. Оқиғалар бұл көзқарасты да теріске шығарды, өйткені социалистік Россия батыс пролетариатының тарапынан тікелей революциялық көмек алмаса да және жау мемлекеттердің қоршауында отырса да мінеки үш жыл бойы ойдағыдай өмір сүріп, дамып келеді.

Социалистік революция капиталистік жағынан артта қалған елде басталып қана коймай, сонымен қатар жеңіп шыға алатын болып отыр, капиталистік жағынан дамыған елдерге үлгі болып, алға баса алатын болып отыр.

Сөйтіп, кеңестің күн тәртібіне қойылып отырған Россияның қәзіргі жағдайы туралы мәселенің сыйпаты мынадай болып шығады: азды-көпті болса да өзімен өзі болған және социализмнің белгілібір ұйтқысы болып отырған, капиталистік жау мемлекеттердің қоршауында тұрған Россия, міне осындай Россия өзінің жауларын осы кезге дейінгідей етіп қырып, жоя отырып, бұдан былай да өмір сүріп тұра ала ма?

Бұл мәселені шешу үшін, ең алдымен, Советтік Россияның өмір сүруін және оның табыстарға жетуін қамтамасыз етіп отырған және алдағы уақытта да қамтамасыз ете алатын шарттарды анықтап алу керек. Бұл шарттар екі түрлі: бірі бізге тәуелді емес тұрақты шарттар, екіншісі адамдарға тәуелді өзгермелі шарттар.

Алғашқы шарттардың қатарына біз, біріншіден, мына жағдайды жатқызуымыз керек: Россия кең байтақ, зор ел, оның жерінде, сәтсіздікке ұшыраған күнде, күшті жыйнап алып қайтадан шабуылға шығу үшін, елдің түкпіріне қарай шегініп, ұзақ уақыт табан

тіреп тұруға болады. Егер Россия кішкене ел болған болса, дұшпанның күшті тегеуріні елдің тағдырын тез шешетін, маневр жасау қиын соғатын, шегінетін жері жоқ Венгрия сияқты ел болған болса, егер Россия осындай кішкене ел болған болса, онда оның, социалистік ел ретінде, осындай ұзақ уақыт табан тіреп тұруы екіталай болар еді.

Сонсын, тағыбір екінші шарт бар, бұл да — социалистік Россияның дамуына мүмкіндік туғызатын, тұрақты шарт. Ол — мына жағдай: өз ішінде отынның, шикізаттардың, азық-түліктердің барлық түрлері мол елдер дүние жүзінде кемде-кем; Россия сондай елдердің бірі болып табылады, яғни отын, азық-түлік және басқалар жөнінде шетелден тәуелсіз ел, бұл жөнінде шетелсіз-ақ тұра алатын ел болып табылады. Егер Россия, мәселен Италия тәрізді, басқа елдің астығы мен отыны арқылы тұрған болса, онда ол, күмән жоқ, революцияның келесі күнінде-ақ қиын жағдайға ұшыраған болар еді, өйткені оны астықсыз және отынсыз қалдыру үшін оған блокада жасаудың өзі жеткілікті болар еді. Ал Антантаның Россияға жасаған блокадасы Россияның мүдделеріне ғана емес, сонымен бірге Антантаның өз мүдделеріне де зиян келтірді, өйткені ол орыстың шикізаттарынан айрылып қалды.

Сонымен қатар тұрақты шарттардан басқа өзгермелі шарттар да бар, Советтік Россияның өмір сүруі мен дамуына тұрақты шарттар қандай қажет болса, өзгермелі шарттар да сондай қажет. Ал бұл қандай шарттар? Бұл — Россияның резервтерін қамтамасыз ететін шарттар. Әңгіме мынада: Россия мен Антантаның арасындағы қатты соғыс тұсында, үш жылға со-

зылып отырған және тағы үш жылға созылуы мүмкін болып отырған соғыстың тусында, мұндай соғыстың тұсында соғыс резервтері туралы мәселе шешуші мәселе болып табылады.

Ал Антантаның резервтері қандай?

Біздің резервтеріміз қандай?

Антантаның резервтері — ең алдымен, Врангельдің әскерлері және буржуазиялық жас мемлекеттердің (Польша, Румыния, Армения, Грузия және басқалардың) «таптық қайшылықтардың уымен» әзірше уланбаған жас армиялары. Антантаның бұл жөндегі осал жері — оның контрреволюциялық өз армиясы жоқ. Батыста революциялық қозғалыс болып жатқандықтан Антанта Россияға өз әскерлерін, яғни ағылшынның, француздың және басқаларының әскерлерін жібере алмай отыр, осының салдарынан ол бөтен армияларды пайдалануға мәжбүр болып отыр, ол бұл армияларға қаржы береді, бірақ оларды өз армияларындай, өз тілегінше толық пайдалана алмайды. Бұл армиялардың Антантаның нұсқаулары бойынша әрекет жасап отырғандық фактысы Антантаның және әскерлерін Антанта пайдаланып отырған мемлекеттердің ұлттық мүдделерінің арасында ерегістердің бар екендігін және бұдан былай да болатындығын ешбір бекерге шығара алмайды. Антантаның сыбырлағанына қарамастан Польшаның бітім жасағандығы осындай ерегістердің бар екендігін тағыда дәлелдеп отыр. Ал бұл жағдай Антантаның соғыс резервтерінің ішкі күшін әлсіретпей қоймайды.

Екіншіден, Антантаның резервтері — түрліше партизан қозғалысын және басқада аттаныстарды ұйым-

дастырып, біздің армияларымыздың тылында әрекет жасап жүрген контрреволюциялық күштер.

Ақырында, Антантаның бұдан да басқа резервтері бар, олар Антантаның құл еткен отарлары мен жартылай отарларында, сол елдердегі басталып келе жатқан революциялық қозғалысты тұншықтыру үшін, әрекет жасап жүр.

Біз Антантаның, Батыстағы социалистік революцияны тұншықтыру мақсатын көздеп жүрген, II Интернационалға дейінгі әртүрлі бүйілер сыяқты Европаның өз ішіндегі резервтері туралы сөз қылып та отырғанымыз жоқ.

Россияның резервтері — ең алдымен, Қызыл Армия, жұмысшылар мен шаруалардан құрылған армия. Антантаның жалдап, сатып алған армияларынан Қызыл Армияның айырмасы — ол өз елінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін соғысады, оның мүдделері елінің мүдделерімен бірдей, ол өз елі үшін қан төгеді, оның мүдделері үкіметінің мүдделерімен бірдей, ол өз үкіметінің директивасы бойынша соғысады. Советтік Россияның негізгі резервтерінің сарқылмайтын ішкі қуаты осында.

Екіншіден, Россияның резервтері — дамый отырып, социалистік революцияға айналып келе жатқан Батыстағы революциялық қозғалыста. Күмән жоқ, Батыста мұндай революциялық қозғалыс болмаған болса, Антантаның өзінің контрреволюциялық әскерлері болған болар еді және Россияның ісіне тікелей соғыс жолымен қол сұғуға батылы барған болар еді.

Ақырында, Россияның резервтері — Шығыстағы және Антантаның отарлары мен жартылай отарларындағы өсіп келе жатқан наразылық; бұл наразылық

Шығыс елдерін империализмнің езгісінен азат ету жолындағы революциялық ашық қозғалысқа айналып, Антантаны шикізаттар мен отын алып тұратын жерсіз қалдыру қаупін туғызып отыр. Отарлар — империализмнің Ахиллестің өкшесіндей жанды жері екендігі, сол жерінен ұрғанда Антантаның қиын жағдайға ұшырайтындығы есте болуға тиіс. Күмән жоқ, Шығыстағы революциялық қозғалыс Антанта маңында өзіне сенбеу, бүліну пікірін туғызады.

Біздің резервтеріміз осылар.

Бұл факторлардың тарихи дамуы қандай?

1918 жылы Советтік Россия шикізаттардың, азық-түліктің, отынның шығатын бұлақтарынан (Украина, Кавказ, Сибирь, Түркстан) қол үзген, құнарлы армиясы жоқ, Батыс Европа пролетариатының тарапынан көмек алмайтын ішкі Россия болатын еді. Ол кезде Антанта Россияның ісіне тікелей соғыс жолымен қол сұғу жөнінде сөз қыла алатын еді, мұны істеген де еді. Бұдан екі жыл өткеннен кейін Россияның бейнесі мүлде өзгерді. Сибирь, Украина және Кавказ бен Түркстан азат етілді. Юденич, Колчак, Деникин талқандалды. Буржуазиялық жас мемлекеттердің бір бөлегі (Финляндия, Эстония, Латвия, Литва, Польша) битарапталды. Деникин армиясының қалдықтары (Врангель армиясы) талқандалу қарсаңында тұр. Батыс елдеріндегі революциялық қозғалыс өзінің жауынгер органын — III Интернационалды нығайта отырып, өрлеп өсіп келеді, ал Антанта Россияның ісіне тікелей соғыс жолымен қол сұғуды ойлауға кәзірде бата алмайтын болып отыр. Антантаға қарсы Шығыстағы революциялық қозғалыс өршіп өсіп келеді, ол революцияшыл Түркия сиякты өзінің ұйтқысын жасап,

Қимыл мен Насихат Комитеті[107] сияқты өзінің жауынгер органын құрып отыр.

Қысқасы: Антантаның резервтері күннен күнге азайып, Советтік Россияның резервтері көбейіп келеді.

Бұдан екі жыл бұрынғы уақытпен салыстырғанда қазірде, 1920 жылы, Россияның жеңілу мүмкіншілігінің аз екендігі, анағурлым аз екендігі анық. Егер Россия бұдан екі жыл бұрын Антантаның қыспағынан шыға алған болса, қазірде оның екі бастан шыға алатындығы анық, өйткені қазір Россияның резервтері күрестің барлық салаларында өсіп келеді.

Бұл — Антантамен соғысу аяқталып келеді, біз қаруды тастап, әскерлерді таратып, бейбіт еңбекке кірісуімізге болады, деген сөз бе?

Жоқ, олай деген сөз емес. Барлық мәліметтерге қарағанда, поляктармен бітім жасалған фактыға қынжыла-қынжыла көнген Антанта қаруды тастағысы келіп отырған жоқ, ол, сірә, соғыс әрекеттерінің майданын оңтүстікке, Закавказье ауданына көшіргісі келеді, оның бер жағында Антантаны асырап-сақтау міндеттерін алған Грузияның Антантаға жәрдемдесуден бас тартпауы әбден мүмкін нәрсе.

Анығында, Антантаның Россиямен қатар тұруына жер тарлық етеді, жер бетінде бейбітшілік орнау үшін осы екі жақтың біреуі құруға тиіс. Мәселе осылай қойылып отырғанда, Антанта мәселені осылай қойып отырғанда, — ал ол мәселені тек осылай ғана қояды, — Россияның қаруды тастай алмайтындығы анық нәрсе. Қайта, жаңадан болатын соққыны тойтару үшін біз еліміздің барлық күштерін қозғау жұмысына бар ынтамызды салуымыз керек. Еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғаушы Қызыл Армияның кү-

шейтіп, нығайту, Батыстағы социалистік революцияны барынша қолдау, өзінің азаттығы үшін Антантаға қарсы күресіп отырған Шығыс елдерін барлық күш, барлық құрал арқылы қолдау, — міне, біздің кезектегі міндеттеріміз осылар; біз жеңгіміз келсе, бұл міндеттерді, бар жігерімізді жұмсап, бұлжытпай орындауға тиістіміз.

Осы міндеттерді адал орындап шықсақ, біз күмәнсыз жеңеміз.

Өзімнің сөзімді аяқтай келіп, мен бір шарт туралы айтқым келеді, бұл шартсыз Батыстағы революцияның жеңуі өте қыйындайды. Менің айтып отырғаным Батыстағы революция үшін азық-түлік қорын жасау туралы. Әңгіме мынада: батыс мемлекеттері (Германия, Италия және басқалар) Европаны астықпен жабдықтайтын Америкаға толық тәуелді болып отыр. Егер буржуазиялық Америка бұл елдерді астықпен жабдықтаудан бас тартатын болса, — бұлай болуы әбден ықтыймал нәрсе, — онда бұл елдерде революцияның жеңуі пролетариатты революцияның ертеңіне-ақ азық-түлік дағдарысына ұшыратқан болар еді. Россияның ерекше азық-түлік запастары жоқ, бірақ ол біраз запастар жыйнай алар еді; азық-түлік жағдайы осы айтылғандай болып шығуы мүмкін және ықтыймал болғандықтан, кәзірден бастап біздің батыстағы жолдастар үшін Россияда азық-түлік қорын жасау туралы мәселе қою керек болады. Кейбір жолдастар бұл мәселеге жөнді көңіл бөлмей жүр, бірақ, көріп отырсыздар, бұл мәселенің Батыстағы революцияның барысы мен нәтижесіне өте зор маңызы болуы мүмкін.

„Коммунист" (Владикавказ) № 172, 30 октябрь, 1920 ж.

ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫНЫҢ ҮШ ЖЫЛЫ

Баку Советінің салтанатты мәжілісінде 1920 ж. 6 ноябрьде жасалған баяндама

Жолдастар! Мен өзімнің баяндамамды бастаудан бұрын, сіздерге, Баку жұмысшы депутаттарының Советіне, Азербайжан Революциялық Соғыс Советіне және оның басшысы Нариманов жолдасқа Россия Советтерінің Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінен, Халық Комиссарлары Советінен сәлем айтқым келеді, ал Республиканың Революциялық Соғыс Советінің атынан, Азербайжанды азат етіп, оның бостандығын жанын сала қорғап отырған XI Қызыл армияға жалынды сәлем айтамын. (Қол шапалақтау.)

Совет өкіметінің қызметінің үш жылында Россия өміріндегі ең негізгі мәселе Россияның халықаралық жағдайы туралы мәселе екендігі күмәнсыз. Советтік Россияны дұшпандар елемеген, онымен санаспаған, оны танымаған уақыттар болды. Бұл — Россияда Совет өкіметі орнаған күннен бастап герман империализмін талқандағанға дейінгі бірінші дәуір еді. Бұл

дәуірде Батыстың империалистері, коалицияның екеуі де — ағылшын кеалициясы мен герман коалициясы, бірімен бірі тістесіп, Советтік Россияны елемеді, былайша айтқанда, оны елерлік мұршасы да болмады.

Екінші дәуір — герман империализмінің талқандалуынан және герман революциясының басталуынан бастап Деникиннің Тула түбіне келіп, Россияға кең шабуыл жасаған мезгіліне дейінгі дәуір. Россияның халықаралық жағдайы тұрғысынан қарағанда, бұл дәуірдің айырмасы: Антанта — ағылшын-француз-американ коалициясы, — Германияны талқандап, өздерінің барлық бос күштерін Советтік Россияға қарсы жұмсады. Бұл дәуірде бізді 14 мемлекеттің одағымен — ақырында ертегі болып шыққан одағымен — қорқытпақ болды.

Үшінші дәуір — қазіргі үстіміздегі дәуір; қазір дұшпандар бізді социалистік держава ретінде елейтін болды, факт жүзінде танитын болды, ол былай тұрсын, тіпті бізден қорқып та қояды.

БІРІНШІ ДӘУІР

Бұдан үш жыл бұрын, 1917 жылы 25 октябрьде (немесе жаңаша 7 ноябрьде) — большевиктердің азғана тобы, Петроград Советінің қайраткерлері жиналып, — Керенскийдің ордасын қоршап алу керек, оның азып-тозған әскерлерін пленге алу керек, сөйтіп өкіметті сол кезде жиналып жатқан жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары Советтерінің 2-съезіне беру керек деп ұйғарды.

Ол кезде көп адамдар бізді, ең жақсы дегенде, алаңғасарлар деп, ал ең жаман дегенде — «герман империализмінің агенттері» деп есептеді.

Халықаралық жағдай тұрғысынан қарағанда бұл дәуірді — Советтік Россияның мүлдем жалғыз қалған дәуірі деп атауға болар еді.

Россияға бізді қоршаған буржуазиялық мемлекеттер ғана дұшпандық көзбен қарап қойған жоқ, сонымен қатар тіпті біздің Батыстағы социалистік «жолдастарымыз» да бізге сенімсіздік көзбен қарады.

Егер ол кезде Советтік Россия қалайда мемлекет болып қалған болса, онда оның себебі Батыс империалистерінің өзара қатты күрестен қолы тимегендіктен ғана болды. Оның үстіне олар большевиктердің Россиядағы экспериментін келемеж етті: олар большевиктерді өздігінен өледі деп сенді.

Ішкі жағдай тұрғысынан қарағанда бұл дәуірді — Россияда ескі дүниенің қыйратылған дәуірі, буржуазиялық ескі өкіметтің бүкіл аппаратының қыйратылған дәуірі деп сыйпаттауға болады.

Пролетариаттың ескі мемлекеттік машинаны жайдан-жай қолына ала салып, оны жүргізіп жібере алмайтындығын біз теория бойынша білгенбіз. Патша чиновниктерінің, қызметкерлерінің тарапынан және пролетариаттың жоғарғы топтарының кейбір бөлегінің тарапынан болған собатаждың бүкіл дәуірімен — мемлекеттік өкіметті әбден бүлдіру дәуірімен кездескен кезімізде біздің осы теориялық қағыйдамыз, Маркс берген қағыйдамыз, факт жүзінде толық дәлелденді.

Буржуазиялық мемлекеттің бірінші және ең басты аппараты, ескі армия және оның генералитеті, қыйратылды. Бұл қымбатқа түсті. Бұл қыйратудың нәтижесінде бізге уақытша ешқандай армиясыз қалуға, Брест бітіміне қол қоюға тура келді. Бірақ басқа амал бол-

мады, пролетариаттың азат болуы үшін керекті ешқандай басқа жолды тарих бізге бермеді.

Одан кейін, буржуазияның қолындағы дәл сондай маңызы бар екінші бір аппарат — чиновниктер аппараты, буржуазияның әкімшілік аппараты қыйратылып, бұзылды.

Елді шаруашылық жағынан басқару жөніндегі айта қаларлықтай өзгеріс — буржуазияның шаруашылық тұрмысының негізгі жүйке тамыры болып келген банкілерді буржуазияның қолынан тартып алу болды. Банкілер буржуазияның қолынан тартып алынды, сондықтан, былайша айтқанда, буржуазия жансыз құр сүлде болып қалды. Бұдан былай шаруашылық тұрмыстың ескі аппараттарын қыйрату және буржуазияны экспроприациялау — буржуазияның фабрикалары мен заводтарын тартып алып, оларды жұмысшы табының қолына беру жұмыстары жүргізілді. Ақырында, азық-түлік ісінің ескі аппараттары қыйратылды және астық жыйнап алатын және ол астықты халыққа бөліп бере алатын жаңа аппараттар құруға әрекет жасалды. Ең ақырында — Құрылтай жойылды. Міне, буржуазияның мемлекеттік аппаратын қыйрату мақсатымен Советтік Россияның бұл дәуірде жүргізуге мәжбүр болған барлық шаралары, шамамен айтқанда, осылар.

ЕКІНШІ ДӘУІР

Екінші дәуір ағылшын-француз-америкаи коалициясы герман империализмін қыйратып болып, Советтік Россияны талқандауға кіріскен кезден басталады.

Халықаралық тұрғыдан қарағанда бұл дәуір Антанта күштері мен Советтік Россия күштері арасын-

дағы ашық соғыс дәуірі болып сыйпатталады. Егер бірінші дәуірде бізді дұшпандар елемеген болса, бізге күлсе, бізді мазақ қылса, енді бұл дәуірде, оның керісінше, барлық қара күштер, бүкіл капиталистік дүниеге іріткі салу қаупін туғызып отырған, Россиядағы «анархия» деп аталатын нәрсені құрту үшін, өре түрегелді.

Ішкі жағдай тұрғысынан қарағанда бұл дәуірді құрылыс дәуірі деп сыйпаттау керек, бұл дәуірдің кезінде буржуазиялық мемлекеттің ескі аппараттарын қыйрату ісі негізінен аяқталып, құрылыстың жаңа саласы басталды, бұл кезде қожайындардан тартып алынған фабрикалар мен заводтар жөнге салынып, нағыз жұмысшы бақылауы құрылды, одан кейін пролетариат бақылаудан тура басқару ісіне көшті, бұл кезде, қыйратылған азық-түлік аппаратының орнына жаңа аппарат құрылды, қыйратылған темір жол аппаратының орнына орталықта да, жергілікті орындарда да жаңа органдар құрылды, ескі армияның орнына жаңа армия құрылды.

Бұл дәуірде құрылыс ісі, жалпы алғанда, ақсағанын мойынға алу керек, өйткені негізгі құрылыс жігері — бұл жігердің оннан тоғыз бөлегі — Қызыл Армия құруға жұмсалды, себебі Антанта күштеріне қарсы жанталасқан күрестің кезінде мәселе Советтік Россияның өмір сүру-сүрмеуі туралы болды, ал бұл дәуірде оның өмір сүруін тек қуатты Қызыл Армияның күшімен ғана сақтап қалуға болатын еді. Ал біздің сіңірген еңбегіміздің текке кетпегенін айта кету керек, өйткені Юденичті, Колчакты женген Қызыл Армия осы дәуірде-ақ өзінің бүкіл күш-қуатын көрсете білді.

Россияның халықаралық жағдайы тұрғысынан қарағанда бұл екінші дәуірді Россияның жалғыздығы, оқшаулығы бірте-бірте жойылған дәуір деп атауға болады. Россияның бірінші одақтастары шыға бастады. Герман революциясы, Либкнехт тобы арқылы жаңа коммунистік партияға негіз салып, берік топтасқан жұмысшылар кадрын, коммунистік кадрды іріктеп шығарды.

Францияда бұрын көзге түспеген кішкене топ, Лорио тобы, коммунистік қозғалыстың елеулі тобына айналды. Италияда коммунистік ағым, алғашқы кезде нашар болған ағым, италиян социалистік партиясының бәрін дерлік, оның көпшілігін қамтыды.

Шығыста, Қызыл Армияның табыстарына байланысты, Антантаға қарсы наразылық басталды, ол наразылық, мәселен, Түркияда Антантаға және оның одақтастарына қарсы тікелей соғысқа айналды.

Бұл дәуірде, Советтік Россияны тану туралы мәселе жөнінде Антантаның өз ішіндегі күн санап күшейген алауыздықтарды айтпай-ақ қойғанның өзінде, буржуазиялық мемлекеттердің өздері бірінші дәуірдегідей тығыз байланысқан, Россияға қас көпшілік бола алмады. Россиямен келіссөздер жүргізу, онымен келісім жасау туралы дауыстар шыға бастады. Мәселен, Эстонияда, Латвияда, Финляндияда осылай болды.

Ақырында, ағылшын-француз жұмысшыларының арасына тараған «Россиядан қолыңды тарт» деген ұран Россия ісіне Антантаның тікелей қару жұмсап қол сұғуына мүмкіншілік бермеді. Антанта Россияға қарсы ағылшын-француз солдаттарын жіберуден бас тартуға мәжбүр болды. Антанта Россияға қарсы бө-

тен армияларды пайдаланумен қанағаттануға мәжбүр болды, біракта ол армияны өзінің қалауынша жұмсай алмады.

ҮШІНШІ ДӘУІР

Үшінші дәуір — кәзіргі үстіміздегі дәуірдің өзі. Бұл дәуірді өтпелі дәуір деп атауға болады. Бұл дәуірдің алғашқы жартысының өзгешелігі: Россия өзінің басты жауы Деникинді қыйратып болып және соғыстың ақырын байқай отырып, соғыс мақсаттарына бейімделген мемлекеттік аппараттарды жаңа жолға, шаруашылық құрылысының жолына салуды көздеді. Егер бұрын: «барлығы Қызыл Армия үшін», «барлығы сыртқы жауды жеңу үшін» делінсе, енді: «барлығы шаруашылық тұрмысты нығайту үшін» делінді. Солай бола тұрса да, Деникинді қыйратып, оны Украинадан қуғаннан кейін басталған үшінші дәуірдің бұл саласы Польшаның Россияға шапқыншылық жасағандығынан үзілді. Бұл арада Антанта Советтік Россияның шаруашылық жөнінен нығайып, дүние жүзіндегі ең күшті держава болуына кедергі жасау мақсатын көздеді. Антанта осыдан қорықты, сондықтан Россияға қарсы Польшаны айдап салды.

Шаруашылық құрылысқа бейімделіп қойылған мемлекет аппараттарын жаңадан қайта құруға тура келді, Украинада, Оралда, Донда құрылған еңбек армияларын, олардың маңына жауынгер әскер бөлімдерін топтастырып, Польшаға қарсы жіберу үшін, соғыс жағдайына лайықтап жаңадан қайта құруға тура келді. Бұл дәуірдің ақырында Польша битарап етілді, енді бізге қарсы шығып отырған жаңа сыртқы жаулар әзір көрінбейді. Ендігі бірден-бір тікелей жауымыз

— Деникин армиясының қалдығы, атап айтқанда Врангель, оны осы кезде біздің Буденный жолдас қыйратып жатыр.

Енді Советтік Россия, Қызыл Армияны бір күннің ішінде дерлік жоқтан бар етіп аяғынан тік бастырған өзінің қажымайтын қызметкерлерінің барлық жігерін шаруашылық құрылыс жолына жұмсау үшін, заводтарды, егіншілікті, азық-түлік органдарын жолға қою үшін, ең болмағанда азғана уақыт болса да едәуір тыныс алады деп шамалауға дәлеліміз бар.

Сыртқы, халықаралық қатнастар тұрғысынан қарағанда үшінші дәуірдің өзгешелігі мынадай: дұшпандар Россияны елемеуін қойды, Черчилльдің Россияға доқ қылып көрсеткен ертегідегідей 14 мемлекетін барынша бетке ұстай отырып, Россиямен төбелесе бастады, ол былай тұрсын, тіпті, бірнеше рет таяқ жеп, Россиядан қорқа да бастады, Россияның өзін басқаға зәбірлетпейтін ұлы социалистік халық державасы болып өсіп келе жатқандығын сезе бастады.

Ішкі жағдайлардың тұрғысынан қарағанда бұл дәуірдің өзгешелігі мынадай: Врангель қыйратылғаннан кейін Россияның қолы босады, сондықтан ол өзінің бар күшін ішкі құрылыс ісіне жұмсап жатыр, оның бер жағында, енді біздің шаруашылық органдарымыздың екінші дәуірдегіге қарағанда жұмысты әлдеқайда жақсырақ, әлдеқайда негіздірек істейтіндіктері байқалып отыр. 1918 жылдың жазында Москва жумысшылары, екі күнде бір рет, күнжара қосқан нанның $^1/_8$ қадағын алып отырды. Бул қайғылы, қыйын дәуір өтті. Москва жұмысшылары, сол сыяқты Петроград жумысшылары да, кәзір күніне бір жарым қадақ нан алып отыр. Мұның мәнісі — біздің азық-түлік

органдарымыз жұмысын жөнге салып, жақсартты, астық жыйнауды үйренді.

Ішкі жаулар жөніндегі саясатымызға келетін болсақ, ол саясат үш дәуірдің үшеуінде де қандай болса, сондай болуға тиіс және сондай болады да, яғни пролетариаттың барлық дұшпандарын басып-жаншу саясаты болып қала береді. Бул саясатты, әрине, «жалпыға бірдей бостандық» саясаты деп санауға болмайды,— пролетариат диктатурасы заманында ешқандай жалпыға бірдей бостандық, яғни буржуазия үшін ешқандай сөз бостандығы, баспасөз бостандығы және басқалар бізде бола алмайды. Біздің ішкі саясатымыз — буржуазия табының қалдықтарының түк бостандық алмауы үшін, қала мен деревнядағы пролетарлық бұқараға мейлінше бостандық беру болып табылады.

Пролетариат диктатурасына сүйенетін біздің саясатымыздың мәні осында.

ПЕРСПЕКТИВАЛАР

Әрине, осы үш жылдың ішіндегі құрылыс жұмыстарымыз біздің тілегеніміздей табысты бола қойған жоқ, бірақ жұмыстың қыйын, мүмкін емес жағдайларын еске алу керек, олардан қашып құтылуға болмайды және оларға қарсы дауласуға да болмайды, бірақ оларды жеңу керек болады.

Біріншіден, құрылыс жұмысын бізге оқ астында жүріп істеуге тура келді. Бір қолымен үй салатын, екінші қолымен сол салып жатқан үйін қорғайтын уста тәрізді болды.

Екіншіден, біздің құрғанымыз — әркім өзінің жеке басының мүддесін көздейтін, тұтас мемлекет туралы

қам жемейтін, мемлекет көлемінде шаруашылық жоспарлы түрде ұйымдастыру туралы мәселені алдына қоймайтын буржуазиялық шаруашылық емес. Жоқ, олай емес, біздің құрғанымыз — социалистік қоғам. Мұның мәнісі — тұтасымен бүкіл қоғамның қажеттері еске алынуға тиіс, шаруашылық жоспарлы, саналы түрде, жалпыроссиялық көлемде ұйымдастырылуға тиіс. Бұл міндеттің анағұрлым күрделі, қыйын екенінде күмән жоқ.

Міне, біздің құрылыс жұмысымыздың зор нәтиже бере алмаған себебі осы.

Мұндай жағдайда біздің перспективаларымыз өте айқын: біз сыртқы жауларымызды жою кезеңінде тұрмыз, өзіміздің барлық мемлекеттік аппараттарымызды соғыс жолынан шаруашылық жолына көшіру кезеңінде тұрмыз. Біз сыртқы саясатта бейбітшілікті көздейміз, біз соғысты жақтаушылар емеспіз. Ал егер бізге соғысты еріксіз әкеліп таңатын болса, — ал кейбір мәліметтерге қарағанда, Антанта соғыс қыймылдарының майданын оңтүстікке, Закавказьеге, көшіруге тырысып отыр, — егер бірнеше рет бізден таяқ жеген осы Антанта бізге соғысты тағыда еріксіз таңатын болса, онда біздің қаруды қолдан түсірмейтіндігіміз, әскерлерімізді таратпайтындығымыз өзінен өзі түсінікті. Қызыл Армияның өмір сүруі үшін, оның ұрысқа әзір болып тұруы үшін, Советтік Россияны жаулардан осы күнге дейін батыл және ерлікпен қорғап келгеніндей қорғауы үшін, осыған дейінгі сияқты біз бар күшімізді саламыз.

Совет өкіметінің өткен уақыттарын шолып келгенде, 1917 жылғы 25 октябрьдің кеші еріксіз есіме түседі; бұдан үш жыл бұрын, біздер, большевиктер,

дің Ленин жолдас бастаған азғана тобы, — қолымызда Петроград Советі болып (ол кезде ол большевиктік болған), шамалы Қызыл гвардия болып, карамағымызда небары азғана, 200 — 250 мың адамы бар, әлі әбден топтасып жетпеген коммунистік партия болған кезде, — біздер, осы азғана топ, өкіметтен буржуазия өкілдерін алып тастап, өкіметті жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары Советінің 2-съезіне бердік.

Содан бері үш жыл өтті.

Міне, осы дәуірдің ішінде Россия, нелер қыйынқыстау жағдайлардан өтіп, дүние жүзіндегі ең ұлы социалистік держава болып шынықты.

Егер ол кезде біздің қолымызда тек Петроград Советі ғана болған болса, кәзір, үш жыл өткеннен кейін, біздің маңымызға Россияның барлық Советтері топталып отыр.

Біздің дұшпандарымыз дайындаған Құрылтай жыйналысының орнына, кәзір бізде Петроград Советінен өсіп жетілген Советтердің Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті болып отыр.

Егер ол кезде Петроград жұмысшыларынан құралған азғана гвардия ғана болып, ол Питерде көтеріліс жасаған юнкерлерді жеңе білгенімен, бірақ әлсіз болғандықтан сырткы жауға қарсы күресе білмеген болса, кәзір біздің көп миллиондаған даңкты Қызыл Армиямыз бар; бұл армия Советтік Россияның жауларын қыйратып отыр, ол Колчакты, Деникинді жеңіп шығып, енді біздің кавалерияның сыналған көсемі Буденный жолдастың қолбасшылығымен Врангель армиясының қалдықтарын қыйратып жатыр.

Егер ол кезде, бұдан үш жыл бұрын, біздің қолы-

мызда әлі әбден топтасып жетпеген, небары 200 — 250 мыңдай мүшелері бар азғана коммунистер партиясы болған болса, кәзір, үш жыл өткеннен кейін, Советтік Россия басынан өткізген қыйын-қыстау жағдайлардан кейін, бізде 700 мың мүшесі бар партия болып отыр; бұл партия — болаттан құйылған берік партия, бұл партияның мүшелерінің қатарын тілеген кезде қайта құруға болады және партияның қалаған жұмысына оларды мыңдап жұмылдыруға болады, бұл партия, өз қатарында сасқалақтаудың болуынан сескенбей, Орталық Комитеттің тек бір ғана ишарасымен өзінің қатарын қайта құрып, жауға қарсы аттана алады.

Егер ол кезде, бұдан үш жыл бұрын, Батыста бізге тілектес тек азғана топтар болған болса, Францияда Лорио тобы, Англияда Маклин тобы, Германияда капитализмнің жауыздары өлтірген Либкнехттың тобы ғана болған болса, — кәзір, үш жыл өткеннен кейін, біздің алдымызда халықаралық революциялық қозғалыстың орасан зор ұйымы — III Коммунистік Интернационал өсіп жетілді; ол Европадағы негізгі партияларды: герман, француз, италиян партияларын қаратып алды. Енді бізде халықаралық социалистік қозғалыстың негізгі ұйтқысы бар; ол — II Интернационалды қыйратып шыққан Коммунистік Интернационал.

II Интернационалдың көсемі Каутский мырзаны Германиядан революцияның қуып шыққаны, оның артта қалған Тифлиске келіп, грузин социал-духаншыларынан пана іздеуге мәжбүр болғаны кездейсоқ нәрсе емес[108].

Ақырында, егер біз, бұдан үш жыл бұрын, езілген Шығыс елдерінде революцияға тек селқос қараушылықты кездестірген болсақ, кәзір шығыс қозғала бастады, сондықтан біз Шығыста Антантаға қарсы, империализмге қарсы бағытталған толып жатқан азаттық қозғалыстарын көріп отырмыз. Біз барлық қалған отарлар мен жартылай отарларды өзінің маңына топтастырып отырған революциялық ұйтқыны көріп отырмыз; ол — буржуазияшыл-революциялық үкімет бола тұрса да қолына қару ұстап, Антантаға қарсы күресіп отырған Кемаль үкіметі.

Егер біз, бұдан үш жыл бұрын, Шығыс қозғалар-ау деп тіпті ойлауға да батылымыз бармаған болса, кәзір бізде буржуазиялық революцияшыл Түркия сықылды Шығыстың революциялық ұйтқысы ғана болып отырған жоқ, сонымен қатар біздің қолымызда Шығыстың: «Қыймыл мен насихат комитеті» деген социалистік органы да бар.

Осы фактылардың бәрі — революциялық жөнінен біздің бұдан үш жыл бұрын кедей болғандығымызды, ал кәзір байығандығымызды көрсететін фактылар, осы фактылардың бәрі: Советтік Россия өмір сүреді, ол өркендейді, ол жауларын жеңіп шығады деп кесіп айтуымызға мүмкіндік береді.

Біздің жолымыздың жеңіл жол емес екендігі күмәнсыз, бірақ қыйыншылықтан біздің қорықпайтындығымыз да күмәнсыз. Лютердің белгілі сөздерін[109] басқаша айта келіп, Россия былай дей алар еді:

«Мен нақ осы жерде, ескі, капиталистік, дүние мен жаңа, социалистік, дүниенің аралығындағы шегарада тұрмын; мен осы жерде, осы шегарада, Ба-

тыстың пролетарлары мен Шығыстың шаруаларының күштерін біріктіремін, сөйтіп ескі дүниені қыйратамын. Мені тарих тәңірісі қолдасын».

„Коммунист“ (Баку) № 157 және 160;
7 және 11 ноябрь, 1920 ж.

ДАҒСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ СЪЕЗІ [110]

13 ноябрь, 1920 ж.

1. ДАҒСТАННЫҢ СОВЕТТІК АВТОНОМИЯСЫ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ

Жолдастар! Россияның Социалистік Федерациялы Республикасының Совет үкіметінің, соңғы уақытқа дейін оңтүстікте де, батыста да сыртқы жауларға қарсы, Польша мен Врангельге қарсы соғыстан қолы босамағандықтан, Дағстан халқының ойындағы мәселені шешуге күш салуға мүмкіндігі де, уақыты да болмады.

Қазір, Врангель армиясының талқаны шығып, оның болмашы қалдықтары Қырымға қашып, Польшамен бітім жасалып отырған кезде, Совет үкіметінің Дағстан халқының автономиясы туралы мәселені қолға алуына мүмкіншілігі болып отыр.

Бұрын Россияда өкімет патшалардың, помещиктердің, фабриканттардың және заводшылардың қолдарында болды. Бұрын Россия патшалар мен жендеттердің Россиясы болды. Россия бұрынғы Россиялық империяның құрамына кірген халықтарды езу арқылы күн көрді. Россия үкіметі өзінің езіп отырған халықтарының, оның ішінде орыс халқының да, қансөлі арқылы, солардың күші арқылы күн көрді.

Ол — Россияны барлық халықтар қарғаған заман еді. Бірақ енді ол заман өтіп кетті. Ол заманның қарасы батты, енді ол еш уақытта да қайтып келмейді.

Осы езуші патшалық Россияның сүйегінен жаңа Россия — жұмысшылар мен шаруалардың Россиясы өсіп жетілді.

Россияның құрамына кірген халықтардың жаңа өмірі басталды. Патшалар мен байлардың, помещиктер мен фабриканттардың езгісінен зәбір көрген осы халықтардың құлдықтан құтылу дәуірі басталды.

Октябрь революциясынан кейін басталған жаңа дәуір, өкімет жұмысшылар мен шаруалардың қолына көшіп, өкімет коммунистік өкімет болған дәуір, Россия халықтарын азат етумен ғана сыйпатталмайды. Ол жалпы халықтардың бәрін, оның ішінде батыс империалистерінің езгісінен зәбір көріп отырған Шығыс халықтарын да азат ету міндетін қойды.

Россия, тек біздің елдің ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзінің халықтарын да қозғалысқа келтіретін, азаттық қозғалыстың тұтқасына айналды.

Советтік Россия — бүкіл дүние жүзінің халықтарына езушілердің езгісінен босанудың жолын көрсететін шам-шырақ.

Қазіргі уақытта Россия үкіметі, жауларды жеңу арқасында ішкі даму мәселелерімен шұғылдануға мүмкіншілік алып, сіздерге мынаны жарыялауды қажет деп тапты: Дағстан автономиялы болуға тиіс, ол, Россия халықтарымен туысқандық байланысын сақтай отырып, өз ішінде өзін өзі басқару еркімен пайдаланады.

Дағстан өзінің ерекшеліктеріне, өзінің тұрмыс салтына, әдет-ғұрыптарына қарай басқарылуға тиіс.

Бізге Дағстан халықтарының арасында шариғаттың зор маңызы бар деген хабар келді. Сонымен қатар, Совет өкіметінің жаулары — Совет өкіметі шариғатқа рұхсат етпейді — деп лақап таратып жүр, деген хабарды да естідік.

Мен бұл жерде Россияның Социалистік Федерациялы Советтік Республикасы үкіметінің атынан — бұл лақаптар дұрыс емес деп айтуға тиіспін. Россия үкіметі әрбір халықтың өз заңдары мен өз әдет-ғұрыптарының негізінде басқарылуына толық право береді.

Совет үкіметі шариғатты праволық күші бар, әдеттік право деп есептейді; Россияны мекен ететін басқа халықтардың да осындай әдеттік праволары бар.

Егер Дағстан халқы өзінің заңдары мен әдет-ғұрыптарын сақтағысы келетін болса, онда олар сақталуға тиіс.

Сонымен қатар, мынаны айтуды қажет деп санаймын: Дағстанның автономиялы болуы оның Советтік Россиядан бөлінгендігі емес және олай бола алмайды да. Автономия — тәуелсіздік емес. Россия мен Дағстан өзара байланысын сақтауға тиіс, өйткені тек осылай болғанда ғана Дағстан өз бостандығын сақтай алады. Дағстанға автономия беруде Совет үкіметі нақтылы мақсат көздейді — жергілікті қызметкерлердің арасынан өз халқын сүйетін адал және шын берілген адамдарды шығару, Дағстанды басқару органдарының бәрін, шаруашылық органдарын да, әкімшілік органдарын да, солардың қолдарына беру мақсатын көздейді. Тек осылай еткенде ғана және тек осы жолмен ғана Дағстандағы Совет өкіметін халықпен жақындастыруға болады. Совет өкіметінің

жергілікті қызметкерлерді іске қатыстыру арқылы Дағстанды мәдениеттің жоғарғы сатысына көтеруден басқа ешқандай мақсаты жоқ.

Халықтың бірінші жауы — қараңғылық екендігін Совет өкіметі біледі. Сондықтан жергілікті тілде мектептер мен басқару органдарын көбірек құру қажет.

Совет өкіметі осылай істеу арқылы Дағстан халықтарын ескі Россия апарып түсірген батпақтан, қараңғылықтан және надандықтан алып шығамыз деп сенеді.

Совет үкіметі Дағстанда автономия орнатуды, Түркстан, Киргиз және Татар республикалары пайдаланып отырған автономия сыяқты автономия орнатуды қажет деп табады.

Совет өкіметі сіздерге, Дағстан халықтарының өкілдеріне, — Москваға жіберу үшін және онда барып жоғарғы Совет өкіметінің өкілдерімен бірге Дағстанға берілетін автономия жоспарын жасау үшін өкілдер сайлау жұмысын өздеріңіздің Дағстандық революциялық комитетіңізге тапсыруды ұсынады.

Дағстанның оңтүстігіндегі соңғы оқыйғалар, — генерал Врангельдің, Деникин тұсында көтерілісшілерге қарсы күресумен қатар Солтүстік Кавказдағы тау халықтарының ауылдарын қыйратқан Врангельдің тілегін орындаушы бола отырып, сатқыншы Гоцинскийдің Дағстанның бостандығына қарсы шығу оқыйғалары, — бұл оқыйғалар көп нәрселерді көрсетеді.

Мен мынаны атап айтуға тиіспін: Дағстан халқы өзінің қызыл партизандары арқылы Гоцинскийге қарсы ұрыстарда өзінің Совет өкіметін қорғай отырып,

сонымен бірге өзінің қызыл туға шын берілгендігін дәлелдеді.

Егер сіздер Дағстан еңбекшілерінің жауын — Гоцинскиді қуып шықсаңыздар, онда сонымен қатар, жоғарғы Совет өкіметінің Дағстанға автономия беру арқылы көрсеткен сенімін ақтайсыздар.

Совет үкіметі — Дағстанға өз еркімен автономия беріп отырған бірінші үкімет.

Біз Дағстан халықтары Совет үкіметінің сенімін ақтайды, деп сенеміз.

Дағстан халықтарының Россия халықтарымен одағы жасасын!

Дағстанның советтік автономиясы жасасын!

2. ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар! Кәзір, Совет өкіметінің ақырғы жауы қыйратылған кезде, Совет үкіметінің Дағстанға өз еркімен берген автономиясының саяси маңызы айқын болып отыр.

Бір жағдайға көңіл бөлу керек. Егер патша үкіметі және дүние жүзіндегі жалпы буржуазиялық үкіметтердің бәрі халыққа жеңілдік бергенде және анау-мынау реформа бергенде әдетте өздері ауыр жағдайлар арқылы мәжбүр болған кезде ғана беретін болса, Совет өкіметі, қайта, өз табыстарының жоғарғы шыңына жетіп отырған кезінде Дағстанға мүлде өз еркімен автономия беріп отыр.

Мұның мәнісі — Дағстанның автономиясы Дағстан Республикасының өміріне оның мызғымас, берік негізі ретінде кіреді. Өйткені өз еркімен берілген нәрсе ғана берік болмақ.

Мен қортындыда, Совет өкіметінің сіздерге көр-

сеткен үлкен сенімін біздің ортақ жауларымызға қарсы келешектегі күресте Дағстан халықтары ақтай алатын болсын, дегенді баса көрсеткім келеді.

Автономиялы Советтік Дағстан жасасын!

„Советский Дагестан" № 76,
14 ноябрь, 1920 ж.

ТЕРЕК ОБЛЫСЫ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ СЪЕЗІ[111]

17 ноябрь, 1920 ж.

1. ТЕРЕК ОБЛЫСЫНЫҢ СОВЕТТІК АВТОНОМИЯСЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

Жолдастар! Бүгінгі съезд Терек халықтарының тұрмысын жолға қою жөнінде және олардың казактармен қандай қатнаста болатындығы жөнінде Совет үкіметінің тілегін жариялау үшін шақырылып отыр.

Бірінші мәселе — казактармен қарым-қатнас туралы.

Өмір бізге — казактар мен тау халықтарының біртұтас әкімшілік тұлғаның көлемінде бірге тұруы ұшы-қыйыры жоқ лаң туғызғандығын көрсетті.

Өмір бізге — өзара ренжу мен қан төгісуді болғызбау үшін казактар бұқарасын тау халықтарының бұқарасынан бөлу қажет екендігін көрсетті.

Өмір бізге — екі жақтың екеуіне де ажырасу пайдалы екендігін көрсетті.

Үкімет осы негізге сүйене отырып, казактардың көпшілігін ерекше губернияға бөліп шығаруды, ал тау халықтарының көпшілігін Тау халықтарының автономиялы Советтік Республикасына бөліп шығаруды ұй-

ғарды, бұл екеуінің арасындағы шегара Терек өзені болатын болды.

Совет өкіметі казактардың мүдделерін елеусіз қалдырмауға тырысты. Казак жолдастар, Совет өкіметі сіздердің жерлеріңізді тартып алуды ойлаған жоқ. Совет өкіметінің бар ойы — сіздерді патша генералдары мен байлардың езгісінен құтқару болды. Ол бұл саясатты революцияның басынан бастап жүргізді.

Ал казактар өздерін өте күдікті түрде ұстады. Олар Совет өкіметіне сенбей, орманға қарай жалтақтады да отырды. Олар біресе Бичераховпен бірге шатасып, біресе Деникинмен, Врангельмен ауыз жаласып отырды.

Ал соңғы кезде, Польшамен бітім жасалмай тұрған кезде, Врангель Донец бассейніне шабуыл жасаған кезде, осындай уақытта Терек казактарының бір бөлегі опасыздық етіп, — мұны басқа сөзбен айтуға болмайды, — біздің әскерлерге қарсы тылда көтеріліс жасады.

Мен таяуда болған Сунженскі бойындағы көтеріліс туралы айтып отырмын; бұл көтерілістің мақсаты Бакуді Москвадан кесіп тастау еді.

Қазактардың бұл әрекеті уақытша іске асты.

Бұл кезде тау халықтары, казактарды ұялтып, Россияның олардан гөрі адал азаматтары болып шықты.

Совет өкіметі ұзақ уақыт шыдап келді, бірақ шыдамдылықтың бәрінің де шегі болады. Сөйтіп, казактардың кейбір топтары опасыз болып шыққандықтан, оларға қарсы қатты шаралар қолдануға тура

келді, кіналы болған станицаларды көшіріп, олардың орнына чечендерді отырғызуға тура келді.

Тау халықтары мұны — енді Терек казактарын еркін ренжіте беруге болады, оларды талап алуға, олардың малын тартып алуға, әйелдерінің арын төгуге бола береді, деп түсінді.

Менің айтатыным: егер тау халықтары осылай деп ойлайтын болса, онда олар мүлде адасады. Совет өкіметінің Россия азаматтарын, — олардың ұлттарына қарамастан, олардың казактарға немесе тау халықтарына жататындығына қарамастан, — бірдей қорғайтындығын тау халықтары білуге тиіс. Есте болсын, егер тау халықтары бассыздықты тоқтатпайтын болса, оларды Совет өкіметі революциялық өкіметтің бар қаталдығын қолданып жазаға тартады.

Бұдан былайғы жерде, жеке губернияға бөлініп шығатын казактардың да, Тау халықтарының Автономиялы Республикасының ішінде қалатын казактардың да тағдыры толығымен олардың өз пыйғылына байланысты болмақ. Егер казактар жұмысшы-шаруа Россиясына қарсы бағытталған опасыздық қылықтардан бас тартпайтын болса, онда үкіметтің қайтадан жаза қолдануына тура келеді, дегенді айта кетуге тиіспін.

Ал егер казактар өздерін бұдан былай Россияның адал азаматтары ретінде ұстайтын болса, онда казактың басынан бір тал шашы да түспейді, дегенді мен бұл арада бүкіл съезд алдында айтуға тиіспін.

Екінші мәселе — Терек облысының тау халықтарымен қарым-қатнасы туралы.

Жолдастар, тау халықтары! Россия тарихындағы ескі дәуір, патшалар мен патша генералдары сіздер-

дің праволарыңызды елемей, сіздердің еркіндіктеріңізді жойған дәуір, — бұл сияқты езу мен құлдық дәуірі келмеске кетіп отыр. Кәзір, Россияда өкімет жұмысшылар мен шаруалардың қолына көшіп отырған кезде, Россияда енді езілушілер болмауға тиіс.

Россия сіздерге автономия беру арқылы, сіздерден қанішер патшалар мен езуші патша генералдары ұрлап алған еркіндіктеріңізді өздеріңізге қайтарып беріп отыр. Мұның мәнісі — сіздердің ішкі өміріңіз, өздеріңіздің тұрмыс салттарыңызға, әдет-ғұрыптарыңызға негізделіп құрылуға тиіс, әрине, Россияның жалпы Конституциясының шеңберінде құрылуға тиіс.

Әрбір халықтың, чечендердің, ингуштардың, осетиндердің, кабардиндердің, балкарлардың, карачаевтардың, сонымен қатар тау халықтарының автономиялы территориясында қалып отырған казактардың өз ұлттық Советі болуға тиіс; ол Совет тиісті халықтардың істерін солардың тұрмысы мен өзгешеліктеріне сәйкестіре отырып басқаруға тиіс. Мен өзгеқалалық адамдар туралы айтып та отырғаным жоқ; олар Советтік Россияның адал ұлдары болып келді және кәзірде де сондай болып отыр, сондықтан оларды Совет өкіметі қашанда болса қатты қорғайды.

Егер шариғаттың керек екендігі дәлелденсе, онда мейлі шариғат болатын болсын. Совет өкіметі шариғатқа қарсы соғыс жарыялағалы отырған жоқ.

Егер Чека мен Ерекше бөлімнің органдарының халықтың тұрмысы мен өзгешеліктеріне үйрене алмай жүргендігі дәлелденсе, онда бұл салаға да тиісті өзгерістер енгізілуі керек екендігі анық нәрсе.

Ұлттық Советтерді Тау халықтары Республикасының Халық Комиссарлары Советі басқаруға тиіс,

ол осы республика Советтерінің съезінде сайланып, Москвамен тікелей байланысты болуға тиіс.

Будан, — тау халықтарының үрейлене сұрау қойып отырғаны сияқты, — сонымен тау халықтары Россиядан бөлінеді, Россия оларды өз бетімен қалдырады, Қызыл Армия Россияға әкетіледі, деген мағна туа ма? Жоқ, ондай мағна тумайды. Теректің аз халықтары өзімен өзі болатын болса дүниежүзілік жыртқыштарға қарсы және олардың агенттеріне — тау помещиктеріне қарсы өз бостандығын сақтап қала алмайтындығын Россия түсінеді, ал тау помещиктері Грузияға қашып барып, ол жерде еңбекші тау халықтарына қарсы жанжал жасап жүр. Автономия дегеніміз — бөлініп кету емес, қайта өзін өзі басқаратын тау халықтарының Россия халықтарымен одақ жасауы болып табылады. Бұл одақ — тау халықтарының советтік автономиясының негізі.

Жолдастар! Бұрын істің жайы әдетте былай болатын: халықтардың пайдасы үшін анау мынау реформалар шығаруға, жеңілдіктер жасауға үкіметтер тек қыйын минуттарда ғана, өздері нашарлап, өз халықтарының тілектес болуын керек еткенде ғана көнетін еді. Патша үкіметтері мен жалпы буржуазия үкіметтері қашанда осылай істеп келді. Совет үкіметі оларға қарағанда басқаша істеп отыр. Совет үкіметі автономияны сіздерге қыйын минутта беріп отырған жоқ, қайта ұрыс майдандарында даңқты табыстарға жеткен кезде империализмнің Қырымдағы ақтық тірегін толық жеңген кезде беріп отыр.

Өмір бізге мынаны көрсетіп отыр: үкіметтердің қыйын минутта бергені — берік, сенімді нәрсе емес, өйткені қыйын минут өткеннен кейін оны қай уақыт-

та болса да қайтадан алуға болады. Уақытша өткінші қажеттіктің қыспағын көргендіктен берілмей, үкіметтің күш, қуаты өрлеп өсіп тұрған кезде, реформаның пайдалы екендігін әдейі біле-тұра берілсе ғана реформалар мен еркіндіктер берік болмақ. Сіздерге өздеріңіздің еркіндіктеріңізді қайтарып беріп. Совет үкіметі кәзір нақ осылай етіп отыр.

Осылай еткенде Совет өкіметінің айтайын дегені мынау: жолдастар, тау халықтары, Совет өкіметі сіздерге толық сенеді, сіздердің өздеріңізді өздеріңіз басқара алатындықтарыңызға сенеді.

Жұмысшы-шаруа Россиясының бұл сенімін сіздер ақтай аласыздар деп сенеміз.

Терек облысы халықтарының Россия халықтарымен одағы жасасын!

2. ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар! Автономия туралы мәселелер жөнінде мен бірнеше хаттар алдым. Мен бұларға жауап беруге тиіспін.

Бірінші мәселе — Тау халықтарының Советтік Республикасының территориялық шегаралары туралы мәселе. Республиканың шегаралары жалпы алғанда мынадай: Солтүстік жағы Терек, ал басқа жақтары — Терек облысы халықтарының: чечендердің, ингуштардың, кабардиндердің, осетиндердің, балқарлардың, карачаевтардың жерлерінің шегаралары болмақ, бұған Теректің бергі жағындағы өзгеқалалықтар мен казактардың станицалары да кіреді. Тау халықтарының Автономиялы Республикасының территориясы осындай болмақ. Шегараның дәлме-дәл бейнесіне келетін болсақ, мұны Тау халықтары Респуб-

ликасы мен іргелес губерниялардың өкілдерінен құрылған комиссия анықтауға тиіс.

Екінші мәселе: Тау халықтарының Автономиялы Республикасының орталығы қайда болады және республиканың құрамына Грозный, Владикавказ қалалары кіре ме? Әрине, кіреді. Республиканың астанасы етіп қай қаланы болса да белгілеуге болады. Менің өз ойымша, мұнда орталық Владикавказ болуға тиіс, өйткені ол — Терек облысының барлық халықтарымен байланысы бар орталық.

Үшінші мәселе — автономияның өзінің шегі туралы мәселе. Менен: Тау халықтарының Республикасына қай түрлі автономия беріледі? деп сұрайды.

Автономия әртүрлі болады: карелдердікі, черемистердікі, чуваштардікі, Поволжьедегі немістердікі сияқты әкімшілік автономия да, башқұрттардікі, киргиздардікі, Поволжьедегі татарлардікі сияқты саяси автономия да болады. Тау халықтары Республикасының Автономиясы — саяси автономия және, әрине, советтік автономия болып табылады. Бұл автономия Башқұртстан, Киргизия, Татарстан автономиясы сияқты. Мұның мәнісі — Тау халықтарының Советтік Республикасын, Советтер съезінде сайланатын, Советтердің Орталық атқару комитеті басқарады. Орталық атқару комитеті Москвамен тікелей байланыс жасап отыратын Халық Комиссарлары Советін құрады. Республика ақша қаржыларын Федерациялық Республиканың жалпы қаржысынан алып отырады. Шаруашылық және соғыс істерін басқаратын халық комиссариаттары орталықтың тиісті комиссариаттарымен тікелей байланыс жасап отырады. Басқа комиссариаттар: заң, жер, ішкі істер, ағарту және сон-

дай комиссариаттар Тау халықтарының Советтік Республикасының Орталық Атқару Комитетіне бағынады, ал бұл Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетімен байланысты болады. Сыртқы сауда мен сыртқы істер бүтіндей орталық өкіметтің қолында болады.

Бұдан кейін автономияны жүзеге асыру мерзімі туралы мәселе келеді. Республиканың толық ережелерін, немесе, ғалімдерше айтқанда, «конституциясын» жасау үшін әрбір халықтан бір-бір өкіл сайлау қажет, олар Москвада үкімет өкілдерімен қосылып Тау халықтарының Автономиялы Республикасының конституциясын жасар еді.

Бұл үшін сіздер осы съезде чечендерден, ингуштардан, осетиндерден, кабардиндерден, балкарлардан, карачаевтардан және Тау халықтарының Автономиялы Республикасына кіретін станицалардан бір-бір өкілден, барлығы жеті өкіл сайласаңыздар жаман болмас еді.

Жұрт менен: ұлтгық Советтерді сайлау тәртібі қалай болады деп сұрайды. Сайлау конституция тәртібі бойынша жүргізілуге тиіс, яғни Советтерді сайлау правосы тек еңбекшілерге ғана беріледі. Советтер еңбекшілер советі болуға тиіс.

Бізде Россияда — еңбек етпеген адам ішіп жемейді, деп есептейді. Сіздер — еңбек етпеген адам сайламайды, деуге тиіссіздер. Бұл — советтік автономияның негізі. Буржуазиялық автономия мен советтік автономияның айырмасы да осында.

Бұдан кейінгі мәселе — армия туралы.

Армия, сөз жоқ, жалпы бір армия болуға тиіс, өйткені Тау халықтарының Республикасы өзінің кіш-

кене армиясы арқылы бостандығын сақтап қала алмайды, Антантаның қаржы беріп отырған әскерлеріне еш нәрсені қарсы қоя алмайды.

Сөзімді аяқтай келіп, мен сіздерге, тау халықтарына, автономияның беретін негізгі нәрсесін айрықша көрсеткім келеді.

Тау халықтарын өмір бойы езіп келген негізгі кесел — олардың артта қалғандығы, олардың надандығы. Осы кеселді тамырынан жойғанда ғана, бұқараны ағарту ісін кең түрде жүргізгенде ғана тау халықтарын құрып-бітуден аман сақтап, оларды жоғарғы мәдениетке жеткізуге болады. Сондықтан да тау халықтары өзінің автономиялы республикасында жұмысты ең алдымен мектептер мен мәдениет-ағарту мекемелерін құру ісінен бастауға тиіс.

Автономияның бүкіл мағнасы — ол тау халықтарын өз елін басқару ісіне тартуға тиіс. Мұнда сіздерде өз халкын басқара білетін жергілікті адамдар өте аз. Сондықтан да Азық-түлік комитетінің, Чеканың, Ерекше бөлімнің, халық шаруашылығының мекемелерінде сіздердің тұрмыстарыңызды, тілдеріңізді білмейтін орыстар жұмыс істеп отыр. Сіздің адамдардың ел басқару ісінің барлық салаларына қатыстырылуы қажет. Бұл арада сөз болып отырған автономияны — басқару ісінің барлық органдарына сіздердің тілдеріңізді, тұрмыстарыңызды білетін өз адамдарыңызды отырғызу мағнасында түсіну керек.

Автономияның мағнасы осы.

Автономия сіздерді өз аяқтарыңызбен жүре білуге үйрстуге тиіс, — автономияның мақсаты осы.

Автономияның нәтижелері бірден біліне қоймайды: басқару жөнінде тәжрибесі бар қызметкерлерді жергі-

лікті адамдардан бір күнде дайындап шығаруға болмайды. Бірақ екі-үш жыл өтпей-ақ сіздер өз еліңізді басқару ісіне төселесіздер, сөйтіп өз араларыңыздан мұғалімдерді, шаруашылық қызметкерлерін, азық-түлік қызметкерлерін, жер мамандарын, әскери қызметкерлерді, сот қызметкерлерін және жалпы партия мен совет қызметкерлерін дайындап шығарасыздар. Сонда өздеріңізді өздеріңіз басқаруға үйренгендіктеріңізді көресіздер.

Тау халықтарының автономиясы жасасын! — ол сіздерді өз еліңізді басқаруға үйретеді және сіздерге Россияның жұмысшылары мен шаруалары сияқты саналы болуға көмектеседі, ал Россияның жұмысшылары мен шаруалары өз елін басқаруды ғана емес, сонымен қатар өздерінің қас жауларын жеңуді де үйренді!

„Жизнь Национальностей" № 39 және 40, 8 және 18 декабрь, 1920 ж.

ҚАВКАЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ

„Правда" газетінің қызметкерімен әңгіме

Оңтүстіктегі командировкадан қайтып келген Сталин жолдас біздің қызметкерімізбен жасаған әңгімесінде Кавказдың жағдайы туралы мынаны хабарлады:

— Кавказдың революция үшін зор маңызы болатын себебі оның шикізаттардың, отынның және азық-түліктің шығатын бұлағы екендігінде ғана емес, сонымен қатар оның Европа мен Азияның, атап айтқанда, Россия мен Туркияның арасында отырған жағдайында және онда аса маңызды экономикалық, стратегиялық жолдардың (Батум — Баку, Батум — Тавриз, Батум — Тавриз — Эрзерум) барлығында болып отыр.

Антанта осының бәрін есепке алып отыр, ол кәзір Қара теңіздің кілті болып табылатын Константинопольге ие болып, Закавказье арқылы Шығысқа баратын тура жолды сақтап қалғысы келеді.

Сайып келгенде Кавказға кім орнығады, мұнайды және Азияның төріне апаратын өте-мөте маңызды жолдарды кім пайдаланатын болады, революция ма әлде Антанта ма, — бүкіл мәселе осында.

Азербайжанның азат етілуі Антантаның Кавказда-

ғы позициясын едәуір әлсіретті. Түркияның Антантаға қарсы күресі де осындай нәтижелерге әкеп соқты. Солай бола тұрса да, Антантаның салы суға кетіп отырған жоқ және ол Кавказда өзінің торын құрып жатыр.

Тифлистің контрреволюциялық жұмыстың базасына айналуы; анығында Антантаның қаражатына және буржуазиялық Грузияның көмегімен Азербайжанның, Дағыстанның, Терек облысындағы тау халықтарының буржуазиялық үкіметтерінің құрылуы; кемалистермен шүйіркелесу және Түркияның протекторатымен Кавказ халықтарының федерациясы орнатылсын деген идеяны уағыздау; Антанта жасап отырған Персиядағы министрлік былық және Персияда сипай-солдаттардың толып кетуі, — осының бәрі және осы сияқты көп нәрселер Антантаның кәрі қасқырларының ұйқтап жатпағандығын көрсетеді. Күмән жоқ, Антанта агенттерінің осы бағыттағы жұмысы Врангель талқандалғаннан кейін едәуір күшейіп, жанталаса жүргізіліп жатыр.

Кавказда Антантаның қандай мүмкіншіліктері бар және революцияның қандай мүмкіншіліктері бар?

Антантаның мүмкіншіліктерінің, мәселен, Дағстанда және Терек облысында жоққа тән болып қалғандығы күмәнсіз. Врангельдің талқандалуы және Дағстан мен Терек облысында советтік автономияның жарыялануы, сонымен қатар бұл облыстардағы совет құрылысы жұмысының қызу жүргізілуі Совет үкіметінің бұл аудандағы жағдайын нығайтты. Терек пен Дағстанның миллиондаған халық өкілдерінің халықтық съездерінің, Россияның жұмысшыларымен және шаруаларымен тығыз одақтаса отырып, Советтер үшін

күресуге салтанатты түрде ант беруі кездейсоқ нәрсе емес.

Совет өкіметінің қыйын минутында емес, оның әскерлерінің орасан зор табыстарға жеткен кезінде құрылған автономия — тау халықтарына өкіметтің сенетіндігін көрсететін белгі деп, тау халықтары автономияның жарыялануын дұрыс бағалады. Тау халықтары маған ауызба-ауыз әңгімеде былай деді: «Халықтарға өкіметтің қыйын минутта, минуттық қажеттіктің қыспағынан барып берген нәрсесі берік болмайды. Жауларды жеңу нәтижесінде жоғарыдан берілетін реформалар мен еркіндіктер ғана берік болады, кәзір Совет үкіметі осылай етіп отыр».

Антантаның мүмкіншіліктері Азербайжанда да аз; Азербайжан өзінің тәуелсіздігін орнатып, Россия халықтарымен ерікті түрде одақ жасап отыр. Антантаның Азербайжанға және Баку мұнайына қарай жалаңдап қол созуы Азербайжан еңбекшілерінің арасында оны тек жексұрын етіп көрсететіндігін дәлелдеп жатудың керегі бола қоймас.

Антантаның мүмкіншіліктері Врангель талқандалғаннан кейін Армения мен Грузияда да едәуір азайды. Дашнактық Арменияның Антанта провокациясына жем болғандығы күмәнсіз; оны Антанта Түркияға қарсы айдап салып, содан соң оны арсыздық жасап түріктердің жүндеуіне қалдырып кетті. Арменияның аман қалу үшін басқа ешбір мүмкіншілігі қалмағандығына, оның жалғыз-ақ мүмкіншілігі: Советтік Россиямен одақ жасау мүмкіншілігі ғана қалғандығына күмән бола қоймас. Сөз жоқ, бұл жағдай буржуазиялық үкіметтері Антантаның алдында бас июден тоқталмай

отырған барлық халықтарға және ең алдымен Грузияға сабақ болады.

Грузияның шаруашылық және азық-түлік жағдайының апатта тұрғандығы — факт; мұны тіпті кәзіргі Грузияның билеп-төстеушілері де мойындап отыр. Антантаның торына түсіп шатылған және осының себебінен Бакудің мұнайынан да, Кубаньның астығынан да айырылып отырған Грузия, Англия мен Францияның империалистік операцияларының негізгі базасына айналып, сондықтан Советтік Россияға дұшпандық қатнаста болып отырған Грузия, — бұл Грузия кәзір өз өмірінің ақырғы күндерін басынан кешіріп отыр. Эліп бара жатқан II Интернационалдың бұзылып отырған көсемі Каутский мырзаның, революцияның толқынымен Европадан қуылып, Антантаның тұзағына түсіп шырмалған сасық Грузияны, банкрот болып отырған грузин социал-духаншыларын паналауы тегін емес. Қиын минутта Антантаның Грузияны да Армения құсатып тастап кететіндігіне күмәндануға бола қояр ма екен.

Персияны жаулап алушы болып отырған ағылшындардың Персиядағы халі барған сайын бәсеңдеп келеді. Жұртқа мәлім, құрамы жағынан адам айтқысыз жиі ауысып отырған Персия үкіметі — ағылшындардың соғыс атташелерінің бүркеніші. Жұртқа мәлім, персиян әскерлері дегеніңіз өмір сүруден қалды, өйткені олардың орнына ағылшын сипай-солдаттары барып отыр. Жұртқа мәлім, осы негізде Тегеран мен Тавризде Англияға қарсы толып жатқан қыр көрсетулер болды. Бұл жағдайдың Антантаның Персиядағы мүмкіншіліктерін көбейте алмайтындығына күмән бола қоймас.

Ақырында, Түркия. Жалпы Түркияға қарсы және әсіресе кемалистерге қарсы бағытталған Севр договорының[112] дәуірі аяқталып келе жатқандығында күмән жоқ. Бір жағынан, кемалистердің Антантаға қарсы күресі және осы негізде Англия отарларында күшейіп отырған наразылық, екінші жағынан, Врангельдің талқандалуы және Грецияда Венизелостың құлауы Антантаны өзінің кемалистер жөніндегі саясатын едәуір жұмсартуға мәжбүр етті. Антанта мүлде «битарап» болып, кемалистердің Арменияны талқандауы, Түркияға Фракия мен Смирна қайтарылып берілгелі отыр деген лақап, кемалистер мен сұлтанның — Антанта агентінің — арасында келіссөздер жүргізіліп жатыр деген лақап және Константинополь әскерден тазарғалы жатыр деген лақап, ақырында, Түркияның батыс майданының толасталуы, — осының бәрі Антантаның кемалистермен әжептеуір шүйіркелесіп отырғандығын және кемалистердің позициясының, бәлкім, біраз оңға қарай бейімделуін көрсететін белгілер.

Антантаның шүйіркелесуі немен аяқталады және кемалистер өзінің оңға қарай жылжуында қаншалық алысқа барады, — мұны айта қою қиын нәрсе. Бірақ дегенмен мынадай бір нәрсе күмәнсіз: бұдан бірнеше жыл бұрын басталған, отарларды азат ету жолындағы күрес еш нәрсеге қарамастан күшейе береді; Россия, осы күрестің атақты ту көтерушісі ретінде, барлық күш, құралдар арқылы осы күрестің жағындағыларды қолдайды; егер кемалистер езілген халықтарды азат ету ісіне опасыздық етпейтін болса, онда бұл күрес кемалистермен бірге жеңіске жеткізеді, ал егер кемалистер Антантаның лагеріне шығып кететін бол-

са, онда бұл күрес кемалистерге қарамастан жеңіске жеткізеді.

Батыстағы қаулап келе жатқан революция мен Советтік Россияның өсіп келе жатқан күш-қуаты осыны көрсетіп отыр.

„Правда" № 259,
30 ноябрь, 1920 ж.

СОВЕТТІК АРМЕНИЯ ЖАСАСЫН!

Азап көріп, көп жапа шеккен, Антанта мен дашнактардың рақымы бойынша аштыққа, күйзелуге және босқындыққа ұшыраған Армения, — барлық «достарынан» алданған осы Армения қазір өзін совет еліміз деп жариялау арқылы азаттық алып отыр.

Армяндардың мүдделерін «ғасырлар бойы қорғаушы» Англияның өтірік уәделері де, Вильсонның атышулы он төрт пункті де[113], Ұлттар Лигасының әлемге жар салған уәделері мен Арменияны басқару жөніндегі «мандаты» да — Арменияны кескілесуден және күшпен қырудан құтқара алған жоқ (құтқара алмады да!). Тек Совет өкіметінің идеясы ғана Арменияның бейбітшілікке қолын жеткізіп, ұлттық жаңаруына мүмкіндік берді.

Армениянын советтендірілуіне жеткізген кейбір фактылар мыналар. Антантаның агенті болған дашнактардың қатерлі саясаты елді анархия мен қайыршылыққа ұшыратты. Дашнактар шығарған Түркияға қарсы соғыс Арменияның ауыр халін ақырғы шегіне жеткізе нашарлатты. Арменияның аштықтан және правосыздықтан азап көрген солтүстік провинциялары

ноябрьдің аяқ кезінде көтеріліс жасап, Арменияның революциялық соғыс комитетін құрып, оның бастығына Қасьян жолдасты қойды. 30 ноябрьде Арменияның ревком председателінен Ленин жолдастың атына Советтік Арменияның тууы туралы және ревкомның Делижан қаласын алғандығы туралы құттықтау телеграмма келді. 1 декабрьде Советтік Азербайжан даулы провинциялардан өз еркімен бас тартып, Советтік Арменияға Зангезурды, Нахичеванды, Нагорный Карабахты беру жөнінде декларация шығарды. 1 декабрьде ревком түрік командованиесінен құттықтау алды. 2 декабрьде Орджоникидзе жолдастың — Эриваньдағы дашнақ үкіметі қуылды және Армения әскерлері өздерін ревкомның қарамағына беріп жатыр деген хабары алынды.

Қазір Арменияның астанасы, Эривань, Арменияның Совет өкіметінің қолында.

Армения мен оның маңындағы мұсылмандардың арасындағы ғасырлық өшпенділік Армения, Түркия, Азербайжан еңбекшілерінің арасында туысқандық тілектестік орнату жолымен бірден шешіліп отыр.

Білуге тиісті адамдардың бәрі мынаны біліп қойсын: империалистік дипломатияның кәрі қасқырлары шешемін деп бекер басын қатырған армян «проблемасы» дейтін мәселені шешу тек Совет өкіметінің ғана қолынан келді.

Советтік Армения жасасын!

„Правда" № 273,
4 декабрь, 1920 ж.
Қол қойған: И. Сталин

ЕСКЕРТУЛЕР

1 1917 жылы 29 сентябрьде Балтық теңізінің Рига шығанағына кіре беріс жеріндегі Эзель, Даго және басқа аралдарына герман десанты түсіріле бастады. — *2.*

2 Украинаның орталық радасын 1917 жылы апрельде Киевте буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық партиялар мен топтардың одағы құрған болатын. Октябрь социалистік революциясы жеңіп шыққаннан кейін Рада Совет үкіметін танудан бас тартып, Каледин мен Дондағы басқа да ақгвардияшыл генералдарды қолдай отырып, Совет өкіметіне қарсы ашықтан-ашық күресу жолына түсті. 1918 жылы апрельде немістердің оккупациялаушы әскерлері Раданың орнына Скоропадскийдің гетмандығын орнатты. — *7.*

3 Халық Комиссарлары Советінің «Ультиматумында» немесе Ленин жазған «Украина радасына ультиматумдық талаптар қоятын, украин халқына арналған Манифесте» былай делінген: «...біз, Халық Комиссарларының Советі, Украина халық Республикасын таныймыз, Россиядан мүлде бөлініп шығуға немесе Россия Республикасымен федерациялық және басқадай өзара қарым-қатнастарда болу туралы шарт жасасуға оның праволы екендігін мойындаймыз.

Украин халқының ұлттық праволары мен ұлттық тәуелсіздігіне қатысы бар нәрселердің бәрін де, біз, Халық Комиссарларының Советі, дереу, ешбір шек қоймастан, сөзсіз

тапыймыз» (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, XXII том, 121—123-беттері).

Орталық раданың атынан Халық Комиссарлары Советімен келіссөз жүргізген Петроградтың украиндық штабына (дәлірек айтқанда: Петроград өлкелік әскери раданың украиндық штабына) Халық Комиссарлары Советінің берген «Жауабында» былай делінген: «Раданың қойған шарттарына келетін болсақ, онда олардың ішіндегі принциптік сыйпаты барлары (өзін өзі билеу правосы) талас немесе дау-жанжал туғызатын нәрсе болған емес және болмайды да, өйткені Халық Комиссарлары Советі бұл принциптерді мойындап, оларды мейлінше толық жүзеге асырып отыр» (қараңыз: «Известия» № 245, 7 декабрь, 1917 ж.). — *10.*

4 Телеграммада былай деп хабарланды: жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері мен шаруа депутаттары Советтерінің бір бөлігінің 1917 жылғы 13 декабрьдегі Бүкілукраиналық съезі сайлаған Советтердің Орталық атқару комитеті Украинадағы бүкіл өкімет билігін өз қолына алады (қараңыз: «Известия» № 252, 15 декабрь, 1917 ж.). — *27*

5 Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің Бүкілроссиялық үшінші съезі 1918 жылғы январьдың 10 нан 18 не дейін Петроградта болып өтті. Съезге 1 046 делегат қатысты. Халық Комиссарлары Советінің жұмысы туралы В. И. Ленин баяндама жасады; жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің Орталық Атқару Комитетінің жұмысы туралы Я. М. Свердлов баяндама жасады. И. В. Сталин съезде ұлт мәселесі жөнінде баяндама жасады. Съезд Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің саясатын дұрыс деп тапқан қарар алды, В. И. Ленин жазып, И. В. Сталин қатнасқан «Еңбекшілер мен қаналушы халықтың праволары жөніндегі Декларацияны», Халық Комиссарлары Советінің Финляндия мен Арменияның тәуелсіздігі туралы декреттерін, сонымен қатар Россия Республикасының федерациялық мекемелері туралы И. В. Сталин ұсынған қарарды бекітті. — *35.*

6 Бұл арада 1917 жылы 7 ноябрьде Украинаның орталық ра-

дасы қабылдаған үшінші универсал (манифест) сөз болып отыр. — *39.*

7 Кавказ немесе Закавказье комиссариатын Тифлисте 1917 жылы ноябрьде меньшевиктер, эсерлер, дашнактар және муссаватистер құрды; ол 1918 жылғы 26 майға дейін өмір сүрді. — *40.*

8 Украин Совет Республикасының Халық секретариаты — Украина Республикасының бірінші Совет үкіметі — 1917 жылы декабрьде Украин Советтерінің Орталық атқару комитетінің құрамынан сайланды. Неміс әскерлерінің Украинаны оккупациялап алуына байланысты 1918 жылы апрельде Халық секретариаты қайта құрылды, сөйтіп оның басты міндеті — халық бұқарасының неміс оккупанттары мен гайдамак отрядтарына қарсы көтеріліс күресіне басшылық ету болды. — *44.*

9 Россия мен одақтас Төрт державаның (Германия, Австро-Венгрия, Болгария, Туркия) арасында жасалған уақытша бітім шартына 1917 жылы 2 декабрьде Брест-Литовскіде қол қойылып, оның мерзімі 28 күн болып белгіленді. Бітім шартын жасасу жөніндегі келіссөздердің ұзаққа созылуына байланысты уақытша бітімнің мерзімі ұзартылды. 1918 жылы 18 февральда немістер уақытша бітім туралы келісімді бұзып, бүкіл майдан бойынша шабуылға шықты. — *44.*

10 Бұл арада Украинаның орталық радасы өкілдерінің одақтас Төрт державамен жасырын түрде жүргізген келіссөздерінен кейін 1918 жылы 27 январьда Брест-Литовскіде жасалған шарт сөз болып отыр. — *45.*

11 «Бакинский Рабочий» («Баку Жұмысшысы») — Бакудың большевиктік ұйымының органы; ол 1906 жылы, 1908 жылғы сентябрь — октябрь айларында және 1917 жылдың апрелінен 1918 жылдың августына дейін шығып тұрды. Азербайжанда Совет өкіметі жеңіп шыққаннан кейін бұл газет 1920 жылы 20 июльде әуелі «Азербайджанская Беднота» («Азербайжан Кедейлері») деген атпен, соңынан 1920 жылғы 7 ноябрьден

бастап — бұрынғы өз атымен қайтадан шыға бастады. Қазір «Бакинский Рабочий» — Азербайжан К(б)П Орталық Комитеті мен Баку Комитетінің органы — *61.*

12 Американың оңтүстік штаттарының солтүстік штаттарымен жүргізген соғысы 1861—1865 жылдары болып, солтүстік штаттардың жеңуімен аяқталды. Оңтүстік штаттардың сепаратизмін жеңіп, бір орталықтан басқарылатын мемлекет құру соғыстың нәтижелерінің бірі болды —*74.*

13 Зондербунд — Швейцарияның католиктік жеті кантонының реакцияшыл одағы — 1845 жылы құрылды. 1847 жылы Зондербунд пен Швейцарияның басқа кантондарының арасында карулы күрес қызып түсті, бұл кантондар Швейцарияда өкіметтің бір орталықтан басқарылуын жақтады. Соғыс Зондербундтың жеңілуімен және Швейцарияны мемлекеттер одағынан біртұтас одақтық мемлекетке айналдырумен аяқталды. — *74.*

14 РСФСР Конституциясының жобасын жасау жөніндегі Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің комиссиясы 1918 жылғы 1 апрельде құрылды. Комиссияны И. В. Сталин мен Я. М. Свердлов басқарды. «Еңбекшілер мен қаналушы халықтың праволары жөніндегі Декларация» мен И. В. Сталиннің баяндамасы бойынша Советтердің III съезі қабылдаған «Россия Республикасының федерациялық мекемелері туралы» қарары комиссияның жұмысының негізіне алынды. И. В. Сталиннің «РСФСР Конституциясының жалпы ережелері» деген жобасы комиссияның 1918 жылғы 19 апрельдегі мәжілісінде талқыланып, қабылданды. — *87.*

15 Түркстан өлкесі Советтерінің V съезі 1918 жылғы 20 апрельден 1 майға дейін болып өтті. Съезд Түркстанның Советтік Федерациялық Республикасының автономиясын жариялады, Орталық атқару комитеті (Түркстан Орталық атқару комитеті) мен Халық Комиссарлары Советін сайлады — *89.*

16 Татар-Башкұрт Совет Республикасының құрылтай съезін шақыру жөніндегі кеңес И. В. Сталиннің председательдік

етуімен 1918 жылы 10—16 майда Москвада болды. Кеңеске татар, башқұрт, чуваш және мари халықтарының өкілдері қатысты. Кеңес Татар-Башқұрт Советтерінің құрылтай съезін шақыру жөнінде комиссия сайлады. Азамат соғысы басталғандықтан бұл съезд болмай қалды. — ***94.***

17 **«Наше Время»** («Біздің Заман») — эсерлер бағытындағы кешкі шығатын газет; 1917 жылдың декабрінен 1918 жылдың июліне дейін Москвада шығып тұрды. — ***103.***

18 Закавказье сеймі мен Түркия өкілдерінің арасында Батумда болған бітім келіссөздері 1918 жылғы 11 майда басталды. 26 майда Закавказье республикасы тарап кеткеннен кейін Батумдағы келіссөздерді «тәуелсіз» Грузияның меньшевиктік үкіметі жүргізді. 1918 жылғы 4 июньде бітім шартына қол қойылды, бұл шарт бойынша Батум, Ахалцихский және Ахалкалакскі уезінің бір бөлегі Түркияға қарап кетті. Мұның үстіне Түркия өзінің әскерлерін Грузияның темір жолдары арқылы еркін өткізуге право алды. — ***105.***

19 Закавказьенің контрреволюциялық сейміне қарсы жүргізілген көтеріліс Абхазияда 1918 жылы мартта басталды. Закавказье комиссариатының өкімет органдары жойылып, Совет өкіметі жарияланды. Меньшевиктер көтерілісшілерге қарсы ірі әскер күштерін ұрысқа шығарды. 1918 жылғы 17 майға дейін созылған ерлік күреске қарамастан, меньшевиктердің әскерлері көтерілісшілердің қарсылығын жеңді. Мұның ізінше қатал жазалар қолданылды, бұл жазалар бейбіт халыққа да қолданылды. — ***106.***

20 Әңгіме РСФСР өкілдері мен украиндық гетман үкіметі өкілдерінің бітім конференциясы туралы болып отыр, бұл конференция өзінің жұмысын 1918 жылғы 23 майда Киевте бастаған болатын. — ***115.***

21 1918 жылы 29 майда Халық Комиссарларының Советі И. В. Сталинді Россияның оңтүстігіндегі азық-түлік істерінің жалпы басқарушысы етіп тағайындады. Сталин жолдастың мандатында былай делінген:

«Халық Комиссарлары Советінің мүшесі, Халық комиссары Иосиф Виссарионович Сталинді Халық Комиссарларының Советі Россияның оңтүстігіндегі азық-түлік істерінің ерекше праволар берілген жалпы басқарушысы етіп тағайындайды. Жергілікті және облыстық халық комиссарларының советтері, совдептер, революциялық комитеттер, отрядтардың штабтары мен бастықтары теміржол ұйымдары мен станция бастықтары, сауда флоты мен өзен және теңіз флотының ұйымдары, почта-телеграф және азық-түлік ұйымдары, барлық комиссарлар мен эмиссарлар Сталин жолдастың бұйрықтарын орындауға міндетті.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі

В. Ульянов (Ленин)". — 129.

[22] Бес адамнан құрылған коллегия — Москва-Киев-Воронеж және басқа темір жолдар Басқармасының әкімшілік-техникалық басшы органы, ол Воронежде болды. — *131.*

[23] 1918 жылы 7 июльге қараған түні В. И. Ленин «солшыл» эсерлердің Москвада көтерген бүлігі туралы И. В. Сталинге тура провод арқылы хабарлады. В. И. Лениннің Царицында И. В. Сталин қолма-қол қабылдаған хатында былай делінген: «Контрреволюционерлердің қолшоқпары болған бұл азғын, қояншық авантюристерді барлық жерлерде де аяусыз жаныштау керек... Сонымен, солшыл эсерлерді аямаңыз және жиі хабар беріп отырыңыз» («Правда» № 21, 21 январь, 1936 ж.). — *132.*

[24] Баку халық комиссарлары советінің председателі С. Г. Шаумянға арнап Бакуге жіберілген хатты «ССРО-дағы азамат соғысының тарихы жөніндегі документтерден» қараңыз, I том, 1940, 289-беті. — *132.*

[25] Бұл арада 1918 жылы ағылшын әскерлерінің Мурманскіні оккупациялап алғандығы сөз болып отыр. — *133*

[26] Чокпрод (Чрезвычайный областной продовольственный комитет на юге России) — Россияның оңтүстігіндегі Төтенше облыстық азық-түлік комитеті. — *139.*

27 В. И. Ленин И. В. Сталиннің хатын алысымен хаттағы өзіне арналған сөздер мен хатқа қойылған қолды алып тастап, И. В. Сталиннің хатының текстін өзінің директивасы ретінде Петроградқа жіберді. —*141.*

28 **«Солдат Революции»** («Революция Солдаты») — Царицын майданының армия газеті; И. В. Сталиннің бастауымен құрылды. Бұл газет 1918 жылғы 7 августан бастап Солтүстік-Кавказ соғыс округі Соғыс советінің органы болып шығып тұрды. 26 сентябрьден (42-номерінен) бастап «Солдат Революции» — Оңтүстік майданының Соғыс-революциялық советінің органы, ал 29 октябрьден (69-номерінен) бастап, шығуының ақырына дейін — X армияның Соғыс-революциялық советінің органы. — *146.*

29 **«Борьба»** («Күрес») — Царицын РСДЖП(б) комитетінің органы, 1917 жылдың май айынан шыға бастады. 1917 жылдың аяқ кезінен бастап «Борьба» газеті жұмысшы, солдат, шаруа және казак депутаттарының Царицын Советінің органы болды. Газет 1933 жылдың март айына дейін шығып келді. —*146.*

30 Риганы генерал Корнилов 1917 жылғы 21 августа немстерге беріп қойды. — *149.*

31 Предпарламент, немесе Республиканың уақытша советі, — буржуазиялық Уақытша үкіметтің жанындағы кеңесші орган, ол 1917 жылы 14 — 22 сентябрьде Петроградта болып өткен Демократиялық кеңестің адамдарынан құрылды. Предпарламент құру эсерлер мен меньшевиктердің өрістей келе жатқан революцияны тоқтатуды көздеген, елді советтік революция жолынан буржуазиялық парламентаризм жолына түсіруді көздеген әрекеті болды. —*149.*

32 «Қорғаныс жөніндегі кеңесті» 1917 жылы 7 августа Петроградта жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің эсер-меньшевиктік Орталық Атқару Комитеті империалистік соғысты соза беру үшін халықтың күш-қаражатын жұмылдыру мақсатымен шақырған болатын. — *159.*

33 Қаражүз съезд — Родзянконың басқаруымен 1917 жылғы октябрьдің 12 нен 14 не дейін Москвада болып өткен кеңес. Кеңеске ірі помещиктер, фабриканттар мен заводшылар, руханилардың өкілдері, генералдар мен офицерлер қатысты. Кеңес большевизммен және өріс алып отырған революциямен күресу үшін контрреволюциялық күштерді біріктіру ұранымен өтті. — *170.*

34 «Рабочий Путь» («Жұмысшы Жолы») — газет, большевиктік партияның Орталық Органы, 1917 жылғы июль күндерінде Уақытша үкімет жауып тастаған «Правда» газетінің орнына шығып тұрды. Бұл газет 1917 жылдың 3 сентябрінен 26 октябріне дейін шықты. «Рабочий Путь»тің жауапты редакторы И. В. Сталин болды. — *171.*

35 Торпари — Финляндиядағы жерсіз шаруалар; жер иелерінен кіріптарлық шартпен жер арендалап отырды. — *181.*

36 Бұл арада 1918 жылы ноябрьде Москвада болып өткен коммунист-мұсылмандардың I съезі сөз болып отыр. Съезд РК(б)П мұсылман ұйымдарының Орталық бюросын сайлады. — *192.*

37 «Украина азат етіліп келеді» деген мақала біраз өзгертіліп, «Азат етілуші Украина» деген атпен «Правда» газетінің 1918 жылғы 1 декабрьдегі 261-номерінде басмақала болып басылды. — *193.*

38 Украинаның жұмысшы-шаруа уақытша үкіметі 1918 жылғы ноябрьдің 20-сы шамасында құрылды. Украин Совет үкіметі алғашында Курскі қаласында, онан соң Суджа қаласында тұрды. Үкіметтің құрамына К. Е. Ворошилов, Ф. А. Сергеев (Артём) және басқалар енді. 1918 жылғы 29 ноябрьде Украин Совет үкіметі манифест жариялады, бұл манифесте гетманның құлатылып, Украинада Совет өкіметінің орнатылғандығы жарияланды. — *194.*

39 Украин директориясы — контрреволюциялық ұлтшыл үкімет, оны 1918 жылдың аяқ кезінде, Киевте Петлюра мен Вин-

ниченко бастаған украин ұлтшылдары құрды. Украинаның көтеріліс жасаған жұмысшылары мен шаруалары 1919 жылдың февралында директорияны жойған болатын. — *195.*

40 «Шығыстан жарық-сәуле келеді» деген мақала бір уақыттың ішінде «Правда» газетінде, оның 1918 жыл 15 декабрьдегі 233-номерінде басмақала ретінде қол қойылмай басылып шықты. — *197.*

41 Эстляндия еңбек коммунасы — Эстляндия Совет Республикасы — Қызыл Армия Нарваны неміс оккупанттарынан азат еткеннен кейін 1918 жылғы 29 ноябрьде құрылды. 1918 жылғы 7 декабрьде Халық Комиссарлары Советі И. В. Сталин жазған Эстляндия Совет Республикасының тәуелсіздігін тану жөніндегі декретті бекітті. — *198.*

42 Совет өкіметі Латвияда 1918 жылы декабрьдің орта кезінде жарияланды. Латвияның Уақытша Совет үкіметі 1918 жылы 17 декабрьде мемлекеттік өкіметтің Советтердің қолына өткендігі туралы Латвияның еңбекші халқына арнап манифест шығарды. Манифесте былай делінген: «Біз осы қыйын-қыстау жолда, осы ауыр күресте өзіміздің жалғыз емес екенімізді жақсы білеміз. Біз РСФСР-ға арқа сүйейміз, біз онымен алдағы уақытта да тығыз байланысты боламыз, бұл байланыс тек сыртқы байланыс қана болып қалмайды». — *199.*

43 Литва тарибасы (буржуазиялық ұлтшыл совет) 1917 жылы сентябрьде құрылды, оны Германияның оккупациялық өкімет орындары бақылап отырды. — *200.*

44 Харьковтегі үшкүндік ереуіл 1918 жылғы декабрьдің алғашқы күндерінде болды. Ереуілге себеп болған нәрсе — Харьков Советінің президиумын петлюрашылардың тұтқынға алғандығы еді. Барлық кәсіпорындарының, трамвайдың және электр станциясының жұмысшылары көтеріліс жасады. Петлюрашылардың өкімет орындары тұтқындағыларды босатуға мәжбүр болды, бұдан кейін Советтің қаулысы бойынша ереуіл тоқтатылды. — *201.*

45 Вильнадағы және Литваның басқа калаларындағы демонстрациялар мен жаппай саяси ереуіл 1918 жылы 16 декабрьде болды. Ол демонстрациялар мен ереуілдер буржуазиялық тариба мен неміс оккупанттарының саясатына қарсы наразылық білдіру ретінде Литва мен Белоруссия коммунист партиясының Орталық Комитетінің үндеуі бойынша ұйымдастырылды. Вильнада демонстрацияға 20 мыңдай жұмысшы мен қала кедейлері қатысты. Демонстрация «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұранмен өтті. Демонстранттар мұнымен қатар немістердің Литвадан темір жол мүліктері мен басқа да мүліктер әкетуді тоқтатуын және саяси тұтқындардың босатылуын талап етті. — ***205.***

46 Халық Комиссарлары Советі мен Қызыл Армияға арналған құттықтаулар Вильна Советінің мәжілісінде 1918 жылы 16 декабрьде қабылданды. РСФСР Халық Комиссарлары Советіне жіберілген құттықтауда былай делінген: «Дүние жүзі пролетариатының сыннан өткен көсемі — Ленин жолдас басқарып отырған Халық Комиссарларының Советі Литваның жұмысшы табының толық азат болу жолындағы етек алып отырған күресінде оған жол көрсететін жарық жұлдыз болып табылмақ».

Қызыл Армияға арналған құттықтауда былай делінген: «...Біз, Литваның жұмысшылары, контрреволюцияның қарулы күштеріне қарсы күресте көрсетіп отырған сіздердің асқан ерлік істеріңізді өте зор қуанышпен қадағалап бағудамыз. Сонымен қатар, осы армияның қатарына кіріп, жалпы жұмысшы табын, әсіресе, ауыр оккупацияның езгісінен азап шеккен өз бауырларын азат ету жолында өз өмірін құрбан етіп жүрген жұмысшылар мен шаруаларды — Литваның ұлдарын құттықтаймыз...». — ***205.***

47 Литваның революциялық уақытша жұмысшы үкіметі 1918 жылғы декабрьдің алғашқы жартысында құрылды. Оны большевик В. С. Мицкевич-Капсукас басқарды. 1918 жылы 16 декабрьде Уақытша жұмысшы үкіметі манифест шығарып, онда мынаны мәлімдеді: «1. Бүкіл өкімет билігі жұмысшы, жерсіз және жері аз шаруалар депутаттарының Советтеріне беріледі. 2. Неміс оккупанттарының өкіметі бұдан былай жо-

йылды деп есептеледі. 3. Литвадағы кайзерлік тариба өкінің министрлер советімен қоса құлатылды және заңнан тысқары қалды деп есептеледі». — *205.*

[48] Лениннің қолы қойылған, 1918 жылғы 22 декабрьдегі декрет бойынша РСФСР Халық Комиссарлары Советі Литва Совет Республикасын тәуелсіз республика деп таныды. И. В. Сталиннің баяндамасы бойынша қабылданған Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 23 декабрьдегі қаулысында былай делінген: «Пролетарлар мен шаруалар бұқарасының революциялық күресі арқылы құрылған Эстляндия, Латвия және Литва Совет Республикаларының көз алдында, Орталық Атқару Комитеті: бұл елдердің ілгеріде бұрынғы патша империясына қарағандығы оларға ешқандай міндеттеме артпайтынын тағыда растайды, ал мұнымен қатар, тек осы тақда ғана, өзін өзі билеуге толық ерік берілуін мойындау негізінде, өкіметтің жұмысшы табы қолына өтуін мойындау негізінде, бұрынғы Россия империясының жерін мекендейтін барлық ұлттардың еңбекшілерінің ерікті, ықтиярлы және берік одағы құрылатындығына Орталық Атқару Комитеті әбден сенеді...». — *205.*

[49] 1918 жылы 30 декабрьде, Шығыс майданында, әсіресе III армияның участогінде туған өте ауыр жағдайға байланысты, РК(б)П Орталық Комитеті В. И. Лениннің ұсынысы бойынша И. В. Сталинді Шығыс майданына жіберуге қаулы алды. Пермьнің жау қолына беріліп, майданның жеңіліске ұшыраған себептерін тексеру үшін, сонымен қатар III және II армияның тұрған жерінде партия, совет жұмысын қалпына келтіруге шаралар қолдану үшін, 1919 жылы 1 январьда партияның Орталық Комитеті мен Қорғаныс Советінің комиссиясы құрылды, оның құрамында Орталық Комитеттің мүшелері И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинский болды. 1919 жылы 3 январьда И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинский Шығыс майданына жүріп кетті, мұнда олар III армияны соғысқа жарамды ету және майдан мен тылды нығайту жөнінде көп жұмыс істеді. Комиссияның жүргізген жұмысының нәтижесінде 1919 жылғы январьдың аяғына таман Шығыс майданында зор өзгеріс жасалды. — *208*

50 1919 жылы 13 январьда И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинский Пермьдегі апаттың себептерін тексеру жұмысының барысы туралы В. И. Ленин мен партияның Орталық Комитетіне «Қысқаша алдын ала есепті баяндама» жіберді. Есепте III армияның участогіндегі жағдайды қалпына келтіру үшін және армияның шабуылға көшуін қамтамасыз ету үшін комиссияның белгілеген шаралары туралы да хабарланды. 14 январьда В. И. Ленин бұл есепке былай деп жауап қайырды:

«Глазов және тұрған жерлеріне қарай
Сталинге, Дзержинскийге

Шифрмен жазылған бірінші хабарды алып, оқыдым. Белгіленген шараларды жергілікті жерде орындату ісін өздеріңіздің басқаруларыңызды екеуіңізден де өте-өте өтінемін, өйткені бұлай етпейінше табысқа жетуге болмайды.

Ленин». — *212*.

51 Центроколлегия — Бүкілроссиялық эвакуация комиссиясының жергілікті органы. — *213*.

52 Бұл арада И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинскийдің талабы бойынша Бас командованиенің III армияға жіберуге тиіс болған полктері туралы сөз болып отыр. Бұл баяндаманы Республиканың Революциялық соғыс советіне жібере отырып, В. И. Ленин баяндаманың үстіне былай деп жазған: «...Меніңше, Вацетистің 3 полкты Нарваға жібергені **өрескел жөнсіздік. Мұны бұзыңыз!!»** (қараңыз: XXXIV Ленин жыйнағы, 90-бет). — *215*.

53 Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің қала мен село халқының ауқатты тобына бір рет салынатын төтенше салық туралы декреті 1918 жылы 2 ноябрьде жарияланды. Декретте кедейлер төтенше салықтан босатылсын, орта шаруаларға шамалы салық салынып, салықтың бар ауыртпалығы кулактарға жүктелсін деп бұйырылды. — *240*.

54 **«Известия ВЦИК»** («Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің Известиясы») — күнделікті газет; «Жұмысшы және

солдат депутаттарының Петроград Советінің Известиясы» деген атпен 1917 жылдың 28 февралынан шыға бастады. Советтердің Бүкілроссиялық I съезінен кейін бұл газет жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Орталық Атқару Комитетінің органына айналып, 1917 жылдың 1 августынан бастап «Орталық Атқару Комитеті мен жұмысшы және солдат депутаттарының Петроград Советінің Известиясы» деген атпен шығып тұрды. Советтердің Бүкілроссиялық II съезінен кейін 1917 жылғы 27 октябрьден бастап бұл газет Совет өкіметінің ресми органына айналады. 1918 жылғы 12 марттан бастап Москвада «Шаруа, жұмысшы, солдат және казак депутаттары Советтерінің Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің Известиясы» деген атпен шығып тұрды. 1918 жылғы 22 июньнен бастап «Известия» — Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен Москва Советінің органы, ал соңынан — ССРО Орталық Атқару Комитеті мен Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің органы болды. — *244.*

55 Белоруссия Советтерінің I съезі 1919 жылы 2 февральда Минскіде ашылды. Съезге 230 делегат қатысты. Съезд Белоруссияны тәуелсіз Советтік Социалистік Республика деп жариялады, БССР-дың Конституциясын бекітті және Орталық атқару комитетін сайлады. Съездің жұмысына Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі Я. М. Свердлов қатысты, ол Белоруссия Советтік Социалистік Республикасының тәуелсіздігін тану туралы Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысын жариялады — *256.*

56 Литва Советтерінің I съезі 1919 жылы 18—20 февральда Вильнада болды. Съезге 220 делегат қатысты. Съезд Литваның Уақытша жұмысшы-шаруа үкіметінің есепті баяндамасын. Белоруссиямен бірігу туралы мәселені және басқа мәселелерді талқылады. Литва мен Белоруссия Совет Республикаларының бірігуін және Россия Совет Республикасымен федерациялық байланыс жасалуын қажетті деп тауып, съезд бұл жөнінде қабылдаған қарарында мынаны мәлімдеді: «Барлық советтік социалистік республикалармен

өзіміздің берік байланысты екенімізді мейлінше сезе отырып, съезд Литва мен Белоруссияның Социалистік Совет Республикасының жұмысшы-шаруа үкіметіне — осы республикалардың бәрінен біртұтас РСФСР құру жөнінде РСФСР, Латвия, Украина және Эстляндия жұмысшы-шаруа үкіметтерімен дереу келіссөз жүргізуді тапсырады». — *257.*

57 Бұл арада Антанта Советінің 1919 жылғы февраль айында Принц аралдарында (Мрамор теңізінде) Совет үкіметінің және Колчактың, Деникиннің тағы басқаларының контрреволюциялық үкіметтерінің өкілдерін шақырып, конференция өткізбекші болғандығы жөнінде сөз болып отыр. Конференцияның мақсаты — Россияда тыныштық орнату деп жарияланды. Конференция болмай қалды. — *263.*

58 Берн конференциясы — II Интернационалдың социал-шовинистік және центристік партияларының 1919 жылы 3 — 10 февральда Бернде (Швейцария) болған халықаралық конференциясы — *263.*

59 А. В Кольцовтың «Орман» деген өлеңінен (қараңыз: А. В. Кольцов. Өлеңдердің толық жыйнағы. Л. 1939, 90-бет).—*263.*

60 РК(б)П программасының жобасын жасау жөніндегі комиссия партияның VII съезінде 1918 жылы 8 мартта сайланды, оның құрамына В. И. Ленин, И. В. Сталин және басқалар енді. Комиссия әзірлеген жоба партияның VIII съезінде қабылданған программаның негізіне алынды.

Жобаның осы мақалада цитат ретінде келтірілген бөлегі партияның программасына өзгеріссіз енді (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 6-басылуы, 1940, 287-бет) — *266.*

61 Бұл арада Петроград Советінің Атқару Комитеті шақырған, жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкілроссиялық кеңесі айтылып отыр. Кеңес Петроградта 1917 жылғы 29 марттан 3 апрельге дейін болды. — *269.*

62 «Правда» — жұмысшылардың күнделікті большевиктік газеті, бұл газет В. И. Лениннің нұсқауы бойынша, И. В. Сталин-

нің бастауымен құрылған; 1912 жылғы 22 апрельден 1914 жылғы 8 июльге дейін Петербургте шығып тұрды. Большевиктік партияның Орталық Органы ретінде февраль революциясынан кейін (1917 жылғы 5 марттан бастап) қайтадан шыға бастады. 1917 жылғы 15 мартта «Правда» редакциясының алқасына И. В. Сталин енгізілді. 1917 жылы апрельде Россияға қайтып келгеннен кейін «Правдаға» В. И. Ленин басшылық етті. «Правданың» ең белсенді қызметкерлері: В. М. Молотов, Я. М. Свердлов, М. С. Ольминский, К. Н Самойлова және басқалар болды. Бұл дәуірде «Правда», қудалауға, өшіктіруге қарамастан, жұмысшыларды, революцияшыл солдаттарды және шаруаларды большевиктер партиясының төңірегіне топтау жөнінде өте зор жұмыс жүргізеді, буржуазиялық-демократиялық революциядан социалистік революцияға көшу үшін күресе отырып, империалистік буржуазияны және оның құйыршықтары — меньшевиктер мен эсерлерді әшкерелеп отырады. — *269*

[illegible] В. И. Лениннің Апрель тезистерін қараңыз — «Пролетариаттың үстіміздегі революциядағы міндеттері туралы» (Шығармалар, XX том, 87 — 90-беттер). — ***269.***

61 Революцияшыл социалистік партиялардың халықаралық конференциясы 1919 жылғы марттың 2 нен 6 на дейін Москвада болды. Оған Европа мен Американың басты-басты елдерінен 52 делегат қатысты. Россия коммунистік партиясынан В. И. Ленин, И. В. Сталин, В. В. Воровский және басқалар делегат болып қатысты. Конференция өзін Коммунистік Интернационалдың бірінші конгресі деп жариялады. Күн тәртібіндегі ең маңызды мәселе В. И. Лениннің буржуазиялық демократия мен пролетариат диктатурасы туралы жасаған баяндамасы болды. Конгресс III Коммунистік Интернационалдың атқарушы органы — Коммунистік Интернационалдың Атқару Комитетін құрды. — ***272.***

[illegible] Берн комиссиясы — «Россиядағы әлеуметтік және саяси жағдайды тексеру үшін» социал-шовинистердің Берндегі конференциясы тағайындаған комиссия. Оның құрамына белгіленгендер: Каутский, Гильфердинг, Лонге және басқалар болды. Комиссияның келуіне рұхсат берілу туралы өтінішке

Совет үкіметі 1919 жылы 19 февральда былай деп мәлімдеді: Совет үкіметі, Берн конференциясын социалистік конференция деп санамаса да, оны жұмысшы табының ешқандай өкілі бола алмайды деп санаса да комиссияның Совет Россиясына келуіне рұхсат етеді. «Бернның атақты тексерушілері», — В. И. Ленин комиссия мүшелерін осылай деп атағанды, — келмей қалды. — *276.*

66 Бұл арада Принц аралдарына конференцияға шақыру ісін Антанта Советінің қайта қолға алғысы келген ниеті туралы 1919 жылғы февральдың аяқ кезінде ағылшын баспасөзінде пайда болған хабарлар айтылып отыр. — *276.*

67 РК(б)П-ның VIII съезі 1919 жылы 18 — 23 мартта Москвада болды. Съездің күн тәртібінде мына мәселелер болды: 1) Орталық Комитеттің есепті баяндамасы, 2) РК(б)П программасы; 3) Коммунистік Интернационал туралы; 4) Соғыс жағдайы мен соғыс саясаты, 5) Деревнядағы жұмыс; 6) ұйымдастыру мәселелері; 7) Орталық Комитетті сайлау. Орталық Комитеттің есепті баяндамасын, партия программасы туралы және деревнядағы жұмыс туралы баяндамаларды В. И. Ленин жасады.

Съезд соғыс мәселесін пленум мәжілістері мен соғыс секциясында талқылады. Съезде бұрынғы «солшыл коммунистерді» және ешбір оппозицияға қатыспаған, бірақ Троцкийдің армиядағы басшылығына наразы болған қызметкерлердің бір бөлегін біріктірген «соғыс оппозициясы» дейтін бой көрсетті. «Соғыс оппозициясы», партияның соғыс саясатын Троцкийдің бұрмалағандығына қарсы, оның антипартиялық практикасына қарсы күресе отырса да, алайда, армиядағы партизаншылдықтың қалдықтары мен соғыс құрылысының бірсыпыра мәселелері жөніндегі басқа да теріс көзқарастарды жақтады. В. И. Ленин мен И. В. Сталин «соғыс оппозициясына» қарсы шығып сөйледі. Съезд «соғыс оппозициясының» бірқатар ұсыныстарын (Смирновтың жобасын) қабылдамай тастады, сонымен қатар Троцкийдің зиянды позициясын да сөкті. Сталин, Ярославский жолдастардан және басқалардан съезд белгілеген соғыс комиссиясы соғыс мәселесі жөнінде қарар әзірледі, мұны съезд бірдауыстан қабылдады.

РК(б)П-ның VIII-съезі туралы, оның соғыс және басқа мәселелер жөніндегі қарарлары туралы қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 222—225-беттер. — ***280.***

68 Мемлекеттік Бақылауды қайта кўру туралы декреттің жобасын И. В. Сталин, Я. М. Свердлов және басқалардан кўрылған комиссия дайындады. Бўл жоба Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылғы 8 марттағы және 3 апрельдегі мәжілістерінде талқыланды. Жоба туралы И. В. Сталин баяндамалар жасады. Жобаны дайындап, біржола редакциялап шығу ісіне В. И. Ленин тікелей қатысты. — ***282.***

69 Екі документ: біріншісі «26 комиссардың өлім жазасына тартылуы» және екіншісі «1919 жылы 23 мартта генерал Томсонның Чайкин мырзамен кездесуі» деген атпен осы мақалаға қосымша ретінде 1919 жылы 23 апрельде «Известияда» басылып шыққан болатын. — ***283.***

70 **«Знамя Труда»** («Еңбек Туы») — эсерлердің Баку комитетінің газеті; 1918 жылдың январынан 1919 жылдың ноябріне дейін шығып тўрды. — ***283.***

71 **«Единая Россия»** («Біртўтас Россия») — кадет бағытындағы газет; оны 1918 жылдың декабрінен 1919 жылдың июліне дейін «Баку қаласындағы орыс ўлт комитеті» дейтін шығарып тўрған болатын. — ***283.***

72 **«Искра»** («Ўшқын») — меньшевиктердің Баку комитетінің газеті; 1918 жылдың ноябрінен 1920 жылдың апреліне дейін шығып тўрды. — ***286.***

73 Юденичтің 1919 жылы май айында шабуылға шығуына байланысты және ақтардың Петроградты қоршап, басып алу қаупі тууына байланысты. Қорғаныс Советінің төтенше өкілі ретінде И. В. Сталин Петроград майданына жіберілді. Қорғаныс Советінің 1919 жылы 17 майда берген мандатында былай делінген: «Батыс майданында туған хал-жағдайға байланысты қажет болатын барлық шўғыл шараларды қолдану үшін» И. В. Сталин Петроград ауданына және Батыс

майданының басқа да аудандарына командировкаға жіберіледі. 1919 жылы 19 майда И. В. Сталин Петроградқа келді. — *290.*

74 Красная Горка мен Серая Лошадь — Петроград түбіндегі форттар. 1919 жылы 13 июньде бұл форттардың гарнизоны, эсерлермен және меньшевиктермен байланысы бар ақгвардияшылардың контрреволюциялық үгітіне еріп, Совет өкіметіне қарсы бүлік көтерді. Бүлікшілерге қарсы қимыл жасау үшін И. В. Сталиннің бұйрығы бойынша 13 июньде Балтық флотының кемелері теңізге шықты. Мұнымен бірге Ораниенбаумде Жағадағы әскер тобы құрылып, оның ұйтқысы теңізшілер отряды болды. 14 июньде И. В. Сталин Ораниенбаумге келіп, теңіздегі және құрғақтағы командование өкілдерінің, отрядтар мен әскер бөлімдерінің командирлері мен комиссарларының кеңесін өткізді. Кеңесте теңізден және құрғақтан бір уақытта соққы беру арқылы Красная Горканы алудың И. В. Сталин ұсынған жоспары қабылданды. Соғыс шебінде жүрген И. В. Сталиннің тікелей басшылық етуі бойынша Жағадағы әскер тобы мен басқада әскер бөлімдері Балтық флоты кемелерінің қолдауымен 15 июньде шабуылға шықты. Совет әскерлері, Красная Горкаға кіре беріс жерде бүлікшілердің тас-талқанын шығарып, 16 июньде 00 сағат 30 минутте фортты алды. Бірнеше сағаттан кейін Серая Лошадь форты да алынды. — *293.*

75 «Times» («Таймс») — ағылшын ірі буржуазиясының ықпалды газеті, Лондонда 1788 жылдан бері шығып келеді; Юденич жорық жасаған күндерде жұртты оған көмек көрсетуге шақырды. — *299.*

76 Ладога көлінің шығыс жағалауындағы Видлица заводы Петроград майданының Оленец участогінде әрекет жасаған ақфиндердің негізгі базасы болды. 1919 жылы 27 июньде Қызыл Армия бөлімдері Онега флотилиясы мен Балтық флоты кемелерінің қолдауымен кенет соққы беріп Видлицаны алды, «Оленецтегі еріктілер армиясы» дейтін армияның штабын жойып жіберді және оқ дәрілер, қару-жабдықтар, азық-

түліктер мол жыйналған қоймаларды қолға түсіріп алды. Ақфиндер фин шекарасынан әрі қуылып тасталды. — *301.*

77 1919 жылы июльдің бас кезінде ақполяктер жаппай шабуылға шығып, Совет Республикасына батыстан қауіп туғызды. Партияның Орталық Комитеті И. В. Сталинге Батыс майданына тікелей басшылық етуді тапсырды. 1919 жылы 9 июльде, Батыс майданының Революциялық соғыс советінің мүшесі болып тағайындалған И. В. Сталин майданның штабына Смоленскіге келді. — *305*

78 1919 жылы 26 сентябрьде РК(б)П Орталық Комитеті Деникинді талқандау ісін ұйымдастыру үшін И. В. Сталинді Оңтүстік майданына жіберу туралы қарар алды. 3 октябрьде И. В. Сталин майданның штабына келді. Деникинді талқандаудың И. В. Сталин ұсынған жоспарын партияның Орталық Комитеті қабыл алды. *309.*

79 Шығыс халықтарының коммунистік ұйымдарының Бүкілроссиялық II съезі 1919 жылдың 22 ноябрінен 3 декабріне дейін Москвада болып өтті. Съезге 80 шамалы делегат — Түркстан, Азербайжан, Хива, Бұхара, Киргизия, Татарстан, Чувашия, Башқұртстан, Кавказ және жеке қалалар (Пермь, Вятка, Оренбург және басқа қалалар) мұсылмандарының коммунистік ұйымдарының өкілдері қатысты. Қазіргі кезең туралы В. И. Ленин баяндама жасады. Съезд РК(б)П мұсылман ұйымдарының Орталық бюросының жұмысы туралы есепті баяндама тыңдады, шығыс мәселесі мен басқа да мәселелерді талқылады және Шығыстағы партия, совет жұмысының міндеттерін белгіледі. — *314.*

80 «Оңтүстіктегі соғыс жағдайы жөнінде» деген мақалаға арналған постскриптумды, осы мақаланың Оңтүстік-Батыс майданының Революциялық соғыс советі мен Еңбек армиясының Украиндық советінің органы — **«Революционный Фронт»** («Революциялық Майдан») журналында жариялануына байланысты, И. В. Сталин жазған болатын. *323.*

81 Украин еңбек армиясы 1920 жылы февральда құрылды. Оның құрамына шаруашылық құрылыс саласында, ең ал-

дымен Донбасты қалпына келтіру жұмысына пайдалану үшін Оңтүстік-Батыс майданы бөлген әскер бөлімдері кірді. Украин еңбек армиясына басшылық ету үшін РСФСР Халық Комиссарлары Советі Бүкілукраиналық революциялық комитетпен бас қоса отырып, шаруашылық халық комиссариаттары мен Оңтүстік-Батыс майданының Революциялық соғыс советінің өкілдерінен Еңбек армиясының Советін құрды, оған Қорғаныс Советінің ерекше өкілі және мүшесі И. В. Сталин председатель болды. —*330*.

[illegible] Украин К(б)П Бүкілукраиндық IV конференциясы 1920 жылғы марттың 17 нен 23 не дейін Харьковте болды. Оған 278 делегат қатысты. Конференцияның күн тәртібінде мына мәселелер болды: 1) Украина К(б)П Орталық Комитетінің саяси және ұйымдастыру жұмысы жөніндегі баяндамасы; 2) Украин Совет Республикасы мен РСФСР-дың өзара қарым-қатнастары; 3) Өзге саяси партияларға көзқарас; 4) Экономикалық саясат; 5) Жер мәселесі және деревнядағы жұмыс; 6) Азық-түлік мәселесі; 7) Украина К(б)П Орталық Комитетін және РК(б)П-ның IX съезіне делегаттар сайлау.

И. В. Сталин конференцияға РК(б)П Оталық Комитетінің өкілі ретінде қатысты. Экономикалық саясат жөніндегі мәселе конференцияда басты орын алды. Бұл мәселені талқылағанда «демократиялық централизмнің» антипартиялық тобына (Сапронов және басқаларға) соққы берілді, бұл топ өнеркәсіпті басқаруда дара басшылық болу принципіне қарсы шыққан болатын. Деревнядағы жұмыс туралы мәселе бойынша конференция Украинада жері аз және жерсіз шаруалар одақтарын (кедей шаруалар комитеттерін) құру туралы маңызды қаулы алды. Конференция И. В. Сталинді РК(б)П IX съезіне делегат етіп сайлады. —*332*.

[illegible] Бұл арада герман реакционерлерінің ұйымдастыруымен 1920 жылы 13 мартта Берлинде болған контрреволюциялық төңкеріс (Каптың путчы дейтін) айтылып отыр. Жұмысшылардың жаппай стачка жасауының нәтижесінде Каптың үкіметі бірнеше күннен кейін қуылған болатын. —*334*.

84 Бұл арада «Шаруашылық құрылысының кезектегі міндеттері» деген — РК(б)П Орталық Комитетінің РК(б)П-ның IX съезіне арналған тезистері туралы сөз болып отыр. Тезистер «РК(б)П Орталық Комитетінің Известиясында» жарияланды, № 14, 12 март, 1920 жыл. — *341.*

85 Советтердің Бүкілроссиялық VII съезі 1919 жылы 5 — 9 декабрьде Москвада болды. Съезд Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің жұмысы туралы В. И. Лениннің баяндамасын тыңдады және мына мәселелерді: соғыс жағдайы туралы, совет құрылысы туралы, азық-түлік жағдайы туралы, отын туралы мәселелер мен тағы басқа мәселелерді талқылады. Күн тәртібінің негізгі мәселелері бойынша съездің қабылдаған қарарлары («РСФСР-да азық-түлік ісін ұйымдастыру туралы», «Совет құрылысы туралы», «РСФСР-да отын жұмысын ұйымдастыру туралы» қарарлар) совет шаруашылығы мен совет басқару ісін ұйымдастыру міндеттеріне арналды.

Харьков конференциясының қарары — экономикалық құрылыс жөніндегі қарар; бұл қарар Украина К(б)П Харьков губерниялық конференциясында 1920 жылы 15 мартта экономикалық саясат туралы баяндама бойынша қабылданған болатын. —*341.*

86 РК(б)П-ның IX съезі 1920 жылы 22 марттан 5 апрельге дейін Москвада болды. Съезд мына мәселелерді талқылады: 1) Орталық Комитеттің есепті баяндамасы; 2) Шаруашылық құрылысының кезектегі міндеттері; 3) Кәсіпшілер қозғалысы; 4) Коммунистік Интернационалдың міндеттері; 5) Ұйымдастыру мәселелері; 6) Кооперацияға көзқарас; 7) Милициялық системаға көшу; 8) Орталық Комитетті сайлау. Съезде В. И. Ленин Орталық Комитеттің саяси есепті баяндамасын жасады және шаруашылық құрылысы туралы, кооперация туралы сөз сөйледі.

Съезд еліміздің транспорт пен өнеркәсіп жөніндегі ең таяудағы шаруашылық міндеттерін белгіледі. Съезд бірыңғай шаруашылық жоспары туралы мәселеге айрықша көңіл бөлді. Бұл жоспарда халық шаруашылығын электрлендіру жөніндегі мәселе басты орын алды. Съезде «демокра-

тиялық централизмнің» антипартиялық жігіне (Сапронов, Осинский және басқаларға) соққы берілді. бұл жік өнеркәсіпте дара басшылық орнатуға қарсы шыққан болатын. —*342*.

57 Боротьбистер — 1918 жылы май айында өз алдына дербес партия құрған украиндық солшыл эсерлер. Боротьбистер деп олар өздерінің орталық органы — «Боротьба» газетінің атымен аталған. 1920 жылы март айында, Украинаның шаруалар бұқарасының арасында большевиктер ықпалының артуына байланысты, боротьбистер өз партиясын таратып, Украинаның Коммунистік (большевиктер) партиясына қосылуға мәжбүр болды. Украина К(б)П IV конференциясы боротьбистерді партияға қабылдау туралы қаулы шығарды, онсоң жаңадан алынғандардың бәрі де қайта тіркеуден өткізілді. Кейінгі жылдарда боротьбистердің бірсыпырасы екіжүзділік жолға, партияны алдау жолына түсіп, Украинадағы контрреволюциялық ұлтшыл элементтердің антисоветтік күресін басқарды, олар украин халқының ең қас дұшпаны ретінде әшкереленді. —*343*.

58 Лондон съезі — РСДЖП-ның V съезі; 1907 жылы 30 апрельден 7 майға дейін Лондонда болып өтті. —*345*.

59 Қараңыз: К. Маркс. Фейербах туралы тезистер. Таңдамалы шығармалардың екі томдығы, I том, 1941, 382-бет. — *345*.

60 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, IV том, 359 — 508-беттер. — *343*.

61 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, VI том, 155 — 336-беттер. —*348*.

62 Лассальдың 1852 жылы 24 июньде Маркске жазған хатынан алынған бұл сөздерді В. И. Ленин «Не істеу керек?» деген еңбегіне арнаған эпиграфта келтірген болатын (Қараңыз: Шығармалар, IV том, 359-бет). —*349*.

63 Бұл арада бұрынғы герман социал-демократиялық партиясы жікке бөлінгеннен кейін құрылған үш партия: Германия-

ның социал-демократиялық партиясы, тәуелсіз социал-демократиялық партиясы және коммунистік партиясы айтылып отыр. — *349.*

94 Булыгин думасы — патша үкіметі 1905 жылы шақырмақ болған кеңесші өкілді мекеме. Кеңесші Мемлекеттік думаны құру жөніндегі заң жобасы мен Думаны сайлау жөніндегі ережені ішкі істер министрі Булыгин басқарған комиссия жасап, 1905 жылғы 6 августағы патша манифесімен бірге жарыялады. Большевиктер Булыгин думасына белсенді түрде бойкот жарыялады. «... Булыгин думасы еш уақытта да шақырылған емес. Ол дума шақырылмай жатып, революциялық дауыл оның күлін көкке ұшырды» (В. И. Ленин. Шығармалар, XIX том, 352-бет). — *352.*

95 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, VIII том, 27 — 126-беттер. — *352.*

96 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, IX том, 79 — 143-беттер. — *352.*

97 «Орыс социал-демократтарының міндеттері» деген кітапшаны В. И. Ленин 1897 жылдың аяқ кезінде айдауда жүріп жазды. П. Аксельрод алғысөз жазған кітапшаның бірінші басылуын 1898 жылы Женевада «Орыс социал-демократтарының одағы» шығарған болатын (Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, II том, 167 — 190-беттер). — *354.*

98 Таммерфорс конференциясы — большевиктердің бірінші конференциясы, ол 1905 жылы 12 — 17 декабрьде болды. Конференцияда В. И. Ленин мен И. В. Сталин бір бірімен тұңғыш рет кездесті. Бұған дейін олар өзара хат алысу арқылы немесе жолдастары арқылы байланыс жасап тұрған болатын.

Конференцияның күн тәртібінде мына мәселелер болды: 1) Жергілікті орындардың баяндамалары; 2) Қәзіргі кезең туралы баяндама; 3) Орталық Комитеттің ұйымдастыру мәселесі жөніндегі есепті баяндамасы; 4) РСДЖП-ның екі бө-

легін біріктіру туралы; 5) партияны қайта құру туралы; 6) Аграрлық мәселе; 7) Мемлекеттік дума туралы.

В. И. Ленин қазіргі кезең туралы және аграрлық мәселе жөнінде баяндама жасады, сонымен қатар Витте думасына көзқарас жөніндегі мәселе бойынша сөз сөйледі. И. В. Сталин конференцияда большевиктердің Закавказьелік ұйымының жұмысы туралы баяндама жасады және Думаға белсенді түрде бойкот жасау жөніндегі лениндік тактиканы қорғап сөз сөйледі. Конференция, іс жүзінде екі партияға бөлініп кеткен партияның бірлігін қалпына келтіру туралы қарар алды және аграрлық мәселе жөнінде В. И. Ленин ұсынған қарарды қабылдады. И. В. Сталин В. И. Ленинмен бірге Думаға көзқарас жөніндегі қарарды жазған комиссияның жұмысына қатысты. Бұл қарарда конференция партия мен жұмысшы табын Думаға бойкот жасауға шақырды және барлық партия ұйымдарына: пролетариаттың революциялық ұйымын ұлғайту үшін және халықтың барлық жіктерінің арасында қарулы көтеріліс жолында үгіт жүргізу үшін сайлау жиналыстарын кеңінен пайдалануды ұсынды. — *355.*

99 Бұл арада ағылшынның сыртқы істер министрі Керзонның РСФСР сыртқы істер халық комиссарына 1920 жылы 11 апрельде жіберген нотасына байланысты туған дипломатиялық хат жазысу айтылып отыр. Керзон бұл нотасында Совет үкіметіне Врангельдің және Қырымдағы оның әскерлерінің кешірім берілетін болса толық тізе бүгуін ұсынды. Бұл хат жазысу жөнінде мұнымен қатар осы томның 373 — 374-беттерін қараңыз. — *358.*

100 Антанта державаларының Сан-Ремодағы (Италия) конференциясы 1920 жылғы апрельдің 19 нан 26 на дейін болды. Конференцияда Германияның Версаль бітім шартын орындауы туралы мәселе, Түркиямен жасалатын бітім шартының жобасы және басқа мәселелер талқыланды. — *366.*

101 «Красноармеец» («Қызыларміяшы») — Батыс майданындағы XVI армияның Революциялық соғыс советінің Саяси бөлімі-

нің күнделік қызылармияшылар газеті; 1919 жылғы 20 марттан 1921 жылғы 15 майға дейін шығып тұрды. — *383*.

102 Бұл хаттың жобасында РК(б)П Орталық Комитетінің секретарына арнап В. И. Лениннің салған бұрыштамасы бар, онда былай делінген: «Мен мұның талассыз нәрсе ретінде жер-жерге д е р е у жіберілуін қостаймын». Орталық Комитет бұл хатты 1920 жылғы июльдің екінші жартысында партия ұйымдарына жіберген болатын. — *385*.

103 ВОХР әскерлері (войска внутренней охраны Республики) — Республиканың ішкі күзетіндегі әскерлер; 1919 — 1920 жылдарда тылдағы және майданға таяу аудандардағы қалаларды, заводтарды, темір жолдарды, коймаларды. т. б. күзету қызметін атқарды. — *390*.

104 «Марксизм және ұлт мәселесі» деген мақаланы (қараңыз: Шығармалар, 2-том, 327—408 беттер) И. В. Сталин 1912 жылдың аяғында — 1913 жылдың басында Венада жазды; К. Сталин деп қол қойылып бірінші рет «Просвещение» журналының 1913 жылғы 3 — 5-номерлерінде «Ұлт мәселесі және социал-демократия» деген атпен басылып шықты.

«Просвещение» («Ағарту») — айында бір рет шығатын большевиктік журнал, Петербургте 1911 жылдың декабрінен 1914 жылдың июніне дейін, патша үкіметі жауып тастағанға дейін шығып тұрды. 1917 жылдың күзінде журналдың тағыда бір қос номері шықты. Журналдың жұмысын В. И. Ленин басқарды. Өзінің Петербургте болған кезінде И. В. Сталин журналдың жұмысына шұғыл қатысып отырды. — *413*.

105 «Октябрь төңкерісі және ұлт мәселесі» деген мақала (осы томның 174 — 186-беттерін қараңыз) «Жизнь Национальностей» газетінің 1918 жыл 9 ноябрьдегі 1-номерінде жарияланды.

«Жизнь Национальностей» («Ұлттар Тұрмысы») газеті — Ұлттар ісі жөніндегі Халық комиссариатының органы; Москвада 1918 жылдың 9 ноябрінен 1922 жылдың 16 февралына дейін апта сайын шығып тұрды. 1922 жылдың 25 фев-

ралынан бастап бұл газет журналға айналдырылып, сол атымен 1924 жылдың январына дейін шығып келді. — *414*.

106 Осы томның 393 — 406 беттерін қараңыз. — *415*.

107 Қыймыл насихат Комитеті немесе Шығыс халықтарының насихат және қыймыл Советі Шығыс халықтарының I съезінде 1920 жылы сентябрь айында Бакуде құрылды. Комитеттің міндеті — насихат жұмысын ұйымдастыру, Шығыстағы азаттық қозғалысын қолдау, оның басын қосу болды. Бір жылдай өмір сүрді. — *423*.

108 1920 жылы 14 сентябрьде «социалистік делегация» деген жамылғымен Грузияға II Интернационалдың басшылары (Вандервельде, Макдональд, Ренодель және басқалары) келді. «Делегация» басшыларының бірі болып саналған К. Каутский Тифлиске 30 сентябрьде келді. Меньшевиктер «делегация» мен Каутскийді салтанатты түрде қарсы алды. Екі аптадан кейін «делегация» қайтадан Батыс Европаға жүріп кетті, ал Каутский Тифлисте қалып, онда 1920 жылдың декабріне дейін тұрды. — *436*.

109 Бұл арада Лютердің Ворм сеймінде (1521 ж.) өзін қорғап сөйлеген сөздері айтылып отыр, сеймде католик шіркеуі Лютерге өзінің ғылымынан бас тартуын бұйырған болатын (қараңыз: D. Martin Luthers Werke. Kritische Gesammtausgabe. Weimar, 1897, Band 7, S. 838). — *437*.

110 Дағстан халықтарының съезі 1920 жылы 13 ноябрьде Темир-Хан-Шорада болды. Съезге 300 ге тарта делегат қатысты. И. В. Сталин Дағстанның автономия алғандығын жариялағаннан кейін, съезде Г. К. Орджоникидзе құттықтау сөз сөйледі. Съезд, Дағстан халықтарының Совет Россиясының еңбекші халықтарымен одағының мызғымас беріктігін мәлімдеген қарар алды. — *439*.

111 Терек облысы халықтарының съезі 1920 жылы 17 ноябрьде Владикавказда болды. Съезге 500 ден аса делегат қатысты. Съездің жұмысына Г. К. Орджоникидзе мен С. М.

Киров қатысты. И. В. Сталиннің баяндамасы бойынша алынған қарарда съезд: «Терек облысының еңбекші бұқарасын Совет Россиясымен байланыстыратын бауырластық ынтымағын автономия онан әрі нығайта түседі» деп сенімін білдірді. — *445.*

[112] Севр договоры — бірінші дүниежүзілік соғыста Германияның одақтасы болған Түркияға Антантаның еріксіз алдырған бітім договоры; бұл договорға 1920 жылы 10 августа Севрде (Париждің маңы) қол қойылды. Константинополь үкіметімен жасасқан бұл договордың ауыр шарттары іс жүзінде Түркияның тәуелсіздігін жойды. — *459.*

[113] Вильсонның он төрт пункті — 1918 жылы январьда АҚШ-тың президенті Вильсон ұсынған бейбітшілік программасы. Пункттердің бірінде: ірі мемлекеттердің де, кіші мемлекеттердің де тәуелсіздігі мен тұтастығының кепілдігі туралы айтылған. — *461.*

ӨМІРБАЯН ХРОНИКАСЫ

(Октябрь 1917 — 1920)

1917

25—26 октябрь. В. И. Ленин мен И. В. Сталин жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкілроссиялық II съезін басқарады.

26 октябрь. И. В. Сталин Советтердің II съезінде Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланады және ұлттар ісі жөніндегі халық комиссары болып бекітіледі.

28 октябрьге қараған түні. В. И. Ленин мен И. В. Сталин Петроград соғыс округінің штабында болып, онда әскери қызметкерлермен қосылып, Керенскийдің — Красновтың әскерлерін талқандау жөніндегі ұрыс жоспарын жасайды.

28 октябрь. В. И. Ленин мен И. В. Сталин буржуазиялық газеттердің шығуына тыйым салу туралы Халық Комиссарлары Советінің қаулысына қол қойды.

31 октябрь. И. В. Сталин Соғыс-революциялық комитеттің мәжілісінде майдандағы жағдайды хабарлап сөз сөйлейді.

2 ноябрь. И. В. Сталин жазған — «Россия халықтары праволарының декларациясына» В. И. Ленин мен И. В. Сталин қол қойды.

3 ноябрь. И. В. Сталин саяси партиялардың, Путилов заводының жұмысшылары мен Бүкілроссиялық темір жол одағының Орталық атқару комитетінің (Викжельдің өкілдерінің кеңесінде жарыс сөзге шығып сөйлейді.

6 ноябрь. И. В. Сталин Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде «жалпы социалистік үкімет» құру туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

9 ноябрь. В. И. Ленин мен И. В. Сталин генерал Духонинді жоғарғы баскомандашы қызметінен шығару туралы бұйрыққа қол қойды.

14 ноябрь. И. В. Сталин Финляндия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Гельсингфорста болған съезінде сөз сөйлейді.

16 ноябрь. И. В. Сталин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде тарихи бағалы заттарды украин халқына беру туралы ұсыныс жасап сөз сөйлейді; революциялық соттар туралы декрет дайындайтын комиссиясының құрамына сайланады.

19 ноябрь. И. В. Сталин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде: 1) Финляндиямен сауда жасау туралы және 2) Украина мен Рада жөнінде баяндамалар жасайды.

20 ноябрь. И. В. Сталин Халық Комиссарлары Советінің қарауына Совет үкіметінің «Россия мен Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне» арнаған үндеуінің жобасын ұсынады; Құрылтай жиналысын сайлау жөніндегі ко-

миссиясының контрреволюциялық әрекеттері туралы Халық Комиссарлары Советінде баяндама жасайды.

22 ноябрь. И. В. Сталин контрреволюциялық газеттерді жабу туралы мәселе жөнінде Соғыс-революциялық комитеттің мәжілісінде сөз сөйлейді.

27 ноябрь. И. В. Сталин социалистік мемлекеттің финанс және экономика жөніндегі саясатын жүзеге асыру туралы мәселе жөнінде Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде сөз сөйлейді.

Ерте дегенде 27 ноябрьде. В. И. Ленин мен И. В. Сталин бітім туралы келіссөздер программасының конспектін жасайды.

28 ноябрь. В. И. Ленин жазған: «Азамат соғысының революцияға қарсы көсемдерін тұтқынға алу туралы декретке» В. И. Ленин мен И. В. Сталин қол қойды.

29 ноябрь. Партияның Орталық Комитеті Орталық Комитеттің Бюросын құрады, оған: В. И. Ленин, И. В. Сталин және Я. М. Свердлов кіреді.

1 декабрь. И. В. Сталин Бүкілроссиялық мұсылман советі Атқару комитетінің председателімен «Оспанның қасиетті құранының» мұсылмандарға қайтарылатындығы туралы әңгімелеседі.

2 декабрь. И. В. Сталин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде Украина туралы және Белоруссия Советтерінің съезін ұйымдастыру туралы баяндама жасайды.

6 декабрь. В. И. Ленин, И. В. Сталин және Я. М. Свердлов қол қойған Халық шаруашылығының Жоғарғы советін (ХШЖС) құру туралы декрет «Правда» газетінде жарияланды.

И. В. Сталин Белоруссияда Совет өкіметін нығайту мақсатымен бірігіп жұмыс істеу туралы Белоруссия облыстық комитетінің өкілдерімен келісім жасайды.

12 декабрь. И. В. Сталин «Тылдағы және майдандағы украиндық жолдастарға жауап» деген мақаласын жазады.

14 декабрь. И. В. Сталин Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде Украин радасымен қарым-қатнас туралы баяндама жасайды.

16 декабрь. И. В. Сталин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде: Оренбургтегі, Орал округіндегі, Түркстандағы және Қавказдағы жағдай туралы баяндама жасайды.

18 декабрь. В. И. Ленин мен И. В. Сталин Финляндияның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы декретке қол қойды.

И. В. Сталин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде Оренбург округіндегі соғыс жағдайы туралы мәлімдеме жасайды.

19 декабрь. И. В. Сталин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде Украин орталық радасы туралы баяндама жасайды.

21 декабрь. В. И. Ленин мен И. В. Сталин Қызыл Армияны ұйымдастыру және құру жөніндегі Бүкілроссиялық коллегияның мәжілісіне қатысады.

22 декабрь.	И. В. Сталин Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде Финляндияның тәуелсіздігі туралы мәселе жөнінде баяндама жасайды.
23 декабрь.	В. И. Лениннің демалыстағы кезінде И. В. Сталин Халық Комиссарлары Советінің Председателі болып тағайындалады.
24 декабрь.	И. В. Сталин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді және Дондағы жағдай туралы, еңбекші казактардың съезі туралы, революциялық отрядтардың Оренбургке шабуыл жасауын дайындау туралы баяндамалар жасайды.
27 декабрь.	Халық Комиссарлары Советі, И. В. Сталин председательдік еткен мәжілісінде Путилов заводтарын национализациялау туралы қаулы алып, Симферопольдегі Анатра аэроплан заводын, т. б. конфискациялау туралы декрет шығарады.
27 және 28 декабрь.	И. В. Сталин Дон облысының казак әскери округінің солшыл бөлегінің делегаттарымен және 8-казак дивизиясының өкілімен әңгімелеседі.
31 декабрь.	И. В. Сталиннің ««Түркиялық Армения» туралы» деген мақаласы «Правда» газетінің 227-номерінде басылды. И. В. Сталин жазған ««Түркиялық Армения» туралы» декрет, В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің қолы қойылып, «Правданың» сол номерінде басылып шықты.

1918

8 январь.	И. В. Сталин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде Совет өкіметінің азық-түлік

саясаты жөнінде көретін шараларын дайындау жөніндегі комиссияға сайланады.

10—18 январь. И. В. Сталин Советтердің Бүкілроссиялық III съезінің жұмыстарына қатысады.

11 январь. И. В. Сталин партияның Орталық Комитетінің мәжілісінде В. И. Лениннің немістермен бітім жасау туралы мәселе жөніндегі ұсынысын жақтап сөз сөйлейді.

15 январь. И. В. Сталин Советтердің III съезінің большевиктік фракциясының мәжілісінде Совет Республикаларының Федерациясы туралы баяндама жасайды.

И. В. Сталин Советтердің III съезінің мәжілісінде ұлт мәселесі жөнінде баяндама жасап, қортынды сөз сөйлейді. Съезд Россия Республикасының федерациялық мекемелері туралы И. В. Сталин ұсынған қарарды қабылдайды.

24 январь. И. В. Сталин партияның VII съезін шақыруға арналған партияның Орталық Комитетінің мәжілісінде РСДЖП(б) программасының қайта қаралуын қостап сөз сөйлейді.

И. В. Сталин большевик партиясы Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша Европаның бірсыпыра елдері мен Америкадағы социалистік партиялардың революцияшыл қанатының қайраткерлерімен кеңес өткізеді.

28 январь. В. И. Ленин мен И. В. Сталин Брест-Литовскідегі совет елінің бітім делегациясына Германиямен дереу бітім жасасу қажет екендігі туралы телеграмма жібереді.

21(8) февраль*. Неміс әскерлерінің шабуыл жасауына байланысты В. И. Ленин мен И. В. Сталин

---

* 1918 жылдың 21(8) февралынан бастап өмірбаян хроникасындағы уақыттар жаңа стиль бойынша беріледі.

	большевик партиясының Петроград қалалық және аудандық комитеттеріне неміс басқыншыларына тойтарыс беруді ұйымдастыру туралы және жұмысшылардың бақылауымен буржуазияны окоп қазуға қосу туралы директива береді. Мұндай директиваны И. В. Сталин Киев большевиктеріне де жібереді.
23 февраль.	И. В. Сталин партияның Орталық Комитетінің мәжілісінде Брест бітімі туралы мәселе жөніндегі Троцкий мен Бухаринге қарсы күресте В. И. Ленинді қолдайды.
24 февраль.	И. В. Сталин Украина Совет Республикасының Халық секретариатына: Бреске бітім делегациясын жіберу туралы және оның герман империалистерімен келіссөз жүргізуде қолданатын тактикасының негіздері жөнінде, тура провод арқылы директива береді.
Ерте дегенде 2 мартта.	В. И. Ленин мен И. В. Сталин Мурманскі Советінің председателімен тура провод арқылы сөйлескен сөзінде Мурманскіні Англия мен Францияның оккупациялауынан қорғау үшін дипломатиялық тығыз шаралар қолдануды талап етеді.
6—8 март.	И. В. Сталин РК(б)П VII съезінің жұмыстарына қатысады.
8 март.	РК(б)П VII съезінде И. В. Сталин партияның Орталық Комитетінің мүшесі мен партия программасының жобасын дайындау жөніндегі комиссияның мүшесі болып сайланады.
10 марттан бұрынырақ.	И. В. Сталин Советтердің Бүкілроссиялық IV Төтенше съезіне Петроград Советінен делегат болып сайланады.

10 март. И. В. Сталин үкіметпен бірге Москваға жүреді.

14 март. И. В. Сталиннің «Украин түйіні» деген мақаласы «Известия» газетінің 47-номерінде басылды.

В. И. Ленин мен И. В. Сталин Украинаның төтенше комиссары Г. К. Орджоникидзеге жазған хатында неміс оккупанттарының жорығымен күресу үшін Қырым мен Дон бассейнінің бүкіл Россиямен біріккен бірыңғай жауынгерлік майданын құруды талап етеді.

14—16 март. И. В. Сталин Советтердің Бүкілроссиялық IV Төтенше съезінің жұмыстарына қатысады.

16 март. Советтердің Бүкілроссиялық IV Төтенше съезі И. В. Сталинді Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі етіп сайлайды.

19 март. И. В. Сталин С. Шаумян мен А. Джапаридзеге жазған хатында соғыс жөнінен Бакуді бекіндіру қажет екендігін көрсетеді.

26 және 27 март. И. В. Сталиннің «Закавказье контрреволюционерлері социализмді бүркеніп отыр» деген мақаласы «Правда» газетінің 55 және 56-номерлерінде басылды.

31 мартқа қараған түні. И. В. Сталин Түркстандағы ішкі жағдай туралы Ташкент Советінің председателімен тура провод арқылы сөйлеседі.

1 апрель. Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің большевиктік фракциясы И. В. Сталинді Россия Совет республикасының бірінші Конституциясының жобасын дайындау жөніндегі комиссияға мүше етіп сайлайды.

2 апрель. И. В. Сталин немістердің Харьковке шабуыл жасауына байланысты Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде Украин орталық радасымен дереу бітім келіссөздері жүргізіле бастауын ұсынады.

3 және 4 апрель. И. В. Сталиннің Россия Федерациялық Республикасын ұйымдастыру жөнінде «Правда» газетінің қызметкерімен әңгімесі «Правда» газетінің 62 және 63-номерлерінде жарияланды.

5 апрель. И. В. Сталин РСФСР Конституциясының жобасын дайындау жөніндегі Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті комиссиясының бірінші мәжілісінде сөз сөйлейді.

9 апрель. И. В. Сталиннің Қазан, Уфа, Оренбург, Түркстан Советтеріне және басқаларға жазған үндеуі «Кезектегі міндеттердің бірі» деген атпен «Правда» газетінің 67-номерінде жарияланды.

12 апрель. И. В. Сталин РСФСР Конституциясының жобасын дайындау жөніндегі Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті комиссиясының мәжілісінде Россия Совет Республикасы федерациясының түрі туралы баяндама жасайды.

18 апрель. И. В. Сталиннің «РСФСР Конституциясының жалпы ережелері» деген жобасы Конституция жобасын дайындау жөніндегі Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті комиссиясының мәжілісінде талқыланып, бекітіледі.

27 апрель. Бітім шартын жасасу туралы Украин орталық радасымен келіссөз жүргізу үшін Халық Комиссарлары Советі И. В. Сталинді РСФСР-дың төтенше өкілі етіп тағайындайды.

29 апрель.	И. В. Сталин делегациямен Курскіге келеді.
Ерте дегенде 2 майда.	И. В. Сталин Халық Комиссарлары Советіне баяндама беру үшін Курскіден Москваға жүреді.
5 май.	В. И. Ленин мен И. В. Сталин Украин майданында уақытша бітім жасалғандығы туралы Воронежге, Ростовка және Брянскіге радиотелеграмма жіберді.
10—16 май.	И. В. Сталин Татар-Башқұрт Совет Республикасы Советтерінің Құрылтай съезін шақыру жөніндегі кеңесті басқарып, кеңестің ашылар және жабылар алдында сөз сөйлейді.
23 май.	И. В. Сталиннің «Кавказдағы жағдай» деген мақаласы «Правда» газетінің 100-номерінде басылды.
29 май.	Халық Комиссарлары Советі И. В. Сталинді Россияның оңтүстігіндегі азық-түлік істерінің ерекше праволар берілген жалпы басқарушысы етіп тағайындайды.
1 июнь.	И. В. Сталиннің «Донщина мен Солтүстік Кавказ туралы (фактылар және қулық әрекеттер)» деген мақаласы «Правда» газетінің 108-номерінде басылды.
4 июнь.	И. В. Сталин Москвадан Царицынға жүреді.
6 июнь.	И. В. Сталин Царицынға келеді.
7 июнь.	И. В. Сталин транспортты жолға қою, Царицында революциялық тәртіп орнату және орталыққа астық жіберу жөнінде қолданылған шаралар туралы В. И. Ленинге телеграмма береді.

13 июнь.	В. И. Ленинге берілген телеграммада И. В. Сталин: транспорт ісінің оңдалып келе жатқандығы жөнінде, астық дайындау және оны Москваға жіберу жоспары туралы хабарлайды.
25 июнь.	И. В. Сталин транспортты жолға қою үшін және азық-түлік жүктерін тасыту үшін Камышинге келеді.
29 июнь.	И. В. Сталин азық-түлік тиелген маршрут поездарының солтүстікке жіберілгендігі туралы тура провод арқылы В. И. Ленинге хабар береді.
7 июль.	В. И. Ленин мен И. В. Сталин «солшыл» эсерлердің көтерілісі жөнінде өзара телеграммалар алысады.
	И. В. Сталин В. И. Ленинге жазған хатында Царицын ауданындағы соғыс жағдайы туралы және Түркстан туралы хабарлайды.
8 июль.	И. В. Сталин РСФСР мен Азербайжанның ішкі және сыртқы саясат мәселелері жөнінде Бакуге С. Шаумянға хат жазады.
10 июль.	И. В. Сталин В. И. Ленинге жазған хатында Троцкийдің Царицын майданын күйретуге және Солтүстік-Кавказ өлкесінен айырылуға апарып соғатын бұйрықтарына қарсы наразылық білдіреді.
15 июль.	И. В. Сталин Советтік Түркстанға тығыз жәрдем беру қажет екендігі туралы соғыс істері жөніндегі Халық комиссариатына телеграмма береді.
17 июль.	И. В. Сталин өзінің Царицын майданын аралап шығуының нәтижелері туралы В. И. Ленинге телеграмма береді.
18 июль.	И. В. Сталин июльдің 12 нен 16 дейін Москваға азық-түлік тиелген бес поезд жі-

	берілгендігін тура провод арқылы В. И. Ленинге хабарлайды.
19 июль.	Солтүстік-Кавказ соғыс округінің Соғыс советі құрылды, мұны И. В. Сталин басқарды.
20 июль.	И. В. Сталин Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің атынан С. Шаумянға берген телеграммасында Баку Советінің тәуелсіз сыртқы саясат ұстауын және шетжер капиталының агенттеріне қарсы батыл күрес жүргізуін талап етеді.
24 июль.	И. В. Сталин Москва мен Петроградтың азық-түлік жағдайы туралы мәселе жөнінде В. И. Ленинмен тура провод арқылы сөйлеседі.
4 август.	И. В. Сталин В. И. Ленинге жазған хатында оңтүстіктегі соғыс жағдайы мен азық-түлік жағдайы туралы хабарлайды.
6 август.	И. В. Сталин Солтүстік-Кавказ соғыс округі Соғыс советінің майданды жабдықтауын басқаратын барлық органдарды қайта құру туралы бұйрығына қол қойды.
8 август.	И. В. Сталин мен К. Е. Ворошилов Котельниково станциясында болады; Краснов бандаларының шабуыл жасауына байланысты Царицын майданының оңтүстік участогінің командашысына әскерлер жеткізу туралы бұйрық береді.
13 август.	И. В. Сталин Соғыс советінің Царицын мен губернияны қысылшаң халде деп жариялайтын бұйрығына қол қойды.
14 август.	И. В. Сталин Соғыс советінің Царицында буржуазияны окоп қазуға мобилизациялау туралы бұйрығына қол қойды.

17 август.	И. В. Сталин Царицын майданындағы жағдайдың оңдалғаны туралы Москваға Пархоменкоге телеграмма жібереді.
19 август.	И. В. Сталин мен К. Е. Ворошилов майданда соғыс қыймылдары жүріп жатқандықтан Сарептіде болады.
24 август.	И. В. Сталин мен К. Е. Ворошилов Царицын майданында шабуылды өрістете түсу жөніндегі ұрыс қыймылының бұйрығына қол қойды.
26 август.	И. В. Сталин мен К. Е. Ворошилов, майданда сауытты автомобильдердің мұқтаж болуына байланысты, Царицындағы зеңбірек заводын қайта құру туралы бұйрыққа қол қойды.
31 август.	В. И. Лениннің өміріне жасалған зұлымдық оқталу жөнінде И. В. Сталин мен К. Е. Ворошилов Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі Я. М. Свердловқа телеграмма жібереді.
6 сентябрь.	И. В. Сталин совет әскерлерінің Царицын ауданында ойдағыдай шабуыл жасап жатқандығы жөнінде Халық Комиссарлары Советіне телеграмма жібереді.
8 сентябрь.	И. В. Сталин «Грузолес» полкінің эсерлер ұйымдастырған контрреволюциялық көтерілісінің Царицында жойылғандығы туралы В. И. Ленинге телеграмма береді.
10 сентябрь.	И. В. Сталин Царицындағы митингіде Халық Комиссарлары Советі мен Солтүстік-Кавказ округінің Соғыс советі атынан ұрыстарда ерекше үздік шыққан Царицын полктерін құттықтап, оларға «Ұрыстағы қаһармандығы үшін» деген жазуы бар тулар тапсырады.

12 сентябрь. И. В. Сталин Оңтүстік майдандағы жағдаймен байланысты мәселелер жөнінде В. И. Ленинге баяндама беру үшін Москваға жүреді.

15 сентябрь. В. И. Ленин, Я. М. Свердлов және И. В. Сталин Царицын майданының мәселелері жөнінде кеңес құрды.

17 сентябрь. И. В. Сталин Оңтүстік майданның жаңадан құрылған Соғыс-революциялық советінің председателі болып тағайындалады.

19 сентябрь. И. В. Сталин ұлттар ісі жөніндегі Халық Комиссариаты коллегиясының құрамы және жұмыс тәртібі жөніндегі мәселелермен шұғылданады.

В. И. Ленин мен И. В. Сталин Царицын майданының революциялық әскерлеріне құттықтау телеграмма жібереді.

21 сентябрь. «Известия» газетінде Царицын майданындағы жағдай туралы И. В. Сталиннің «Известия» қызметкерімен әңгімесі жарияланды.

22 сентябрь. И. В. Сталин Москвадан Царицынға қайтады.

28 сентябрь. И. В. Сталин Оңтүстік майданның Соғыс-революциялық советінің майдандағы әскер бөлімдерін төрт армияға бөлу туралы мәселе жөнінде өткізген бірінші мәжілісін басқарады.

3 октябрь. И. В. Сталин мен К. Е. Ворошилов Троцкийдің Оңтүстік майданын күйрету қаупін туғызып отырған әрекеттері туралы мәселені Орталық Комитетте талқылауды талап етіп, В. И. Ленинге телеграмма жібереді.

6 октябрь. И. В. Сталин қайтадан Москваға жүреді.

8 октябрь.	Халық Комиссарлары Советінің қаулысы бойынша И. В. Сталин Республиканың Революциялық соғыс советінің мүшесі болып тағайындалады.
11 октябрь.	И. В. Сталин Москвадан Царицынға қайтады.
	И. В. Сталин Царицын майданындағы жағдай туралы Я. М. Свердловқа тура провод арқылы хабарлайды.
16 октябрь.	И. В. Сталин және Соғыс советінің басқа да мүшелері қол қойған «Дон кедейлеріне хат» «Солдат Революции» газетінің 58-номерінде басылды.
18 октябрь.	И. В. Сталин Царицын түбінде Краснов әскерлерінің талқандалғандығы туралы В. И. Ленинге телеграмма береді.
19 октябрь.	И. В. Сталин Царицыннан Москваға жүреді.
22 октябрь.	И. В. Сталин Царицын түбінде ақгвардияшыл әскерлерді талқандаған революциялық полктерге құттықтау телеграмма жібереді. Украина Коммунист (большевиктер) партиясының II съезінде И. В. Сталин Украина К(б)П Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланады.
29 октябрь	И. В. Сталин Москва Советінің пленумында Оңтүстік майданындағы істің жәйі туралы баяндама жасайды. И. В. Сталиннің «Өмір логикасы (меньшевиктер Орталық Комитетінің «Тезистері» жөнінде)» деген мақаласы «Правда» газетінің 234-номерінде басылды.
6 ноябрь.	И. В. Сталиннің «Октябрь төңкерісі (1917 жылы 24—25 октябрьде Петроградта болды)» деген мақаласы «Правда» газетінің 241-номерінде басылды.

6 — 9 ноябрь.	И. В. Сталин Советтердің Бүкілроссиялық VI Төтенше съезінің жұмыстарына қатысады.
9 ноябрь.	Советтердің Бүкілроссиялық VI Төтенше съезі И. В. Сталинді Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі етіп сайлайды.
11 ноябрь.	И. В. Сталин мұсылман-коммунистердің Москвада болған I съезінде РК(б)П Орталық Комитетінің атынан құттықтау сөз сөйлейді.
13 ноябрь.	И. В. Сталин Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде БОАҚ Президиумінің мүшесі болып сайланады.
17 ноябрь.	И. В. Сталиннің «Арадуал» деген мақаласы «Жизнь Национальностей» газетінің 2-номерінде басылды.
24 ноябрь.	И. В. Сталиннің «Шығысты ұмытпаңыздар» деген мақаласы «Жизнь Национальностей» газетінің 3-номерінде басылды.
30 ноябрь.	И. В. Сталин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің мүшесі және Совет председателінің орынбасары болып тағайындалады.
1 декабрь.	И. В. Сталин Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Советінің бірінші мәжілісінде жарыс сөзге шығып сөйлейді.
	Қорғаныс Советінің қаулысы бойынша В. И. Ленин мен И. В. Сталинге Қорғаныс Советі комиссияларының қаулыларын бекітіп отыру правосы берілді.
3 декабрь.	И. В. Сталин теміржол транспортын жөнге салу мәселесі жөніндегі Қорғаныс Советі комиссиясының мәжілісін басқарады.

7 декабрь. Халық Комиссарлары Советі, Эстляндия Совет Республикасының тәуелсіздігін тану туралы декреттің И. В. Сталин жазған жобасын бекітті.

11 декабрь. И. В. Сталин Қорғаныс Советінің мәжілісінде: теміржол транспортын жөнге салу туралы, саяси үгіт туралы, құрылып жатқан дивизияларға комиссарлар жіберу туралы және әскер бөлімдерін пәтер-үйлерге орналастыру туралы баяндамалар жасады.

22 декабрь. И. В. Сталиннің «Іс жүріп жатыр» деген мақаласы «Жизнь Национальностей» газетінің 7-номерінде басылды.

25 декабрь. И. В. Сталин Белоруссияның мемлекеттік құрылысы туралы Белоруссия ұлт комиссариатының жауапты қызметкерлерімен әңгімелеседі.

И. В. Сталин БССР мен Белоруссия К(б)П-сын ұйымдастыру мәселелері жөнінде тура провод арқылы Смоленскіге Мясниковқа нұсқау береді.

29 декабрь. И. В. Сталин Қорғаныс Советінің мәжілісінде, майдан маңындағы аймақтың азықтүлік жағдайы туралы мәлімдеме жасайды.

30 декабрь. РК(б)П Орталық Комитеті В. И. Лениннің ұсынысы бойынша И. В. Сталинді Шығыс майданына командировкаға жіберу туралы қарар алады.

1919

1 январь. Пермьнің жауға берілу себептерін анықтау үшін және Шығыс майданының III және II армиялары тұрған жерлерде партия, совет жұмысын қалпына келтіруге шаралар қолдану үшін РК(б)П Орталық Комитеті мен Қор-

	ғаныс Советі партия-тексеру комиссиясын құрды, оның құрамында И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинский болды.
5 январь.	И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинский Вятқаға келеді.
	И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинский Вятқадан В. И. Ленинге жазған хатында III армияға қосымша күш жеткізу туралы мәселе қояды.
7 январьға қараған түні.	И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинский Глазовқа, III армияның штабына жүреді.
7 январь	И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинский майданға коммунистерді мобилизациялау туралы Вяткадағы Облыстық партия Комитетіне нұсқау береді.
13 январь.	И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинский Пермьдегі апаттың себептерін тексерудің барысы туралы В. И. Ленинге алдын ала қысқаша есеп жібереді.
18 январь.	И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинский Глазовтан Вятқаға жүреді.
19 январь.	И. В. Сталин Орал мен Вятканың партия, совет ұйымдарының біріккен мәжілісінде Вятканың соғыс-революциялық комитетін құру туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді, бұл мәжілісті партияның Орталық Комитеті мен Қорғаныс Советінің комиссиясы шақырды.
	И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинский Вятка теміржол торабының жұмысын жеңілдету жөнінде Жол қатнастары Халық Комиссариатының, III армияның соғыс жол-қатнастары бөлімінің және басқа ұйымдардың өкілдерінің кеңесін өткізеді.

	И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинский III армияның майданы мен тылын нығайту үшін қолданылған шаралар туралы В. И. Ленинге баяндама жібереді.
20 январь.	И. В. Сталин В. И. Ленинге Шығыс майданындағы жағдайдың жақсарып келе жатқандығы туралы хабарлайды.
21 январь.	И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинский Вяткадан Глазовқа, III армияның штабына жүреді.
25 январь.	И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинский Глазовтан Вяткаға қайтады.
27 январь.	И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинский Вяткадан Москваға жүреді.
31 январь.	И. В. Сталин мен Ф. Э. Дзержинский Шығыс майданынан келісімен В. И. Ленинге партияның Орталық Комитеті мен Қорғаныс Советі комиссиясының есебін тапсырады.
9 февраль.	И. В. Сталиннің «Үкіметтің ұлт мәселесі жөніндегі саясаты» деген мақаласы «Известия» газетінің 30-номерінде басылды.
17 февраль.	И. В. Сталин Қорғаныс Советінің мәжілісінде астық пен көмір тасу үшін маршрут поездарын ұйымдастыру жөнінде баяндама жасайды.
22 февраль.	И. В. Сталиннің «Екі лагерь» деген мақаласы «Известия» газетінің 41-номерінде басылды.
2 март.	И. В. Сталиннің «Біздің Шығыстағы міндеттеріміз» деген мақаласы «Правда» газетінің 48-номерінде басылды.

2 — 6 март.	И. В. Сталин Россиялық коммунист (большевиктер) партиясы делегациясының мүшесі ретінде Коминтерннің I конгресінің жұмыстарына қатысады.
8 март.	И. В. Сталин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде Мемлекеттік Бақылауды қайта құру жөніндегі декреттің жобасы туралы баяндама жасайды.
9 март.	И. В. Сталиннің «Екі жыл ішінде» деген мақаласы «Правда» газетінің 53-номері мен «Жизнь Национальностей» газетінің 8-номерінде басылды.
16 март.	И. В. Сталиннің «Империализмнің резервтері» деген мақаласы «Известия» газетінің 58-номерінде басылды.
18 — 23 март	И. В. Сталин РК(б)П VIII съезінің жұмыстарына қатысады.
19 март.	И. В. Сталин РК(б)П VIII съезінің мәжілісінде партия программасын біржола редакциялап шығу жөніндегі комиссияның мүшесі болып сайланады.
21 март.	И. В. Сталин РК(б)П VIII съезінде соғыс мәселесі жөнінде сөз сөйлейді.
22 март.	И. В. Сталин РК(б)П VIII съезінің мәжілісінде соғыс мәселесі жөнінде қарар дайындайтын комиссияның құрамына сайланады.
23 март.	И. В. Сталин РК(б)П VIII съезінде РК(б)П Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланады.
	«Известия» газетінде В. И. Ленин мен И. В. Сталин қол қойған «Орталық Совет

өкіметінің Советтік Автономиялы Башқұртстан туралы Башқұрт үкіметімен жасаған келісімі» жарияланды.

25 март. И. В. Сталин РК(б)П Qрталық Комитетінің пленумында РК(б)П Орталық Комитетінің Саяси бюросы мен Ұйымдастыру бюросының мүшесі болып бекітіледі.

30 март. И. В. Сталин Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысы бойынша Мемлекеттік Бақылау халық комиссары болып бекітілді.

3 апрель. И. В. Сталин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде Мемлекеттік Бақылауды қайта құру туралы декреттің жобасы жөнінде баяндама жасайды.

9 апрель. И. В. Сталин Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің пленум мәжілісінде Мемлекеттік Бақылауды қайта құру туралы баяндама жасайды.

В. И. Ленин, И. В. Сталин және М. И. Калинин Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті бекіткен Мемлекеттік Бақылау туралы декретке қолдарын қояды.

13 апрель. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмыстарына қатысады.

21 апрель. В. И. Ленин мен И. В. Сталин Қорғаныс Советінің қарары бойынша Қызыл Армияны жабдықтау жөніндегі Төтенше комиссиядағы әскери мүлікті есепке алу жұмысының жолға қойылуын тексеретін комиссияның мүшесі болып тағайындалады.

23 апрель. И. В. Сталиннің «Бакулық 26 жолдасты ағылшын империализм агенттерінің атуы жөнінде» деген мақаласы «Известия» газетінің 85-номерінде басылды.

30 апрель.	И. В. Сталин Мемлекеттік бақылау халық комиссариатының жанынан Орталық арыз-шағым бюросының құрылғандығы туралы «Совет Республикасының барлық азаматтарына» арналған хабарға қол қояды.
4 май.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмыстарына қатысады.
5 май.	И. В. Сталин совет мекемелерін тексерудің қортындылары туралы Қорғаныс Советінің мәжілісінде баяндама жасайды.
8 май.	В. И. Ленин мен И. В. Сталин Дениккиннің Донбасқа қауіп туғызуына байланысты Оңтүстік майданына әскери көмек беруді күшейту туралы Украина Халық Комиссарлары Советіне РК(б)П Орталық Комитетінің директивасын жібереді.
17 май.	Юденичтің шабуылға шығып, Петроградқа қауіп төнуіне байланысты, партияның Орталық Комитеті мен Қорғаныс Советі И. В. Сталинді Петроград майданына жібереді.
19 май.	И. В. Сталин Петроградқа келгеннен кейін Бас командованиемен, Батыс майданның командашысымен және VII армияның командашысымен майдандағы жағдай туралы мәселе жөнінде кеңес өткізеді.
	И. В. Сталин Петроградтың түбіндегі жағдай туралы және майданды нығайту үшін қолданылған шаралар туралы тура провод арқылы В. И. Ленинге хабарлайды.
20 май.	И. В. Сталин Петроградтан Старая Руссаға, Батыс майданның штабына жүреді.
21 май.	И. В. Сталин тура провод арқылы В. И. Ленинге және Республиканың Революциялық соғыс советіне Гатчина түбін-

	дегі майданның жағдайы туралы хабарлайды.
22 май.	И. В. Сталин Старая Руссадан ақтардың тікелей соққысына ілінетін Гатчина ауданына жүреді.
25 май.	И. В. Сталин Кронштадта Балтық флотының жағдайымен танысады.
	И. В. Сталин майданның Карелия участогінің бекіністерін қарап шығады.
28 май.	И. В. Сталин майданды аралаған сапарынан Петроградқа қайтады.
30 май.	И. В. Сталин Петроградтың кіре берістерін қорғау туралы мәселе жөнінде Бас командованиемен, Республиканың Революциялық соғыс советінің, Батыс майдан командованиесінің, VII армияның және Балтық флотының өкілдерімен кеңес өткізеді.
Июннің бас кезі.	И. В. Сталин майдандағы дезертирлер мен сатқындарға қарсы күреске шақырып, Петроградты қорғаушы әскерлерге үндеу жібереді.
8 — 9 июнь.	И. В. Сталин майданның Нарва участогінде болады.
10 июнь.	РК(б)П Орталық Комитеті И. В. Сталинге Батыс майданын басқару ісін бір орталыққа бағындыру жұмысын жүргізуді тапсырады.
13 июнь.	И. В. Сталин, Красная Горка мен Серая Лошадь форттарында контрреволюциялық бүлікшілік шығуымен байланысты, Красная Горка фортын атқылау үшін Балтық флотының кемелерін сыртқы рейдке шығару туралы бұйрық береді және Красная Горкаға құрғақтан шабуыл жасау үшін Ора-

	ниенбаумда Жағадағы әскер тобын құру туралы нускау береді.
14 июнь.	И. В. Сталин Ораниенбаумға келіп, Красная Горкаға жасалатын шабуылдың жоспары туралы мәселе жөнінде теңіз бен құрғақтағы командованиенің өкілдерімен, Жағадағы әскер бөлімдерінің командирлерімен, комиссарларымен кеңес өткізеді.
15 июнь.	И. В. Сталин Красная Горканы басып алу жөніндегі ұрысты басқару үшін Ораниенбаумнан ұрыс қимылдары болып жатқан жерге келеді.
16 июнь.	И. В. Сталин Қызыл Армия бөлімдерінің Красная Горка мен Серая Лошадь форттарын алғандығы туралы В. И. Ленинге хабар береді.
	И. В. Сталин Красная Горка фортына келіп, Балтық флотының теңізшілері мен Қызыл Армия бөлімдерінің митингісіне қатысады.
22 июнь.	И. В. Сталин Петроград майданында Қызыл Армия бөлімдерінің шабуылы басталғандығы туралы В. И. Ленинге хабар береді.
28 июнь.	И. В. Сталин, акфиндердің Финляндия шегарасындағы соғыс базасы Видлицаны алған I атқыштар дивизиясына және Онега флотилиясы мен Балтық флотының теңізшілеріне құттықтау жібереді.
3 июль.	И. В. Сталин Москваға келеді.
3 — 4 июль.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмыстарына қатысады.
5 июль.	И. В. Сталин Батыс майданының Революциялық соғыс советінің мүшесі болып тағайындалады.

8 июль. И. В. Сталиннің Петроград майданындағы жағдай туралы «Правданың» тілшісімен әңгімесі «Правда» газетінде жарияланды.

9 июль. И. В. Сталин Смоленскіге, Батыс майданының штабына келеді.

13 июль. И. В. Сталин Минскіде, үкімет пен Минск қорғаныс Советінің таратылып, олардың мүшелерінің майдан органдарына кіруі туралы мәселе жөнінде Литва-Белоруссия үкіметінің мүшелерімен кеңес өткізеді.

23 июль. И. В. Сталин Батыс майданы Революциялық соғыс советінің қорғаныс түйіндерін ұйымдастыру жөнінде Петроград пен Батыстың округтік соғыс комиссариаттарына берген директивасына қол қойды.

5 август. И. В. Сталин Батыс майданы Революциялық соғыс советінің Петроград бекініс ауданын жасау жөніндегі бұйрығына қол қойды.

И. В. Сталин Петроградқа кіре беріс жерлерде ақтарды талқандау туралы және Псковты алу туралы Батыс майданы Революциялық соғыс советінің майдан армияларына берген директивасына қол қойды.

11 август. И. В. Сталин В. И. Ленинге жазған хатында Батыс майданындағы жағдай туралы хабарлайды.

13 август. И. В. Сталин тура провод арқылы Г. К. Орджоникидзеден Батыс майданының XVI армиясының ұрыс жүргізіп жатқан жеріндегі жағдай туралы сұрайды.

26 август.	И. В. Сталин Қызыл Армия бөлімдерінің Псковты алғандығы туралы В. И. Ленинге хабар береді.
Август.	И. В. Сталин Батыс майданының жауапты саяси қызметкерлерінің «Соғыс жүргізіп жатқан әскер бөлімдеріндегі полк комиссарына нұсқау» дайындау жөніндегі Ерекше кеңесін басқарады.
2 сентябрь.	И. В. Сталин Двинскі түбінде Қызыл Армия бөлімдерінің қарсы шабуылға шыққандығы туралы В. И. Ленинге хабар береді.
10 сентябрь.	И. В. Сталин Смоленскіден Москваға жүреді.
15 сентябрь.	И. В. Сталин Смоленскіге қайтады.
25 сентябрь.	И. В. Сталин Смоленскіден Москваға жүреді.
26 сентябрь.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмыстарына қатысады. Орталық Комитеттің пленумы Деникинді талқандау ісін ұйымдастыру үшін И. В. Сталинді Оңтүстік майданына жіберуге ұйғарады.
27 сентябрь.	И. В. Сталин Оңтүстік майданының Революциялық соғыс советінің мүшесі болып тағайындалады.
	И. В. Сталин Республиканың Революциялық соғыс советінің мәжілісіне қатысады. И. В. Сталиннің ұсынысы бойынша Оңтүстік майданына жіберу үшін Батыс майданының полктерінен құрама дивизия құру туралы және Оңтүстік майданында құралған әскер бөлімдерінің Басқармасын құру туралы қарар алынады.
28 сентябрь.	И. В. Сталин Смоленскіге келеді.

30 сентябрь. — И. В. Сталин Смоленскіден Москваға жүреді.

2 октябрь. — И. В. Сталин Республиканың Революциялық соғыс советінің мәжілісіне қатысады. И. В. Сталиннің усынысы бойынша, Оңтүстік майданына жіберілетін Латыш дивизиясына қосымша әскерлер беру туралы қарар алынды.

3 октябрь. — И. В. Сталин Сергиевскі селосына, Оңтүстік майданының штабына келеді.

9 октябрь. — И. В. Сталин Оңтүстік майданы Революциялық соғыс советінің Орел түбіндегі Деникин армиясына қарсы қыймыл жасау үшін соққышы әскерлер тобын құру туралы директивасына қол қойды.

11 октябрь. — И. В. Сталин Оңтүстік майданы штабының көшуіне байланысты Сергиевскіден Серпуховқа жүреді.

15 октябрь. — И. В. Сталин В. И. Ленинге жазған хатында Харьков — Донбас арқылы Ростовқа қарай Деникинге Воронеж ауданынан шабуыл жасаудың стратегиялық жоспарын ұсынады.

17 октябрь. — И. В. Сталин Оңтүстік майданы Революциялық соғыс советінің Орёлді алу туралы XIV армияның командованиесіне берген директивасына қол қойды. 20 октябрьде Қызыл Армия бөлімдері Орёлді алды.

20 октябрь — И. В. Сталин Оңтүстік майданы Революциялық соғыс советінің, негізгі соққыны Курскге қарай бағыттап, шегініп бара жатқан Деникин армияларын қуу туралы майдан армияларына берген директивасына қол қойды

25 октябрь.	И. В. Сталин Буденныйдың аттыәскер корпусының Воронеж түбінде Шкуро мен Мамонтовтың атты әскер корпустарын талқандап, қызыл әскерлердің Воронежді алғандығы туралы В. И. Ленинге хабар береді.
30 октябрь.	И. В. Сталин Серпуховтан Оңтүстік майданының ұрыс қимылдары болып жатқан ауданына жүреді.
3 ноябрь.	И. В. Сталин майданды аралаған сапарынан Серпуховқа қайтады.
4 ноябрь.	И. В. Сталин Москваға жүреді.
6 ноябрь.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады. И. В. Сталиннің ұсынысы бойынша Оңтүстік майданына қосымша әскерлер жіберу туралы қарар алынды.
9 ноябрь.	И. В. Сталин Серпуховқа, Оңтүстік майданының штабына қайтады.
	И. В. Сталин Оңтүстік майданы Революциялық соғыс советінің шабуылды бүкіл майдан бойына өрістетіп, Деникин әскерлерінің Курскідегі тобын талқандау туралы берген директивасына қол қойды.
11 ноябрь.	И. В. Сталиннің ұсынысы бойынша Оңтүстік майданының Революциялық соғыс советі Атты армия құру туралы қарар алды.
Ноябрьдің бірінші жартысы.	И. В. Сталин оккупациядан босатылған жерлерде Совет өкіметін ұйымдастыратын инспекция жөніндегі нұсқауды және Оңтүстік майданы ауданындағы революциялық комитеттерге арналған нұсқауды дайындау жұмысына басшылық етеді.
16 ноябрь.	И. В. Сталин Москваға жүреді.

17 ноябрь.	И. В. Сталин Атты армия құру туралы мәселе қаралған кезде Республиканың Революциялық соғыс советінің мәжілісіне қатысады.
18 ноябрь.	И. В. Сталин Серпуховқа, Оңтүстік майданының штабына қайтады.
19 ноябрь.	И. В. Сталин Оңтүстік майданы Революциялық соғыс советінің I Аттыәскер корпусына Атты армия атағын беру туралы бұйрығына қол қойды.
21 ноябрь.	И. В. Сталин Шығыс халықтарының коммунистік ұйымдарының Бүкілроссиялық II съезі делегаттарының Москвада В. И. Лениннің басқаруымен өткізілген алдын ала кеңесіне қатысады.
22 нобярь.	И. В. Сталин Шығыс халықтарының коммунистік ұйымдарының Бүкілроссиялық II съезін ашарда сөз сөйлейді.
27 ноябрь.	Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы Петроградты қорғау жөнінде сіңірген еңбектері үшін және Оңтүстік майданында жан аямай істеген жұмыстары үшін И. В. Сталинді Қызыл Ту орденімен наградтау туралы қаулы алады.
	И. В. Сталин Серпуховтан Оңтүстік майданның ұрыс қимылдары болып жатқан ауданына жүреді.
29 ноябрь.	И. В. Сталин Воронежге келеді.
5 декабрь.	И. В. Сталин Касторная станциясына келеді, осы арада Старый Осколға жүреді.
6 декабрь.	И. В. Сталин I Атты армияның ұрыс қимылын жүргізіп жатқан жеріне (Новый Осколдың жанындағы Велико-Михайловка селосына) келеді.

	И. В. Сталин, Оңтүстік майданы мен I Атты армияның Революциялық соғыс советтерінің біріккен мәжілісінде, Деникинді талқандау жоспарын жүзеге асыруда I Атты армияның алдында тұрған міндеттері туралы сөз сөйлейді.
6 — 7 декабрь.	И. В. Сталин Атты армия бөлімдерінің жағдайымен және ұрыс қимылдарының барысымен танысады.
7 декабрь.	И. В. Сталин мен С. М. Будённый Велико-Михайловканың маңындағы ұрыс майданын қарап шығады.
8 декабрь.	И. В. Сталин Новый Осколға келеді.
9 декабрь.	Советтердің Бүкілроссиялық VII съезі И. В. Сталинді Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі етіп сайлайды.
10 декабрь.	И. В. Сталин Воронежге келеді.
12 декабрь.	И. В. Сталин майданды аралаған сапарынан Серпуховқа, Оңтүстік майданының штабына қайтады.
	И. В. Сталин Оңтүстік майданы Революциялық соғыс советінің Киев пен Донбасты алу туралы майдан армияларына берген директивасына қол қойды.
13 декабрь.	И. В. Сталин Серпуховтан Москваға жүреді.
17 декабрь.	И. В. Сталин Москвадан Серпуховқа қайтады.
18 декабрь.	«Петроградская Правда» газетінде Оңтүстік майданына көрсеткен көмегі үшін Петроград жұмысшыларына И. В. Сталиннің Оңтүстік майданының Революциялық соғыс советі атынан алғыс айтқан сәлемі жарияланды.

26 декабрь. И. В. Сталин «Оңтүстіктегі соғыс жағдайы жөнінде» деген мақаланы жазды. Бұл мақала «Правда» газетінің 28 декабрьдегі 293-номерінде басылды.

29 декабрь. И. В. Сталин Серпуховтан Москваға жүреді.

1920

3 январь. И. В Сталин Орёлға келеді.

И. В. Сталин Оңтүстік майданы Революциялық соғыс советінің Ростовты алу туралы майдан армияларына берген директивасына қол қойды.

5 январь. И. В. Сталин Курскіге, Оңтүстік майданының штабына келеді.

10 январь. И. В. Сталин В. И. Ленинге Будённый атты әскер бөлімдерінің Ростовты алғандығы туралы хабарлайды.

И. В. Сталин Оңтүстік майданы Революциялық соғыс советінің Деникин армияларын талқандап, Донбасс пен Ростовты алғандығы жөнінде құттықтап майдан армияларына берген бұйрығына қол қойды.

11 январь. И. В. Сталин Курскіден Оңтүстік-Батыс майданының XIV армиясының соғыс қимылын жүргізіп жатқан ауданына жүреді*.

13 январь И. В. Сталин Оңтүстік-Батыс майданы Революциялық соғыс советінің Қара теңіз порттарына қарай шегініп бара жатқан Деникин армияларын қуғындау туралы майдан армияларына берген директивасына қол қойды.

* 1920 жылы 10 январьда Оңтүстік майданы Оңтүстік-Батыс майданы болып аталды.

14 январь. И. В. Сталин майданды аралаған сапарынан кейін Курскіге қайтады.

15 январь. И. В. Сталин Курскіден Москваға жүреді.

20 январь. И. В. Сталин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде «Еңбек армиясының Украиндық Советі туралы ереже» жөнінде мәлімдеме жасайды. Халық Комиссарлары Советі «Ережені» бекітіп, И. В. Сталинді Еңбек армиясының Украиндық советінің председателі етіп тағайындайды.

2 февраль. И. В. Сталин Москвадан Курскіге, Оңтүстік-Батыс майданының штабына келеді.

7 февраль. Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясында И. В. Сталин РСФСР-дың федерациялық құрылысының мәселелерін дайындау жөнінде БОАК Президиумының жанынан құрылған комиссияның құрамына енгізілді.

10 февраль. Оңтүстік-Батыс майданының Революциялық соғыс советі мен штабының Харьковке көшуіне байланысты И. В. Сталин Харьковке келеді.

12 февраль. И. В. Сталин Еңбек армиясының Украиндық советі мүшелерінің алдын ала кеңесін өткізеді.

13 февраль. И. В. Сталин Украин еңбек армиясын ұйымдастыру жөнінде қолданылған шаралар туралы тура провод арқылы Ленинге хабарлайды.

16 февраль. И. В. Сталин Еңбек армиясының Украиндық советінің бірінші мәжілісін басқарады, онда Еңбек армиясының Советін ұйымдастыру туралы және оның міндеттері туралы баяндама жасайды.

20 февраль. И. В. Сталин Еңбек армиясының Украиндық советінің Донбас көмір өнеркәсібін

	милитаризациялау туралы және жұмысшыларды ең қажет заттармен жабдықтау туралы қаулысына қол қояды.
7 март.	И. В. Сталин Украин еңбек армиясы бойынша берген бұйрығында, Украин еңбек армиясының құрамына енгізілген 42-дивизияның жауынгерлерін, командирлерін және комиссарларын көмір үшін күресте табысқа жетуге шақырады.
9 март.	И. В. Сталин азық-түлік жұмысы туралы мәселе жөнінде Еңбек армиясының Украиндық советі мүшелерінің, Украина халық комиссарлары советі мүшелерінің және басқа ұйымдардың кеңесін өткізеді.
15 март.	И. В. Сталин, Донец губерниясының шекараларын белгілеу туралы В. И. Лениннің жасаған ұсынысына байланысты, Еңбек армиясының Украиндық советінің шұғыл мәжілісін өткізеді.
17 — 23 март.	И. В. Сталин Украина К(б)П-ның Харьковте болған Бүкілукраиндық IV конференциясының жұмыстарына басшылық етеді.
17 март.	И. В. Сталин Украина К(б)П-ның Бүкілукраиндық IV конференциясын ашарда сөз сөйлейді.
19 март.	И. В. Сталин Украина К(б)П-ның Бүкілукраиндық IV конференциясында экономикалық саясат туралы баяндама жасайды.
20 март.	И. В. Сталин Украина К(б)П-ның Бүкілукраиндық IV конференциясында экономикалық саясат туралы баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді.
23 март.	И. В. Сталин Украина К(б)П-ның Бүкілукраиндық IV конференциясында РК(б)П IX съезіне делегат болып сайланады.

	И. В. Сталин Украина К(б)П-ның Бүкілукраиндық IV конференциясын жабарда сөз сөйлейді.
	И. В. Сталин Харьковтен Москваға жүреді.
29 март — 5 апрель.	И. В. Сталин РК(б)П IX съезінің жұмыстарына қатысады.
1 апрель.	И. В. Сталин РК(б)П IX съезінің мәжілісінде кәсіпшілер одақтары мен олардың ұйымдары туралы мәселе бойынша қарар дайындайтын комиссияға сайланады.
4 апрель.	И. В. Сталин РК(б)П IX съезінде РК(б)П Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланады.
5 апрель.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті пленумының мәжілісінде РК(б)П Орталық Комитетінің Саяси бюросы мен ұйымдастыру бюросының мүшесі болып бекітіледі.
16 апрель.	И. В. Сталин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде Донец бассейнінің көмір өнеркәсібіндегі жағдай туралы мәлімдеме жасайды.
23 апрель.	И. В. Сталиннің «Ленин — РКП ұйымдастырушысы және көсемі» деген мақаласы «Правда» газетінің 86-номерінде басылды.
	И. В. Сталин РК(б)П Москва комитетінің В. И. Лениннің туған күніне 50 жыл толуына арналған жиналысында сөз сөйлейді.
29 апрель — май.	В. И. Ленин мен И. В. Сталин Польшаға қарсы соғыс жөніндегі үгіт жұмысын жолға қою туралы РК(б)П Орталық Комитетінің тезистерін дайындауға қатысады.
4 май.	И. В. Сталин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде Татар Автономиялы Совет

Республикасын құру мәселесі жөніндегі комиссияның председателі болып тағайындалады.

10 май. И. В. Сталин Еңбек және Қорғаныс Советінің қаулысы бойынша Батыс майданының армияларын киім-кешекпен жабдықтау жөніндегі комиссияның председателі болып тағайындалады.

14 май И. В. Сталин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде Батыс майданының армияларын киім-кешекпен жабдықтау туралы баяндама жасайды.

Еңбек және Қорғаныс Советінің қаулысы бойынша И. В. Сталин армияны оқпен, мылтықтармен және пулеметтермен жабдықтау туралы және оқ, қару-жарақ заводтарының жұмысын күшейту шаралары туралы мәселе жөніндегі комиссияның председателі болып тағайындалады.

17 май. И. В. Сталин армияны оқпен, мылтықтармен және пулеметтермен жабдықтау туралы және оқ, қару-жарақ заводтарының жұмысын күшейту шаралары туралы мәселе жөніндегі комиссияның мәжілісін өткізеді.

20 май. Жұмысшы-шаруа инспекциясының халық комиссары И. В. Сталин қол қойған «Жұмысшы-шаруа инспекциясына сайлау тәртібі туралы және оған жұмысшылар мен шаруалардың қатысуы туралы нұсқау» «Известия» газетінде жарияланды.

21 май. И. В. Сталин армияны оқпен, мылтықтармен пулеметтермен жабдықтау туралы мәселе жөніндегі комиссияның жумысының нәтижелері туралы Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде баяндама жасайды.

25 — 26 май.	И. В. Сталиннің «Антантаның Россияға жаңа жорығы» деген мақаласы «Правда» газетінің 111 және 112-номерлерінде басылды.
26 май.	Совет Республикасына Польшаның шабуыл жасауына байланысты РК(б)П Орталық Комитеті И. В. Сталинді Оңтүстік-Батыс майданына жібереді.
27 май.	И. В. Сталин Харьковке, Оңтүстік-Батыс майданының штабына келеді.
29 май.	И. В. Сталин В. И. Ленинге жіберген телеграммасында Оңтүстік-Батыс майданының Қырым участогін бекіту үшін қолданылған шаралар туралы қабарлайды.
	И. В. Сталин Харьковтен Кременчугке жүреді.
31 май.	И. В. Сталин В. И. Ленинге Оңтүстік-Батыс майданының жағдайы туралы хабарлайды.
	И. В. Сталин Одессаны қорғау шаралары туралы Оңтүстік-Батыс майданы Революциялық соғыс советінің XIII және XIV армиялардың командованиесіне берген директивасына қол қойды
Июньнің бас кезі.	И. В. Сталин Кременчугте I Атты армияның командирлерімен кеңес өткізеді және майдандағы жағдай мен Атты армияның жүргізетін ұрыс қыймылдарының жоспары туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.
3 июнь.	И. В. Сталин поляк әскерлерінің киевтік тобын талқандау туралы Оңтүстік-Батыс майданы Революциялық соғыс советінің Атты армия командашысына берген директивасына қол қойды.

12 июнь. И. В. Сталин Коминтернніқ II конгресіне арналып жазылған В. И. Лениннің ұлт және отар мәселесі жөніндегі тезистерінің жобасына өзінің ескертулерін көрсетіп, В. И. Ленинге хат жазады.

И. В. Сталин В. И. Ленинге Қызыл Армия бөлімдерінің Киевті алғандығы туралы хабарлайды.

20 июнь. И. В. Сталин Кременчуггтен Харьковке қайтады.

24 июнь. И. В. Сталин Синельниковоға (Оңтүстік-Батыс майданының Қырым участогі) жүреді.

Харьковтің «Коммунист» газетінде Оңтүстік-Батыс майданындағы жағдай туралы И. В. Сталиннің Россия Телеграф Агентствосының Украиндық бөлімінің қызметкерімен әңгімесі жарияланды.

3 июль. И. В. Сталин Синельниководан Харьковке қайтады.

7 июль. И. В. Сталин Москваға жүреді.

11 июльде бұрын. И. В. Сталин Бас командованиемен, Түз штабының бастығымен және Республиканың Революциялық соғыс советі председателінің орынбасарымен Оңтүстік-Батыс майданының Қырым участогіне қосымша күш жіберу мәселесі жөнінде кеңес өткізеді.

11 июль. И. В. Сталиннің Польша майданындағы жағдай туралы «Правда» қызметкерімен әңгімесі «Правда» газетінде жарияланды.

12 июль. И. В. Сталин Москвадан Харьковке, Оңтүстік-Батыс майданының штабына қайтады.

14 июль. И. В. Сталин Волновахаға (майданның Қырым участогі) жүреді.

16 июль. И. В. Сталин Мариупольда болды, онда Азов флотының жағдайымен танысты.

РК(б)П Орталық Комитетінің пленумы

Врангельді талқандау ісін ұйымдастыру жөніндегі И. В. Сталин белгілеген ұсыныстарды қабылдайды. В. И. Ленин бұл туралы И. В. Сталинге хабарлайды.

19 июльден бұрын. И. В. Сталин Қырым майданына коммунистерді мобилизациялау туралы РК(б)П Орталық Комитетінің партия ұйымдарына арнаған хатының жобасын жазды. Бұл хат В. И. Лениннің ұсынысы бойынша партия ұйымдарына жіберіледі.

19 июль. И. В. Сталин Волновахадан Лозоваяға келеді.

20 июль. И. В. Сталин майданды аралаған сапарынан Харьковке қайтады.

31 июль. И. В. Сталин Лозоваяға жүреді.

2 август. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті Саяси бюросының Врангель майданы өз алдына дербес майдан болсын деген қарары туралы В. И. Лениннен хабар алады. Саяси бюро И. В. Сталинге майданның Революциялық соғыс советін құрып, бар назарды осы майданға салуды тапсырады.

7 август. И. В. Сталин В. И. Ленинге Қызыл Армия бөлімдерінің Днепрден өтіп, Алёшкиді, Каховканы және Днепрдің сол жағасындағы басқада жерлерді алғандығы туралы хабарлайды.

9 август. И. В. Сталин Лозоваядан Александровскіге келеді.

14 август. И. В. Сталин майданды аралаған сапарынан Харьковке қайтады.

17 август. И. В. Сталин Москваға жүреді.

19 август. В. И. Ленин мен И. В. Сталин Қырым майданына көмектесу шаралары туралы Украина К(б)П Орталық Комитетіне, РК(б)П Орталық Комитетінің Кавказдық және Сибирьлік бюросына, РК(б)П Петроград комитетіне және Батыс майданының Революциялық соғыс советіне директивалар жібереді.

25 август. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің Саяси бюросына жазған хатында Республиканың соғыс резервтерін құру программасын ұсынады.

22 — 25 сентябрь. И. В. Сталин РК(б)П Бүкілроссиялық IX конференциясының жұмыстарына қатысады.

22 сентябрь. И. В. Сталин РК(б)П Бүкілроссиялық IX конференциясында Орталық Комитеттің есебі бойынша жарыс сөзге шығып сөйлейді.

10 октябрь. И. В. Сталиннің «Совет өкіметінің Россиядағы ұлт мәселесі жөніндегі саясаты» деген мақаласы «Правда» газетінің 226-номерінде басылды.

15 октябрь. И. В. Сталин жұмысшы-шаруа инспекциясының жауапты қызметкерлерінің Бүкілроссиялық I кеңесін ашарда сөз сөйлейді.

16 октябрь И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша Солтүстік Кавказ бен Азербайжанға жүреді.

18 октябрь.	И. В. Сталин Дондағы Ростовқа келіп, партия жұмысының күйімен танысады.
21 октябрь.	И. В. Сталин Владикавказға келеді.
26 октябрь.	И. В. Сталин Қавказдағы жағдай туралы РК(б)П Орталық Комитетіне және В. И. Ленинге хабар жібереді.
27—29 октябрь.	И. В. Сталин Дон мен Кавказдың коммунистік ұйымдарының Владикавказда болған өлкелік кеңесінің жұмыстарын басқарады.
27 октябрь.	И. В. Сталин Дон мен Қавказдың коммунистік ұйымдарының өлкелік кеңесінде «Республиканың саяси жағдайы туралы» баяндама жасайды.
30 октябрь.	И. В. Сталин Владикавказдан Бакуге жүреді.
4 ноябрь.	И. В. Сталин Грузиямен келіссөздер жүргізу туралы және Арменияның жағдайы туралы мәселелер жөнінде Азербайжан К(б)П Орталық Комитеті Саяси бюросының РК(б)П Орталық Комитеті Қавказ бюросының мүшелерімен өткізген мәжілісіне қатысады.
6 ноябрь.	И. В. Сталин Баку Советінің салтанатты мәжілісінде «Пролетариат диктатурасының үш жылы» туралы баяндама жасайды.
9 ноябрь.	И. В. Сталин Азербайжан К(б)П Орталық Комитетінің, РК(б)П Орталық Комитетінің Қавказ бюросының және Бакудың партия, совет ұйымдарының біріккен мәжілісінде Азербайжандағы партия және совет жұмысының міндеттері туралы баяндама жасайды.
12 ноябрь.	И. В. Сталин Темір-Хан-Шораға келеді.

13 ноябрь.	И. В. Сталин Дағстан автономиясының жариялануына байланысты партия және совет органдарының міндеттері туралы партия активінің жыйналысында баяндама жасайды.
	И. В. Сталин Дағстан халықтарының съезінде Дағстанның советтік автономиясы туралы декларацияны жариялап сөз сөйлейді.
16 ноябрь.	И. В. Сталин Владикавказға келеді.
17 ноябрь.	И. В. Сталин Терек облысы халықтарының съезінде «Терек облысының советтік автономиясы туралы» баяндама жасайды.
	И. В. Сталин Терек облысы халықтарының съезіндегі делегаттар тобын — казак-шаруа фракциясының мүшелерін қабылдайды.
20 ноябрь.	И. В. Сталин Владикавказдан Москваға жүреді.
30 ноябрь.	«Правда» газетінде И. В. Сталиннің Кавказдағы жағдай туралы «Правда» қызметкерімен жасаған әңгімесі жарияланды.
4 декабрь.	И. В. Сталиннің «Советтік Армения жасасын!» деген мақаласы «Правда» газетінің 273-номерінде басылды.
22—29 декабрь.	И. В. Сталин Советтердің Бүкілроссиялық VIII съезінің жұмыстарына қатысады.
29 декабрь.	Советтердің Бүкілроссиялық VIII съезі И. В. Сталинді Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі етіп сайлайды.
31 декабрь.	И. В. Сталин Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде БОАК Президиумының мүшесі болып сайланады.

МАЗМҰНЫ

Беті

ӨРНЕК СУРЕТТЕР

Тираж 50 тысяч экз. (1—25000).
Сдано в набор 10/II 1948 г.
Подписано к печати
30/III—25/V 1948 г.
Объем 34,375 п. л.
Зак. № 228.
Цена 6 руб.

Гостипография № 2
Управления полиграфии и издательств
при Совете Министров Казахской ССР
АЛМА-АТА